

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі  
Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы



**«ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕ ОҚЫТПАЙТЫН МЕКТЕПТЕРДІҢ  
1-11-СЫНЫПТАРЫНА АРНАЛҒАН «ҚАЗАҚ ТІЛІ», «ҚАЗАҚ ТІЛІ  
МЕН ӘДЕБИЕТІ» ПӘНДЕРІН ОҚЫТУДА СӨЙЛЕУ ӘРЕКЕТІ  
ТҮРЛЕРІН ДАМУ ТҮРІНДЕ БӨЙЫНША ӘДІСТЕМЕЛІК ҰСЫНЫМДАР**

Астана, 2024

БІ. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының Ғылыми-әдістемелік кеңесінің шешімімен баспаға ұсынылды (2024 жылғы 5 қыркүйектегі № 6 хаттама)

**«Қазақ тілінде оқытпайтын мектептердің 1-11-сыныптарына арналған «Қазақ тілі», «Қазақ тілі мен әдебиеті» пәндерін оқытуда сөйлеу әрекеті түрлерін дамыту бойынша әдістемелік ұсынымдар.** – Астана: БІ. Алтынсарин атындағы ҰБА, 2024. – 416 б.

«Қазақ тілінде оқытпайтын мектептердің 1-11-сыныптарына арналған «Қазақ тілі», «Қазақ тілі мен әдебиеті» пәндерін оқытуда сөйлеу әрекеті түрлерін дамыту бойынша дайындалған әдістемелік ұсынымдарға сөйлеу әрекеттерін дамытуға арналған тапсырма түрлері, тапсырманы орындаудың критерийлері, дескрипторлар құру жөнінде ұсынымдар берілді.

Қазақ тілінде оқытпайтын мектептердің 1-11-сыныптарында қазақ тілін меңгертуде сөйлеу әрекетінің түрлерін әртүрлі тапсырмалар арқылы жүзеге асыру бойынша әдістемелік ұсынымдар жалпы білім беретін мектеп мұғалімдеріне, әдіскерлерге, сондай-ақ білім беру ұйымдарының қызметкерлеріне арналады.

## КІРІСПЕ

Сөйлеу тілін дамыту – қазіргі оқытудың басты мәселесі. Тіл мен сөйлеу процесін жіктей оқыту, оқушының дұрыс сөйлей білуіне көңіл бөлу, ауызша және жазбаша тілін дамытып, тіл мәдениетін жетілдіруде қазақ тілі мен әдебиет пәнінің алатын орны ерекше. Әр мұғалім қазақ тілі мен әдебиет сабақтарында тіл дамыту жұмыстарын шығармашылықпен жүргізіп, дұрыс ұйымдастыра білсе, ол оқушының күнделікті өмірдегі құбылысты жан-жақты түсіне білуіне, білген нәрселерін ауызекі сөздерінде қолдана білуіне жағдай жасайды. Сондықтан қазақ тілі мен әдебиет пәні мұғалімі көркем сөздің осы сияқты ерекшеліктерін оқушыларды тіл мәдениетіне үйретіп жетілдірудің мықты құралы ете білуге тиіс.

Оқушының тілін дамыту жұмысы, баланың жалпы ойын дамыту деген сөз, өйткені оқушы пәнді оқып үйренсе де, өзінің істеген жұмысы, көрген-білгені туралы күнбе-күн сөйлеп, ойын қалыптастырып отырады, яғни оқушылардың тілін дамыту мәселесі олардың ойлау қабілетімен байланыстырылса, сондай-ақ, ойлау мен сөйлеу процесінің бірлігінде ұйымдастырылады. Қазақ халқы да әр дәуірде әр түрлі халықтармен байланыста болып, сөздік құрамынбайытып отырған. Тілдің сөздік құрамындағы басты нәрсе барлық сөздің ұйытқысы болып табылатын түбір сөздер- негізгі сөздік қор. Демек, тілдің негізгі қоры талай ғасырды басыныа кешіргендіктен, олар байырғы көне сөздер деп аталады.

Тілдегі сөздердің бәрі қосылып, тілдің сөздік құрамы дегенді жасайды. Тілдің сөздік құрамы үнемі дамуда, өзгерісте болады. Тіл қоғам тарихымен қоғам өндірісімен тікелей байланысты, әрі талай ғасырдың жемісі болғандықтан, сөздік құрамы біркелкі болуы мүмкін емес.

Сөздік құрамда байырғы төл сөздерге, шеттен кірген сөздер болуы заңды. Тілдің даму барысында жаңа сөздер пайда болуымен қатар, оны қайсы біреулері күнделікті өмірдің қажетіне қарай қосымша жаңа мағынаға, кейбіреулері бұрынғы көп мағынасы бір мағынамен шектеліп келеді.

Тіл тілдің өзара бір- бірімен байланысты екі жағы болады. Оның бірі- тілдің грамматикалық және фонетикалық жақтары. Тілдің осы екі жағының бірлігінің тұтас тіл құралы да, айтылатын ой түсінікті болып, тіл нағыз қатынас туралы ретінде қызмет ете алады.

Сөздік пен грамматикалық құрылыс үнемі бірлікте жұмсалады. Олардың қайсынының өзіне тән ерекшеліктері мен қызметтері әрқайсысының өз жүйесі болғандықтан, тілдің сөздігін лексикология тексереді де, грамматикалық құрылысын грамматика ғылымы зерттейді.

Бірақ тіл ғылымының бұл саларның тексеретін объектілері басқа болғанымен, өзара байланыстары да күшті, өйткені оның бұл екі саласы- лексикология да грамматикада өздернің тексеру объектісінің негізі етіп сөзді алады, демек тексеруді жеке сөзден бастайды.

# 1. «ҚАЗАҚ ТІЛІ», «ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ» ПӘНДЕРІН ОҚЫТУДА СӨЙЛЕУ ӘРЕКЕТІ ТҮРЛЕРІН ДАМУ АУЫЗША ӘДІСТЕМЕЛЕРІ

Қазақ тілі мен әдебиет сабақтарында нақтылы тәрбиелік үрдісте ауызша тіл дамыту жұмыстары қай жерде, қалай жүргізіледі, оқушылардың сөйлеу тіліндегі кемшіліктер қандай әдіс-тәсілдер арқылы түзетіліп отырады деген мәселелер ойластырып, педагогикалық, психологиялық, әдіснамалық тұрғыдан қарап, дұрыс шешімін табатын тек қана тіл маманы болып табылады. Оқушылардың ауызекі сөйлеу тілін, тіл мәдениетін арттыру мен дамыту, сапалы білім беру – қазіргі кезде мектеп мұғалімдерінің, тіл мамандарының алдында тұрған басты міндеттердің бірі.

Қазіргі заман талабына сай білім беру үрдісі білімді жеке тұлғаға қарай бағыттап отырып, тұлғаны жан-жақты дамытуға, шығармашылықпен айналыстыруға жол ашып отыр. Алайда, осы іс-шаралардың барлығы мұғалімнің ұйымдастыруы мен шеберлігінің нәтижесінде іске асырылады.

Сондықтан оқушылардың тілін дамыту, сөйлеу мәдениетін өрістетіп, жетілдіріп отыруды көздейтін мектеп көлемінде тиісті шаралар белгіленіп, жаппай жұмыс жүргізілмесе де, қазақ тілі мен әдебиет пәні мұғалімдері оқу материалдарының мазмұны мен түрлеріне байланысты сынып жағдайында және одан тыс уақытта да бұл жұмысты үздіксіз жүргізіп отыруға міндетті.

«Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңында, «Жеке адамның шығармашылық, рухани және дене мүмкіндіктерін дамыту, адамгершілік пен салауатты өмір салтының берік негіздерін қалыптастыру, жеке басының дамуы үшін жағдай жасау арқылы интеллектіні байыту» дейтін тұжырымдар бүгінгі білім берудің мақсаттары мен міндеттерін ғана емес, тіл дамытудағы өзекжалды мәселелерді де айқындайды.

Қазақ тілі мен әдебиеті сабағында оқушыларды сөзді дұрыс қолдана білуге, өз ойын орнықты жеткізуге, еркін сөйлей білуге жетелейтін тәсілдің бірі – тіл дамыту жұмыстары. Оқушылардың тіл дамыту жұмысын дұрыс ұйымдастырып, дұрыс жүргізіп отыру-әдебиетті сөз өнері ретінде шығармашылық шабытпен шебер оқыта білудің бір көрінісі болып саналады. Тіл дамыту мақсатындағы жүргізілетін жұмыстар оқушының ойлау қабілетіне, сондай-ақ өз ойын жеткізе білуіне, шығармашылық ізденісіне жол ашады. Оқушының білімі ғана жетіліп қоймайды, қабілетінің, дарын көзінің ашылуына түрткі болады.

Қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында оқушылардың сөйлеу тіліне мынадай талап қойылады:

Оқушы айтайын деген ой-пікірін жүйелі, байланысты түрде әңгімелеп беруге жаттығу.

Сөз тартымды, мазмұнды болуға тиісті.

Әдеби тілдің нормасынан ауытқып кетпей, оны сақтап мәнерлеп сөйлеуге дағдылану.

Сөзді дұрыс, орынды қолданып, сөйлемді дұрыс құрап ойын айта білуге машықтану.



Тіл дамытудың басты құралы сөздік қорда жатады. Оқушының сөздік қорының неғұрлым көп болуы және оны тиімді қолдана білуі жүйелі еңбекті қажет етеді. Сөздік қорды байыту жұмысында іріктелініп алынатын атаулар, ұғымдар ұлттық дәстүріміз бен өткен тарихымызға байланысты болса, оның жан-жақты маңызы артып отыратындығы белгілі. Өйткені оқушылар өзінің туған халқының тарихымен, әдет-ғұрпы, салт-дәстүрімен байланысты атауларды үйрену арқылы білім қорын жинай бастайды.

Қазақ тіліндегі тілұстарту жұмыстарының негізгі мақсаты – дұрыс, сауатты жазуға, оқушының ауызша және жазбаша ойын, грамматикасын және стилистикасы жағынан дұрыс сөйлем құрап, жүйелі сөйлеуге үйрету. Мұғалім оқушының ауызша және жазбаша тілін дұрыс дамытуда грамматикалық ережелерді жақсы білуге, тыныс белгілерін дұрыс қоюға үйретіп, көркем әдебиетті көп оқуға бағыт беріп, оның үлгісін көрсетіп отыруы тиіс. Әр мұғалім тіл ұстарту жұмыстарын шығармашылықпен жүргізіп, дұрыс ұйымдастыра білсе, ол оқушының күнделікті өмірдегі құбылысты жан-жақты түсіне білуіне, білген нәрселерін ауызекі сөздерін де қолдана білуіне жағдай жасайды.

Тіл дамыту жұмыстары ауызша-жазбаша жаттығулар, мәтінмен жұмыс, мазмұндама, шығарма, диктант, мақала жазу, мінездеме беру, суретпен жұмыс, сұраққа жауап жаздыру, жоспар жасату, кітап оқу сияқты жұмыс түрлері арқылы іске асырылады.

Тіл дамыту-оқушыны тілдік тұлғаларды дұрыс қолданып, ойын басқа адамға толық жеткізуге дағдыландыру, басқа адамдардың сөзін жақсы түсінуге үйрету. Басқаша айтқанда тіл дамыту – қазақ тілі оқушының қарым-қатынас құралына айналдыру. Бұл жалпы тіл үйрету мақсатымен толық сай келеді. Мектептерде оқушының қазақ тілін дамыту ұғымына қазақ тілінің лексикалық, грамматикалық тұлғаларын меңгерту, оларды сөйлемде қолдану дағдыларын қалыптастыру яғни қазақ тілінде әдеби тілмен сөйлеуге үйрету жатады; қазақ тілінің орфографиялық нормасын оқушыда қалыптастыру, қаақша сауатты жазу дағдысын меңгерту де осы ұғымға кіреді; сөздерді бір-бірімен дұрыс байланыстырып, сөз тіркесін жасау арқылы оларды арқылы ойын басқаға жеткізу, басқаның сөзін түсіну де тіл дамыту ұғымына жатады. Сөйтіп тіл дамыту сөйлеуге жеткілікті сөздік қорды және ол сөздерді сөйлемде бір-бірімен байланыстыратын тілдік нұсқаулардың қолдану заңдылықтарын меңгерту болып шығады. Оқушының сөздік қорын байыту тілдік нұсқаулардың қолдану дағдысын қалыптастырумен тығыз байланыста жүргізіледі.

Оқушының сөздік қорын үнемі байытып отыру - тіл дамытудағы негізгі мәселе. Сөздік қоры бай адамның ойын анық жеткізу мүмкіндігі мол болады. Сөздік қоры бай адам ойын жеткізуге ең керек сөзді таңдап қолдана алады, оның ойын дәл білдіретін сөзді тыңдау мүмкіндігі бар. Сондықтан тіл дамытуда оқушының сөздік қорын байытуға ерекше мән беріледі. Сөздік жұмысы әр сабақ үстінде, жыл бойында, бүкіл оқу кезеңінде белгілі жоспармен, жүйемен жүргізілуі керек. Оқушы сабақ сайын жаңа сөз үйреніп отырады. Оқушыға үйретілетін жаңа сөз текстте, диалогтарда жаттығу қолданысымен байланысыты беріледі. Сабақ сайын жылма-жыл әр сыныпта

оқышының сөздік қоры өсіп отырады. Әр сабақта үйретілетін жаңа сөзді оқушының сөздік қорын байтұдағы негізгі мақсат болып саналады. Осы мақсатта жету үшін, төмендегі жұмыстар жасалу керек:

- 1) жаңа сөз мағынасын оқушыға анық түсіндіру;
- 2) жаңа сөздің оқушы есінде сақталуын қамтамасыз ету;
- 3) жаңа сөзді қолданыста меңгеру яғни жаңа сөзді қолдану дағдысын қалптастыру;
- 4) жаңа сөздің айтылуы мен жазылуын меңгерту;
- 5) сөздікпен жұмысқа үйрету.

Оқушының сөздік қорын байытудың тағы бір жолы- мақал-мәтелдер сөздігін жасау. Мақал-мәтелдер сөздігі оларды есінде тұрақтандыруға көмектеседі. Ал мақал-мәтелдер оқушының қазақша сөйлеуін көріктендіреді. Мақал-мәтелдер сөздігін оқушы сөйлесу кезінде, мазмұндама, шығарма жазғанда, пайдалануына болады.

Оқушы қазақ тілінен меңгерген бай сөздік қорын қарым-қатынаста қолдана алмаса, тіл білген болып саналмайды. Сондықтан оқушының сөздік қорын байыту сөздердің сөйлеуде қолданысына жаттықтырумен бірге байланыста жүргізіледі.

Ал оқушы сөздерді қарым-қатынаста қолдана алу үшін, тілдік тұлғалардың қолданылу заңдылықтарын білуі керек. Ал ол- грамматикалық мәселесі. Грамматикада сөздерді бір-бірімен байланыстыру үшін қолданылатын сөз түрлендіруші қосымшалар, олардың қандай сөздердің тобына, қалай жалғанатыны, беретін мағынасы, сөз түрлендіруші қосымшалар арқылы түрленген сөздің қандай сөз тіркесін жасайтыны, сөз тіркесінің сөйлем жасауы, сөйлемдердің бір-бірімен байланысу заңдылықтары беріледі.

Екінші тілді үйрету ісіне оқушы тілін дамыту жұмыстарын ұйымдастырылғанда, жаттығулардың атқаратын қызметі зор. Тілге үйрету қай тілде де жаттығулардан басталады. Жаттығулар тілдік материалдың негізінде оқушының жас ерекшелігіне, білі деңгейіне сай беріледі. Жаттығуларды ғылымға екіге бөледі: тілдік жаттығулар және сөйлеу жаттығулар.

Тілдік жаттығулардың міндеті тілдің грамматикалық материалын оқушыға меңгерту. Тілдік жаттығулар әр тілдік тұлғаны таныстырады, оны қолданып үйренуге жаттықтырады. Тілдік жаттығулар тілдік тұлғаларды дұрыс ойланбай қолдану дәрежесіне жеткізуді көздейді. Тілдік жаттығулар алуан түрлі болып келеді. Мұндай жаттығулар тілдік тұлғаның қолдану үлгісі ретінде, оның қолданылуына оқушының назарын аударып, көзін үйрету мақсатын көздейді. Ал тілдік жаттығуда тілдік тұлғаның сөздегі орнына нүкте қойылатын жаттығулар оқушыны тілдік тұлғалардың дыбыстық вариантын дұрыс таңдауға үйрету мақсатын көздейді. Ал сөзді қосымшасыз беріп, оған тиісіз қосымшаны тауып жалғау оқушыға түрлі қосымшаларды өткен соң, олардың әрқайсысын жақсы меңгергенде беріледі. Мысалы, бірнеше септік жалғауын оқығаннан кейін, оның сөйлемде қайсысын қолдануды табу ол септіктерді оқушының жақсы білуін талап етеді. Сөйлемдегі түсіндірілген сөзді тауып қосу, сөйлемді өзгерту, сөйлемді аяқтау, сөйлемді кеңейту, сөйлемді тарылу сияқты жаттығулар оқушыны сөйлеуге апарды. Бұлар

алғашқы жаттығулардан гөрі көп күрделі болып табылады. Сөйлеу жаттығуларына сурет арқылы оқушыны сөйлеуге үйрету, оқыған кітабының мазмұнын әңгімелету, мақал-мәтелдерді сөйлеуде қолдануға жаттықтыру, тақпақ, өлең айтуға үйрету де жатады. Бұлардың бәрі - оқушыны тілін дамытудың құралы.

Оқушыны тілін дамытуда оқыған кітабының мазмұнын қазақша әңгімелету пайдалы. Жұмыстың бұл түрін 5-6-сыныптарда бастау дұрыс. Кітап оқу жұмысы сабақта басталды. Оқу әдісін меңгерген оқушы өздігінен кітап оқымайды. Кітап оқуға баулу үшін алдымен оқушыны анық, тез оқитын дәрежеге жеткізу керек. Оқу әдісін жақсы меңгерген оқушы ғана, өздігінен кітап оқи алады.

Оқушының тілін дамыту үшін тақпақ жаттау, өлең айту да пайдалы болып саналады. Оқушы әр сыныпта бірнеше тақпақ жаттайды, олар көбіне оқулықтарда беріледі. Өлең айтуға, ән салуға үйрену де тіл дамытуда өзіндік қызмет атқарады. Бірақ бұл жұмыс үйірмеде жүргізіледі. Мақал-мәтелдер де оқушыны тілін дамытудың құралы. Оқулықтарда мақал-мәтелдермен жұмыс жүргізуде әр мақал-мәтелдің оқушы мағынасын түсінуі керек, сонда ғана оны орынды қолдана алады. Сөйлеу жаттығулары оқушыларды тілдік материалды сөйлеуде қолдануға дағдыландыруды көздейді. Сөйтіп, оқушы алдымен тілдік материалды меңгеру жаттығулармен кездеседі, оны білі, танып, түсініп алуы қажет. Ол тілдік материалды сөйлеуде қолдануға жаттықтыру, дағдыландыруда сөйлеу жаттығулары маңызды қызмет атқарады.

4. Мәтін арқылы оқушы тілін дамыту. Оқушы тілін дамытуға мәтіндердің атқаратын қызметі өте күшті. Мәтін оқушыға білім береді, мәтін-оқушыны оқуға үйретудің құралы, ол ойын, тілін дамытады, тәрбиелейді, қазақша сөйлеуге үйретеді. Мәтін осы қызметтерді толық атқару үшін, оған төмендегі талаптар қойылады.

Мәтін оқушының жас ерекшелігіне, түсінігіне сәйкес болуы керек. Мәтін әр сыныптағы оқушының жас ерекшелігіне, біліміне, түсінігіне сай алынады. Осымен байланысты әр сыныпта оқытылатын мәтін әр түрлі деңгейде болады.

Мәтіннің мазмұны әр сыныпта оқушысының білім деңгейіне, дүние танымына сай болуы қажет. Оқушыға таныс емес, оқушы түсінбейтіндей қиын мазмұнды мәтін алынбауы, оқуға берілмегені дұрыс. Мәтіндердің мазмұны оқушыны қызықтыратындай болуы қажет. Оқушыны қызықтыратын мәтіндерді оқушыны жақсы меңгереді. Мәтіндердің тәрбиелік мәні болуға тиіс. Оқушыны достыққа, бірлікке, адамгершілікке тәрбиелейтін мәтіндердің мәні күшті. Мәтіндер қазақ халқының мәдениетімен, әдет-ғұрыптармен, ұлттық мерекелермен, жетістіктермен оқушыларды таныстыру қызмет атқарады. Ол халықты сыйлауға, тәрбиелеуге қажет.

Мәтінді аудару – тіл үйренудегі, тіл дамытудағы негізгі мәселелердің бірі. Мәтінді аудару алғашқы кезеңде мұғалім өзі көрсетеді, кейін оқушылар өзі аударыды. Мәтінді аударудан бұрын ондағы жаңа сөздермен жұмыс жүргізіледі. Мәтіннің мазмұнына байланысты сұрақтарға жауапты жазбаша түрде жүргізу арқылы оқушының жазбаша тілін дамытуға болады. Мәтін

бойынша ауызша тіл дамытуда жүргізілетін жұмыстардың бәрі жазбаша да жүргізіледі.

Сөйлеу тілі мен жазба тіл өте тығыз баланысты. Сөйлеу тілінде жазбаша тілде де қолданылатын тілдік тұлғалар бір. Тілдік тұлғалар сөйлеу тілі мен жазбаша тілде бір мағынада қолданылады, олардың тілде атқаратын жалпы қызметтерінде де өзгеріс болмайды. Сондықтан екінші тілді үйретуде жұмыс ауызша мен жазбаша жүргізілуі тиіс. Тыңдауға үйрету мақсатында жасалатын бұл жұмыстың түрлері, сөйлеуге үйретумен байланысты жүргізілетіні есте болу керек.

Оқушының жазбаша тілін дамыту бастауыш сыныптан-ақ басталады. Тілдік жаттығуларды жазбаша түрде орындау оқушының жазбаша тілін дамытудың алғашқы басқышы шартты белгісінің бірі болып саналады.

Дегенмен оқушының тілін жазбаша түрде дамытуда мазмұндама мен шығарманың орны ерекше. Мазмұндама – тіл дамытудың өте маңызды әдісі. Мазмұндама негізінен оқушының жазбаша тілін дамытуға, ойын мәтінге сүйеніп, өзінше жазбаша түрде білдіруге үйретуді. Бірақ мазмұндаманы оқушының жазбаша тілін дамытуда, ойын мәтінге сүйеніп, өзінше жазбаша түрде білдіруге үйретеді Шығарма жақын мазмұндама оқушының шығармашылық ойын дамытуды, ойын өз сөзімен білдіру дағдысын қалаптастырады. Шығармаға жақын мазмұндамада оқушы мәтіннің мазмұнын өзінше жалғастырып жазады, кейде мәтіннің басына өзінше үзінді қосады, мәтіннің арасында мәтінге байланысты уақиға туралы өзінше әңгіме қосады. Шығарма- жазбаша тілді дамытудағы ең негізгі жұмыс. Шығарма – оқушыны өздік шығармашылық жұмысы. Шығарма жазуға оқушыны үйрету ұзақ уақыттағы жүйелі жұмысты керек етеді. Шығарма бір тақырыпта жазылды, тақырыпты ашуға керек сөздерді білуі керек. Мұғалім оқушының сөздік қорын жақсы біледі, сондықтан оқушының сөздік қорында бар сөздерді қажет ететін тақырып таңдау пайдалы.

Сабақ – оқу ісін ұйымдастырудың негізгі түрі. Қазақ тілі екінші тіл ретінде оқылатын болғандықтан, сабақ қазақша қарым-қатынас жасауға бағытталуы тиіс. Сабақтың барлық кезеңдерінде өтілетін материал сөйлеуге үйретуге, сөйлеу дағдысын қалыптастыруға бағытталады. Оқушыларды қазақша сөйлеуге үйрету тілдік білім берумен бірге жүзеге асады. Сондықтан да сабақ барысында оқушыға тілдік білім беріледі. Бірақ тілдік білім оны тәжірибеде қолдануға бейімделеді. Тілдік білім оқушының сөйлеу қолданысынан орын алу керек. Сабақта берілетін тілдік білім бірден сол сабақта оқушының қарым-қатынаста қолдану тәжірибесінен өтеді. Содан бастап оны қолдану дағдысын дамыту, қалыптастыру жұмыстары жүргізіледі.

Сабақтағы негізгі тұлғалар – мұғалім мен оқушы. Сабақтың нәтижелі болуы осы екі тұлғаның яғни мұғалім мен оқушының іс-әрекетін, ықыласы мен жігеріне, белсенділігіне, санасына т.б. қасиеттеріне байланысты. Мұғалімнің білімі, тәжірибесі сабақты ұйымдастыру шеберлігі, сабақ материалын сұрыптап ала білуі, оны оқушыға түсіндіре, жеткізе білуі сабақтың сапасына, нәтижесіне әсер ететіні сөзсіз. Тіпті мұғалімнің оқушымен қарым-қатынасы, жүріс-тұрысы, сөйлеу мәнеріне дейін сабаққа, оқушыға әсер етеді. Сондықтан

сабақты тиімді ұйымдастыру үшін оған қойылатын талаптарды бұлжытпай орындау шарт.

Орыс тілді аудиториясында қазақ тілін оқытудағы басты талап – қазақша сөйлей білуге, жаза білуге үйрету. Міне, сондықтан да коммуникативтік қарым-қатынас бірінші орында тұрады да, грамматика екінші орында тұрады. Осыған орай қазақ тілін игертуге бағытталған тіл дамыту жұмыстары болсын, жаттығулар болсын қазақша сөйлей білуге, өз ойын айта білуге бағытталуы қажет.

Филология ғылымдарының докторы, профессор Нұржамал Оралбаеваның «Оқушы тілін дамыту ауызша және жазбаша жүргізіледі. Тілді оқытуда бұл екі бағыт қатар байланыста іске асырылады. Қазақ тілін оқытудың алғашқы кезеңінде ауызша тіл дамыту басымдырақ болады. Сөйлеу тілі кейінірек жазба тілді дамытуға негіз болады» деген пікіріне сүйенсек бөгде ұлт мектептеріндегі қазақ тілі сабағының негізгі арқауы тіл дамыту жұмысы болуға тиіс. Тіл дамытуда

- 1) сөздік қорын байыту,
- 2) байланыстырып сөйлеуді дамыту,
- 3) грамматикалық тұлғада жүйелі сөйлеу,
- 4) сөйлеу мәдениетін қалыптастыру міндеттерін жүзеге асыру бағытында үнемі жұмыс жүргізу керек.

Тіл дамыту – оқушыны тілдік тұлғаларды дұрыс қолданып, ойын басқа адамға толық жеткізуге дағдыландыру, басқа адамдардың сөзін жақсы түсінуге үйрету. Басқаша айтқанда тіл дамыту – қазақ тілін оқушының қарым-қатынас құралына айналдыру. Бұл жалпы тіл үйрету мақсатымен толық сай келеді. Орыс тілінде оқытылатын мектептерде оқушының қазақ тілін дамыту ұғымына қазақ тілінің лексикалық, грамматикалық тұлғаларын меңгерту, оларды сөйлемде қолдану дағдыларын қалыптастыру, яғни қазақ тілінде сөйлеуге үйрету жатады. Қазақ тілінің орфографиялық нормасын оқушыда қалыптастыру, қазақша сауатты жазу дағдысын меңгерту де осы ұғымға кіреді; сөздерді бір-бірімен дұрыс байланыстырып, сөз тіркесін жасау арқылы оларды сөйлемде дұрыс орналастырып, сөйлем құрау, сөйлем арқылы ойын басқаға жеткізу, басқаның сөзін түсіну де тіл дамыту ұғымына жатады. Сөйтіп тіл дамыту – мағынасы, көлемі кең ұғым. Адамның сөйлеуінде қолданылатын тілдік нұсқалар – дыбыс, сөз, сөз тіркесі, сөйлем, сөйлемдердің тіркесі. Бұлар тілді оқытудағы негізгі мәселелер. Тіл дамытуда тіл дыбыстарын дұрыс айтуға жаттықтыру, қазақ сөздерінің айтылу нормасын қалыптастыру, қазақ тілінің орфоэпиясын меңгерту жұмыстары жүргізіледі.

Сөз, сөз тіркесі, сөйлем – байланысты сөйлеудің құралдары. Қазақша сөйлеу үшін оқушының жеткілікті қоры болу керек, оқушы сөздерді байланыстырып, сөз тіркестерін жасаудың, сөз тіркесінен сөйлем құрастырудың заңдылықтарын білу қажет. Сонда ғана байланысты ойда басқаға білдіруге, басқаның сөйлеуін түсінуге болады. Байланысты сөйлеудің құралдарының тілде қолданылу заңдылықтарын оқушыға ереже түрінде емес, тәжірибе жүзінде, яғни сөйлеуде қолдануда жаттықтыру, оларды дұрыс қолдану дағдысын оқушыда қалыптастыру тіл дамытудағы негізгі мақсат

болып табылады. Сондықтан тіл дамыту осы тілдік нұсқаларды таныстырумен, білдірумен бірге олардың әрқайсысының тілде қалай, қандай жағдайда қолданылатыны үйретіледі. Оқушы ойын қазақша еркін жеткізу үшін тілдік нұсқалардың қолданылуын білуі тиіс. Сөйтіп тіл дамыту сөйлеуге жеткілікті сөздік қорды және ол сөздерді сөйлемде бір-бірімен байланыстыратын тілдік нұсқалардың қолданылу заңдылықтарын меңгерту болып шығады. Оқушының сөздік қорын үнемі байытып отыру – тіл дамытудағы негізгі мәселе. Сөздік қоры бай адамның ойын анық жеткізу мүмкіндігі де мол болады.

Лексикалық материалды таңдау, сұрыптауда сөздің төмендегідей қасиеттеріне ерекше көңіл бөлу қажет:

1. Сөздердің қолдану жиілігі
2. Сөздердің жеңіл-қиындығы
3. Сөздердің синонимдік қасиеті
4. Сөздің тақырыптық қажетіне сәйкестігі
5. Екі тілге ортақ сөздерді санатқа кіргізбеу
6. Сөздің тілдік ерекшелігін қамтуы
7. Сөздің оқушының психологиялық ерекшелігіне сәйкестігі
8. Сөздің оқулықта қайталану жиілігі.

Сөздік жұмысы әр сабақ үстінде, жыл бойында, бүкіл оқу кезеңінде белгілі жоспармен, жүйемен жүргізілуі тиіс. Оқушы сабақ сайын жаңа сөз үйреніп отырады. Оқушыға үйретілетін жаңа сөз мәтінде, сұхбат жаттығуларда қолданысымен байланыста беріледі. Әр сабақта үйретілетін жаңа сөзді оқушының күнделікті өмірде, қарым-қатынаста қолданылатын белсенді сөздігіне айналдыру оқушының сөздік қорын байытудағы негізгі мақсат болып саналады. Осы мақсатқа жету үшін төменде көрсетілген жұмыстарды атқарудамын.

1. Жаңа сөз мағынасын оқушыға анық түсіндіру
2. Дұрыс айтылымды қалыптастыру (жеке, бірге қайталау)
3. Сөз тіркесін құрастыру

Оқушылардың жас ерекшеліктерін ескере отырып (жай сөйлем, монолог, диалог, күрделі сөйлем, әңгіме құрастыру) жұмыс түрлерін орындатамын. Бастауыш сыныптарда жаңа сөздер кездесетін шағын өлең шумақтарын, жұмбақ, жаңылтпаштар жаттатқызу да оқушының сөздік қорын байыту үшін тиімді шараның бірі. Орта буын оқушылары жаңа сөздерді қолдана отырып диалог немесе монолог құрастыруға болады. Жоғары буын оқушыларына да осы сияқты монолог, диалог, әңгіме құрастыру тапсырмаларын орындату арқылы сөздік қорларын байытып, жаңа сөздерді қарым-қатынаста пайдалану дағдысын қалыптастыруға болады.

Аталған жұмыс түрлері сөздердің ұмытылмауына үлкен ықпал жасайды және сөздерінің қолданысын үйренуді бекітеді.

Оқушы қазақ тілінен меңгерген бай сөздік қорын қарым-қатынаста қолдана алмаса, тіл білген болып саналмайды. Сондықтан оқушының сөздік қорын байыту сөздердің сөйлеуде қолданысына жаттықтырумен бірге байланыста жүргізіледі.

Екінші тілді үйрету ісінде оқушы тілін дамыту жұмыстарын ұйымдастырғанда жаттығулардың атқаратын қызметі де зор. Жаттығулар тілдік материалдардың негізінде оқушының жас ерекшелігіне, білім деңгейіне сай беріледі. Жаттығулардың өзі екіге бөлінеді: тілдік және сөйлеу. Сөйлеу жаттығулары қарым-қатынас жасауға бағытталады. Оған сұраққа дұрыс жауап беру, өзі сұрақ қоя білу, тілдік жаттығуларда меңгерген сөйлем үлгілерін сөйлеуде еркін қолдану, орысшадан қазақшаға аударып, тақырып бойынша шығарма жазу, жоспарланбаған, дайындалмаған тақырыптарда сөйлеу т.б. жатады. Сөйлесу жаттығуларын орындау барысында қазақша сөйлеуге оқушылар әбден жаттығады, сөйлеу автоматты түрде көшеді. Сөйлеудің жеке адамға қатысты түрін, екі көп адамның сөйлеуін ауызша, жазбаша сөйлеуді оқушы сөйлеу жаттығулары арқылы меңгереді. Жаттығу жұмысы – сөйлей білуге машықтандыратын ұтымды жолдардың бірі. Жаттығулар – тіл дамыту жаттығулары ыңғайында болуы керек. Жаттығулардың тиімділігі тіл үйренушілердің сөйлей білу дағдыларын қалыптастыруға пәрменді ықпал береді. Қазақ тілін оқытуға байланысты тіл дамыту жұмысын ұйымдастырудың негізгі мақсаты – оқушылар белгілі дәрежеде қазақша сөйлеп, өз ойын басқа біреуге жеткізе алатындай, сондай-ақ өзгенің сөзін ұға, түсіне алатындай дәрежеге жету. Сөйлеу жаттығуларына сурет арқылы оқушыны сөйлеуге үйрету, оқыған кітабының мазмұнын әңгімелету, мақал-мәтелдерді сөйлеуде қолдануға жаттықтыру, тақпақ, өлең, қазақша ән айтуға үйрету де жатады. Бұлардың бәрі – оқушы тілін дамытудың құралы. Оқушы тілін дамыту жұмысында суреттерді қолдану пайдалы. Мазмұнды сурет арқылы, сұрақ-жауап тәсілі арқылы әр оқушыға әңгімелету арқылы оның мазмұнын толық ашуға болады. Оқушылар бірін-бірі толықтырады. Соңғы оқушыға қорытынды ретінде толық әңгімелетуге болады. Мазмұнды суретпен сұрақ-жауап, ауызша толық сипаттама, жазбаша мазмұндама, шығарма сияқты түрлі жұмыс түрлерін жүргізуге болады. Бұл жұмыстың қайсысы болсын оқушыны қазақша сөйлеуге жаттықтырады, қазақша сөйлеу дағдысын қалыптастырады, тілін дамытады. Оқушы тілін дамытуда тақпақ жаттау, өлең, ән айту да пайдалы болып саналады. Тақырыпқа сәйкес, тілі жеңіл, тәрбиелік мәні күшті өлең жолдарын сыныпта да, үйде де жаттауға беруге болады. Өз тәжірибемде, әсіресе бастауыш, орта буын оқушыларына өлеңді мәнерлеп оқу, жатқа айту сияқты тапсырмаларды жиі қолданамын. Мысалы, 2-3-сыныптарда жыл мезгілдеріне, мерекелерге байланысты өлең, тақпақтарды жиі беремін, 5-сыныпта күрделірек өлең жолдарын немесе ән шумақтарын айтқызуға тапсырамын. Әр өлеңді, әнді жаттап, оны дұрыс айту арқылы да оқушы тілі жаттығады. Бірақ өлеңнің, әннің әр сөзінің мағынасын оқушылар толық түсінуі керек. Сондықтан аудармасын оқушыларға орысша айтып түсіндіру шарт. Сонда ғана бұл іс оң нәтиже бермек. Алдымен мұғалім өлеңді, әнді өзі мәнерлеп оқып үлгісін береді, содан кейін оқушылар жеке, бірге қайталайды. Сыныпта тіл ұстарту жұмыстарын толық жүргізіп барып үйге жаттауға беріледі. Есте сақтау қабілеті жоғары балалар кейде сабақ барысында жаттап, айтып береді.

Оқу орыс тілінде жүретін мектепте қазақ тілі сабағында ойынды тиімді қолдану оқушылардың сол тілде сөйлеуге жаттығуына мол мүмкіндік береді. Мұғалім қарапайым тілдік конструкцияның жаңа түрлерін күнделікті сабақта ойын жаттығулары түрінде біртіндеп қолдана отырып, оқушылардың сөйлеу дағдыларын толықтырып отырады. Оқыту мақсатына қарай тілдік ойындар лексика-фонетикалық, грамматикалық болып бөлінеді. Лексика-фонетикалық жаттығулардың негізгі мақсаты – оқушының сөзді дұрыс айтуын, дұрыс сөйлеуін қадағалау, интонацияны дұрыс қалыптастыру. Оқушыларға лексика-фонетикалық материалды меңгерту үшін қолданылатын ойындар сабақтың әсерлілігін, тартымдылығын арттырып, оқушылардың танымдық белсенділігін, ынтасын күшейтеді. Ойынның негізгі мақсаты – баланы қызықтыра отырып, жаңа материалды берік меңгерту, ойын жүйелі түрде айта білуге үйрету, тілін дамыту. Бірақ ойын түрлерін таңдап алуда оқушылардың жас ерекшеліктерін ескеріп, сынып оқушыларының білім деңгейін ойға алған жөн. Жаңа сөздерді бекітуге байланысты мына ойын түрлерін өткіземін: «Паровоз», «Полиглот», «1 адым, 1 сөз» т.б.

Орта, жоғары буын оқушыларымен күрделірек ойын түрлерін ұйымдастырамын. Мысалы: «Кім тез?», «Топтай біл», «Лото» ойындары. Әр ойынның түпкі мақсаты – оқушылардың сөздерді меңгеру, ойлау, сөйлеу, байқампаздық қабілеттерін арттыру. Аталған жұмыс түрлерінен басқа да тіл дамыту жұмыстарын сабақ жүргізу барысында тиімді қолдануға тырысамын. Олар шығармашылық жұмыс, рөлдерге бөліп оқу, ауызша бейнелеу, бөлімдерге бөліп мазмұндау т.б.

Бұл арада шығармашылық жұмыстың орны ерекше. Әр буын оқушыларына берілетін шығармашылық тапсырманы мұқият ойластырып, әр баланың білім деңгейін ескеріп беруге тырысамын. Шығармашылықпен жұмыс істеу – оқушыны өзіндік жұмыс істеуге баулиды, ойлау қабілетін дамытады. Бұл жұмыс түрінің тіл дамытуда үлкен рөл атқаратыны сөзсіз. Бастауыш сыныптарда шығармашылық жұмыстың мынадай түрлерін орындатамын: сөзжұмбақ құрастыру, оны шешу, өзі салған сурет бойынша әңгіме құру т.б.

Орта буын оқушыларына, әсіресе тақырып бойынша салынған суретке байланысты әңгіме құру (отбасы, жыл мезгілдері, мамандықтар), мерекелерге арналған концерт-сабақ ұйымдастыру, тест құрастыру, реферат қорғау, альбом, буклет жасап, оны қорғау.

Жоғары буын оқушылары мынадай шығармашылық жұмыс түрлерін жиі орындайды газеттер сайысына газет шығарады, оны қорғау, салт-дәстүрге байланысты топқа бөлініп көрініс көрсету, әр түрлі тақырыптардағы жоба жұмыстарын қорғау т.б.

Сонымен ауызекі сөйлеу тіл дамытуда сөйлеу жаттығуларының алатын орны орасан зор. Ал бұл жаттығуларды сабақтың кезеңдерінде тиімді қолдану арқылы оң нәтижеге жетуге болатыны сөзсіз. Бұл мұғалімнің шеберлігіне, әр сабаққа шығармашылықпен қарап, мұқият дайындалуына байланысты. Әр баланың жанын ұғып, түсіністікпен қарап, гуманистік ұстанымды алға қойып, үнемі ізденісте болсақ қана нәтижелі көрсеткіштерге жетуге болады.



Білігілі әдіскер ғалым Ш.Х. Сарыбаевтың диссертациясында зерттеген мәселесенің бірі- оқушының сөздік қорының байыту мәселесінде әдіскер ғалым оқушыға үйретілітін сөздерді таңдауға мән берген. Бұл ретте ғалым оқушыларға нақтылы деректерді заттардың атын үйретуден бастаудың пайдалы екенін дәлелдеген. Әдіскер ғалым оқушыға үйреткен сөздер сен сөз тіректері бір- бірімен байланысты болу қажет деген пікірді дәлелдеген. Ал енді оқушының сөздік қорын молайтудың амал- тәсілдері бойынша әдіскер ғалымның ұсынған, дәлелденген бірсыпыра құнды пікірлері бар.

Ш.К.Сарыбаев сөздік қорды жинау, байыту үшін оқушы сөздерді түсінбей жаттап алмауы керек деп санайды. Ол дұрыс, өйткені сөздер тез ұмытылады. Әдіскер ғалым сөздерді үйрету табиғи жағдайда оқушының есту, көру, сезіну, сияқты қабілеттрін түгел қатыстыру арқылы іске асуы қажет деп дәлелелдеген. Әрине бұл үнемі жүзеге асыруға қиын мәселе. Сабақ оқылатын бөлме, оның ішіндегі заттар, оқушы, мұғалым оқу құралдарының аттарын үйрету табиғи жағдайда үйрету қиын.

Диссертацияда ғалым дәлелденген келесі құнды пікір оқушыны сөз мағынасына мән беруге баулу. Мысалы; мағынасы жақын сөздерді тану, қарама- қарсы сөздерді ілу өздері білетін сөздерді мағынасын жақсы түсінуінің ерекшелкітерін ажырата алуға дағдыландыру мәселесін диссертацияда ғалым арнайы сөз еткен. Бұл сөздерді жаттау емес, шамалы түрде түсіну, ұғу деген мәселеге салды. Әрине, бұл қағиданың тілід саналы үйретуге пайдалы екені сөзсіз.

Қазақ тілі сабағында оқыту, жазу, оқу грамматикасы, тіл дамыиу, сөздік қорын молайту сияқты мәелелер бір- бірімен жүргізіеледі деп санайды. Негізгі міндет- оқушылардың сөз қорын молайту, тілдерін дамыту.

Ұлы ағартушы Ы.Алтынсарин ана тілінің тазалығы мен сөздрдің дұрыс қолдануына үлкен мән беріп, баланың тілін, сөздік қорын дамыиудағы түсіндермелі оқу ісінің маңыздылығын көрсетті. Ал А.Байтұрсынов тіл мәдениетіне, тілдің қисынды болуына мән бере келе, айтушы ойын өзі үшін айтпайды, өзге үшін айтатынына назар аудартты. Сондықтан ол өз ойын өзгелер қиналмай түсінетін қлып айту керектігін ескертті. Ол үшін айтушы сөйлейтін сөзін жақсы қолдана білу тиіс деген талап қойды.

С. Жиенбаев оқушының сөз байлығын молайту үшін оқушының сөз сапасын арттратын, ойлағыны дәлелдеп, жүйелеп айтуға дағдыландарытын, дұрыс жазуға үйрететін жұмыстар жүргізу керек деп есептеді. Ш.Сарыбаев оқушыардың тілін дамытуды, оның ішінде сөздік қорды арттыруды грамматиканы оқыту мен байланыстыра жүргізуді қуаттаса, Ғ.Бегалиев сөз мағынасын игерту әдіс- тәсілдеріне мән берді.

Қазақ тілін дамыта оқыту арқылы баланың сөздік қорын байыту мәселесіне Д.Әлімжанов, И.Маманов, Х.Арғынов, С.Рахметова Қ.Шәукенов т.б. Тұжырымдай айтқанда, баланың танымын, ойын, тілін дамытып қатысымдық әрекетін жүйелі де нәтижелі жүргізу үшін алдымен сөз бен оның мағынасын игіртледі. Сонымен бірге ол сөздерді бір- бірмен байланыстырып сөйлем құрасыруға жаттығады. Соның негізінде ауызша және жазбаша сөйлеу әпекеті, икемділіктері мен дағдылары қалыптастырылды.

Сөздік қорды байытудың мазмұны мен жүйесі тармақшасында сөздік қорды байытудың бұл тілін дамытудағы маңызы, алатын орны және тіл дамыта оқыту жүйесі мен қалыптастыралтаын имекділіктер мен дағдылар қарастырылды.

Қазақ тілін оқытуда тіл туралы білім берумен бірге оқушыны тілдік қарым- қатынасқа дарялау міндеті қойылады. Ол баланың тілін дамыта оқыту, сөздік қорын молайту; сөз , сөйлем, мәтіннің мағынасы мен ұғымы, ойы және мазмұны арқылы оқушылардың ойында ұлттық танымды қалыптастыру.

Оқушының сөйлеу әрекетін дамыту, ең алдымен оқыту үрдісінде тілдің лексикалық, грамматикалық білім нормаларын игертуге байланысты болса, екіншіден, сөйлеу икемділігі пен дағдылары сөйлеу әрекетінің оқу, тыңдау, айту жазумен байланысты болады. Сондықтанда қатысымдық икемділік пен дағды сөйлеу қарым- қатынастың түрткісіне мақсат- міндеттерні орай жүргізіліп, екінші жағынан әлеуметтік нормалар, яғни тіл мәдениетінің негізінде ұйымдастыру болып табылады.

Баланың сөздік қорының қалыптасу ерекшеліктері және сөздік қор психикалық үрдістер арасындағы байланыстар мен олардың рақатынасы сипатталады.

Баланың таным үрдістері ұлғайған сайын оның сөйлеуге қажетсінетін сөздер саны да өсіп отыр. Мұның өзі баланың психикасы мен сөздік қорының арасындағы байланысты білдіреді. Сондықтан, оқушылардың сөздік қорын молайту жұмыстырында сөздік қор мен психикалық қасиеттерның арасындағы қатынастар анықталды. Мәселен, сөздік қор мынадай психикалық қасиеттермен байланысты: 1) сөздік қор және ойлау; 2) сөздік қор және сөйлеу; 3) сөздік қор және ұғым.

Игертуге тиісті материалдар мен оқу амал- әректінің бірлігін қамтасыз ететін ойлауды дамыту тілді дамытудың негізгі шарты. Сондықтан баланың сөздік қорының баюда да ойлау әрекетіне байланысты болады.

Адам әрекеті- күрделі үрдіс. Оның құрамына қозғалыстырдың жүйесі де кіреді. Бала әрекеттер мен амалдар арқылы ғана сыртқы ортамен белсенді түрде байланыс жасап, оны өз шамасында өзгертіп, дамытып отырады. Сондықтан адам психикасы іс- әрекет үстінде дамып қалыптасады. Ал адам әрекетінің әрқайсысы) ойын, оқу, еңбек, және нұсқаулар) әр уақытта белгілі бір мақсат, міндеттерге бағытталып отырады.

Бұл теориялық пікірлер тіл даму мәселесінде ерекше орны алмақ. Сөйлеу әрекетінің жүйелі мазмұнды болуы ақыл- ойы еңбегінің нәтижесімен бірге логикалық ой амалдары туралы( жинақтау, талдау, нақтылау, бстракциялау, жалпылау, салыстыру, жіктеу, қортындылау) дағдысына байланысты. Ал оны одан әрі дамыту, түрлі ойлау тәсілдеріне сүйене отырып жасайды. Демек, логикалық ойлау анализдеу мен синтездеуден, салыструдан дерексіздендіру мен ой қорытудан тұрады.

Сөйлеу әрекетінің дұрыс жүргізілуі оқушыда психологиялық категориялардың қалыптасуына негізделеді. Өйткені сөйлеумен бірге ой дамиды. Сондықтан оқу материалдарын ұғынуда талдау мен жинақтау маңызды роль атқарады. Өйткені ойлау дегеніміз- түйсік пен қабылдаудағы

талдау мен жианақтаудың жаңа мазмұнға ие болған түрі. Талдау дегеніміз- ой арқылы түрлізаттар мен құбылыстардың мәнді жақтарын жеке бөлшектерге ажырату арқылы тану деп есептеледі.

Тұжырымдай айтқанда, адамға қорашан ортадағы шындықты дұрыс тануға көмектесетін, әртүлі құбылыстардың бір- бірінен айырмашылықтары мен ұқсас белгілерін анықтайтын ұғымдар логиклық ойлау амалдары негізінде жасалып, ойлау мен сөйлеуді жетілдіреді, нәтижесінде сөздің мағынасы, ұғымы игеріледі.

Қазақ тілін игеру мұғалімнің сөздерін немесе оқулық материалдарын құрғақ сөздер ретінде есте сақтау емес. Ол күрделі ақыл- ой еңбегі, балалардың санасында шындық дүниедігі заттармен құбылыстардың туралы елестерді, ғылыми ұғымдарды қалыптастырудың үрдісі, құбылыстардың өзара байланыстары дамыуға байланысты жұмыстарда балалардың жас ерекшеліктерін мен жеке ерекшеліктері, олардың зейін, ес, ойлау, қабалдау, сезім, қиял ерекшеліктерін ескеріледі.

Л.С.Выготский, А.Н. Леонтьев, В.И.Лубовский, А.Р. Лурия осы психологтар баситауыш метеп оқушыларының ерекшеліктеріне байланысты зейіннің тұрақтылығының әлсіздігін ескертеді. Осыған байланысты мұғалім оқушы зейінін сабақ материалдарның ауытқуымен тәрбиелеуі керек. Бұл тіл үйренуді жеңілденетін мәселеге жатады. Психолог пен педагог ғалымдарының пікірінше оқушының сөйлеу тілін дамыту, оны жазбаша тілін, ғ сөздік қорын байыту жұмыстарымен байланыстыра оқыту да оқушылардың жас ерекшеліктерін ескеріге негіздейді.

Баланың сөздік қорын қалыптастыру туралы Л.С.Выготский, А.Н. Люблинская баланың психологиялық үрдістерін дамытуға, олардың түрлі іс- әрекеттерін жетілдіруге сөздің әсері туралды А.Р. Лурия; ал сөздің дбыстық құрамын меңгеру ерекшеліктері жөнінде Н.В.Ихвачкин А.В.Гвоздев грамматикалық ерекшеліктердің бала тілінде қалыптастыру үрдістері жөніндегі Ф.А. Сохин, И.Н.Попова сөздік қорды меңгеру заңдылықтары туралы Н.А. Рыбникова, К.И.Чуковский еңбектерінің алатын ролі зор.

Тіл – адамдардың бір – бірімен қарым – қатынас жасауының құралы болса, адамдар тіл арқылы қарым – қатынас жасау үшін алдымен сөзді, сонан соң сөздерді қалай қолдануды білуі шарт. Міне, сондықтан да тілді үйретуде оқушының сөздік қорын байыту мен сөздердің қалай қолданатынын үйрететін грамматиканы оқыту қатар жүріп отырады.

Ана тілін оқыту әдістемесінде де оқушының сөздік қорын байытуға ерекше мән берілетіні де бұл мәселердің сөйлеуде атқаратын зор қызметіне байланысты. Ал екінші тілді оқытуда сөзді білу, сөздік қорының мол болуы оқушының тілді меңгеру дәрежесінің негізгі көрсеткішінің бірі.

Оқушының сөздік қоры неғұрлым бай болса, соғұрлым оқушының ойын толық, дәл, анық жеткізуге мүмкіндігі мол болады. Бұлардың әрқайсысы өте үлкен мәселелер, олар қазақ тілін оқыту әдістемесінің негізгі объектісі.

Сөйлеу үшін, ойын басқаға жеткізу үшін адамдар ойын жеткізуге қатысты сөздерді білу керек. Сөздерді білмейінше адам ойын басқаға жеткізе алмайды. Сөзсіз тіл арқылы қарым – қатынас жасау мүмкін емес. Тәжірбиеде

екінші тілді үйрене бастаған адамның ойын жеткізуге қажетті сөзді білмей дағдарып, әдепті тұрғаны жиі кездеседі. Сөздік қоры мол адамдар ондай қиындыққа кездеспейді. Сондықтанда халықта тіл байлығы мол, шебер сөйлей білу адамның мәдениетінің көрсеткішінің бірі болып саналады. Ол туралы әдістемеші ғалым А.В. Текучевтің пікірін келтірейік: «Әрбір жеке адамның сөйлеу тілі – оның жалпы мәдениетінің деңгейлік көрсеткіші».

Оқушылардың сөйлеу тілін дамыту барысында әрбір оқушының табиғи өзінің сөйлеу тілін дамытуға үлкен көңіл бөлу керек;

Сөйлеу тілін дамытудағы жаттығулар үнемі көркем әдебиетпен тығыз байланыста болу керек.

Әдеби мәтін оқушылардың сөйлеу тілін дамытудағы ең маңызды әдебиет, сөйлеу тілін дамытудағы және тағы да қосымша әдебиеттер, газет – журналдар, іс-құжаттар, қоршаған ортағы сөйлеу тіл;

Сөйлеу тілін дамытуға тағы бір негізгі мән беретін мәселе ол мәтінді анық, дұрыс оқу, оқушылардың лексикалық, әдістемелік, грамматикалық және де ана тілі байлығы және сөйлеу тілінің әдеби нормадағы сөзі.

Сөйлеу тілін дамытудағы жетістік жұмыстың мазмұнды, мақсатқа бағытталған негізге жетеді.

Егер де біз оқушылардан сөйлеу тілінде олардың түсінбейтін сөздерді талап ететін болсақ, ол ешқандай жақсы нәтижеге жеткізбейді. Дағды мен біліктілікті білмей келесі әңгімеге өтіп кетпеу керек.

Сонымен, сөйлеу тілін дамыту барысында мынадай жұмыс жүйесі ұсынылады.

1. Сабақтың әр түрлігі;
2. біртіндеп жұмыстың сыныпқа, тақырыпқа байланысты қиындауы;
3. кейбір енген жаңа формаларда әрбір сыныптың басында соңында қолдану;
4. біртіндеп жұмыстың сыныпқа, тақырыпқа байланысты қиындауы;
5. кейбір енген жаңа формаларда әрбір сыныптың басында соңында қолдану.

Сыныптағы сабақтарға қарай сөйлеу тілін дамыту жөнінде сыныптан тыс: қабырға газет шығару, шығармашылық әдеби және лингвистикалық үйірмелерге қатысу т.б.

Міне, бұл лексиканы оқыту, жаңа сөздерді үйрету, оқушының сөздік қорын байыту мәселерін зерттеудің қаншалықты қажет екенін көрсете алады. Оқушының сөздік қорын байытудың жолдары мен амал – тәсілдерін белгілеу, сөздерді меңгерудің ұтымды жолдарын анықтау, сөзді оқушының күнделікті қолданысындағы белсенді сөзге айналдыру, оқушыда сөздерді орынды саналы қолдану дағдысын қалыптастыру сияқты толып жатқан мәселерді анықтау оқушының сөздік қорын байытуға жол ашады.

Оқушының сөздік қорын байыту, біртіндеп оны дамыту тілдің байлығын ұғынуға жетектеуді қажет етеді. Оқушыны алғашқы кезден бастап ойын жеткізуге мағыналас сөздердің ішінен ойын дәл білдіретін сөзді таңдай білуге үйрету қажет. Ол үшін оқушыға синоним сөздерді де үйрету керек. Сондықтан бастауыш сыныптарында синоним сөздерге тиісті орын беріп, оқушының

сөздік қорында ондай сөздерде болуға тиісті. Оқушының сөздік қорына кіретін сөз мазмұны, мағынасы жағынан ізгілікке, адамгершілікке тәрбиелейтін, жас сәбидің жанына жақсылықтың нұрын себетін сөздер болғаны дұрыс.

Қазақ тілі мемлекеттік тіл болып, оны мектепте жүйелі түрде оқыту қазір күн тәртібіндегі маңызды мәселеге айналып отырған кезде оқушының тілін байыту өте қажет болып отыр. Оқулық авторлары да, тіл оқыту әдістемесінің әртүрлі мәселеріне арналған еңбектерде де, әдістеме мәселеріне арналған еңбектерде де ғалымдар оқушыларға, студенттерге, тіл үйретушілерге үйретілуге тиісті сөзді таңдап алуға ерекше мән беріп отырған, ол осы ғылыми мәселенің маңыздылығына байланысты деп түсіну қажет.

Сөздік қорды байыту, лингвистикалық білім негізінде жүргізіледі.

- фонетикалық білім беру сөздің дыбысталуы арқылы мағына мен ұғымын, сөйлемдегі ойды, мәтіндегі мазмұнды, пікірді түсіну арқылы өзіне таныс не таныс емес жаңа сөздерді игеру арқылы жүзеге асады;

- лексикалық білім беру арқылы сөздердің мағынасын (тура, ауыс мағыналарын), белсенді, енжар лексикалары игеріледі. Соның нәтижесінде оқушылардың сөздік қорын сандық жағына, яғни сөздерді сөйлеу әрекетінде қолдана білуге жаттығу арқылы дамытылады;

- грамматикалық білім беру арқылы жеке сөздерді бір-бірімен байланыстыру арқылы қолдана алуға жаттықтырылса, қосымшалар арқылы сөз таптарына сәйкес сөз жасау қабілеттері мен дағдылары қалыптасады.

Оқушылар сөздің мағынасы, сөйлемнің ойы, мәтіннің мазмұны арқылы ұлттық сана-сезімі қалыптасады, ұлттық таным негізінде тәрбиеленеді.

Тіл-тарих халықтың даналық көзі. Тіл- арқылы балаға ата-аналарымыздың асыл мұрағаттары өмір тәжірбиелері, нақыл сөздері мен ұғындырылады.

Бұл ұлттық қалыптасуы мен өмір сүруінің, жеке ұлт ретінде өмір сүруінің алғы шарты. Бұл жөнінде М.Жұмабаев «Тілсіз ұлт, тілінен айрылған ұлт дүниеде ұлт болып, жасай алмақ емес, ондай ұлт құрымақ» деген.

Сонымен бірге, тіл – бүкіл адамзаттың жеткен жетістіктерінің жиынтығы мен білім қайнарының бұлағы. Тілді үйрену арқылы балалар, білім негіздерінің ұңғыл-шұңғылдарын үйренеді.

Тілдік қарым-қатынаста берілетін ақпараттарды адамдар қабылдау, түйсіну, ойлау, секілді психикалық процесс негізінде сөйлеу процесі арқылы меңгеріп, оны қайтадан сыртқа шығарады.

Тілдің осындай көпжақтылығына байланысты тілді үш жақтама зерттеудің бағыттары бар:

1. лингвистикалық
2. психолінгвистикалық
3. социолінгвистикалық

Бұл бағыттар тілді әр қырынан: тілдің теориясы (лингвистика), тілдің психикалық ерекшелігі (психолінгвистика), тілдің әлеуметтік ерекшелігі (социолінгвистика) туралы зерттеу жұмыстарын жүргізеді. Бізге қажеттесі психолінгвистикалық бағыт. Себебі тілді меңгеру психикалық ойлау, қабылдау, қиял, зейін т.б. процестер арқылы жүзеге асады. Осы тұрғыдан тіл психикалық зерттеудің объектісі болып табылады.

Психология ғылымында тілді-тіл және сөйлеу деп бөледі. Тілді тіл және сөйлеудің алғаш рет жіктеген Ф.де Соссюр, Е.И.Негнечицкал мен А.М.Шахнорвич те Фде Соссюрдің қозғарасын ары қарай дамытып былай «Когда мы употребляем слова «язык» мы имеем виду вещи- язык и «речь»,деп, тілдің сөйлеумен байланыстылығы атап көрсетеді»

Тіл – қарым-қатынас құралы болғандықтан, қатысым әрекетінде ғана өзінің бүкіл қызметін айқындап, көрсете алады. «Лишь рассматривая язык в процессе речевой деятельности, мы способны вскрыть реальный механизм общественного функционирования языка» (А.А.Леонтьев) Бұл пікірге Б.В.Беляев те қосылады: «Если язык есть явление лингвистическое, то владение, языком есть явление психологические»

Олай болса, психикалық тұрғысынан тілге адамдардың өз ойын, пікірін басқа адамға жеткізуі жатады. Себебі бала өзінің ойлаған ойын, мұң-мұқтажын, қуанышын, ренішін, пікірін тілді қарым-қатынас құралы ретінде пайдаланған кезде ғана сырқа шығарады. Бала сөйлеу процесінде өзінің сөз байлығын пайдаланады. Сондықтан сөздік қордағы әрбір сөз баланың ойлау қабілетіне, жеке тұлға болып қалыптасуына әсер етуші ролінде қолданы.

1. Сөз затты, оның белгісін, қалпын әрекетін, байланысын білдіре отырып, оларды «көрінетін» етеді. Сөзбен бейнеленген

жинақталған сипатқа не заттар мен олардың қасиеттері тураалы

мұндай сезімдік сигнал таным объектісі бола тұра, жағдайға арналған оқып үйренбей-ақ сол орнында тез танылады.

1. Кез- келген сөз жинақтаушы мәнге ие болғандықтан, балалар анық қабылдаған заттарын белгілі бір категорияға жатқыза алады.

2. Табиғаттағы заттар мен құбылыстар арасындағы байланыстар да сөзбен беріледі.

3. Қажет және болмайды деген сөздерде ересектердің бала тәртібіне , мінез құлық ережесіне қойылатын негізгі талаптары білдірілген. Бұл ережелерді бала меңгере отырып, оларды өз бетімен әртүрлі жағдайда қолданады, соған сәйкес әрекет жасап үйренеді.

4. Сөз әрекеттің мағынасын білдіреді.

5. Сөзбен өзінің қайғы-қасіретін бастан өткізген сезімдерін, өзінің бір нәрсеге қатыстылығын білдіреді.

6. Ақыл-ой әрекетін бағыттарын сұрақ қойылып, сөзбен міндет жүктеледі.

7. Балада іс жүзінде ең алдымен заттармен өзара әрекетте және адамдармен қарым-қатынасында, өз күшін байқау формасында сана –сезім дамиды. Алайда бала әрекеттің субъектісі екендігін тек сөз арқылы түсінеді.

8. Сөйлеуді меңгере отырып, бала басқа адамдармен араласуды, оларды түсінуді, оларға әсер етуді, ересектермен және бақа балармен сөйлесуді үйренеді.

Демек, тіл арқылы бала өзінің қоғамының бір бөлшегі, қоғамға қатысты екендігін сезінеді. Бұл баланың психикалық дамуына оның жеке тұлға болып қалыптасуына ықпалын тигізеді. Тіл – қоғамдық құбылыс болғандықтан, сөздік қорда тек қоғам бар жерде ғана жинақталады. Қоғам жоқ жерде сөздік қор дамымайды, жетілмейді.

Ғалымдар (Л.С.Выготский, А.В. Ярмоленко сәбидің күлкісін, былдарлауын, ым- шараларын ( қолымен бір затты нұсқағанын ) « қатысым амалдарына жатқызып, мұның барлығы баланың қаршаған ортаға өзінің сезімін көңіл- күйін білдіреді дейді. Бала былдырлап сөйлегенде қршаған ортаиысындағы естіген дыбыстарын қайталайды.

Сәбилер 3-9 айлық арасында тілдің бүкіл дыбыстық жүйесін дбыстай алады.Осы кезеңнен бастап сәбилердің сөздік қоры зор қарқынмен дамиды.Бала психикасының дамуына оның тілді меңгеруі, оны сөйлеу процесінде қолдануды ерекше роль атқарады. Сөйлеу әрекетінде бала өзінің жинақтаған « қамбасы» сөздік қорды пайдаланады. Сондықтан оның түсінікті сөйлеу дағдыларының жетелуі, лексикалық қорының сандық және сапалық жағынан дамуы т.б. Мәселелер психолог, дефектолог- педагог, тілші ғалымдарды ғасырлар бойы мазалап келеді.

Тұжырымдағанда сөздік қор сөйлеудің құрамдас бөлігі болғандықтан, оның баланың ойлау қабілетіне де қатысы бар. Психолог ғалымдар сөздік қордың бірлігі сөздің ойлауға қатысы «барлығын айта келіп, сөз ойлаудың ,, клеткасы дейді . Бұл жөнінде А.Р. Лурия : «что слова является не только средство замещения вещи, представления, оно является и клеточной мышления,»- деп сөздің ойлау құралы екендігіне де көңіл бөледі.Л.С Выготский ой сөзде өмір сүрмейді, сөзді құраушы мағынаны сөз бен ойдың арасындағы дәнекер деп атайды. «Мысль не выражается в слове, а совершается в нем, значение находится как бы между мыслью и словам, вот почему значение пересекается коммуникация и мышления».

Қазақ тілін оқыту әдістемесін зерттеудің, ол туралы ғылыми ой – пікірлердің айтыла бастағанына талай уақыт өтті, оның бастау көзі тереңде жатыр.

Бұл ретте қазақ халқының оқу – ағарту ісінің бастау кезінде тұрғаны атап кетуге болады.

Ы.Алтынсарин өз еңбектерінде оқушының сөздік қорын қамтамасыз етуді бірінші орынға қойып отыр. Оның ішінде адам сөйлеуіне нысана болатын зат атауларын үйретуге ерекше мән берген. Сонымен бірге оқулықта келтірілген сөздерден шектелмей, одан « молырақ тоқталу қажет » деу арқылы оқушының сөздік қорын байытып отыру мәселесін көтерген. Ұлы ғалымның бұл пікірлерін қазіргі әдістемеші ғалымдар да өз зерттеуіне жұмысына өзек етеді.

Тілдің үйренудің негізгі мақсаты — сөйлесе пікірлесе білуге үйрету. Ал сөйлесу үшін алдымен сол тілдегі сөздерді білу қажет, сөзсіз ойын жеткізу мүмкін емес. Адамның сөздік қоры неғұрлым бай болса, соғұрлым ол ойын толық дәл жеткізе алады. Әрине тек сөздерді ғана білу сөйлесуді қамтамасыз ете алмайтыны түсінікті. Сондықтан да Ы. Алтынсарин оқушыға сөздердің өзгеруін игерту керек екенін жоғарыда көрсеткен. Сөйтіп; бұл еңбекте ғалым жаттығу жұмысына, ойын ауызша және жазбаша дұрыс айтып, жаза білуге еркін сөйлеуге үлкен мән берген Ы. Алтынсарин оқулығындағы берілген мәтіндер оқушының сөздік қорын молайтып,тілін дамытуға,халықтілін білуге атап айтқанда мәтін барысында баланың тілін дамытудың негізін салғандығын анық байқауға болады.

Оқушының сөздік қорын байыту, біртіндеп оны дамыту тілдің байлығын ұғынуға жетектеуді қажет етеді. Оқушының алғашқы кезден бастап ойын жеткізуге мағыналас сөздердің ішінен ойын дәл білдіретін сөзді таңдай білуге үйрету керек. Сондықтан бастауыш сыныптарында синоним сөздерге тиісті орын беріп оқушының сөздік қорына кіретін сөз мазмұны, мағынасы жағынан ізгілікке, адамгершілікке тәрбиелейтін, жақсылықтың нұрын себетін сөздер болғаны дұрыс.

Бұл аталғандарған шығатын қортынды мектеп оқушының сөздік қорын байыту ең маңызды мәселе болып табылады. Оқушының сөздік қорына кіретін сөздерді ғылыми енігізде, белгілі жүйеге асыру қажет. Оқушының сөздік қоры мұғалімнің бақылауымен, белгілі жүйеде қалыптасуына керек етеді.

Оқушының белсенді сөздік қорын белсенді қорға айнылдыру үшін мұғалім сөздерді қолданудың жолдарын көрсетіп отырады. Оқушының оқу кезінде сөздік қорын белсенді қорға айналдыру үшін сабақ үстінде арнайы ұйымдастырған жұмыстары, сондай-ақ дағдыландыру жаттығулары үнемі жүргізіліп отырылады.

Оқушының сабақта сөздік қорын дамытуда сөздік жұмысы дұрыс ұйымдастырудың қажеті зор. Ойланбай, жүйесіз жүргізген оқыту үстінде жақсы нәтиже бермейді. Бұл жұмыс түрі әр сабақта өткізілуі тиіс, оқытушы үйренген сөзді мағынасын түсініп саналы меңгеріп, мұны есінде сақтауы қажет.

Орыстың ұлы педагогы К.Ушинский ана тілінің білім алудағы асыл қазына екендігін айта келіп: "өзінің ана тілінің мазмұнын мағынасын жете түсінбеген, оны жазбаша сөйлеу дағдысын дұрыс түсінуге қабілеті блмайды, ол бүкіл өміріне зиян келтіреді" - деген еді. Сондықтан К.Д.Ушинский ана тілін оқыту арқылы баланың ой өрісін кеңейтіп мәдениетін игеру керектігін айтады.

Сонымен бірге үйренген, меңгерген сөздерді сөйлеу тілінде қолданып, өз ойын айта алу қажет.

Бастауыш сыныптардағы сөздік жұмысының негізгі сабақ сайын жаңа сөздерді үйренуден басталады. Мұның өзі сынып жоғарылаған сайын оқушыны сөздік қорын жылма – жыл молаюына, баюына апарады.

Сөздік жұмысы – тілді дамытудың негізгі – қадамы.

Қазіргі қоғамның мемлекеттік тілде сөйлей алатын, қоғам талаптарына сай, іскер тұлғаларды дайындауды қажет етіп отыр. Осындай тұлғаны дайырлау бағытында қазақ тілі, әдебиет пәндерінің мұғалімдерінің міндеттері ерекше. Ең негізгі мақсат – оқушылардың сөйлеу қабілеттерін арттыру ауыз

екі тілдерін дамыту. Сөздік жұмыс тек жаңа сөздерді жаттау мен шектелмей, оның түрлі жолдарын тиімді пайдаланған дұрыс. Жоғарғы сыныпта сөздік жұмысы түрленіп оқушының ойлау қабілеттерін арттырып, шығармашылыққа жетелейді. Бұл сыныптарда сөздік жұмысы сөздің ой тұлғасы деген шартты атпен жүргізіледі. Оқушылар жаңа сөздердің ой тұлғасын қарастырып, өз бетінше сөздік қорын байытып отырады. Мысалы:

- ✓ күзету күзетіп отыр күзеткім келеді
- ✓ күзетеді күзетсең



- ✓ Күзет
- ✓ күзетті күзететін
- ✓ күзетші күзетермін

Оқушылардың сөздік қорын дамытудың бір жолы – оқушы сөздік қоры туралы мұғалімнің үнемі толық мағлұматты болуы мен байланысты, ол сөзді оқытып жүрген сыныптарға оқушылардың қаншылықты сөздік қоры барлығын үнемі біліп отыру қажет. Сондықтан оқушының сөздік қорының даму барысын мұғалімін қадағалап отыру қажет. Сонда ғана мұғалім бұл үсте кемшілік болса, оны жоюдың жолдарын оны түзетуге алады.

Оқушының сөздік қорын анықтау түрлі жолдармен жүргізіледі. Ол үшін оқытушылар мен белгілі бір тақырыптарда әңгімелесу мазмұндама жазғызу, мәтін мазмұнын ауызша баяндау сияқты тақырыптарға түрлі жұмыстың түрлері жүргізіледі:

1. Айналадағы қоршаған орта туралы
2. Мектеп, сынып оқу құралдарының аттары
3. Киім-кешек, үй – жиһаздары, ыдыс – аяқ атаулар
4. Отбасы мүшелері туралы
5. Ата – аналардың кәсібі, мамандығы
6. Қоғамдық өмірлерге байланысты атаулары (мерекекөліктер, көшелер, қала аттары, кинолар, мектептер.)
7. Оқи алу біліктерін түсініктерін байқау
8. Табиғат құбылыстары туралы
9. Жылдың төрт мезгілдерінің атаулары
10. Бау – бақша атаулары
11. Үй жануарлары, жабайы жануарлар, құстар, өсімдіктер т.б.
12. Түрлі дидактикалық ойындар арқылы диафильм, кинофильм көрсету арқылы оқушылардың сөздік қорын анықтауға мүмкіншіліктері бар.

Бұл орайда сөздік жұмысы, оны жүргізу әдістерін түрлендіріп қолдануының маңызы зор. Оларға төмендегідей талаған түрлер жатады:

1. Әңгімелесу, әңгіме құрату — өзін қоршаған орта туралы: Үй іші, мектебі, сыныбы, ата – анасы оқу құралдары т.б.
2. Оқушының күнделекті жиі пайдаланатын заттарды көрсету арқылы оны атау (киім – кешек, ыдыс – аяқ, төсек орын, үй жиһаздары )
3. Сөзді түсініп айту дәрежесін тексеру (таныс емес заттарды көрсету)

Сөздік жұмысын жүргізудің әдіс — тәсілдері алуан түрлі мұғалім оқу жылының алғашқы күнінен бастап – ақ сабақта өтілетін грамматикалық тақырыптың тұсында сөздің жұмысын жоспарлы, белгілі бір мақсат қоя отырып жүргізіледі.

Сөздік жұмысын ұйымдастырудың басты ұстамына – оқушының логикалық материалын белсенді түрде меңгеріп, оны сөйлеу тілінде түрлі тұлғада қолдана білуі, яғни оқушы ол сөзді кез – келген грамматикалық мағынада қолдана алу қажет. Мысалы: оқу, оқып, оқыған, оқығанда, оқитын, оқыса, оқымақ т.б. Сөздік жұмысының екінші ұстанымы – жаңа сөзді оқушыға бірінші рет түсіндіруде зат есім, сын есім, есімдік, сан есім түрлері.

Сөздік қорды байытудың мазұны мен жүйесіне толығырақ тоқталып өтелік.

Сөздік қорды байытудың бала тілін дамытудағы маңызы, алатын орны және тіл дамыта оқыту жүйесі мен қалыптастырылатын икемділіктер мен дағдылар қарастырылады.

Әдістемеде оқушы сөздігі ұғымы бар. Ол оқушының белгілі сатыдағы меңгерген сөздік құрамының көлемін білдіреді. Ал енді оқушының сөздігін байыту деген-оның сөздігінің сандық өсуі ғана емес, ұғым көлемін кеңітетін сапалық өзгеруі, сөз мағыналарын нақтылай тусуі, белгілі сөздің жаңа мағыналарымен таныс болу, сонымен қатар сөзді орынды, жатық қолдану.

Қазақ тілін оқытуда тіл туралы білім берумен бірге оқушыны тілдік қарым-қатынасқа даярлау міндеті қойылады. Ол: баланың тілін дамыта оқыту, сөздік қорын молайту; сөз, сөйлем, мәтіннің мағынасы, ұғымы, ойы және мазмұны арқылы оқушылардың бойында ұлттық танымды қалыптастыру.

Оқушының сөйлеу әрекетін дамыту, ең алдымен, оқыту үрдісінде тілдің лексикалық, грамматикалық білім нормалырын игертуге байланысты болса, екіншіден, сөйлеу икемділігімен дағдылары сөйлеу әректінің оқу, тыңдау, айту, жазумен байланысты болады. Сондықтан қатысымдық икемділік пен дағды сөйлеу қарым-қатынастың түрткісіне мақсат-міндеттеріне орай жүргізіліп, екінші жағынан әлеуметтік нормалар, яғни тіл мәдениетінің негізінде ұйымдастыру болып табылады.

Мектеп көлеміндегі оқылатын тілдік теориялық мәліметтер мен материалдар қазақ тілі пәнінің типтік бағдарламасымен белгіленеді. Ал тіл дамыту сол бағдарламалық тілдік материалдарды игертуге негізделіп, нәтижесінде мынадай икемділік пен дағдылар қалыптастырылады:

- баланың сөздік қорының бай болуы, сол сөздердің мағынасына, стилистикалық мәніне байланысты дұрыс қолдана білу шеберлігі;
- бір мағына, ұғымды әртүрлі синоним вариант, тәсілдермен бере білу икемділігі;
- ойын орай сөйлем құрастыра алу қабілеті;
- белгілі мазмұнға сай сөйлемдерді байланыстырып, бір ой-пікір білдіретін қайырым құрастыра алу дағдысы;
- бірнеше қайырымнан мәтін түзе білу икемділігі;
- мәрінді функциональды стиль түрлеріне сай құрастыра білу машығы;
- ауызша, жазбаша қарым-қатынас жасау біліктілігі.

Сөйлеу икемділігі мен дегеннің мнәі мына төмендегі мәселерді қамтиды:

а) қатысымдық әрекеттің белгілі жылдамдығы, мәселен, бала өз ойын сипаттап образды айтуға төселу үшін, белгілі бір жылдамдықта тілдің көркедегіш және бейнелегіш құралдарын таңдай білу дағдысы мен қалыптасқан болуы тиіс;

ә) дағды жүйелі, бір тұтас болуы яғни бала белгілі бір тақырып, мәселе жөнінде әңгімелеп бергісі келсе, сөздерді байланыстыра білу арылы сөйлемдердегі ойдың жүйелі құрылысуы; оқушылардың сөздерді тіркестере білуі, сөздермен сөйлемдерді айтылатын ойға сәйкес байланыстырып қайырым құра білу дағдысы қалыптасуы;

б) сөздерді дұрыс таңдай білу, сөйлем әректіне қатысуға даяр болуы, мәселен, диалогтағы шақырушы сұраққа жауап беру немесе әңгімені одан әрі жалғастыра білу дағдысы, тақырыпқа орай, мәтін құрастыра білу дағдысы мен икемділігінің қалыптасуы;

в) дағды сапасының тұрақты болуы; мәселен, бала бір мәтелдерді білу, оны өзінің сөйлеу әрекетінде дұрыс ыңғайлы қолдана алуы; бала мәтел мазмұнының, ондағы сөз тіркестерінің грамматикалық мағыналарын өзінің сөзінде тұрақты байланыстырып қолдану дағдысының қалыптаспағынын қалыптастыру;

г) сөйлеу әрекетіне бейімділіктің қалыптасуы (бұл құбылыс жаңа ахуалға, жағдайға байланысты сөйлеу әрекетіне бейімді болу дағдысы және тілдік құралдарды жаңа сөйлеу әрекетіне ыңғайлы түрде қолдана білу дағдыларының қалыптасуы негізінде жүргізіледі. Бұлардың барлығы да сөз ұғымын игеріп, оны тәжірбиесінде қолдана білу икемділігіне тәуелді);

Сондықтан сөздік қор ойлау үрдісін іске асырушы. Тілді дамыту ой дамытумен байланысты дедік, олай болса, ойды жеікізудің тілдік құрамы сөйлем. Сөйлем сөздердің тіркесе байланысуынан жасалады, яғни сөйлеудің ең кіші бөлігі сөйлем болып есептеледі.

Тұжырымдағанда, көмекші мектеп оқушыларының сөздік қорын байыту мақсатында жүргізілетін жұмыстар сөздік қордың психологиялық негіздеріне жете түсініспен жағдайда ғана нәтижелі болады. Баларға сөздерді үйреткен кезде оның жеке тұрғанда мағынасы (антоним, синоним) мен контекстегі мағынасын ескере отырып меңгерту қажет. Сөздік қор ұғыммен, сөйлеумен ойлаумен тығыз байланысты. Олардың құраушы компоненті, жоғарғы сынып оқушыларының сөздік қорын байыту арқылы олардың басқада психикалық қабілеттері дамиды.

Швейцар психологы Ж.Пиаже жас балалар үшін көрнекті амалдық ойлауға тән, ал логикалық (сөздік) ойлау олар үшін асақ күрделі деп қортынды жасаған болатын. Бұл пікірді неміс психологы Э.Мэйман, А. Бинэ қолдады, ал Л.С.Выготскийдің пікірі бойынша бала мектепке келуімен байланысты ойы үлкен өзгерістерге ұшырып, бала қарапайым практикалық ойдың мәдени яғни ұғымдар.

Бұл пікірді дұрыстығын В.В.Давыдов, Д.Б.Эльконин, Н.А.Люблинская т.б. мектепте жүргізілге тәжірбиелердің нәтижесінде дәлел деп шықты. Қорыта айтқанда, адам ой әрекетімен ашылған заңдық байланыс тәуелдік қатынастар сөздік және грамматикалық формаларда өмір сүреді. Ой танымның жоғарғы сапасы ретінде де үрдіс ретінде ойлау мен сөйлеудің тұтастығы сайып келгенде, тіл мен ойлауды дамыту болып табылады. Ал логикалық заңдылықтарға сүйенсек, үрдістің керісінше жүруі даусыз. Яғни, ой дамыту, тіл дамыту болмақ.

Ойлау мен сөйлеудің әрекетінің бір- бірімен тығыз байланыстылығы ойлау- сөйлеу әрекетін тудырады. Сөйлеу әрекеті негізінде тіл білімінде емес, ойлаудың үрдісіне сүйенгенмен бала тілін дамытушылық басты шарттарының бірі- ана тілінде ойлауын қалыптастыру.

Логикалық ойлану қабілетіне баулу сөйлеудің нәтижелі болуына әкеледі. Өйткені логикалық ойлаудың баланың ақыл-ой деңгейінің жоғарғы сатысы болғандықтан, дамытудың ұзақ жолымен өтеді. Бала сөздің ұғымын меңгере отырып, пайымдауынша, пікір айтуға қортындылар жасауға үйретеді. Сондықтан баланың ойлауын, сөйлеуін дамыту үшін ең алдымен сөздік ұғым игертіледі.

Баланың ойы логикалық құрлымға ғана емес, сөздің ұғымдармен, олардың бір-бірімен байланысын есте сақтауға негіздейді. Сөйлеу тілін дамыту үшін есте сақтаған сөздерінің байланысы білім мен таным нәтижесінде өзінің өмір тәжірибесінде, сөйлегенде қолдана білу дағдылары мен икемділігін қалыптастырады. Оқытуда сол арқылы сөйлеу икемділігі арттырылады.

Тілдің дамуы бұл өте күрделі процесс болып табылады. Эмоциялық түрде мұны жеткізу мүмкін емес. Ең бастысы бұл сөйлеу тілінің дамуында икемділік, анықтылық, түсінушілік қажет.

Сөйлеу тілінің дамуы бір ізділікпен жүйелекпен дамиды. Адам бүкіл өмірін сөйлеу тілін меңгерумен, оны байытумен өткізеді. Алғашқы балалық шақта қарапайым сөйлеу тілін меңгереді. Өз ойын жеткізу мүмкіндігі жас ұлғайған сайын дамып, сөздік қоры молая түседі. Бала даму үстінде күрделі сөз түрлерін пайдалана бастайды, сөйлеу тілінің ережелерін сақтай бастайды, көптүрлі синтаксистік сөздерді құрай бастайды.

Басқа сөзбен айтқанда бала өз ана тілін тілдік қызмет арқасында меңгере бастайды. Міне сондықтан да оқушылардың тілін дамытуда күнделікті мақсатты түрде жұмыс жасау қажет.

Баланың алғашқы даму шарты қарым-қатынас қажеттелігінен, туындайды. Ол жалпы бәріне түсінікті тілде ғана қарым-қатынасқа түсе алады.

Екінші шарты бұл баланың сөйлеу ортасына байланысты. Балаға әрдайым сөйлеуге жағдай жасап отыруы керек.

Үшінші шарт ол баланың қабылдауына, сөйлеу байлығына байланысты. Тіл тек қарым-қатынасқа түсуге ғана көмектеспейді, ол дүниені тануға да көмектеседі. Басқа сөзбен айтқанда тілдің дамуы ол тек тілдік қажеттілік емес, сонымен бірге материалдық қажеттілікке де кіреді.

Бала сөйлеу тілді бір қалыпты баяу меңгереді. Ол қарым-қатынас үстінде, сөйлеу процесі кезінде меңгереді. Бірақ бұл балаға жеткілікті емес, бір қалыпта баяу меңгерген сөйлеу тілі әрқашанда дұрыс деп есептелінбейді.

Негізгі сөйлеу тіл дағдылары бастауыш сыныптарда қаланады. Міне дәл осы кезде балалар алғаш әдеби тілмен танысады. Сөйлеу тілі адам өмірінде өте үлкен қызмет атқаратын кең көлемді аймақ болып табылады.

Тілдің дамуы негізінен 3 жолмен дамиды: сөздермен жұмыс, сөз тіркестерімен, сөйлемдермен жұмыс, сөздердің байланыстылығымен жұмыс. Бұл үш жолдың жұмысы бірдей параллельді түрде дамиды. Бұл үш жол әңгімелеу алдында, шығарма, мазмұндама жазу алдында оқушыларға беріледі. Онымен алдын ала мағынасын түсіндіріп, қалай жасалу жолын көрсетіп, арнайы көрнекілік пайдалану арқылы түсіндіріп өтеді. Сонда ғана оқушылардың естерінде әлде-қайда жақсы сақталады.

Сөйлеу тілінің түрлері.

Сөйлеу тілінің 2 түрі бар: сыртқы және ішкі сөйлеу тілі. Сыртқы сөйлеу тілі өз ішінде 2-ге бөлінеді: ауызша және жазбаша сөйлеу тілі. Ауызша сөйлеу тілі диалогты және монологты болып бөлінеді.

Ішкі сөйлеу тілі- бұл ой тілі. Бұл тіл тек өзі- өзімен сөйлесу үшін керек. Бұл тіл тек өзімізге ғана түсінікті тіл. Ол үзілді кесілді болып айтылса да ол өзімізге ғана түсінікті. Ішкі сөйлеудің қалай құралғанын біз өз-өзімізге бақылау жасай аламыз. Ал оқушылардың ішкі дүниесіне еніп, ішкі тілін нықтау өте қиын. Тілдік тапсырмаларды шешу үшін ішкі сөйлеу тілінде қолдану керек. Ол үшін оқушыларға сабақ үстінде өздерінің ішкі сөйлеу тілі бойынша әңгіме айтуға байындату керек. Баларға өз ойларындан бар сол арқылы әңгімелеп беруін сұрайды. Дәл осы кезде балардың ішкі сөйлеу тілдері анықталып, айқын бола түседі.

Тіл – ойды дамытушы құрал. Ой тілдік материалсыз айтарлықтай жақсы дами алмайды. Тіл ойды басқарып отырады. Баланың сөйлеу тілі жақсы дамыса, ойыда соншалықты жақсы дамиды. Сондықтанда сөйлеу тіліне байланысты. Психолог Н.И.Жинкин былай деп жазған: «Тіл- бұл интелліктің дамытушы амалы. Тіл қаншалықты тез меңгерілсе, соншалықты жеңіл түрде білімді меңгереді. Тілдік байлық ойдың дамуына әсерін тигізеді. Ең негізгісі оқушылар жаңа сөздерді меңгергенде ол ойда жинақталып қала береді. Бұл ой мен тілді қамтамсыз етеді.

Жаңа сөздер мен мағыналарды меңгеру.

Ғылымының дамуымен бірге мәдениетте де техника да дамуда. Сонымен бірге жаңа сөздерде дамып көбеюде. Сөздердің баяуы бұл бүкіл қоғамның, сонымен бірге жеке адамның дамуына әсерін тигізеді. Сондықтанда мектепте сөздіктермен жұмыс үлкен мәселе болып саналады.

Сөздік қорын дамытуға 4 бағыт кіреді. Біріншіден, сөздік қорын дамыту. Оқушылар алғашында білмеген таныс мекс сөздер, екіншіден сөздіктерді анықтау, таныс сөздерін терең түсіндіру. Ол сөздердің айырмашылықтарын, ол сөздерге антоним сөздерді пайдалану. Үшіншіден, сөздіктерді белсендіру, әрбір оқушының тілдеріндегі сөздерді кеңейту. Бұл сөздерді сөйлемдерде, басқа сөздермен, басқа мәтіндерде қосып пайдалану. Төртіншіден, әдеби емес сөзді оқушылар қолданданғанда әсіресе бастауыш сынып оқушылары қателер жібереді. Әлбетте 4 бағыт бір-бірімен тығыз байланысты. Оқушылар айтарлықтай жеткілікті сөздік қорларды жинау үшін күніне 4-6 жаңа сөздерді меңгеру керек.

Интеллектуалды дамудағы және тілдік компоненттегі тілдің дамудағы бұзылыстың құрлымдардың зерттеу бұрынғыдай күрделі мәселе жеткілікті зерттелмеген. Бұл мәселені терең түсіну үшін тілінде кемшілігі бар ақыл- ойы артта қалған балалар мен тілінде күрделі кемшілігі бар балалардың арқасында түсіне аламыз. Мұнымен бірге міндетті түрде теориялық компенсация қатарын талдаудан өткізу керек, оймен тілдің байланыстылығы, біріншілік және екіншілік бұзылыстары мен тілдік процестердің құрлымының деңгейі жайлы ілу керек.

Ой мен сөйлеу тілінің байланыстылығы.

Қазіргі жаңа замандағы психология мен психолінгвистика тіл адамның ақыл-ойын құрайтын органикаретінде қарастырылады. Тілдік икемдік бұл қарым қатынастағы және танымдағы жүйелік ережелерді меңгереді. Алғашқыда бала бұл ережелерді түсінбейді, бірақ сол ережелерді балалар біліетіндей өздерін ұстайды. Тілдік қабілеттілік өз ішіне білгірлік пен дағдыларын және іс әрекет схемасы мен сәйкес келуі керек ( А. Валлон, Л.С. Выготский, Ж. Пиаже т.б. ) тілдің туындауы белгілі бір когнитивтік базада негізін қалады. Балаларда тіл шықаннан кейін ойлауға үлкен әсерін тигізеді, ол баланың тілдік жүйесінің қалыптасуына да әсерін тигізеді. Балалардың тілді меңгеруі ересектермен тығыз байланыстылығының арқасында тексереді.

Ақыл- ойында ауытқушылығы бар балаларға психолінгвистикалық эксперименттік зерттеулер жасауда интеллект сөйлеу тілінің дамуына өте үлкен әсерін тигізетін әртүрлі аспектедегі балаларды алған:

1. ақыл- ойы кеміс балаларда сөйлеу кезінде логикалық ойдың бұзылыстары байқалады, күрделі мағыналық ойдың жоқтығы немесе әлсіздігі байқалады.

2. Интеллектісі төмен оқушылар ертегіні оқу кезінде кейіпкерлерді шатастырып түсіне алмайды.

3. сөйлеу тілін безендіру қаншалықты қиын болса, соншалықты қиыншылықпен меңгереді.

4. тілдік жаңалықтарды саналы әрі дәлдік түрде көлемді және жылдамдықпен жеткізу. Интеллектісі төмен балалар бұларды айта алмайды. Бұл баланың импресивтік және экспресивтік тілдірене теріс әсерін тигізуі мүмкін.

Біріншілік және екеншілік кемшіліктердің байланыстығы.

Л.С. Выготскийдің айтуы бойынша бірінші кемшілік екінші кемшіліктің және үшінші кемістіктің туындауына әкеліп соғады. Ақыл-ойында ауытқушылығы бар балаларда бас миының зақымдауымен бірге екіншілік кемшілік психикалық процестердің жоғарғы психикалық функциялардың бұзылуына әкеліп соады және сөйлеу тілінің бұзылуында әсерін тигізбей қоймайды. Ақыл-ойы артта қалған балаларға келесі мінездемелер беріледі.

— сөйлеу тілінің жүйелеігінің дамымауы және олардың компоненттерінің байланыстылығының жоқтығы

— сөйлеу процесіндегі интериоризацияның бұзылыстары

— информацияны жеткізудегі жылдамдық көлемдіктің және сапасының жоқтығы

— жоспарлау және когнитивтік функцияларының сөйлеу тілінің айтарлықтай төмендігі

— сөйлеу тіліндегі бұзылыстары оның әртүрлі функциялардың бұзылыс деңгейіне байланысты.

Қазіргі кездегі кемістіктерің құрлымына берілген түсініктемелері.

Зерттеудің талдаудан өткізген нәтижелері интеллектісі бұзылған жоғарғы сынып оқушыларында сөздің мағыналық деңгейі бұзылғаны байқалды.

Морфологиялық құрылымға қарағанда оларда синтаксистік құрылым анағұрлым бұзылған. Морфологиялық жүйедегі жай, нақты мағыналы сөздерді тез меңгереді. Ақыл- ойы кеміс оқушылар сөз тудыруш үшін қатты

киналады. Сөйлеу тіліндегі сенсорлық деңгей кейбір балаларда сақталған болса, ал кейбіреуінде сақталмаған.

Психолингвистикалық талдау кезінде экспериментаторлар ақыл- ойында кемшілігі бар балалардың сөйлеу тілі ерекшеліктеріне қарай 3 типке бөлінеді.

1. тип- сөйлеу тілі бұзылыстары. Бұл балаларда кемістіктері күрделі емес. Фонематикалық процестердің жете дамымауы байқалады, функциянальды дислалия және жазу тіліндегі жеңіл бұзылыстары байқалған.

2. тип- сөйлеу тілінің асқынған типі. Бұл балаларда артикуляциялық аппараттарындағы бұзылыс және педогогикалық жағынан байқаусыздан жіберілген балалар жатады.

3. тип- сөйлеу тіліндегі күрделі кемістік. Олардың бас миының диффузиялық жағы зақымданған, сонымен бірге толықтырушы патологиялары бар балалар. Бұған кіретіндер дизартрия, ринолалия, алалияның күрделі синдромдары байқалған.

Ауызша сөйлеу тілі- дыбыс шығару сөйлеу тілі. Ол есту арқылы қабылданады, ал дыбыстық органдардың іс- әрекеті іске асады. Ауызша сөйлеу тілін меңгеру процессі баланың миына әсерін тиігзе отырып сөздердің дыбыстық және кинезтиялық бейнесімен сөз тіркестері, әртүрлі қабылдаулар арқылы тікелей қарым- өатынасты орнатады. Сөйлеу тілі ол адамның санасының іс- әрекетінің ұйымдастырылған арнайы қиын формасын ұсынады. Қарым- қатынастың негізгі тәсілі бола отырып, ол екі субъектінің қатысуын ұсынады біреуі шығарады, екіншісі қабылдайды. Баланың сөйлеу тілінің ең тиімдісі ауызша сөйлеу ітілі болып табылады.

Бәрімізге белгілі болғандай дұрыс жетілген балаға ауызша сөйлеу тілін меңгеру оңай, өйткені ол арнайы оқытусыз өзі тікелей қарым- қатынасқа түсе алады. Дұрыс жетілген баланың сөйлеу тілін қою үшін көптеген совет және шет елдік ғалымдар айналысқан.( Л.С. Выготский, А.Н.Гвоздев, Н.А.Швачкин, Д.Б. Эльконин, А.Н. Соколов,Ж.Пиаже)Интеллектісі бұзылған балалрдың ауызша сөйлеу тілін қалыптастыру баяу және сөйлеу тілін өзінше фонетикалық қатары меңгеру арқылы жүзеге асады, сөздік құрамын меңгеру мен сөйлемді құру кезіндегі диалогтық және монологтық сөйлеу тілі арқылы қалыптасты.

Диалогтық сөйлеу тілінің ерекшелігі.

Диалогтық сөйлеу тілі- бұл ауызша қарым- қатынас бұған екі адамның біріне – бірі белгілі бір мазмұнды сөздер арқылы тілдесу.

Диалогтық сөйлеу тілін бір-біріне ықпал ету, ол сөйлеу арқылы екі немесе бірнеше адамдардың көбінесе бір жағдайда болғандардың сөйлеу тілі болып саналады.

Диалог психолиялық тұрғыдан қарағанда сөйлеу тілінің қарапайым түрі болып саналады. Ол сөйлеушіденайтатын ойн байланыстырып құруын аз мөлшерде талап етеді.

Л.С. Выготский жазған ауызша сөйлеу тілінің жағдайы әрбір минутта тілдің бұрмалауына жаңа түрткі ретінде сөздердің диалогтық жағдайы болып табылады.

Диалогтық сөйлеу тілінің интеллектісі бұзылған балаларда қалыптастыру мәселесі көп жағдайда маңызды сұрақтардың синоним ретінде оқытушымен тәрбиелуімен тығыз айланысты. Диалог ақыл-ойы кеміс балаларда кейбір жағдайда ғана туындайды. Мұндай балалар кейбір кезде ғана қоршаған орта туралы сұраныс. Оларда ересектерге сұрақ қойып, олармен әңгімелесу аз жағдайда кездеседі.

Диалогтық сөйлеу тілінің бір қиындығы ол әрбір сөйлеушінің сөйлеу позициясынан тыңдау позициясына ауысып отыруының бір біріне байланысында. Сонымен қатар диалог мынаны талап етеді: әрбір диалогқа қатысушы өзімен қарым- қатынасқатүсіп отырған көршісімен айтылатын мәселесінің мазмұна сәйкес келуі керек.

Яғни, оқушы әр кезде көршісінің ойын бақылай отырып өзінің сөйлеу тілін сұрақтар арқылы байланыстыру. Бұл мәселе интеллектісі бұзылған балаларға қиын соғады. Олардың көбісінде бақылау қабілеті бұзылған, мұнда балалар бір- бірімен әңгіселесуге келгенде қиын бейімделеді.

Көмекші мектепте ең маңызды мәселесі қатысушыларды жаңа бір нәрсені білуге тәрбиелеу. Сонымен қатар балаларға дұрыс сұрақ қоюға үйрету, оның сұрағы сөйлеушіге түсінікті болып жауап бере алатындай болу керек. Сұрақ қоюын қалыптастыру үшін әртүрлі тәсілдер қолдануға болады. Мысалы: қызықты мәтінді, әңгіме айтқызу. Осындай процесс оқушыларды әрі қарай сұрақтың туындауына әкеліп соқтырады, яғни оқушыларды дұрыс сұрақ қоя білуге үйрету.

Көмекші мекепе оқушылары арасында көп сөйлейтін балалар кездеседі, бірақ олардың сөздеріде бос сөздер көп; яғни, мағынасыз, қызықсыз болып келеді. Көп жағдайда олардың айтқандары қойылған сұрақтарға байланысты емес, мұндай балалар тез жеңіл түрде бір ойдан ауысып көп жағдайда тақрыптан ауып кетеді.

Монологтық сөйлеу тілінің ерекшеліктері.

Монологтық сөйлеу тілінің диалогты сөйлеу тіліне ерекшелігі ол айтылып жатқан жағдайға байланысты емес, бұл бір өзінше қиын сөйлеу тілі болып табылады. Интеллектісі бұзылған балалардың осы жағдайға байланысты қиындықта болады, толығымен сұрақтарға жауап бере алмайды, жеткілікті түрде сөздерді байланыстырып құруы қиын, келесі ойға ауысып кете алмайды. Монологтық сөйлеу тілін дамыту тек қана бір нәрсені айтып беру жоспарында ғана емес, сонымен қатар сөйлеушінің сөйлеу тілін қабылдап, тыңдай білу мен айтылған ойға жүйелі түрде қарау.

Сонымен қазақ тілі сабағында оқыту, жазу, оқу грамматикасы, тіл дамыту, сөздік қорын молайту сияқты мәселелер бір- бірімен жүргізіледі деп санайды. Негізгі міндет- оқушылардың сөз қорын молайтып, тілдерін дамыту. Баланың танымын, ойын, тілін дамытып қатысымдық әрекетін жүйелі де нәтижелі жүргізу үшін алдымен сөз бен ойдың мағынасы игертіледі. Сонымен бірге ол сөздерді бір- бірімен байланыстырып сөйлем құрастыруға жаттығады. Соның негізінде ауызша және жазбаша сөйлеу әрекеті, икемділіктері мен дағыдалары қалыптастырылады. Соның нәтижесінде сөз қорын дамытып, өз ойын белгілі жағдайда жеткізуіне мүмкіндік туады.



Интеллектісі бұзылған балалардың сөз қорлары таным қызметтеріне, олардың ойлауына және қарым- қатынасында, жалпы психикалық дамуына байланысты дамиды. Бұл оқушылардың сөздік қорларының қалай дамитындығын бақыласақ мекиепте оқу кезіндегі оларда айтарлықтай өзгерістер байқалады. Интеллектісі бұзылған оқушылардың сөздік қорларының кедейлігі олардың ақыл- ойының дамуының төмен деңгейлігіне байланысты. Көмекші мектептегі астауыш снып оқушыларының сөздік қорлары кедей болады. Ол күнделікті көріп жүрген заттарының атауын білмеу мүмкін. Мысалы: қолғап, қар, парак, нан т.б.

Іс- әрекеттерді айтуда олардың сөздері тұйықталған, санаулы ғана болады. Мәселен, « жазды қалай өткіздің » деген тапсырма беріп әңгімелеп беруді сұрасақ олар аз сөздерді қолданады. Интеллектісі бұзылған оқушылардың 1- сынып оқушылары өз сөздерінде 15 етістікті қолданса, ал жалпы мектептің 1-сынып оқушылары өз сөздерінде 46 етістікті қолданған.

Интеллектісі бұзылған оқушылар: желімдедім, кидым, құрдым, жасадым деген сөздерді пайдаланғаннан гөрі бір сөзбен « жасадым » деп жауап береді. Себебі, бұл сөздер олардың сөздік қорында кездеспейді.

А.Н. Гвоздев, 1961ж отандық авторлардың бірі, ол оқушылардың сөйлеу тілінің құрлымына өз үлесін қосқан. Ол жазады: « Интеллектісі бұзылған оқушылардың сөздік қорында зат есімді меңгеруі қалыпты нормалардағы қарағанда тез меңгеріледі. Содан кейін етістікпен сын есімді меңгеру проценті жоғарлай береді. Ақыл ойы артта қалған балалардың қатарларында әртүрлі сыныптағы балалар көп сөйлейді, сөздік қорының мол деп саналады, бірақ олардікі тек құр бос сөз болып келеді. Есте сақтауның дұрыс еместігінен меңгергендігі олардың көп және аз мөлшерде естіген сөздерін қайталайды.

Сыныптан келесі сыныпқа көшу барысында олардың сөздік қоры молаяды. Ол өзіндік өзгешілікті сипаттайды. Оқушылардың сөйлеу тілі етістік пен сын есіммен толады. Жоғарғы сыныптың оқушылары қоршаған заттардың аттарымен қоса, өздері еңбек сабағында қолданылатын заттардың атауын біледі, құралдарды, материалдарды, қала атауларын біледі.

Жоғарғы сынып оқушылары (VII- VIII) әртүрлі бақылаған және өздері орындаған іс- әрекеттерді сипаттап бере алады. Сонымен қатар жоғарғы сынып оқушылары 4 сыныпқа етістіктер мен жанама мағынада қолдана алады.

М.С. Соловьева (1969) оқушылардың 7 сыныбы етістікті қолдануын арнайы зертей отырып оларда сөздік қорының кедейлігін байқанын айтты. Оның мәлеметі бойынша етістіктегі қолданулардың жартысы қозғалыс пен кеңістегі заттар мен араластырып шатастырады.

Көмеші мектептегі интеллектісі бұзылған оқушылардың сөздік қорлары кедей және ақыл- ойлары шектеулі болып келеді. Олар көп сөздерді түсініп, пайдалана білмейді, оларға көп сөздер таныс емес грамматикалық категориядағы жекелеген сөздерді біле бермейді. Әсіресе абстрактілі сөздерді ( бақыт, зор.) Олар өсімдіктердің түрлерін және олардың тектерін біле бермейді ( емен, қайың, терек.) Сөздік қорларының кедейлігіне байланысты ақыл-ойлары кеміс оқушылардың сөздері қысқа, нақты емес, түсініксіз және өте қарапайым болып келеді.

И.П. Феофанованың айтуы бойынша қалыпты дамыған 5-6 жастағы балаларға 22 көмекші сөздер жақсы таныс және олар өз сөздерінде жиі қолдана бастайды. Ал ақыл ойы артта қалған балалар 8-9 жастарында немесе тура 10 жасында өз сөздерінде қолдана бастайды.

Интеллектісі бұзылған оқушылар сөйлеу кезінде лексиканы дұрыс қолданбайды. Балалар бір сөзбен ұқсас заттарды атай береді ( қоңыз беп масаны, өрмекшіні, құмырсқаны және шегірткені). Сонымен бірге мағыналары ұқсас заттарды да бір сөзбен атай салады ( баскиімдеп: қалпақ, малақай, тақия, кепка).

Ақыл-ойы артта қалған оқушылардың белсенді және енжар сөздерінің арасында айтарлықтай айырмашылық бар. Белсенді сөздері аз, енжар сөздері тіпті аз болып келеді.

Кузницованың айтуы бойынша интеллектісі бұзылған балалар үш грамматикалық категорияларды ( зат есім, сын есім, етістік) енжар сөздер белсенді сөздерден екі есе көбейтеді. Сөйлеу тілі баланың ақыл-ойының дамуына әсерін тигізеді.

Л.С. Выготскийдің айтуы бойынша « ой сыртқа шықпайды, бірақ ол сөз арқылы орындалады» деген. Тіл дамыған сайын ойда дамиды. Оқушыларды өмірге дайындау тек жалпы мектепте емес, сонымен бірге көмекші мектепте де негізгі мәселе болып саналады.

М.П. Феофановтың пікірінше әңгіменің мазмұнын жеткізуде ақыл- ойы кем оқушылардың тілдерінде біршама өзгерістер болады. Ол өзгерістерде әңгіменің мазмұны кедейленеді, тілдік формасы жеңілденеді. Зияты бұзылған оқушылардың мәтіндегі сөздерді өздерінің күнделікті тілдерінде кездесетін сөздермен алмастырады.

Н.В. Тарасенконың айтуынша көмекші мектептің оқушылары өз сөздерінде сын есімдерді өте аз қолданады. Оларға тағы мынадай тапсырма берілген болатын: сын есім бойынша заттың сапасы, көлемі бойынша сөздері беріледі. Олар сол сөздерге қарама- қарсы сөз тауып айту кереук болған. Олардың берген жауаптары төмендегідей:

Салмақты- мейірімді

Ашулы – ашулы емес

Жақсы- жақсы емес сол сияқты

Көмекші мектептегі ең негізгі міндеттерінің бірі зияты бұзылған балалардың ойлау қызметтерін және сөйлеу тілдерін белсендету, алыптастыру. Осы зияты бұзылған оқушылардың ойлау мен сөйлеу тілдерін дамытып, қалыптастырудың арқасында әлеуметтік ортаға тез бейімделіп кете алады. Ақыл- ойы артта қалған оқушыларға мынадай сипаттама беріледі: селсоқ, икемсіз, әлсіз, қызығушылық танытушылығы жоқ, жаңғалақ шаршағыш болып келеді. ( Морозова Н.Г.)

Бұл мәселенің бір бөлігі оқушылардың сөйлеу тілі мәдениетінің қалыптасуына байланысты. Сөйлеу тілін дамытып, жетілдіру мәселесі көмекші мектепте әсіресе басты орын алады. Бұл мектепте интеллектуалдық қызметтері бұзылған және есту сөйлеу анализаторлары бұзылған балалар оқиды. Мұның барлығы сөйлеу тілін меңгеруде қиыншылықтарға әкеліп соғады.

Бұл мәселемен айналысқандар: Г.М. Дульнев, М.Ф. Гнездилов, В.Г. Петрова, З.Н. Смирнова, В.А. Лапшин, С.Н. Комская, Г.М. Данилькина, Е.А. Гордиенко, Н.В. Тарасенко, Ө.Ө. Өмірбекова, К.Ж. Бектаева т.б. Бұл мәселеде интеллектісі бұзылған оқушылардың еңбек қызметіндегі сөйлеу тілі, грамматикаға байланысты сабақтарда, оқу және жазу сабағында сөйлеу тілі мәселері қарастырылады.

Интеллектісі бұзылған оқушылардың ойлау ерекшеліктері мынадай: олар оқу мен жазу сабақтарында көп қате жібереді, сөздік қорлары кедей, сөйлем құрауда жіберетін қателері көп. Көмекші мектеп оқушыларының сөйлеу тілдері айтарлықтай толық емес. Олар көп жағдайда күрделі, қиын сөздерді айтудан қашқалақтайды, олардың көп қолданылатын сөздерінің бірі оларда, мында, міне т.б.

Балалар әдебиетінің қалыптасып, даму тарихын терең зерттеп, іргелі еңбектер жазған белгілі академик-жазушы М. Әуезов, зерттеуші-ғалымдар М. Ғабдуллин, Ш. Ахметов т.б. атауға болады.

Академик-жазушы М. Әуезов ауыз әдебиетінің тәлім-тәрбиелік мәнін зерттеу отырып, халық санасындағы Отаншылдық езімді, халық ұғымындағы адамгершілік гуманизмді, халықтың қанатты үміті – оптимизмді «... әдет-ғұрпын, халықтың коллектившілдік тәрбиесінің жемісін көреміз», — деген болатын. Қорыта келгенде, ауыз әдебиетін жасаған – халық. Сондықтан да, ел ертеңі, келешегі, ұлттық ұрпақтың болашағы, — деп халықтың бала тәрбиесіне баса назар аударғанын көреміз.

Халқымыз балаға деген ыстық сүйінісін, жұмсақ лебізін, жылы жүрегін, тәтті қиялын өлең-жырмен жеткізген. Жас нәрестенің дүниеге келуін қуаныш еткен. Баланы жұбату, ойнату, тәрбиелеу, мақсат-тілектер өлеңмен, жырмен, көркем сөзбен айтылған. Ал, халық ауыз әдебиетін жастайынан естіп өскен бала, өсе келе оны сүйіп оқып, қызыға тыңдайтын болған. Балалар әдебиеті бала тәрбиелеудегі халықтық педагогикамен тығыз байланысты. Ауыз әдебиеті балалардың даму ерекшелігімен, психологиясымен анасудан туған. Олай болса, халық ауыз әдебиеті – халық педагогикасының тынық мұхиты.

Ұлт әдебиетінде халық мұрасы ерекше орын алады. Белгілі ұстаз-ғалым М. Ғабдуллин мақал-мәтел жөнінде: «қай мақалды алсақ та, оның мазмұнында өмірде болған елеулі оқиға, әңгімелер жатады, мақал соларға берілген даналық қорытынды, тұжырымды түйін болып отырады. Ал, мәтелдерде бұл секілді мазмұнды, оқиғалы әңгімелер өте аз кездеседі. Мәтелдерде көбінесе, сөз айшығы, көркем теңеу, сөз образы ретінде қолданылады. Мысалы: «Көппен көрген ұлы той», «Тілге тиек жасап» т.б. Егер мақалда дәлелдеу мен қорытынды пікір бірдей келіп отырса, мәтелде бұл екеуінің бірі ғана болады. Мәтел айтайын деген ойын тұрасынан білдірмей, жанама түрінде, р түрлі салыстыру, теңеу арқылы жеткізеді. Бұл мәтелді өзіне тән ерекшелігінің бірі болып табылады», — деген. Зерттеуші-ғалым халық мақалдарының тақырыптарын былайша топтастырады: еңбек ету жайларына арналған, мал бағу, мал басын өсіру, егіншілік-кәсіп жайында, ынтымақ-бірлік жайында, ерлік, батырлық, қоғамдық қарым-қатынас, әлеуметтік-таптық мәселелер, оқу-білім, тазалық тәрбие, мінез-құлық, әдет-ғұрып жайлары.

Жинақтап айтқанда, сөйлеудің дұрыс болуы орыстілді баланың ана тілінде игере бастаған грамматикалық икемділіктер мен дағдыларға байланысты. Оның қатысымдық әрекетте тілді игерудегі грамматикалық икемділігі мен дағдылары өз ойын тиісті сөйлемді дұрыс құрастыра білу икемділігі мен дағдысы болып саналады. Тілді игертуде, оны дамытуда баланың өзара немесе айналасындағылармен қарым-қатынасы болуын, оны іс-әрекет теориясына негіздеудің қажеттілігін бала психологиясын зерттеген ғалымдар ертеде-ақ анықтаған. Л.С. Выготский сөйлеу икемділігін әрекет деп немесе оның негізі деп қарастырып, дағдыны әрекеттенудің (амалдың) негізі, икемділіктің бірлігі деп қарастырады. Аралас тілде сөйлейтін балалардың өз ойларын ана тілінде жеткізу икемділігін кесте арқылы көрсетсек, мынадай деректерге көз жеткіземіз:

<b>Ғылыми негіздері</b>	<b>Икемділіктер</b>	<b>Дағдылар</b>
Психологиялық	Ойды жеткізе білу қабілеттілігі: өте төмен.	Сөйлеу - ойлау амалдары: орысша
Әрекеттік	Іс-әрекет жасау икемділігі: Белсенді, позитивті	Әрекеттену (оқу, жазу, тындап - түсіну, айту): әркелкі.
Кибернетикалық	Жүйелі сөйлеу икемділігі: Орысша басым, қазақша кібіртіктеп, аударма түрінде орташа.	Тілдік бірліктерді орынды қолдану: жекелеген сөздері, тіркестері қарым-қатынаста жаттанды.
Лингвистикалық	Сөйлеу, қатысым жасай білу: үлкендердің жетегімен, өзара қысқа реплика, фразалар түрінде	Сөз, сөз тіркестері, сөйлем арқылы мәтін құрастыра білу: Мнемокөрнекіліктер, графикалық алгоритмдермен, суретпен жұмыс барысында

Бастауыш сыныпқа кейбір балалардың байланыстырып сөйлеу тілінің жеткілікті болмай жатуын, сөйлеу дағдылары қалыптаспағандықтан, жүйелі сөйлей алмайтындығын осыдан бірнеше жылдар бұрын әдіскер ғалым С. Рахметова айтқан болатын. Төмендегі кестеден оқушының өзіндік сөйлеу икемділігіне ойлау амалы да қатысты екендігі анық байқалады. Бұл құбылысты түсінікті ету үшін төмендегідей кестені ұсынамыз:

<b>Айту және жазу дағдысы</b>	<b>Айту, жазу амалы</b>	<b>Интонациялық амал, графикалық амал</b>
Лексикалық дағды	Сөз таңдау амалы	Сөзді орынды қолданып, тіркестіру
Грамматикалық дағды	Сөз тіркесі мен сөйлем құрау амалы	ойды, пікірді жарыққа шығару үшін сөйлем құрау
Мәтін құрастыру дағдысы	Сөйлеу нұсқаларын, стиль түрлерін таңдау амалы	тақырып ахуалға сай мәтін құрастыру амалы

**Тілі орысша шыққан балаларды ана тілінде сөйлеуге жаттықтыру бойынша ұсыныстар:**

- баламен бірлесіп көркем шығармалар оқу;
- оқылған мәтін мазмұнын қайталап айтқызу;
- үлкендердің басқаруымен суреттер қарастыру;
- өлең жаттату, жұмбақ шешкізу;
- түрлі жаттығулар мен дидактикалық ойындар ойнату;
- баланы сахналық қойылымдарға қатыстыру;
- үйде қуыршақ театрын ұйымдастыру;
- көркем туындылардағы жаңа сөздер мен сөз тіркестерінің мағыналарын түсіндіру;
- мәтіндерді жанрлық жағынан өзарасалыстыру, қажеттілік туындаған жағдайда тіпті орысша мәтінімен салғастыра оқу

# 1. «ҚАЗАҚ ТІЛІ», «ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ» ПӘНДЕРІН ОҚЫТУДА СӨЙЛЕУ ӘРЕКЕТІ ТҮРЛЕРІН ДАМУ БОЙЫНША ӘДІСТЕМЕЛІК ҰСЫНЫМДАР

## 1-сынып I тоқсан

**Бөлім тақырыбы:** Өзім туралы

**Бөлімше тақырыбы:** Сәлем! Сенің атың кім?

**Оқу мақсаты:** 1.1.1.1. хабарлау, сұрау мақсатында баяу және анық айтылған сөзді зейін қойып тыңдау, түсіну және тиісінше іс-әрекет жасау (қимыл, ым-ишараны қолдану)

**Сабақтың мақсаты:** хабарлау, сұрау мақсатында баяу және анық айтылған сөзді зейін қойып тыңдау, түсіну және тиісінше іс-әрекет жасау (қимыл, ым-ишараны қолдану)

**Мәтін алды жұмыс**

**Суретке қарап, амандасу түрін таңда. Қимылмен көрсет.**



<https://encrypted-tbn0.gstatic.com/images?q=tbn:ANd9GcSh2Zpsly3PkYrEH313AqTKbFS0lwd1-JOHBTrD-3gGYW2LZhT6XAFjWVXRsxTW1Pur0o&usqp=CAU>

## Сөздікпен жұмыс

Сәлем – привет

Сәлеметсіз бе! – Здравствуйте!

Сау болыңыз! – До свидания!

## Тыңдалым

### 1-тапсырма. Берілген мәтінді тыңда.

Адамдар бір-бірімен амандасады. Достарға «Сәлем!» деп айтамыз. Үлкен кісілерге «Сәлеметсіз бе!» дейміз. Қоштасар кезде достарға «Сау бол!» деп айтамыз. Үлкен кісілерге «Сау болыңыз!» деу керек.



[https://encrypted-tbn0.gstatic.com/images?q=tbn:ANd9GcTNUo8Q3dcwdPLdMZpH2xF39PIf\\_V5bCpCX47tmVLes9zoC-USuaK2nv4GYOglOrL3vnY4&usqp=CAU](https://encrypted-tbn0.gstatic.com/images?q=tbn:ANd9GcTNUo8Q3dcwdPLdMZpH2xF39PIf_V5bCpCX47tmVLes9zoC-USuaK2nv4GYOglOrL3vnY4&usqp=CAU)  
<https://special-edu.kz/TEXTBOOKS/3RAZDEL/book/1.1/files/thumb/19.jpg>

## Дескриптор

- мәтінді тыңдайды;
- сәлемдесу түрлерін қайталайды.

## 2-тапсырма. Топтық жұмыс.

Ортаға шеңбер құрады. Бір оқушы өз есімін айтады. Келесі оқушы өз атын және көршісінің есімін еске сақтап, айтады. Солай жалғаса береді.

### Дескриптор

- оқушылар бір-бірімен танысады;
- достарының есімдерін еске сақтауға тырысады.

## 3-тапсырма. Суретке қарап, амандасу түрін айт.

Сәлем!

Сәлеметсіз бе!



[https://img.freepik.com/premium-vector/ata-kazakh\\_634064-56.jpg](https://img.freepik.com/premium-vector/ata-kazakh_634064-56.jpg)  
[https://papik.pro/uploads/posts/2022-01/1642329585\\_1-papik-pro-p-ata-clipart-1.png](https://papik.pro/uploads/posts/2022-01/1642329585_1-papik-pro-p-ata-clipart-1.png)  
[https://papik.pro/uploads/posts/2022-01/1642329589\\_8-papik-pro-p-ata-clipart-9.jpg](https://papik.pro/uploads/posts/2022-01/1642329589_8-papik-pro-p-ata-clipart-9.jpg)  
<https://bilimainasy.kz/wp-content/uploads/%D0%B3%D0%B3%D0%B3%D0%B3%D0%B3-3-520x330.jpg>

### Дескриптор

- суретке қарап, сәлемдесу түрін таңдайды;
- сәлемдесу түрлерін еске сақтайды

**Бөлім тақырыбы: Өзім туралы**

**Бөлімше тақырыбы Бұл кім?**

**Оқу мақсаты:** 1.1.2.1. баяу және анық айтылған жиі қолданылатын сөздердің мағынасын түсіну

**Сабақтың мақсаты:** Анық айтылған, жиі қолданылатын қарапайым сөздердің мағынасын түсіну

**Мәтін алды жұмыс**

Ой қозғау. Үй және мектеп суретін көрсетіп, оның ішінде кімдер тұратынын сұрау.



[https://lh3.googleusercontent.com/proxy/vzPrY74dBPP5Sfo6w4nOkzLTuPbThYFfyQmk3nRB\\_EgDi\\_a2bKymY18rCI8zpKQYnbWeT0B6Xtks5NnkI2pvPjPMSfQbzSmc19aSu6xaxSr1ihBQ6xpNpridDtLAblyxoU4iXMolbbcXf3IcCnoj9mtx0SCx8wLSZ6hSNBZQPpBfOfIf2XYHinkKg](https://lh3.googleusercontent.com/proxy/vzPrY74dBPP5Sfo6w4nOkzLTuPbThYFfyQmk3nRB_EgDi_a2bKymY18rCI8zpKQYnbWeT0B6Xtks5NnkI2pvPjPMSfQbzSmc19aSu6xaxSr1ihBQ6xpNpridDtLAblyxoU4iXMolbbcXf3IcCnoj9mtx0SCx8wLSZ6hSNBZQPpBfOfIf2XYHinkKg)  
<https://i.pinimg.com/originals/b5/65/b5/b565b503afd487e6ebd87f57ebf883f1.png>

## Сөздікпен жұмыс

кім? – кто?

Ата – дедушка

Әже – бабушка

Әке - отец

Ана - мать

Мұғалім - учитель

Оқушы – ученик(ца)

## Тыңдалым

### 1-тапсырма. Берілген өлеңді тыңда.

Ата, әже, әке, ана

Барлық бала біледі

Оқушы мен мұғалім


Мектепте жүреді

### Дескриптор

- өлеңді тыңдайды;
- таныс сөздерді ажыратады;
- таныс емес сөздерді айтады.

### 2-тапсырма. Ұяшықтағы сөздерді қайтала. Еске сақта. Қажетті суреттерді орналастыр.

Бұл кім?







### Дескриптор

- үйде жүретін адамдарды еске сақтайды;
- мектепте жүретін адамдарды еске сақтайды;
- суреттердің атауын дұрыс табады.

### 3-тапсырма. Үлгі бойынша қайтала, сөйлес.

Сәлеметсің бе!	Сәлеметсіз бе!
Сенің атың кім?	Менің атым - .....
Үйде кім бар?	Үйде ата, әже, әке, ана бар.
Мектепте кім бар?	Мұғалім, оқушы бар.
Бұл кім?	Бұл - .....
Сау бол!	Сау болыңыз!

### Дескриптор

- диалогқа түсіп сөйлеседі;
- үйде және мектепте жүретін адамдардың атауын біледі;
- суретке қарап кім? сұрағына жауап береді.

### Бөлім тақырыбы: Өзім туралы

### Бөлімше тақырыбы Бұл не?


### Оқу мақсаты:

1.1.3.1. тыңдаған мәтіннің (ұзақтығы 0,5-1 мин шамасында) мазмұны бойынша мұғалімнің қолдауымен сұрақтарға жауап беру және оған сәйкес фото/сюжетті суреттер/сызбалар таңдау

**Сабақтың мақсаты:** тыңдаған мәтіннің мазмұны бойынша мұғалімнің қолдауымен сұрақтарға жауап беру және оған сәйкес суреттер таңдау

### Мәтін алды жұмыс

Суреттерді көрсету. Атауымен таныстыру.



<https://www.toybytoy.com/file/0030/150/2928.jpg>

### Сөздікпен жұмыс

не? – что?

ойыншық - игрушка

текше – кубик

кітап – книга

қалам – ручка

дәптер – тетрадь

қарындаш – карандаш

бар – есть

жоқ - нет

## Тыңдалым

### 1-тапсырма. Берілген мәтінді тыңда.

Әли мектепке барады. Сөмкеге кітап, қалам, дәптер салады. Ойыншық салмайды.

#### Сұрақтар:

1. Кім мектепке барады?
2. Әли сөмкеге не салады?

#### Дескриптор

- мәтінді тыңдайды;
- сұрақтарға жауап береді;

ҚБ

### 2-тапсырма. Мәтінмен сәйкес келетін суреттерді белгіле.



[https://img.fixprice.kz/800x800/\\_marketplace/images/origin/33/33228d7acd94df1927b8438e7e561a49.jpg](https://img.fixprice.kz/800x800/_marketplace/images/origin/33/33228d7acd94df1927b8438e7e561a49.jpg) <https://pickimage.ru/wp-content/uploads/2021/04/ruchki1.jpg>  
<https://i.pinimg.com/736x/66/ef/f0/66eff0da71f3665705ad6a44c07e162a.jpg>  
<https://srisovki.com/wp-content/uploads/2021/03/he4.jpg>  
<https://www.meme-arsenal.com/memes/5b3baf21d0234af611ae1a3b44a35b75.jpg>  
[https://api.ust.kz/storage/files/materials/docx/image/2021/december/d23/1640279052\\_html\\_e9fb4558757de922.jpg](https://api.ust.kz/storage/files/materials/docx/image/2021/december/d23/1640279052_html_e9fb4558757de922.jpg)


#### Дескриптор

- мәтінмен сәйкес келетін суреттерді табады;
- суреттердің білетін атауын атайды.

ҚБ

### 3-тапсырма. Сұрақтарға жауап бер.

- Сәлеметсің бе?
- Мынау кім?
- Мынау не?
- Сенде кітап бар ма?
- Сенде текше бар ма?



[https://gubina-diana-alexandrovna.lc-umi.ru/images/cms/thumbs/a5b0aeaa3fa7d6e58d75710c18673bd7ec6d5f6d/f7c3fbb8a62748065e6f57146ac32e9f\\_150\\_auto.jpg](https://gubina-diana-alexandrovna.lc-umi.ru/images/cms/thumbs/a5b0aeaa3fa7d6e58d75710c18673bd7ec6d5f6d/f7c3fbb8a62748065e6f57146ac32e9f_150_auto.jpg)

[https://catalog.detmir.st/media/AwBSa6Z87DmPq6aRIN8RzETbnoNptNWeRVMAb8Z4q0Q=?preset=site\\_product\\_gallery\\_r1500](https://catalog.detmir.st/media/AwBSa6Z87DmPq6aRIN8RzETbnoNptNWeRVMAb8Z4q0Q=?preset=site_product_gallery_r1500)

<https://www.meme-arsenal.com/memes/5b3baf21d0234af611ae1a3b44a35b75.jpg>

[https://www.igroved.ru/db/games/images/97/2197/igroved\\_kubik-rubika-speed\\_05.jpg](https://www.igroved.ru/db/games/images/97/2197/igroved_kubik-rubika-speed_05.jpg)

### Дескриптор

- сұрақтарға жауап береді;
- суреттердің атауын біледі.

### ҚБ

**Бөлім тақырыбы:** Өзім туралы

**Бөлімше тақырыбы:** Неше доп?

**Оқу мақсаты:** 1.1.4.1. мұғалімнің қолдауымен тыңдаған материалдың кім/не туралы екенін түсіну

**Сабақтың мақсаты:** мұғалімнің қолдауымен тыңдаған материалдың кім/не туралы екенін түсіну

**Мәтін алды жұмыс**

### Доптарды санау



[https://lh3.googleusercontent.com/proxy/P-kFC2Z2WhXPdgap4q4qZm8q634Z2ukKXkIlildeo\\_xtjIvAYjuwbGL\\_aGP1uJVjxJwOUGCIN8o4vcGfWNa\\_d7mSQBbVrU5kTrTl3EUfsNIKVXsg5uLkiA](https://lh3.googleusercontent.com/proxy/P-kFC2Z2WhXPdgap4q4qZm8q634Z2ukKXkIlildeo_xtjIvAYjuwbGL_aGP1uJVjxJwOUGCIN8o4vcGfWNa_d7mSQBbVrU5kTrTl3EUfsNIKVXsg5uLkiA)

<https://ir.ozone.ru/s3/multimedia-s/c1000/6257533948.jpg>

<https://ir.ozone.ru/s3/multimedia-e/c1000/6174842582.jpg>

### Сөздікпен жұмыс

Неше? - сколько

Менде – у меня

Сенде – у тебя

Маған - мне

**Тыңдалым**

**Топтық жұмыс.**



<https://ae01.alicdn.com/kf/Sf7e35def9b4a42f29972f0beb80a5471J.jpg?width=1001&height=100>

[1&hash=2002](https://png.pngtree.com/png-clipart/20221029/original/pngtree-colour-pencils-color-change-shades-red-green-blue-yellow-purple-brown-png-image_8742223.png)

[https://png.pngtree.com/png-clipart/20221029/original/pngtree-colour-pencils-color-change-shades-red-green-blue-yellow-purple-brown-png-image\\_8742223.png](https://png.pngtree.com/png-clipart/20221029/original/pngtree-colour-pencils-color-change-shades-red-green-blue-yellow-purple-brown-png-image_8742223.png)

<https://portal.azertag.az/uploads/news-files/2021/Fevral/karanda%C5%9F.jpg>

Менде төрт қарындаш бар. Айнұрда алты қарындаш бар. Ол маған бір қарындаш берді. Біз екеуміз доспыз.

**1-тапсырма. Сұрақтарға «иә», «жоқ» деп жауап бер.**

№	Сұрақтар	«иә» / «жоқ»
1.	Менде алты қарындаш бар.	
2.	Айнұрда алты қарындаш бар.	
3.	Айнұр маған үш қарындаш берді.	
4.	Айнұр маған бір қарындаш берді.	
5.	Біз екеуміз доспыз.	

**Дескриптор:**

1. мәтіннің мазмұнын түсінеді;
2. Дұрыс/бұрыс сөйлемдерді табады.

**2-тапсырма. Сөздердің аудармасын айт.**

№	Орыс тілінде	Қазақ тілінде
1.	Игрушка	
2.	Кубик	
3.	Мяч	
4.	Книга	
5.	Ручка	
6.	Тетрадь	

**Дескриптор:**

1. Өткен сабақты еске түсіреді;
2. Тілдік нормаларды сақтап, сөздерді дұрыс айтады.

**3-тапсырма. Сөмкенді аш. Сұрақтарға жауап бер.**

1. Сенде неше кітап бар?  
Менде ..... кітап бар.
2. Сенде неше қалам бар?  
Менде ..... қалам бар.
3. Сенде неше дәптер бар?  
Менде ..... дәптер бар.

**Дескриптор:**

1. Сұрақтарға толық жауап береді.
2. Сөйлемнің құрылымын сақтайды.

**Бөлім тақырыбы:** Өзім туралы

**Бөлімше тақырыбы:** Мен жеті жастамын

**Оқу мақсаты:** 1.1.5.1. мәтіннің тақырыбын иллюстрация арқылы болжау.

**Сабақтың мақсаты:** сабақтың тақырыбын иллюстрация арқылы болжау.

**Мәтін алды жұмыс**

Оқушыларға сурет тарату. Тәтті тортты бояу. Үстіне кімге қанша жас сол санды жазу. Сабақтың тақырыбын болжау.



<https://deti-online.com/i/3/37/5649/print/tort.jpg>

**Тыңдалым**

**1-тапсырма. Мәтінді тыңда. Мәтінге қатысты 2 суретті белгіле.**

Бүгін менің туған күнім. Туған күніме атам, әжем келді. Олар маған көп сыйлық берді. Мен жеті жастамын.



<https://komsomolsk-na-amure.ray-cvetov.com/image/cache/catalog/flowers/shar-03-1-915x915-700x700.png>

[https://st40.stblizko.ru/images/apress/deals/offer\\_covers/002/889/456\\_big.jpg?1693465326](https://st40.stblizko.ru/images/apress/deals/offer_covers/002/889/456_big.jpg?1693465326)

[https://png.pngtree.com/png-vector/20240221/ourlarge/pngtree-kids-friends-playing-together-with-holds-hand-png-image\\_11868636.png](https://png.pngtree.com/png-vector/20240221/ourlarge/pngtree-kids-friends-playing-together-with-holds-hand-png-image_11868636.png)

[https://massaget.kz/userdata/blogs/blogs\\_18579/image\\_1.jpg](https://massaget.kz/userdata/blogs/blogs_18579/image_1.jpg)

**Дескриптор:**

1. Мәтінді тыңдайды;
2. Мәтінге сәйкес келетін 2 суретті белгілейді.

**2-тапсырма. Толықтырып айт.**

Мен **1**, **5**, **8** жастамын.

Сен **7**, **4**, **3** жастасың.

Ол **6**, **2**, **9** жаста.

**Дескриптор:**

1. Үлгіге қарап, кезекпен сөйлем құрайды.
2. Сөйлемнің құрылымын сақтайды.

**3-тапсырма. Мәтін бойынша үлгіге қарап, толықтырып айт.**

Бүгін менің туған күнім.

Туған күніме ..... келді.

Олар маған ..... әкелді.

Мен ..... жастамын.

**Дескриптор:**

1. Сөйлемдерді толықтырып өзі туралы ақпарат береді.
2. Сөйлемнің құрылымын сақтайды.

**Бөлім тақырыбы:** Менің мектебім

**Бөлімше тақырыбы:** Мынау - мектеп

**Оқу мақсаты:** 1.2.1.1. сөйлеу барысында танысу, өзі туралы айту және затты сипаттау үшін сөздер мен сөз тіркестерін дұрыс қолдану

**Сабақтың мақсаты:** сөйлеу барысында өзі туралы айту және затты сипаттау үшін сөздерді дұрыс қолдану

**Мәтін алды жұмыс**

Үйден үлкен және кішкентай доп, үлкен және кішкентай кітап әкелу.

Балаларға көрсету, салыстыру.

**Сөздікпен жұмыс**

Қандай – какой?

Нешінші – какой?

Сынып – класс

Үлкен – большой

Кішкентай – маленький

Қабат - этаж

**Тыңдалым**

Менің атым – Арсен. Мен мектепке барамын. Мен бірінші сыныпта оқимын. Мектеп үлкен. Сынып әдемі.

**1-тапсырма. Сызба бойынша сөйле.**

1. Сенің атың кім?

<input type="text"/>	<input type="text"/>	<input type="text"/>
----------------------	----------------------	----------------------

2. Сен қайда барасың?

<input type="text"/>	<input type="text"/>	<input type="text"/>
----------------------	----------------------	----------------------

3. Сен нешінші сыныпта оқисың?

<input type="text"/>	<input type="text"/>	<input type="text"/>	<input type="text"/>
----------------------	----------------------	----------------------	----------------------

**Дескриптор:**

1. Сұрақтарға жауап береді.
2. Сөйлемнің құрылымын сақтайды.

**2-тапсырма. Суретке сәйкес келетін сөздерді айт.**

**Бұл не?      Бұл кім?      Ол қандай?**

үлкен

кішкентай

әлемі





[https://papik.pro/uploads/posts/2021-11/1636047996\\_11-papik-pro-p-ruchka-vektornii-risunok-11.png](https://papik.pro/uploads/posts/2021-11/1636047996_11-papik-pro-p-ruchka-vektornii-risunok-11.png)

[https://img.freepik.com/premium-vector/ata-aksakal\\_634064-72.jpg](https://img.freepik.com/premium-vector/ata-aksakal_634064-72.jpg)

[https://encrypted-tbn0.gstatic.com/images?q=tbn:ANd9GcRUOZCf62z8L2npLG73mYlKiZ-5fgzAwt1AY7\\_jxsy-ILMMK\\_3HEFegSGuadf0dUOAQIQ&usqp=CAU](https://encrypted-tbn0.gstatic.com/images?q=tbn:ANd9GcRUOZCf62z8L2npLG73mYlKiZ-5fgzAwt1AY7_jxsy-ILMMK_3HEFegSGuadf0dUOAQIQ&usqp=CAU)

### Дескриптор:

1. Сурет бойынша сөйлем құрайды.
2. Қандай? деген сұраққа жауап береді.

### 3-тапсырма. Суретті боя. Сұрақтарға санмен жауап бер.



<https://i.ytimg.com/vi/3qPcTgjrj1w/hq720.jpg?sqp=-oaymwEhCK4FEIIDSFryq4qpAxMIARUAAAAGAEIAADIQj0AgKJD&rs=AOn4CLCmEfN3CTnbc6RWUHqTVS2zNk4PwQ>

1. Мектеп неше қабатты?
2. Мектепте неше есік бар?

**Бөлім тақырыбы:** Менің мектебім

**Бөлімше тақырыбы:** Менің сыныбым

**Оқу мақсаты:** 1.2.2.1. сурет/үлгі бойынша хабарлы және сұраулы сөйлемдердің интонациясын дұрыс қойып сөйлеу (1-2 сөйлем)

**Сабақтың мақсаты:** сурет/үлгі бойынша хабарлы және сұраулы сөйлемдердің интонациясын дұрыс қойып сөйлеу (1-2 сөйлем)

### Мәтін алды жұмыс

Сыныптағы терезе, тақта, есік, парта, орындықты көрсетіп қазақша атауын сұрайды. Оқушылар білетін сөздерін айтады. Білмейтін сөздерін мұғаліммен бірге қайталайды.

### Сөздікпен жұмыс

Тақта – доска

Терезе – окно

Парта – парта

Есік – дверь

Үсел – стол

Орындық - стул

**Тыңдалым. Топтық жұмыс**

Жаңа сөздерді мұғалімнің көмегімен сурет бойынша қайталау. Суреттің қасына тиісті сөздерді орналастыру.



<https://www.sunoffice.by/upload/iblock/8aa/8aa974935abcf883695629bae05de53.png>

[https://kolomna.ozerkieokna.ru/images/prev/7b3c8bb55d3ae33e3aaf2ef76e4e39ee\\_s300x300.jpg](https://kolomna.ozerkieokna.ru/images/prev/7b3c8bb55d3ae33e3aaf2ef76e4e39ee_s300x300.jpg)

<https://abris-24.ru/wpcontent/uploads/2016/03/%D0%9F%D0%B0%D1%80%D1%82%D0%B0-%D1%88%D0%BA%D0%BE%D0%BB%D1%8C%D0%BD%D0%B0%D1%8F-%D0%B0%D1%80%D1%82-1%D0%BC.jpg>

<https://dvernoyexpert.by/assets/images/products/739/7-1.png>

[https://images.satu.kz/123480661\\_w640\\_h640\\_stul-shkolnyj-uchenicheskij.jpg](https://images.satu.kz/123480661_w640_h640_stul-shkolnyj-uchenicheskij.jpg)

<https://monolit-mebel.com/wp-content/uploads/2018/04/5185d668156c03f20b6dd7dc0487c552.jpg>

<https://monolit-mebel.com/wp-content/uploads/2018/04/5185d668156c03f20b6dd7dc0487c552.jpg>

**терезе**

**тақта**

**орындық**


**парта**

**есік**

**үстел**

**1-тапсырма. Мәтінді тыңда. Сұрақтарға жауап бер.**





Алдымен қара тақта пайда болған. Бірақ күн сәулесі түскенде қара тақтадағы жазу көрінбейді екен. Алғаш рет жасыл тақтаны АҚШ қолданады. Біздің елде 1960 жылдары жасыл тақта пайдаланады. Жасыл тақта көзге жақсы әсер береді. (Қ. Слямбек)

Сұрақтар:

1. Бірінші қандай тақта болған?
2. Кейін қандай тақта болады?

Дескриптор:

1. «Қандай?» деген сұрақтың орнына «қара», және «жасыл» сөздерін қойып, сұраулы сөйлемді хабарлы сөйлемге айналдырады.
2. Сөйлемдердің орын тәртібін сақтайды.

**2-тапсырма. Сөйлемдерді қайтала. Қимылды орында.**

1. Есікті аш.
2. Үстелге қалам қой.
3. Тақтаны сұрт.
4. Терезеге бар.
5. Орындықты жылжыт.

Дескриптор:

1. Сөйлемдерді қайталайды.
2. Сөйлемнің мағынасын түсініп, қимылды орындайды.

**Бөлім тақырыбы:** Менің мектебім

**Бөлімше тақырыбы:** Қызыл қарындаш

**Оқу мақсаты:** 1.2.3.1. сұхбаттасының не туралы айтқанын түсіну және үлгі бойынша жауап беру

**Сабақтың мақсаты:** үлгі бойынша сұрақтарға жауап беру

**Мәтін алды жұмыс**

**Сөздікпен жұмыс**

Ақ – белый

Қара – черный

Қызыл – красный

Сары – желтый

Жасыл – зеленый

Көк – синий




Қоңыр – коричневый

Сұр - серый

**Тыңдалым**

**1-тапсырма. Мәтінді тыңда. Үлгі бойынша сөйлес.**

Мен сурет саламын. Күнді салу үшін сары қарындаш керек. Бұлтты көк қарындашпен бояймын. Ағашты бояу үшін жасыл қарындаш аламын.




- Сәлем!
- Сәлеметсіз бе!
- Күнді бояу үшін қандай қарындаш керек?
- Сары қарындаш.
- Бұлтты бояу үшін қандай қарындаш қажет?
- Көк қарындаш.
- Ал, ағашты қандай қарындашпен бояйсың?
- Жасыл қарындашпен.

**Дескриптор:**

1. Сұрақтың мағынасын түсінеді.
2. Сұрақтарға дұрыс жауап береді.

**2-тапсырма. Сәйкестендір. Суретті боя.**



жүр

тоқта

дайындал

**Дескриптор:**

1. Түстерді еске сақтайды.
2. Сөздердің мағынасын түсінеді.

**3-тапсырма. Сұрақтарға «иә, бар», «жоқ» деп жауап бер.**

- Сенде доп бар ма?
- Сенде қарындаш бар ма?
- Сенде текше бар ма?
- Сенде атаң бар ма?
- Сенде әжең бар ма?

**Дескриптор:**

1. Мұғалімнің не айтқанын түсіну.
2. Сұрақтарға үлгі бойынша жауап беру.

**Бөлім тақырыбы: Менің мектебім****Бөлімше тақырыбы: Бірінші сабақ****Оқу мақсаты:** 1.2.5.1. оқыған/тыңдаған материал туралы «дұрыс/дұрыс емес», «ұнайды/ұнамайды» үлгісінде қарапайым пікірін білдіру**Сабақтың мақсаты:** тыңдаған материал туралы «дұрыс/дұрыс емес» үлгісінде қарапайым пікірін білдіру**Мәтін алды жұмыс**

Үстел үстіне кітап, дәптер, қаламды қою. Оқушыларға сұрақ қою:

- Үстел үстінде бірінші қандай зат тұр?
- Екінші не тұр?
- Үшінші не тұр?

**Сөздікпен жұмыс**

Нешінші – какой? который?

Бүгін – сегодня

Сабақ - урок

**Тыңдалым****1-тапсырма. Берілген мәтінді тыңда.**

Бүгін мектепте үш сабақ өтеді. Бірінші сабақ математика, екінші сабақ қазақ тілі, үшінші сабақ музыка болады.

**Жеке жұмыс**

Берілген кестеге мәтін бойынша сандар жазу.

Пәндер	Рет саны
Математика	
Қазақ тілі	
Музыка	

**Дескриптор**

- мәтінді тыңдайды;
- мәтін бойынша пәндердің рет санын қояды;

**2-тапсырма.**

№	Сөйлемдер	Дұрыс/дұрыс емес
1.	Бірінші сабақ музыка сабағы болады.	
2.	Екінші сабақ қазақ тілі сабағы болады.	
3.	Үшінші сабақ математика сабағы болады.	

**Дескриптор**

- мәтін бойынша дұрыс және дұрыс емес ақпаратты ажырату ;
- дұрыс емес ақпаратты дәлелдеуге үйрену;

**3-тапсырма. Сен сөмкене қандай үш затты салар едің? Суретін сал.**

<b>Бірінші зат</b>	<b>Екінші зат</b>	<b>Үшінші зат</b>

**Дескриптор**

- реттік сан есімдерді қайталау ;
- салған суреттерді өз ойларымен түсіндіру ;

**Бөлім тақырыбы: Менің мектебім**

**Бөлімше тақырыбы: Мен бірінші сыныпта оқимын**

**Оқу мақсаты:** 1.2.6.1. мұғалімнің қолдауымен ә, ө, ү, ұ, і, н, қ, ғ, һ дыбыстарын артикуляциялау

**Сабақтың мақсаты:** мұғалімнің қолдауымен ә, ө, ү, ұ, і, н, қ, ғ, һ дыбыстарын артикуляциялау

**Мәтін алды жұмыс**

Суретке қарап, сөйлем құрау.



[https://img.freepik.com/premium-vector/cute-winners-children-standing-podium-isolated\\_330389-557.jpg](https://img.freepik.com/premium-vector/cute-winners-children-standing-podium-isolated_330389-557.jpg)

**Сөздікпен жұмыс**

Мектепте – в школе

Оқимын - читаю

**Тыңдалым**

**1-тапсырма.** Берілген мәтінді тыңда. Қазақ тіліне тән дыбыстары бар сөздерді қайталап айту.

Мен мектепке барамын. Мектепте жарыс болды. Мен бірінші орын алдым. Әли екінші орын алды. Қанат үшінші орын алды.

**Жеке жұмыс.** Мәтін бойынша кестені толтыр.

Баланың аты	Рет саны
Мен	
Қанат	
Әли	

**Дескриптор**

- Мәтін бойынша кестені толтырады;
- Мұғалімнің көмегімен Ә - Әли, Қ – Қанат, Ү – үшінші сөздерін қайталап айту.

**2-тапсырма.** Балаларға ат қой.

Қанат

Әнел



[https://img.freepik.com/premium-vector/bala-kazakh-boy\\_634064-68.jpg](https://img.freepik.com/premium-vector/bala-kazakh-boy_634064-68.jpg)

Ә дыбысына байланысты сөздерді қайталайды: әже, әке, Әнел, әдемі.

Қ дыбысына байланысты сөздерді қайталайды: қызыл, қара, Қанат.

### Дескриптор

- Балалардың есімдерін дұрыс табады;
- Ә дыбысына мысалдар келтіреді (мұғалімнің көмегімен);
- Қ дыбысына байланысты мысалдар келтіреді (мұғалімнің көмегімен).

**Бөлім тақырыбы: 4. Бізді қоршаған әлем**

**Сабақтың тақырыбы: Аңдар**

**Оқу мақсаты:** 1.1.3.1 тыңдаған мәтіннің (ұзақтығы 0,5-1 мин шамасында) мазмұны бойынша мұғалімнің қолдауымен сұрақтарға жауап беру және оған сәйкес фото/сюжетті суреттер/сызбалар таңдау

1.2.3.1 сұхбаттасының не туралы айтқанын түсіну және үлгі бойынша жауап беру;

**Сабақтың мақсаты**

- тыңдаған мәтіннің (ұзақтығы 0,5-1 мин шамасында) мазмұны бойынша мұғалімнің қолдауымен сұрақтарға жауап береді және оған сәйкес фото/сюжетті суреттер/сызбалар таңдайды;
- сұхбаттасының не туралы айтқанын түсінеді және үлгі бойынша жауап береді;

**Тыңдалым алды жұмыс**

«Болжау» әдісі арқылы жаңа тақырыпты ашу.

**Сөздікпен жұмыс**

**Керік-жираф**

**Кірпі-еж**

**Арыстан-лев**

**Аю-медведь**

**Қоян-заяц**

**Қасқыр-волк**

**Түлкі-лиса**

**Піл-слон**

**Тыңдалым**

**1-тапсырма.**

**Жеке жұмыс.** «Тыңдау-көру-орындау» әдісі. «Аю мен қояндар» бейнематериалын мұқият тыңда.

(<https://www.youtube.com/watch?v=vk3hvmGyvAM>)

Ертеде бір аю кішкентай үш қоянды ұстап алып:

- Маған орманнан жидек теріп әкеліндер, - дейді.

Қояндар үлкен ыдыспен жидек теріп әкеледі. Аю жидекті жеп болған соң:


- Жидекке тоймай қалдым. Енді маған ботқа пісіріп беріңдер, - дейді. Өзі ұйықтап қалады. Қояндар аюға ұйқы бермейді. Олар:

- Қандай ботқа пісірейік?

- Күріш ботқасын ба, сұлы ботқасын ба?

- Ботқаға май қосайық па?

- Қанша тұз қосайық? - деп қайта-қайта сұрай береді.



Ботқаны пісіріп, аюға әкеледі.

- Қасық жоқ қой. Ботқаны қалай жеймін? - деп ашуланады аю. Қояндар кішкентай қасық әкеліп береді. Аю ашуланып, үлкен қасық сұрайды. Қояндар үлкен қасық жасап әкеледі. Үлкен қасық ботқасы бар ыдысқа сыймайды. Ашуланған аю қояндарды қуып жібереді.

**Сұрақтарға жауап бер.**

- Мәтінде қандай кейіпкерлер бар?
- Қояндар қандай іс-әрекеттер жасады?
- Аю неге ашуланды?

**Дескриптор**

- мәтіндегі кейіпкерлерді атайды;
- кейіпкерлердің іс-әрекетін анықтайды;
- кейіпкерлерге мінездеме береді;

**ҚБ: Мұғалімнің қолпаштауы**

**2-тапсырма. Жұптық жұмыс.**

**«Әуе шары» ойынын ойна.**

Ертегі кейіпкерлері әуе шарымен ұшып барады. Әуе шары істен шығып қалуы мүмкін. Әрі қарай ұшу үшін бір кейіпкерді сыртқа шығару керек. Кейіпкерлердің қайсысын әуе шарында қалдырар едің? Неліктен?



**Дескриптор**


- жағымды/жағымсыз кейіпкерге қатысты өз ойын дәлелдейді;

**ҚБ «Бас бармақ»**



**3-тапсырма. Топпен жұмыс**

**1-топ. «Суреттер сөйлейді» әдісі арқылы үлкен аңдар мен кішкентай аңдарды ажыратыңыздар.**







**2-топ. «Пазл» әдісі арқылы аңдардың сұлбасын құрастырыңыздар.**



### **Дескриптор**

- суреттегі аңдарды ажыратады;
- аңдардың сұлбасын құрастырады;

### **ҚБ «Өзара бағалау»**

### **Кері байланыс. «Бағдаршам» әдісі**

### **Педагогке әдістемелік көмек**

1-сыныптың екінші тоқсанында «**Бізді қоршаған әлем**» деген бөлім тақырыбы берілген, осы тақырыпқа сай сабақтың тақырыбы «Аңдар» деп алынды. Тақырыпқа сай «Аю мен қояндар» ертегісі. Сабаққа берілген оқу 1.1.3.1 тыңдаған мәтіннің (ұзақтығы 0,5-1 мин шамасында) мазмұны бойынша мұғалімнің қолдауымен сұрақтарға жауап беру және оған сәйкес фото/сюжетті суреттер/сызбалар таңдау


1.2.3.1 сұхбаттасының не туралы айтқанын түсіну және үлгі бойынша жауап беру; деген мақсаттар алынған, бұдан сабақ мақсатын шығарып, осы мақсатқа жету үшін тапсырмалар құрастырылды.

Алғашқы мақсатқа (*тақырып бойынша үйренген сөздерін қолдана отырып*) жету үшін, **1-тапсырмада «Тыңдау-көру-орындау» әдісі** арқылы берілген сұрақтарға жауап береді. **2-тапсырмада** жұптық жұмыс жасалады. Бұл тапсырманы «**Әуе шары**» ойыны арқылы орындату тиімді болады. Ертегі кейіпкерлері әуе шарымен ұшып барады. Әуе шары істен шығып қалуы мүмкін. Әрі қарай ұшу үшін бір кейіпкерді сыртқа шығару керек. Кейіпкерлердің қайсысын әуе шарында қалдырар едің? Неліктен? деген сұраққа жауап алу арқылы жүзеге асады.

**3-тапсырма.** Сынып екі топқа бөлінеді. 1-топ. Аңдардың суреттері таратылады. «**Суреттер сөйлейді**» әдісі арқылы үлкен аңдар мен кішкентай

андарды ажыратады. 2-топ. Аңдардың сұлбасы қиынды ретінде таратылады. «Пазл» әдісі арқылы аңдардың сұлбасын құрастырады. Кері байланыс «Бағдаршам» әдісі арқылы жүреді.

### Бағдаршам әдісі



– мен тығырыққа тірелдім, ештеңе түсінбей қалдым

– мен түсінемін, бірақ барлығын емес

– мен жақсы түсіндім және басқаға да түсіндіре аламын

**Бөлім тақырыбы: 5. Саяхат**

**Сабақтың тақырыбы: Ол қайда барады?**

**Оқу мақсаты:** 1.1.2.1 - баяу және анық айтылған жиі қолданылатын сөздердің мағынасын түсіну;

1.2.3.1 сұхбаттасының не туралы айтқанын түсіну және үлгі бойынша жауап беру;

**Сабақтың мақсаты:**

- баяу және анық айтылған жиі қолданылатын сөздердің мағынасын түсінеді;
- сұхбаттасының не туралы айтқанын түсінеді және үлгі бойынша жауап береді;

**Сөздікпен жұмыс**

**Барамын – пойду**

**Қайда – куда?**

**Барасың – пойешь**

**Тыңдалым алды жұмыс**

**1-тапсырма. Жеке жұмыс.** «Түртіп алу» әдісі арқылы баяу және анық айтылған сөздерді анықтаңдар.

Мен мектепке барамын.

Мен саябаққа барамын.

Мен тауға барамын.

**Дескриптор**

- баяу және анық айтылған сөздерді анықтайды.

**ҚБ: Басбармақ**

**2-тапсырма. Жұптық жұмыс.**

«Жұбыңды таңда» әдісі. Суреттерді сәйкес сөздермен белгілеңіз.

**Дескриптор**

- суреттерді дұрыс белгілейді;



**ҚБ: Шапалақ**

**3-тапсырма. Топтық жұмыс**

**1-топ.** «Ол қайда барады?» Кластер құрастырыңыздар.

**2-тапсырма.** Тыңда. Қайтала.



мектеп



саябақ



тау






**2-топ.** Берілген суреттерді сөзбен сәйкестендіріңіз.


**3-тапсырма.** Сұраққа жауап бер.

**Сен қайда барасың?**



**Дескриптор:**

- кластер құрастырады;
- суреттерді дұрыс белгілейді;



**ҚБ: Бағдаршам**

**Кері байланыс.** «Ең, ең ең...» әдісі арқылы сөйлемді аяқтау.

Ең қызықты болған...

Ең қиын болған....

Ең жаңа болған....»

**Педагогке әдістемелік көмек**

1-сыныптың үшінші тоқсанында «Саяхат» деген бөлім тақырыбы берілген, осы тақырыпқа сай сабақтың тақырыбы «**Ол қайда барады?**» деп алынды. Сабаққа берілген оқу 1.1.2.1 - баяу және анық айтылған жиі қолданылатын сөздердің мағынасын түсіну; 1.2.3.1 сұхбаттасының не туралы айтқанын түсіну және үлгі бойынша жауап беру; деген мақсаттар алынған, бұдан сабақ мақсатын шығарып, осы мақсатқа жету үшін тапсырмалар құрастырылды.

- Алғашқы мақсатқа (тақырып бойынша үйренген сөздерін қолдана отырып) жету үшін, **1-тапсырмада** «Түртіп алу» «әдісі арқылы баяу және анық айтылған сөздерді анықтайды.

**2-тапсырмада** екінші мақсатқа жету үшін жұптық жұмыс жасалады. «Жұбынды таңда» әдісі арқылы жүзеге асады. Берілген суреттерді дұрыс белгілейді; **3-тапсырмада** топтық жұмыс арқылы орындалады. Бұл тапсырманы диалогтік оқыту арқылы орындату тиімді болады. Тақырыпқа сәйкес сұхбаттасының сұрағына жауап алу арқылы жүзеге асады. Кластер құрастырады, суреттерді дұрыс белгілейді.

**Кері байланыс «Ең, ең ең...»** әдісі арқылы сөйлемді аяқтау.

Ең қызықты болған...

Ең қиын болған....

Ең жаңа болған....»

**Бөлім тақырыбы: 5. Саяхат**

**Сабақтың тақырыбы: Көлік**

**Оқу мақсаты:** 1.1.4.1 - мұғалімнің қолдауымен тыңдаған материалдың кім/не туралы екенін түсіну;

1.2.3.1 - сұхбаттасының не туралы айтқанын түсіну және үлгі бойынша жауап беру;

**Сабақтың мақсаты:**

- мұғалімнің қолдауымен тыңдаған материалдың кім/не туралы екенін түсінеді;
  - сұхбаттасының не туралы айтқанын түсіну және үлгі бойынша жауап береді;
- 1-тапсырма. Жеке жұмыс.** Кішкентай автобус Тайо туралы мультфильмнің (<https://kaztube.kz/video/117635>) үзіндісін (басынан 5 минут 17 секунд аралығын) көр.

Мұғалімнің оқыған сөйлемдерін мұқият тыңда. Суреттерді сөйлеммен сәйкестендіріп, ретін анықта. Цифрмен белгіле.

Жеңіл көлік Алмаз бағдаршамның қызыл түсіне өтіп кетті.

Кішкентай автобустар әдемі жеңіл көлікті көрді.

Кішкентай автобус Тайо жеңіл көлік Алмазбен танысты.



Ары қарай не болады деп ойлайсың? Оқиганы жалғастырып айт.

**Дескриптор**

- сөйлемдерге сәйкес суреттердің ретін анықтайды;
- оқиганың соңын болжап айтады;
- сөйлеу барысында грамматикалық нормаларды сақтайды.



## ҚБ: Шапалақ

### 2-тапсырма. Жұптық жұмыс

Диалогті рөлмен оқы.

- Сен саяхатқа немен бардың?

- Мен саяхатқа  бардым.

- Сен саяхатқа кіммен бардың?

- Мен саяхатқа  бардым.

### Дескриптор

- диалогті рөлмен оқиды;
- тақырыпқа сәйкес сұрақ қояды;
- сұхбаттасының сұрағына жауап береді;
- сөйлеу барысында грамматикалық нормаларды сақтайды.

### ҚБ «Өзара бағалау»

### Кері байланыс «Плюс, минус, қызықты»

### Педагогке әдістемелік көмек

1-сыныптың үшінші тоқсанында «Саяхат» деген бөлім тақырыбы берілген, осы тақырыпқа сай сабақтың тақырыбы «Көлік» деп алынды. Тақырыпқа сай «Кішкентай автобус Тайо» мультфильмі.

Сабаққа берілген оқу

1.1.4.1 - мұғалімнің қолдауымен тыңдаған материалдың кім/не туралы екенін түсіну;

1.2.3.1 сұхбаттасының не туралы айтқанын түсіну және үлгі бойынша жауап беру; деген мақсаттар алынған, бұдан сабақ мақсатын шығарып, осы мақсатқа жету үшін тапсырмалар құрастырылды.

- Алғашқы мақсатқа (*тақырып бойынша үйренген сөздерін қолдана отырып*) жету үшін, **1-тапсырмада** суреттерді сөйлеммен сәйкестендіріп, ретін анықтап, цифрмен белгілейді. Ары қарай оқиға не болады оқиғаны жалғастырып айтады.
- **2-тапсырмада** екінші мақсатқа жету үшін жұптық жұмыс жасалады. Бұл тапсырманы диалогтік оқыту арқылы орындату тиімді болады. Тақырыпқа сәйкес сұхбаттасының сұрағына жауап алу арқылы жүзеге асады.

**Кері байланыс «Плюс, минус, қызықты»** Бұл рефлексияны ауызша да, жазбаша да орындауға болады. Жазбаша орындау үшін үш бағаннан тұратын кестені толтыру ұсынылады. «Плюс» бағанына сабақта ұнаған кезеңдердің барлығы жазылады. «Минус» -оқушының пікірінше, бұл ақпарат ол үшін керексіз, пайдасыз. «Қызықты» бағанына оқушылар қызығушылық тудырған деректер мен әдістерді, ол туралы басқа дерек көздерінен көбірек білгісі келгендіктері туралы жазады.

Плюс	Минус	Қызықты
Сабақта барлығы ұнады: сабақ мазмұны, жұмыс түрлері	Ұнамады, түсініксіз болып қалды	Барлық деректер мен әдістер қызықты

**Бөлім тақырыбы:** 6. *Салт- дәстүр және ауыз әдебиеті*

**Сабақтың тақырыбы:** Мен ертегі оқимын

**Оқу мақсаты:**

1.3.3.1 - мәтіннің жанрын (санамақ, тақпақ, жаңылтпаш, жұмбақ, ертегі ) ажырату

1.4.2.1- оқыған/ аудио/бейне материалдарда кездескен таныс атауларды жазу

**Сабақ мақсаты:**

- мәтіннің жанрын (санамақ, тақпақ, жаңылтпаш, жұмбақ, ертегі ) ажыратады;
- оқыған/ аудио/бейне материалдарда кездескен таныс атауларды жазады;

**Мәтіналды жұмыс**

**1-тапсырма. Жүппен жұмыс. Мозайка әдісі арқылы жұмбақтың шешуін тап.**

## Жұмбақ

1. Өзі бір қу,  
Жүрген жері айқай мен шу. Ол қай аң?  
— **Түлкі.**

2. Қорбаң, қорбаң етеді,  
Орман оның мекені.  
Тәтті балға тойып ап,  
Қыста ұйқыға кетеді. Бұл не?  
— **Аю.**

3. Сүр түсті  
Ақсиган көп тісті. Бұл қандай аң?  
— **Қасқыр.**

4. Секең, секең етеді,  
Орман оның мекені.  
Бұл қандай аң?  
— **Қоян.**



**2-тапсырма. Жеке жұмыс. Мәтінді оқы. Сұрақтарға жауап бер.**



ауырып қалады.



тәтті қан іздейді.



Ол шағады.



масадан қанды тартып алады.



қарлығаштын құйрығын жұлып алады.


Бұл қандай мәтін? Өлең бе, ертегі ме?

Ертегі екенін қалай анықтауға болады?

**Дескриптор**




- сурет пен сөздерді дұрыс байланыстырып, сөйлемдерді қатесіз оқиды;
- мәтіннің жанрын анықтайды.



**ҚБ: Мұғалімнің қолпаштауы**  
**3-тапсырма. Топпен жұмыс.**


Ертегі кейіпкерлерінің атауын жаз. Оларды боя.



**Дескриптор**

- ертегі кейіпкерлерінің атауын дұрыс жазады;
- сөздерді сауатты, көркем жазады.


ҚБ:



**Кері байланыс.**

**Алма ағашы**

**«Алма ағашы»  
рефлексиясы**



**Педагогке әдістемелік көмек**

1-сыныптың үшінші тоқсанында «Салт- дәстүр және ауыз әдебиеті» деген бөлім тақырыбы берілген, осы тақырыпқа сай сабақтың тақырыбы «Мен

ертегі оқимын» деп алынды. Тақырыпқа сай «Қарлығаш пен дәуіт» ертегісі. Сабаққа берілген оқу 1.3.3.1 - мәтіннің жанрын (санамақ, тақпақ, жаңылтпаш, жұмбақ, ертегі ) ажырату;

1.4.2.1- оқыған/ аудио/бейне материалдарда кездескен таныс атауларды жазу; деген мақсаттар алынған, бұдан сабақ мақсатын шығарып, осы мақсатқа жету үшін тапсырмалар құрастырылды.

Алғашқы мақсатқа (*тақырып бойынша үйренген сөздерін қолдана отырып*) жету үшін, **1-тапсырмада «Мозайка» әдісі** арқылы жұмбақтардың шешуін табады.

**2-тапсырмада** жеке жұмыс жасалады. Бұл тапсырма мәтінді оқып, жанрын ажырату арқылы жүзеге асады.

**3-тапсырма.** Топпен жұмыс жасалады. Ертегі кейіпкерлерінің атауын жазады. Сауатты, көркем жазады.

**Кері байланыс «Алма ағашы» әдісі** арқылы жүзеге асады.

**Бөлім тақырыбы:** 6. *Салт- дәстүр және ауыз әдебиеті*

**Сабақтың тақырыбы:** Домбыра

Оқу мақсаты:

1.1.3.1 -тыңдаған мәтіннің (ұзақтығы 0,5-1 мин шамасында) мазмұны бойынша мұғалімнің қолдауымен сұрақтарға жауап беру және оған сәйкес фото/сюжетті суреттер/сызбалар таңдау;

1.2.3.1 сұхбаттасының не туралы айтқанын түсіну және үлгі бойынша жауап беру;

**Сабақ мақсаты:**

- -тыңдаған мәтіннің (ұзақтығы 0,5-1 мин шамасында) мазмұны бойынша мұғалімнің қолдауымен сұрақтарға жауап береді және оған сәйкес фото/сюжетті суреттер/сызбалар таңдайды;
- сұхбаттасының не туралы айтқанын түсінеді және үлгі бойынша жауап береді;

**Тыңдалым алды жұмыс**

«Бір қадам алға...» әдісі арқылы өткен тақырыпты еске түсіріңдер.



**Сөздікпен жұмыс**

Домбыра-домбра

Ішек-струна

Үндік-отверстие для звука


Тиек – подставка

Құлақ – ушки

Түйме-пуговка  
Тартамын-играю  
Тартпаймын-не играю  
Тыңдалым.

1-тапсырма. Жеке жұмыс. «Тыңдау-көру-орындау» әдісі. Тыңда. Қайтала.  
Сұраққа жауап бер.


<https://www.facebook.com/kazgeokz/videos/%D0%B4%D0%BE%D0%BC%D0%B1%D1%8B%D1%80%D0%B0/4486661171451922/>



**Дескриптор:**

- тыңдайды;
- қайталайды;
- сұраққа жауап береді;

ҚБ:  Тамаша жауап!

 Жақсы жауап!


 Талпын!

2-тапсырма.

Жүппен

жұмыс.

Боя



alamy

**Дескриптор**

-суретті бояйды;

ҚБ: Басбармақ

3 – тапсырма. Тыңда. Қайтала. Үлгі бойынша сөйлес.

- Мынау не?
- Бұл домбыра.

- Сен домбыра тартасың ба?
- Иә, мен домбыра тартамын. Жоқ мен домбыра тартпаймын.

### **Дескриптор**

- тыңдайды;
- қайталайды;
- үлгі бойынша сөйлеседі.




### **ҚБ: Шапалақ**

**4-тапсырма. «ВЕР» әдісі.** Сұраққа жауап бер.

Сен домбыра тарта аласың ба?  
Сенде домбыра бар ма?

### **Дескриптор**

- сұраққа жауап береді



**Кері байланыс.** Сары түсті домбыра- бәрі түсінікті, қызықты болды.

Қоңыр түсті домбыра – түсінбедім, қызықсыз болды.



### **Педагогке әдістемелік көмек**

деген мақсаттар алынған, бұдан сабақ мақсатын шығарып, осы мақсатқа жету үшін тапсырмалар құрастырылды.

1-сыныптың үшінші тоқсанында «Салт- дәстүр және ауыз әдебиеті» деген бөлім тақырыбы берілген, осы тақырыпқа сай сабақтың тақырыбы «Домбыра» деп алынды. Тақырыпқа сай «Домбыраның шығу тарихы» мәтіні тыңдалады. Сабаққа берілген оқу тыңдаған мәтіннің (ұзақтығы 0,5-1 мин шамасында) мазмұны бойынша мұғалімнің қолдауымен сұрақтарға жауап береді және оған сәйкес фото/сюжетті суреттер/сызбалар тандайды; 1.2.3.1 сұхбаттасының не туралы айтқанын түсіну және үлгі бойынша жауап беру; Алғашқы мақсатқа (тақырып бойынша үйренген сөздерін қолдана отырып) жету үшін, **1-тапсырмада** Тыңдалым алды жұмыс жүргізіледі. «**Бір қадам алға...**» әдісі арқылы өткен тақырыпты еске түсіру арқылы жүргізіледі. Мұғалім есіктен кіргеннен өткен материалдарға байланысты сұрақтар қояды. Жауап дұрыс болса, бір қадам алға жылжиды, қате болса, бір қадам артқа шегінеді. Мұғалім столына жеткенше, бірнеше сұрақ қою арқылы оқушылардың зейінін сабаққа шоғырландырып алады.

**2-тапсырмада** жұппен жұмыс жасалады. Домбыраның суретін бояйды. Бір-бірін басбармақ арқылы бағалайды.

**3-тапсырмада** тыңдайды, қайталайды, үлгі бойынша сөйлеседі.

- Мынау не?
- Бұл домбыра.
- Сен домбыра тартасың ба?
- Иә, мен домбыра тартамын. Жоқ мен домбыра тартпаймын.



**4-тапсырма.** «ВЕР» әдісі арқылы жүргізіледі. Қағазды вер пішінінде бүктеп, бірінші оқушы бір бөлігіне сабаққа қатысты сұрақтар жазып шығады, екінші оқушы екінші бөлігіне қысқаша жауап жазып тапсырады.

**Кері байланыс** «Сары түсті домбыра- бәрі түсінікті, қызықты болды.

Қоңыр түсті домбыра – түсінбедім, қызықсыз болды.



**Бөлім тақырыбы: 7. Тағам және сусын**

**Сабақтың тақырыбы:** Сен не аласың?

Оқу мақсаты:

1.3.5.1 иллюстрациялы шағын мәтіннен мұғалімнің қолдауымен қажетті ақпаратты табу;

1.4.2.1- оқыған/ аудио/бейне материалдарда кездескен таныс атауларды жазу;

Сабақтың мақсаты:

- иллюстрациялы шағын мәтіннен мұғалімнің қолдауымен қажетті ақпаратты табады;
- оқыған/ аудио/бейне материалдарда кездескен таныс атауларды жазады;

**Мәтінмен жұмыс.**

**1-тапсырма. Жеке жұмыс.** «Аквариум» әдісі. Сөйлемдерді оқы. Ретін анықтай отырып, мәтін құрастыр.



Руслан жемістер мен көкөністерді суарды. Олар үлкен, дәмді болып өс

Руслан сол күнді көңілді өткізді.

Руслан бақшаға келді. Бақшада сәбіз, асқабақ, құлпынай, алма өсіп тұр.

Мәтіннен төмендегі ақпараттарды тап.

Руслан қайда барды?

Бақшада нелер өседі?

Руслан не істеді?

Руслан күнді қалай өткізді?

**Дескриптор**

- сөйлемдерді қатесіз оқиды;
- сөйлемдердің ретін анықтай отырып, мәтін құрастырады;

- мәтін бойынша сұрақтарға жауап береді;
- берілген мәтіннен қажетті ақпараттарды табады.



**ҚБ: Шапалақ**  
**2-тапсырма. Жүппен жұмыс.**

Жемістер мен көгөністер туралы бейнематериалды (<https://www.youtube.com/watch?v=yzT0efa000M>) мұқият қара. Сипаттамасы бойынша айтылған жемістер мен көгөністерді анықта және атауын жаз.

Сипаттамасы	Атауы
Ол дәмді, жасыл әрі жұмсақ.	
Ол сары, сарғыш болады. Ол өте дәмді әрі жұмсақ.	
Ол қоңыр, қатты. Бірақ дәмді.	
Ол жасыл, қызғылт болады. Ол өте дәмді, әрі жұмсақ.	

**Дескриптор**

- сипаттамасы бойынша жемістер мен көгөністерді анықтайды;
- заттың атауын сауатты жазады.

**ҚБ:**



- төмен жауап;



-жақсы жауап;



-керемет жауап

**3-тапсырма. Топпен жұмыс.**

Суреттегі жемістер мен көгөністердің атауын жаз.



АСҚАБАҚ



\_\_\_\_\_



\_\_\_\_\_



\_\_\_\_\_



\_\_\_\_\_



\_\_\_\_\_

## Дескриптор

- суретте бейнеленген жемістер мен көгөністердің атауын жазады;
- сөздерді сауатты жазады.

## ҚБ: Өзара бағалау



## Кері байланыс.

### Педагогке әдістемелік көмек

1-сыныптың төртінші тоқсанында «**Тағам және сусын**» деген бөлім тақырыбы берілген, осы тақырыпқа сай сабақтың тақырыбы «Сен не аласың?» деп алынды. Тақырыпқа сай «Қарлығаш пен дәуіт» ертегісі. Сабаққа берілген 1.3.5.1 иллюстрациялы шағын мәтіннен мұғалімнің қолдауымен қажетті ақпаратты табу;

1.4.2.1- оқыған/ аудио/бейне материалдарда кездескен таныс атауларды жазу; деген мақсаттар алынған, бұдан сабақ мақсатын шығарып, осы мақсатқа жету үшін тапсырмалар құрастырылды.

Алғашқы мақсатқа (*тақырып бойынша үйренген сөздерін қолдана отырып*) жету үшін, **1-тапсырманы «Аквариум» әдісі арқылы** сөйлемдердің ретін анықтай отырып, мәтін құрастырады. Білім алушылар сөйлемдерді қатесіз оқиды, сөйлемдердің ретін анықтай отырып, мәтін құрастырады, мәтін бойынша сұрақтарға жауап береді, берілген мәтіннен қажетті ақпараттарды табады.

**2-тапсырмада** жеке жұмыс «**Кластер**» әдісі арқылы жасалады. Бұл тапсырманы орындау барысында кесте арқылы жемістер мен көгөністерді ажырату арқылы жүзеге асады.

**3-тапсырма.** Топпен жұмыс жасалады. Суретке қарап жемістер мен көгөністердің атауын жазады. Сауатты, көркем жазады.

**Кері байланыс «Менің көңіл күйім»** әдісі арқылы жүзеге асады. Оқушылар сабақтан алған әсерлерін бас бармақтарын көтеру арқылы білдіреді.

## 2-сынып

### Бөлім тақырыбы: Менің мектебім

**Оқу мақсаты:** 2.2.4.1 жоспар мен тірек сөздерді/сұрақтарды қолдана отырып, мәтін мазмұндау

2.3.3.1\* мәтіннің жанрын (өлең, жаңылтпаш, жұмбақ, ертегі, әңгіме) ажырату

### Сабақтың мақсаты

Жоспар мен тірек сөздерді ,сұрақтарды қолдана отырып,мәтінді мазмұндайды

Мәтіннің жанрын (өлең, жаңылтпаш, жұмбақ, ертегі, әңгіме) ажыратады

## Жаңа сөздер

Қайтала

Үзіліс

Суреттер бойынша сабақтың тақырыбын ашу.



- Мына суреттен кімдерді көрдіңіз?
- Бір сөзбен қалай айтамыз?
- Сабақтың тақырыбы қандай деп ойлайсыңдар?
- Бүгінгі сабақтың тақырыбы «Менің мектебім»

## 1-тапсырма



**Оқылым.** Мәтінді түсініп, оқындар, тірек сөздерді қолданып толық мазмұндаңдар.

Сабақта.

Балалар мектепте жиналды. Қоңырау соғылды. Оқушылар сыныпқа кірді. Есік ашылды. Сынып кең, жарық. Оқытушы келді, сәлемдесті. Үйге берілген тапсырманы тексердік. Зарина жауап берді. Мен де бүгін баға алдым. Тапсырманы дұрыс орындадым.

**Тірек сөздер:** қоңырау, сәлемдесті, үй тапсырмасы, жақсы баға.

-Мәтіннің қай жанрға жататынын анықтайық. Бұл мәтін ертегі ме, әлде әңгімеге жата ма?

Бағалау критерийі	Дескриптор
Мәтінді түсініп оқып, тірек сөздерді пайдалану, мәтіннің жанрын анықтау	-мәтінді түсініп оқиды
	-тірек сөздерді қолданып, мазмұндайды
	-мәтін жанрын ажыратады

ҚБ: «Бонус»

**2-тапсырма.** Суретпен жұмыс



1-деңгей:

Суретке қара, бірнеше сөйлем айт

2-деңгей: жұптық жұмыс

Сурет бойынша диалог құрастырып айт

3-деңгей: дене шынықтырудың пайдасы туралы өз ойыңды айт

Бағалау критерийі	Дескриптор
Сурет бойынша бірнеше сөйлем айту, диалог құрастыру, дене шынықтырудың пайдасы туралы өз ойын айту	сурет бойынша 1-2 сөйлем айтады
	сыныптасымен диалог құрастырып айтады
	дене шынықтырудың пайдасы туралы өз ойын айтады

ҚБ: «Смайликтер»

Кері байланыс: «Аяқталмаған ой»

- Мен бүгін ..... білдім.

- Мен .... тапсырманы орындадым.

- Маған ..... қызықты болды.

Тапсырманы орындай алғандар мадақталады, орындай алмағандарға бағыт-бағдар беріледі.

#### **Педагогке әдістемелік көмек:**

Жаңа сабақтың тақырыбын ашуда оқушылардың және оқу құралдарының суреттерін пайдаланған тиімді. Сонымен қатар оқушыға мұғалім жетекші сұрақтар қою арқылы суреттерді бір-бірімен байланысын және жаңа тақырыпты болжай алады. Жетекші сұрақтар қою арқылы оқушыға жауап беруіне көмектесеміз. Мысалы: -мына суреттен кімдерді көрдіңіз? Оқу құралдарын, оқушыларды көре отырып тақырыптың мектеп туралы екенін түсінеді. Яғни, суреттердің көмегімен жаңа тақырып ашуда оқушылардың сыни тұрғыдан ойлауын қалыптастырамыз. Бұл тәсіл мәтінді оңай түсінуге мүмкіндік береді.

1-тапсырмада мәтінді түсініп оқиды және тірек сөздерді қолдана отырып мәтіннің мазмұнын айтады. Бұл тапсырма арқылы оқушының оқылым және айтылым дағдыларын қалыптастырамыз.

2-тапсырмада оқушыларға кітапхана, асхана, спорт залының суреттерін көрсету арқылы деңгейлік тапсырмалар ұсынуға болады. Айта кетсек, сурет бойынша бірнеше сөйлем айт; сурет бойынша парталасыңмен диалог құрастыр; дене шынықтырудың немесе кітапхананың пайдасы қандай? Бұл тапсырма арқылы оқушының айтылым дағдысын қалыптастырамыз, сөздік қорын байытамыз, ойлау қабілетін дамытамыз. Бұл тапсырмалар оқушыларға жаңа ақпараттарды бір-бірімен бөлісуге және қарым – қатынасқа түсуге мүмкіндік береді.

Кері байланыс үшін «Аяқталмаған ой» әдісін пайдалану тиімді. Оқушы «мен бүгін.....білдім; маған..... қызықты болды» деп жетекші сөз тіркестері арқылы жауап береді, өз ойын айтып үйренеді.

## 2-СЫНЫП

**Бөлім тақырыбы: Менің отбасым және достарым**

**Оқу мақсаты:** 2.1.3.1\* тыңдаған материалдың (ұзақтығы 1-1,5 мин) мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беру және оған сәйкес фото/сюжетті суреттер/сызбалар таңдау/сипаттау

2.3.4.1\* мәтіннің мазмұны немесе иллюстрация/постер бойынша қарапайым сұрақтар кім? не? қандай? қанша? не істеді?) құрастыру және оған жауап беру

**Сабақтың мақсаты:** тыңдаған мәтіннің мазмұны бойынша сұрақтарға жауап береді

Мәтіннің мазмұны немесе иллюстрация,постер бойынша қарапайым сұрақтар құрастырады және оған жауап береді

**Жаңа сөздер:**

Жанұя

Құрметтейді

Жеті ата

1-тапсырма. Тыңда. Ақпараттың дұрыс\бұрыс екенін анықта



Ойын «Дұрыс па,бұрыс па?»

Сұрақтар	дұрыс	бұрыс
Дананың отбасы шағын		
Атасы жетпіс жаста		
Інісі төрт жаста		
Әкесі шахмат ойнап отыр		
Әжесі асүйде жүр		
Анасы тоқыма тоқып отыр		

Бағалау критерийі	Дескриптор
Тыңдаған мәтін бойынша сұрақтарға жауап береді	дұрыс ақпаратты анықтайды
	бұрыс ақпаратты анықтайды

ҚБ: «Қоржын»

2-тапсырма.Мәтінді оқып шығыңыз, қарамен жазылған сөздердің мағынасын қалай түсінесіз? Мәтін және суретті қолдана отырып сұрақтар құрастырыңыз Қазақтың отбасы

Қазақ отбасында әкенің орны ерекше. **Әке** – шаңырақ иесі. **Жанұя** мүшелері әкені тыңдайды. Жанұяда ананың да орны ерекше. Әке де, балалары да ананы сыйлайды. Қазақ отбасында қыздың да орны ерекше. Қызды төрге отырғызып, **құрметтейді**. Қазақ отбасында балаға туыстарын, нағашыларын, ата-бабасын, үлкен аталарын, жеті атасын айтып отырады.



Бағалау критерийі	Дескриптор
-Мәтінді оқып шығып, қарамен жазылған сөздердің мағынасын түсіндіреді	Мәтінді оқып шығады
-Қарапайым (Кім? Не? Қандай? Қанша? Не істеді?) сұрақтар құрастыру	Қарамен жазылған сөздердің мағынасын түсіндіреді
	Қарапайым сұрақтар құрасытарды және оған жауап береді

ҚБ: «Қоржын»

Ойлан!

Кім? не? сұрақтарына жауап беретін сөзді табыңыз. Оларды бейнелі сөзбен беріңіз.

Асқар тау – кім? (әке)

Балалар панасы – кім? (ана)

Бала – не? (бақыт, қуаныш)

Кері байланыс: «Тик-ток»



### Педагогке әдістемелік көмек:

Тақырыпқа байланысты мәтінді QR-код арқылы тыңдау ұсынылады. Себебі, басқа дағдыларды қалыптастырудың алғы шарты-тыңдалым әрекеті. Кез-келген ақпаратты тыңдау арқылы түсіну, сөйлеу әрекетін қалыптастырады. Әрі қарай «Дұрыс па, бұрыс па?» ойыны арқылы ақпараттың дұрыс немесе бұрыс екенін анықтайды және кестеде белгілейді.

2-тапсырмада мәтінді оқып шығу арқылы оқушының оқылым дағдысын қалыптастырамыз. Қарамен жазылған сөздердің мағынасын түсіндіреді. Мәтін мазмұны және ұсынылған сурет бойынша кім? не? қандай? қанша? не істеді? сұрақтарын қолдана отырып қарапайым сұрақтар құрастырады, сұрақтарға жауап береді. Осы тапсырма арқылы оқушының ізденімпаздық, ойлау қабілетін дамытамыз, айтылым дағдысы қалыптасады. «Ойлан!» тапсырмасының міндеті: Зат есімдерді тауып, сұрақ қоюға, оларды бейнелі сөзбен беруге үйрету, бейнелі ойлауын дамыту.

Кері байланыс үшін «Тик-ток» әдісі қолданылды.



«Қазақ тілінде оқытпайтын мектептердің 2-сыныптарға арналған Қазақ тілін оқытуда сөйлеу әрекеті түрлерін дамыту бойынша әдістемелік ұсынымдар»

**Бөлім тақырыбы: Дені саудың –жаны сау**

**Оқу мақсаты:** 2.1.3.1\* тыңдаған материалдың (ұзақтығы 1-1,5 мин) мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беру және оған сәйкес фото/сюжетті суреттер/сызбалар таңдау/ сипаттау

2.2.5.1\* мәлімет, кейіпкер, оқиғаларды салыстыру негізінде қарапайым пікір ("мен ... деп ойлаймын", "мен ... деп санаймын", "маған ... сияқты", маған ... тәрізді") білдіру

**Сабақтың мақсаты:**

Тыңдаған мәтіннің мазмұны бойынша сұрақтарға жауап береді

Мәліметтерді салыстыру негізінде қарапайым пікір білдіреді

**Жаңа сөздер:**

Пайдалы

Ағза

Дәрумен

Табиғи

1-тапсырма. <https://youtu.be/jYGQOcCA2JM?si=haPghFGNmJ19ooy3>

«Сәйкестендіру кестесі» Пайдалы және зиянды тағамдарды ажырат



Бағалау критерийі	Дескриптор
Тыңдаған мәтін бойынша сәйкестендіру кестесін орындайды	Пайдалы тағамдарды атайды және сәйкестендіреді
	Пайдалы емес тағамдарды атайды және сәйкестендіреді

ҚБ: «Жеміс себеті»

2-тапсырма. Оқы. "мен ... деп ойлаймын", "мен ... деп санаймын", "маған ... сияқты", маған ... тәрізді" тірек сөздерді қолдана отырып өз ойыңды айт

Менің атым-Ринат. Менің үнемі ішім ауырады. Анам: «Мұның себебі дұрыс тамақтанбаудан», -дейді. Маған сендердің көмектерің қажет

Бағалау критерийі	Дескриптор
-Мәтінді оқып шығу -Тірек сөздерді қолдана отырып, өз ойын айту	Мәтінді оқып шығады
	Тірек сөздерді тиімді қолдана отырып, өз ойын айтады

ҚБ: «Жеміс себеті»

Дидактикалық ойын: «Егер де ... не болар еді?»



- Егер де Күн болмаса, не болар еді?
- Егер де су болмаса, не болар еді?
- Балалар, өзіміз айтып отырған Күн, ауа және су кімге қажет?
- Бізге.
- Біз дегеніміз кім?
- Ол – Адам.
- Балалар, Жер бетінде ең ақылды, ең күшті кім?
- Адам.
- Ал адамға дүниеде ең басты, қымбат нәрсе не екен?
- Денсаулық.
- Денің сау болғаның үшін қай дене мүшелеріне алғыс айтар едің? Неліктен?

Кері байланыс: « СМС» әдісі



### Педагогке әдістемелік көмек:

Жаңа тақырып бойынша денсаулыққа пайдалы және зиянды тағамдар туралы мәліметті <https://youtu.be/jYGQOcCA2JM?si=haPghFGNmJ19ooy3> сілтеме арқылы видео көреді. Сөйлеу әрекеті дамыту үшін оқушылармен денсаулыққа пайдалы дәрумендерге бай жемістер мен көгөністер, зиянды тағамдар туралы әңгіме жүргізіледі, Сонымен қатар, оқушылардың ойлау қабілетін дамыту мақсатында, шапшаңдыққа баулу мақсатында «Сәйкестендіру кестесімен» жұмыс жасайды.

Оқылымға берілген мәтін бойынша «мен...деп ойлаймын, мен...деп санаймын, маған... сияқты, маған...тәрізді» тірек сөздерін қолданып өз ойын жеткізіп үйренеді. Яғни,оқушыларға тақырып аясында еркін сөйлеуге мүмкіндік беріледі. «Егер де ... не болар еді?» дидактикалық ойыны арқылы оқушының айтылым дағдысын дамытамыз.

Қалыптастырушы бағалау үшін «Жеміс себеті» ұсынылады.Оқушыларға берілген тапсырмалар алдын-ала дайындалған дескриптор негізінде бағаланады,яғни бұл сабақта денсаулыққа пайдалы жемістердің қима суреттерін қолдануға болады.

Кері байланыста «СМС» әдісін қолдану арқылы оқушы үшін тақырыптың қызықты әрі пайдалы болғандығын анықтауға болады.

### Бөлім тақырыбы: Қоршаған орта

#### Оқу мақсаты:

2.2.4.1\* суретті жоспар және тірек сөздер/сұрақтар негізінде шағын мәтінді мазмұндау

2.3.4.1\* мәтіннің мазмұны немесе иллюстрация/ постер бойынша қарапайым сұрақтар (кім? не? қандай? қанша? не істеді?) құрастыру және оған жауап беру

### Сабақтың мақсаты:

Суретті жоспар және тірек сөздер немесе сұрақтар негізінде шағын мәтінді мазмұндайды

Мәтіннің мазмұны немесе иллюстрация бойынша қарапайым сұрақтар құрастырады және оған жауап береді

Жаңа сөздер:

Тіршілік

Үнемдеу

1-тапсырма. Мәтінді оқы

Су барлық тірі ағзаның құрамында бар. Адамның, өсімдіктер мен жануарлар денесінің белгілі бір бөлігі судан тұрады. Су – негізгі тіршілік көзі. Сусыз тіршілік жоқ. «Судың да сұрауы бар» дейді дана халқымыз. Сондықтан суды үнемдеп жұмсау керек.


1. Тірек сөздерді табыңыз: \_\_\_\_\_

2. Тірек сөздерді қолданып мәтінді мазмұнда

Бағалау критерийі	Дескриптор
Мәтінді оқып шығу Тірек сөздерді табу және мазмұндау	Тірек сөздерді табады
	Тірек сөздерді қолданып мәтін мазмұнын айтады

ҚБ: «Төсбелгі»

2-тапсырма. Топтық жұмыс. Суреттерге қара. Бірнеше сөйлем құрап айт. Суреттер бойынша (кім? не? қандай? қанша? не істеді?) сұрақтар құрастыр және жауап бер



Бағалау критерийі


Суреттер бойынша сөйлем құрап айту  
Сұрақтар құрастыру және жауап беру  
Судың пайдасын түсіну

Дескриптор

Суреттер бойынша бірнеше сөйлем құрастырып айтады  
Сұрақтар құрастырады және жауап береді  
Судың пайдасы туралы түсінеді

ҚБ: «Төсбелгі»

Кері байланыс: «СМС» әдісі



### Педагогке әдістемелік көмек:

Оқылымға берілген мәтіннен мұғалімнің көмегімен тірек сөздерді табу және сол тірек сөздер қолдана отырып шағын мәтінді мазмұндау нәтижесінде оқушының негізгі ақпаратты түсінгенін байқаймыз. Оқушылардан «суды үнемдеп жұмсау» туралы ойларын айту ұсынылады. Әрі қарай топтық жұмыс ретінде тақтада көрсетілген суреттер бойынша оқушылар судың адам үшін маңызы зор екендігін, судың адам денсаулығына пайдасы, судың табиғат үшін де маңызды екендігін талдауға жетелейтін сұрақтар арқылы өз ойларын айтады, қарапайым сұрақтар құрастырып, оған жауап береді. Оқушылар бірлескен жұмыстың тиімді әрі қызықты екендігін түсінеді. Әр тапсырмада берілген дескриптор арқылы оқушы өзін-өзі бағалайды

### Бөлім тақырыбы: Салт-дәстүр және ауыз әдебиеті

#### Оқу мақсаты:

2.1.4.1 тыңдаған материалдың мазмұнын түсіну, мұғалімнің қолдауымен жағымды және жағымсыз кейіпкерлерді анықтау

2.2.4.1\* суретті жоспар және тірек сөздер/сұрақтар негізінде шағын мәтінді мазмұндау

#### Сабақтың мақсаты:

Тыңдаған мәтіннің мазмұнын түсінеді, мұғалімнің көмегімен жағымды және жағымсыз кейіпкерлерді анықтайды

Суретті жоспар және тірек сөздер, сұрақтар негізінде мәтінді мазмұндайды

Жаңа сөздер:

Жағымды кейіпкер

Жағымсыз кейіпкер

### Суреттер бойынша сабақтың тақырыбын ашу.





1-тапсырма. Тыңда(QR код арқылы) «Бір үзім нан» ертегісі



1.Тірек сөздерді қолданып, ертегіні мазмұнда: бай мен кедей, әдемі және кең, егін егу,су тасқыны.

2.Жағымды және жағымсыз кейіпкерлерді анықта

Бағалау критерийі	Дескриптор
Ертегіні тірек сөздерді қолданып мазмұндау	Тірек сөздерді қолданып ертегіні мазмұндайды
Ертегідегі жағымды және жағымсыз кейіпкерлерді анықтау	Жағымды кейіпкерді анықтайды
	Жағымсыз кейіпкерді анықтайды

ҚБ: «Асық»


2-тапсырма.Рөлдік ойын.Оларды кейіпте

Біреуің бай ,екіншің кедей болып ойнап көріңдер

Бағалау критерийі	Дескриптор
Кейіпкерлердің рөлін сомдайды	Ертегінің мазмұнын біледі
	Кейіпкерлерді сомдай алады

ҚБ: «Асық»

Кері байланыс: «Білім қоржыны» әдісі



Педагогке әдістемелік көмек:



Жаңа сабақ тақырыбына деген қызығушылығын арттыру мақсатында бірнеше ертегілер туралы суреттер алынды. Тақтаға «Ерте, ерте, ертеде...» деген сөздерді жазу ұсынылады. Оқушылар бүгінгі сабақта ертегі оқитынын болжайды. QR код арқылы «Бір үзім нан» ертегісін тыңдайды. Оқушыға сойлеу дағдысын дамыту үшін көмекші тірек сөздер ұсынылады және оқушы сол арқылы сөйлем құрылымын сақтай отырып ертегіні мазмұндайды. «Неге олай ойлайсың?» деген сұрақ жиі қойылуы керек, себебі оқушы ертегі оқиғасын дұрыс түсінді ма, жоқ па соны назарда ұстауымыз қажет. Келесі тапсырма «Рөлдік ойын» деп аталады, оқушылар біреуі бай, екіншісі бай болып, ертегі кейіпкерлерін сомдайды. Бұл тапсырма арқылы оқушының еркін сөйлеуін, қиялын, шығармашылық қабілеттерін дамытамыз, сыныптастарымен қарым-қатынас орнатады, өзін-өзі басқаруына жетелейді. Сабақ соңында «Білім қоржыны» әдісі арқылы кері байланыс береді.

**Бөлім тақырыбы: Менің туған өлкем**

**Оқу мақсаты:**

2.2.2.1 сюжетті сурет негізінде сөйлеу (2-3 сөйлем)

2.2.4.1 жоспар мен тірек сөздерді/сұрақтарды қолдана отырып, мәтін мазмұндау

2.3.3.1\* мәтіннің жанрын (өлең, жаңылтпаш, жұмбақ, ертегі, әңгіме) ажырату

**Сабақтың мақсаты:**

Сюжетті сурет негізінде 2-3 сөйлем құрап айтады

Жоспар мен тірек сөздерді, сұрақтарды қолдана отырып, мәтінді мазмұндайды.

Мәтіннің жанрын ажыратады (өлең, ертегі, әңгіме)

1-тапсырма. Берілген өлеңді оқы және жанрын анықта.

1-топ:

Өзені бар, суы бар,

Орманы бар, нуы бар.

Туған жерге мың алғыс,

Таңғажайып сыры бар!

2-топ: Берілген мәтінді оқы, тірек сөздерді қолданып, мазмұнда.

Алматы-Қазақстандағы ежелгі қала. Ол Алатау тауының бөктерінде орналасқан. Қысы жылы болады. Көктемде, жазда Алматы қызыл, жасыл бояуға енеді.

Тірек сөздер: ежелгі қала, бөктерінде, бояуға енеді.

Бағалау критерийі	Дескриптор
Берілген мәтінді оқып, жанрын ажырату. Тірек сөздерді қолданып, мәтінді мазмұндау.	Мәтінді оқиды
	Жанрын ажыратады
	Тірек сөздерді қолданып, мазмұндайды



ҚБ: «Смарт сағат»

2-тапсырма. Суретке қара. Табиғат туралы өз ойыңды айт. Сұрақтарға жауап бер.



- Сенің туған өлкеңнің табиғаты қандай?
- Өзен,көл бар ма?
- Қандай көрікті жерлер бар?

Бағалау критерийі	Дескриптор
Сурет бойынша және жетекші сұрақтар көмегімен сөйлемдер құрау	Сурет бойынша сөйлемдер құрайды
	Сұрақтарға жауап береді



ҚБ: «Смарт сағат»

Кері байланыс: «Білім қоржыны» әдісі



### Педагогке әдістемелік көмек

Жаңа сабақта топтық тапсырма беріледі. 1-топқа берілген тапсырмада өлеңді мәнерлеп оқу, жанрын анықтайды. 2-топ берілген мәтінді түсініп оқып шығады, тірек сөздер көмегімен мазмұндайды. Нәтижесінде оқушы жаңа сөздермен танысып, ойын дұрыс айта білуге, тірек сөздерді тиімді қолдана отырып мазмұндауды үйренеді. 2-тапсырмада оқушы берілген сұрақты түсініп, нақты жауап беруге, қарапайым сұрақтар қоя білуге үйренеді. Сурет бойынша сөйлемдер құрап айтуда сөйлеу дағдысын қалыптастырамыз, ойын қазақша жеткізе білуге жаттығады.

**Бөлім тақырыбы: Өзім туралы**

**Оқу мақсаты:**

2.2.3.1\* күнделікті өмірде кездесетін жағдаяттарда қызығушылығы бойынша сұхбаттасына сұрақ қою, диалогке қатысу барысында этикет сөздерді қолдану

2.3.2.1 шағын мәтіндегі жиі қолданылатын сөздерден құрастырылған қарапайым фразалардың/ сөйлемдердің мағынасын түсіну

**Сабақтың мақсаты:** күнделікті өмірде кездесетін жағдаяттарда қызығушылығы бойынша сұхбаттасына сұрақ қою, диалогке қатысу, этикет сөздерді қолдану

Шағын мәтіндегі жиі қолданылатын сөздерден құрастырылған қарапайым сөйлемдердің мағынасын түсіндіру

**Жаңа сөздер:**

Пайдасы

Дәмді

Әзірлейді

Еңбексүйгіштік

Емдейді

**Суреттер бойынша сабақтың тақырыбын ашу.**



- Мына суретте кімдерді көрдіңіз?

- Бір сөзбен қалай айтамыз?

- Сабақтың тақырыбы қандай деп ойлайсындар?

- Бүгінгі сабақтың тақырыбы «Мамандықтың бәрі жақсы»

- Мамандықтың қандай түрлерін білесіңдер?

**Пайдасы, дәмді, әзірлейді, еңбексүйгіштік, емдейді.**

Оқушылар жаңа сөздердің аудармасын ресурс арқылы табады сөздерді тізбектеп оқиды; сөздермен сөз тіркестер, сөйлемдер құрастырады; 1-тапсырма. Мәтінді түсініп, оқындар, жоспар бойынша толық мазмұндандар.

Қазіргі уақытта мамандықтың түрі көп. Олар: мұғалім, аспаз, биші, әнші, дәрігер, сатушы, құрылысшы т.б. Мамандықтың жаманы болмайды. Әр мамандықтың өз пайдасы бар. Мысалы, дәрігер адамды емдейді. Аспаз әртүрлі дәмді тағамдар әзірлейді. Жақсы маман болу үшін еңбексүйгіштік пен білім қажет.

Жоспар:

1. Қазіргі кездегі мамандық.

2. Мамандықтың түрлері.
3. Әр маманның іс- әрекеті.
4. Жақсы маман.

Оқушылар топта мәтінді мазмұндайды.

Бағалау критерийі	Дескриптор
Жоспарды қолданып, мәтінді толық мазмұндау	Мәтінді оқып, мазмұнын меңгереді.
	Жоспар бойынша мәтінді мазмұнын, толық ойын жеткізеді.

ҚБ: «Асық»

2-тапсырма. «Менің болашақ мамандығым» тақырыбы бойынша диалогқа түсу.

Бағалау критерийі	Дескриптор
Мәтіннің мазмұнына диалог құрастыру	Мәтіндегі ақпаратқа сүйенеді
	Тақырып бойынша диалогке түсу

Сөйлемдерді берілген сөздермен толықтыру.

Әр мамандықтың өз .... бар. Дәрігер .... емдейді. .... дәмді тағамдар әзірлейді. Жақсы маман болу үшін ..... қажет.

**Қажетті сөздер:** білім, пайдасы, аспаз, адамды.

ҚБ: «Асық»

Кері байланыс: «Аяқталмаған ой»

- Мен бүгін ..... білдім.
- Мен .... тапсырманы орындадым.
- Маған ..... қызықты болды.

**Педагогке әдістемелік көмек**

Жаңа сабақтың тақырыбын ашуда мамандықтардың суреттері тақтаға ілінеді. Жетекші сұрақтар қоя отырып, сабақтың тақырыбы мамандық туралы екенін болжайды. Оқушылар жаңа сөздердің аудармасын табады, сөздерді тізбектеп оқиды, жаңа сөздермен сөз тіркестер және сөйлемдер құрастырады. 1-тапсырмада берілген мәтінді оқып шығып, жоспар бойынша мазмұндайды, оқылған мәтін бойынша мамандық туралы, оның пайдасы туралы өз ойын жеткізеді. 2-тапсырмада «Менің болашақ мамандығым» тақырыбында бір-біріне сұрақ қоя отырып, сыныптасымен диалогке түседі, сұрақтарына жауап алады. Сөйлеу дағдысын қалыптастыруда сөздер мен сөз тіркестерін тиімді қолдану, меңгерілген жаңа сөздермен сөйлем құрастыру, әңгімелей білудің маңызы зор. Соңғы тапсырмада сөйлемдерді қажетті сөздермен толықтыру беріледі. Бұл тапсырма арқылы оқушылар мамандықтар туралы алған білімін бекітеді, ойлау қабілеті дамиды. «Аяқталмаған ой» кері байланысы арқылы оқушылар өз ойын толық жеткізе білуді үйренеді.



### 3- СЫНЫП

**Бөлім тақырыбы: Жанды табиғат**

**Бөлімше тақырыбы: Жанды және жансыз табиғат**

**Оқу мақсаты**

3.2.4.1\* жоспар (сурет, сызба түрінде) және тірек сөздер негізінде оқиға желісін сақтай отырып мазмұндау

3.4.2.1\* оқыған/ аудио/ бейне материалдың мазмұнын тірек сөздерді қолданып жазу

**Сабақтың мақсаты**

Жоспар, сурет, тірек сөздер негізінде оқиға желісін сақтай отырып мазмұндайды; аудио материалдың мазмұнын тірек сөздерді қолданып жазады.



**Тақырыпашар тапсырма**

**Кесте бойынша сабақтың тақырыбын ашу.**



**Оқы, есте сақта!**

**Адамзат, жақсылық, қайырымдылық**

**1-тапсырма**



**Айтылым. Мәтінді мұқият тыңдаңыз. Табиғат-ананың сұлулығының сыры неде екенін сызбаға жазыңыз. Сызбаға сүйеніп, мәтіннің мазмұнын айтыңыз.**

**Қайырымдылықтың күдіреті**




Табиғат-Ананың Жер, Су, Ағаш деген үш ұлы болыпты. Олар өте ақылды, мейірімді екен. Табиғат-Ана бір күні ұлдарын шақырып алып:

- Адамдарға жақсылық еткен ұлыма үлкен сый тартамын, - деп уәде береді. Ұлдары анасының айтқанына қуанып, адамдарға жақсылық жасапты. Ұлдары:

- Апатай, сіздің сұлулығыңыздың сыры неде? – дегенде, Табиғат-Ана:

- Аяулы ұлдарым, бұның сыры - сендердің адамзатқа жасаған қайырымдылықтарыңда, - деп жауап береді.



**ҚБ: «Екі жұлдыз, бір тілек» әдісі**  
**2-тапсырма**



**ІТІТІЛІМ. Сұрақтарға жауап беріңіз.**

1. Ағашты сындырасың ба?
2. Суға шомыласың ба?
3. Жазда өзенге, көлге барасың ба?
4. Гүлді суғарасың ба?
5. Табиғат-Ананың ұлдары не үшін жолға шықты?

**ҚБ: жұбын бағалау**

**3-тапсырма**



**Дұрыс жауабын таңдаңыз.**

**1. Табиғат-Ана ұлдарын қандай іске жұмсады?**

- А) Жақсылық
- В) Сыйлық
- С) Сұлулық
- Д) Әдемілік

**2. Табиғат-Ананың сұлулығының сыры неде?**

- А) Қайырымдылық
- В) Сыйлық
- С) Қуаныш
- Д) Әдемілік

**3. Табиғат-Ананың балаларын табыңыз.**

- А) Жер, Су, Ағаш
- В) бұлт

- С) аспан
- Д) мұнай

#### 4-тапсырма




**Топтық жұмыс. «Ассоциограмма». «Табиғат» сөзіне қатысты тірек-сызба құрастыр. Сол тірек-сызба бойынша әңгіме құрап жаз. Жазғандарыңды алмасып, бір-біріңе сұрақ қойыңдар.**

**ҚБ: «Отшашу» әдісі**

**Кері байланыс: «Жер қыртысы»**

Бүгінгі сабақ бойынша жинаған білім қорын, тапсырмаларды орындау барысында қандай көңіл күйде болғаның туралы ой қорыт.



Бағалау критерийі	Тапсырма №	Дескриптор	балл
Тірек сөздердің негізінде мәтіннің мазмұнын айту	1	оқиға желісін сызбаға түсіреді;	1
		сызбаға сүйеніп мәтіннің мазмұнын айтады;	1
		баяндауда жүйелілікті сақтайды;	1
		сөйлеу барысында тілдік нормаларды сақтайды;	1
Сұрақтарға жауап беру	2	сұрақтарға жауап береді;	1
Сұрақтарға жауап беру	3	тірек сөздерді қолданады;	1
Тірек-сызба бойынша әңгіме құрап жазу	4	әңгіме құрап жазады;	2

**Педагогке әдістемелік көмек:**

Мәтін бөлім тақырыбына сәйкес алынды. Мәтін бойынша оқушылардың танымдық қабілетін, тыңдалым дағдысын дамытады. Тыңдалым мәтініне

байланысты сұрақтарға дұрыс жауап беру балалардың жылдам ойлау қабілетін арттырады. Осы әңгіме желісі бойынша рөлге бөліп оқытуға, жұптық, топтық жұмыстар жасауға болады. Тіерк сөздерді тиімді қолдана отырып, әңгіме мазмұнын баяндап айтып береді. Мәтін тапсырмалары білім алушыларды табиғатты сүйуге, қайырымдылық, жақсылық жасауға баулиды. Дескриптор арқылы оқушы нақты қандай тапсырманы орындау керек екенін біледі.

**Бөлім тақырыбы: Жанды табиғат**

**Бөлімше тақырыбы: Үй жануарлары — жанды табиғат**

**Оқу мақсаты**

3.3.2.1 жиі қолданылатын сөздер мен фразалардан құрастырылған шағын мәтіндегі негізгі ойды түсіну

3.4.1.1\* тірек сөздер, сызбалар, суреттер, символдарды қолданып мәтін жазу және постер құрастыру

**Сабақтың мақсаты**

Мәтіннің негізгі ойын анықтайды, сызбалар бойынша мәтін жазады, постер құрастырады.



**Тақырыпашар тапсырма**

**Сурет бойынша сөзжұмбақтардың жауабын шешу арқылы сабақтың тақырыбын ашу.**



1.Өзі үлкен жануар,  
Үстінде екі тауы бар.  
(түйе)

2.Өзі жуас, өзі момын,  
Бір шешпейді тонын.  
(қой)

**1-тапсырма.**



**Оқылым. Мәтінді түсініп оқыңыз, сұрақтарға жауап беріңіз, тереңіңіз.**

**Малдың пайдасы**



Үй жануарлары адамға көп пайда келтіреді. Жылқы – көлік. Оны арбаға, шанаға жегеміз, салт мінеміз. Биенің сүтінен қымыз дайындаймыз. Қымыз адамға өте пайдалы.

Түйеге жүк артамыз. Түйенің сүтінен шұбат жасайды. Шұбат та денсаулыққа өте пайдалы. Түйе – ыстыққа, аштыққа өте төзімді жануар. Сиыр, қой, ешкі – пайдалы үй жануарлары. Бұлардың сүтін ішеміз. Біздің ата - баларымыз сан ғасырлар бойы осы жануарларды өсіріп, тұрмысқа пайдаланған.



Үй жануарларын білесіз бе?



Сіздің үйіңізде үй жануары бар ма?



Үй жануарларына күтім керек пе?

### Қ/б «Сұрақ тармақтары»

#### 2-тапсырма



Айтылым. Үй жануарларының пайдасын айтыңыз.

	Сиыр	Түйе	Қой	Жылқы	Ешкі
- сүт береді					
- қымыз береді					
- шұбат береді					
- арбаға, шанаға жегеді					
- жүк артады					
- ыстықта шөлге төзеді					

### ҚБ: өзін-өзі бағалау

#### 3-тапсырма




Топтық жұмыс

1-топ: мал төлдерін нүктелерді қосу арқылы көрсетіп, постер құрастырыңыз.

2-топ: Мәтінге сүйеніп, сурет бойынша 3 сөйлем жазыңыз.

<p><b>1-топ: Мал төлдерін нүктелерді қосу арқылы көрсетіп, постер</b></p> <p>сиыр •                      • бота                      • бие</p> <p>жылқы •                    • лақ                        • атан</p> <p>ешкі •                        • құлын                    • қошқар</p> <p>қой •                         • бұзау                     • теке</p> <p>түйе •                        • козы                      • бұқа</p>	
---	--

**2-топ: Мәтінге сүйеніп, сурет бойынша  
3 сөйлем жазыңыз.**



**ҚБ: топтардың бірін-бірі бағалауы**

**4-тапсырма**



**Жазылым.** «Кім тапқыр?» ойыны. Үй жануарларының пайдасы туралы туралы сөйлемді толықтырып, осы сөздермен мәтін құрастырыңыз.

Жылқы – көлік. Оны арбаға, ... жегеміз, салт мінеміз. Биенің сүтінен ... дайындаймыз. Қымыз ... өте пайдалы. Түйеге ... артамыз. Түйенің сүтінен ... жасайды. Шұбат та ... өте пайдалы. Сиыр, қой, ешкі – пайдалы ... жануарлары. Бұлардың ... ішеміз.

**ҚБ: «Керемет» әдісі**

**Қорытынды.**

**Мақалға мән бер. Малды теппе, Тұзды төкпе.**

**Кері байланыс «Бес саусақ»**

Ақ параққа алақаныңды қойып, жиегін айналдырып бастыр. Салынған саусақтарға төменгі сұрақтар бойынша жауап жаз:

**Бас бармақ** – басты мәселе. Тақырып бойынша ең құнды мәселе қандай болды?

**Балаң үйрек** – бірлесу. Мен топта, жұпта қалай жұмыс жаймын.

**Ортан терек** – ойлану. Мен қандай білім мен тәжірибе алдым?

**Шылдыр шүмек** – шынайылық. Маған сабақ ұнады ма? Неліктен?

**Кішкентай бөбек** – көңіл-күй ахуалы. Мен осы тақырыпты оқу барсында өзімді қалай сезіндім?



Бағалау критерийі	Тапсырма №	Дескриптор	балл
Мәтіннің негізгі ойын анықтау	1	мәтіннің мазмұны бойынша сұрақтарға жауап береді;	1
		мәтіннің тақырыбына қатысты ойын айтады;	1
		мәтіннің негізгі ойын тұжырымдайды.	1

Кестені толтыру	2	төрт түліктің пайдасын айтады;	1
		кестені толтырады;	1
Төлдерді анық көрсету, постер құрастыру	3	сөздерді оқиды, нүктелерді қосады;	1
		постер құрастырады;	1
		3 сөйлем жазады, кесте бойынша мазмұндайды;	1
Мәтінді түрлі формада ұсыну	4	толықтырылған кесте бойынша мазмұндайды;	1
		мәтін құрастырады;	1

### Педагогке әдістемелік көмек:

Мәтін бөлім тақырыбына сәйкес алынды. Мәтін бойынша алынған кесте, сызба, суреттер арқылы оқушылардың шығармашылық қабілеті, функционалдық сауаттылығы артады. «Кім тапқыр?» ойыны арқылы үй жануарларының пайдасы туралы туралы сөйлемді толықтырып, мәтін құрастырады. Мәтін тапсырмалары білім алушыларды төрт түліктің қасиеті, пайдасы, қазақ халқының өміріндегі алатын орны туралы туралы білімін кеңейтеді. Мәтіндегі негізгі ойды түсіну арқылы өз ойын еркін айтуға, шығармашылық жұмыстар жасауға дағыдаланады.

**Бөлім тақырыбы: Жанды табиғат**

**Бөлімше тақырыбы: Қандай әдемі балапан!**

**Оқу мақсаты**

3.1.3.1\* тыңдаған материалдың (ұзақтығы 1,5-2 мин) мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беру және сюжеттің даму желісі бойынша иллюстрациялар орналастыру/кесте толтыру/мазмұндау

**3.2.2.1 берілген тірек сөздер негізінде сөйлеу (3-4 сөйлем)**

**Сабақтың мақсаты**

**Тыңдаған материалдың мазмұны бойынша сұрақтарға жауап береді, кесте толтырады, мазмұндайды, тірек сөздер негізінде сөйлейді.**



**Тақырыпашар тапсырма**

Тор көздерге адасқан әріптерді дұрыс орналастырғанда, төменгі жолдан сабақтың тақырыбын оқуға болады.

Ұя, балапан, қайғы, қайғыру, аяу

ЯҰ	<input type="text"/>	<input type="text"/>
НПАБЛАА	<input type="text"/>	<input type="text"/>
ЫҒЙКА	<input type="text"/>	<input type="text"/>
АЫРКУҒЙ	<input type="text"/>	<input type="text"/>
УАЯ	<input type="text"/>	<input type="text"/>
СНҰЫТКҰЫЯС	<input type="text"/>	<input type="text"/>

ЯҰ	<input type="text"/>	<input type="text"/>
НПАБЛАА	<input type="text"/>	<input type="text"/>
ЫҒЙКА	<input type="text"/>	<input type="text"/>
АЫРКУҒЙ	<input type="text"/>	<input type="text"/>
УАЯ	<input type="text"/>	<input type="text"/>
СНҰЫТКҰЫЯС	<input type="text"/>	<input type="text"/>



## 1-тапсырма

🗎 Тыңдалым. Мәтінді мұқият тыңдаңыз. Кестедегі сұрақтарға жауап беріңіз. Кестеге тірек сөздерді жазыңыз.

### Құстың ұясы



Балалар далада ойнап жүреді. Ағаштың басынан бір құстың ұясын көреді. Бұл ұяның ішінде екі балапан отыр екен. Балалар оны үйіне алып келеді. Әкесі балаларға: «Бұл балапанды ұядан неге алдыңдар? Анасы іздейді. Бұл балапан әлі кішкентай. Бұл да анасын іздейді. Баласыз анасы да қайғырады», - деді. Балалар балапанды аяды. Оны құстың ұясына апарып қояды.

(С.Көбеев)

Сіз құстың ұясын көрдіңіз бе?	Құстарға қамқорлық жасайсыз ба?	Құстарға жаныңыз аши ма?	«Баласыз анасы да қайғырады» дегенді қалай түсінесіз?

Сұрақтар	Иә	Жоқ
Сіз құстың ұясын көрдіңіз бе?		
Құстарға қамқорлық жасайсыз ба?		
Құстарға жаныңыз аши ма?		

## 2-тапсырма.



Сюжеттің даму желісі бойынша сұрақтарға жауап бере отырып мұндаңыз.

а) Мәтін ұнады ма?

ә) Қалай ойлайсыз? Балалардың ісі дұрыс па?

б) Дұрыс жауапты таңдаңыз.

Балалардың орнында сіз болсаңыз едіңіз?

• балапанды ұясынан алмас едім

Мен •

• балапанды өлтіріп тастар едім

• балапанды ұясына апарамын



ҚБ: «Жалпы сұрақ» техникасы бойынша бағаланады.

## 3-тапсырма



Мәтін мазмұнын түсіндіңіз бе? Тексерейік.

1. Құс ұясын қайда салады?

- A) ағаштың басына
- B) қағаштың түбіне
- C) ағаштың ортасына

2. Құс ұясын неден жасайды?

- A) тастан
- B) құмнан
- C) шөптен

#### 4-тапсырма



Коспар бойынша «Құстың ұясы» тақырыбында менталды карта әзірлеңіз. Жазған ақпаратыңа сүйеніп, жұмысыңды қорға.

- 1) Құстың ұясы.
- 2) Екі балапан
- 3) Балапанды аяу
- 4) Құсты ұясына апару

#### Қ/б «Сұрақ тармақтары»

<b>Кері байланыс: «Зерде»</b>	
Алған ақпараттарыңды тұжырымдап, өз жетістігіңе баға бер.	
<p><b>Білім</b> – тақырып бойынша алған ақпараттарым.</p> <p><b>Эмоция</b> – сабақтағы көңіл-күйім.</p> <p><b>Баға</b> – жетістігіме беретін бағам.</p> <p><b>Сын</b> – өз бойымда нені дамытуым керек?</p> <p><b>Идея</b> – маған келген жаңа ой.</p>	

Бағалау критерийі	Тапсырма №	Дескриптор	балл
Мәтіннің мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беру	1	мәтінді мұқият тыңдайды;	1
		берілген сұрақтың жауабын анықтайды;	1
		мәтіннен сұраққа сәйкес тірек сөздерді анықтайды;	1
Сюжеттің даму желісі бойынша сұраққа жауап беру, сәйкестендіру	2	суретті сипаттайды;	1
		сөздерді сәйкестендіреді;	1
		мазмұнын айтады;	1

Мәтін мазмұнын тексеру	3	сұрақтарға жауап береді;	1
Берілген тақырып бойынша ойын жеткізу	4	жоспарға сәйкес менталды карта жасайды;	1
		сөздерді мағынасына қарай қолданады;	1
		жұмысын таныстыруда тілдік нормаларды сақтайды;	1

### Педагогке әдістемелік көмек:

Тапсырмалар тақырыпқа сай алынған. Мәтін мазмұнын оқушыларды жанды табиғаттың қыр-сырын тануға, соның ішінде құстарды пайдасы, оларға қамқорлық жасау – әрбір адамның борышы екенін ұғынады. Мәтін мазмұнын меңгертуге арналған тапсырмалар арқылы суреттерді сипаттап үйренеді, сөздерді сәйкестендіру арқылы дәлдікке, тапқырлыққа шындалады. Білім жетістігін бағалауда нақты, жағымды бағалау арқылы оқушының нәтижеге жетуінің әрбір қадамы болмақ. Сондықтан да баланың өзін-өзі бағалауда дескрипторды дұрыс құрастырудың маңызы зор.

1-тоқсан

3-сынып

**Бөлім тақырыбы: Жақсыдан үйрен, жаманнан жирен**

**Бөлімше тақырыбы: Қайырымды бала**

**Оқу мақсаты**

3.2.4.1\* жоспар (сурет, сызба түрінде) және тірек сөздер негізінде оқиға желісін сақтай отырып мазмұндау

3.4.1.1\* тірек сөздер, сызбалар, суреттер, символдарды қолданып мәтін жазу және постер құрастыру

**Сабақтың мақсаты**

Жоспар, сурет, сызба түрінде және тірек сөздер негізінде оқиға желісін мазмұндайды, тірек сөздер, сызбалар, суреттер қолданып мәтін жазады.



**Тақырыпашар тапсырма**

«Қайырымды» сөзіне постер жасаңыз.

**1-тапсырма**



**Тыңдалым. Мәтінді тыңдап сұрақтарға жауап беріңіз.**

Қайырымды бала



Бір бала мектептен үйіне келді. Әкесіне сабағын айтып берді. Баласының сабақты жақсы білетінін білген әкесі, баласын қуантайын дейді. Оған он тиын күміс берді. Бала оны алып базарға шығады. Жолда ол қарны аш, жалаңаш қайыршыны көрді. Бала ойлады:

“Керек нәрсем болса, әкем тағы ақша береді. Ал бұл ақшаны босқа жұмсамаймын”, - деді.

Сөйтіп, бала ақшасын қайыршыға береді. Үйіне келіп, істегенін әкесі мен шешесіне айтады. Үшеуі де қуанды.

1. Сізге қайырымдылық жасаған ұнай ма?
2. Сіздің достарыңыз қайырымды ма?
3. Қайырымдылық барлық адамда кездесе ме?

**ҚБ: «Бағдаршам» әдісі**

**2-тапсырма**



**Айтылым. Дұрыс жауабын айтыңыз, сәйкестендіріңіз, мазмұнын баяндаңыз.**

*Бала ақшасын қайда жұмсады?*

- A) әкесіне қайтарып береді.
- B) доп сатып алады.
- B) Қайыршыға береді.

• Әкесіне қайтарып береді.

Бала ақшасын қайда жұмсады? •

• Доп сатып алды.

• Қайыршыға берді.

**3-тапсырма**



**Жазылым. Берілген мақал негізінде әңгіме құрастырып жазыңыз.**

<p>Ақылсыз алғанына, ақылды бергеніне қуанады.</p>	
--	--

**ҚБ: бірін-бірі бағалау**

**4-тапсырма**

**Пікірлесейік. Берілген сұраққа толық жауап беріңіздер.**

Қандай баланы қайырымды деп айтуға болады?

1. Менің ойымша, қайырымды оқушы...		2.
3.	4.	5.

<b>Бағалау критерийі</b>	<b>Тапсырма №</b>	<b>Дескриптор</b>	<b>балл</b>
Мәтінді мұқият тыңдау, мазмұндау	1	мәтінді мұқият тыңдайды;	1
		мазмұнын баяндайды;	1
		сұрақтарға жауап береді;	1
Дұрыс жауабын айту, сәйкестендіру	2	дұрыс жауабын табады;	1
		сәйкестендіреді, баяндайды;	1
Тиісті сөздермен мәтін жазу	3	мақалға сүйеніп жүйелі мәтін құрастырады;	1
		мәтіннің құрылымдық бөліктерін сақтайды;	1
		сөйлемдегі сөздердің орын тәртібін сақтап жазады;	1
		сөйлемдерді қатесіз жазады.	1
Сызбаны қолданып мәтін жазу	4	сұраққа жауап жазады;	1

### **Кері байланыс.**

Мен ... білемін.

Мен ... түсінемін.

Мен ... жасай аламын.

### **Педагогке әдістемелік көмек**

Мәтін бөлім тақырыбына сәйкес алынды. Мәтін бойынша әр түрлі тапсырмалар арқылы оқушылардың сөздік қорын, айтылым, тыңдалым, оқылы дағдысын дамытуға болады. Тыңдалымдағы тақырыпқа байланысты сұрақтарға дұрыс жауап беру балалардың жылдам ойлау қабілетін арттырады. Осы әңгіме желісі бойынша рөлге бөліп оқытуға, жұптық, топтық жұмыстар жасатуға болады. Тапсырмалар арқылы оқушылардың функционалдық сауаттылығы артады. Берілген мақалдың мағынасын түсіне отырып, өз бетінше мәтін құрастыру арқылы оқушының ауызекі сөйлеу дағдысы дамиды. Мәтін тапсырмалары білім алушыларды қайырымдылыққа, сыпайылыққа, жанашырлыққа үйретеді.

2-тоқсан

### **3-сынып**

**Бөлім тақырыбы: Уақыт**

**Бөлімше тақырыбы: Бос уақыт**

**Оқу мақсаты:**

3.1.3.1\* тыңдаған материалдың (ұзақтығы 1,5-2 мин) мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беру және сюжеттің даму желісі бойынша иллюстрациялар орналастыру/кесте толтыру/мазмұндау

3.2.3.1\* белгілі тақырыптағы әңгімеге қатысу және сұхбаттасын түсіну және олардың ойын толықтыру

**Сабақтың мақсаты**

Тыңдаған материалдың мазмұныны бойынша сұрақтарға жауап береді, кесте толтырады, әңгімеге қатысады, сұхбаттасын түсінеді және олардың ойын толықтырады.

**Жаңа сөздер:** уақыт, барлық, бос, бірдей



### Тақырыпашар тапсырмалар

- 1.«Айтып көр» ойыны. Сурет бойынша тақырыпқа болжам жасаңыз.
2. «Уақыттың бос өткені - өмірдің бос кеткені» мақалдың мағынасын қалай түсінесіз?



### 1-тапсырма

 Тыңдалым. Тыңдалға  сұрақтарға жауап беріңіз, мазмұндаңыз.

#### Босқа өткен күн



Ермектің ағасына досы Марат келіп:

– Менің бүгінгі күнім босқа кетті, – деді.

Досы кеткен соң Ермек ағасынан:

- Күн қалай босқа кетеді? Барлық күн бірдей емес пе? – деп сұрады.
- Барлық күннің уақыты бірдей, – деді ағасы, – бірақ істелінген жұмыстары әр түрлі. Сол күннен бастап Ермек ұйықтардың алдында ағасына не жасағанын айтып:
- Менің бүгінгі күнім босқа кеткен жоқ па? – деп сұрайды.

1. Әр күнді жоспарлайсыз ба?
2. Әр күнді жоспарлау ұнай ма?
3. Барлық күннің уақыты бірдей ме?
4. Босқа өткен күн деген не?

**ҚБ: сындарлы мадақтау:**«Сен жарайсың!» «Сенің жұмысыңа ризамын!»

### 2-тапсырма



**Айтылым.** Жұбыңмен диалог құрастыр. Диалог барысында берілген сөз орамдарын қолдан. Ермектің іс-әрекетін білдіретін сөздерді тауып айтыңыздар.

**Диалогке қажетті сөз орамдары:** босқа өткен күн, барлық күн, уақыты бірдей, ұйықтар алдында, бірдей емес пе?

**ҚБ: жұбын бағалау**

### 3-тапсырма



**Тыңдалым. Сөйлемдерді сюжеттің даму желісі бойынша кестені орын тәртібімен орналастырыңыз. Мазмұндаңыз.**

<p>- Күн қалай босқа кетеді? Барлық күн бірдей емес пе? – деп сұрады.          Ермектің ағасына досы келіп:          - Менің күнім босқа кетті, – деді.          Барлық күннің уақыты бірдей, – деді ағасы, – бірақ істелінген жұмыстары әр түрлі.          - Менің бүгінгі күнім босқа кеткен жоқ па? – деп сұрайды.</p>	
---	--

#### **4-тапсырма**

**«Уақытты тиімді пайдалану» деген тақырыпта жұп болып диалог құрастырыңыздар.**

1. Уақытты тиімді өткізу деген не?
2. Сабаққа дайындалуға қанша уақыт кетеді?
4. Бос уақытыңда немен айналысқанды жақсы көресің?
5. Көңіліңнің қалауы кітап па, интернет пе?
6. Әлеуметтік желідегі қызықтар сенің көп уақытыңды ала ма?

#### **Кері байланыс. «Түртіп алу жүйесі»**

Бұрыннан білемін+	Жаңа ақпарат !	Мен басқаша ойлаймын -	Сұрағым бар?	Білгім келеді???

Бағалау критерийі	Тапсырма №	Дескриптор	балл
Мәтінді мұқият тыңдау, сұрақтарға жауап беру, диалог құрастыру	1	мәтінді мұқият тыңдайды;	1
		сұрақтарға жауап береді;	1
		мазмұнын баяндайды;	1
Жұппен әңгімелесу, диалог құрастыру, іс-әрекетті білдіретін сөздерді табу	2	сұхбаттасына сұрақтар қояды;	1
		сұхбаттасының сұрақтарына жауап береді;	1
		сөйлеуде тілдік нормаларды сақтайды;	1
		іс-әрекетті білдіретін сөздерді табады;	1
Сюжет желісі бойынша кестені толтыру, мазмұндау	3	сюжет желісі бойынша кестені толтырады;	1
		толықтырылған кесте бойынша мазмұндайды;	1



Әңгімеге катысу, сұхбаттасын түсіну, олардың ойын толықтыру	4	түрлі жағдаяттарда қарым-қатынасқа түседі;	1
---	---	--	---

### Педагогке әдістемелік көмек

Мәтін бөлім тақырыбына сәйкес алынды. Бұл мәтін бойынша әр түрлі тапсырмалар арқылы оқушылардың сөздік қорын, айтылым дағдысын дамытуға болады. Тыңдалымдағы тақырыпқа байланысты сұрақтарға дұрыс жауап беру балалардың жылдам ойлау қабілетін арттырады. Осы әңгіме желісі бойынша рөлге бөліп оқытуға, жұптық, топтық жұмыстар жасатуға болады. Тапсырмалар арқылы оқушылардың функционалдық сауаттылығы артады. «Айтып көр» ойыны арқылы ауызекі сөйлеу дағдысын дамытады. Оқушы суретке қарап, өзі туралы айтып береді. Мәтін тапсырмалары білім алушыларды уақытты үнемдеуге, бос уақытты тиімді пайдалануға, жауапкершілікке үйретеді.

3-тоқсан

### Педагогке әдістемелік көмек:

Тақырып бойынша таңдалған мәтін тапсырмалары оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттыруға бағытталған. Топтарға бөлу арқылы ақпарат бойынша үш сұрақ құрастырып айтуда оқушылардың жылдам шешім қабылдау, логикалық ойлауы дамып, 4К дағдысы дамиды. Оқиғаны болжау отырып, өз ойын еркін айтуға, дұрыс шешім қабылдауға үйренеді.

### 3-сынып

**Бөлім тақырыбы: Өнер**

**Бөлімше тақырыбы: Қолөнер шебері**

**Оқу мақсаты**

3.2.1.1 берілген тақырыпқа қатысты сөздерді табу және сөйлеу барысында қолдану

3.4.2.1\* оқыған/аудио/ бейне материалдың мазмұнын тірек сөздерді қолданып жазу

**Сабақтың мақсаты**

Тақырыпқа қатысты сөздерді табады, сөйлеу барысында қолданады, тірек сөздерді қолданып мазмұнын жазады.



### Тақырыпашар тапсырма

**Өлең жолдарындағы тірек сөздерді табу арқылы сабақтың тақырыбын ашу**

Құрақ көрпе қандай әсем, қарашы,  
Ағын, көгін, қызыл, сары, қарасын.  
Бес боюямен алты шаршы құрапты,  
Қандай өнер, тауып тұр ғой жарасым...



С.Назарбекұлы

**1-тапсырма.**

**Мәтінді тындап, сұрақтарға жауап беріңіз.**

**Құрақ көрпе**



Қарлығаштың үйіне ауылдан әжесі келді. Ол кісі жиналып қалған матаның қиықтарын көріп:

- Мұны не істемексіңдер? – деді. Қарлығаштың апасы:
  - Қабылдау пунктіне өткіземіз бе, білмеймін.... – деді.
  - Мен құрақ көрпе жасап берейін, - деді әжесі.
- Құрастырып, қиықтарды тіккенде әдемі «құрақ көрпе» болып шықты. Бұған апасы қуанып, әрі таңданып қалды.
- Қалдықты да пайдаға жаратқан жөн! «Үнемділік – үстеме дәулет, - деді әжесі.

1. Құрақ көрпе көрдіңіз бе?
2. Үйде құрақ көрпе бар ма?
3. Құрақ көрпе ұнай ма?
4. Құрақ көрпе қалай жасалатынын білесіз бе?

**«Эмоциялық бағалау» (Шіркін! Алақай! Қап!)**

**Топтық жұмыс**

**2-тапсырма**

<p><b>1-топ:</b> Мәтін мазмұны бойынша дұрыс(+), дұрыс емес (-) жазылған сөздерді табыңыз.</p>	
<p><b>2-топ:</b> Аудио материалдың мазмұнын тірек сөздерді қолданып жазыңыз.</p>	



**ҚБ: «Эмоциялық бағалау»**

**3-тапсырма**

**Сұраққа жауап беріңіз. Мәтін мазмұнынан түсінгеніңізді сөйлеу...**

1. Қарлығаштың әжесі қайдан келді?
  - А) ауылдан
  - В) қаладан
2. Қарлығаштың әжесі не құрастырды?
  - А) жастық

- С) ауданнан  
Д) шетелден

- В) көйлек  
С) көрпе  
Д) шалбар

#### 4-тапсырма



**Қолөнердің маңызы мен болашағы туралы өз пікіріңізді дәлелденіз.**


**1-ші сөйлем.** «*Менің ойымша...*»

**Екінші сөйлем.** «*Себебі мен оны ... деп түсіндіремін.*»

**Үшінші сөйлем.** «*Оны мен ... деген мысалдармен дәлелдей аламын.*»

**Соңғы сөйлем.** «*Осыған байланысты мен ... деген шешімге келдім.*»

#### ҚБ «Екі жұлдыз, бір тілек» әдісі

<b>Кері байланыс: «Қызық. Қиын Құнды»</b>	
Жапырақ бөлімдеріне бүгінгі сабақ барысында сен үшін не қызық, қиын, құнды болған тұстарын жазып, ой қорыт.	

<b>Бағалау критерийі</b>	<b>Тапсырма №</b>	<b>Дескриптор</b>	<b>балл</b>
Мәтінді тыңдау, мазмұндау, сұрақтарға жауап беру	1	мәтінді мұқият тыңдайды;	1
		мазмұнын баяндайды;	1
		сұрақтарға жауап береді;	1
Мәтін мазмұны бойынша дұрыс(+), дұрыс емес (-) жазылған сөйлемдерді табу	2	сөздерді оқиды;	1
		дұрыс сөздерді табады;;	1
		тірек сөздер арқылы мәтін мазмұнын жазады;	1
Мәтін мазмұнын тексеру	3	мәтін мазмұнын баяндайды;	1
Өз пікірін дәлелдеу	4	қолөнердің маңызын дәлелдейді;	1

#### Педагогке әдістемелік көмек

Тыңдалым мәтін тапсырмалары оқушылардың сыни ойлауын дамытады. Мәтін мазмұнын сұрақтар негізінде есте сақтауға, дұрыс баяндауға үйретеді. Мәтін бойынша дұрыс(+), дұрыс емес (-) жазылған сөйлемдерді табу арқылы топтық жұмыста ынтымақтастықпен жұмыс жасау дағдылары дамиды. Сабақ барысында оқушылар үнемділік, пайдаға жарату деген қасиеттердің тиімді екеніне көз жеткізеді. Тірек сөздерді мәтін мазмұнымен байланыстырып айтуды үйренеді.

**Бөлім тақырыбы: Су – тіршілік көзі**

**Бөлімше тақырыбы: Ағаш сумен өседі**

**Оқу мақсаты**

3.1.3.1\* тыңдаған материалдың (ұзақтығы 1,5-2 мин) мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беру және сюжеттің даму желісі бойынша иллюстрациялар орналастыру/кесте толтыру/мазмұндау

3.2.4.1\* жоспар (сурет, сызба түрінде) және тірек сөздер негізінде оқиға желісін сақтай отырып мазмұндау

**Сабақтың мақсаты**

Тыңдаған материалдың мазмұны бойынша сұрақтарға жауап береді, кесте толтырады, жоспар, сурет, сызба түрінде және тірек сөздер негізінде оқиға желісін сақтай отырып мазмұндайды.



**Тақырыпашар тапсырма**

- Суретте не бейнеленген?
- Бақша ағаштары өсуі үшін не қажет?
- Суретті сөйлетіп көр.



**1-тапсырма**



**Тыңдалым. Мәтінді мұқият тыңдаңыз, сұрақтарға жауап беріңіз, мазмұндаңыз.**

**Бақша ағаштары**



Бір күні диқан баласымен бақшаға барады. Егілген ағаштар мен гүлдерді көреді.

- Мынау ағаш неліктен тік, ана біреуі неге қисық біткен? – деп сұрады баласы.

- Оның себебі, бұл ағашты күткен. Мына ағашты ешкім күтпеген.

- Олай болса, күтуде көп мағына бар екен ғой, - деді баласы.

- Әрине, күтуде көп мағына бар. Мұнан сен өзіңе сабақ алсаң болады. Сен жас ағашсың, саған да күтім керек. Мен пайдалы іске үйретсем, онда түзу болып өсесің. Ал айтқанымды тыңдамасаң, мына ағаш сияқты қисық өсесің, - деді.

№	мазмұны	жауабы
1	Мәтін не туралы?	
2	Мәтіннің негізгі идеясын жазыңыз.	

3	- Олай болса, бағу-қағуда көп мағына бар екен ғой,-деді баласы. «Бағу – қағу» дегенді қалай түсінесің?	
4	«Сен жас ағашсың саған да күтім керек» деген сөздің суретпен қаншалықты байланысты екенін жаз.	

**ҚБ: «Бағдаршам» әдісі**  
**2-тапсырма**



**Топтық жұмыс.**

**1-топ: Сурет бойынша мәтін құраңыз.**

**2-топ: Берілген ақпарат бойынша үш сұрақ құрап айтыңыз.**

<p>*Бақша ағаштары сумен өседі.          *Бақша ағашының адам өмірімен байланысы бар.          *Күтуде көп мағына бар.</p> 	

**ҚБ: бірін-бірі бағалауы**  
**3-тапсырма. «Бес жолды өлең» әдісі.**



**Айтылым. Бақша ағаштары жақсы өсу үшін не керек? Ойлан! «Су» сөзіне бес жолдық өлең құрастырып айт.**



**ҚБ: Суретті анықтау**

**Кері байланыс: «Жетістік ағашы»**

Тақырып бойынша алған білімнің мен іс-әрекетінді қалай бағалайсың?  
«Жетістік ағашынан» өзінді тауып, бояп, қорытынды тұжырымыңды жаз.



Бағалау критерийі	Тапсырма №	Дескриптор	балл
Мәтінді мұқият тыңдау, мазмұндау, сұрақтарға жауап беру	1	мәтінді мұқият тыңдайды;	1
		сұрақтарға жауап береді;	1
		жаңа сөздерді орынды қолдайды;	1
Мәтін құрау, мазмұндау	2	сурет бойынша мәтін құрайды; берілген ақпарат бойынша үш сұрақ құрастырады;	1 1
Тыңдаған фразаның кейінгі оқиғаны болжау	3	кейінгі оқиғаны болжайды;	1
		бес жолды өлең құрастырады;	1

**Бөлім тақырыбы: Су – тіршілік көзі**

**Бөлімше тақырыбы: Құдықтың суы тұщы**

**Оқу мақсаты**

3.1.3.1\* тыңдаған материалдың (ұзақтығы 1,5-2 мин) мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беру және сюжеттің даму желісі бойынша иллюстрациялар орналастыру/кесте толтыру/ мазмұндау

3.2.3.1\* белгілі тақырыптағы әңгімеге қатысу және сұхбаттасын түсіну және олардың ойын толықтыру

**Сабақтың мақсаты**

Тыңдаған аудио/ бейнематериалдың мазмұнын түсініп, мазмұндайды, кесте толтырады, әңгімеге қатысады.



**Тақырыпшар тапсырма**

**Топтастыру әдісі бойынша сабақтың тақырыбын ашу.**

Құдықтың суы қандай?



## 1-тапсырма

 **Тыңдалым.** Мәтінді мұқият тыңдаңыз. Жаңа сөздерді анықтап, сұрақтарға жауап беріңіз.

Құдық басында



Досжан атын суармақшы болды. Ол құдыққа барды. Құдық басында кісі көп екен. Қалтай қария су тартып жатыр. Бір-екі бала қасында қарап тұр. Досжан оларға жақтырмай қарады. Ол шалдан шелекті сұрап алды. Қарт еңтігіп қалды. Досжан ақсақалдың атын суғарып берді.

Бір кезде Бағила әжей суға келді. Досжан су құйып берді. Екі шелек суды әжейдің үйіне жеткізді. Кемпір Досжанға алғысын айтты.

Сұрақтар	Иә	Жоқ
Құдықтың суын іштіңіз бе?		
Құдықтың суы ұнады ма?		
Құдықтан су алып көрдіңіз бе?		

## ҚБ: «Бағдаршам» әдісі

### 2-тапсырма



**Топтық жұмыс.**

**«Жағымды, жағымсыз, даулы» әдісі арқылы өз ойыңызды айтыңыз.**

Жағымды	Жағымсыз
Ол шалдан шелекті сұрап алды	Құдық басында кісі көп.
Досжан ақсақалдың атын суғарып берді	Бір-екі бала қасында қарап тұр
Екі шелек суды әжейдің үйіне жеткізді.	Досжан оларға жақтырмай қарады.

## ҚБ: «Эмоциялық бағалау»

### 3-тапсырма.



**Жазылым.** Мәтін мазмұны бойынша сөйлемдердің ретін көрсетіңіз.

Бір кезде Бағила әжей суға келді.	
Досжан атын суармақшы болды	
Ол шалдан шелекті сұрап алды.	
Екі шелек суды әжейдің үйіне жеткізді.	
Құдық басында кісі көп екен.	
Досжан су құйып берді.	
Қалтай қария су тартып жатыр	
Екі шелек суды әжейдің үйіне жеткізді.	



## ҚБ: Тапқырсың!

### 4. Сұрақтарға жауап беріңіз, ойыңызды әңгімелеңіз.

Екі түрлі түсініктеме күнделігі

Құдықтың суы қандай?	Кімнің іс-әрекеті дұрыс деп ойлайсың?

### «Эмоциялық бағалау» (Шіркін! Алақай! Қап!)

#### Кері байланыс: «Білім кемесі»

Кеме желкенін сәйкес түске бояп, тақырып бойынша өз жетістігіңе баға бер.



**Жасыл түс** – толық түсінік пен белсенділік.

**Сары түс** – қиындық пен толқыныс.

**Қызыл түс** – түсініксіздік пен алаңдаушылық.

Бағалау критерийі	Тапсырма №	Дескриптор	балл
Мәтіннің мазмұнын тыңдау	1	мәтінді мұқият тыңдап, сұраққа жауап береді;	1
		жаңа сөздерді анықтайды;	1
«Жағымды, жағымсыз, даулы» әдісі арқылы өз ойын айту	2	кестемен жұмыс жасайды;	1
		жағымды және жағымсыз іс-әрекеттерді ажыратады;	1
		кесте бойынша өз ойын білдіреді;	1
Сөйлемдерді ретімен жазу	3	сөйлемдерді оқиды;	1
		кестені толтырады;	1
		кесте бойынша мазмұндайды;	1
әңгімеге қатысу, сұхбаттасын түсіну	4	өз ойын айту;	1
		әңгімелеу;	1

#### Педагогке әдістемелік көмек

Тыңдалым мәтіні оқушылардың шығармашылық қабілетін, функционалдық сауаттылығын арттыруға бағытталған. Оқушыларды шағын топтарға біріктіру арқылы әр топ оқылған әңгімені немесе мәтінді «жағымды, жағымсыз, даулы» мәселелерге бөліп, талқылап, өз ойларын (идеяларын) айтады. Содан кейін әр топқа тек бір мәселені бөліп беріп, олар үлкен топқа өз ойларын (идеяларын) ұсынады, ал басқа топтар толықтырып немесе қарсы пікірлер айтуына болады. Құдық басына су ала келген қарияларға көмек қолын

созған Досжанның іс-әрекеті оқушыларды суды үнемдеуге, үлкендерге қолғабыс етуге, сый-құрмет көрсетуге баулиды. Мәтінді кесте бойынша баяндау арқылы өз ойын еркін айтуға, шығармашылық жұмыстар жасауға дағыланады.

**Бөлім атауы:** Жанды табиғат.

2. Жақсыдан үйрен, жаманнан жирен

Оқылым 3.3.1.1\* мәтінді немесе оның бөлімдерін мәнерлеп оқу, шолып (танысу мақсатында) оқу/рөлге бөліп оқу

1-тапсырма. Ой шақыру. Мына суреттер бойынша, сабақтың тақырыбына болжам жасаңыз.



2- тапсырма **Мақал-мәтелдерге мән беріңіз.** ( *Мағынасын әңгімелеп түсіндірсеңіз болады.*)

Жақсы сөз-жарым ырыс

Біреуге ор қазба,өзің түсесің.

Жақсылық жасасаң да өзіңе, жамандық жасасаң да өзіңе

Бір тал кессең, он тал ек.

Дескриптор:

Сөйлеу түрлерін біледі, қолданады.

**Оқылым тапсырмасы**

### **Жамандық ойлама**

Адам үйіне бір түп гүл әкеліп отырғызды .Құнарлы жерге отырғызылған ол күннен- күнге тамыр жайып, гүлдеп жайқалып өсе берді. Гүл бәрін де сүйетін: мөп-мөлдір суды, да, тап-таза ауаны да, күнді де.

Ол осынау тіршілік иесі болғанына, өзін әкеліп отырғызған адамға да риза еді.Бір күні қасындағы бір шөп:

-Әй, сен әдемісің! Бірақ мен сені құртамын. Сенің әдемі болып тұруыңа қарсымын. Мен сені жек көремін – дейді.

Гүл бұған ренжіп қалады. Бір түрлі жабырқап қалды. Ештеңе дей алған жоқ. Көздері жасаурап кетті. Бірте-бірте солып, сарғайып бара жатты. Гүлге қасында тұрған үлкен гүл былай дейді:

- Жабырқама! Сабыр ет! Адамдар оны «арам шөп» деп атайды. Ол –өзінен басқаны ойламайтын жаман шөп. Біреуге жамандық ойлайды. Сондықтан оны адамдар құртады. Өлі –ақ құтыламыз,- деп жұбатады үлкен гүл.
- «Жақсы сөз – жарым ырыс» деген ғой. Оның көңілі біраз көтеріліп қалды. Өлгі гүлдің айтқаны рас болып шықты. Ертеңіне адам келді де, арам шөпті жұлып тастады. Гүл қайтадан құлпырып өсе бастады. Алайда көп нәрсені ұққандай болды. Өмірде жақсылар да, жамандар да бар екен.

(Балтабай Әділов)

3- тапсырма

**Мәтін мазмұнын түсіндіңіз бе? Тексерейік.**

**Адам әкеліп отырғызған гүл қалай өсе бастады?**

- A) сарғайып
- B) жайқалып
- C) өспеді
- D) өліп қалды

**Мен сенің жайқалып өсуіңе қарсымын деген.....**

- A) арам шөп
- B) адам
- C) үлкен гүл
- D) шегіртке

**Гүл қалай қайта құлпырып өсе бастады?**

- A) арам шөп өскендіктен
- B) өз күшімен
- C) басқа гүлдердің көмегінен
- D) арам шөпті жұлғандықтан

Дескриптор:

Мәтінді оқиды.

Сұрақтарға жауап береді.

**Оқылым тапсырмасы**

Мәтінді рөлге бөліп, мәнерлеп оқыту және де әңгімені сахналап рөлге бөліп ойнату

4- тапсырма



**Топпен жұмыс. «Топтық кері байланыс» әдісі** Екі немесе үш топқа бөлініп өсімдік тірі табиғат оның пайдасы оны қорғау және гүл әдемілік,әсемдік белгісі екенін қорғап береді..

**1 топ** Табиғаттағы өсімдіктерді қорғау оның пайдасы жайлы әңгімелейді.

**2 топ** Гүлдің табиғатқа тигізер пайдасы және табиғаттың сәні екенін дәлелдейді.

*(Гүлдің суретін салып қорғауға да болады.)*

**3 топ** Гүлді кімге?,қашан?, қай кезде? сыйлауға болады. *( Барлық топтағы балалардың ойы құнды болып саналады)*


### **Дескриптор:**

Өз қиялдарына ерік бере алады


Сөйлеу арқылы ойларын еркін жеткізе алады

Тапсырманы топпен бірлесіп орындайды

**«Мағынаны тану» әдісі** Жақсылық деген не? Жамандық деген не?



Ешкімге жамандық ойламау,  
көмектесу, мейірім төгу,еңбек  
ету,кешірімді болу, жылы сөз  
айту,сабақты жақсы  
оқу,үлкендерді  
құрметтеу,кішіге ізет жасау,  
сабырлы болу т.б



Біреуді көре алмау, еріншек,  
сараң, өтірік айту, тек өзін  
ғана ойлау,қызғаншақ,  
менмен, шыдамсыз,ешкімге  
қол ұшын созбау,салақ,олақ,  
мейірімсіз,ұқыпсыз т.б

Дескриптор: Кестеден жақсылық пен жамандықты ажырата алады.

Жақсы қасиеттерді ғана бойымызға сіңіруді түсінеді.

### **Мұғалімге көмек**

Оқылым 3.3.1.1\* мәтінді немесе оның бөлімдерін мәнерлеп оқу, шолып (танысу мақсатында) оқу/рөлге бөліп оқу

Мәтін бөлім тақырыбына сай таңдалып алынды. Бұл әңгіме бойынша көптеген жеңіл тапсырмалар алып оқушылардың ақыл ойын,сөздік қорларын

дамытуға болады Оқылымдағы тақырыпқа сай сурет бойынша әңгіменің не жайлы екенін суретке қарап табу балалардың ойын,қиялын дамытады..Осы әңгіме желісі бойынша рөлге бөліп ойнатуға,топтық, жұптық тапсырмалар орындатуға болады.,Бұл тапсырмаларды орындау барысында балалар біреуге жамандық жасамауға,табиғатты қорғауға үйренеді.

Топпен жұмыс«Топтық кері байланыс» әдісі тапсырма бойынша балалар бірден гүлді аналарына,қыз балаларға сыйлайтынын оларды құрметтеу,аялау сезімдері арта түсетініне көз жеткізуге болады. Келесі тапсырма «Мағынаны тану» әдісі бойынша жақсылық пен жамандық қасиеттерді ажыратып осы қасиеттерден жақсылықты бойымызға сіңіруіміз керек екенін бала түсінетін болады.

**Бөлім атауы:** . Жанды табиғат

2. Жақсыдан үйрен, жаманнан жирен

Оқылым 3.3.4.1\* мәтін мазмұны мен кейіпкерлерінің іс-әрекетін нақтылау үшін сұрақтар (қандай? қай? қашан? қайда?) құрастыру және оған жауап беру

**1- тапсырма. Сөзжұмбақ.** Сөзжұмбақ шешу арқылы бүгінгі сабақтың тақырыбын анықтайтын боламыз.

1 Белестен шыққан белді ат,  
Бүкір келген желісті ат.  
Бейғам елді іздейді,  
Малдан күдер үзбейді. (қасқыр)

Жеміс- жидек жегенім,  
Балды жақсы көремін. (аю)

Басында көп –ақ бұтағы,  
Адамды көрсе зытады. (бұғы)

Бір аң бар қайраты көп,болған күшті  
Басынан өткізеді әрбір істі. (арыстан)

Өзі ширақ,өзі қу,  
Жүрген жері айқай-шу. (түлкі)

Қара ала тоны бар,  
Аңдардың ол қраны.  
Оны сен де танып ал,  
Серейіп кеп тұрады. (жираф)

Қалқиған екі құлағы,  
Елеңдеп қорқып тұрады. (қоян)

			<b>қ</b>			
			<b>а</b>			

			<b>б</b>				
			<b>ы</b>				
			<b>л</b>				
			<b>а</b>				
			<b>н</b>				

<b>қ</b>	<b>а</b>	<b>с</b>	<b>қ</b>	<b>ы</b>	<b>р</b>		
			<b>а</b>	<b>ю</b>			
			<b>б</b>	<b>ұ</b>	<b>ғ</b>	<b>ы</b>	
	<b>а</b>	<b>р</b>	<b>ы</b>	<b>с</b>	<b>т</b>	<b>а</b>	<b>н</b>
	<b>т</b>	<b>ү</b>	<b>л</b>	<b>к</b>	<b>і</b>		
<b>ж</b>	<b>и</b>	<b>р</b>	<b>а</b>	<b>ф</b>			
<b>қ</b>	<b>о</b>	<b>я</b>	<b>н</b>				

Дескриптор: Жұмбақтың шешуін табады.  
Аңдар жайлы білетіндерін әңгімелейді.

### Қабылан

Қабылан - жолбарыс сияқты ірі жыртқыш аңның бірі. Оның дене тұрқы 1,8 метрге, салмағы 100 килограммға жетеді. Қабыланның терісі әдемі, теңбіл-теңбіл, сол себепті ол ағаш пен бұта арасында жүргенде көзге оңай түсе қоймайды.

Қабылан жемтігін көбінесе түнде аңдиды. Негізгі қорегі – елік, тауешкі, арқар, кейде қабанға да шабады. Жемтігін аңдардың жортатын соқпағында, суат басында аңдып жатып ұстайды. Үй жануарларына шабуы сирек. Қабылан жаралы кезінде немесе соңына түсіп қуғанда болмаса, адамға шаба қоймайды.

Оның тіршілік ететін жерлері – Кавказ, Өзбекстан, мен Түркіменстанның таулы аймақтары, Қиыр Шығыс. Апаны көбінесе жартастардың арасында, үңгірлерде ит тұмсығы батпайтын жыныс тоғайдың ішінде болады.

Біздің елімізде қабыланды аулауға тыйым салынған. Ол сирек кездесетін әдемі аң болумен бірге аса пайдалы да. Себебі, алдымен ақсақ, тоқсақ, ауру-сырқаулы аңдарды ұстап жейтін болғандықтан, табиғатта «санитарлық» қызмет атқарады. Оның үстіне қабылан- қасқырдың қас жауы. Ол жүрген жерде қасқырды емге таба алмайсың.

**2- тапсырма «Ой шақыру» «Иә» немесе «Жоқ» сұрақтарға жауап беріңіз.**

- 1 Қабылан жыртқыш аң. (иә)
- 2 Оның терісі теңбіл емес (жоқ)
- 3 Қабыланның дене тұрқы 1,8 метр, салмағы 100кг (иә)
- 4 Қабылан жемтігін көбінесе күндіз аңдиды. (жоқ)

- 5 Оның тіршілік ететін жерлері таулы аймақтар. (иа)  
 6 Біздің елімізде оны аулауға тыйым салынған. (иа)  
 7 Қабылан мен қасқыр жан дос. (жоқ)  
 8 Қабыланның табиғатқа пайдасы бар. (иа)

Дескриптор: Берілген тапсырма бойынша сұрақтарға мұқият шатаспай жауап береді.

**3- тапсырма. Топпен жұмыс.**

- 1 топ Мәтіннен зат есімдерді табады.  
 2 топ Мәтіннен сын есімдерді табады.  
 3 топ Мәтіннен сан есімдерді табады.

Дескриптор: Сөздерге сұрақ қойып, қай сөз табы екенін анықтайды.

Зат есімдер: қабылан елік, тауешкі, арқар, қабан, қасқыр, Кавказ, Өзбекстан, Түркіменстан, жолбарыс.

Сын есімдер: теңбіл, әдемі, ірі, жыртқыш, жаралы, жыныс (қалың), таулы, сирек, ақсақ-тоқсақ, ауру-сырқау, санитарлық.

Сан есімдер: 1 метр 80 сантиметр, 100 килограмм

Саралау тапсырмасы

**4- тапсырма. Семантикалық карта.**

Сұрақ / жауап	Қандай?	Қай?	Қашан?	Қайда?
теңбіл	+			
тоғайда				+
түнде			+	
жыртқыш	+			
әдемі	+			
үңгірде				+
пайдалы	+			
жыныс тоғай		+		
жартаста				+
ақсақ-тоқсақ		+		

«Ой жалғау» әдісі. Қабылан аңға теңеу сөздер. Тек бас әріптерінен басталатын дыбыстарға теңейді.

Қ – қайратты

А – айбарлы

Б – батыл

Ы – ызғарлы

Л – барлық теңеуге лайықты

А – арыстандай немесе ақылды (екі жауап та қабылданады)

Н - нардай

**Мұғалімге көмек**

3.3.4.1\* мәтін мазмұны мен кейіпкерлерінің іс-әрекетін нақтылау үшін сұрақтар (қандай? қай? қашан? қайда?) құрастыру және оған жауап беру



Мәтін бөлім тақырыбына сай таңдалып алынды. Жаңа сабақты сөзжұмбақ шешу арқылы анықтадық. Жұмбақтар шешу балаларды жылдамдыққа, байқампаздыққа, алғырлыққа, тапқырлыққа баулиды. Мәтін қабылан аңның тіршілігі жайлы оны көбіне жолбарыспен шатастырып жататынымызды қабылан мен жолбарыс екі түрлі аң екенін біледі. Тағы бұл мәтін сөз таптары тақырыбын өткенде өте қолайлы, түрлі тапсырмалар алуға да тиімді. Мақсатымызға жету үшін мәтін кейіпкері немесе аңдардың іс – әрекеті жайлы көптеген сұрақтар қоюға және құрастыруға, оған жауап беруге септігін тигізеді. Саралау тапсырмасына семантикалық карта және нақты сұраққа жауап беретін сөздерді ажырата алу мақсатында алынды. Соңғы тапсырма «Ой жалғау» әдісі бойынша қабылан сөзіндегі бас әріптерін ғана алып, сол дыбыстан басталатын сөздерге теңеу айтады. Қабылан қандай аң? Оқушылар тапқан теңеу сөздерін жалғастырып айта береді. Бұл тапсырманың оқушыларға тиімді жағы қабыланды мәтінде түсінгендеріндей көз алдарына елестетіп сипаттап береді. Қабылан айбарлы, ақылды, қайратты, сұсты аң екенін білетін болады. Балалардың ойлау, есте сақтау, жылдамдықтарын арттыру қабілеттерін дамытады.

**Бөлім атауы:** 3. Уақыт 4. Сәулет өнері

Тыңдалым 3.1.2.1\* баяу және анық айтылған жиі қолданылатын сөздер және сөз тіркестерінен құралған шағын мәтіндердегі сөйлемдердің мазмұнын түсіну  
 Жазылым 3.4.2.1\* оқыған/ аудио/ бейне материалдың мазмұнын тірек сөздерді қолданып жазу

**1-тапсырма. Ой шақыру.** Мына суреттер бойынша, сабақтың тақырыбына болжам жасаңыз.



**Дескриптор :** Суреттердің көмегімен мәтін не туралы екенін болжайды.



Ит – адамның досы.

Ит – адамға шын дос жануар. Дүние жүзінде иттің бірнеше түрі бар: біреуі қора, біреуі үй күзетеді, біреуі малшы орнына мал бағады, біреуі аң-құс аулап береді. Біреулері тіпті ат орнына да жегіледі.

Англияның Лондон қаласында өрт болған уақытта, жаны жатқан үйдің ішінде қалған балаларды алып шығуға үйретілген иттер бар. Соның біреуі- Боб деген ит он екі баланы өрттен алып шығыпты.

Бір күні бір үй жанып, өрт сөндіргіш адамдар келген уақытта бір әйел: «Балам жанып жатқан үйде қалды»- деп жылап тұрды. Өрт сөндірушілер әлгі Бобты жіберді. Боб баспалдақтан үйге кіріп, түтін ішінде жоқ болып кетіп, біраздан соң баланы көйлегінен тістеп қана алып келді. Шешесі қуанып баласын алды. Өрт сөндірушілер иттің өрт шалған жері жоқ па деп қарап тұрғанда, Боб өршеленіп жанған үйге қарай тағы ұмтыла берді. Өрт сөндірушілер шамасы үйде тағы бір бала бар шығар деп ойлады. Бобты тағы қоя берді. Біраздан соң аузында бір тістеген нәрсесі бар Боб үйден жүгіріп шыға келді. Қараса әкелгені бір қуыршақ екен.

**2- тапсырма «Ой шақыру»** Мына мақал-мәтелдің қайсысы әңгімеге сәйкес келеді.

Ит үреді, керуен көшеді.

Ит итті жұмсайды,

Ит құйрығын жұмсайды.

Жаман иттің атын «Бөрібасар қояды.

Жақсы ит иесінің көз құлағы.

Ит- адамның сенімді серігі.

**Дескриптор:** Әңгіме мазмұнына сәйкес мақалды табады.

**3-тапсырма** Мына тірек сөздерді қатыстырып әңгіме құрап жазамыз. (*Жұппен немесе топпен де жазуға болады.*)

Ит, адам, үй күзетеді, жеті қазына, сенімді серік, күшік, асырайды, , мал, дос.

Ит- адамның досы, сенімді серігі. Ит жеті қазынаның бірі. Итті күшік кезінен асырасаң өзіңе тез үйренеді. Адамдар итті көбіне малға ертіп шығады. Ит малды да , үйді де күзетеді.

**Дескриптор:** Тірек сөздерді қатыстырып әңгіме құрап жазады.

**4-тапсырма** Мәтін бойынша тұжырымдама. Оқушылар кестені толтырады.

Кейіпкер	Қандай?	Қай қалада?	Неше баланы құтқарды?	Неге қуыршақты алып шықты?

**Кестені мына үлгідегідей толтырады.**

Кейіпкер	Қандай?	Қай қалада?	Неше баланы құтқарды?	Неге қуыршақты алып шықты?
Боб	ақылды	Англияның Лондон қаласында	12 баланы немесе 12 бала 1 қуыршақты деп жазулары мүмкін	Адам екен деп ойлады немесе қызға бергісі келді. <i>(әртүрлі жауап болуы мүмкін)</i>

**Дескриптор:** Мәтінге сүйене отырып, кестені толтырады.

**5- тапсырма** Дұрыс жауабын табыңыз.

Ит адамның .....

- А) досы
- В) қасы
- С) жауы
- Д) ешкімі емес

Дүние жүзінде иттің неше түрі бар?

- А) 45
- В) 54
- С) 100
- Д) бірнеше

Англияның Лондон қаласында қандай иттер бар?

- А) тазы иттер
- В) адамдарды құтқарушы иттер
- С) мал бағатын иттер
- Д) сөйлейтін иттер

Боб қандай ит?

- А) ашушаң
- В) жуас
- С) қара
- Д) ақылды

Боб қандай ерлік жасады?

- А) қуыршақты құтқарды
- В) өртті өшірді
- С) су әкелді
- Д) баланы құтқарды

**Дескриптор:** Сұрақтарды мұқият оқып дұрыс жауабын тауып белгілейді

**Мұғалімге көмек**

Тыңдалым 3.1.2.1\* баяу және анық айтылған жиі қолданылатын сөздер және сөз тіркестерінен құралған шағын мәтіндердегі сөйлемдердің мазмұнын түсіну

Жазылым 3.4.2.1\* оқыған/ аудио/ бейне материалдың мазмұнын тірек сөздерді қолданып жазу

Мәтін бөлім тақырыбына сай таңдалып алынды. Мәтіннің тақырыбын сурет бойынша анықтадық. Сурет оқушылардың қызығып сөйлеуіне, ойларын еркін жеткізуіне мол мүмкіндік береді. Мәтін оқушылар жасына сай қызықты етіп алынды. Ит жеті қазынаның бірі, адамның досы екенін ұғына түседі. Мәтінге байланысты мақал – мәтелдер, мәтін мазмұны бойынша кестелер толтыру ұсынылды. Бұл тапсырмалар балаға жеңіл, әрі мәтіндегі негізгі ойды түсінуге қолайлы.

Жазылым дағдысы бойынша тірек сөздерді қолдану арқылы әңгіме жазу ұсынылды. Тірек сөздер қолдану арқылы жазылған әңгімелер балаларға жеңіл тірек болады. Соңғы саралау тапсырмаға тест түрінде дұрыс жауабын тап тапсырмасы арқылы қорытындылады. Оқушылар өтілген сабақты меңгерген, меңгермегенін байқауға тиімді әдіс- тәсіл.

**Бөлім атауы: Жанды табиғат**

## **2. Жақсыдан үйрен, жаманнан жирен**

Оқылым 3.1.4.1\* тыңдаған мәтіннің тақырыбын, жағымды және жағымсыз кейіпкерлерді, мұғалімнің қолдауымен оқиғалар ретін анықтау

Жазылым 3.4.1.1\* тірек сөздер, сөзбалар, суреттер, символдарды қолданып мәтін жазу және постер құрастыру

**1-тапсырма. Ой шақыру.** Жұмбақтар шешу арқылы жаңа сабақтың тақырыбын ашамыз.

Жұмбақтар.

Ұзын мұртты сарылар,  
Қойынында наны бар. (бидай)

Күрең қызыл түсі бар,  
Тағамдардың асылы.  
Қуат берер күші бар. (Таба нан)

Асты тас, үсті тас,  
Ортасында піскен ас. (Нан)

Қашып кеткен атадан,  
Қашып кеткен ападан.  
Орманда кеше жүр едім.  
Домалап шықты алдымнан. (бауырсақ)

Қария күркірейді көбік атып  
Өркім-ақ іздеп барар жүгін артып.  
Дарияның ары-бері өткелі жоқ  
Біреуі келген емес тірі қайтып. (диірмен)

### **Ақ тоқаш**

Түс кезі. Екі дос мектептен қайтты. Қызу әңгімелесіп, тым көңілді келеді. Екеуінің қолында ішінде шұжығы бар ақ тоқаш. Сөз арасы ұрттары бұлт-бұлт етіп қауғаңдап қояды. Қазыкен нанның бір кішкене қалдығын


қағазға орап, сөмкеге салып қойды. «Үйге барған соң жеп қоярмын» деп ойлады. Ал Қалкен өзі тойғаннан кейін тоқашының қалғанын бір кескен шұжығымен жолға қарай лақтырып жіберді. Оның үстіне тоқашты доп етіп теуіп, қуалай жөнелді. Нанды домалатып біраз апарып тастады. Қазыкен досын қуып жетіп:

- Қалкен мұның не, нанды неге тебесің? - деп оның иығынан ұстай алды.

- Немене нанның қалдығын жинап салып алатын өзің тәрізді сараң деп ойлаппа едің? Жылда егін жақсы. Нан жетеді, - деп Қалкен иығын қиқаң еткізіп, тартып алды.

- Ағыл-тегіл байлық мыңдаған адамдардың еңбегі, маңдай тері, соны бағалай біліп нанға ұқыпты қарауымыз керек, - деп Қазыкен ашуланып, досынан озып кетті. Қалкен мойнына су сепкендей бүрісіп, көңілсіз артта ілбіп бара жатты.

## 2-тапсырма. Топтастыру. Ас-атасы нан.



Дескриптор: Нанның қадірі туралы біледі.  
Өз ойларын еркін жеткізеді

## 3-тапсырма. Мәтін мазмұнын түсіндіңіз бе? Тексерейік. «Иә» немесе «Жоқ»

Сөйлемдер	иә	жоқ
Қалкен мен Қазыкен дос		
Олар нан жеп келе жатты.		
Екеуі де нанды лақтыра салды.		
Қазыкен нанды орап сөмкесіне салды.		
Қалкен жолға лақтырып теуіп ойнады.		
Қазыкен досына ашуланбады.		
Қазыкен сараң бала		


Дескриптор: Мәтін мазмұнын түсінеді, сұрақтарға жауап береді.

**4-тапсырма. «Түртіп ал» әдісі** Мәтіндегі өзімізге қажетті тәрбиелік мәні бар мағыналы сөзді тауып жазады.  
(Оқушылар жұппен орындауға болады.)

- Ағыл- тегіл байлық мыңдаған адамдардың еңбегі, маңдай тері, соны бағалай біліп нанға ұқыпты қарауымыз керек.


Дескриптор: Мәтіннің ішінен қажетті тәрбиелік мәні бар сөзді тауып жазады.

**5-тапсырма. «Дұрыс таңда» әдісі.** Суретпен жұмыс. Берілген суреттерден ұннан жасалған тағамдарды бір бөлек, ұннан жасалмайтын тағамдарды бір бөлек таңдап кестеге орналастырады..



Ұннан жасалған тағамар

Ұннан жасалмайтын тағамдар



«Жалғастыр» әдісі. 1 топ нан туралы мақал-мәтелдерді жалғастырады.  
2 топ нан туралы өлеңнің ұйқасын табады.

Тұзсыз нан - -----(күшсіз)

Қоныс көркі- там.

-----(-Дастарқан көркі – нан)

Нарды сөкпе,

------(нанды теппе)

Адамнан үлкен ат жоқ,

Наннан -----(үлкен ас жоқ)

Дәнді шашпа, нанды -----(баспа)

Нан бар жерде -----(ән де бар)

**Нан болсыншы әр үйде.**

Нан болсыншы әр үйде.

Берекесін -----(беретін)

Нан бар жерде -----(ән де бар)

Қуанышпен -----(келетін)

Дастарқанда нан болсын.

Әрбір үйде -----(әрдайым)

Дастарқанда болсын -----(нан)

Нанмен бірге шырқалар,  
Әуелеткен ән -----! (болсын)

Дескриптор: Мақалдардың мағынасына мән бере отырып жалғастырады.  
Өлеңнің мағынасына қарай ұйқас сөздер табады.

Кейіпкерлерге мінездеме

Кейіпкерлер	Қазыкен	Қалкен	Ортақ қасиет	Күтілетін нәтиже
	Ақылды, ұқыпты,адал	Терең ойланбайды,ештеңеге басын ауыртқысы келмейді.	Екеуі де адам,дос	Нанның қадірін, нанды құрметтеуді түсінді

### Педагогтерге көмек

Оқылым 3.1.4.1\* тыңдаған мәтіннің тақырыбын, жағымды және жағымсыз кейіпкерлерді, мұғалімнің қолдауымен оқиғалар ретін анықтау

Жазылым 3.4.1.1\* тірек сөздер, сызбалар, суреттер, символдарды қолданып мәтін жазу және постер құрастыру

Мәтін тақырыбын жұмбақтар шешу арқылы анықтадық. Мәтінді мәнерлеп оқып,топтық жұмысын жасадық.Топтық жұмысымыздың нәтижесі балалар нанды қадірлеу керектігін үйде де кішкентайдан бойларына сіңіргендерін еркін жеткізе біледі. Келесі тапсырма мәтін мазмұнын түсіндіңіз бе? Бұл тапсырмада оқушыларға сұрақтарды дұрыс және бұрыс етіп қоямыз. Оқушылар шатаспай жауап беру қажет нәтижесі аңғарымпаздыққа,шапшаңдыққа баулиды.

Дұрыс таңда тапсырмасы ұннан жасалған тағамдарды ажырата білуге оларды да нан деп қадірлеуге үйретеді.

Жалғастыр тапсырмасы нан туралы ұғымды кеңейте түсумен қатар ойлау, сөйлеу,іздену қабілеттерін арттыр түседі.

Соңғы тапсырма екі балаға мінездеме беруде ортақ қасиеті екеуі де бала, күтілетін нәтижеде екінші бала нанның қадірін ұғынатынын балаларға жеткізуіміз керек.Бір баланы мақтап,екінші баланы жамандауға болмайтынын түсіндіру.Қателеспейтін адам болмайтынын ол қателікті түзеуге болатынына көз жеткізу.

### Бөлім 7. Су – тіршілік көзі

#### 8. Демалыс мәдениеті. Мерекелер атауы:

Оқылым 3.3.4.1\* мәтін мазмұны мен кейіпкерлерінің іс-әрекетін нақтылау үшін сұрақтар (қандай? қай? қашан? қайда?) құрастыру және оған жауап беру

Жазылым 3.4.2.1\* оқыған/аудио/ бейне материалдың мазмұнын тірек сөздерді қолданып жазу

1-тапсырма Кесте бойынша әңгіменің тақырыбына болжам жаса.Өзіңе таныс сөздерді оқы. Тапқан сөздерімен әңгіме құрастырып қыс мезгілі,қыс ерекшелігі жайлы әңгімелейді.



О	М	П	С	Т	К	Р	Р
Ш	А	Н	А	П	Р	Қ	А
М	Б	Қ	А	Ң	Т	А	Р
А	А	І	4	8	5	1	9
Қ	Б	О	Р	А	Н	О	А
П	4	8	2	Я		М	Қ
А	4	7	3	3		Ұ	Қ
Н	Ш	А	Ң	Ғ	Ы	3	А
П	О	А	П	У	4	Р	Л
Л	Қ	Ы	Р	А	У	А	А
Т	А	Р	Т	Й	О	4	2
Ш	Ы	Қ	Б	Ұ	Р	Ш	А

Дескриптор: Кестенің ішінен қыс мезгіліне қатысты сөздерді тауып оқиды

### Қыс

Қаңтар қыстың екінші айы. Қаңтар айының ішінде көптеген аң ұзақ ұйқыға беріледі. Ағаштың қуысына кіріп алып жарғанат та ұйықтайды. Сарышұнақ, атжалман, суыр, қосаяқ сияқтылар өздерінің інін паналайды. Қар үстінде көзге түсе қоймайтын ақ тышқандар жорғалайды. Оларды аңдып жүрген сасық күзен жем етеді.

Балықтар да бұл кезде ұйықтап жатады. Сазандар судың түбінде жатады. Көксерке балық ұйықтағанда күйінде судың ішінде тұрады. Құстар күздігүні жылы жаққа ұшып кеткендіктен, аз болады. Қыстыгүні ауыл маңында сұр шіл мен қоян көп болады. Олар қар қалындаған кезде жемді ауыл маңынан іздейді.

Қыс айларының кештерінде жұлдыздар анық көрінеді. Темірқазық, Есекқырған, Жетіқарақшы Үркер және басқа жұлдыздарды қағаз бетін сызып түсіруге де болады. Қыстыгүні жерде аппақ қар жатқан соң түн жарық болады.

**2-тапсырма** Әр топ әңгіме мазмұнына сүйене отырып сұрақтар құрастырады.

Қарсылас топтар сұраққа жауап береді. Сұрақтар әртүрлі болуы мүмкін.

1 топ Сұрақ Қаңтар қыстың нешінші айы?

Жауап:

2 топ Сұрақ Қыстың қай айында аңдар ұзақ ұйқыға беріледі?

Жауап:

3 топ Сұрақ Қыстыгүні түн неге жарық болады?

Дескриптор: Әңгіме мазмұнына қатысты сұрақтар құрастырады.


Сұрақтарға нақты жауап береді.

Жауап:

**3-тапсырма**



«Ой шақыру» Осы мәтіннен не түсіндік? Мәтін үш бөлікке бөлінген. Үш топқа бөлініп беріледі. Әр топ өзіне берілген бөлімді қорғап шығады.



Дескриптор: Мәтін бөліктерін ажырата алады.


#### 4-тапсырма

**Жазылым** Мәтіннен біріккен сөздерді тауып, жазады.

Жарғанат, сарышұнақ, атжалман, қосаяқ, сасықкүзен, көксерке, күздігүні, қыстыгүні, Темірқазық, Есекқырған, Жетіқарақшы.

Дескриптор: Мәтіннен біріккен сөздерді таба алады.

**5-тапсырма «Суреттер сөйлейді.»** Суретпен жұмыс. Әр суретке ат қояды..





- 1 сурет «Қыстап қалатын құстарға қамқорлық»
- 2 сурет «Қысқы еңбек»
- 3 сурет «Қысқы ойындар»
- 4 сурет «Аңдардың қысқы тіршілігі»
- 5 сурет «Қысқы спорттық ойындар»

Дескриптор: Суреттердің мазмұнына қарап ат қояды.

Суретке қарап өз қиялдарына ерік береді.

Қыс туралы мақал-мәтелдер

Қыстың қамын жаз ойла.

Көліне қарай қазы, қысына қарай жазы.

Шаруа жазда жазылады, қыста қысылады.

Қысың қарлы болса-жер семіз,

Көктемнің жаңбырлы болса –дән егіз

Дескриптор: Мақалдардың мағынасын түсінеді

**6-тапсырма** Тест.

Қыстың екінші айын ата.

А) желтоқсан

В) ақпан

С) қаңтар

Д) сәуір

Қыстың қай айында аңдар ұзақ ұйқыға беріледі?

А) желтоқсан

В) ақпан

С) қаңтар

Д) сәуір

Жарғанат қайда ұйықтайды?

А) ағаш қуысына

В) ініне

С) ұйықтамайды

Д) қар бетінде жүреді

Көксерке балық қалай ұйықтайды?

А) судың ішінде қозғалмастан тұрады

В) ініне кіріп ұйықтайды

С) ұйықтамайды

Д) судың бетінде қалқып жүреді

Қыста құстар неге аз болады?

А) ұяларына кіріп алып ұйықтағандықтан

В) ұшып жүреді

С) ұйықтамайды

Д) жылы жаққа ұшып кеткендіктен

Қыста болатын табиғат құбылысы

А) су тасқыны

В) күн күркірі

С) қар, көк мұз, боран, аяз

Д) жел

От пен көк шөп қай жыл мезгіліне қонаққа барады?

А) жаз

В) көктем

С) күз

Д) қыс

Дескриптор: Сұрақтарды мұқият оқып дұрыс жауабын тауып белгілейді

**Мұғалімге көмек**

Оқылым 3.3.4.1\* мәтін мазмұны мен кейіпкерлерінің іс-әрекетін нақтылау үшін сұрақтар (қандай? қай? қашан? қайда?) құрастыру және оған жауап беру

Жазылым 3.4.2.1\* оқыған/аудио/ бейне материалдың мазмұнын тірек сөздерді қолданып жазу

Мәтін тақырыбын кесте бойынша болжадық, бұл кестеде ауысып ,шашылған әріптердің ішінен қыс мезгіліне қатысты сөздерді оқиды. Бұл тапсырмадан күтілетін нәтиже оқушылардың ойлау, есте сақтау қабілеттерін дамытады. Келесі тапсырма мәтін мазмұнына сүйеніп сұрақтар құрастырады. Мәтін үш бөліктен тұратыны сол үш топқа бөлініп тапсырмалар орындаған оқушыларға тиімді болады.

Жазылым дағдысы бойынша мәтіннен біріккен сөздерді тауып жазды. Бұл осы тақырыпты еске түсіруде ұтымды болады. Келесі тапсырма суреттер сөйлейді. Бастауыш сыныпта суретпен көбірек жұмыс жасау керек ,бала сол көзбен көргенді ұмытпайды және де қызығушылықтары одан сайын арта түседі. Суретке қарап мазмұнына қарай әңгімеге ат қояды. Соңғы тапсырма саралау ретінде тест алынды. Осы өткен тақырыпты бала толық түсінді ма, мақсатымызға жете алдық па деген мақсатта..


Бөлім. 5. Өнер

6. Атақты тұлғалар



Тыңдалым:3.1.1.1\* анық айтылған сөзді тыңдап, түсінгені бойынша қарапайым нұсқауларды орындау.

**1-тапсырма.Ой шақыру.** Мына суреттер бойынша, сабақтың тақырыбына болжам жасаңыз.



Дескриптор: Суретке қарап әртүрлі пікірлер айтып сабақтың тақырыбын ашады.

Бүгінгі сабағымыз қазақтың ұлы ақыны Абай Құнанбаев жайлы екенін айтады. Сұрақ жауап жұмысын жүргіземіз.

-Заңғар жазушы Мұхтар Әуезовты жайлы не білесіңдер?

-Том кітаптар,жыл мезгілдері суреттері,Адам болам десеңіз өлеңі жайлы ойларыңыз қандай?

Сонымен балалар бүгінгі сабағымыздың тақырыбы қазақтың ұлы ақыны Абай Құнанбаев жайлы болмақ.

-Абайды бүкіл әлемге танытқан кім?

-Мұхтар Әуезов бүкіл әлемге қалай танылды?

-Абай жолы романы неше томнан тұрады?

Дескриптор: Сұрақтарды түсінеді, дұрыс жауап береді.

Мұхтар Әуезов қазіргі Шығыс Қазақстан облысы Абай ауданындағы Бөрілі деген жерде 1897 жылы 28 қыркүйекте дүниеге келген. Әкесі Омархан мен атасы Әуез екеуі де хат танитын сауатты адам болған. Өз заманында ұлы Абаймен сырлас, ауылдары іргелес, аралас-құралас тіршілік кешкен. Бала Мұхтардың атасы Әуез – Құнанбайдың кіші әйелі Нұрғанымның туған інісі. Абайдың өлеңдерін зор ықыласпен тыңдап, қағаз бетіне түскен тың туындыларымен танысып, пікір алмасатын жақын адамдарының бірі болған.

Мәтінді түсініп оқы.

## Бала Абай

Биыл Абайдың жасы он үшке толған еді. Бойы өскен. Қол-аяғы ұзарған. Ол атқа мініп жүруге жарағанымен, үйден көп шық пайды. Өзге балалардан гөрі, басқа бір ермек, бөлек бір дос тапты. Онысы – әжесі. Одан қала берсе, шешесі.

Абай биыл ғана анық байқағандай. Мұның әжесі біртүрлі әңгімеші екен. Қызық сөйлейді. Әңгімесін дәмді ғып, қызықтырып айтады. Бірде Абай сырқаттанып жатып, әжесінен әңгіме айтуын сұраған. Сонда әжесі ойланып отырып:

– Е-е... Бұлдыр-бұлдыр күн өткен. Бұрынғыда кім өткен... – деп, кішкене тақпақтап бастап еді. Абай соны ұғып қалыпты, келесі жолы әңгіме сұрағанда әжесінің тізесінен ақырын қағып:


– Е-е... Бұлдыр-бұлдыр күн өткен. Бұрынғыда кім өткен... – деп, тағы да әңгіме тілегенін білдіруші еді.

Әжесі әуелде көп-көп ертегілер айтқан. Абай қажымай, жалықпай, ылғи ынтыға тыңдайтын. Кейде әжесі шаршап, айтпай қойса, шешесіне жабысатын. Ұлжан да көп әңгіме білуші еді және ол көбінесе өлең сөзді жиі айтатын

**Абай (Ибраһим) Құнанбайұлы** қазақтың ұлы ақыны, ағартушысы, жазба қазақ әдебиетінің, қазақ әдеби тілінің негізін қалаушы, философ, композитор, аудармашы, саяси қайраткер, қазақ мәдениетін жаңартуды көздеген реформатор. Абай осы күнгі Семей облысындағы Шыңғыс деген тауды жайлаған Тобықты руының ішінде, 1845 жылы туған.

### 2-тапсырма.

#### Топтастыру



Дескриптор: Өз ойларын еркін айтады, қиялдарына ерік береді.

### 3-тапсырма. «Иә» немесе «Жоқ» әдісі . Сұрақтарға жауап алынады

Мысалдар	«Иә»	«Жоқ»
Абайдың шын аты Ибраһим		
Абайды бүкіл әлемге танытқан Мұхтар Әуезов		
Абайдың туып өскен жері Жамбыл облысы Тараз		
Абай үш тілді жақсы меңгерген		
Абайдың қырық бес қара сөзі бар.		
Абайдың әжесінің аты Ұлжан		
Абайдың насының аты Зере		

Әңгімеде Абайдың жасы он төртте		
Балалардан кейінгі тапқан достары әжесі мен анасы		
– Е-е... Бұлдыр-бұлдыр күн өткен. Бұрынғыда кім өткен деп Абай әжесінен ертегі айтуды осылай өтінетін		



Дескриптор: Сұрақтардың мағынасына мән береді, дұрыс бұрыс пікірді ажырата алады.

**4-тапсырма.** «Сәйкестендір» әдісі Мына сөздердің жалғасын дұрыс тапса Абай атамыздың өлеңдерінің аттары шығады.

Көзімнің	әрнеге
Жыл	аяқ
Желсіз түнде	ескермедім
Ғылым таппай	қарасы
Өлең- сөздің патшасы,	мезгілдері
Әсемпаз болма	мақтанба
Сегіз	жарық -ай
Жасымда ғылым бар деп	сөз сарасы

Дескриптор: Мағынасына мән беріп сәйкестендіреді.

**5-тапсырма.** Ғылым таппай мақтанба өлеңін мәнерлеп оқиды. Өлең мазмұны бойынша сұрақтар «Бес нәрсеге қашық бол, бес нәрсеге асық бол» осы сөздерді дәптерге жазады.



Дескриптор: Өлең мазмұны бойынша жақсы мен жаманды ажыратады, жазады.

Кестемен жұмыс Әңгіме мазмұны бойынша кестені толтырады

Кейіпкерлер	Қандай?	Не айтады?
Абай	Қол-аяғы ұзарған, жасы 13 те	өтініш
Әжесі	әңгімешіл	Ертегі, әңгіме
Анасы	Көп әңгіме біледі	Көп әңгіме, өлең

Дескриптор: Әңгіме мазмұнын түсінеді, кестені толтырады.

**Мұғалімге көмек**

Тыңдалым: 3.1.1.1\* анық айтылған сөзді тыңдап, түсінгені бойынша қарапайым нұсқауларды орындау.

Бұл әңгіме ұлы тұлға Абай Құнанбайұлы жайлы таңдап алынды. Абайды бүкіл әлем таниды. Абайдай ұлы ақынды барлық оқушыларға таныстырып Абай дана. Абай дара екенін ұғындыру мақсатында.

1-тапсырма Сурет арқылы бүгінгі сабақтың тақырыбын болжайды. Суреттер арқылы жұмыс жасағанда оқушылардың қызығушылықтары, ойлау қабілеттері дамиды. Ары қарай 2-тапсырма топтастыру Абай атамыз кім білеміз бе? Өз ойларын ортаға еркін айтады.

3-тапсырма. «Иә» немесе «Жоқ» әдісі . Сұрақтарға жауап алынады

Бұл тапсырмада қойылған сұрақ қаншалықты дұрыс бұрыс екенін баланың дұрыс ойлануына, шешімді дұрыс қабылдауына, байқағыштық, жылдамдық қабілеттері де арта түсетіні байқалады.

Келесі төртінші, бесінші тапсырмаларда Абай атамыздың өлеңдерімен танысады және Абайдың Ғылым таппай мақтанба өлеңінде айтылған бес нәрсеге қашық бол, бес нәрсеге асық бол, бес жақсы іс, бес жаман істің мән-мағынасын ажыратып дәптерге жазады. Соңғы тапсырма сабақты қорытуға байланысты сұрақтарға жауап береді. Бұл кестемен жұмысты жеке немесе жұппен де орындатуға болады. Кестені толтыру барысында сабақты жақсы түсінгендерін немесе түсінбегендерін байқауға болады.

#### 4- сынып

##### 1 сабақ

**Бөлім: Құндылықтар**

**Тақырыбы:** еңбектің сыйы. (Мақта қыз ертегісі)

**оқу мақсаты:**

4.1.1.1\* анық айтылған сөзді тыңдап, қысқаша жазба (тірек сөздер) жасау және нақтылау мақсатында сұрақтар құру;

4.2.1.1\* берілген сөздерге қарама-қарсы мағыналы, мағыналас сөздерді табу және сөйлеу барысында қолдану;

**сабақ мақсаты:** анық айтылған сөзді тыңдайды, қысқаша жазба (тірек сөздер) жасайды және нақтылау мақсатында сұрақтар құрады;

берілген сөздерге қарама-қарсы мағыналы, мағыналас сөздерді табады және сөйлеу барысында қолданады;

**Бағалау критерийі:**

- Тыңдалған “ Мақта қыз” ертегісінің мазмұнын түсінеді.
- сөйлемде сөздерді дұрыс байланыстырады.
- сұрақтарға жауап береді.
- Мәтін мазмұнын әңгімелей алады.

**Қазақ халық ертегісі “ Мақта қыз”**

Баяғыда Мақта қыз болыпты. Мақта қыз үйін жинап жүріп, бір мейіз тауып алады да, мысықты шақырады, Мысық келмейді. Қыз:

– Келмесең келме! – деп, мейізді өзі жеп қояды. Жеп болған соң мысық келіп:

– Неге шақырдың? – деп сұрайды.

Мақта қыз айтпайды. сонан соң мысық:

– ендеше қатығыңды төгем! – дейді.

Мақта қыз:



– Мен құйрығыңды кесіп аламын! – дейді.  
Мысық қатықты төгеді. Мақта қыз мысықтың құйрығын кесіп алады.  
Мысық:  
– апа, апа, құйрығымды берші! – дейді.  
Мақта қыз:  
– Менің қатығымды төле! – дейді.  
Мысық сиырға барады.  
– сиыр, маған қатық берші! – дейді.  
сиыр:  
– Менің қарным ашып тұр. Маған жапырақ әкеліп берші! – дейді.  
Мысық ағашқа барып:  
– ағаш, ағаш, жапырағыңды берші! – дейді.  
ағаш:  
– Мен шөлдеп тұрмын. су әкелсең, жапырақ беремін, – дейді.  
Мысық суға бара жатса, су әкеле жатқан қыздарды көреді.  
– Қыздар, қыздар, маған су беріңіздерші! – дейді.  
Қыздар оған:  
– Бізге сағыз әкеліп берсең, біз саған су береміз, – дейді.  
Мысық дүкенге барады.  
– Әй, дүкенші, маған сағыз берші! – дейді.  
Дүкенші:  
– Маған жұмыртқа бер! – дейді.  
Мысық тауыққа барады.  
– Тауық, тауық, маған жұмыртқа берші! – дейді.  
Тауықтар:  
– Бізге дән әкеліп берсең, біз саған жұмыртқа береміз, – дейді.  
Мысық: «енді не қыламын?» – деп бара жатса, бір ін қазып жатқан тышқанды көреді. Мысық тышқанды бас салады.  
– Жаныңның барында айт! Үйіңде не бар? – дейді.  
Тышқан қорыққанынан:  
– Үйімде бір табақ тары бар, – дейді.  
Мысық:  
– Маған бір уыс тары бер, – дейді.  
Тышқан үйіне барып, бір уыс тары әкеліп береді; мысық тарыны апарып тауыққа береді, тауық жұмыртқа береді; жұмыртқаны апарып дүкеншіге береді; дүкенші сағыз береді; сағызды апарып қыздарға береді, қыздар су береді; суды апарып ағашқа береді; ағаш жапырақ береді; жапырақты апарып сиырға береді, сиыр қатық береді; қатықты апарып Мақта қызға береді, Мақта қыз мысықтың құйрығын береді.

**1-тапсырма.** QR-код арқылы мәтінің суреттік нұсқасын ашады. Мәтінді аудио арқылы тыңдайды. *(суреттік нұсқасын көре отыра және аудионы тыңдау арқылы оқушылар мәтінің мазмұнын тез ұғады.)*

### «Консенсус»

Мәтін мазмұны бойынша қойылған сұрақтарды топта талқылап, жауап беру жұмыстары жүзеге асырылады. (карточкаларда

қойылған сұрақтарға жауап бере отырып мәтін мазмұнын баяндайды.) Мәтіннің негізгі ойын анықтап, әр топ өзінің нұсқасын ұсынады. сыныпта талқылау жүргізіп, ортақ шешімге келеді.

### **Дескриптор:**

- мәтіннің мазмұнын қысқаша баяндайды; (2б)
- мәтін мазмұны бойынша қойылған сұрақтарға жауап береді; (1б)

### **2-тапсырма.**

**Мәтіннің бөлімдері топтарға таратылады. Топта оқылады (көзбен оқу әдісі) Әр бөлімде берілген кейіпкерді келесі топқа жасырады.**

#### **«Бұл кім?»**

Жүргізуші кейіпкерді ауызша сипаттайды: оның бет әлпетін, сыртқы пішінін, киімін, сөйлеу мәнерін, әдеттерін т.б.келтіреді. Әрине, ол кейіпкерді есімін атауға болмайды және де сипаттардың барлығы да жағымды тұрғыдан болуы керек, мұнда нысанды мақтаған дұрыс.

Бір-екі сипаттан кейін жүргізуші оқушылардан: «Бұл кім? сіздер таптыңыздар ма?» деп сұрап, олардың жауаптарын тыңдайды. оқушылар таппаса, сипаттауды әрі қарай жалғастыра береді.

Бұл ойсергек оқушылардың бір-біріне деген ынта-ықыластарын арттыруға бағытталған: оқушылар жұмбақ шешкенді, қиқая әңгімелерді өте ұнатады.

Берілген кейіпкерге әңгіме құрастырады.

### **Дескриптор:**

- мысалды түсініп, көзбен оқиды; (1б)
- мазмұнын қысқаша топта баяндайды; (1б)
- әңгіме құрастырады; (1б)
- құрастырған мәтіннің құрылымы сақталады. (1б)
- сұрақ құрастырып айтады;(1б)
  
- сұраққа жауап береді;(1б)

### **3-тапсырма.**

#### **«атаулар туралы үш сұрақ»**

Мұғалім сабақ басында жана тақырып бойынша үш терминді тақтаға жазып, ( Немесе а3 фарматта берілген кестеге) оқушыларға осы атауларға қатысты мынандай сұрақтарға жазбаша жауап беруді тапсырады:

1. Қайда? Бұл терминдерді сіз бұрынырақта қайда және қандай мағынада кездестіріп едіңіз?
2. Қалай? Өз тәжірибеңізбен осы атауларды қолданудың мысалдарын келтіре аласыз ба?

3. Қандай? осы сабақта бұл атаулар қандай қолданыста болады деп ойлайсыз?

Әдеттегідей бұл жұмысты оқушылардың жеке, жұппен (шағын топ ішінде) ауызша немесе жазбаша орындауы ықтимал. содан кейін мұғалім бірнеше оқушының пікірін тыңдайды.

Мұғалімнің сұрақтарды шығармашылық тұрғысынан әр сабақта тақырыпқа байланысты өзгертіп отыруы тиімді.

#### **Дескриптор:**

- ауызша және жазбаша сөйлеу түрін ажырата алады; (1б)
- сұрақ құрастырып айтады; (1б)
- сұраққа жауап береді; (1б)
- мәтіннің бөліктерін анықтай алады; (1б)

#### **Педагогке әдістемелік көмек:**

осы мәтін және тапсырмалар тақырыпқа сай таңдалды себебі мәтіннің негізгі ойы еңбекті сыйлауға үйретеді. алынған мақсаттарды алу себебі оқушылардың сөйлеу, ойларын еркін жеткізуге үйрету болып табылады. осы мақсатқа жету үшін тапсырманы оқушылардың тапсырманы орындау деңгейіне сәйкестендіре отыра дайындадым. Мәтін мазмұны білім алушыға біріншіден еңбектің маңыздылығын түсіндіреді. сонымен қатар адамгершілік, сыйластық, жауапкершілік құндылықтарына баулыды. Мәтін мазмұны оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттыруда тапсырмалар арқылы оқушы көтерілген мәселені болжау, мәтін құрастыру, өз ойын жүгірте білуге мазмұнын айтуға үйенеді. осы мәтін арқылы оқушы бойында еңбекті құрметтеуге дағды қалыптасуы мүмкін.

ары қарай құрастырған тапсырмалар туралы:

1 - тапсырманы алу себебі оқушыны сабақ тақырыбыны деген қызығушылығын артыру мақсатында алынды және жаңа сабақ тақырыбымен таныстыру жолдарының бірі.

2 тапсырма ойсергек оқушылардың бір-біріне деген ынта-ықыластарын арттыруға бағытталған: оқушылар жұмбақ шешкенді, қиқая әңгімелерді өте ұнатады.

3 -тапсырма әдеттегідей бұл жұмысты оқушылардың жеке, жұппен (шағын топ ішінде) ауызша немесе жазбаша орындауы ықтимал. содан кейін мұғалім бірнеше оқушының пікірін тыңдайды.

Мұғалімнің сұрақтарды шығармашылық тұрғысынан әр сабақта тақырыпқа байланысты өзгертіп отыруы тиімді.

Жоғарыда айтылғандай оқушыларға бойында еңбекті құрметтеуге дағды қалыптасуы мүмкін.

осы тапсырманы орындатуда «Интерактивті дәріс», «Мозаика», «аландардағы белгілер» т.б әдіс-тәсілдер қолдануға болады.

оқушыларды жеке, жұппен, топпен жұмыс жасатуда бұл тапсырмаларды қалай орындатуға болады және қандай пайдасы бар? Деген сұраққа мен былай жауап бергім келеді. оқушылар топта сыныптастарымен ынтымақтаса отырып, қарым –қатынас жасауға, идеяларды ұсынуға және қорғауға, әртүрлі ұстанымдарымен алмасуға, барынша белсенді қатысуға мүмкіндік алады. Топтық жұмысты ұйымдастырудың артықшылықтары: Игеретін материалдардың көлемі мен оларды түсіну қажеттілігі артады. Жаппай оқытуға қарағанда, жаңа ұғымдарды, түсініктерді, дағдыларды қалыптастыруға аз уақыт жұмсалады.

## 2 сабақ

**Бөлім: Менің отаным - Қазақстан**

**Тақырыбы:** Мемлекеттік рәміздер

**оқу мақсаты:**

4.1.4.1\* тыңдаған мәтін бойынша оқиғаның себеп-салдарлық байланысын (кейіпкерлер, оқиға) және негізгі ойды мұғалімнің қолдауымен анықтау

4.2.6.1 айтылуы мен жазылуында айырмашылығы бар сөздерді дұрыс айту

**сабақ мақсаты:** тыңдаған мәтін бойынша оқиғаның себеп-салдарлық байланысын (кейіпкерлер, оқиға) және негізгі ойды мұғалімнің қолдауымен анықтайды;

айтылуы мен жазылуында айырмашылығы бар сөздерді дұрыс айтады.

**Бағалау критерийі:**

- Тыңдалған мәтіннің мазмұнын түсінеді.
- тыңдаған мәтін бойынша оқиғаның себеп-салдарлық байланысын (кейіпкерлер, оқиға) және негізгі ойды мұғалімнің қолдауымен анықтайды;
- сұрақтарға жауап береді.
- айтылуы мен жазылуында айырмашылығы бар сөздерді дұрыс айтады.

**Қазақстан республикасының Мемлекеттік рәміздері**

«Қазақстан республикасының Мемлекеттік рәміздері туралы» Конституциялық Заң 2007 жылы 4 маусымда қабылданды. осы Заңға сәйкес жыл сайын 4маусым Қазақстан республикасында Мемлекеттік рәміздер күні ретінде мерекеленеді.

Мемлекеттік рәміздер – бұл кез келген мемлекеттің егемендігі мен біртұтастығын бейнелейтін, оның ажырағысыз атрибуттарының бірі. Қазақстан республикасында Мемлекеттік ту, Мемлекеттік елтаңба және Мемлекеттік гимн мемлекеттік рәміздер болып табылады.

**1-тапсырма**

**Мәтіннен дұрыс жауапты табу:**

- Қазақ тілінде бірнеше сөйлем ұсынылады, олардың арасында тек біреуі дұрыс болады. Мысалы: "Қазақстан республикасының туы көк түсті." оқушыларға дұрыс жауапты таңдап, оны орыс тіліне аударуды сұраңыз.

**Дескриптор:**

- ауызша және жазбаша сөйлеу түрін ажырата алады; (1б)
- сұрақ құрастырып айтады; (1б)
- сұраққа жауап береді;(1б)
- мәтіннің бөліктерін анықтай алады; (1б)

## **2-тапсырма**

Диалог құрастыру:

- оқушыларға тапсырма ретінде екі адамның мемлекеттік рәміздер туралы диалогын құрастыруды беріңіз. Бұл диалогта біреуі екінші адамға рәміздердің маңыздылығы мен тарихын түсіндіруі керек.

### **Дескриптор:**

- диалог құрастырады
- сөйлемдерді дұрыс құрайды

**Педагогке әдістемелік көмек:**Берілген тапсырмалар оқушылардың жас ерекшелігіне сәйкес таңдап алынды. оқушылар әлеуметтік-қоғамдық тақырыптар аясында айтылған сөздер мен термин сөздердің мағынасын түсінеді.

осы мәтін және тапсырмалар тақырыпқа сай таңдалды себебі мәтіннің негізгі ойы Қазақстан республикасының Мемлекеттік рәміздері туралы айтылады. алынған мақсаттарды алу себебім оқушылардың сөйлеу, ойларын еркін жеткізуге үйрету болып табылады. осы мақсатқа жету үшін тапсырманы оқушылардың тапсырманы орындау деңгейіне сәйкестендіре отыра дайындадым. Мәтін мазмұны білім алушыға біріншіден құндылықтың маңыздылығын түсіндіреді. сонымен қатар құрметтеу, жауапкершілік құндылықтарына баулыды. Мәтін мазмұны оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттыруда тапсырмалар арқылы оқушы көтерілген мәселені болжау, мәтін құрастыру, өз ойын жүгірте білуге мазмұнын айтуға үйенеді. осы мәтін арқылы оқушы бойында рәміздерді құрметтеуге дағды қалыптасуы мүмкін.

ары қарай құрастырған тапсырмалар туралы:

1 - тапсырманы алу себебім оқушыны сабақ тақырыбыны деген қызығушылығын артыру мақсатында алынды және жаңа сабақ тақырыбымен таныстыру жолдарының бірі. ауызша және жазбаша сөйлеу түрін ажырата алады.

2 тапсырма оқушылар бұл диалогта біреуі екінші адамға рәміздердің маңыздылығы мен тарихын түсіндіреді.

Мұғалімнің сұрақтарды шығармашылық тұрғысынан әр сабақта тақырыпқа байланысты өзгертіп отыруы тиімді.

Жоғарыда айтылғандай оқушыларға бойында рәміздерді құрметтеуге дағды қалыптасуы мүмкін.

оқушыларды жеке, жұппен, топпен жұмыс жасатуда бұл тапсырмаларды қалай орындатуға болады және қандай пайдасы бар? Деген сұраққа мен былай жауап бергім келеді. оқушылар топта сыныптастарымен ынтымақтаса отырып,

қарым –қатынас жасауға, идеяларды ұсынуға және қорғауға, әртүрлі ұстанымдарымен алмасуға, барынша белсенді қатысуға мүмкіндік алады. Топтық жұмысты ұйымдастырудың артықшылықтары: Игеретін материалдардың көлемі мен оларды түсіну қажеттілігі артады. Жаппай оқытуға қарағанда, жаңа ұғымдарды, түсініктерді, дағдыларды қалыптастыруға аз уақыт жұмсалады.

### 3 сабақ

#### **Бөлім: Менің отаным - Қазақстан**

#### **Тақырыбы: Менің ауылым**

**оқу мақсаты:** 4.1.1.1\* анық айтылған сөзді тыңдап, қысқаша жазба (тірек сөздер) жасау және нақтылау мақсатында сұрақтар құру

4.2.3.1\* белгілі бір тақырыпта сұхбаттасу барысында шағын мәліметті (4-5 сөйлем) баяндау, кері байланыс беру, сөйлеу стилін сақтау, дауыс ырғағын келтіріп сөйлеу

**сабақ мақсаты:** анық айтылған сөзді тыңдап, қысқаша жазба (тірек сөздер) жасау және нақтылау мақсатында сұрақтар құрады.

Белгілі бір тақырыпта сұхбаттасу барысында шағын мәліметті (4-5 сөйлем) баяндайды, кері байланыс береді, сөйлеу стилін сақтайды, дауыс ырғағын келтіріп сөйлейді;

#### **Бағалау критерийі:**

- Тыңдалған мәтіннің мазмұнын түсінеді.
- анық айтылған сөзді тыңдап, қысқаша жазба (тірек сөздер) жасау және нақтылау мақсатында сұрақтар құрайды.
- Белгілі бір тақырыпта сұхбаттасу барысында шағын мәліметті (4-5 сөйлем) баяндайды, кері байланыс береді, сөйлеу стилін сақтайды, дауыс ырғағын келтіріп сөйлейді;

#### **Менің туған ауылым**

Менің туған ауыл Кеңес одағының Батыры Нұркен Әбдіровтың туған ауылы. ауылдың орналасқан жерінің табиғаты өте бай. айналасы 4 - 5 шақырымдай жерде биік - биік таулармен көмкерілген. ауылдың екі жағынан арудың қос бұрымындай екі өзен ағады біреуі «Қопа» өзені, екіншісі Жарлы өзені. Біз жазда суға шомылып, күнге қыздырынамыз. Тауға шығып, жидек, қарақат тереміз. Біздің ауылдың тап ортасында екі қабатты үлкен мәдениет үйі орналасқан. Мәдениет үйінің алдында Батыр атамызға арналған үлкен ескерткіші және мемориал бар. ауылымның сәніне айналған ғимарат ол менің мектебім. Үш қабатты зәулім мектеп ауылдың еңсесін көтеріп өзіне тартып тұрады.

Табиғаты мен мәдениеті жарасқан, маңайы мыңғырған малға толған, менің берекелі де, мерекелі туған ауылым осындай!

### **1 тапсырма**

айтылған мәтінді тыңдап, қысқаша жазба (тірек сөздер) жасау және нақтылау мақсатында сұрақтар құр.

#### **ойын жинақтау әдісі**

Түсінік- бұл логикалық түрде ресімделген зат туралы жалпы бір нәрсенің идеясы.

ойын жинақтау әдісі оқытылатын пән немесе зат құбылыс туралы терең және толық мәлімет береді.

#### **Дескриптор:**

-қысқаша жазба (тірек сөздер) жасай алады.

-нақтылау мақсатында сұрақтар құрастырады.

### **2 тапсырма**

Менің ауылым тақырыпта сұхбаттасу барысында шағын мәліметті 4-5 сөйлеммен баянда.

#### **«а Ә Б В»**

сыныптағы оқушының әрқайсысына а, Ә, Б және В әріптерімен қоса төрт-төрттен үлдірленген карточкалардың жинағын дайындаңыз. Жауаптың төрт нұсқасы бар сұрақтар қойыңыз, оқушылар дұрыс жауапқа сәйкес келетін карточкаларын көрсетуі керек. олардан қалғандарының карточка-жауаптарына қарамауын өтініңіз.

1-қадам. а сұхбаттайды Б тыңдайды, В сұхбаттайды Г тыңдайды;

2-қадам керісінше.

3-қадам әр оқушы өз жұбы туралы ақпаратпен төрт адамдық топта бөліседі.

#### **Дескриптор:**

- сұхбаттасу барысында шағын мәліметті 4-5 сөйлеммен баяндайды.

- Кері байланыс береді, сөйлеу стилін сақтайды, дауыс ырғағын келтіріп сөйлейді;

### **3 тапсырма**

Батыр, ауыл, мәдениет, мектеп сөздеріне сөйлем құрастыр.

#### **Дескриптор:**

Берілген сөздерге сөйлем құрастырып жазады.

#### **Педагогке әдістемелік көмек:**

Берілген тапсырмалар білім алушыны сыни тұрғыда ойлауға үйретеді. Қолданылған әдіс сын тұрғысынан ойлау сабақта балалардың қызығушылығын арттыра отырып, өз ойынды еркін және зерттей талпындырып, тұжырым жасауға үйретеді. осы тапсырмалар арқылы оқушының қойылған сұраққа жауап таба алу дағдысын қалыптастыру қарастырылған. Берілген тапсырмаларды жеке және жұппен де орындатуға болады.



**1 тапсырма** Түсінік- бұл логикалық түрде ресімделген зат туралы жалпы бір нәрсенің идеясы.

ойын жинақтау әдісі оқытылатын пән немесе зат құбылыс туралы терең және толық мәлімет береді.

**2 тапсырма** Кері байланыс береді, сөйлеу стилін сақтайды, дауыс ырғағын келтіріп сөйлейді;

**3 тапсырма** осы тапсырманы орындауда білім алушы негізгі ойды бөліп алуға үйренеді. оқушы тақырып бойынша үйренген сөздерін қолдана отырып, мәтінде көтерілген мәселені шынайы өмірмен байланыстырып сөйлеу әрекеті дамиды.

#### 4 сабақ

**Бөлім: Менің отаным - Қазақстан**

**Тақырыбы:** сүйікті қаламыз

**оқу мақсаты:** 4.1.3.1\* тыңдаған материалдың (ұзақтығы 2-2,5 мин) мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беру/сөйлемді толықтыру және түйінді тұстарын анықтау/ кесте толтыру/кластер құрастыру

**сабақ мақсаты:** тыңдаған материалдың (ұзақтығы 2-2,5 мин) мазмұны бойынша сұрақтарға жауап береді/сөйлемді толықтырады және түйінді тұстарын анықтайды/ кесте толтырады/кластер құрастырады.

**Бағалау критерийі:**

- Тыңдалған мәтіннің мазмұнын түсінеді.
- Тыңдаған материалдың (ұзақтығы 2-2,5 мин) мазмұны бойынша сұрақтарға жауап береді/сөйлемді толықтырады және түйінді тұстарын анықтайды/ кесте толтырады/кластер құрастырады.

**Менің сүйікті қалам - астана.**

Менің сүйікті қалам - астана. Бұл қала Қазақстанның жүрегі, мемлекеттің саяси, мәдени және экономикалық орталығы. астанадағы Бәйтерек монументі ерекше көрініс береді, ал Хан Шатыр – әлемдегі ең үлкен шатырлы ғимарат. Қаланың заманауи архитектурасы мен әсем табиғаты таң қалдырады. астана – жастар үшін мүмкіндіктер қаласы, мұнда оқу орындары, жұмыс орындары көп. Менің жүрегім әрдайым астанаға тартылады, ол мен үшін ерекше және қымбат қала.

1 тапсырма

Тыңдаған мәтіннің мазмұны бойынша сұрақтарға жауап береді  
«а,в,с»

а-сұрақ қояды.

в-жауап береді.

с – айтқан жауаптарды бақылайды, толық болмаса толықтырады.

оқушылар топта үшеуден отырады. а — сұрақ қоюшы, В – жауап беруші, с — бақылаушы рөлін атқарады. Бақылаушы қажетті жерлерін түртіп алып, әңгіме соңында қорытынды береді.

оқушылар осы сұрақтарға жазбаша стикерге жауап береді. Ұсыныс, тілектерін айтады.

**Дескриптор:**

-Тындаған мәтіннің мазмұны бойынша сұрақтарға жауап береді.

-сөйлемдерді дұрыс құрады

2 тапсырма

**«айырмашылығы неде?»**

оқушыларға екі түрлі мәтін немесе екі түрлі сурет көрсетіңіз. екеуінің арасындағы айырмашылықты анықтауды сұраңыз. Жауаптарын дәлелдеп отырулары керек.



**Дескриптор:**

-суреттер арасындағы айырмашылықты анықтайды.

## 1 тапсырма

Тыңдаған мәтіннің мазмұны бойынша сұрақтарға жауап береді  
оқушылар осы сұрақтарға жазбаша стикерге жауап береді. Ұсыныс, тілектерін айтады.

## 2 тапсырма

оқушылар екі түрлі сурет көрсетіледі. екеуінің арасындағы айырмашылықты анықтайды. Жауаптарын дәлелдеп отырады.

### **Педагогке әдістемелік көмек:**

Бұл тапсырмалар пәнді оқытып-үйретуде қалыптасатын білім, білік, іс-әрекет тәсілдерін қалыптастырушы болып табылады. 4 сыныптарда тілдік ұғымдар біртіндеп күрделене түседі. Бұл материалдар балалардың жас ерекшеліктеріне байланысты тілдік фактілерді байқату, салыстыру, жаттығу және көрнекілік әдістері арқылы берілген. Бұл әдістер қазіргі дамыта оқыту талабына сай қолданылады. оқылымалды стиль түрлеріне арналған презентация дайындап, оқушыларға ұсынуға кеңес берер едім. себебі көп жағдайда оқушыларға стиль түрлері мен жанрларын анықтауда, жазылым мен айтылымда берілген стиль түрлері бойынша жұмыс істеу қиындықтар туындатып жатады. сондықтан да тапсырмалар арнайы жеңілден күрделіге қарай таңдалған, сыни тұрғыдан ойлана отырып, мәселені тұжырымдауға, баға беруге жетелейтін тапсырмалармен күрделенеді. сәйкесінше бағалау критерийлері де тапсырма шартына орай беріледі

## **5 сабақ**

### **Бөлім: Мәдени мұра**

**Тақырыбы:** сыйқырлы кілем

**оқу мақсаты:** 4.1.1.1\* анық айтылған сөзді тыңдап, қысқаша жазба (тірек сөздер) жасау және нақтылау мақсатында

4.2.2.1 берілген тірек сөздер мен жоспардың негізінде қысқа монолог құру

**сабақ мақсаты:** анық айтылған сөзді тыңдайды, қысқаша жазба (тірек сөздер) жасау және нақтылайды;

Берілген тірек сөздер мен жоспардың негізінде қысқа монолог құрады.

### **Бағалау критерийі**

1. Мәтіндегі бейнені дұрыс атайды.
2. Мәтіндегі не бйнеленгінін айта алады.
3. сөйлем құрастырады.
4. Мәтін бойынша өз ойын әңгімелейді.

Мұғалім: сонымен, бүгінгі сабағымыздың тақырыбы не туралы деп ойлайсыздар?

оқушылар: аналарымыз туралы. содан кейін мұғалім сабақтың тақырыбы мен оқу мақсаттарын, бағалау критерийлерін таныстырады.

<https://juldyz.info/%D2%B1sh%D2%9Bysh-kilem/>

### Ұшатын кілем

Кілем қауырсындай жеңіл екен. Үйде ешкім жоқ кезде орауын жазып көрген. Әжемнің айтқаны шын болып, ұша жөнелсе қайтемін?! Тәуекел, тәжірибе жасап көрейін деп ойлады айбын.

– Бісіміллә! Көтеріл! – деді бала кілем үстіне жайғасып отырған соң. Кілем баланы қаңбақ құрлы көрмей, қалықтап көтеріліп бара жатты.

– Төмен-н-н!.. Төмен-н-н түс! – деді зәресі ұшқаннан тұтыға. содан бері маңына жолаған емес. орайы енді келген сияқты. Бала үйден шығарда: «ардақты, әже! аяулы, әке-анашым! Мен бір жаққа кетіп барамын. Көп ұзамай оралам. Беттеріңнен сүйдім. айбын. 09.10.22 жыл» – деп ақ қағазға жазды да, ас үйдегі үстел үстіне қалдырды.

...Төңірек тым-тырыс. самал желмен сыбдыр қаққан ағаш жапырақтары баланың ісіне сүйсінді.

– Дұрыс айбын! – Жапырақтар жамырай тіл қатты.

– алғысым шексіз! – деді бала.

– Қолдаймыз!..

– арманыңа жет!.. – деді тал-теректер де бастарын барынша иіп. айбын кілем үстіне отырды да,

– Бісіміллә! Көтеріл! – деді сыбырлап.

Күздік пальто, екі-үш жейде, құлақшын ала шыққан. Қоңыр сөмкеде мұнан басқа пәтер кілті, бір уыс кәмпит, пешене және дәптер мен қаламсап бар.

Кілем көп қабатты тұрғын үйлердің төбесінен асып кетті.

– ана баланы қарандар! – аулада жүрген бес-алты қара домалақ айбынды көріп айқай салды.

– Қайда?

– Қара аспанға!

– Кім ол?

– ана бала ғой... Әлгі...

– 6 сыныпта оқитын ұл ма?!

– Иә.

– Жазда көшіп келген...

– сол...

айқай-шу естіген «самал» мөлтек ауданы тұрғындарының қарасы молая түсті. арасында ақ жаулықты әжелер мен ақ сақалды аталар да жүр. Бала әуелгі сәтте қорқып еді, аздан соң сынаққа бойы үйрене бастады.

1 тапсырма

«Пирамида тарихы» әдісі

**Жолдың номерін сөздің саны білдіретін, «пирамидаға» сыйғызылған ерекше құрылым жатыр:**

- 1) басты кейіпкердің аты (тақырыптын);
- 2) мінездеме немесе сипаттама;
- 3) әрекеттің орны (пайдалану);
- 4) проблема;
- 5) жағдайдың өрісін сипаттау;
- 6) проблеманы шешу үшін не қолданылды.
- 7) проблеманы шешу және ары қарай не болатынын болжау.

**Дескриптор:**

- қаланың атын атайды
- калаға сипаттама береді
- жағдайдың өрісін сипаттайды

2 тапсырма

Мәтін мазмұны бойынша сұрақтар құрастыр.

**«ара ұясы» техникасы**

Мұғалім жұптағы оқушыларға не білгендігі туралы пікір алмасуды және екі сұрақтан дайындауын тапсырады. содан кейін әрбір жұп кезектесіп сұрақ қояды, ол сұраққа жауапты мұғалім немесе басқа оқушылар береді. сонымен берілген осы техника негізінде мұғалімнің берген мәліметтері қорытындыланылады, өңделеді.

**Дескриптор:**

- Мазмұны бойынша сұрақтар құрастырады.
- сұрақтарға жауап береді

**Педагогке әдістемелік көмек:**

Бұл жаттығулар оқушылардың оқу-танымдық қызметін басқаруға мүмкіндік береді. Білім алушының өзін көрсетуіне, жолдасының пікірін ескеруіне, қарым-қатынас жасауына, стандартты емес жағдайда өз білімін қолдана білуіне ықпал етеді. Деңгейлік тапсырмалар оқушылардың өз бетімен стандартты емес, шығармашылық, тапсырмалардың қабілеттерін қалыптастыруды, жаңа амал-тәсілдерді практикалық бағыттағы тапсырмаларды орындауды көздейді.

1 тапсырма

- 1) басты кейіпкердің аты (тақырыптың);
- 2) мінездеме немесе сипаттама;
- 3) әрекеттің орны (пайдалану);
- 4) проблема;
- 5) жағдайдың өрісін сипаттау;
- 6) проблеманы шешу үшін не қолданылды.
- 7) проблеманы шешу және ары қарай не болатынын болжау.

2 тапсырма

Мәтін мазмұны бойынша сұрақтар құрастыра отырып оқушылар мәтіннің негізгі ойын анықтайды.

## 6 сабақ

**Бөлім: Мамандықтар**

**Тақырыбы:** Кішкентай тігінші

**оқу мақсаты:** 4.1.1.1\* анық айтылған сөзді тыңдап, қысқаша жазба (тірек сөздер) жасау және нақтылау мақсатында

4.2.2.1 берілген тірек сөздер мен жоспардың негізінде қысқа монолог құру

**сабақ мақсаты:** анық айтылған сөзді тыңдайды, қысқаша жазба (тірек сөздер) жасау және нақтылайды;

Берілген тірек сөздер мен жоспардың негізінде қысқа монолог құрайды.

**Бағалау критерийі**

1. «суреттің бір бөлігі» Иллюстрация бойынша сұрақтарға жауап береді.

2. Жаңа сөздердің мағынасын анықтайды.

3. сөз тіркесін құрастырып жауап береді. (оқушы ойнай отырып суретті құрастырады, сөздерді қайталайды, өйткені суреттерді құрастыру ол үшін шахмат ойыны сияқты болып көрінеді)

**Тігінші мен ай**

Бірде ай өзіне көйлек тіктіріп алмақ болыпты. Тігінші айдың бой тұрқын өлшеп алады да көйлекті пішіп, тігуге кіріседі. Уәделескен шағында ай көйлегін алуға келсе, көйлегі әрі тар, әрі қысқа болып шығыпты.

- Иә, мен қателескен екем, - дейді тігінші. сөйтіп, көйлекті қайта пішіп, қайта тіге бастайды. Уәделескен мерзім жақындап, ай көйлегін алуға тігіншіге тағы келеді.

Бұл жолы да көйлегі шақ келмей, қысқа болып қалыпты. - Иә, тағы да дұрыс өлшемеген екем ғой, - дейді. айдың толыса беретініне түсінбеген тігінші. сонымен қайта өлшеп, қайта пішіп, қайтадан тігуге кіріседі. ай тағы да көйлегін алуға келе жатады. Тігінші киіз үйдің түтігінен асқанда келе жатқан топ-толық өзі тіккен көйлектен екі есе үлкен айды көреді. Не

істерін

білмей, сасқалақтап тігінші басы ауған жаққа қаша жөнеледі. ай ары іздеп, бері іздеп тігіншіні таба алмай қалады. сол себепті, ай көйлексіз жалаңаш қалыпты.

1-тапсырма .

Жұптық жұмыс Тыңдалым  
оқушылар мәтінді тыңдай отырып, берілген тапсырмаларды орындайды

### **Кеспе әдісі**

1. оқушылар жұптаса отырып Кеспе әдісі бойынша шашылған мәтінді жинайды.

2. Мәтіннен жаңа сөздерді табады, оқиды

### **Дескриптор**

-Мәтіндегі негізгі ақпаратты анықтайды.

-оқыған мәтіннің мағынасын түсінеді;

-мәтіннен жаңа сөздерді тауып, айта алады;

-мәтінді тізбектеп оқи алады;

2 тапсырма

### **«артығын алып таста»**

оқушыларға сөздер немесе суреттер жинағын (сабақ тақырыбымен байланысты) көрсетіледі. олар қай сөз немесе сурет қалғандарына қатысты емес екенін анықтауы керек.



**Тыңдалым.**  
Тыңда, құрметті оқыр.



Ай өңіретпек болды. Тегінен  
Айға көрінген тарт, Ай күн сарына  
қараптыр. Ай өңіретпек болды.  
Мәлімет деген мәдениетпек болды.  
Ай рәңгіңді «Бүгінгі күн» Айға  
көрсетпек болды.

Тыңда,  
құрметті оқыр.



# ТІГІНШІ



## **Дескриптор**

- Қай сөз сурет мәтінге қатысты екенін анықтайды

- суретке дәлел айтады.

## **Педагогке әдістемелік көмек:**

сабақтың өту барысы, оқушыға қойылған мақсаты, талаптары,

оқушының жас ерекшелігіне, тиімділігіне сай алдым.

сабақ сұрақтар қою әдісін қолдану арқылы өткізілді.

оқушылардың қызығушылығын ояту мақсатында «**Кеспе әдісі**» таңдалған.

Бұл бөлімде оқушылардың білім деңгейін анықтау көзделген.

Жаңа материалды ашу бөлімінде сызбаларды ұтымды пайдаланылды.

сызба арқылы оқушылардың ойлау қабілетін, логикалық танымдық

белсенділігін арттырды деп ойлаймын. Бұл әдіс оқушылардың жаңа

материалды тиімді меңгеруіне мүмкіндік туғызды деп есептеймін.

сабақта «Деңгейлік тапсырмаларды» орындау компьютермен жұмыс

арқылы жүргізіліп тақырып ұтымды пысықталды. Уақытында үй

тапсырмасы берілді. оқушыларды бағалау «Бағалау парағы» бойынша

жүзеге асты. Бұлай бағалау әділ, ашық түрде оқушы білімін бағалайды.

сабақ тиянақты көрнекілікпен, техникалық құралдар қолдану арқылы

және оқушылардың белсенді қатысуымен өтті.

1-тапсырма оқушылар жұптаса отырып Кеспе әдісі бойынша шашылған мәтінді жинайды. Мәтіннен жаңа сөздерді табады, оқиды.

2 тапсырма

оқушыларға сөздер немесе суреттер жинағын (сабақ тақырыбымен

байланысты) көрсетіледі. олар қай сөз немесе сурет қалғандарына қатысты

емес екенін анықтауы керек.

## **7 сабақ**

**Бөлім:** Табиғат құбылысы

**Тақырыбы:** Жау жау жаңбыр

**оқу мақсаты:** 4.1.1.1\* анық айтылған сөзді тыңдап, қысқаша жазба (тірек сөздер) жасау және нақтылау мақсатында

4.2.2.1 берілген тірек сөздер мен жоспардың негізінде қысқа монолог құру

**сабақ мақсаты:** анық айтылған сөзді тыңдайды, қысқаша жазба (тірек сөздер) жасау және нақтылайды;

Берілген тірек сөздер мен жоспардың негізінде қысқа монолог құрайды.

**Бағалау критерийі:**

1. Мәтіннің мазмұнын түсінеді
2. Мәтін бойынша сұхбатқа түседі
3. екі-үш сұраққа толық жауап береді
4. Өз ойын дәлелдеп жауап береді.

1. «Жазғы демалыс» тақырыбына әңгіме құрастыр.
2. Берілген етістіктерді күрделі етістіктерге айналдыр: ойна, бар, оқы, сат.

**Дескриптор**

- Мәтінді керекті сөздерді қатыстырып құрайды.
- Мәтінің мазмұнына көңіл бөледі

1. «Жаңбыр» тақырыбына шағын әңгіме жаз.
2. отан туралы мақал-мәтелдерді жаз.
3. Берілген сөйлемдерді сұраулы сөйлемге айналдырып жаз. *сен мектепке бардың. ол теледидар көріп отыр. Мен ауылда болдым.*

**Дескриптор**

1. «Жаңбыр» тақырыбына шағын әңгіме құрайды.
2. отан туралы мақал-мәтелдерді айтады
3. Берілген сөйлемдерді сұраулы сөйлемге айналдырады.

**Педагогке әдістемелік көмек:**

Бақылауға алынған жаттығуларда мұғалімде оқушы қателігін түзетіп отыра алады, себебі бұл әдістің мақсаты сауатты сөйлеуге үйрету. Флуенттілікті дамыту барысында оқушы қателігін бірден түзетпеген дұрыс. солай жасаған кезде ғана оқушы өз ойын жеткізіп, коммуникацияға түсе алады. ал кеткен қателіктерді жазып алып (әсіресе сыныпқа ортақ), жаттығудан кейін сыныппен бірлесе отырып түзетуге болады. Флуенттілікті жаттықтыру кезінде оқушылар сөйлеу тақырыбын өздері таңдай алады және оны дамытуға арналған жаттығулар жоба жұмысы, пікірталас, мәселені шешу, себебін анықтау сияқты тапсырмалардан тұрады. Бұл тапсырмалардың барлығы да оқушыларға жаңа ақпараттарды бір-бірімен бөлісуге және қарым-қатынасқа түсуге мүмкіндік береді. Тілді жаңадан меңгеріп жүрген оқушылар үйренген сөздерін айтылым кезінде қолдануда уақытты қажет етуі мүмкін. Кейбір сыныптар, әсіресе, жаңадан үйренушілер, үнсіздік кезеңін бастан өткереді. сол себепті де бастапқы уақыттарда оларға тілді көбірек тыңдауға, үйренуге уақыт беріледі, яғни сабақ барысында үнсіз, жай ғана тыңдаушы ретінде отыруына рұқсат етіледі.

**Бөлім : Менің Отаным –Қазақстан****Бөлімше: Қазақстан қалалары****Сабақтың тақырыбы** Қазақстан

Оқу мақсаты. Тыңдалым 4.1.2.1 бейтаныс сөздер мен сөз тіркестері бар мәтіннің мағынасын мәнмәтінге қатысты анықтап түсіну

**Сабақтың мақсаттары** Мәтіндегі негізгі тірек сөздерді табады, мәтіннің жанрын анықтайды ,мазмұны бойынша ойын толық жеткізеді, танымдық қабілеттері оянады

**Айтылым тапсырмалары****Дескриптор:**

- 1 Кестедегі сөздердің мағынасын ашады 1 балл

- 2 Сөздердің мәнін түсінеді
- 3 Суретпен жұмыс жасайды;

1 балл

1 балл

**1 тапсырма** Кестеде берілген бейтаныс сөздер туралы қандай ойлар айта аласыздар?

**Отан**

**Қазақстан**

## 2 тапсырма

- 🌟 **Топтық тапсырма** «Сәйкестендіру» әдісі бойынша 1топ Отан сөзіне сәкес келетін суретті таңдайды, 2 топ Қазақстан сөзіне сәйкес келетін суретті таңдайды.



**Тыңдалым тапсырмасы**

**Дескриптор:**

- 1 Сурет бойынша картаның қай ел екенін табады- 1 балл
- 2 2.Қосымша өз ойларын айтады, сабақтың тақырыбын ашады (мысалы облстар туралы,өзінің қай облыста тұратындығы туралы және т.б.) 2 балл



### 1 тапсырма

Мәтіннің тақырыбын ашуға бағытталған «Ой қозғау» сұрақтары

Балалар суретте қай елдің картасын көріп отырсындар?

Карта бойынша тағы қандай ортаға салатын ойларың бар?

Бүгінгі сабақтың тақырыбы қалай болады деп болжайсындар ?

«Болжау» әдісі арқылы сабақтың тақырыбын ашып алайық

Дұрыс олай болса бүгінгі сабағымыздың тақырыбы Қазақстан деп аталады екен

Қазақсан біздің Отанымыз көп ұлтты мемлекет, егеменді ел,

Дескриптор

1	Сурет бойынша картаның қай ел екенін табады	1 балл
2	Қосымша өз ойларын айтады, сабақтың тақырыбын ашады (мысалы облстар туралы,өзінің қай облыста тұратындығы туралы және т.б.)	балл

### 2-тапсырма Топтық жұмыс

Оқылым.Айтылым. Мәтінді түсінініп оқып ,мәтін ішінен тірек сөздерді тауып, мазмұнын баяндап беру

#### Қазақстан

Қазақстан егеменді ел. Мемлекеттік тіл – қазақ тілі. Біздің елімізде көптеген ұлттар тұрады. Қазақстан жері ұлан-байтақ. Қазақстан рәміздері өте әдемі. Елтаңбасы, жалауы ерекше. Көк байрағымыз әлемде еркін желбіреді. Қазақстанның бас қаласы – Астана. Астана жылдан – жылға көркейіп келеді. Мен өз елімді мақтан тұтамын.

Сонымен мәтін туралы қандай ой түйдіндер ?



«Бір ауыз сөз» әдісі арқылы әр оқушы мәтіннен алған бір сөзін айтып шығады (мысалы: ұлт,қазақ тілі, ұлан-байтақ Астана т.б.)

ҚБ «Бонус»

### Дескриптор

- |   |  |        |
|---|--|--------|
| 1 | Мәтінді түсініп оқиды                      | 1 балл |
| 2 | Мәтін ішінен негізгі тірек сөздерді табады | 1 балл |
| 3 | Мәтін туралы өз ойын баяндап береді        | 1 балл |

### Айтылым тапсырмалары

1-тапсырма

Жаңа сөздерге тоқталу Мәтіннің жанрын ажыратады

Мәтін ішінен өздеріне бейтаныс сөздерді айтады

Егеменді ел

Көп ұлтты

Байрақ

Бас қала

ҚБ «Шапалақ»

### Дескриптор:

- |   |  |        |
|---|--|--------|
| 1 | Егеменді ел сөз тіркесінің мағынасын ашады | 1 балл |
| 2 | Байрақ сөзінің балама атауын айтады        | 1 балл |
| 3 | Бас қала сөзіне анықтама береді            | 1 балл |
| 4 | Мәтіннің жанрын ажыратады                  | 1 балл |

2 тапсырма Мәтіннің мағынасын суреттер арқылы тереңдетіп ашу тапсырмасы (суретпен жұмыс)



1 деңгей:

Суретке қарап, мәтінмен байланыстыра отырып бірнеше сөйлем айту

ҚБ «Мадақтау»

2-деңгейлік тапсырма: жұптық жұмыс рәміздер туралы өз ойларыңды айтыңдар

ҚБ «Сынып оқушыларының қошаметі»

Орындалған тапсырма бойынша бағалау критерийі

Берілген суреттер бойынша ойларын айту, жұпта бірлесе отырып суреттің өз ойларын жеткізу

Дескриптор

- |   |   |        |
|---|---|--------|
| 1 | Сурет бойынша 2-3 сөйлем айтады                             | 1 балл |
| 2 | Жұптаса отырып бейтаныс сөздер арқыл өз ойларын толықтырады | 1 балл |

Кері байланыс «Қызықты қазақ тілі әлемі»

«Отан» туралы қандай ой қалыптасты?

Бүгінгі сабақтан қандай әсер алдыңыздар?

Сабаққа белсенді қатысып өз ойын толық жеткізіп отырған балалар мадақталады, орташа деңгейде қатысқан балаларға бағыт-бағдар беріледі

### **Мұғалімге әдістемелік көмек**

Бөлім атауы : Менің Отаным- Қазақстан.

Сабақтың тақырыбы: Қазақстан.

Сабақтың оқу мақсаты Айтылым 4.1.2.1 бейтаныс сөздер мен сөз тіркестері бар мәтіннің мағынасын мәнмәтінге қатысты анықтап түсіну. Бұл дағдыны жүзеге асыру үшін бөлім атауына сай «Қазақстан» тақырыбын тыңдалым және оқылым , дағыдыларына сүйене отырып таңдалды. Айтылым тапсырмасына сәйкес бөлім тақырыбын ашып алу мақсатында бөлімдегі негізгі трек сөздерді кестеге сала отырып талдау және мәнін түсіндіру көзделді. Топтық тапсырманы орындаудағы көзделген негізгі мақсат «Сәйкестендіру» әдісі арқылы сөз бен суретті бір бірімен байланыстыру арқылы баланың танымдық қабілеттерін ояту. Мақсат арқылы баланың тіл білу деңгейіне қарай сұрақтар қоя отырып сөйлету, жаңа тақырыптан бінеше сөзді сөздік қоржынына салдыру көзделеді. Жаңа сөздер айдары бойынша бала мәтін ішінен өзіне таныс немесе бейтаныс сөздерді шығарып алады және сол сөздердің мағынасын толық ашып , балама атауларын естеріне сақтап алады. Айтылым тапсырмалары топтық жұмыстар арқылы көбінде жүзеге асырылады, оты тұста мәтінді балалар жан-жақты талдайды. Жалпы топтық тапсырманы орындау барысында балада белсенділік басым болады, өйткені әркімде бір өзіндік ой ортада еркін айтылады. Әрбір тапсырмаларды орындап болғаннан кейін оқушыларды қалыптастырушы бағалау арқылы мадақтап отыру баланың сабаққа деген ынтасын арттырады.



**Бөлім : Менің Отаным –Қазақстан**

**Бөлімше: Қазақстан қалалары**

**Сабақтың тақырыбы** Қазақстан 4.2.1.1\* берілген сөздерге карама-қарсы мағыналы, мағыналас сөздерді табу және сөйлеу барысында қолдану

**Сабақ мақсаты** Сөздік қорды толықтыру, берілген тақырып бойынша ойын жеткізу, мәтінің жанырын ( өлең, ертегі, әңгіме,мәтін, жұмбақ) ажыратады Мәтіндегі жаңа сөздер

Байрақ

Бас қала

Ұлттар

**«Кезбе тілші» әдісі** бойынша сабақтың тақырыбын ашу жеке сұрақтар

-Сіздің Отаныңыз қалай аталады?

- Отанымыздың астанасы қалай аталады?

-Мемлекеттік тіліміз қандай тіл?

-Бүгінгі сабақтың тақырыбы қалай аталады деп ойлайсың?

Бүгінгі сабақтың тақырыбы «Қазақстан»

ҚБ:« Комплимент»

Оқылым Мәтінді түсініп оқып,

### **Қазақстан**

Қазақстан егеменді ел. Мемлекеттік тіл – қазақ тілі. Біздің елімізде көптеген ұлттар тұрады. Қазақстан жері ұлан-байтақ. Қазақстан рәміздері өте әдемі. Елтаңбасы, жалауы ерекше. Көк байрағымыз әлемде еркін желбіреді. Қазақстанның бас қаласы – Астана. Астана жылдан – жылға көркейіп келеді. Мен өз елімді мақтан тұтамын.

## **5-сынып**

**Бөлімі:** 3. Қазақстандағы жан-жануарлар мен өсімдіктер әлемі. Жан - жануарлар туралы ертегілер, жұмбақтар

**Сабақтың тақырыбы:** Ертегі оқиық!

**Сабаққа берілген оқу мақсаттары:**

5. 3. 6. 1 тақырып бойынша үйренген сөздерін қолдана отырып, мәтінде көтерілген мәселеге өз көзқарасын білдіру

5. 4. 4. 1 мәліметтерді жинақтай отырып, тақырып бойынша постер жасау

**Сабақ мақсаттары:**

➤ Мәтінде көтерілген мәселеге үйренген сөздерін қолдана отырып, өз көзқарасын білдіреді

➤ Тақырып бойынша мәліметтерді жинақтай отырып, постер жасайды

МӘТІН. Ертегі «Өгіздің тәлімі»

Бір шал мен кемпірдің жалғыз сиыры болыпты. Сол сиырдың сүті олардың қорегі екен. Сондықтан сиырдың бұзауы сүтке жарымай, өліп қала беріпті.

Жылдар өтеді, шал-кемпір қартая түседі Ал бұзаулардың бұрынғыша өлуі тоқталмайды.

– Қой, болмас, – дейді, бір күні шал кемпіріне, – бір жылға бір нәрсе етіп шыдармыз. Сиырды саумай-ақ қойшы, бұзауы өссін.

– Жарайды, – деп, кемпір де келісе кетеді. Үш күннен соң сиыр еркек бұзау туады. Бұған қуанған олар қанша тарыға тұрса да сиырды саумай, барлық сүтті бұзауға береді. Енесінің сүтін бір өзі еміп өскен бұзау үлкен өгіз болады. Келе-келе ол өзінің семіздігіне мастанады. Оған мынандай ой келеді: «Осындай зор денемен сиырлардың арасында жайыламын. Жоқ, бұл лайықсыз, түйелерге қосылайын». Сөйтіп, ол түйелерге қосылады. Өзін ерекше зор сезініп жүрген ол барынша-ақ түйе болуға тырысып бағады. Солардың жеген шөбін жейді, олармен шөлге кетіп, сортаң жалайды. Ақырында, шөлден қатып, іші ауырып, шыдай алмай: «Жылқыларға барайын, түйеден кішірек қой, азабы да жеңілірек болар», – деп ұйғарады. Сөйтіп, жылқыға қосылады. Бірақ бұл да жайлы тимейді. Солардың санатынан қалмай шауып жүремін деп титығы құриды. Бір күні қасқыр тиіп, жылқылар дүркірей қашады. Бұл ілесе алмай, айдалада қалады. Бақытына қарай, қыр астында сиырлар жайылып жүр екен. Өгіздің өкірген даусын есітіп, жолдасын мүйіздерімен қорғай жүріп, қасқырдан құтқарып алады. Өгіз қуанғаннан жылап жіберіпті.

– Өз тобыңнан бөлінсең, көрер күнің осы екен, – депті, ол жасын сүртіп тұрып. Өгіздің бұл сөзі бұзауларға тәлім болыпты

### **1-тапсырма. Топтық жұмыс**

#### **Мәтін алды жұмыс. Сөздікпен жұмыс**

Сиыр – корова

Бұзау – теленок

Түйе – верблюду

Жылқы – лошадь, конь

Өгіз – бык, войло

Қасқыр тиіп – нападение волков

### **2-тапсырма. «Көрші қонақ» әдісі арқылы мәтінмен жұмыс**

#### **1-топ:**

Бір шал мен кемпірдің жалғыз сиыры болыпты. Сол сиырдың сүті олардың қорегі екен. Сондықтан сиырдың бұзауы сүтке жарымай, өліп қала беріпті.

Жылдар өтеді, шал-кемпір қартая түседі Ал бұзаулардың бұрынғыша өлуі тоқталмайды.

– Қой, болмас, – дейді, бір күні шал кемпіріне, – бір жылға бір нәрсе етіп шыдармыз. Сиырды саумай-ақ қойшы, бұзауы өссін.

– Жарайды, – деп, кемпір де келісе кетеді. Үш күннен соң сиыр еркек бұзау туады. Бұған қуанған олар қанша тарыға тұрса да сиырды саумай, барлық сүтті бұзауға береді.

## 2-топ:

Енесінің сүтін бір өзі еміп өскен бұзау үлкен өгіз болады. Келе-келе ол өзінің семіздігіне мастанады. Оған мынандай ой келеді: «Осындай зор денемен сиырлардың арасында жайыламын. Жоқ, бұл лайықсыз, түйелерге қосылайын». Сөйтіп, ол түйелерге қосылады. Өзін ерекше зор сезініп жүрген ол барынша-ақ түйе болуға тырысып бағады. Солардың жеген шөбін жейді, олармен шөлге кетіп, сортаң жалайды. Ақырында, шөлден қатып, іші ауырып, шыдай алмай: «Жылқыларға барайын, түйеден кішірек қой, азабы да жеңілірек болар», – деп ұйғарады.

## 3-топ:

Сөйтіп, жылқыға қосылады. Бірақ бұл да жайлы тимейді. Солардың санатынан қалмай шауып жүремін деп титығы құриды. Бір күні қасқыр тиіп, жылқылар дүркірей қашады. Бұл ілесе алмай, айдалада қалады. Бақытына қарай, қыр астында сиырлар жайылып жүр екен. Өгіздің өкірген даусын есітіп, жолдасын мүйіздерімен қорғай жүріп, қасқырдан құтқарып алады. Өгіз қуанғаннан жылап жіберіпті.

– Өз тобыңнан бөлінсең, көрер күнің осы екен, – депті, ол жасын сүртіп тұрып. Өгіздің бұл сөзі бұзауларға тәлім болыпты.

## Дескриптор:

- Мәтінді мұқият оқиды
- Топта мазмұнын талқылайды
- Көрші топтарға барып, мәтін мазмұнын жаңа сөздерді қолданып айтады (1-2, 2-3, 3-1)

## ҚБ «Екі жұлдыз, бір тілек»

### 3-тапсырма. Мәтіннен кейінгі жұмыс, жеке жұмыс

Кестені толтырыңдар, мәтінде көтерілген мәселеге үйренген сөздерді қолдана отырып, өз көзқарастарыңды білдіріңдер


Мәтіннен алған өнегем ...	
Маған жат қылықтар ...	
Мәтіндегі ойды қалай қорытындылар едің? (мақал-мтелдер, нақыл сөздерді қолдануға болады)	

## Дескриптор:

- Мәтіннен өзіне қандай өнеге болатын жақсы қасиеттерді алғанын жазады
- Қандай жат қылықтар байқалды? Жағымсыз қасиеттерді табады
- Мәтіндегі ойды қорытындылап, өз ойларын білдіреді
- Жұмыстарда жаңа сөздерді қолданады

### ҚБ «Өзара бағалау»

4-тапсырма. Жұптық жұмыс



### Дескриптор:

- Мәліметтерді жинақтайды
- Тақырып бойынша постер жасайды

### ҚБ «Жапондық бағалау»

Кері байланыс «3-2-1»

### Педагогке әдістемелік көмек

5-сыныптың алғашқы тоқсанында «Қазақстандағы жан-жануарлар мен өсімдіктер әлемі. Жан - жануарлар туралы ертегілер, жұмбақтар» деген тақырып берілген, осы тақырыпқа сай сабақтың тақырыбын «Ертегі оқиық!» деп алынды. Тақырыпқа сай «Өгіздің тәлімі» ертегісі. Сабаққа берілген оқу мақсаттары 5. 3. 6. 1 тақырып бойынша үйренген сөздерін қолдана отырып, мәтінде көтерілген мәселеге өз көзқарасын білдіру; 5. 4. 4. 1 мәліметтерді жинақтай отырып, тақырып бойынша постер жасау деген мақсаттар алынған, бұдан сабақ мақсатын шығарып, осы мақсатқа жету үшін тапсырмалар құрастырылды.

Алғашқы мақсатқа (тақырып бойынша үйренген сөздерін қолдана отырып) жету үшін, **1-тапсырмада** сөздікпен жұмыс жасалады, тақырыпта кездесетін жаңа сөздермен оқушылар танысады; мәтіннің мазмұнын түсініп, кейіпкерлерін есте сақтап, лексикалық сөздік қоры молаяды.

**2-тапсырмада** мәтінмен жұмыс жасалады. Бұл тапсырманы «Көрші қонақ» әдісі арқылы орындату тиімді болады; бұл әдісті таңдауға себеп болған мәселелер:

- Мәтін көлемінің үлкен болуы
- Топта ұжымдық жұмыстың болуы
- Топ мүшелерінің өзара түсінісуі
- Есте сақтау қабілеті дамиды
- Сөйлеу дағдысы артады

Сыныпты үш топқа бөліп, мәтінді үш бөлікке бөліп, әр топқа мәтіннен үзінділер беріледі. Топта мәтінді оқиды, мазмұнын айтып талқылайды, мазмұнын айтуға дайындалады. Оқушылар мәтінмен жұмыс жасап жатқанда, педагог топтың жұмысын бақылап жүріп, топ мүшелерінің бірінің орындығының артына стикер жапсырып кетеді. Бұл орындықтың

иесі келесі топтарға барып өздеріне берілген мәтіннің мазмұнын түсіндіріп айтуы керек. Солайша әр топтан бір оқушы берілген уақыт өткенде, келесі топқа барып, өздеріне берілген мәтіннің мазмұнын түсіндіріп кетеді. Педагог тапсырма берерде мәтінді оқып, талқылауға сыныптың деңгейіне қарай уақыт береді, көрші топтарға барып түсіндіруге де арнайы уақыт бөліуі керек және сол уақытта тапсырманың орындалғанын қадағалауы керек. Үш топтың қонақтары келіп кеткен соң, келген қонақтардың мәтін мазмұндарын қалай түсіндіргенін бағалау керек, қалыптастырушы бағалауға бұл сабақта «Екі жұлдыз, бір тілек» алынған; 1-топ мүшелеріне екі жұлдызша мен бір тілек макетін алып мәтін мазмұнын түсіндірген оқушыны және топты бағалайды. Жұлдызшаны бергенде дескрипторға сай, топтық жұмыс болды ма; барлық топ мүшелері қатысты ма; мазмұнын айтқанда жаңа сөздерді қатыстыра алды ма; мазмұнын толық жеткізді ма; осылардың нақты, сәтті орындалғанын айтып, жұлдызшаны тапсырады. Мысалы: «Мына жұлдызшаны мен 1-топ мүшесі Арманға беремін, өйткені ол дескрипторға сай, топта белсенді жұмыс жасады, мәтін мазмұнын толық түсінген, жаңа сөздерді қатыстырып, мазмұнын нақты түсіндірді, екінші жұлдызшаны осы топта белсенділік танытып, атсалысқандары үшін топқа беремін, осы топ мүшелеріне бүгінгі сабақтағы барлық тапсырмаларды осылай белсенді орындандар деген тілекпен топ мүшелеріне беремін», - деп 3-топ мүшелері бағалайды. Егер сабаққа қатыса алмай, басқа затпен айналысқан бала болса, онда тілек бергенде соны айтып өтеді, мысалы: «2-топтағы Оля топтық жұмысқа қатыспады, ол мәтін оқудың орнына сурет салып отырды, немесе жазу жазып отырды, сол үшін мен сабаққа белсене қатыстыру керек, немесе қатыс деп тілек білдіремін», -деп Оляға ұсынады. Осылайша әр топтан үш оқушы келесі топты бағалап шығады.



**3-тапсырма.** Кестені толтырындар, мәтінде көтерілген мәселеге үйренген сөздерді қолдана отырып, өз көзқарастарыңды білдіріңдер. Бұл тапсырма білімалушылар мәтін мазмұнын қалай түсінгенін, өздеріне неден жирену керек екенін, неге ұмтылу керек екенін және өмірмен байланыстыра отырып, білімалушылардың бойына патриотизмді, еңбекқорлықты, адамгершілікті, жауапкершілікті сіңіреміз. Адами құндылықтарды дарытуда автор көзқарасы мен көтерілген мәселені талдау арқылы ортақ шешім мен өзгенің пікірін тындай білу дағдысы қалыптасады.

**4-тапсырмада** екінші мақсатқа (5. 4. 4. *1 мәліметтерді жинақтап отырып, тақырып бойынша постер жасау*) жетуге арналған тапсырма беріледі. Постерге жаңа тақырып бойынша алған мәліметтерін жинақтап түсіреді. Постер қорғаған соң «Жапондық бағалау» әдісі арқылы бағаланады, мұнда да білімалушылар жұптарға жұмыстарына қарай баға береді.



**Кері байланыс «3-2-1» әдісі арқылы жүреді.**

**3-** бүгінгі сабақтан алған 3 мәлімет

**2-** сабақта қиындық туғызған мәселе, тапсырма

**1-** сабақта ұнаған тапсырма

## II тоқсан

**Бөлімі:** 6. Әлемдегі ірі кітапханалар. Абай Құнанбайұлы «Ғылым таппай, мақтанба» өлеңі

**Сабақтың тақырыбы:** Ірі кітапханалар

**Сабаққа берілген оқу мақсаттары:**

5.3.3.1 Фольклорлық және шағын көлемді көркем әдеби шығармаларды түсіну, тақырыбын анықтау

5.4.5.1 Жазба жұмыстарында жалғаулардың ерекшелігін ескеріп, үндестік заңына сәйкес орфографиялық нормаға сай дұрыс жазу; сөйлем соңында қойылатын тыныс белгілерді орынды қолдану

**Сабақ мақсаттары:**

- Фольклорлық және шағын көлемді көркем әдеби шығармаларды түсінеді, тақырыбын анықтайды
- Жазба жұмыстарында жалғаулардың ерекшелігін ескеріп, үндестік заңына сәйкес орфографиялық нормаға сай дұрыс жазады; сөйлем соңында қойылатын тыныс белгілерді орынды қолданады

**1-тапсырма. Жеке жұмыс.** Мәтінді оқып, оған ат қойыңыздар

Ертеде жалғыз ұлы бар кедей әйел болыпты. Өлер алдында әйел баласына: – Саған үлкен байлық қалдырамын. Оны маған бір ғұлама берген болатын. Ол кітапта байлыққа жету жолы жазылған. Бірақ оқуға уақытым болмады. Бірақ сен кітапты оқып, кедейліктен құтыл! - дейді.

Баласы анасынан қалған ескі кітапты оқуды бастайды. Кітаптың бірінші бетінде былай жазылыпты: «Қазынаға жету үшін кітаптың әр бетін кезегімен оқыңыз. Бір бетін оқымай, екіншіге өтпеңіз. Егер де шыдамсыздық танытып, дереу соңғы бетін ашсаңыз, кітап жоқ болып кетеді. Содан кейін қазынаға ешқашан жете алмайсыз».

Кітаптың бірінші беттері парсыша жазылса, бір жерінен бастап араб тілінде жалғасады. Жас жігіт құнды кітап туралы басқа біреу біліп қоймасын деп, арабша жазылған беттерін оқу үшін араб тілін үйренеді. Енді бір жерден бастап кітап қытай тілінде жалғасады. Сосын тағы-тағы басқа тілдерде. Кітап қай тілде жазылса, жігіт сол тілдердің бәрін меңгереді. Көп тілдерді меңгергендіктен қаланың ең жақсы аудармашысы атанады. Өмірі жақсара бастайды.

Көп тілді беттерден кейін кітапта байлықты қалай жұмсау керектігі жайлы нұсқаулар жазылады. Осы беттерді оқып, жігіт экономика мен сауда салаларын да меңгереді. Оның көп тілді, ғылымның әр саласын меңгерген маман екенін сол елдің патшасы да естіп, жігітті жақсы қызметке тағайындайды.

Осылайша жігіт кітаптың соңына жетеді. Кітаптың соңғы бетінде бір ғана сөйлем жазылған: «Білім – дүниенің ең үлкен қазынасы!»

2-тапсырма. Мәтіндегі оқиғаларды ретімен орналастырыңыз

Оқиғалар

Реті

Қаладағы жақсы аудармашы болғандықтан, тұрмысы түзеле бастайды.

Анасы баласына мұра ретінде кітап қалдырады.

Кітаптың соңына қарай қазынаны жұмсау туралы кеңестер жазылған.

Анасының кітапты оқуға уақыты болмаған екен.

Кітаптың соңғы бетінде бір сөйлем жазылған.

Кітаптың көмегімен түрлі салаларды игереді.

Жігіт кітапты оқу үшін тілдерді меңгереді.

### Дескриптор:

- мәтінге ат қояды;
- мәтіндегі оқиғалардың ретін көрсетеді;

Қалыптастырушы бағалау «Басбармақ»



3-тапсырма. Жеке жұмыс

Көп нүктенің орнына тиісті жалғауларды жалғаңыз. Жалғаудың қай түрі екенін түсіндіріңіз. Сөйлемдерді мұқият оқып, соңына қажетті тыныс белгісін қойыңыз

Сөйлемдер

Ереже

Әлемде ең қымбат кітап..... Леонардо да Винчи жазған

Қазақстандағы ең ірі кітапхананың қай қала.... екенін білесің бе

Кітап... соңғы бетінде бір ғана сөйлем жазылған: «Білім – дүниенің ең үлкен қазынасы»

Қай құрлықта саны жағынан ең аз кітапхана.... бар

Билл Гейтс Леонардо да Винчидің кітаб... 1994 жылы сатып алыпты

### Дескриптор:

- сөздерге сөйлем мағынасына қарай жалғауларды жалғап жазады;
- жалғаудың қай түрі екенін ажыратады;




- сөйлем соңына қажетті тыныс белгісін қояды.

### **Қалыптастырушы бағалау «Жапондық бағалау»**

**4-тапсырма.** Жеке жұмыс. «Кейіпкерге хат» әдісі арқылы орындалады.

Оқыған кітаптарыңыздың ішінде ерекше әсер еткен кейіпкеріңізге хат жазыңыз. Хат мазмұнында тәуелдік және жіктік жалғауларын дұрыс қолданыңыз. Сөйлем соңындағы тыныс белгілерін (сұрақ белгісі, леп белгісі, нүкте) қолданыңыз



### **Дескриптор:**

- сүйікті кейіпкеріне хат жазады;
- хат құрылымын (кіріспе, негізгі, қорытынды) сақтайды;
- хат мазмұнында тәуелдік және жіктік жалғауларын қолданады;
- сөйлемнің айтылу мақсатына қарай лепті, сұраулы, хабарлы сөйлемдерді қолданады;
- сөйлем соңына қажетті тыныс белгілерді қояды

**Қалыптастырушы бағалау** мұғалімнің қолпаштауы

**Кері байланыс** **«Бір сөйлем»**

### **Педагогке әдістемелік көмек**

II тоқсанның 6-бөлімінде «Әлемдегі ірі кітапханалар. Абай Құнанбайұлы «Ғылым таппай, мақтанба» өлеңі» бөлімінің «Ірі кітапханалар» тақырыбы таңдалды. Сабаққа берілген оқу мақсаттары: *5.3.3.1 Фольклорлық және шағын көлемді көркем әдеби шығармаларды түсіну, тақырыбын анықтау* *5.4.5.1 Жазба жұмыстарында жалғаулардың ерекшелігін ескеріп, үндестік заңына сәйкес орфографиялық нормаға сай дұрыс жазу; сөйлем соңында қойылатын тыныс белгілерді орынды қолдану, сабақ мақсатын* *Фольклорлық және шағын көлемді көркем әдеби шығармаларды түсінеді, тақырыбын анықтайды; жазба жұмыстарында жалғаулардың ерекшелігін ескеріп, үндестік заңына сәйкес орфографиялық нормаға сай дұрыс жазады; сөйлем соңында қойылатын тыныс белгілерді орынды қолданады* деп алынды.

1-тапсырма. Мәтінді оқып, оған ат қойыңыз деген тапсырманы жеке орындайды. Мәтінге ат қойғанда бір сөзбен немесе сөз тіркесімен қою керектігі, мәтіннің аты мәтін не туралы? деген сұраққа жауап беруі керек екенін ескеріледі.

**2-тапсырма.** Мәтін мазмұнын түсініп оқыған соң, кестемен жұмыс жасайды,

мәтіндегі оқиғаларды ретімен орналастыруға бағытталған, мәтін қалай басталғанын еске түсіре отырып, оқиға желісін ретімен орналастырады. Бұл тапсырманы орындау барысында білімалушының есте сақтау қабілеті жоғарылайды, сөздік қоры кеңиді. Қалыптастырушы бағалауға «Басбармақ» әдісі қолданылады.



Жарайсың!



Орташа!



Нашар!

**3-тапсырмада** грамматикалық тапсырмалар берілген. Көп нүктенің орнына керекті жалғауды қойып, жалғау түрін ажыратады, түсіндіреді. Жалғау түрлерін есіне түсіріп, ажыратады және дәлелі ретінде ережесін айтады. Мысалы, Әлемде ең қымбат кітап... (ты) Леонардо да Винчи жазған. Кітапты нені? деген сұраққа жауап береді, септік жалғауы, табыс септік. Сөйлемдерді мұқият оқып, соңына қажетті тыныс белгісін қояды. Бұл сөйлем хабарлы болғандықтан, соңына нүкте қойылады, - деп нақты жауап береді. Осы тапсырма арқылы бала сауатты жазуға дағдыланады. Қалыптастырушы бағалауға «Жапондық бағалау»



**4-тапсырма** «Кейіпкерге хат» әдісі арқылы орындалады.

Сабақ мақсатына сай, жазба жұмыстарында жалғаулардың ерекшелігін ескеріп, үндестік заңына сәйкес орфографиялық нормаға сай дұрыс жазу; сөйлем соңында қойылатын тыныс белгілерді орынды қолдану, сабақ мақсатын Фольклорлық және шағын көлемді көркем әдеби шығармаларды түсінеді, тақырыбын анықтайды; жазба жұмыстарында жалғаулардың ерекшелігін ескеріп, үндестік заңына сәйкес орфографиялық нормаға сай дұрыс жазады; сөйлем соңында қойылатын тыныс белгілерді орынды қолданады болғандықтан, тапсырманы осы мақсатқа жетуге арнап алу керек. Білімалушылардың жас ерекшелігін ескере отырып, оқыған кітаптарыңыздың ішінде ерекше әсер еткен кейіпкеріңізге хат жазыңыз. Хат мазмұнында тәуелдік және жіктік жалғауларын дұрыс қолданыңыз. Сөйлем соңындағы тыныс белгілерін (сұрақ белгісі, леп белгісі, нүкте) дұрыс қолданыңыз деген тапсырма құрастырылып, берілді. Оқыған шығармадағы кейіпкерді таңдаса да болады, алайда, жас ерекшелігіне сай кейіпкерді тадауды білімалушыға қалдырылады. Бұл тапсырмадан соң қалыптастырушы

бағалауды мұғалім жүргізеді, білімалушы өз хатын оқыған соң, жарайсың! Жақсы! Қолыңнан келеді! Бұдан да жақсы орындай аласың! деген қолпаштаулар айтады. Әр тапсырмадан кейін қалыптастырушы бағалау жүріп отырады. Сабақ соңында «Бір сөйлем» арқылы кері байланыс береді. Білімалушылар сабақ барысында мәтін мазмұнын қалай түсінгенін, есінде не қалғанын, жалпы бүгінгі сабақтан алған жаңалығын бір сөйлемге сыйғызып айтуы керек.

### III тоқсан

**Бөлім:** 9. Аспан әлемінің құпиялары

**Сабақтың тақырыбы:** Аспан әлемі

**Оқу мақсаттары:**

5.1.1.1 Тақырыпты тірек сөздер арқылы болжау

5.2.3.1 Ауызша мәтіндер құрауда қазақ тіліндегі төл дыбыстардың дыбысталуын, үндестік заңын ескеріп айту

**Сабақ мақсаты:**

- Тақырыпты тірек сөздер арқылы болжайды
- Ауызша мәтіндер құрауда қазақ тіліндегі төл дыбыстардың дыбысталуын, үндестік заңын ескеріп айтады

**1-тапсырма. Жұптық жұмыс. А.** Мәтінді екі рет мұқият тыңдап, ондағы тірек сөздерді анықтаңыздар;

**Ә.** Тірек сөздердің көмегімен мәтін тақырыбын болжайды;


### Мәтін

Жұлдыздар жерден өте көп қашықтықта орналасқан. Жай көзбен қарағанда аспан әлемінде 3 мыңға тарта жұлдыз көрінеді. Ал қазіргі заманда ең жаңа құралдармен есепке алынғандарының саны бірнеше миллион. Ғалымдардың болжауынша, жұлдыздардың жалпы саны әлденеше миллиардтан асып кетеді.

Жерге ең жақын жұлдыз - Күн. Оның төңірегінде ірі аспан денелері планеталар айналып жүреді. Ғаламшарлар - өзінен жарық шығармайтын салқын денелер.

Жердің серігі - Ай. Дегенмен олар да жұлдыз сияқты жылтырап көрінеді. Өз кезегінде планеталардың төңірегінде олардың серіктері айналып жүреді. Күн және оны айналып жүретін планеталар мен олардың серіктері Күн жүйесін құрайды. Ғарыш кеңістігінде шек жоқ. Оның кеңдігі соншалық аспан денелерінің бір - бірінен қашықтығын Жердегі өлшеммен, айталық километрмен өлшеу мүмкін емес.

**2-тапсырма.** Тірек сөздердің көмегімен төменде берілген жұлдыздың ортасына мәтінге ат қойыңыз.



**Дескриптор:**

- мәтінді тыңдау барысында 5 тірек сөзді анықтайды;
- тірек сөздерді жұлдыздың бес бұрышына жазады;
- мәтінге сөз тіркесімен атау беріп, оны жұлдыздың ортасына жазады.

**Қалыптастырушы бағалау «Өзін өзі бағалау»**

**3-тапсырма.** «Аспан әлеміндегі ғаламшарлар» тақырыбына 3 сурет салыңыз, 2 сөз жазыңыз. Сурет пен сөз арқылы ауызша мәтін құрап, жұбыңызға әңгімелеңіз. Әңгімелеу кезінде қазақ тіліндегі төл дыбыстардың дыбысталуын ескеріп айтыңыз

**Дескриптор:**

- тақырыпқа қатысты 3 сурет салады, 2 сөз жазады;
- сурет және сөздердің көмегімен ауызша мәтін құрайды;
- мәтінді жұбына әңгімелейді;
- әңгімеде қазақтың төл дыбыстарын дыбысталуы бойынша айтады.

**Қалыптастырушы бағалау «Өзін өзі бағалау»**

**Кері байланыс «3-2-1»**

**Педагогке әдістемелік көмек**

**9-бөлімде** «Аспан әлемінің құпиялары» тақырыбы берілген, сабақтың тақырыбы «Аспан әлемі» деп алынды. Оқу мақсаттары 5.1.1.1 Тақырыпты тірек сөздер арқылы болжау; 5.2.3.1 Ауызша мәтіндер құрауда қазақ тіліндегі төл дыбыстардың дыбысталуын, үндестік заңын ескеріп айту деп тыңдалым мен айтылым дағдылары алынды. Сабақ мақсаттары:

- Тақырыпты тірек сөздер арқылы болжайды
- Ауызша мәтіндер құрауда қазақ тіліндегі төл дыбыстардың дыбысталуын, үндестік заңын ескеріп айтады

Сабақтың басында бүгінгі сабақта қалыптастырушы бағалау өзін өзі бағалайтыны ескертіліп, бағалау кестесімен таныстырылады және таратып беріледі.

**\*«Өзін-өзі бағалау» парағы**  
**Сабақтың тақырыбы: «Аспан әлемі»**

**1-тапсырма.А**

Мәтінді екі рет мұқият тыңдап, ондағы тірек сөздерді анықтаңыздар

**2 балл**

**1-тапсырма. Ә**

мәтін тақырыбын түртіп алған тірек сөздер арқылы болжайды

**2 балл**

**2-тапсырма.** Тірек сөздердің көмегімен төменде берілген жұлдыздың ортасына мәтінге ат қойыңыз.

**2 балл**

**3-тапсырма**

«Аспан әлеміндегі ғаламшарлар» тақырыбына 3 сурет салыңыз, 2 сөз жазыңыз. Сурет пен сөз арқылы ауызша мәтін құрап, жұбыңызға әңгімелеңіз. Әңгімелеу кезінде қазақ тіліндегі төл дыбыстардың дыбысталуын ескеріп айтыңыз

**2 балл**

Барлығы \_\_\_\_\_ балл

Білімалушы: \_\_\_\_\_

\* Жоғарыда берілген кестеге сабақ барысында орындалатын тапсырмалар толық түсіріліп, балл қойылады. Сабақ соңында әр білім алушы қай тапсырманы орындап, неше балл жинағанын жазып, кестені мұғалімге өткізеді. Баалау әділ болу керектігі ескертіледі.

1-тапсырмада берілген мәтінді компьютер, ұялы телефон немесе колонканың көмегімен 2 рет тыңдайды. Тыңдау барысында білімалушылар мәтін мазмұнына тірек болады деген сөздерді, сөз тіркестерін түртіп алады. Тыңдалымнан соң, түртіп алған тірек сөздері арқылы мәтіннің мазмұнын болжайды.

**2-тапсырмада** «Жұлдызша» кестесімен жұмыс жасайды. Жұлдыздың бес бұрышына бес тірек сөздерді жазады, ал ортасна мәтінге қандай ат қойғанын жазады.

**3-тапсырма.** «Аспан әлеміндегі ғаламшарлар» тақырыбына 3 сурет салады, 2 сөз жазады. Сурет пен сөз арқылы ауызша мәтін құрап, жұбына әңгімелейді. Әңгімелеу кезінде қазақ тіліндегі төл дыбыстардың дыбысталуын ескеріп айтады. Сабақ соңында «3-2-1» әдісі арқылы кері байланыс береді

3- сабақта алған нақты ақпарат

2-қиындық туғызан мәселе

1- ұнаған тапсырма

Кері байланыс алынған соң, әр білімалушы бағалау парағын ұстазына ұсынады. Өздерін бағалаған бағаларымен ұстазының бағасы сәйкес келген

кезде «Күнделік» жүйесіне сол балл қойылады. Өздерін жоғары немесе төмен бағалағандарға ескертпелер айтылып, дер кезінде түзетіледі.

#### IV тоқсан

**Бөлім тақырыбы:** 11. Қазақстандағы ұлттар достастығы М.Мағауин.  
«Бір атаның балалары»

**Сабақтың тақырыбы:** Халықтар достығы туралы шығарма.

**Оқу мақсаты:**

5.1.2.1 Тыңдалған мәтіннің негізгі мазмұнын түсіну және нақты ақпаратты анықтау

5.4.2.1 Эссе құрылымын сақтай отырып, адамды, табиғатты, белгілі бір оқиғаны сипаттап жазу

**Сабақ мақсаты:**

- Тыңдалған мәтіннің негізгі мазмұнын түсінеді және нақты ақпаратты анықтайды
- Эссе құрылымын сақтай отырып, адамды, табиғатты, белгілі бір оқиғаны сипаттап жазады

**1-тапсырма.** Мәтінді мұқият 1 рет тыңдап, кестедегі ақпараттардың дұрыс немесе бұрыс екенін белгілеңіз.

Қазақстан халықтарының ынтымақтастығы күні мейрамы елімізде 1996 жылдан бастап тойлана бастады. Бүгінде 17 миллионға жуық халқы бар Қазақстанды 130-дан аса ұлт өкілдері мекен етеді.

Бұл мерекенің тарихы туралы не білеміз?

1886 жылы халықаралық жұмысшылардың ынтымақтастығы күні чикаголық жұмысшылар көтеріліс ұйымдастырып, 8 сағаттық жұмыс күнін талап етіп, демонстрацияға шықты. Алайда көтеріліс соңы полиция мен көтерілісшілердің арасындағы қақтығысқа айналды. Ал үш жылдан соң париждік II интернационал конгресі 1 мамырды әлем жұмысшыларының ынтымақтастығы күні деп атап, жыл сайын осы күні демонстрацияға шығып, талап қоюға шақырды.

Ресей империясында бұл мереке алғаш рет 1890 жылы аталып өтілді. Ал 1917 жылы 1 мамыр мерекесі ашық тойланды. 1 мамыр ұзақ уақыт бойы Халықаралық барлық елдер жұмысшыларының ынтымақтастығы күні болып тойланып келді. Бірақ уақыт өте келе мереке саяси сипатынан айырылды.

Қазір Қазақстанда 1 мамырды Қазақстан халықтарының ынтымақтастығы күні деп атап, еліміздегі барлық ұлт өкілдері мереке күні салтанатты шеруге шығып, түрлі мерекелік шаралар ұйымдастырып тойлайды.

Ақпараттар

+ дұрыс

- бұрыс

Чикаголық жұмысшылар көтеріліске шығып, 8 сағаттық жұмыс күнін сұраған.

Францияда 1 мамыр ұлттар татулығының мерекесі ретінде тойланады.  
Мереке жұмысшылардың ынтымақтастығы күні болып тойланып келеді.  
Ресейде 1 мамыр мерекесі 1890 жылдан бастап тойланады.

**Дескриптор:**

- мәтінді мұқият тыңдайды
  - мәтін мазмұнын түсінеді
  - кестедегі ақпараттардың мәтінге сай дұрыс, бұрыс екенін белгілейді
- Қалыптастырушы бағалау: өзара бағалау**

**2-тапсырма**

Мәтінді екінші рет тыңдап, мәтіндегі төрт нақты ақпаратты кластер сызбасы арқылы көрсетіңіздер



**Дескриптор**

- мәтіннен нақты ақпараттарды табады
- мәтіндегі 4 нақты ақпаратты кластерге жазады.

**Қалыптастырушы бағалау: өзара бағалау**

**3-тапсырма. Жеке жұмыс**

Өзге ұлтты досыңызбен араңыздағы достық туралы оқиғаны сипаттап жазыңыз (80-90 сөз).

**Дескриптор:**

- эссе құрылымын сақтайды
- достық туралы оқиғасын сипаттап жазады



- эссе көлемі 80-90 сөз

## Қалыптастырушы бағалау «Жапондық бағалау»

### Кері байланыс «1 минуттық эссе»

#### Педагогке әдістемелік көмек

**Бұл сабақтағы бөлім тақырыбы** «Қазақстандағы ұлттар достастығы. М.Мағауин.«Бір атаның балалары», ал сабақтың тақырыбы: Халықтар достығы туралы шығарма.

#### Оқу мақсаты:

5.1.2.1 Тыңдалған мәтіннің негізгі мазмұнын түсіну және нақты ақпаратты анықтау; 5.4.2.1 Эссе құрылымын сақтай отырып, адамды, табиғатты, белгілі бір оқиғаны сипаттап жазу болғандықтан сабақтың мақсаттары:

- Тыңдалған мәтіннің негізгі мазмұнын түсінеді және нақты ақпаратты анықтайды
- Эссе құрылымын сақтай отырып, адамды, табиғатты, белгілі бір оқиғаны сипаттап жазады

**1-тапсырма.** Мәтінді колонкадан 1 рет мұқият тыңдайды да кестедегі ақпараттармен танысып, дұрыс немесе бұрыс екенін бағандарға белгілейді.

#### Дескриптор:

- мәтінді мұқият тыңдайды
- мәтін мазмұнын түсінеді
- кестедегі ақпараттардың мәтінге сай дұрыс, бұрыс екенін белгілейді

Қалыптастырушы бағалау барысында білімалушылар өздерін дескрипторға сай бағалау барысында кім қай жердегі ақпаратқа дұрыс жауап бермегенін, қандай қатіліктер жібергенін, не себепті қателескендерін анықтап айтып, өздерінің бағаларын береді, яғни өзара бағалайды.

**2-тапсырмада** мәтін екінші рет тыңдалады, мәтіндегі нақты ақпараттарды жинақтайды да, соның ішіндегі нақты мәтін мазмұнын ашады деген 4 ақпаратты кластер сызбасына жазып көрсетеді. Әр тапсырмаға дескриптор берілген, сол дескриптор негізінде бірін бірі, жұпты немесе топты бағалап отырады. Қалыптастырушы бағалау барысында білімалушылардың сыныптастарының жақсы жақтарын, дұрыс жауап бергенімен қатар тапсырма орындау барысында дұрыс жұмыс жасамай, көшірген немесе кедергі жасағандарға да ескертулер айтып, төмен балл жинауға өз үлестері бар екеніне назар аударады. Бұл бағалаудың жақсы тұстары бар, әр білім алушы топта, жұпта жұмыс жасамаған жағдайда өзінің тобына немесе жұбына төмен ұпай алып беретінін біледі, артта қалмас үшін барынша үлес қосуға ұмтылады, жұмыс жасайды, бәсекеге қабілеттілік артады.

**3-тапсырманы** бергенде сыныптың деңгейін ескеру керек. Жеке орындалатын жұмыс болғандықтан білімалушыларға 5 минутта орындалып бітуі керек екені ескертіледі. білімалушылар өзге ұлтты досыңызбен араңыздағы достық қарым -қатынастар туралы оқиғаны сипаттап жазуы

керек екенін, уақыттың шектеулі екенін, жұмыс көлемінің 80-90 сөзден тұратынын және эссенің құрылымының сақталуын басты назарда ұстау керектігін түсінеді.

**Дескрипторда** эссе құрылымын сақтайды; достық туралы оқиғасын сипаттап жазады; эссе көлемі 80-90 сөз екені көрсетілген. **Қалыптастырушы бағалау «Жапондық бағалау» әдісі арқылы жүреді.**



**Кері байланысты «1 минуттық эссе» әдісі арқылы алынады.**

Білімалушыларға 1 минут уақытта бүгінгі тақырып бойынша есте қалған ақпараттарды жазып шығу тапсырылады. Жеке жұмыстарын оқып, кері байланыс береді.

#### IV тоқсан

**Бөлім тақырыбы:** 13. Ер есімі – ел есінде! Ғ. Мүсірепов «Қазақ солдаты» романы (үзінді)

**Сабақтың тақырыбы:** Ер есімі – ел есінде!

**Оқу мақсаты:**

5.3.6.1 Тақырып бойынша үйренген сөздерін қолдана отырып, мәтінде көтерілген мәселеге өз көзқарасын білдіру

5.5.1.4 Жіктеу, сілтеу, сұрау есімдіктерін жазба, ауызша жұмыстарда орынды қолдану

**Сабақ мақсаты:**

- Тақырып бойынша үйренген сөздерін қолдана отырып, мәтінде көтерілген мәселеге өз көзқарасын білдіреді
- Жіктеу, сілтеу, сұрау есімдіктерін жазба, ауызша жұмыстарда орынды қолданады

**1-тапсырма.** Мәтінді оқып, тобыңызға мазмұндаңыз

#### I топ

Саламатсыңдар ма, менің ардақты анам мен бауырларым! Сендер жіберген хат қолыма енді ғана түсті. Амандықтарыңды оқып, қуанышымда шек жоқ болып отырмын. Біздің батальон екі апта бойы соғысып жатыр. Прибалтиканы азат етуге күш салып жатырмыз. Бұл жерді көзбен көру қорқынышты: айнала қара түнек, қираған үйлер мен өртенген ғимараттар. Ауа райы қолайсыз болып тұр, бірде қар, бірде жауын, енді бірде қар аралас жауын жауады. Не жылына алмаймыз, не жуына алмаймыз. Бірақ біз мойымаймыз. Анашым, есінде ме, мен кетер кезде өзім жақсы көретін кэмпит пен иіссу және

юбкамы чөмөдөңгө салып алып едөм ғөй. Сендердөң суреттердөңдө де ала кеткем. Қандай күлкөлі болғанмын: мұнда аз уақыт қана болып, қайта оралам деп ойлапшын. Ерболат, Бекен, анама көмөктөсөңдер, оған қазір ауыр, өте ауыр. Оқуларыңды тастамаңдар, жақын арада соғыс бітөп, елге басында бөлімі бар ақылды адамдар керек болады. Ал мені еш уайымдамаңдар. Ыстық сәлеммен: мөпелөп өсөрген қыздарың мен апайларың.

## **II топ**

«Гитлердөң үйөнде» барлау взводының командирө, лейтенант Рақымжан Қошқарбаевқа Рейхстагқа Қызыл Туды төгу туралы тарихи жауынгерлөк бөйрық берөлдө. Жалауды оған батальон командирө Давыдов және саяси жетөкшө Васильченко табыс өттө. «Гитлер үйө» мен Рейхстагқа дейөн ара қашықтық 360 метр ғана, бөрақ ол жан-жағынан оқ жауған ашық алаңда өдө. Лейтенант Қошқарбаев өзөнің солдаттарымен толассыз атылған оқтың астынан жерге жабыса 7 сағат бойы өңбектеп өттө. Межелөген орынға ол Григорий Булатов дөген солдатпен бөрге жөтөп, бөйрықты орындап, Рейхстагқа туды төктө. Бұл оқиға сөуөрдөң 30-ы күнө 18 сағат 30 минутта болған өдө. Тарихи оқиға жайындағы бұл хабар бөкөл әскери бөлімдердө шарлады. Рейхстаг төбөндегө ұрыстарда қазақстандықтар Нығмет Наукөнов, Әлімкұл Жылқыбаев, Павел Василевский, Алексей Ковалев және басқа да жауынгерлер өрлөк көрсөттө.

Мысалы, Төлеухан Шайдөлдөнов Рейхстаг қабырғасына былай деп жазып көтөптө: «Мен - қазақпын, Қазақстаннан көлдөм. Қан майданда жүрөп Мәскеуден Берлинге дейөн жөттөм. Рейхстагқа шабуыл жасап, жеңөске жөттөк. Шайдөлдөнов Төлеухан».

### **Дөскриптор**

- Мөтөндө төсөніп оқиды
- мөтөндө тобына мазмұндайды;

**2-тапсырма.** Жеке жұмыс. Мөтөндегө бөр мәселөнө анықтап, оған өз көзқарасыңызды жазбаша бөлдөрөңіз. Ойыңызды бөлдөру барысында жаңа сөздердө қолданыңыз.


Мөтөндегө мәселе

Мөң көзқарасым

### **Дөскриптор**

- мөтөндегө бөр мәселөнө анықтайды;
- мәселеге қатысты өз ойын бөлдөредө;

- ойын жеткізуде үйренген сөздерін қолданады  
**Қалыптастырушы бағалау «Жапондық бағалау»**



### **3-тапсырма. Жұптық жұмыс.**

Жұбыңызбен Ұлы Отан Соғысының батыры мен тілші арасында сұхбат дайындаңыз. Сұхбат мазмұнында жіктеу, сұрау есімдіктерін қажетінше қолданыңыз.

#### **Дескриптор**

- тақырыпқа қатысты сұхбат дайындайды
- сұхбаттың жанрлық ерекшелігін ескереді;
- әр оқушы 4-6 сөйлем айтады;
- жіктеу, сұрау есімдіктерін еске түсіру
- сұхбатта кем дегенде 2 жіктеу, 2 сұрау есімдігін қолданады.

#### **Қалыптастырушы бағалау «Екі жұлдыз, бір тілек»**

**Кері байланыс «Бір ауыз сөз»** әдісі арқылы сабақты қорытындылап, кері байланыс беріңіздер

### **Педагогке әдістемелік көмек**

**Соңғы бөлім тақырыбы** «Ер есімі – ел есінде! Ғ.Мүсірепов «Қазақ солдаты» романы (үзінді)», сабақтың **тақырыбы** «Ер есімі – ел есінде!».

**Оқу мақсаты:** 5.3.6.1 Тақырып бойынша үйренген сөздерін қолдана отырып, мәтінде көтерілген мәселеге өз көзқарасын білдіру; 5.5.1.4 Жіктеу, сілтеу, сұрау есімдіктерін жазба, ауызша жұмыстарда орынды қолдану, осы мақсаттардан сабақ мақсаты:

- Тақырып бойынша үйренген сөздерін қолдана отырып, мәтінде көтерілген мәселеге өз көзқарасын білдіреді
- Жіктеу, сілтеу, сұрау есімдіктерін жазба, ауызша жұмыстарда орынды қолданады

**1-тапсырма.** Мәтінді оқиды, топта мазмұнын айтады да 2-тапсырмаға өтеді. Бұл тапсырма жеке орындалады. Мәтіндегі бір мәселені тауып, анықтап, оған өз көзқарасын жазбаша білдіреді. Ойларын жеткізу барысында жаңа сөздерді қолданады. Мысалы:

Мәтіндегі мәселе

1. Прибалтиканы азат ету үшін күрес
2. Ауа райының қолайсыздығы
3. Рақымжан Қошқарбаевқа Рейхстагқа Қызыл Туды тігу туралы тарихи жауынгерлік бұйрық берілді

Менің көзқарасым



1. Бұл жерді көзбен көру қорқынышты: айнала қара түнек, қираған үйлер мен өртенген ғимараттар
2. Бірде қар, бірде жауын, енді бірде қар аралас жауын жауады. Не жылына алмаймыз, не жуына алмаймыз
3. Лейтенант Қошқарбаев өзінің солдаттарымен толассыз атылған оқтың астынан жерге жабыса 7 сағат бойы еңбектеп өтті

Дескриптор негізінде білім алушылар бір-бірін «Жапондық бағалау» әдісі арқылы бағалайды



### 3-тапсырма. Жұптық жұмыс.

Білім алушылар жұптасып Ұлы Отан Соғысының батырымен сұхбаттасуы керек. Жұпта Ұлы Отан Соғысының ардагері, батыры мен тілші арасында өтетін сұхбат дайындайды. Сұхбат мазмұнында жіктеу, сұрау есімдіктерін қажетінше қолданады. Алдымен оларды еске түсіріп алу керек. «Есімдік деген не? оның неше түрі бар? Жіктеу есімдігі мен сұрау есімдіктерін атаңдар» деген сұрақтарға ауап алу үшін кластер құрайды



### Дескриптор

- тақырыпқа қатысты сұхбат дайындайды
- сұхбаттың жанрлық ерекшелігін ескереді;
- әр оқушы 4-6 сөйлем айтады;
- жіктеу, сұрау есімдіктерін еске түсіру
- сұхбатта кем дегенде 2 жіктеу, 2 сұрау есімдігін қолданады.

**Қалыптастырушы бағалау** «Екі жұлдыз, бір тілек» әдісі арқылы жүреді.



Жұп мүшелеріне екі жұлдызша мен бір тілек макетін алып тапсырманы орындаған жұпты бағалайды. Жұлдызшаны бергенде дескрипторға сай, жұмыстар орындалды ма; тақырыпқа қатысты сұхбат дайындалды ма, сұхбаттың жанрлық ерекшелігін ескереді ме, әр оқушы 4-6 сөйлем айтты ма,

сұхбатта кем дегенде 2 жіктеу, 2 сұрау есімдігін қолданады ма, осылардың нақты, сәтті орындалғанын айтып, жұлдызшаны тапсырады  
**Кері байланыс «Бір ауыз сөз» әдісі арқылы сабақты қорытындылап, кері байланыс береді.**

**Сынып : 5-сынып**

**Токсан : I**

**Бөлім тақырыбы:** Отбасындағы дәстүрлер мен мерекелер ( 1- бөлім )

**Бөлімше тақырыбы:** Қазақ отбасының дәстүрлері ( 1-тақырып )

**Сөйлеу әрекетінің түрлері:** тыңдалым, айтылым

**Оқу мақсаты:**

5. 1. 6. 1- тыңдалым материалдарының мазмұны негізінде сұрақтарға жауап беру.

5. 2. 2. 1 - қазақша амандасу мәнері мен ұлттық этикет формаларын пайдалану

**Сабақтың мақсаты:**

- тыңдалым материалдарының мазмұны негізінде сұрақтарға жауап береді.
- қазақша амандасу мәнері мен ұлттық этикет формаларын пайдаланады.
- 

**1-тапсырма. Топтық жұмыс. Мәтіналды жұмыс.**

а) Берілген бейнематериалды сілтеме арқылы мұқият тыңдап. бейнематериалдағы ер азаматтардың және қыз балалардың амандасу әдептерін анықтап, әңгімелеңіз.



WhatsApp Video 2024-08-19 at 21.23.53.mp4

( <https://youtu.be/v6kQIJEB3eo?si=Gus-O6R2gx9cjMDL> )

I топ

Ер-азаматтардың амандасу түрлерін атап, әңгімелейді. ( қос қолдап амандасу, төс қағыстырып амандасу, бас иіп амандасу)

II топ

Қыз балалардың амандасу әдебі жайлы әңгімелейді. ( бас иіп амандасу, жалпыға бірдей сәлем беру)

**Дескриптор:**

Ер –азаматтардың амандасу әдебін атап, қимылмен көрсете алады.

Қыз балалардың амандасу әдебімен бас изеп амандасады, әңгімелей алады.

**Қалыптастырушы бағалау: «Қос шапалақ» әдісі**

**ә) Жұптық жұмыс. Суреттер бойынша жұбыңызбен диалог құраңыз.**

I топ

Қария мен бала арасындағы диалог.  
арасындағы диалог.

II топ

Сыныптас Ажар мен Арман



### Дескриптор:

- Жас ерекшелігіне қарай амандасу үлгілерін дұрыс қолданады.

**Қалыптастырушы бағалау:** «Қос шапалақ» әдісі

**2-тапсырма. Ұжымдық жұмыс. Мәтінмен жұмыс. Мәтінді ( QR арқылы ашу) мұқият тыңдаңыз.**

( 2 рет, 1-жай тыңдалым, 2-тапсырманы орындау мақсатында)



### Ұшқан ұя

...Киіз үйдің төрінде бір топ ауыл ақсақалы баппен кымыз ішіп отыр екен. Әкем дастарқан шетінде қымыз құйып отыр. Ол мені ымдап қасына шақырды. «Аталарыңа сәлем беруді ұмытпа дегенім қайда?» - деп сыбырлады. Мен қатты қызарақтап, үйден шыға жөнелдім. Сыртта біраз тұрдым да, нық басып үйге қайта кірдім. «Ассалаумағалейкүм, аталар!» - деп әр сөзді қадап-қадап айттым.

Бұған, әрине, бәрі күлісіп жатыр. Бәрі де бірдей : «Уағалейкүмассалам!» - десті. Сонан соң әрқайсысы мені маңдайымнан сипап, мақтады. Жақсы сөзге мәз болып мен әкемнің тізесіне жайғастым. Ол басымнан сипады.

- «Жарайсың, балам! Үйге кіргенде әрқашан үлкендерге сәлем беруді ұмытпа. Әдепті бала осылай етеді», - деді.

(Бауыржан Момышұлы «Ұшқан ұя»)

I топ

**а) Сұрақтарға жауап беріңіз. «Киелі кесе» әдісі арқылы таңдалған кеседегі сұрақтарға жауап беріңіздер.**

1. Кішкентай Бауыржан қонақтармен қалай амандасты? Қимылмен бейнелеп көрсетіп, айтыңыз.
2. Бауыржанның орнында болсаңыз, не істер едіңіз?
3. Бауыржанның әкесі қандай ақыл айтты?
4. Бауыржан әкесінің сөзінен қандай өнеге алды?

II топ

**«Берекелі бауырсақ» әдісі арқылы мақал-мәтелді аяқтаңыз.**

1. Аға әдепті болса, ..... әдепті,  
Апа әдепті болса, .....әдепті.
2. Әдепті бала - .....бала,  
Әдепсіз бала - .....бала.
3. Сәлем - сөздің .....
4. Адамына қарай .....

### Дескриптор:

Мәтіннің мазмұны бойынша сұрақтарға жауап береді.

Мақал-мәтелдерді мағынасына қарай аяқтайды.



## Қалыптастырушы бағалау: «Бас бармақ» әдісі

**3-тапсырма. Жеке жұмыс.** «Шындық па, жалған ба?» ойыны арқылы берілген ақпараттағы пікір ақиқат болса, түзу сызық салынады, ал жалған болса, тік сызық салынады.

- Алыстан келген кісіге сәлем беру тәртібі жасқа байланысты.
- Әйел адамның немесе қыз баланың қол беріп сәлемдесуі міндетті емес.
- Әжелер бір-бірімен қолдарын сүйіп амандасады.
- Амандасқанда қолды селқос бере салса, ештеңе етпейді.

### Дескриптор :

Берілген мәліметтердің шындық, жалған екенін анықтай алады.

## Қалыптастырушы бағалау: «Екі жұлдыз, бір ұсыныс»

### Тапсырмалар дескрипторы

Бағалау критерийі	Тапсырма	дескриптор	балл
- тыңдалым материалдарының мазмұны негізінде сұрақтарға жауап береді.	1- тапсырма	<b>Білім алушы әрекеті</b> Ер –азаматтардың амандасу әдебін атап, қимылмен көрсете алады. Қыз балалардың амандасу әдебімен бас изеп амандасады, әңгімелей алады.	1
		- Жас ерекшелігіне қарай амандасу үлгілерін диалогта дұрыс қолданады. Жас ерекшелігіне қарай амандасу үлгілерін диалогта дұрыс қолданады.	1
Қазақша амандасу мәнерін меңгеріп, айтылым әрекетінде ұлттық этикет формаларын пайдаланады.	2- тапсырма.	Мәтіннің мазмұны бойынша сұрақтарға жауап береді. Мақал-мәтелдерді мағынасына қарай аяқтайды.	4
	3- тапсырма	- Қазақша амандасу үлгілерін айтылым әрекетінде қолдана алады;	1
		- қимылмен , әрекетпен көрсете біледі .	1
		- Ауызекі сөйлесу жағдайында жаңа сөздерді қолданады;	1
	4- тапсырма	- Берілген мәліметтердің шындық, жалған екенін анықтай алады.	2
		<b>Барлығы</b>	<b>10</b>

### Педагогке әдістемелік көмек:

5-сыныптың орыс сыныптарындағы қазақ тілі пәні бойынша І тоқсанындағы «Отбасындағы дәстүрлер мен мерекелер»1-бөлімінің «Қазақ отбасының дәстүрлері» 1-тақырыбы сөйлеу әрекетінің тыңдалым, айтылым дағдыларына бағытталып, 5. 1. 6. 1- тыңдалым материалдарының мазмұны негізінде сұрақтарға жауап беру.5. 2. 2. 1 - қазақша амандасу мәнері мен ұлттық этикет формаларын пайдалану сабақ мақсаттарына жету үшін, төмене көрсетілген тапсырмалар жиынтығы құрастырылды.

1-інші оқу мақсатына жету мақсатында мәтіналды жұмыс бағытында а) бөлімінде білім алушылардың сыни ойлау қабілетін дамыта отырып, «Қазақ халқының амандасу әдебі» тақырыбындағы бейнематериалды сілтеме арқылы мұқият тыңдап, бейнематериалдағы ер азаматтардың және қыз балалардың амандасу әдептерін анықтап, топтық жұмыс барысында айтылым әрекеті арқылы әңгімелейді. Жұмыс барысында білім алушылар ер – азаматтардың, қыз балалардың амандасу әдебін атап, қимылмен көрсете алады, топта әңгімелей алады. Топ мүшелерінің жұмыстары «Қос шапалақ» әдісі арқылы бағаланады.

Б) бөлімінің тапсырмасында білім алушылар жұптық жұмыс барысында суреттер бойынша жұптарымен жас ерекшелігіне қарай амандасу үлгілерін диалогта дұрыс қолданады. Үлкен кісілермен амандасу әдебі, жас балалардың бір-бірімен амандасу әдебі ескеріліп айтылған диалогтағы жұптар «Қол шапалақтау» әдісі арқылы бағаланады.

**2-тапсырмада** негізгі мәтінмен жұмыс барысы тыңдалым дағдысына негізделіп, ұжымдық жұмыс түрінде жүргізіледі. Мәтінді QR арқылы ашып, 2 рет тыңдалады. Тыңдалым нұсқаулығына сай 1-жай тыңдалым, 2-тапсырманы орындау мақсатында қайта тыңдап, тапсырмалар орындалады. Тыңдалым мәтініне Б.Момышұлының «Ұшқан ұя» шығармасынан алынған үзіндідегі амандасу әдебі негізге алынып, топтық жұмыс орындалады. Қазақша амандасу мәнерін меңгеріп, айтылым әрекетінде ұлттық этикет формаларын пайдалану мақсатына сай, «**Киелі кесе**» әдісі арқылы сұрақтарға жауаптар сұралады және «**Берекелі бауырсақ**» әдісі арқылы мақал-мәтелдерді толықтырып, мағынасына қарай аяқтайды. Топ жұмысы «**Бас бармақ**» әдісі арқылы бағаланады.

**3-тапсырмада жеке жұмыс жүргізілді.** «Шындық па, жалған ба?» ойыны арқылы берілген ақпараттағы пікірлердің дұрыс, бұрыстығын білім алушылар сабақ барысында меңгерілген жаңа сөздер мен сөз тіркестерін қолдана отырып, айтылым дағдысында жұмыс жасайды. Берілген ақпарат ақиқат болса, түзу сызық салынады, ал жалған болса, тік сызық салынады. Берілген бұл тапсырма арқылы білім алушылар мәліметтердің шындық, жалған екенін анықтай алып, дәлелдей де алады. Айтылым әрекеттерінің орындалу деңгейіне қарай білім алушылар «**Екі жұлдыз, бір ұсыныс**» әдісі арқылы бағаланады.

Арнайы жүйеленген жұмыс дескрипторы сабақ барысындағы оқу мақсаттарына сай сараланып, білім алушыға бағытталған жұмыста оқушы өзін-өзі бағалай алуына негізделді.

**Сынып : 5-сынып**

**Тоқсан : III**

**Бөлім тақырыбы: Денсаулық - зор байлық ( 7- бөлім )**

**Бөлімше тақырыбы: Ең үлкен байлық ( 5-тақырып )**

**Сөйлеу әрекетінің түрлері: оқылым, жазылым**

**Оқу мақсаты:**

5. 3. 1. 1 - мәтіндегі негізгі ақпаратты анықтау.

5. 4. 4. 1- мәліметтерді жинақтай отырып, тақырып бойынша постер жасау

**Сабақтың мақсаты:**

- мәтіндегі негізгі ақпаратты анықтайды;
- мәліметтерді жинақтай отырып, тақырып бойынша постер жасайды

**1-тапсырма. Мәтіналды жұмыс**

**Жазылым**

**Жаңа сөздері оқып, синонимдік қатарын тауып жазыңыз.**

*дағды, кеміру, салақтық*

*( балама жауап: дағды,әдет; кеміру,тістеу; салақтық, ұқыпсыз)*

**Дескриптор:**

1. жаңа сөздердің мағынасын түсініп оқиды;
2. синонимдік қатарын тауып жазады, оқиды.

**Қалыптастырушы бағалау: «Дұрыс, бұрыс» әдісі**

**2-тапсырма. Мәтінмен жұмыс. Мәтінді түсініп оқыңыз.**

### **I топ**

#### **Зиянды әдеттің әлегі**

Ертеде бір патшаның жалғыз қызы болыпты. Кішкене ханшайым өте сұлу, ақылды екен. Бірақ оның тырнағын кеміретін жаман әдеті бар екен. Қанша ескерту жасалғанмен, ол оғаш дағдысын қоя алмапты.

Бір күні қызының ұнамсыз кылығын патша тағы байқайды да:

- Қыз баланың тырнағын кеміруі - ең жаман әдет. Егер қоймасаң, тышқанға айналып кетуің мүмкін,- дейді.

Бірде сарайда ханшайым қуыршақтарымен ойнап отырады. Кенет жаман дағдысы есіне түсіп, тырнағын кеміре бастайды. Сәлден соң ол қасындағы заттардың жылдам үлкейіп бара жатқанын байқайды. Жүгіріп айнаның алдына барады. Өзінің сұр тышқанға айналып кеткенін көреді. Айқайлап, қызметшілерді шақырады. Бірақ аузынан шиқылдаған дыбыс қана шығады. Бұл дыбысты естіген ала мысық оған қарай атылады. Қыз қаша жөнеледі. Ала мысық артынан қалмайды. Қыз бір үйдің түбіндегі тесікті көріп, соған кіріп кетеді. Аздан соң қайта шығып, қойлардың арасына тығылып отырады. Бұл жағдайға қалай душар болғанын ойлайды. Әкесінің сөзін тыңдамағанына өкінеді. Енді не істеу керек?...

**(Әсел Әділбекова)**

### **II топ**

#### **Салақтық**

Кәрім өзі жұмысқа тәуір жігіт те болса, жуынып, кірсіз көйлек киіп, таза жүрумен ісі жоқ еді. Әркім айтушы еді:

— Саған не болды, Кәрім, бойыңнан кірінді ағызып жүргенше, жуынсаң болмай ма? — деп.

— Қолым тимейді, — деуші еді ол.

...Оған таныстары:

— Кәрім, Құдай-Тағала таза жүрмеген былғаныш кісіні сүймейді, тым болмаса жұмасына бір моншаға түсіп, не болмаса үйінде сабынмен жуынуды әдет етсең, бұ бәлеге душар болмас едің.

Сонымен, Кәрімді ауру жататын үйге алып барып, таза жуындырып, таза киім киіндіріп, ем қылған соң аз ба, көп пе жатып жазылды. Мұнан соң, Кәрім бір зауытқа барып жалданыпты. Бір күні қожасы Кәрімге бір бояуды былғап қой деп беріпті. Былғап отырып-отырып, кәдімгі үйренген қалыбынша, қолын жумастан барып, тамаққа отырып нан жепті. Қолындағы бояудың жұғынының бәрі де жеп отырған нанына жабысып отырғанда, бір мезгілде Кәрімнің іші бүрісіп, ауыра бастапты. Әрлі-бері, олай-бұлай аунақшып, біраз жатып, Кәрім ұзамай-ақ жан тапсырыпты. Әлгі бояу у бояу екен.


**(Ы.Алтынсарин)**

а) 2 топ мәтіндегі негізгі ойды анықтайтын сөйлемді тауып жазыңыздар.


---

ә) 2 топ мәтінді оқып, «Кейіпкер портретін» толтырыңыздар.

Ханшайым



Кәрім



**Дескриптор:**

- Мәтіндегі негізгі ойды анықтайтын сөйлемді тауып жазады.
- «Кейіпкер портреті» сызбасын толтырады.

**Қалыптастырушы бағалау : «Жапондық бағалау» әдісі**  
**3- тапсырма. Мәтінсоңы жұмыс. «Үздік жүй» жұмысы.**

I топ

Әке ақылын тыңдамаған ханшайымға енді не істеу керек деп ойлайсыз?

---

–

II топ

Егер де сіз автор болсаңыз, әңгімені қалай аяқтар едіңіз?

---

**Дескриптор :**

- Оқушы өзінің ойын тұжырымдай алады.
- Өз көзқарасын білдіреді.

**Қалыптастырушы бағалау : «Екі жұлдыз, бір тілек» әдісі**

**4- тапсырма. Ұжымдық қорытынды жұмыс. «Жарнама жасау» әдісі арқылы**  
**«Денім сау болсын десең...» постерін қорғау.**


**Постер талаптарымен таныстыру:**

1. Денсаулықты нығайтатын факторлар.
2. Денсаулыққа кері әсер ететін факторлар.
3. Салауатты өмір салтын насихаттау.

**Дескриптор :**

- Денсаулықты нығайтатын факторларды анықтайды.
- Денсаулыққа кері әсер ететін факторларды нақтылай алады.
- Салауатты өмір салтын насихаттауды жаранамалайды.

**Қалыптастырушы бағалау: «Термометр» әдісі**



**Тапсырмалар дескрипторы**

Бағалау критерийі

Тапсырма

дескриптор  
Білім алушы

балл

- мәтіндегі негізгі ақпаратты анықтайды;	1-тапсырма	жаңа сөздердің мағынасын түсініп оқиды; синонимдік қатарын тауып жазады, 3 оқиды. ( әр сөзге 1 балл)	1
	2-тапсырма	Мәтіндегі негізгі ойды анықтайтын сөйлемді тауып жазады. «Кейіпкер портреті» сызбасын толтырады.	1
мәліметтерді жинақтай отырып, тақырып бойынша постер жасайды	3-тапсырма	• Оқушы өзінің ойын тұжырымдай алады.	1
	4-тапсырма	• Өз көзқарасын білдіреді. Денсаулықты нығайтатын факторларды анықтайды. Денсаулыққа кері әсер ететін факторларды нақтылай алады. Салауатты өмір салтын насихаттауды жаранамалайды.	1 1 1
		<b>Барлығы</b>	<b>10</b>

### Педагогке әдістемелік көмек:

5-сыныптың орыс сныптарындағы қазақ тілі пәні бойынша III тоқсанындағы «Денсаулық - зор байлық» 7- бөлімінің «Ең үлкен байлық» сабағына төмендегі тапсырмалар жиынтығы құрастырылды. Тапсырмалар **сөйлеу әрекетінің** оқылым, жазылым дағдыларына бағытталып, 5. 3. 1. 1 - мәтіндегі негізгі ақпаратты анықтау; 5. 4. 4. 1- мәліметтерді жинақтай отырып, тақырып бойынша постер жасау сабақ мақсаттарына бағытталды.

1-інші оқу мақсатына жету үшін, **1-тапсырмада мәтіналды жұмыс** жазылым дағдысы бойынша жүргізіледі. Білім алушылар жаңа сабақ барысындағы жаңа сөздермен танысып, оқып, синонимдік қатарын тауып жазады. Сөздік қорын молайту мақсатындағы жұмыс «Дұрыс, бұрыс» әдісі арқылы бағаланады.

**2-тапсырманы** орындау барысында білім алушылар 2 топқа бөлініп, мәтінмен жұмыс жүргізеді. Денсаулық, зиянды әдеттер тақырыбындағы мәтіндер мәтіндегі негізгі және қосымша ақпаратты анықтауға негізделді. **Оқылымнан кейінгі тапсырма** – мәтінде көтерілген мәселеге, ақпараттарға байланысты талқылау сұрақтары. Мұндағы сұрақтар олар үйренген жаңа сөздерді, ұғымдарды қолдана отырып, жауап бере алатындай ұйымдастырылды. Сонымен қатар сұрақтар білім алушылардың өз өмірімен байланысып, өз көзқарастарын білдіруге мүмкіндік бере алатындай жасалды. Мәтіндегі негізгі ойды анықтайтын сөйлемді тауып жазып, «Кейіпкер портреті» сызбасын толтырған білім алушылар **«Жапондық бағалау» әдісі арқылы бағаланады.**



**3- тапсырмадағы** мәтінсоңы жұмыс топта «Үздік жұп» жұмысы арқылы жүргізіледі. Екі мәтінде берілген негізгі ойды тұжырымдайтын жауабы көрсетілмеген сөйлемдерге білім алушылар сыни ойлау арқылы жауап жазады. Олар өз ойларын тұжырымдай алып, жағдаятқа өз көзқарасын білдіреді. Жұмыс «Екі жұлдыз, бір тілек» әдісі арқылы бағаланады.

**4- тапсырмадағы жұмыс** ұжымдық қорытынды жұмыс негізінде жүргізіледі. Сабақтың 2-нші мақсатына жету үшін , алдыңғы жасалған әрекеттерді негізге ала отырып, «Жарнама жасау» әдісі арқылы «Денім сау болсын десең...» тақырыбында постерін қорғайды, яғни, қорытынды тұжырым жасайды.

Ұжымдық жасалатын жұмыста постер талаптарымен танысады. Постерде денсаулықты нығайтатын факторлар, денсаулыққа кері әсер ететін факторлар, салауатты өмір салтын насихаттау жолдары жазылып көрсетіледі. Бұл жұмыс барысында білім алушылар денсаулықты нығайтатын және кері әсер ететін факторларды анықтайды, салауатты өмір салтын насихаттауды жарнамалайды.

Арнайы жүйеленген жұмыс дескрипторы сабақ барысындағы оқу мақсаттарына сай сараланып, білім алушыға бағытталған жұмыста оқушы өзін-өзі бағалай алуына негізделді.

## **6-сынып.**

## **I-II тоқсан**

**Бөлім тақырыбы: Отан отбасынан басталады. М.Әуезов «Абай жолы» «Қайтқанда» тарауы (үзінді)**

**Бөлімше тақырыбы: Мұхтар Әуезов – қазақтың ұлы жазушысы**

### **Оқу мақсаты:**

6.1.5.1 - тірек сөздер, жетекші сұрақтар, мәтін тақырыбы арқылы негізгі ойды анықтау;

6.2.2.1 -тақырып бойынша диалогті бастау, жалғастыру, аяқтаудың ұлттық сөз әдебі мен сөйлеу этикеті формаларын білу;

### **Сабақ мақсаты:**

- тірек сөздер, жетекші сұрақтар арқылы негізгі ойды анықтайды;
- тақырып бойынша диалогті бастау, жалғастыру, аяқтаудың ұлттық сөз әдебі мен сөйлеу этикеті формаларын біледі;



### **Оқылым**

#### **I.Мәтіналды жұмыс.**

**1-тапсырма:**«Сәйкестендір» әдісі. Берілген сөздерді мағынасына қарай сәйкес-тендір. Сөз тіркесі, сөйлем құра.

жазушы	көршілес
ауылдары қатар болған	қолжазба
сыйлаған	жұмыскер
шығарма	қаламгер
еңбекқор	құрметтеген



### *Дескриптор*

Берілген сөздердің мағынасына қарай сәйкестендіріп, сөз тіркес, сөйлем құрайды.

### *Бағалау критерийі*

ҚБ «Бес бармақ» әдісі

## **II. Мәтінмен жұмыс. Оқылым**

Мұхтар Омарханұлы Әуезов – қазақ халқының ұлы ойшылы. М.Әуезов – ХХ ғасырдағы ұлы жазушы, драматург, педагог. Мұхтардың атасы Әуез, әкесі Омархан – Абаймен ауылдары қатар болған сыйлас адамдар. Ақын Абаймен қатар тіршілік кешкен Әуез қарт ақынды қатты сыйлаған. Бұл Мұхтардың бүкіл талантына әсер еткен еді. М.Әуезовтің сауаты Абай өлеңдерінің қолжазбасынан басталған. Оны Мұхтарға атасы Әуез үйреткен екен.

Алғашқы шығармаларын Семейде оқып жүргенде жаза бастады. Ол қысқа, шағын әңгімелер, өлеңдер жазды. Оқуда өте ынталы, еңбекқор шәкірт болды.

М.Әуезов шығармалары дүние жүзі халықтарына белгілі. Халқы оны мақтаныш етіп, мәңгі есіне сақтайды.

## **III. Мәтінсоңы жұмыс**

**2-тапсырма:** Мәтінді оқы. Мәтіннен тірек сөздерді тауып, кластерді толтыр.

### **Дескриптор**

Мәтіннен тірек сөздерді тауып, кластерді толтырады.

### **Бағалау критерийі**

«Өзін-өзі бағалау» әдісі

**3-тапсырма.** Мәтіннен негізгі ойды анықта. Тақырып қой.

### **Дескриптор:**

Мәтіннен негізгі ойды анықтайды. Тақырып қояды.

### **Бағалау критерийі:**

«Бағдаршам» әдісі

**4-тапсырма:** Тірек сөздерді пайдаланып, сұраулы сөйлемдер құрастыр.

*Мысалы:*

-М.Әуезов – кім?

- М.Әуезов- қазақ халқының ұлы жазушысы, драматург, педагог.

- Атасы Әуез Абаймен неге сыйлас адамдар болған?

- Мұхтардың атасы Әуез Абаймен көршілес болған.

- М.Әуезовтің сауаты неден басталған?

- М.Әуезовтің сауаты Абай өлеңдерінің қолжазбасынан басталған.

- Бала Мұхтар қандай шәкірті болған?

-Ол өте ынталы, еңбекқор шәкірт болды.

### **Дескриптор**

Тірек сөздерді пайдаланып, сұраулы сөйлемдер құрастырады.

### **Бағалау критерийі**

ҚБ.Өзара бағалау әдісі.

**5-тапсырма: Жағдаяттық тапсырма.** Мектеп оқушылары М.Әуезовтың мұражайына экскурсия жасады. Бір оқушы гид, қалған оқушылар-саяхатшылар. Гид пен саяхатшылар арасында диалог құрындар. Тақырып бойынша диалогті бастау, жалғастыру, аяқтаудың ұлттық сөз әдебі мен сөйлеу этикеті формаларын қолданындар. *(Рақмет, кешіріңіз, Сұрақ қоюға бола ма? Мені мына сұрақ қызықтырады. т.б.)*

### **Дескриптор**

Оқушы мәтін бойынша диалог құрып, меңгерген білімін өмірде қолдана алады, коммуникативті дағдысы дамиды.

### **Бағалау критерийі:** Топ басшысы

Бөлімше атауы: Мұхтар Әуезов – қазақтың ұлы жазушысы тақырыбы бойынша мәтін таңдалды. Мақсаты: 6.1.5.1 тірек сөздер, жетекші сұрақтар, мәтін тақырыбы арқылы негізгі ойды анықтау; 6.2.2.1 -тақырып бойынша диалогті бастау, жалғастыру, аяқтаудың ұлттық сөз әдебі мен сөйлеу этикеті формаларын білу. Бұл мақсаттар алынған себебі-бөлім бойынша мәтіннің мазмұны - М.Әуезовтың атасы ұлы ақын Абайдың ауылдармен көршілес адам болған туралы оқушының танымдық білімі артады. Мәтіналды жұмысында білім алушының лексикалық білімін толықтыру мақсатпен «Сәйкестендіру» әдісі арқылы мағыналары мәндес сөздерді сәйкестендіру тапсырма беріледі. Бұл тірек сөздер арқылы оқушы мәтіннің тақырып және негізгі ойын анықтайды. Тірек сөздерді пайдаланып, оқушы тақырып бойынша диалог құрастырады. Бұл тапсырмада білім алушы тірек сөздерді пайдаланып сұраулы сөйлем құрастыру- оқушының коммуникативтік дағдысын қалыптастырады, функционалдық сауаттылығы қалыптасады. Тілді ұтымды жұмсауға дағ-дыландыратын жаттығулар- жағдаяттық тапсырма. Жағдаяттық тапсырманың мақсаты- оқушы сөйлеу этикет формаларын қолдана отырып, қазақша сөйлеу, ойын дұрыс жеткізу, сыныптастарымен еркін сөйлесуге, бір-бірінің ойын тыңдауға, құрметтеуге баулиды. Осы сабақтан меңгерген тірек сөздер, жетекші сұрақтар қолдана отырып, жағдаяттық тапсырма орындау барысында оқушының сөйлеу әрекеті дамиды. Бағалау критерийі оқу мақсатына сүйеніп жасалады. Әр тапсырмадан кейін дескрипторлар құстырылып, бағаланады. Дескриптордың пайдасы оқушы нәтижеге жетудегі әрбір қадамын сипаттайтын жетістік деңгейі. Сабақта ҚБ, «Бас бармақ», «Бағдаршам», «Смайлик», «Өзің-өзі бағалау», «Өзара бағалау» тәсілдері қолданылады.

**Бөлім атауы:** Отан отбасынан басталады. М.Әуезов «Абай жолы» «Қайтқанда» тарауы (үзінді)

**Бөлімше атауы:** «Отбасы күнін» тойладық

**Оқу мақсаты:**

6.1.1.1 - тірек сөздер, мәтіннің бастапқы бөлігін тыңдау арқылы тақырыпты және көтерілетін мәселені болжау;

6.5.1.1 - мәтіндерден деректі және дерексіз зат, көптік мәнді есімдерді ажырата білу, жазбаша, ауызша жұмыстарда қолдану

**Сабақ мақсаты:**

- тірек сөздер, мәтіннің бастапқы бөлігін тыңдау арқылы тақырыпты және көтерілетін мәселені болжайды.
- мәтіндерден деректі және дерексіз зат, көптік мәнді есімдерді ажырата білу, жазбаша, ауызша жұмыстарда қолданады.



### Тыңдалым. Айтылым.

#### 1. Мәтіналды жұмыс.

**Тапсырма-1.** «Сөздік гол» әдісі. Берілген сөздерді сөздіктің көмегімен мағына-сын анықтап, сөз тіркесін құра.

Сөз	Мағынасы	Сөз тіркесі
сыйластық		
рухани құндылық		
қонақжай		
құрмет		
қамқор		

#### Дескриптор:

Берілген сөздерді сөздіктің көмегімен мағынасын анықтап, сөз тіркесін құрай-ды.

#### Бағалау критерийі:

ҚБ.смайлик

**Сұрақ.** «Ойлан, бірік, болжа» әдісі. Мәтінде қандай мәселе көтеріледі деп ойлайсындар?

#### II. Мәтінмен жұмыс. Мәтінді тыңда.

Отбасы мүшелерінің арасында сыйластық пен махаббат орнаса, ол отбасы ең **бақытты жанұя** болып саналады. Әр жексенбі және түрлі мейрамдар сайын отбасы мүшелері ата мен әженің **шаңырағындағы** мол дастарқан басына жиналып бір-бірлеріне деген құттықтауларын білдіреді. Себебі оларды отбасылық рухани құндылықтар біріктіреді. Жанұяның қонақ күту рәсімі ұлтына, салт-дәстүріне, мәдениетіне байланысты әртүрлі болады. Қазақ халқы **қонақжай** халық болғандықтан, келген қонақты төрге шығарып, ақ дастарқан жайған. Қазақ отбасында үлкенге құрмет көрсету, кішіге қамқор болу, мерекелерді қара шаңырақта қарсы алу ... **отбасылық дәстүрлер** ертеден қалыптасқан. Бала дүниеге келгенде, шілдехана, бесік той, тұсаукесер, сүндет той сияқты мерекелерді туған туысқандарымен бірге **тойлайды**. Отбасылық дәстүр мен мейрамдар жанұядағы адамдардың бір-біріне деген сенімділігін әрі құрметін нығайтады. Ол болашақ ұрпақ тәрбиесінде де маңызды рөл атқарады.

(114 сөз)

<https://znaniya.com/task/38751112>

**2-тапсырма.** Берілген ақпараттың дұрыс, дұрыс еместігін анықта.

Ақпарат

Дұрыс

Дұрыс  
емес

Әр жексенбі және түрлі мейрамдар сайын отбасы мүшелері ата мен әженің шаңырағындағы мол дастарқан басына жиналады.

Жанұяның қонақ күту рәсімі ұлтына, салт-дәстүріне, мәдениетіне байланысты бәріне бірдей болады  
Қазақ халқы мейірімсіз халық болғандықтан, келген қонақты төрге шығарып, ақ дастарқан жайған.

Отбасылық дәстүрлер: үлкенге құрмет көрсету, кішіге қамқор болу, мерекелерді қара шаңырақта қарсы алу ...

### **Дескриптор**

Берілген ақпараттың дұрыс, дұрыс еместігін анықтайды.

**Бағалау критерийі** «Бес бармақ» әдісі .

**3-тапсырма.** «Үш конверт» әдісі. Конверттегі сөздер , сөз тіркестерімен сұрау-лы сөйлем құрастыр. Жұппен жұмыс (*бақытты жанұя, шаңырағында, қонақ-жай, отбасылық дәстүрлер, тойлайды*)

**Мысалы:**

-Бақытты жанұя дегенді қалай түсінесің?

-Ата-әженің шаңырағында кімдер жиналады?

-.....

### **Дескрипторы**

Берілген сөздерге сұраулы сөйлем құрастырады.

**Бағалау критерийі**

ҚБ «Өзара бағалау»

**4-тапсырма.** Мәтіннен деректі , дерексіз зат есімдер, көптік мәнді есімдерді үш бағанға бөліп жаз.

*Деректі зат есім      Дерексіз зат есім      Көптік мәнді есімдер*

### **Дескрипторы**

Зат есімдердің мағынасына қарай деректі, дерексіз зат есімдер, көптік мәнді есімдерді ажыратады.

**Бағалау критерийі**

«Бас бармақ» әдісі.

«Отбасы күнін» тойладық бөлімше бойынша 6.1.1.1 - - тірек сөздер, мәтіннің бастапқы бөлігін тыңдау арқылы тақырыпты және көтерілетін мәселені болжау; 6.5.1.1 - мәтіндерден деректі және дерексіз зат есім көптік мәнді есімдерді ажырата білу, жазбаша, ауызша жұмыстарда қолдану мақсаты алынды. Мақсатқа жету үшін мәтіналды жұмысында «Сөздік гол» әдісі арқылы мәтіннің тірек сөздерді тауып мағынасын анықтап, сөз тіркесін құрайды. Мәтінді тыңдап, тақырыпты және көтерілген мәселелерді болжайды. Тыңдалған мәтіннің мазмұнын түсінгенін анықтау мақсатта ақпараттың дұрыс , дұрыс еместігі анықтау тапсырма беріледі. Бұл тапсырма білім алушының мәтіннің мазмұны туралы түсінігін анықтайды. «Үш конверт» тәсілі арқылы тірек сөздермен сұраулы сөйлем құрастыру -білім алушының қазақша сөйлеу, ойын дұрыс жеткізу коммуникативтік қабілеттерін дамытады. Мәтіндерден деректі және дерексіз зат, көптік мәнді есімдерді ажырата біледі,

жазбаша, ауызша жұмыстарда қолдану мақсатты жүзеге асыру үшін кестені толтыру тапсырма берілді. Білім алушы деректі, дерексіз зат есімдерді ажыратып, тілдік білімдері артады, жазбаша, ауызша жұмыстарда қолданады. Бағалау критерийі оқу мақсатына сүйеніп жасалды. Әр тапсырмадан кейін дескрипторлар құрастырылып, ҚБ түрлерімен бағаланады. Дескриптордың пайдасы оқушы нәтижеге жетудегі әрбір қадамын сипаттайтын жетістік деңгейі болады.

Дескриптерге сәйкес бағалау оқушының қойған мақсатына жетуіне ынталандырады. Сабақта ҚБ, «Бас бармақ», «Бағдаршам», смайлик, «Өзің-өзі бағалау», «Өзара бағалау» тәсілдері қолданылды.

### **Бөлім атауы:**

Отана отбасынан басталады. М.Әуезов «Абай жолы» Қайтқанда» тарауы (үзінді)

### **Бөлімше атауы:**

Әке көрген оқ жонар

### **Оқу мақсаты:**

6.1.1.1 - тірек сөздер, мәтіннің бастапқы бөлігін тыңдау арқылы тақырыпты және көтерілетін мәселені болжау;

6.5.1.1 - мәтіндерден деректі және дерексіз зат, көптік мәнді есімдерді ажырата білу, жазбаша, ауызша жұмыстарда қолдану.

### **Сабақ мақсаты:**

- тірек сөздер, мәтіннің бастапқы бөлігін тыңдау арқылы тақырыпты және көтерілетін мәселені болжайды;
- мәтіндерден деректі және дерексіз зат, көптік мәнді есімдерді ажырата білу, жазбаша, ауызша жұмыстарда қолданады;



### **Тыңдалым**

#### **1.Мәтіналды жұмыс.**

**1-тапсырма** «Қос жазба күнделігі» әдісі. Сөздіктің көмегімен берілген сөздер мен сөз тіркестернің мағынасын түсіндір.

*Мысалы:* **күсбегі, бесаспап, қолөнер шеберлігі, адамгершілік қасиет**

#### **Дескриптор**

Сөздер мен сөз тіркестердің мағынасын түсіндіреді.

#### **Бағалау критерийі:** Смайлик

Ата-бабамыз ұлды өздеріндей еңбексүйгіш, жауынгер, әнші, күйші, аңшы, күсбегі-бесаспап азамат етіп тәрбиелеуді мақсат еткен. Жігіттің бойына өнер мен еңбекті, ізгі адамгершілік қасиеттерді қатар сіңірген. Ер баланы бес жасынан бастап ат жалын тартып азамат болғанға дейін мал бағу мен аң аулауға, отын шабуға, қора салуға, ағаштан, теріден, темірден түрлі тұрмысқа қажетті бұйымдар жасауға, яғни, қолөнер шеберлігіне баулыған. Әкелері мен аталары ұлдарға мал жаюдан бастап шаруаның алуан тәсілдерін үйретіп баққан.

Қонақ күту, үлкенге иіліп сәлем беру, ән айтқызу, домбыра тартып, күй шерткізу, өлең-жыр жаттату, жаңылтпаш, жұмбақ үйрету немесе теңге алу,

жамбы ату, аударыспақ, сайыс, көкпар, күрес сияқты ұлт ойындарын үйрету – тәрбиенің басты шарты болып есептелген. (107 сөз).

<https://bilim-all.kz/jospar/2067-Diktanttar-men-mazmundamalar-zhinagy-5-6-synyp>

●»)

**2-тапсырма.** Тақтадағы тірек сөздер арқылы мәтінде қандай мәселе көтеріліп тұр? Тақырып қой.

**Дескриптор**

Тірек сөздер арқылы көтерілген мәселені болжайды.

**Бағалау критерийі**

ҚБ. «Бас бармақ» әдісі

**3-тапсырма.** Мәтін бойынша жоспар құр.

*Жоспар:*

- Ұлды тәрбиелеу мақсаты.

- Жігіттің бойындағы қасиеттер.

- Баланы бес жасынан тәрбиелеу.

- Тәрбиенің басты шарты.

**Дескриптор**

Мәтінге жоспар құрады.

**Бағалау критерийі**

ҚБ «Өзара бағалау»



**4-тапсырма.** «Ыстық орындық» әдісі. Оқушылар сұрақ қояды, бір оқушы жауап береді.

- Ата-бабамыз ұлды қалай тәрбиелеуді мақсат етті?

- Жігіттің бойына қандай қасиеттерді сіңірген?

- Ер баланы бес жасынан неге баулыған?

- Қазақ тәрбиесінің басты шарты неде?

**Дескриптор**

Берілген сұрақтарға оқушы жылдам жауап береді.

**Бағалау критерийі**

ҚБ «Өзін-өзі бағалау»

**5-тапсырма.** Мақал-мәтелдердің мағынасын түсіндір. Дерексіз зат есімдерді тап.

- Әке – асқар тау,  
Ана-бауырындағы бұлақ,  
Бала-жағасындағы құрақ.
- Әке-балаға сыншы.
- Әкеден-ақыл  
Анадан-мейірім
- Әкесін қарап ұлын,  
Шешесін қарап қызын таны.

**Дескриптор**

Мақал-мәтелдердің мағынасын түсіндіріп, дерексіз зат есімдерді табады.

**Бағалау критерийі**

## **ҚБ «Топ басшысы» әдісі**

«Отбасы күнін» тойладық бөлімше бойынша 6.1.1.1 - - тірек сөздер, мәтіннің бастапқы бөлігін тыңдау арқылы тақырыпты және көтерілетін мәселені болжау; 6.5.1.1 - мәтіндерден деректі және дерексіз зат есім көптік мәнді есімдерді ажырата білу, жазбаша, ауызша жұмыстарда қолдану мақсаты алынды. Мәтіналды жұмысында білім алушының сөздік қорын арттырып, «Қос жазба күнделігі» әдісі арқылы сөздіктің көмегімен берілген сөздер мен сөз тіркестернің мағынасын түсіндіреді. Оқушының сөздік қоры дамиды. Берілген тірек сөздер, мәтіннің бастапқы бөлігін тыңдау арқылы тақырыпты және көтерілетін мәселені болжайды. Мәтін мазмұны білім алушыға танымдық білімін толықтара отырып, берілген тапсырмаларды орындау барысында мәтін бойынша жоспар құрады. «Ыстық орындық» әдісі арқылы бір оқушы сұраққа жауап береді, қалған оқушылар сұрақтар қояды. Бұл тапсырма білім алушының тілдесім дағдысы дамып, функционалдық сауаттылығы қалыптасады. Тілдік білімдерін жетілдіру мақсатында **мақал-мәтелдердің мағынасын түсіндіріп, дерексіз зат есімдерді ажыратады**, жазбаша, ауызша жұмыстарда қолданады. Оқу мақсатына жету үшін тапсырмаларды орындау барысында графикалық әдіс, диалогтық оқыту әдісін қолданылады. Білім алушының сөйлеу әрекетін арттыруда жұппен жұмыс жасай отырып, тақырып бойынша коммуникативтік дағдысын дамиды. Тілдік бағдар бойынша білім алушы зат есімнің мағынасына қарай деректі, дерексіз зат есімдерді ажыратады. Бағалау критерийі оқу мақсатына сүйеніп жасалды. Сабақта ҚБ, «Бас бармақ», «Бағдаршам», смайлик, «өзің-өзі бағалау», «өзара бағалау» әдістері қолданылды. Бала өзін-өзі бағалауда дескриптордың пайдасы оқушы нәтижеге жетудегі әрбір қадамын сипаттайтын жетістік деңгейі болып табылады.

**Бөлім атауы: Қазіргі қазақ ауыл мен қаланың тыныс тіршілігі**

**Бөлімше атауы: Ауылым алтын бесігім**

**Оқу мақсаты:**

6.5.2.1 - тыңдалған мәтіннің негізгі мазмұнын түсіну, негізгі және қосымша ақпараттарды анықтау;

6.5.1.2 - лексикалық мағынасы жағынан заттың сипатын, көлемін, салмағын, аумағын білдіретін сын есімдерді ажырата білу, жазба, ауызша жұмыстарда қолдану

**Сабақтың мақсатты:**

- тыңдалған мәтіннің негізгі мазмұнын түсіну, негізгі және қосымша ақпараттарды анықтайды;
- **лексикалық мағынасы жағынан заттың сипатын, көлемін, салмағын, аумағын білдіретін сын есімдерді ажырата білу, жазба, ауызша жұмыстарда қолданады;**



**Тыңдалым . Айтылым.**



## **I. Мәтінді жұмыс.**

**1-тапсырма.** «Ауыл» тақырыбына кластер құр.

**2-тапсырма.** Ой қозғау. «Миға шабуыл» әдісі. Сұрақтарға жауап бер.

- *Сенің туған жерің қандай?*

- *Сен ауылда тұрасың ба?*

- *Ауыл туралы не білесің?*

- *Сен ауылға жиі барасың ба?*

### **Дескрипторы**

Сұрақтарға жауап береді.

### **Бағалау критерийі:**

ҚБ «Бағдаршам» әдісі

## **II. Мәтінмен жұмыс. Мәтінді тыңда.**

Ауыл-алтын бесік

Туған жер-адам баласының кіндік қаны тамған жер, жанына, жүрегіне жақын, қимас сезімге бөлейтін алтын ұясы. Оның топырағы да, тауы мен тасы да ыстық болады. Әркімге өз ауылы, туған жері мақтан.

Менің туған жерім-Алакөл. Аппақ жұмыртқадай ғана сүттей ұйып отырған, береке-бірлігі мықты осы бір ауыл – менің туған өлкем. Адамдары да бір-біріне ағайын-туыс, құда-жекжат, қойы-қоралас, қазаны аралас болып кеткен. Көлдің жағасында тіз қатар тұрған қонақ үйлер мен демалыс орындары ауылға өзінше көрік беріп тұр. Мұнда демалу үшін демалу үшін тек қазақстандықтар ғана емес, тіпті шет ел азаматтары да ағылып келеді. Мен үшін туған жерімнің әр тасы, бір тамшы суы да қымбат. Оның самал желі, таза ауасы, жұпар исі аңқыған даласы кез келгеннің жанын жаулап алады.

<https://daryn.online/article/2321>

### **Тапсырма-3. Мәтіннің негізгі қосымша ақпаратты анықта.**

Негізгі ақпарат

Қосымша ақпарат

### **Дескрипторы**

Мәтіннің негізгі қосымша ақпаратты анықтайды.

### **Бағалау критерийі**

ҚБ «Бас бармақ» әдісі

**Тапсырма-4. Мәтіннен сын есімдерді тауып сөйлем құра.**

*Үлгі: Алтын. Біз әжеме туған күнінде алтын білезік сыйладық.*

### **Дескрипторы**

Мәтіннен сын есімдерді тауып, сөйлем құрайды.

### **Бағалау критерийі**

Өзін-өзі бағалау



**Тапсырма-5. Жаздықтық тапсырма.** Алакөлге шетелден туристер келуге

қызығушылығын білдіріп отыр. Туристерді тарту үшін жарнама жаса. Сын

есімдерді қолдан.

## **Дескриптор**

Сын есімдерді қолдана отырып, жарнама жасайды.

## **Бағалау критерийі**

Смайлик әдісі

« Қазіргі қазақ ауыл мен қаланың тыныс тіршілігі» бөлімінің «Ауылым алтын бесігім» бөлімше бойынша 6.5.2.1 - тыңдалған мәтіннің негізгі мазмұнын түсіну, негізгі және қосымша ақпараттарды анықтау; 6.5.1.2 - лексикалық мағынасы жағынан заттың сипатын, көлемін, салмағын, аумағын білдіретін сын есімдерді ажырата білу, жазба, ауызша жұмыстарда қолдану мақсаты алынды.

**Мәтіналды жұмысында** оқушылардың сөздік қорын жинақтау мақсатта «Ауыл» тақырыбына кластер құрады. **Ой қозғап «Миға шабуыл» стратегиясы арқылы оқушы сұрақтарға жауап береді.**Бұл әдіс білім алушының тақырыпқа қызығушылығын оятып, жаңа тақырыпқа зейінін, ойын жинақтайды.**Мәтінмен жұмыс барысында мәтінді оқиды. Мәтіннің негізгі, қосымша ақпаратты анықтау тапсырма беріліп, мәтін мазмұнын түсінеді. Тілдік бағдарда лексикалық мағынасы жағынан заттың сипатын, көлемін, салмағын, аумағын білдіретін сын есімдерді ажырата біледі, жазба, ауызша жұмыстарда қолдану мақсатта мәтіннен сын есімдерді тауып сөйлем құрайды.**Оқушының еркін сөйлесуге және сауатты жазуға үйретеді. Оқушының сөйлеу әрекетін дамытуда жағдаяттық тапсырма өте тиімді. Жағдаяттық тапсырманың мақсаты- оқушы сөйлеу этикет формаларын қолдана отырып, қазақша сөйлеу, ойын дұрыс жеткізу, сыныптастарымен еркін сөйлесуге, бір-бірінің ойын тыңдауға, құрметтеуге баулиды. Білім алушы жағдаяттық тапсырма орындауда Алакөлге туристерді тарту мақсатта жарнама жасайды, сөйлеу әрекеті дамиды. Сын есімдерді орынды қолданады. Дескрипторге сәйкес бағалау оқушының білім ,білік, дағдысы бағаланады. Сабақта ҚБ, «Бас бармақ», «Бағдаршам», смайлик, «Өзің-өзі бағалау», «Өзара бағалау» әдістері қолданылады.

**Бөлім атауы: Таулар сыры. М.Мақатаев «Мен таулықпын»**

**Бөлімше атауы: Қазақстандағы қандай тауларды білесің?**

**Оқу мақсаты:**

6.1.3.1 - тұрмыстық - әлеуметтік тақырыптарға байланысты жаңа сөздер мен тірек сөздердің мағынасын түсіну;

6.5.1.3 - реттік сан есімдер мен жинақтық сан есімдерді жазба, ауызша жұмыс-тарда орынды қолдану

**Сабақтың мақсаты:**

- тұрмыстық - әлеуметтік тақырыптарға байланысты жаңа сөздер мен тірек сөздердің мағынасын түсінеді;
- реттік сан есімдер мен жинақтық сан есімдерді жазба, ауызша жұмыстар-да орынды қолданады;



## **Оқылым. Жазылым.**

### **I. Мәтіналды жұмыс.**

**1-тапсырма. Сөздікпен жұмыс. «Қос жазба» әдісі. Берілген сөздерді мағыналас сөздермен жұптастыр.**

Сөздік	Мағынасы
Шөлейіт	Биік төбе
Биік нүкте	Ең асылы
Жоталар	Құмды
Жауһар	Шыңы

### **Дескрипторы**

**Сөздерді мағынасына қарай сәйкестендіреді.**

### **Бағалау критерийі**

**ҚБ «Бас бармақ» әдісі**



**II. Мәтінмен жұмыс. Мәтінді оқы.**

Сарыарқа - Орталық Қазақстанда орналасқан. Батыстан шығысқа қарай бір мың екі жүз шақырымға созылып жатыр. Орташа биіктігі 500-600 метрдей. Солтүстігінде Батыс-Сібір жазығы мен оңтүстігінде Балқаш көлі және Бетпақ дала шөлі, шығысында Сауыр-Тарбағатай тау жүйесімен шектеседі. Сарыарқаның негізгі жауһары – Бурабай шипажайлық аймағы.

Мұғалжар – аса биік емес тас тізбегі, Орал тауларының оңтүстік сілеміне жатады. Мұғалжардың ең биік нүктесі – Үлкен Боқтыбай тауы (657 м). Солтүстіктен оңтүстікке қарай 450 шақырым. Ол Арал теңізі мен Мұғалжарды бөліп жатыр.

Маңғыстау таулары – Каспий теңізіндегі Маңғыстаулық жартылай аралында жатыр. Олардың құрамына Қаратаудың батыс және шығыс жоталары, Ақтаудың оңтүстік және солтүстік жоталары енеді. Қаратаудың ұзындығы – 117, Ақтаудың ұзындығы – 70 шақырым. Маңғыстау тауларының ең биік нүктесі – Қаратау-Бесшоқы 556 метрді құрайды.

### **III. Мәтінсоңы жұмыс**

**2-тапсырма. «Сәйкестігін тап» әдісі. Мәтін мазмұнына сай ақпараттарды сәйкестендір.**

<b>Таулар</b>	<b>Сәйкестендіру бағаны</b>	<b>Ақпараттар</b>
Сарыарқа		Ең жоғары жері 550-ден астам.
Мұғалжар		Еліміздің орталығында орналасқан. Бурабай емделу аймағы
Маңғыстау		Ұзындығы 450 шақырым Үлкен Боқтыбай тауы

### **Дескрипторы**

**Мәтіннің мазмұнына сай ақпаратты сәйкестендіреді.**

### **Бағалау критерийі**

**ҚБ Смайлик әдісі**

**3-тапсырма.** Жаңа сөздерді пайдалана отырып, мәтін мазмұнына сай өз туған өлкеңнің таулары туралы қысқаша ақпарат бер. Сан есімдерді пайдалан.

---

### Дескрипторы

Мәтінге сүйене отырып, өз туған өлкеңнің таулары туралы ақпарат береді.

### Бағалау критерийі

«Екі жұлдыз ,бір тілек»

**4-тапсырма.** «Кім жылдам?» әдісі. Берілген сан есімдерді мағынасына қарай екі бағанға бөліп жаз, жасалу жолын түсіндір.

**Мысалы:** Оныншы, үшеуін, 6-сынып, төртеуіне, 2024 жыл, алтауы, 21 қараша, жиырмамыншы.

Жинақтық сан есім

Реттік сан есім

### Дескрипторы

Реттік, жинақтық сан есімдерді ажырады.

### Бағалау критерийі

ҚБ Смайлик әдісі

Таулар сыры. М.Мақатаев «Мен таулықпын» бөлімі бойынша Қазақстандағы қандай тауларды білесің? тақырыбы алынды. Мәтін мазмұны білім алушыға танымдық білімін арттырып, функционалдық сауаттылығын қалыптастырады. **Мәтіналды жұмыс. Оқушылардың сөздік қорын дамыту мақсатта, «Қос жазба» әдісі арқылы берілген сөздерді мағыналас сөздермен жұптастыру тапсырма беріледі.** Тұрмыстық - әлеуметтік тақырыптарға байланысты жаңа сөздер мен тірек сөздердің мағынасын түсінеді. Бұл сәйкестендіру тапсырма оқушының білімге қызығушылығын арттырып, оқушының сөздік қоры дамиды. Мәтінсоңы жұмыс кезеңінде мәтін мазмұнына сай ақпараттарды сәйкестендіру тапсырма беріліп, мәтінді қалай түсінгенін тексеріледі. Оқушы алған білімдерін өмірде қолдану мақсатта жаңа сөздерді пайдалана отырып, мәтін мазмұнына сай өз туған өлкеңнің таулары туралы қысқаша ақпарат береді. Жұмыс барысында реттік сан есімдер мен жинақтық сан есімдерді ажыратады, функционалдық сауаттылығы қалыптасады. Жазба, ауызша жұмыстарда орынды қолданады. Осы мәтін арқылы оқушы бойында түсіну, ойлану, іздену, алған білімдерін өмірде қолдану дағдысы қалыптасады. Қолданылған әдіс сын тұрғысынан ойлау сабақта балалардың қызығушылығына арттыра отырып, өз ойыңды еркін жеткізуге үйретеді.

**Бөлім атауы:** Қуат көзін үнемдей білеміз бе?

**Бөлімше атауы:** Электр энергиясын үнемдейміз

**Оқу мақсаты:**

6.1.2.1 - тыңдалған мәтіннің негізгі мазмұнын түсіну, негізгі және қосымша ақпараттарды анықтау;

6.3.6.1 - тақырып бойынша үйренген сөздерін қолдана отырып, мәтінде көтерілген мәселені шынайы өмірмен байланыстыру

### Сабақтың мақсаты:

- Тыңдалған мәтіннің негізгі мазмұнын түсініп, негізгі және қосымша ақпараттарды анықтайды;
- Тақырып бойынша үйренген сөздерін қолдана отырып, мәтінде көтерілген мәселені шынайы өмірмен байланыстырады;



### I. Мәтіналды жұмыс.

**1-тапсырма.** «Қуат көзі» тақырыбына ассоциогарамма құрастыр.

*Мысалы: Отын, көмір, күн, жел, су, газ, мұнай т.б.*

#### Дескриптор

Тақырып бойынша сөздік қорын толықтырады.

#### Бағалау критерийі

Смайлик

### II. Мәтінмен жұмыс. Мәтінді тыңда.

Қостанай облысының Сарыкөл ауданында тұратын бір кәсіпкер ауылда жиі жарық өше бергендіктен, өз қолымен желден қуат өндіретін қондырғы құрастырып алған. Қазір ауласында тұрған құрылғыдан күніне 3 киловатқа дейін электр энергиясын алады. Былтыр осы бастамасы үшін «Бизнестің жол картасы» бағдарламасы бойынша 2 миллион теңге қайтарымсыз грантқа ие болды. Содан бері тағы 7 жел қуатын өндіретін құрылғы жинап шығарды.

Тұтынушылар – негізінен жергілікті тұрғындар мен жеке шаруашылық иелері. Алғашқыда желден энергия өндіргіштің шағын түрін жасады. Қазіргілері қуаттырақ. Секундына 15-20 метр жел соққанда, бір құрылғы күніне 2-3 киловат электр энергиясын өндіреді.

### III. Мәтінсоңы жұмыс

**2-Тапсырма.** Мәтіннен ең маңызды 6 тірек сөзді жаз.

--	--	--	--	--	--

#### Дескриптор

Мәтіннен тірек сөздерді анықтайды.

#### Бағалау критерийі

«Бағдаршам әдісі»

**3-тапсырма.** Мәтіннен негізгі және қосымша ақпараттарды анықта.

#### Негізгі ақпараттар

- 1.
- 2.
- 3.

#### Қосымша ақпараттар

- 1.
- 2.
- 3.

#### Дескриптор

Мәтіннен негізгі және қосымша ақпараттарды анықтайды.

### **Бағалау критерийі**

ҚБ «Өзі-өзін бағалау» әдісі

**4-тапсырма.** «1К4Қ» әдісі . Берілген етістікті ( ауыспалы осы шақта) жекеше , көпше түрінде жікте. Сұраулы есімдіктерді қолдана отырып, «Электр қуатын үнемдеудің жолдары» тақырыбында жұбыңмен диалог құр.

### **Дескриптор**

Етістікті жіктеп, сұраулы сөйлем құрайды.

### **Бағалау критерийі**

ҚБ «Өзара бағалау»

Мысалы: *Үнемдеу, өндіру*

**Жекеше**

Іж. мен үнемдеймін

Іж. сен үнемдейсің

сіз үнемдейсіз

ІІж.ол үнемдейді

**Көпше**

біз үнемдейміз

сендер үнемдейсіңдер

сіздер үнемдейсіздер

олар үнемдейді

Қуат көзін үнемдей білеміз бе? - бөлімі бойынша «Электр энергиясын үнемдейміз»тақырыбы алынды. Мәтіналды жұмысында оқушылардың «Қуат көзі» тақырыбына ассоциограмма құрастырады. Оқушы сөздік қорын жинақтайды. Мәтінмен жұмыста оқушы берілген мәтінді тыңдайды. Оқушы мәтін мазмұнын жеткізуде мәтіннен маңызды 5-6 тірек сөздерді табады. Мәтіннен негізгі және қосымша ақпараттарды анықтау арқылы мәтін мазмұнын түсінгені тексеріледі. Осы тапсырма орындауда білім алушы негізгі ойды бөліп алуға үйренеді. Мәтіннің кілтті сөзі-«**үнемдеу**» етістігін ауыспалы осы шақта жекеше, көпше түрде жіктей отырып, «1К4Қ» әдісі арқылы сұраулы есімдіктерді қолдана отырып, жұбымен диалог құрастырады. Тақырып бойынша үйренген сөздерін қолдана отырып, мәтінде көтерілген мәселені шынайы өмірмен байланыстырып сөйлеу әрекеті дамиды. Берілген тапсырмалар білім алушыны сыни тұрғыда ойлауға үйретеді. Қолданылған әдіс сын тұрғысынан ойлау сабақта балалардың қызығушылығын арттыра отырып, өз ойын еркін және зерттей талпындырып, тұжырым жасауға үйретеді. Білім алушыны педагогпен, сыныптастарымен еркін сөйлесуге, пікір таластыруға, бір-бірінің ойын тыңдауға, құрметтеуге, өзекті мәселені шешу жолдарын іздей отырып, қиындықты жеңуге баулиды.

**Бөлім атауы: Қазақстан қорықтары. Ө.Тұрманжанов «Қарлығаш, Дәуіт, Жылан»**

**Бөлімше атауы: Ең алғашқы қорықты білесің бе?**

**Оқу мақсаты:**

6.1.1.1 - тірек сөздер, мәтіннің бастапқы бөлігін тыңдау арқылы тақырыпты және көтерілетін мәселені болжау;

6. 3. 1. 1 мәтіндегі негізгі және жанама ақпаратты анықтау, өмірдегі кейбір жағдаяттармен байланыстыру;

### Сабақтың мақсаты:

- тірек сөздер, мәтіннің бастапқы бөлігін тыңдау арқылы тақырыпты және көтерілетін мәселені болжайды;
- мәтіндегі негізгі және жанама ақпаратты анықтау, өмірдегі кейбір жағдаяттармен байланыстырады;

### I. Мәтіналды жұмыс.

**Тыңдалым.** Ой қозғау. Бейнежазба. Мәтінді тыңда. Бүгінгі тақырып не туралы деп ойлайсыңдар?

[https://youtu.be/UOYwKDdljg?si=v8nd8\\_wuqkT0Xxbl](https://youtu.be/UOYwKDdljg?si=v8nd8_wuqkT0Xxbl)



### II. Мәтінмен жұмыс. Мәтінді тыңда.

Шығыс Қазақстан облысында еліміздің ең сұлу орындарының бірі болып саналатын – Марқакөл ұлттық қорығы. Марқакөл көлі осы өңірдің негізгі көркі болып табылады.

Қорық территориясындағы жарқабақтарда негізінен жапырақты және шыр-шалы ағаштар, дәрілік өсімдіктер өседі.

Марқакөл – Алтайдың ең үкен көлдерінің бірі болып табылады, оның ұзындығы – 38 шақырым, ені – 19 шақырым. Көлдің алаңы 455 шаршы шақырым. Көл Күршім және Азуат тауларының ортасында орналасқан. 70 өзен құяды, тек Қалжыр өзені өз бастауын алады. Марқакөл көл деңгейінен 1447 метр жоғары орналасқан.

Марқакөл қорығының мақтанышы тек көл ғана емес, тұнық тап-таза өзендер мен жарқыраған бұлақтар, қалың ормандар болып табылады. Бұл өңірдің өсімдік және жануарлар әлеміне өте бай және әр алуан.

### III. Мәтінсоңы жұмыс.

**1-тапсырма.** «Ассоциограмма» әдісі арқылы тыңдаған мәтіннен тірек сөздерді тап. Мысалы: *ұлттық қорық, сұлу жер, шыршалы ағаштар, дәрілік өсімдіктер, өзендер, бұлақтар, қалың орман, жануарлар әлемі.*

#### Дескриптор

Тірек сөздер табады. Көтерілген тақырыпты болжайды.

#### Бағалау критерийі

ҚБ смайлик

**2-тапсырма.** Мәтіннен негізгі және жанама ақпараттарды анықта.

Негізгі ақпараттар	Жанама ақпараттар
1.	1.
2.	2.
3.	3.

#### Дескриптор

Мәтіннен негізгі және жанама ақпараттарды анықтайды.



## **Бағалау критерийі**

ҚБ смайлик

### **3-тапсырма. Жағдаяттық тапсырма.**

1. Марқакөл қорығына туристер келді. Марқакөлдің табиғатын қызықтаған туристер мен гид арасында диолог құр. Бір оқушы –гид. Қалған оқушылар туристер.

2. Жазғы демалыста Марқакөл қорығына экскурсия жасадың. Табиғаттың сұлу-лығын сипаттап, алған әсеріңді достарыңа айтып бер.

### **Дескриптор**

Диолог құрастырады, тақырып бойынша әңгімелейді

## **Бағалау критерийі**

ҚБ Өзара бағалау

**Қазақстан қорықтары. Ө.Тұрманжанов «Қарлығаш, Дәуіт, Жылан»-** бөлімі бойынша «Ең алғашқы қорықты білесің бе?» тақырыбы алынды. Мәтіналды жұмысында «Қазақстан қорықтары» бейнебаянын көріп, пәнге қызығушылығы оянады. Тірек сөздер, мәтіннің бастапқы бөлігін тыңдау арқылы тақырыпты және көтерілетін мәселені болжайды. Мәтіннен негізгі және жанама ақпараттарды анықтау тапсырмасын орындау барысында оқушы берілген мәтіннің мазмұнын түсінгені байқалады. Осы тапсырманы орындауда білім алушы негізгі ойды бөліп алуға үйренеді. Оқушыға жағдаяттық тапсырма беріледі, оқушы тақырып бойынша үйренген сөздерін қолдана отырып, мәтінде көтерілген мәселені шынайы өмірмен байланыстырады да, сөйлеу әрекеті дамиды. Сөйлеу әрекетін дамытуды дағдыландыратын жаттығулар-жағдаяттық тапсырмалар. Берілген екі ситуативті тапсырманы орындауда білім алушы Марқакөлдің табиғатын қызықтаған туристер мен гид арасында диолог құрастырады. Табиғаттың сұлулығын сипаттап, алған әсерін достарыңа айтып береді. Осы тапсырма білім алушыны тірек сөздерді қолдана отырып, өмірдегі кейбір жағдаяттармен байланыстырып, сыныптастарымен еркін сөйлесуге, тілін дамытуға, бір-бірінің ойын тыңдауға, құрметтеуге баулиды, коммуникативтік дағдысы қалыптасады. Берілген тапсырмалар білім алушыны сыни тұрғыда ойлауға үйретеді. Қолданылған әдіс сын тұрғысынан ойлау сабақта балалардың қызығушылығын арттыра отырып, өз ойыңды еркін және жүйелі жеткізіп, тұжырым жасауға үйретеді. Білім алушыны педагогпен, сыныптастарымен еркін сөйлесуге, пікір таластыруға, бір-бірінің ойын тыңдауға, құрметтеуге, өзекті мәселені шешу жолдарын іздей отырып, қиындықты жеңуге баулиды.

**Бөлім тақырыбы : Қазақстан қорықтары. Ө.Тұрманжанов «Қарлығаш, Дәуіт, Жылан»**

**Бөлімше тақырыбы: Алтынемел ұлттық саябағының кереметі**

**Оқу мақсаты:**

6.3.1.1. Мәтіндегі негізгі және жанама ақпаратты анықтау, өмірдегі кейбір жағдаяттармен байланыстыру;

6.2.1.1 - тура және ауыспалы мағынадағы сөздерді қолдану, ойын әсерлі, мазмұнды жеткізу

**Сабақ мақсаты:**

- мәтіндегі негізгі және жанама ақпаратты анықтап, өмірдегі кейбір жағдаяттармен байланыстырады;
- тура және ауыспалы мағынадағы сөздерді қолданып, ойын әсерлі, мазмұнды жеткізеді;

I. Мәтіналды жұмыс. Ой қозғау. Видеоролик көру.

[https://www.youtube.com/watch?v=\\_z9MgbanQ-Y](https://www.youtube.com/watch?v=_z9MgbanQ-Y)

**1-тапсырма.** «Сәйкестігін тап» әдісі. Берілген сөздердің мағынасын қарай сәйкестендір. Сөйлем құра.

**Сөздік**

флора  
фауна  
құнды  
омыртқасыздар

**мағынасы**

бағалы  
ұсақ жәндіктер  
өсімдік түрлерінің жиынтығы  
жануарлар, хайуанаттар әлемі

**Дескриптор**

Мағыналас сөздерді біледі.

**Бағалау критерийі**

ҚБ Басбармақ әдісі



**II. Мәтінмен жұмыс. Мәтінді оқы.**

«Алтын Емел» –Қазақстанның Жетісу облысының аумағында орналасқан мемлекеттік ұлттық табиғи парк. Ол оңтүстігінде орналасқан. «Алтын Емел» паркі 1996 жылы 10 сәуірде құрылған. Қорықты құру мақсаты- флора мен фауны сирек, құрып кету қаупі төнген аса құнды бірегей табиғи кешендерді сақтау.

Қазіргі кезде саябақтың жалпы ауданы 460 мың гектарды құрайды. Саябақтың аумағына таулы, құмды-шөлді, қиыршық тасты-сазды, шөлді кешендері кіреді. Қорықта 1800-ге жуық өсімдік түрі бар, олардың 21 түрі Қазақстанның «Қызыл кітабына» енгізілген. Өсімдіктерден ақ және кара сексеуіл, алма ағаштары бар. Омыртқасыздардың 1658 түрі мекендейді. Саябақта 17 қорықшы бекет, 3 туристік бағыт жұмыс сітейді.

[https://qazaqgeography.kz/kz/altyn-emel-ulttyk-parki-](https://qazaqgeography.kz/kz/altyn-emel-ulttyk-parki-17104038)

17104038

**III. Мәтінсоңы жұмыс.**

**2-тапсырма.** Мәтіннен негізгі және жанама ақпараттарды анықта.

**Негізгі ақпараттар**

- 1.
- 2

**Жанама ақпараттар**

- 1.
- 2.

**Дескриптор**

Мәтіннен негізгі және жанама ақпараттарды анықтайды, мәтінді түсінеді.

**Бағалау критерийі**

ҚБ Өзін-өзі бағалау

**Айтылым.**

**3-тапсырма.** «Кубизм» әдісі. Берілген сұрақтарға жауап бер.

1. «Алтын Емел» ұлттық паркі қай жерде орналасқан?
2. Саябақ қашан құрылған?
3. Қорық қандай мақсатта құрылған?
4. Ұлттық паркінің жер көлемі қанша?
5. Саябақты қандай жерлер алып жатыр?
6. Саябақта өсімдіктің қанша түрі бар?

**Дескриптор**

Сұрақтарға жауап береді.

**Бағалау критерийі**

ҚБ Өзара бағалау



**4-тапсырма. Жағдаяттық тапсырма.** Сен жазғы демалыста «Алтын Емел» ұлттық қорығына саяхаттап бардың. Табиғаттың сұлулығын көрдің. Мәтінге сүйене отырып, досыңа саябақтың кереметтігін сипаттап айтып бер. Тура және ауыспалы мағынадағы сөздерді қолдан, ойынды әсерлі, мазмұнды жеткіз.

**Дескриптор**

Көргенін әңгімелейді. Ойын әсерлі, мазмұнды жеткізеді.

**Бағалау критерийі**

ҚБ Өзара бағалау

**Қазақстан қорықтары. Ө.Тұрманжанов «Қарлығаш, Дәуіт, Жылан» бөлімі бойынша «Алтынемел ұлттық саябағының кереметі» тақырыбы алынды.** Мәтіналды жұмысында тақырыпқа қызығушылығын арттыру мақсатта бейнебаян көреді. Білім алушының сөздік қорын толықтыру үшін жаңа сөздерді мағынасына қарай сәйкестендіру тапсырма беріледі. Мәтінді оқиды. Мәтіндегі негізгі және жанама ақпаратты анықтап, мәтіннің мазмұнын түсінеді. Бұл тапсырманы орындауда оқушы негізгі ойды бөлік алуға үйренеді. Мәтіннің мазмұнын толық түсінгенін тексеру үшін «Кубизм» әдісін қолданып, 6 сұраққа жауап береді, тілдесім дағдысы дамиды. **Жағдаяттық тапсырма.** Сен жазғы демалыста «Алтын Емел» ұлттық қорығына саяхаттап бардың. Табиғаттың сұлулығын көрдің. Мәтінге сүйене отырып, досыңа саябақтың кереметтігін сипаттап айтып береді. Тура және ауыспалы мағынадағы сөздерді қолданып, ойын әсерлі, мазмұнды жеткізеді. Мәтіндегі негізгі ақпаратты өмірдегі кейбір жағдаяттарға байланыстырып, оқушы еркін сөйлеуге, тура және ауыспалы мағынадағы сөздерді қолданып, ойын әсерлі,

мазмұнды жеткізеді. Жағдаяттық тапсырма оқушының сөйлеу дағдысын дамытады, сыни тұрғыдан ойлауға үйретеді. Білім алушыны педагогпен, сыныптастарымен еркін сөйлесуге, пікір таластыруға, бір-бірінің ойын тыңдауға, құрметтеуге, өзекті мәселені шешу жолдарын іздей отырып, қиындықты жеңуге баулиды.

**Бөлім тақырыбы: Астана – мәдениет пен өнер ордасы Әкім Ысқақ «Күн ұлымын»**

**Бөлімше тақырыбы: «Астана опера» Мемлекеттік опера және балет театры**

**Оқу мақсаты:**

6.1.3.1 - тұрмыстық - әлеуметтік тақырыптарға байланысты жаңа сөздер мен тірек сөздердің мағынасын түсіну;

6.1.6.1 – тыңдалым материалдарының мазмұны негізінде шынайы өмірмен байланыстырып жауап беру

**Сабақ мақсаты:**

- тұрмыстық - әлеуметтік тақырыптарға байланысты жаңа сөздер мен тірек сөздердің мағынасын түсінеді;
- тыңдалым материалдарының мазмұны негізінде шынайы өмірмен байланыстырып жауап береді;



I. Тыңдалым. Мәтіналды жұмыс.

Ой қозғау. Бейнебаян

<https://culturemap.kz/kk/object/teatr-opery-i-baleta-astana-opera>

**1-тапсырма.** «Сәйкестігін тап» әдісі. Жаңа сөздерді мағынасына қарай сәйкестендір.

Сөздік	Мағынасы	Жауап
1. Үйлестіру-	А. сән салтанаты	1С
2. Бастама-	В. ұзындық өлшеуіш	
3. Ұзындық	С. сәйкестік, жарастық	
4. Туынды	згі бастау	
5. Сәулеті	Е. шығарма	

**Дескриптор**

Жаңа сөздердің мағынасын қарай сәйкестендіреді.

**Бағалау критерийі**

ҚБ « Басбармақ әдісі»



II. Мәтінмен жұмыс. Мәтінді тыңда. Мәтіннен тірек сөздерді анықта. Тақырып қой.

«Астана Опера» мемлекеттік опера және балет театры Қазақстанның елордасы Астана қаласында орналасқан. Бұл театр сән-салтанаты асқақ ғимаратымен және залдардың көркемділігімен таң қалдырады.

«Астана Опера» 2013 жылы Елбасының бастамасы бойынша ашылды. Театр өзінің алғашқы театр маусымын М. Төлебаевтың ұлы туындысы «Біржан-Сара» операсымен ашты.

«Астана Опера» опера және балет театры әлемнің аса сәулетті 10 театрларының бірі болып табылады. Ғимарат алаңы 64 мың шаршы метрге тең. Оның 3000 шаршы метрін сахналық аймақ алады. Театрдың бас залы 1250 орынға есептелген. Мұның сыртында ғимаратта 8 қосымша зал, 11 репетициялық орынжай, 250 орындық камералық музыка залы, баспасөз залы бар.

### Дескриптор

Мәтіннен тірек сөздерді анықтайды. Тақырып қояды.

### Бағалау критерийі

ҚБ Өзара бағалау

## III. Мәтінсоңы жұмыс.

### 2-тапсырма. Берілген сөйлемдерден бір «жалған» ақпаратты анықта.

#### Мәтіндегі ақпараттар

#### Шын

#### Жалған

«Астана Опера» 2013 жылы Елбасының бастамасы бойынша ашылды.

«Астана Опера» залына 1 мың көрермен сияды.

Театр өзінің алғашқы театр маусымын М. Төлебаевтың «Біржан-Сара» операсымен ашты.

Театр әлемнің аса сәулетті театрларының бірі болып табылады.

### Дескриптор

Бір «жалған» ақпаратты анықтайды.

### Бағалау критерийі

ҚБ Смайлик

### 3-тапсырма. Мәтін бойынша сұрақтар құрастыр. Сұрақтарға қысқаша және толық жауап бер.

Үлгі:

**Сұрақ:** «Астана Опера» мемлекеттік опера және балет театры Қазақстанның елордасы қайда орналасқан?

**Толық жауап.** «Астана Опера» мемлекеттік опера және балет театры Қазақстанның елордасы Астана қаласында орналасқан.

**Қысқа жауап.** Астана қаласында

### Дескриптор

Сұрақтар құрастырып, толық, қысқа жауап береді.

### Бағалау критерийі

ҚБ Өзара бағалау.



**4-тапсырма.** Жағдаят: бүгін сенбі. Сыныбыңмен «Астана опера» театрына бардың. Театр ғимаратының әсемдігі, залдарының көркемдігіне таң қалдың. Досыңа көргеніңді, алған әсеріңді әңгімелеп бер.

### Дескриптор

Тыңдалым материалдарының мазмұны негізінде шынайы өмірмен байланыстырып жауап береді.

## Бағалау критерийі

ҚБ Өзара бағалау.

Астана – мәдениет пен өнер ордасы Әкім Ысқақ «Күн ұлымын» бөлімі бойынша «Астана опера» Мемлекеттік опера және балет театры тақырыбы алынды. Мәтіналды жұмысында тақырыпқа қызығушылығын арттыру мақсатта «Астана опера» Мемлекеттік опера және балет театр туралы бейнебаян көреді. Білім алушының сөздік қорын арттыру мақсатта жаңа сөздерді мағынасына қарай сәйкестендіру тапсырма беріледі. Білім алушы тұрмыстық - әлеуметтік тақырыптарға байланысты жаңа сөздер мен тірек сөздердің мағынасын түсінеді. Мәтінді тыңдайды, мәтіннен тірек сөздерді анықтайды. Тақырып қояды. Мәтінсоңы жұмысында берілген сөйлемдерден бір «жалған» ақпаратты анықтау арқылы оқушының мәтін мазмұнын түсінгені тексеріледі. Мәтін бойынша сұрақтар құрастырады. Сұрақтарға қысқаша және толық жауап беріп, білім алушының коммуникативтік дағдысы қалыптасады. Жағдаят: бүгін сенбі. Сыныбыңмен «Астана опера» театрына бардың. Театр ғимаратының әсемдігі, залдарының көркемдігіне таң қалдың. Досыңа көргеніңді, алған әсеріңді әңгімелеп бер. Бұл жағдаяттық тапсырма оқушыны мәтіндегі негізгі ақпаратты өмірдегі кейбір жағдаяттарға байланыстырып, еркін сөйлетуге, ойын әсерлі, мазмұнды жеткізуге, баулиды. Әр тапсырмадан кейін дескрипторлар құстырылып, бағаланады. Дескриптордың пайдасы оқушы нәтижеге жетудегі әрбір қадамын сипаттайтын жетістік деңгейі. Сабақта ҚБ, «Бас бармақ», «Бағдаршам», «Смайлик», «Өзің-өзі бағалау», «Өзара бағалау» әдістері қолданылады.

**Бөлім атауы: 2-бөлім.** Болашақ мамандықтары

**Бөлімше атауы:** А.Машанов "Жер астына саяхат"

**Оқу мақсаты:** 6.1.6.1 – тыңдалым материалдарының мазмұны негізінде шынайы өмірмен байланыстырып жауап беру;

6. 2. 6. 1 тірек сөздерге сүйеніп, сюжетті суреттердің желісі бойынша әңгіме құрастыру ;

**Сабақ мақсаты:** тыңдалым материалдарының мазмұны негізінде шынайы өмірмен байланыстырып жауап береді; әңгіме, хикаялардың және шағын поэзиялық шығармалардың мазмұнын талдай отырып, тірек сөздерге сүйеніп, сюжетті суреттердің желісі бойынша әңгіме құрастыру

**Тыңдалым. Айтылым.**

**I. Мәтіналды жұмыс.**

**1-тапсырма:** «Броундық қозғалыс» әдісі. Суретке қара. Суретте кімдер бейнеленген?

Олардың арасында байланыс бар ма? Ақпарат көздерінен мәлімет тауып айт.





Ақжан Жақсыбекұлы әл-Машани (1906 жылы, қазіргі Қарағанды облысы Қарқаралы ауданы Нұркен ауылында туған.

Ол-геолог ғалым, тау-кен инженері, геология-минералогия ғылымдарының докторы .Оның еңбектері : «Жер астына саяхат», «Әл-Фараби», «Жер сілкінісі». Әл-Фараби еңбектерін зерттеген еңбек сіңірген ғылым қайраткері.

қжан Машанов

### **Бағалау критерийі**

➤ «Сурет бойынша сұрақтарға жауап береді.

➤ Ақпарат көздерінен мәлімет тауып айтады.

Сөз тіркесін құрастырып жауап береді.

**Дескриптор:** Ақпарат көздерінен мәлімет тауып айтады.

**2-тапсырма:** «1мақал-мәтел, 1 қанатты сөз»әдісі. Жаңа сөздерді аудар, кәсіпке, мамандыққа қатысты 1мақал-мәтел, 1 қанатты сөз жаз. Олардың мағынасын түсіндір.

Жаңа сөздер: мүмкіндік, білікті, сала, арманда дамыт.

### **Бағалау критерийі**

➤ Жаңа сөздердің мағынасын түсінеді.

**Дескриптор:** Кәсіпке, мамандыққа қатысты 1мақал-мәтел, 1 қанатты сөз жазады.


## **II. Мәтінмен жұмыс.**

**3-тапсырма:** «Хикая картасы» әдісі. Мәтінді оқы. Мәтінді оқып хикая картасын толтыр. /Жүппен жұмыс/

### **Жер астына саяхат**

Осы сұрақты қойып, таңбалы тасын қойнына тыққан Мұқан тауға қарай тартты. Таудың етегінде ерте заманда болған бір қорғанның орнын қазып жатқан Малых пен Рақымдарға да келіп жетті. Олардың қасында біраз уақыт болғаннан кейін, Мұқан енді кен тасымен қатар тарихи тастарға да қызығатын болды.Малых ғалым оған енді мынаны айтты: - Таңбалы тас та таңбасыз тас та, кен тасы да тарих тасы да жер қойнында. Ол тастардың жұмбағын шешем десең, жеріңді тани біл . жермен байланысты ғылымдарды үйрен! <https://kazneb.kz/kk/bookView/view?brId=1627228>

### **Хикая картасы**





### ***Бағалау критерийі***

- Мәтіннің мағынасын түсінеді.
- Сұрақтарға жауап береді.

**Дескриптор:**Хикая картасында берілген сұрақтарға жауап береді. Мәтіннің негізгі ойын түсінеді.

### **III.Мәтінсоңы жұмыс**

**4-тапсырма:** Мәтін ішінен негізгі және жанама ойды білдіретін сөздерді бөліп жаз . /Жұппен жұмыс/

Негізгі ойды білдіретін сөздер      Жанама ақпаратты білдіретін сөздер

### ***Бағалау критерийі***

- Мәтіннен негізгі және жанама ойды білдіретін сөздерді ажыратады.

**Дескриптор:** Мәтіннен негізгі және жанама ойды білдіретін сөздерді бөліп жазады

**5-тапсырма:** Мәтін ішіндегі мағлұматқа сүйеніп, Мұқан, Малых, Рақым үшеуінің арасындағы диалог қазіргі кезде қалай болар еді? Тақтада берілген сөздерді қолданып, диалог құраңдар. /Топпен жұмыс/**1 топ**

Мәтін ішіндегі мағлұматқа сүйеніп, Мұқан, Малых, Рақым үшеуінің арасындағы диалог сол кезде қалай болар еді? Тақтада берілген сөздерді қолданып, диалог құраңдар.. /Топпен жұмыс/ **2 топ**

**Диалог алдындағы жұмыс:** интернет желісі арқылы, кітап оқу арқылы, газет мақалаларын оқу арқылы, деген сөздерді қолданады.Тақтаға көмекші сурет ілінеді.



Қосымша Қазақша сөйлесудің ерекшеліктерін түсінік беретіндей видеоролик көрсетемін. ***Ассалаумағалейкүм, Қалың қалай? Кәсібің не? Амандықпен кездесейік!***- деген сөздердің мағынасын түсініп, қолданады.

Диалог критерийі

- Берілген сөздерді диалогта орынды қолдану
- Тақырыптан ауытқымау
- Мысалмен дәлелденген
- 5 сұрақ пен 5 жауап болуы керек.

**Дескриптор:**Жоғарыда түсіндірілген сөздерді міндетті түрде пайдаланып, диалог құрайды.

**6 –тапсырма.**Жазған диалогті топпен алмасып, талқылап, бағалауларыңды ауызша дәлелдеңдер.

критерийлер



Берілген сөздерді  
диалогта орынды  
қолдану  
Тақырыптан ауытқымау

Мысалмен дәлелденген

5 сұрақ пен 5 жауап  
болуы керек.

**Дескриптор:** өздерінің диалогтарымен салыстырады, талқылайды, басқа топқа берген бағаларын ауызша дәлелдейді.

Алған білімдерін бағалау. Балалар өздері плюс таңбасын сәйкес кестеге қойып, өзінің бағасын мұғалімге ауызша дәлелдеп өтеді.

**Білемін**        **Негізгі және жанама ақпаратты  
ажыратамын**

**Түсінемін**    **Мәтіннің мазмұнын**

**қолданамы**    **Диалог құру тәсілдерін**  
**н**

### **Педагогке әдістемелік көмек:**

Берілген тапсырмалар оқушылардың жас ерекшелігіне сәйкес таңдап алынды. Оқушылар әлеуметтік-қоғамдық тақырыптар аясында айтылған сөздер мен термин сөздердің мағынасын түсінеді.

Бұл тапсырмаларды түрлендіріп жүргізуге болады. Мәтіналды жұмысында «Броундық қозғалыс» әдісі. пәнге қызығушылықты оятады. Тірек сөздерге сүйеніп, сюжетті суреттердің желісі бойынша сөйлем құрап, әңгімелеп айтып береді. Мәтінді оқу арқылы тақырып бойынша сұраққа жауап беріп, мәтіннен тірек сөздерді табады, тақырып бойынша ойы жинақталады.

Осыған орай Хикая картасын қолданса болады. «Хикая картасы» әдісі.

Мәтінді оқы. Мәтінді оқып хикая картасын толтырады. /Жұппен жұмыс/

Мұғалім мәтінге байланысты сұрақтар қояды. Жауап дұрыс болса, хикая картасын толтыруға рұхсат алады, алға жылжиды, қате болса, хикая картасын толтыруға рұхсат алмайды. Мұғалім бірнеше сұрақ қою арқылы

оқушылардың зейінін жаңа сабаққа шоғырландырып, оқушыға мәтіннің мазмұнын түсіндіреді. Мәтіннен негізгі және жанама ақпараттарды анықтау

тапсырмасын орындау арқылы оқушы берілген мәтіннің мазмұнын түсінгені байқалады. Осы тапсырманы орындауда білім алушы негізгі ойды бөліп

алуға үйренеді. Оқушыға жағдаяттық тапсырма беріледі, оқушы тақырып бойынша үйренген сөздерін қолдана отырып, мәтінде көтерілген мәселені

шынайы өмірмен байланыстырып сөйлеу әрекеті дамиды. Сөйлеу әрекетін дамытуды дағдыландыратын жаттығулар-жағдаяттық тапсырмалар

**Бөлім атауы:** Қазақстан және Ұлы Жібек жолы

**Бөлімше атауы:** Д. Досжан "Жібек жолы" романы (үзінді)

**Оқу мақсаты:** 6. 2. 5. 1 коммуникативтік жағдаят бойынша диалогке

қатысушылар өзара түсінісіп, ойларын толықтырып отыру;

6. 4. 4. 1 мәліметтерді жинақтай отырып, тақырып бойынша постер, сызба-кестелер жасау;

**Сабақ мақсаты:** тыңдалым материалдарының мазмұны бойынша диалогті қатысушылар өзара түсінісіп, ойларын толықтырады, мәліметтерді жинақтай отырып, тақырып бойынша постер, сызба-кестелер жасайды.

**I. Мәтін алды жұмыс. «Сөздік гол» әдісі . Түсіндірмелі сөздікпен жұмыс. Керуен, Жібек жолы, Ұлы сөздерінің мағынасын ашындар, сөз тіресін құрайды,**

Сөз	Мағынасы	Сөз тіркесі
Керуен,		
Жібек жолы		
Ұлы		

### *Бағалау критерийі*

➤ Түсіндірмелі сөздікпен жұмыс жасайды.

➤ Кестені толтырады.

**Дескриптор:** сөздікпен жұмыс жасайды, жаңа сөздерді түсініп, ұғады.

**II. Мәтінмен жұмыс.**

**1-тапсырма:** «Ұлы Жібек жолы» бейнежазбаны көріп экранда ұсынылған мәтінді оқыңыздар, түсінгенінді бір сөйлеммен айт.

### *Бағалау критерийі*

➤ . Бейнежазбаны көріп, өзара түсінісіп, ойларын толықтырып отырады.

**Дескриптор:** бейнебаянда берілген материалдың не туралы екенін түсінеді.

**2-тапсырма:** абзац бойынша тізбектей оқы, сұрақтарға сүйеніп диалог құра, «Бір сурет, 5 сөйлем» әдісі бойынша оқыған мәтінді талда, постерге түсір.


### **Д. Досжан "Жібек жолы" романы (үзінді)**


Әуелде араб живанкездері Отырарды «Фараб» не «Бараб» деп жазып жүрді. Отырарды қазір гулама, өнерпаз, көріпкел, сәуегей, зергер мекен етеді. Шапарды екі жүз мыңдай халық мекендейді; көшесінде сан жүздеген тасболат там, жәдігер, кешендер бар; монша, мешіт, саудахана, қышхана, гуртхана, әсем зуіздер, корған мен сокпақтар бар.

...«Жәдігер» деген — тастан салынған ымырат, «дін үйі» деген — түрі киіз үй тәрізді күмбездеп салынған мекен, бұл екі құрылыс та шаһардық орталық кешесінде көп кездесетін. Үй тас пен кешендерді көбіне диһандар мекендейді. Қаланың шеткі көшелерінде тасболат тамдар көп ұшырасады, тасболат тамдар киіз үй секілді дөңгелек емес, төрт бұрышты не қоржынды етіп салынған. Үйлерінің қабырғасы әрқилы әсем қыштан қаланған, оларға тән тұрақты құбылыс — есіктерінің біркелкі түстікке қарап тұруы еді. Тасболат тамдарды ұсталар, қолөнершілер, тоқымашылар жайлайды.

<https://adebiportal.kz/kz/retailing/view/423>

«Бір сурет, бес сөйлем» постері





### **Бағалау критерийі**

- Оқыған мәтінді талдап, постерге түсіреді.Диолог құрайды.

**Дескриптор:**шығарманы оқып, сұрақ қою арқылы ауызша диолог құрайды;мәтіннің мазмұндағы керекті сөздер мен сөз тіркестерін тіркестіріп, тақырыпқа сай «Бір сурет, бес сөйлем» постерін құрастырады.

**3-тапсырма:** «DEAL» әдісі . Мәтіннің мазмұны бойынша түсінген сөздерді сипаттап, тіркестіріп жаз. Берілген ұғымдарды анықтамаларын түсінгенін баяндап,білген ақпараттарыңды салыстырып, сөйлем құрастыр.

### **Бағалау критерийі**

- . Берілген ұғымдарды анықтамаларын табады.

**Дескриптор:**мәтін мазмұны бойынша керекті сөздерді тіркестіріп жаза алады;сөз тіркестерінен сөйлемдер құрай алады

### **III.Мәтінсоңы жұмыс**

**4-тапсырма:** «Домино» әдісі Бейнелі суреттерге сүйеніп, «Тарих сыр шертеді» тақырыбында шағын әңгіме жазындар.

**Дескриптор:** бейнелі суреттерге сүйеніп, сөз тіркестері мен сөйлем құрастырады;құрастырған сөздер мен сөйлемдірді қатыстырып, «Тарих сыр шертеді» тақырыбында шағын әңгіме жазады.

**5-тапсырма:** «Үш қадам » әдісі . Бірінші адам сұрақ қой,екінші адам жауап бер,үшінші адам жазып отырындар.

**Дескриптор:**мәтінге қатысты пікірін білдіреді,ойын толықтыруда тірек сөздерді қолданады.**Тірек сөздер:** жәдігер, зергер, дін үйі, қыштан қаланған.

### **Педагогке әдістемелік көмек:**

. «Сөздік гол»әдісі .Мәтіналды тапсырма. Түсіндірмелі сөздікпен жұмыс Керуен, Жібек жолы, Ұлы сөздерінің мағынасын ашады. Берілген жаңа сөздердің мағынасын ақпарат көздерінен тауып, сөз тіркестерін құрайды.

Оқушы мұндай кестелерді толтырған кезде әр сөздің нақты қалай жазылатынын, оның мағынасы, аудармасы тауып түсінеді. 2-тапсырма: абзац бойынша тізбектей оқып, сұрақтарға сүйеніп диолог құрайды, «Бір сурет, 5 сөйлем» әдісі бойынша оқыған мәтінге сұрақтар құрап,диолог құрайды, постерге түсіреді. Берілген суреттер бойынша түсінгенін постерге жазады.

«DEAL» әдісі D–Describe–баяндау, суреттеу (оқығанды, сипаттау, сынау, өлшеу).E–Explain–түсіндіру (құбылыс немесе оқиға бойынша не білетіндерін, түсінгендерін суреттеу). A–Analyze–талдау (ақпаратты талдау, қорытынды жасау, себептерін атау). L–Links–байланыс (болжамдар немесе қорытынды жасау, өзінде бар біліммен байланыстыру).Бұл тапсырмада оқушы мәтін мазмұны бойынша керекті сөздерді тіркестіріп жаза алады;сөз тіркестерінен сөйлемдер құрай алады. 4-тапсырма: «Домино» әдісі Бейнелі суреттерге сүйеніп, «Тарих сыр шертеді» тақырыбында шағын әңгіме жазады. «Домино» әдісі Қағаз қиындылары домино пішіндес қиылып, ортасынан қаламмен сызылады. Топтағы бірінші

оқушы оң жақ бөлігіне мәтін бойынша сөйлем жазады, келесі оқушы келесі домино парақшасының сол жағына мәтін желісі бойынша сөйлем жазып, келесі оқушыға береді, тиісінше келесі оқушы өз доминосына осындай жазба қалдырады. Барлық топ өз доминоларын жасап әңгімелерін жазып болған соң, араластырып, көршілес топқа домино қиындыларын құрастыруға ұсынады. Әрі жылдам, әрі дұрыс құрастырған топ жеңіске жетеді.«Домино -2» әдісі. Қолдарына откритка қиындылары немесе балаларға арналған суретті лото не әріптерден қиылған карточкалар таратылып беріледі. Бірінші қатысушы өзінің суретіне байланысты әңгімені бастайды. Бұл ертегі, қияли, күлкілі әңгіме т.с.с. болуы мүмкін. Ең бастысы, қолындағы сурет қамтылуы тиіс. Осы суреттің қиындысы бар келесі ойыншы әңгімені жалғастыруы керек. Осылайша басы бүтін бір әңгіме айтылып шығады. Бұл тапсырмада оқушылар бейнелі суреттерге сүйеніп, сөз тіркестері мен сөйлем құрастырады; құрастырған сөздер мен сөйлемдірді қатыстырып, «Тарих сыр шертеді» тақырыбында шағын әңгіме жазады. «Үш қадам » әдісі немесе рөлдік ойын. 1-оқушы сабақ бойы орын алған оқиғалар туралы сұрақ қояды. 2-оқушы Сол ақпаратқа сүйене отырып,сұраққа жауап береді. 3-оқушы сұрақ-жауапты жазып отырады. Оқушы мәтінге қатысты пікірін білдіреді,ойын толықтыруда тірек сөздерді қолданады,сұрақтарға жауап беріп, мәтінді толық түсініп алады.

**Бөлім атауы:** Жер байлығына аяулы көзқарас

**Бөлімше атауы:** Ш. Айтматов "Ана - Жер Ана"

**Оқу мақсаты:** 6. 1. 2. 1 тыңдалған мәтіннің негізгі мазмұнын түсіну, негізгі және қосымша ақпараттарды анықтау;

6. 2. 4. 1 шағын көлемді мәтіндегі жеке эпизодтарды сипаттау және тілдік ерекшелігіне салыстыру жасау

**Сабақ мақсаты:** тыңдалған мәтіннің негізгі мазмұнын түсініп, негізгі және қосымша ақпараттарды анықтайды. Шағын көлемдегі мәтіннен жеке эпизодтарды сипаттап, салыстыра алады, орфографиялық нормаға сай жазуға тырысады.

**I.Мәтіналды жұмыс.**

**1-тапсырма:** Шыңғыс Айтматовтың өмірбаянын еске түсіру. «Ойлан, Жұптас, Пікірлес!» әдісі арқылы Интерактивті тақтадан Шыңғыс Айтматовтың өмірбаянын толтырындар.



**Мансабы:**

**Еңбектері:**

**Қайтыс болды:**

***Бағалау критерийі***

- . Берілген кестені толтырып,Шыңғыс Айтматовтың өмірбаянын еске түсіреді.  
**Дескриптор:** Шыңғыс Айтматовтың өмірбаянын еске түсіреді.

## II. Мәтінмен жұмыс.

**2-тапсырма:** Мәтінді мұқият рөлге бөліп оқыңдар. Шағын тестті шешіңдер.

Ана – жер – ана (Үзінді)Ш. Айтматов.

Ай: Уа, армысың, киелі далам!

Жер: Дені - қарның сау ма, Толғанай! Өзің бе келген?

Толғанай: Бүгін шәйіт кеткен бауырларымды еске алатын күнім еді.

Жер: Білем, білем. Мен де күтіп жатқанмын, Толғанай. Япыр - ау, бұл жолы да жалғызбысың?

Толғанай: Қайтейін, тағы да жалғыз келдім.

Жер: Демек, немереңе тіс жарып ештеңе айтпаған сыңайың бар ғой, Толғанай?

Толғанай: Айтпадым, аузым бармады.

Жер: Болған хикаяны оған баяндайтын бір адам өмір бойы табылмас деймісің? Халық аузына қақпақ қоя алмайсың. Туған анасының қасіретті күйде кеткенін, әкесінің кім екенін әдейі болмаса да, әлдебіреулердің айта салу қаупін ойладың ба?

Толғанай: Жоқ, онда не тұр? Ерте ме, кеш пе әйтеуір бәрі мағлұм болары анық. Шүкір, өзі де азамат болып қалды ғой. Ендігі жерде өзгеден ести қалғанда да оғаштығы жоқ. Айтайыншы - ақ деп бел байласам да, шынтуайтқа келгенде, бойымды бір қорқыныш билейді де, ауыз аша алмай қала берем.

Жер: Не десең, о де, адам болған соң өзі туралы шындықты біліп жүруі шарт Толғанай!

Толғанай: Түсінемін - ау, бәрін де, тек қалай бастауды білмей жүрген жоқпын ба? Өзіңе де айдай аян, мына мен білетін шындықты, мейірімді Жер - анам, сол жалғыз немеремнен басқа жұрттың бәрі біледі.

[https://bilimdiler.kz/kazakh\\_tili/29314-ana-zher-ana-sh-aytmатов.html](https://bilimdiler.kz/kazakh_tili/29314-ana-zher-ana-sh-aytmатов.html)

Шағын тест.

### Шығарма не туралы?

а) үй жануарлары

ә) білім

б) Ана –Жер –Ана!

### 2. Шығармадағы Ана образындағы кейіпкер?

а)Мариям

ә) Толғанай

б) Алтынай

### 3. “Ана – Жер – Ана” повесінің авторы?

а) Шыңғыс Айтматов

ә) Абай Құнанбаев

б) Мұхтар Әуезов

### *Бағалау критерийі*

➤ . Мәтінді түсінеді.

➤ Тест шешеді.

*Дескриптор:*Мәтінді мұқият рөлге бөліп оқиды.Тест шешеді.

**3-тапсырма:** «Жауап тап» әдісі. Мәтін бойынша сұрақтар құрап, мәтіннің мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беріңдер.



**Бағалау критерийі**

- . Мәтінді оқиды.
- Сұрақтарға жауап береді.

**Дескриптор:** мәтін мазмұнын түсінеді; сұраққа жауап бере алады; өз ойын білдіре алады.

**4-тапсырма:** «Сәйкестігін тап!» әдісі. Мәтіннің мазмұнын бойынша керекті сөздерді тіркестіріп жаз. Берілген сөз тіркестерді сәйкестендіріп, сөйлем құрастыр.

Керекті сөздер: киелі дала, шәйіт кеткен, тіс жарып, аузына қақпақ

- |               |                        |
|---------------|------------------------|
| киелі дала    | → қаза тапқан          |
| шәйіт кеткен  | → жастерлі             |
| тіс жару      | → айтуға кедергі жасау |
| аузына қақпақ | → айту                 |

**Бағалау критерийі**

- Сөз тіркестерді сәйкестендіріп, сөйлем құрастырады.

**Дескриптор:** мәтін мазмұны бойынша керекті сөздерді тіркестіріп жаза алады; сөз тіркестерінен сөйлемдер құрай алады .

**5-тапсырма:** «Көзбен көретін айғақтар» әдісі. Тірек суреттерді негізге алып, венн диаграммасын толтыр.



- Венн диаграммасын толтырады.
- сөйлем құрастырады.
- сүйеніп, сөз тіркестері мен сөйлем құрастырады.
- Венн диаграммасын толтырады.

**III. Мәтінсоңы жұмыс**



**6-тапсырма:** «ДЖИГСО» әдісі Мәтінге қатысты сұрақ қойып, айтылған сөздерді шартты атау ретінде бөліп, пікір алмасып, мәтінді жалғастыр.

**Дескриптор:** Мәтінге қатысты сұрақ қояды, мәтінді жан-жақты меңгереді, оқығанды есте сақтайды, мәтінді өздері жалғастырады.

#### **Педагогке әдістемелік көмек:**

Бұл тапсырмалар оқушының тілдік сауаттылығы мен сөйлеу сауаттылығын, сөз байлығын, басқалармен еркін қарым-қатынасқа түсу қабілетін дамытуды және оқушының ойлау қабілеті мен танымдық дағдыларын жетілдіруді көздейді. Сонымен қатар, оқушыларға түсіну мен жауап беруді, тілдесім мен аудиобейне материалды тыңдау барысында өз көзқарастарын білдіруді үйретеді. Шағын көлемдегі мәтіннен жеке эпизодтарды сипаттап, салыстыра алады, орфографиялық

нормаға сай жазуға тырысады. «Ойлан, Жұптас, Пікірлес!» әдісі

Оқушыларға қандай да болмасын сурет, тапсырма берілгеннен кейін оларды тыңғылықты орындауға бағытталған интербелсенді тәсіл. Тақтада

сұрақ, сурет/тапсырма жазылғаннан кейін әрбір оқушы жекеше өз ойлары мен пікірін айтып, немесе сұраққа жауап береді. Берілген уақыт ішінде (2-3 минут) ақпаратты қағазға түсіреді. Содан кейін оқушы жұбымен жазғанын

3-4 минут талқылайды, пікірлеседі. Берілген сұрақ немесе ақпаратты

жұппен, топпен жылдам тауып алады. 1-тапсырма: Мәтінді мұқият рөлге

бөліп оқиды. Шағын тестті шешеді. Оқушыларға жаңа мәтінді

оқып, түсінген соң тест беру өте тиімді. Өйткені оқушы жаңа ақпаратты

миға тез қабылдайды. 2-тапсырма: «Жауап тап» әдісі. Мәтін бойынша

сұрақтар құрап, мәтіннің мазмұны бойынша жауап береді. Бұл әдіс

оқушылар өз ойларын дауыстап айтып беру үшін пайдаланылады. Сұрақ

қойыңыз, ойластыруға уақыт беріңіз; одан кейін оқушылардан өз ойларын

көршілерімен бөлісуді сұраңыз; оқушыларға жаңа тақырыпты айтыңыз

және осы тақырып бойынша өздері білетін барлық жағдайды келесі адамға

айтуын ұсыныңыз. Білім алушы мәтін мазмұнын түсінеді; сұраққа жауап

бере алады; өз ойын білдіре алады. 4-тапсырма: «Сәйкестігін тап!» әдісі.

Мәтіннің мазмұнын бойынша керекті сөздерді тіркестіріп жазады. Берілген

ұғымдарды анықтамаларымен сәйкестендіріп сөйлем құрастырады.

Оқушыға оңай болғанымен, бұл тапсырма қызықты болып келеді. Оқушы қосымша ақпараттарды, сөз тіркестерді ғаламтор желісінен табады.

«Көзбен көретін айғақтар» әдісі. Тірек суреттерді негізге алып, венн

диаграммасын толтырады, бейнелі суреттерге сүйеніп, сөз тіркестері мен

сөйлем құрастырады; , венн диаграммасын толтырады. 6-тапсырма:

«ДЖИГСО» әдісі Мәтінге қатысты сұрақ қойып, айтылған сөздерді шартты

атау ретінде бөліп, пікір алмасып, мәтінді жалғастыр. Мәтінге қатысты

сұрақ қояды, мәтінді жан-жақты меңгереді, оқығанды есте сақтайды, мәтінді

өздері жалғастырады. «ДЖИГСО». Топтарға мәтін бөлігі таратылады.

Мәтін бөлігін оқып, өз топтарында талқылайды. Талқылауға аз ғана уақыт

беріледі. Бастапқы топқа қайта келіп, қолдарындағы мәтін бөліктерін

құрастырады. Топтарға мәтіннің толық нұсқасы таратылады. Толық мәтін

мазмұнымен танысып, мәтін желісін топ мүшелері бірлесіп отырып

аяқтайды. ДЖИГСО әдісімен жұмыс ақпарат алу мен пысықтауға, ойлауға ықпал етеді. Оқытудың осы ұжымдық әдісін жүзеге асыру мақсаты — жалпы мәселені алдымен жұпта, кейін ұжымда талқылау, үйрену мен үйрету. Бұл жағдайда әрбір оқушы бір сәт өзін мұғалім ретінде сезінеді, оқуға деген жауапкершілігі артады. Мәселен, әдісті қолдануды төмендегіше қарастырып көрейік. Алдымен ұжым 4 адамнан тұратын топтарға бөлінеді. Бұлар — бастапқы жеке жұмыс топтары. Берілгелі тұрған жұмыс мәтіні төртке бөлінеді. Енді топ мүшелері төртке дейінгі реттік жүйеде тағы бөлінеді. Тіпті тақырыпқа қатысты сұрақ қойып, айтылған сөздерді шартты атау ретінде бөліп беруге де болады (мәселен, берілген сөйлемдердің мағыналық түрлерін анықтаңдар: сұраулы, лепті, хабарлы, бұйрықты). Бұл жолы әр сан иелері немесе атау иелері өз алдына «жұмыс тобын» құрайды. Оқуға ұсынылатын материалдың тақырыбы талқыланған соң, осы мәтінді топта талқылап, түсіну қажет екендігі ескертіледі. Логикалық түрде төрт бөлікке бөлінген мәтін бөліктері әр топқа таратылады. Топтар тұтас мәтінмен емес, тек белгілі бөлікпен ғана жұмыс істеп, бүге-шігесіне дейін талдайды, пікір алмасады, ойын нақтылайды. Жұмысты бастамас бұрын екінші құрылған шағын топқа бара жатқан оқушыларға «жұмыс тобында» мәтіннің тиісті болты жақсы меңгеру қажеттігі айтылады, өйткені сол бөлімді «бастапқы топ» мүшелеріне түсіндіруге жауапты болатыны, мәтінді тұтас түсіну әр оқушының жұмыс істеуі мен зейін қоя түсінуіне байланысты екені түсіндіріліп, жауапкершілік жүктеледі. Бұл стратегия мазмұнды жан-жақты меңгеру, оқығанды есте сақтау үшін ұмтылу, жауапкершілік дағдысына баулу мақсаттарында аса тиімді. Оқушының оқуға деген қызығушылығы артады, ұжымда жақсы қарым-қатынас қалыптасады, саналы тәртіп орнайды.

**Бөлім атауы:** Қазақ ұлттық қолөнері

**Бөлімше атауы:** О. Бөкей "Апамның астауы" әңгімесінен (үзінді).

**Оқу мақсаты:** 6.1.1.1 тірек сөздер, мәтіннің бастапқы бөлігін тыңдау арқылы тақырыпты және көтерілетін мәселені болжау;

6.3.6.1 тақырып бойынша үйренген сөздерін қолдана отырып, мәтінде көтерілген мәселені шынайы өмірмен байланыстыру;

**Сабақ мақсаты:** Тірек сөздер, мәтіннің бастапқы бөлігін тыңдау арқылы тақырыпты және көтерілетін мәселені болжайды. Тақырып бойынша үйренген сөздерін қолдана отырып, мәтінде көтерілген мәселені шынайы өмірмен байланыстырады.

**I. Мәтіналды жұмыс.**

**1-тапсырма:** «Кросеанс» әдісі арқылы берілген суреттерді байланыстырып, сабақтың тақырыбын анықтаңдар.

[https://fsd.kopilkaurokov.ru/up/html/2017/02/02/k\\_5892be7a43ec6/386766\\_12.png](https://fsd.kopilkaurokov.ru/up/html/2017/02/02/k_5892be7a43ec6/386766_12.png)





Талқылауға  
Тақырып не  
Суретте не бейнеленген?  
Анаң мен әжең не істейді?  
Ол кісілер қай затты ерекше қастерлейді?

**Бағалау критерийі**

➤ . **Кросеанс»** әдісі арқылы тақырыпты болжайды.

**Дескриптор:** Суреттерге қарап, тақырыпты болжайды, сұрақтарға жауап береді.

**II. Мәтінмен жұмыс.**

Оқушыларға «Joyteka» бағдарламасы арқылы «Апамның астауы» әңгімесі көрсетіледі. <https://joyteka.com/100108907>

**2-тапсырма:** әңгімені мұқият қарап, автоматты түрде берілген сұрақтарға жауап беріндер.

**Дескриптор:** Оқушылар әңгімені мұқият қарап, автоматты түрде берілген сұрақтарға жауап береді.

**3-тапсырма:** «Ойлан, бірік, болжа!» әдісі. Әңгімеде көтерілген мәселені болжап, айтыңдар.

**Дескриптор:** Әңгімеде көтерілген мәселені болжайды. Көтерілген мәселені айтады.

**4-тапсырма:** «LearningApps» бағдарламасы.

<https://learningapps.org/watch?v=p3jnbicq522> «Қос жазба күнделігі» әдісі арқылы Әңгімедегі жаңа сөздердің мағынасын түсіндір.

Алаша, жер ошақ, төркін, пима, тон, діңгек, сырмақ, мұқым т.б.

Жаңа сөздер	Мағынасы
Бала кезім	
тоқал там	
пима	
бұқтырма жаз	

**Бағалау критерийі**


➤ . Жаңа сөздерді түсініп, мағынасын біледі.

**Дескриптор :** «LearningApps» бағдарламасы бойынша тапсырма орындайды Әңгімедегі жаңа сөздердің мағынасын түсіндіреді

**III. Мәтінсоңы жұмыс**

**5-тапсырма:** «Wordwall» бағдарламасы. Берілген сөздердің қазіргі

таңда бар жоқ екенін анықтаңыздар. <https://wordwall.net/ru/resource/39024193>



**Дескриптор :** «Wordwall» бағдарламасын қолданады. Берілген сөздердің қазіргі таңда бар жоқ екенін анықтайды.

**Педагогке әдістемелік көмек:**

Берілген тапсырмалар оқушылардың жас ерекшелігіне сәйкес таңдап алынды. Оқушылар әлеуметтік-қоғамдық тақырыптар аясында айтылған сөздер мен термин сөздердің мағынасын түсінеді.

Бұл тапсырманы түрлендіріп жүргізуге болады. Тақырыпқа байланысты интернет сайт: *wordwall* бойынша бағдарламасын қолдануға болады. Мұндай тапсырмалар ұшқыр ойлауға үйрететін және логикасын дамытатын әдіс түрі. Әдіс үлкен көлемдегі біртұтас сөздер жеке-жеке бөлшектерін жинап құрастыру арқылы жүргізіледі. . Бұл тақырыпқа жаңа инновациялық әдістер алынды. Мәтінді оқушыларға «**Joyteka**» бағдарламасы арқылы «Апамның астауы» әңгімесі көрсетіледі. <https://joyteka.com/100108907>

**Толық мәтінді түсініп, аударған соң** 2-тапсырма: әңгімені мұқият қарап, автоматты түрде берілген сұрақтарға жауап береді.

«Ойлан, бірік, болжа!» әдісі. Оқушылар ойына келген жауаптарды немесе идеяларды барынша көп жазады (Ойлан). Одан кейін олар өз идеяларын әріптестерімен біріктіреді (Бірік) және тақырыпты және көтерілетін мәселені болжайды, соңында мұғалім бүкіл сыныптың идеяларын талқылауды бастайды (Болжа). 4-тапсырма: «**LearningApps**»

бағдарламасы. <https://learningapps.org/watch?v=p3jnbiqp522>

«Қос жазба күнделігі» әдісі арқылы Әңгімедегі жаңа сөздердің мағынасын түсіндіреді. : «**LearningApps**» бағдарламасы бойынша тапсырма орындайды Әңгімедегі жаңа сөздердің мағынасын түсіндіреді. Мәтінсоңы жұмыс **5-тапсырма:** :«**Wordwall**» бағдарламасы. Берілген сөздердің қазіргі таңда бар жоқ екенін анықтаңыздар. <https://wordwall.net/ru/resource/39024193>

Оқушылар «Wordwall» бағдарламасын қолданады. Берілген сөздердің қазіргі таңда бар жоқ екенін анықтайды «Он сұрақ» әдісі арқылы алған біліміне сүйене отырып, ойды жинақтап, түйін түйю: Мұғалім бір оқушыны таңдап алады және оның маңдайына негізгі сөз жазылған стикерді жапсырады. Қатысушы сыныпқа 10 сұрақ қоя алады, оған жауап не «БАР» не «ЖОҚ» деп беріледі. Оқушы сол арқылы бүгінгі сабаққа қатысты ұғымды табады.

**Бөлім атауы:** Саяхат және туризм

**Бөлімше атауы:** Шоқан Уалиханов "Жоңғария очерктері" (үзінді).

**Оқу мақсаты:** 6. 2. 1. 1 тура және ауыспалы мағынадағы сөздерді қолдану, ойын әсерлі, мазмұнды жеткізу

6.4.4.1. Мәліметтерді жинақтай отырып, тақырып бойынша постер, сызба-кестелер жасау

**Сабақ мақсаты:** Мәліметтерді жинақтай алады, мәліметтерді пайдаланып, постер, кластер, диаграмма жасай алады, ойын жүйелі түрде жеткізеді.

**I. Мәтіналды жұмыс.**

**1-тапсырма:** «Суреттер сөйлейді» әдісімен суреттер бойынша тура және ауыспалы мағынадағы сөздерді қолданып, әр топ бір сөйлеммен Шоқанның өмірі мен шығармашылығы туралы айтындар.

Қолданылатын суреттер:

- ✓ Шоқанның саяхатының картасы;
- ✓ «ЖЗЛ» сериясынан шыққан «Валиханов» атты кітаптың мұқабасы;
- ✓ Шоқанның салған суреті.



### ***Бағалау критерийі***

- . Тура және ауыспалы мағынадағы сөздерді табады.
- Тақырыпқа сай сөйлем құрады.

**Дескриптор:** Шоқанның дарындылығы туралы айтады. Оқушылар суреттерге қарап, сабақтың тақырыбын анықтайды. суреттер бойынша тура және ауыспалы мағынадағы сөздерді қолданады.

**2-тапсырма:** «Кең даланың кемеңгер ұлы» атты бейнебаянды тамашалап, тірек сөздерді анықтандар, сұрақтарға жауап беріндер.

Бейнебаян <https://www.youtube.com/watch?v=iGV6nWl66g>

1. Шоқан қай жылы туған?
2. Ол қай жерде дүниеге келген?
3. Оның балалық шағы қайда өткен?
4. Бала Шоқанды кім тәрбиелеген?
5. Шоқан қай жерде білім алған?
6. Кадет корпусында қай жылдары оқыған?
7. Шоқан қай өңірлерге саяхат жасаған?
8. Ол қандай танымдық парат жинаған?

### ***Бағалау критерийі***

- Мәтіннің мазмұнын түсінеді
- Мәтін бойынша сұхбатқа түседі
- Екі-үш сұраққа толық жауап береді
- Өз ойын дәлелдеп жауап береді.






**Дескриптор:** Мәліметті түсінеді; тірек сөздерді анықтап, дәптерлеріне жазады, сұрақтарға жауап береді.

## II. Мәтінмен жұмыс.

**3-тапсырма:** Шоқанның «Жоңғария очерктері» еңбегінен үзіндіні оқып, карточкаларды мәтін желісіне сәйкестендір, аударындар, картада Шоқанның болған жерлерін белгілеңдер.

### 1-топ:



Менің саяхатым 1858 жылы 28 мамырда басталды. Бастапқы кезде біз Алтынмемел бекетіне дейін Алатау бөктерінің тамаша аңғарларымен жүріп отырдық.

### 2-топ:

Мен Жоңғарияда бірінші рет 1856 жылы болдым. Алғашқы Ыстықкөл экспедициясына қатынастым. Сонан соң Құлжада үш ай тұрдым. Жоңғарияда барлығы бес ай болдым. Алақолден Тянь-Шанға дейін емін-еркін аралап шықтым.

### 3-топ:

Шоқанның болған жерлеріне смайликтер жабыстыру арқылы белгілейді.



### ***Бағалау критерийі***

- Мәтіннің мазмұнын түсінеді
- Мәтін мазмұны бойынша мәтінқұрайды.
- Өз ойын дәлелдеп жауап береді.

***Дескриптор:*** Дұрыс аударалады. Мәтінді түсінеді, карточкаларды мәтін желісіне сәйкестендіреді. Картадан Шоқанның болған жерлерін таба алады  
**4-тапсырма.** Постер, кластер, диаграмма жасау

Оқушылар сабақ барысында алынған негізгі мәліметтерді жинақтап, 1-топ постер, 2-топ кластер, 3-топ диаграмма (тапсырмаларды жеребе бойынша анықтайды) жасаңдар.

***Дескриптор:*** Негізгі ақпаратты анықтай алады. Тірек сөздерді теріп жазады. Мәліметтерді жинақтайды. Ойларын жүйелі жеткізеді.

### **III. Мәтінсоңы жұмыс**

**5-тапсырма.** «ПОПС» формуласы бойынша қорытындылау

*1-ші сөйлем: «Менің ойымша, ...»*

*2-ші сөйлем: «Себебі мен оны былай түсіндіремін, ...»*

*3-ші сөйлем: «Оны мен мына фактілермен, мысалдармен дәлелдей аламын...»*

*4-ші сөйлем: «Осыған байланысты мен мынадай қорытынды шешімге келдім...»*

***Дескриптор:*** Сабақтың берілген ақпаратты сараптайды. Дәйекті дәлел келтіреді. Қорытынды жасайды.

### **Педагогке әдістемелік көмек:**

Көркем мәтін және жай мәтіндерге мақсатқа сай қорытынды жасау, синтез, анализ жасау дағдыларын меңгертеді. Тапсырмалар функционалдық-коммуникативтік бағытқа негізделіп құрастырылды. Ол оқушылардың тіл туралы түсініктерін тереңдетіп, ұлттық мәдениет пен әлемдік мәдениеттің маңыздылығы туралы түсініктерін кеңейтеді. Тапсырмаларда көтерілген мәселені болжап, әлеуметтік-мәдени, ресми-іскери тақырыптарға байланысты диалог, монологтердегі көтерілген мәселені талдап, мәтін мазмұнын түсініп, детальді ақпаратты түсініп, жетекші сұрақтар арқылы негізгі ойды анықтап, жалпы және нақты сұрақтарға, мәтін мазмұнын шынайы өмірмен



байланыстырады, ресми сөздер мен тіркестерді, терминдерді орынды қолданып, диалогке қатысады. Оқушылар оқу үдерісіне белсене қатысады. Бұл тапсырмалар үлгілік бағдарламаға сай құрастырылған.

**1-тапсырма: «Суреттер сөйлейді»** әдісімен суреттер бойынша сабақтың тақырыбын анықтайды. Әр топ бір сөйлеммен Шоқанның өмірі мен шығармашылығы туралы болжайды. Келесі тапсырмада мәтінді қызықты етіп оқу үшін мәтін желісін бірнеше сурет арқылы беру несеме бейнежазба ретінде ұсыну. 2-тапсырма: «Кең даланың кемеңгер ұлы» атты бейнебаянды тамашалап, тірек сөздерді анықтайды, сұрақтарға жауап береді. Бейнебаян <https://www.youtube.com/watch?v=iGV6nWl66g>

3-тапсырма: Шоқанның «Жоңғария очерктері» еңбегінен үзіндіні оқып, карточкаларды мәтін желісіне сәйкестендіреді, аударады, картада Шоқанның болған жерлерін белгілейді. Мұндай тапсырмалардың тиімділігі мәтінді жылдам түсінеді және өте қызықты болып келеді. Топтық, жұптық жұмыстар жасауға болады. 5-тапсырма. «ПОПС» формуласы бойынша қорытындылау тапсырмасы.

1-ші сөйлем: «Менің ойымша,...»

2-ші сөйлем: «Себебі мен оны былай түсіндіремін,...»

3-ші сөйлем: «Оны мен мына фактілермен, мысалдармен дәлелдей аламын...»

4-ші сөйлем: «Осыған байланысты мен мынадай қорытынды шешімге келдім...»

«ПОПС формуласы» әдісі. Бірінші сөйлем: «Менің ойымша,...». Екінші сөйлем: «Себебі, мен оны былай түсіндіремін...» үшінші сөйлем: «Оны мен мына фактілермен, мысалдармен дәлелдей аламын...» Соңғы сөйлем: «Осыған байланысты мен мынадай қорытынды шешімге келдім...»

Оқушылар топта үшеуден отырады. Әр оқушы сөйлеуші, сұрақ қоюшы және жазып алушы рөлін атқарады. Сөйлеуші бір мәселені айтады, сұрақты түсіндіреді немесе пікірін білдіреді. Сұрақ қоюшы көмектесіп айтып отырады және түсініктеме беруді сұрайды. Жазып алушы қажетті жерлерін түртіп алып, әңгіме соңында қорытынды береді. Топтарда өзін сенімсіз сезінетін оқушыларға көмектесуге мүмкіндік береді.

Оқушылармен талқылау үшін ынталандыратын немесе арнайы сұрақтар мен тақырыптарды қолданыңыз. Белсенді тыңдап, жауап беруге жетелеңіз. Тақырыпты белгілеу үшін А мен Б атаңыз (мысалы, А тыңдайды, ал Б сөйлейді, кейін керісінше. Оқушылардан олар жеке жауап алғысы келетін сұрақ қоюды сұраңыз, кейін бұл сұрақ жұпта талқыланады. Әр жұпқа мақсат қойыңыз мысалы, мынаған жауап беріңдер. Қолданылуы: бір мәселе бойынша бейнесюжеттен үзінді көрсету арқылы баланың өз ойын, ой-пікірлерін білуге болады. Мұндай тапсырмалардың тиімділігі:

оқушылардың есте сақтау қабілеті сақталады. Мәселелерді шешуге, баламасын анықтауға, мақсаттарын айтуға, талдауға мүмкіндік береді. Ұжымдасып өз ойларымен бөлісе алады. Нақтылыққа үйренеді.

Оқушылардың айтылым, жазылым, тыңдалым дағдылары қалыптасады. Ынтымақтастық қарым-қатынас түзейді. Оқушылардың айтылым,

жазылым, тындалым дағдылары қалыптасады. Осы мәтіндер және тапсырмалар тақырыпқа сай таңдалды себебі мәтіннің негізгі ойы еңбекті сыйлауға үйретеді. Алынған мақсаттарды алу себебім оқушылардың сөйлеу, ойларын еркін жеткізуге үйрету болып табылады. Осы мақсатқа жету үшін тапсырманы оқушылардың тапсырманы орындау деңгейіне сәйкестендіре отыра дайындадым. Мәтін мазмұны білім алушыға біріншіден еңбектің маңыздылығын түсіндіреді. Сонымен қатар адамгершілік, сыйластық, жауапкершілік құндылықтарына баулайды. Мәтін мазмұны оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттыруда тапсырмалар арқылы оқушы бойында көтерілген мәселені болжау, мәтін құрастыру, өз ойын жүгірте білуге мазмұнын айтуға үйренеді. Оқушылардың танымдық белсенділігі мен шығармашылықпен жұмыс істеуі артады. Қорытындылай келе айтарым, әрбір сабақта топтық жұмыс арқылы бірлесе әрекеттенген тиімді. Бұл ұстаным – құрастырылған білімнің басты идеяларының бірі. Осы бағытты ұстанған оқу/үйрену жобаларының барлығы да бірлескен әрекеттерді үйренудің негізі деп танымын. Топтық жұмысқа барлық дерлік оқушылар қатысады, өйткені берілген тапсырма бірлескен жұмыс арқылы ғана орындалуы тиіс. Әр оқушы идеяларды келтіру мен оларды талқылау, таңдау және шешім қабылдау ісіне белсенді қатысады: топтық жұмыста әрбір пікір мен көзқарас құнды. Сөз соңында Ұлы ағартушы Ыбырай Алтынсаринің нақыл сөзімен аяқтағым келеді. «Маған жақсы мұғалім бәрінен де қымбат, өйткені жақсы мұғалім-мектептің жүрегі» “Ал оқушы болашақтағы ізденуші” деген.

## **7-СЫНЫП**

**Бөлім тақырыбы: Уақыт – ұлы күш.**

**Абай Құнанбаев «Сағаттың шықылдағы емес ермек»**

**Бөлімше тақырыбы: Абай Құнанбаев «Өмір», «дүние» дегенің...**

**Оқу мақсаты:**

7.3.6.1 тақырып бойынша деректер қолдана отырып мәтінде көтерілген мәселеге өз ойын дәлелдеп жеткізу;

7.4.4.1 тақырып бойынша мәліметтерді жинақтап, презентация түрінде ұсыну.

**Сабақ мақсаты:**

- тақырып бойынша деректер қолдана отырып мәтінде көтерілген мәселеге өз ойын дәлелдеп жеткізеді;

тақырып бойынша мәліметтерді жинақтап, презентация түрінде ұсынады.

Суреттер бойынша сабақтың тақырыбын ашу.



**-Суретте кім бейнеленген?**

**Оқылым:**

**Мәтінді мұқият оқып, тапсырмаларды орындаңыз.**

Қазақтың ұлы ақыны Абай 1845 жылы қазіргі Шығыс Қазақстан облысы Абай ауданында дүниеге келген. Абайдың шын есімі-Ибраһим. Әжесі Зере еркелетіп Абай деп кеткен. Оның атасы Өскенбай елге беделді адам болған. Ал әкесі Құнанбай болыс болған. Оның анасы Ұлжан. Абай бала кезінен өте зерек, алғыр болған. Алғашында ол білім ауыл молдасынан білім алған. Кейін Семейдегі Ахмет-Риза медресесінде оқыған. Ол медреседе араб, парсы және басқа да шығыс тілдерін оқыған. Өз бетінше Приходская школаға түсіп, орысша оқыған. Ол 13 жасынан бастап әкесінің қасында ел басқару ісімен айналысқан. Абай табиғат лирикасы туралы өлеңдер жазған. Оның 45 қара сөзі бар.

**1-тапсырма. Берілген сұрақтарға жауап беріңіз.**

1. Абай кім?
2. Оның шын аты қандай?
3. Оны Абай деп кім айтқан?
4. Ол қайда білім алған?
5. Абай қандай тілдерді оқыған?
6. Оның неше қара сөзі бар?

**Дескрипторлар:**

1. берілген ақпаратты түсінеді;
2. сұрақтарға жауап береді.

**2-тапсырма.**

**1. Мәтіннің қай бөлігінде мәселе көрсетілгенін белгілеңіз.**

- A. Кіріспе бөлімде
- B. Негізгі бөлімде
- C. Мәтіннің соңында

**Дескрипторлар:**

1. мәтін мазмұнын түсінеді;
2. мәселені көрсетіп белгілейді


**3-тапсырма. Мәтінде көтерілген мәселеге өз ойыныңызды дәлелдеп, жеткізіңіз.**

---

**Дескрипторлар:**

1. мәселені табады;
2. мәселеге өз ойын дәлелдеп, жеткізеді.

**4-тапсырма. Берілген ақпарат бойынша Абай Құнанбаев тақырыбына презентация құрастырыңыз.**



**Дескрипторлар:**

1. тақырып бойынша деректер қолданады;
2. презентация құрастырады.

**Педагогке әдістемелік көмек:**

Тыңдалым мәтіні бөлім тақырыбына сай алынған. Мәтін оқушыға бейімделген. Мәтін мазмұны бойынша тапсырмалар құрастырылған. Мәтін бойынша сұрақтар беру балалардың ойлау дағдысын қалыптастырады. Берілген тапсырмаларды орындау барысында пәнге деген қызығушылықтары артады. Қазақ тілі құрметтеу сезімі ұлғаяды. Мәтін мазмұны арқылы қазіргі заманда көп тіл білудің маңызды екенін түсінеді. Көп тіл білуге ынталанады.

**7-сынып**

**Бөлім тақырыбы:** Музыка. Қазақтың киелі домбырасы

.

**Бөлімше тақырыбы:** Қазақтың киелі домбырасы

**Оқу мақсаты:**

7.3.4.1 мәтіндердің идеясын, мақсатты аудиториясын салыстырып, талдау жасау;

7.4.3.1 жазба жұмыстарында метафораны қолданып жазу

**Сабақ мақсаты:**

- мәтіндердің идеясын, мақсатты аудиториясын салыстырып, талдау жасаайды;
- жазба жұмыстарында метафораны қолданып жазу

### Суреттер бойынша сабақтың тақырыбын ашу.



- Қандай аспаптарды білесіз?
- Қандай қазқтың ұлттық аспаптарын білесіз?
- Суретте не бейнеленген?

(26.)

#### Дескриптор:

- суретке қарап, сұрақтарға жауап береді.

#### Жаңа сөздер:

- ұлттық-
- маңызды-
- қалыптасуына ықпал еткен-
- жеке әнді сүйемелдеуге-
- күй тартуға-

#### Тыңдалым

#### Мәтінді тыңдап, тапсырмаларды орындаңыз.

Домбыра — қазақ халқының екі ішекті, көп пернелі ұлттық музыкалық аспабы. Ол — қазақтар өмірінде маңызды орын алатын, өзіндік музыкалық сипаты бар аспап. Алғаш ұлттық дәстүр шеңберінде жыр, толғау, термелерді сүйемелдеуге қолданылған. Домбыра кейін аспаптық шығарма — күй жанрының қалыптасуына ықпал еткен. Қазіргі кезде домбыра жеке әнді сүйемелдеуге, күй тартуға, халықтық-фольклорлық музыкада, классикалық шығармаларды орындауға қолданылатын, мүмкіндігі кең музыкалық аспап болып табылады. Домбыра — қазақтың халық аспабы. Домбыра -қазақ халқының әрбір үйінде болуы міндетті және қажетті аспап болып есептелген.

#### **1-тапсырма. Берілген сұрақтарға мәтін мазмұны бойынша жауап беріңіз.**

1. Домбыра қай халықтың аспабы?

2. Оның неше ішегі бар?
3. Ол қандай аспап?
4. Оны неден жасайды?
5. Домбыра кімдердің үйінде болу керек?

**Дескрипторлар:**

1. мәтін мазмұнын түсінеді;
2. сұрақтарға жауап беру


**2-тапсырма** Мәтіндегі мәліметтерді пайдаланып, төмендегі кестені толтырыңыз.

Мәтін
Мәтін тақырыбы (не туралы?)
Негізгі идеясы (не үшін жазылған?)
Мақсатты аудиториясы (кімге арналған?)

**Дескрипторлар:**

1. мәтін тақырыбын анықтайды;
2. идеясын жазады;
3. мақсатты аудиториясын анықтайды.

**3-тапсырма.** Берілген сурет бойынша шағын әңгіме құрастырып, жазыңыз. Жазба жұмысында метафораны қолданып жазыңыз.




**Дескрипторлар:**

- сурет бойынша әңгіме құрастырады;
- жазба жұмысында метафораны қолданып жазыңыз

### **Рефлексия:**

Сабақ түсінікті,қызықты- бас бармақ 

Сабақты орташа түсіндім –бір бармақты көрсету. 

Сабақты түсінбедім сұрақ бар – бармақты төмен көрсетеді 

### **Педагогке әдістемелік көмек:**

Мәтін бөлім тақырыбына сай алынған. Мәтін оқушыға бейімделген. Мәтін мазмұны сай тапсырмалар оқу мақсатына сай құрастырылған. Мәтін мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беру балалардың ойлау дағдысын қалыптастырады. Берілген тапсырмаларды орындау барысында пәнге деген қызығушылықтары артады. Мәтін мазмұны бойынша берілген тапсырмалар оқушылардың ойлау дағдысын дамытады. Берілген тақырып бойынша эссе жазу оқушылардың сөздік қорын дамытып, сауатты сөйлеуге дағдыларын қалыптастырады. Қазақтың ұлттық аспабы домбыра туралы біледі.

### **7-сынып**

#### **II тоқсан**

**Бөлім тақырыбы:** Туған өлке публицистика беттерінде

**Бөлімше тақырыбы:** Қазақстан Республикасының газет – журналдары

#### **Оқу мақсаты:**

- 7.1.2.1 тыңдалған мәтіннен ақпараттың өзектілігін анықтау;
- 7.2.2.1 ұсыныс жасау, өтініш, бұйрық берудің түрлі формалары мен жағдаяттарына сай сөйлеу этикеті формаларын қолдана білу

#### **Сабақ мақсаты:**

- тыңдалған мәтіннен ақпараттың өзектілігін анықтайды;
- ұсыныс жасау, өтініш, бұйрық берудің түрлі формалары мен жағдаяттарына сай сөйлеу этикеті формаларын қолдана біледі.

**Суреттер бойынша сабақтың тақырыбын ашу.**





- Суретте не көріп тұрсыздар?
- Қандай газет- журналдарды білесіздер?

(26.)

**Дескриптор:**

- суретке қарап, сұрақтарға жауап береді.

**Жаңа сөздер:**

- Ақпарат-
- Әлеуметтік – саяси
- Басылым-
- Ұйымдастыру-
- Қас шебері-

**Тыңдалым**

Біздің елімізде көптеген Бұқаралық ақпарат құралдары бар. Солардың бірі - «Қостанай таңы» газеті.

«Қостанай Таңы» — Қостанай облысының мемлекеттік тілде ақпарат тарататын жалғыз газеті. Аптасына 3 рет жарияланады. Қостанай таңы - аймақтық әлеуметтік-саяси басылым. Қазақстан мемлекетінде Қостанай қаласында шығарылады. Облыстың барлық ауданында тарайды.

Газеттің алғашқы саны 1922 жылы 25 маусымда «Ауыл» деген атпен шықты. Басылымды ұйымдастырып, оның алғашқы нөмірінің жарық көруіне қазақтың тұңғыш кәсіби журналистерінің бірі Мұхамеджан Сералин мен қазақ әдебиетінің қас шебері Бейімбет Майлин ерекше үлес қосты. Газет өзінің 100 жылға жуық тарихында халқының мұңын мұңдады, жоғын жоқтады, туған өлкенің шежіресін жазды. Алайда, қазіргі кезде бұл басылымның өзекті мәселесі-оқырмандар санының азаюы. Өйткені ақпараттық технологиялар дамыған заманда, өкінішке орай газет-журналдар оқитын адамдар аз.

**Мәтінді тындап, тапсырмаларды орындаңыз.**

**1-тапсырма. Тыңдалған мәтіннен қажетті ақпараттарды анықтап, тест сұрақтарына жауап беріңіз.**

**1. Газеттің алғашқы саны қашан шықты?**

(16.)

- А) 1991 жылы 1 мамырда
- В) 1922 жылы 25 маусымда

- С) 1996 жылы 22 қазанда
- Д) 1992 жылы 3 маусымда
- Е) 1922 жылы 26 маусымда

**2. Мәтінге сай ақпаратты анықтаңыз.**

**(16.)**

- А) Қостанай облысының мемлекеттік тілде ақпарат тарататын жалғыз газеті
- В) Қазақстанда мемлекеттік тілде ақпарат тарататын жалғыз газеті
- Д) Газет өзінің 200 жылға жуық тарихында халқының мұңын мұндады
- Е) Облыстың тек қалаларына тарайды

**2- тапсырма. Басылымға қатысты айтылған өзекті ақпаратты анықтап, жазыңыз.**

**(16.)**

---

**Айтылым.**


Берілген тақырып бойынша, жұбыңызбен диалог құрастырыңыз. Айту барысында ұсыныс жасау, өтініш, бұйрық берудің түрлі формалары мен жағдаяттарына сай сөйлеу этикеті формаларын орынды қолданыңыз. **(5б.)**


**Дескрипторлар:**

- тақырып бойынша диалог құрастырады;
- айту барысында ұсыныс жасау, өтініш, бұйрық берудің түрлі формаларын қолданады

**Рефлексия:**

Сабақ түсінікті,қызықты- бас бармақ 

Сабақты орташа түсіндім –бір бармақты көрсету. 

Сабақты түсінбедім сұрақ бар – бармақты төмен көрсетеді 

**Педагогке әдістемелік көмек:**

Мәтін бөлім тақырыбына сай алынған. Мәтін оқушыға бейімделген. Мәтін мазмұны сай тапсырмалар оқу мақсатына сай құрастырылған. Мәтін мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беру балалардың ойлау дағдысын қалыптастырады. Берілген тапсырмаларды орындау барысында пәнге деген қызығушылықтары артады. Мәтін мазмұны бойынша берілген тапсырмалар оқушылардың ойлау дағдысын дамытады. Берілген тақырып бойынша эссе жазу оқушылардың сөздік қорын дамытып, сауатты сөйлеуге дағдыларын қалыптастырады.

**Бөлім тақырыбы: Төрт түлік мал мен егіншілік – ел берекесі.**

**Ғ.Мұстафин «Шығанақ» романы (үзінді)**

**Бөлімше тақырыбы: Шығанақ Берсиев-атақты диқан**

**Оқу мақсаты: 7.1.4.1** әдеби-көркем шығармалардан үзінді тыңдау, тақырыбы мен идеясын талдау

**7.4.4.1** тақырып бойынша мәліметтерді жинақтап, презентация түрінде ұсыну

**Сабақтың мақсаты:**

әдеби-көркем шығармалардан үзінді тыңдау, тақырыбы мен идеясын талдайдды

тақырып бойынша мәліметтерді жинақтап, презентация түрінде ұсынады

**Жаңа сөздер:**

қарапайым шаруа отбасында-простой крестьянской семье

тары-просо

диқаншылықпен айналысқан-занимается сельским хозяйством

тігумен айналысқан- занимается шитьем

зергерлікпен –ювелирные изделия

жәрмеңке-ярмарка

Ұлы Отан соғысы жылдары-во время Великой Отечественной войны

әскери ұшақ-военный самолет

**Суреттер бойынша сабақтың тақырыбын ашу.**



- Мына суреттен кімді көрдіңіз?

- Сабақтың тақырыбы қандай деп ойлайсындар?

-Бүгінгі сабақтың тақырыбы «Шығанақ Берсиев-атақты диқан»

**1-тапсырма**



**Тыңдалым. Мәтінді мұқият тыңдап, тақырыбы мен идеясын талдаңыз.**

Шығанақ Берсиев 1881 жылы Ақтөбе облысы Ойыл ауданы Ащыойыл ауылында қарапайым шаруа отбасында дүниеге келді. Ол атақты тары өсіруші. Шығанақтың отбасында жеті адам болған, олар: ата-әжесі, әкесі, анасы, өзі және інілері - Таңатар және Тұңқар. Берсиевтің әкесі аңшылықпен, балық аулаумен және диқаншылықпен айналысқан, ал анасы – тігумен және зергерлікпен айналысты.

Шығанақ 7 жасында Орал қаласындағы 2 жылдық мектепке оқуға түскен. Оны бітірген соң Көкжар жәрмеңкесіндегі шәйханада есепші болып қызмет еткен.

1920-ншы жылдардағы Шығанақ отбасымен Қоңыратқа көшеді. Ол жақта Берсиев алғаш рет тары өсіреді. Берсиев Ұлы Отан соғысы жылдары әскери ұшақ жасау үшін ақша аударған. 1944 жылы 28 мамырда Ш.Берсиев қайтыс болды.

**Бағалау критерийі: үзінді тыңдау, тақырыбы мен идеясын талдау**

**Дескрипторлар:**

1. мәтінді түсініп, тыңдайды;
2. тақырыбы мен идеясына талдау жасайды.

**1-тапсырма. Мәтін мазмұны бойынша берілген сұрақтарға жауап беріңіз.**

1. Мәтін кім туралы?
2. Ол кім?
3. Оның отбасында неше адам болған?
4. Ол қайда оқыған?
5. Ол алғаш рет қай жылы тары өсіреді?
6. Шығанақ Берсиев не үшін ақша аударған?

**Дескрипторлар:**

1. мәтін мазмұнын түсінеді;
2. сұрақтарға жауап береді.

**2-тапсырма. Мәтін мазмұны бойынша дұрыс, бұрыс ақпараттарды анықтаңыз.**

**Ақпараттар**

**Дұрыс(+)**

**Бұрыс(-)**

Ол атақты тары өсіруші.  
Шығанақтың отбасында алты адам болған.  
Анасы – тігумен,  
диқаншылықпен айналысты.  
Ол Қоңыратта Берсиев алғаш рет тары өсіреді.  
Ұлы Отан соғысы жылдары әскери көлік жасау үшін ақша аударған.

**Дескрипторлар:**

1. мәтін мазмұнын түсінеді.
1. ақпараттардың дұрыс, бұрыстығын анықтайды.

**3-тапсырма. Берілген сөздердің синонимдерін мәтіннен тауып жазыңыз.**

**Сөздер**

туған  
шұғылданған  
қала  
аяқтаған соң  
жұмыс істеген  
жанұя  
қоныс аудару  
бірінші рет

**Сөздер**

**Дескрипторлар:**

1. сөздердің мағынасын түсінеді;
2. синонимдер жазады.

**Рефлексия**



*«Тик Ток» әдісі*

*Оқушы тақта алдына шығады, Тик тоқтың эмблемасын ұстап, бүгінгі сабақтағы әсерін айтады, стикерді іліп билейді*



*мен түсіндім, маған қызық болды*



*мен түсінбедім, мен қиналдым*

**Педагогке әдістемелік көмек:**

Тыңдалым мәтіні бөлім тақырыбына сай таңдалып және оқушыға бейімделген. Мәтін мазмұны бойынша тапсырмалар құрастырылған. Тыңдалым мәтіні бойынша сұрақтар беру балалардың ойлау дағдысын қалыптастырады. Берілген кестедегі дұрыс, бұрыс ақпараттарды анықтау арқылы оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттырады.

**7-сынып**

**III тоқсан**

**Бөлім тақырыбы: Наурыз мейрамы. Ақ мол блсын! Ұлыс оң болсын!**

**Бөлімше тақырыбы: Наурыз- ұлыстың күні. Наурыз мейрамы**

**Оқу мақсаты:**

7.3.6.1 тақырып бойынша деректер қолдана отырып, мәтінде көтерілген мәселеге қатысты өз ойын дәлелдеп жеткізу

7.4.2.1 эссе құрылымы мен дамуын сақтап, көтерілген мәселе бойынша келісу-келіспеу себептерін айқын көрсетіп жазу

**Сабақ мақсаты:**

- тақырып бойынша деректер қолдана отырып, мәтінде көтерілген мәселеге қатысты өз ойын дәлелдеп жеткізеді
- эссе құрылымы мен дамуын сақтап, көтерілген мәселе бойынша келісу-келіспеу себептерін айқын көрсетіп жазады

**Суреттер бойынша сабақтың тақырыбын ашу.**



- Сабақтың тақырыбы не туралы болмақ?
- Суретте не көріп тұрсыздар?
- Қандай мерекелерді білесіздер?
- Суретте қандай мереке бейнеленген?

(26.)

**Дескриптор:**

- суретке қарап, сұрақтарға жауап береді.

**Жаңа сөздер:**

- Ежелгі-
- Тойлайды-
- Күн мен түн теңеседі-
- Күнтізбе-
- Жақсы тілектер-
- Татуласады-

**Оқылым**

**Мәтінді мұқият оқып, тапсырмаларды орындаңыз.**

«Наурыз» сөзі парсы тілінен аударғанда «Жаңа күн» деген мағынаны береді. Ежелгі жыл санағы бойынша, 22 наурызда күн мен түн теңеседі. Наурыз – жылдың бірінші күні, жыл басы, көктемнің алғашқы айы. 22 наурыз – Шығыс күнтізбесі бойынша -жаңа жыл . Халықтың мифологиялық түсінігі бойынша 21 наурыз түні даланы Қыдыр ата аралайды. Бұл күн қазақ елі үшін әрқашан қасиетті, киелі саналған. Халық таза, жаңа киімдерін киген. Ауылдың ер адамдары бір-бірімен қос алысып, әйелдер құшақтасып, бір-

біріне жақсы тілектер айтады. Ренжіскен адамдар татуласады. Бірін-бірі наурыз көже ішуге шақырады. Алтыбақан басында ән айтылып, би биленеді, күй тартылады. Дәстүрлі ұлттық ойындар ойналады. Наурыз мерекесін қазақ халқы 1926 жылдан бастап тойлаған, алайда тоталитарлық жүйенің ықпалымен наурыз мерекесін тойлауға тыйым салу мәселесі орын алды. 1988 жылдан бері қайта жаңғырып, Наурыз мейрамын тойлау дәстүрі өз жалғасын тапты. Наурызға қатысты екінші мәселе - ол мемлекеттік мәртебесінің болмауы. Бұл мәселе де өз шешімін тапты. 1991 жылы, 15 наурызда Қазақстан Президентінің қаулысының негізінде мемлекеттік мәртебеге ие болды. Елбасы наурыз айының 22 жұлдызын «Наурыз мейрамы» деп жариялады.

**1-тапсырма. 1-тапсырма. Тақырып бойынша деректерге сүйеніп, Наурыз мерекесіне қатысты екі мәселені анықтап, жазыңыз.**

**(2б.)**

1. \_\_\_\_\_

2. \_\_\_\_\_

**Дескрипторлар:**

- мәтін мазмұнын түсінеді;
- 2 мәселені көрсетеді

**2-тапсырма. Берілген мәселелерге қатысты өз ойыңызды дәлелдеп, сөйлемді толықтырып жазыңыз.**

**(1б.)**

1. Елбасының Наурыз мерекесіне мемлекеттік мәртебе беру шешімі дұрыс деп ойлаймын, өйткені

**Дескрипторлар:**

- мәселеге өз ойын дәлелдейді;
- сөйлемді толықтырады

**Жазылым**

**Берілген тақырыптардың бірін тандап, эссе жазыңыз.**

Берілген суреттер бойынша эссе жазыңыз. Эссе құрылымы мен дамуын сақтап, көтерілген мәселе бойынша келісу-келіспеу себептерін айқын көрсетіңіз. (100 сөз)

**(5б.)**






### Дескрипторлар:

- суреттер бойынша эссе жазады;;
- мәселені анықтайды;
- келісу-келіспеу себептерін айқын көрсетеді

### Рефлексия:

Сабақ түсінікті,қызықты- бас бармақ 

Сабақты орташа түсіндім –бір бармақты көрсету. 

Сабақты түсінбедім сұрақ бар – бармақты төмен көрсетеді 

### Педагогке әдістемелік көмек:

Оқылым мәтіні бөлім тақырыбына сай алынған. Мәтін оқушыға бейімделген. Мәтін мазмұны сай тапсырмалар құрастырылған. Мәтін мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беру балалардың ойлау дағдысын қалыптастырады. Берілген тапсырмаларды орындау барысында пәнге деген қызығушылықтары артады. Мәтін мазмұны бойынша берілген тапсырмалар оқушылардың ойлау дағдысын дамытады. Суреттер бойынша эссе жазу оқушылардың сөздік қорын дамытып, сауатты жазуға дағдыланады. Мәтінді оқу барысында Наурыз мерекесі тарихы туралы мәліметтер алады.

**Бөлім тақырыбы:** Төрт түлік мал мен егіншілік – ел берекесі.

**Бөлімше тақырыбы:** Төрт түліктің пайдасы

**Оқу мақсаты:** .

7.3.4.1 мәтіндердің идеясын, мақсатты аудиториясын салыстырып, талдау жасау

7.2.3.1 ауызша мәтіндер құрауда екпін түрлерін сөз және сөйлем ішінде орынды қолданып айту

**Сабақтың мақсаты:**

- мәтіндердің идеясын, мақсатты аудиториясын салыстырып, талдау жасаайды;
- ауызша мәтіндер құрауда екпін түрлерін сөз және сөйлем ішінде орынды қолданып айтады

**Жаңа сөздер:**

*дала кемесі- степной корабль*

*шөлге шыдамды- засухоустойчивый*

*көлік- транспорт*

*жүні- киім- шерсть одежда*

*көрпе- одеяло*

*қою- густой*

*құнарлы- плородный*

*үйдің берекесі- изобилия дома*

*асыраушы-кормилец*

*ыдыстар- посуды*

*қымыз ашытатын саба- солома для брожения кумыза*

*қымыз құятын торсықтар-посуды для заливки кумыза*

*сырт киім- верхняя одежда*

*киіз басу- валять войлок*

*жіптер жасаған- сделали веревки*

*уақ мал- мелкий скот*

*әрі сіңімді- легкоусвояемая*

*ер қанаты- крылья мужчины*

*төзімді мал-выносливый скот*

**Суреттер бойынша сабақтың тақырыбын ашу.**



1. Суретте нелер бейнеленген?

2. Олардың пайдасы қандай?
3. Оларды неліктен төрт түлік деп атайды?
4. Жабай жанарлар мен үй жануарларының айырмашылығы неде?

### 1-тапсырма



#### **Оқылым. Мәтінді мұқият оқыңыз.**

**Түйе** төрт түлік малдың ең қасиеттісі болып табылады. Қазақ халқы түйені «дала кемесі» деген. Ол шөлге шыдамды, жүк артса -көлік, жесе - ет, ал жүні - киімге жараған. Қазақтар түйенің жүнінен шапандар, жамылғы көрпелер жасаған. Ол жеңіл, жұмсақ әрі қыста жылы болған. Сүтін емге пайдаланған. Сүті қою, құнарлы. Сүтінен шұбат, құрт, балқаймақ, т. б. жасаған.

**Сиыр** үйдің берекесі, отбасының асыраушысы. Ертеде сиырдың терісінен ыдыстар, қымыз ашытатын сабалар, сусын құятын торсықтар жасаған. Тіпті сиырдың тезегін отын ретінде, егіншілікке пайдаланған. Ал мүйізінен тарақ жасаған.

**Қой** төрт түліктің ішіндегі қазақтың сүйіктісі. Өзі өсімтал, тез ет береді, сүті майлы. Қой мен ешкінің терісінен түрлі сырт киім мен аяқ киім тіккен. Қойдың жүнінен киіз басып, жүніне жіптер жасаған, кілемдер, текеметтер тоқыған.

**Қой мен ешкіні** «уақ мал» деп атайды. **Ешкі** өте өсімтал мал. Ешкінің еті жеңіл, әрі сіңімді, сүті өте құнарлы. Ешкінің сүтінен ірімшік, құрт жасаған. Ешкінің жүнінен орамалдар тоқиды. Ол жылы әрі жұмсақ болады.

**Жылқы** қазақтың қасиетті малдарының бірі. Ат - ер қанаты. Жылқы жүйрік, әрі өте төзімді мал. Оны көлік ретінде пайдаланады. Қымызды емге пайдаланған. Жылқының жалынынан, құйрығынан арқан жасайды, етінен қазы - қарта, жал - жая жасайды.

### **1-тапсырма. Мәтін мазмұны бойынша берілген сұрақтарға жауап беріңіз. (По содержанию текста ответьте на вопросы)**

1. Қазақ халқы түйені қалай атаған?
2. Ол қандай мал?
3. Үйдің асыраушысы қандай мал?
4. Сиырдың терісінен не жасаған.
5. Қой қандай мал?
6. Ешкінің сүтінен не жасаған?

#### **Дескрипторлар:**

1. Сұрақтарды түсінеді;
2. Сұрақтарға жауап береді.

**2-тапсырма** Мәтіндегі мәліметтерді пайдаланып, төмендегі кестені толтырыңыз.

Мәтін
Мәтін тақырыбы (не туралы?)

Негізгі идеясы (не үшін жазылған?)
Мақсатты аудиториясы (кімге арналған?)

**Дескрипторлар:**

- 1.мәтін тақырыбын анықтайды;
- 2.идеясын жазады;
3. мақсатты аудиториясын анықтайды.

**3-тапсырма. Мәтін мазмұны бойынша кестені толықтырыңыз.**

**1.Төрт түліктен дайындайтын тағамдарды жазыңыз.**

**Түйе Жылқы Сиыр Қой Ешкі**

**2.Төрт түліктен жасайтын заттарды жазыңыз.**

**Түйе Жылқы Сиыр Қой Ешкі**

**Дескрипторлар:**

1. төрт түліктен дайындайтын тағамдарды жазады.
1. жасайтын заттарды жазады.

**4-тапсырма. Берілген суреттер бойынша төрт түлікті анықтап, төлдерімен сәйкестендіріп жазыңыз.**

1.



2.

1-

2-

А.



В.





3.

3-



С.



4.

4-



Д.



5.

5-



Е.



### Дескрипторлар:

- 1.Төрт түлікті анықтайды;
- 2.Төлдерін жазады.

### Рефлексия



*«Тик Ток» әдісі*

*Оқушы тақта алдына шығады,Тик токтын эмблемасын ұстап,бүгінгі сабақтағы,әсерін айтады, стикерди іліп билейді*



*мен түсіндім,маған қызық болды*



*мен түсінбедім,мен қиналдым*

### **Педагогке әдістемелік көмек:**

Оқылым мәтіні бөлім тақырыбына сай алынған. Мәтін оқушыға бейімделген. Мәтін мазмұны бойынша тапсырмалар құрастырылған. Оқылым мәтіні бойынша сұрақтар беру балалардың ойлау дағдысын қалыптастырады. Берілген тапсырмаларды орындау барысында пәнге деген қызығушылықтары артады. Төрт түлік малдың адамға берер пайдасы туралы білімдері артады. Олардың адамға берілген табиғаттың сыйы екенін түсініп, оларға деген сүйіспеншілік сезімдері оянады. Берілген суреттер арқылы олардың төлдерін ажырата білетін болады.

### **I тоқсан**

#### **Бөлім тақырыбы:**

Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі - қазақ тілін оқып – үйренеміз. Үш тілді білу – үлкен өнер.

**Бөлімше тақырыбы:** Талаптыға нұр жауады. Полиглот қыз

#### **Оқу мақсаты**

7.1.2.1 тыңдалған мәтіннен ақпараттың өзектілігін анықтау

7.2.3.1 ауызша мәтіндер құрауда екпін түрлерін сөз және сөйлем ішінде орынды қолданып айту

Сабақ мақсаты:

- тыңдалған мәтіннен ақпараттың өзектілігін анықтайды;
- ауызша мәтіндер құрауда екпін түрлерін сөз және сөйлем ішінде орынды қолданып айтады

**Суреттер бойынша сабақтың тақырыбын ашу.**



**-Суретте неліктен үш тілдегі оқулықтар берілген деп ойлайсыз?**

**Тыңдалым:**

**Мәтінді мұқият тыңдап, тапсырмаларды орындаңыз.**

## Полиглот қыз

Қазақ тілі – Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі болып саналады. Қазақ тілі - әлемдегі тілдердің ішіндегі ең бай тілдердің бірі.

Ұлыбританияда тұратын Соня Янг есімді 10 жасар қыз қазақ тілін меңгерген. Жақында Соня өз еліндегі жас лингвистер байқауында жеңімпаз атанды. Соня он тілде, соның ішінде біздің ана тілімізде еркін сөйлейді. Соняның отбасы Англияға Тайвань аралынан қоныс аударыпты. Тайваньда тұрған кезінде Соня қытай, ағылшын және жапон тілдерінде сөйлеген екен. Кейін неміс, француз, испан, португал тілдерін үйренген. Ал былтырдан бері қазақ және ганда тілдерін үйрене бастапты. «Көп тіл білу – заман талабы, сондықтан тіл білгім келеді. Тілдерді үйрену маған қызық. Түк қиындығы жоқ. Ынта-ықыласың болса, кез келген тілді меңгеруге болады,» - дейді полиглот қыз.

### 1-тапсырма. Берілген сұрақтарға жауап беріңіз.

- 1.Қазақ тілі қандай тіл?
2. Соня Янг қайда тұрады?
3. Оның жасы нешеде?
4. Ол неше тілде еркін сөйлейді?
5. Соня қандай ақыл берді?

### Дескрипторлар:

- 1.мәтін мазмұнын түсінеді;
- 2.сұрақтарға жауап береді.

### 2- тапсырма. Мәтінде көтерілген мәселені анықтаңыз.

- A) шет тілін үйрену
- B) мемлекеттік тілді үйрену
- C) тілдерді үйрену
- D) қоныс аудару
- E) жапон тілін үйрену

### Дескриптор:

- 1.мәтінде көтерілген мәселені анықтайды.

### 3-тапсырма. «Көп тіл білгім келеді» тақырыбына ауызша мәтін құрастырыңыз. Айту барысында екпін түрлерін орынды қолданыңыз.

### Дескрипторлар:

1. ауызша мәтін құрастырады,
2. айту барысында екпін түрлерін орынды қолданады.

## Рефлексия




«Тик Ток» әдісі



*Оқушы тақта алдына шығады, Тик тоқтың эмблемасын ұстап, бүгінгі сабақтағы, әсерін айтады, стикерді іліп билейді*



*мен түсіндім, маған қызық болды*



*мен түсінбедім, мен қиналдым*

### **Педагогке әдістемелік көмек:**

Тыңдалым мәтіні бөлім тақырыбына сай алынған. Мәтін оқушыға бейімделген. Мәтін мазмұны бойынша тапсырмалар құрастырылған. Мәтін бойынша сұрақтар беру балалардың ойлау дағдысын қалыптастырады. Берілген тапсырмаларды орындау барысында пәнге деген қызығушылықтары артады. Қазақ тілі құрметтеу сезімі ұлғаяды. Мәтін мазмұны арқылы қазіргі заманда көп тіл білудің маңызды екенін түсінеді. Көп тіл білуге ынталанады.


**Бөлім:** Төрт түлік мал мен егіншілік – ел берекесі

**Сабақтың тақырыбы:** Төрт түліктің пайдасы

**Оқу бағдарламасына сәйкес оқу мақсаттары:** 7.3.5.1 қосымша ақпарат көздерінен алынған мәліметтерді кесте, диаграмма, сызба, шартты белгілер түрінде ұсыну

**Сабақтың мақсаты :** қосымша ақпарат көздерінен алынған мәліметтерді кесте, диаграмма, сызба, шартты белгілер түрінде ұсына алады;

**Тапсырма №1.** Суретте не бейнеленгенін ауызша атап шығыңыздар. Бұл ас дастарханға қалай келетінін әңгімелеп айтып береміз.



*Дескриптор:*

*1. Суретте не бейнеленгенін атайды. 3-ұпай*

*2. Астың дастарханға қалай келетінін әңгімелеп береді. 3-ұпай*


### **Тапсырма №2**

Өздеріңіз құрған әңгімелерді топ болып кесте, диаграмма, сызба, шартты белгілер түрінде ұсыныңыздар.

**Үлгі:**



Сыныпты 4-топқа бөліп, тапсырманы орындатады. Қосымша көмек болуы үшін тақтаға суреттер шығарып қояды.



*Дескриптор:*

1. Құрған әңгімелерін топта талқылайды. 2-ұпай
2. Кесте, диаграмма, сызба, шартты белгілер түрінде ұсынады. 2-ұпай

3.«

## Кері байланыс

Өз деңгейлерін анықтайды.

«Аяқталмаған сөйлемдер» әдісі арқылы қорыту «Бүгін мен..... білдім»

2.«..... қызықты болды» «..... қиын болды.»

..... екенін түсіндім» 4.«Мен..... білім алдым.» 5.

«..... мені таң қалдырды.»

**Бөлім:** Төрт түлік мал мен егіншілік – ел берекесі

**Сабақтың тақырыбы:** Жылқы- ер қанаты

**Оқу бағдарламасына сәйкес оқу мақсаттары:** 7.3.4.1 мәтіндердің идеясын, мақсатты аудиториясын салыстырып, талдау жасау

**Сабақтың мақсаты :** 7.3.4.1 мәтіндердің идеясын, мақсатты аудиториясын салыстырып, талдау жасау

**Тапсырма№1** Суреттегі бейнені сөйлетіңіздер



*Дескриптор:*

*Суреттегі бейне бойынша сөйлемдер құрпайды-4-ұпай*

**Тапсырма №2. Құрған сөйлемдеріңізбен шағын әңгіме құрастырыңыздар. Құрған әңгімелеріңіздің идеясын, мақсатты аудиториясын салыстырып, талдау жасаңыздар. (оқушылар 3-топқа бөлініп жұмысты орындайды)**  
**Мұғалім, оқушыларға бағыт-бағдар береді.**

### **Айтайық**

Оқушылардан төрт түлік мал туралы, үй жануарлары туралы не білетіндіктерін сұрау:

- Төрт түлік деп нені атаймыз?
- Төрт түлікке қандай жануарлар жатады?
- Не себепті олар «төрт түлік» деп аталады?

**Дескриптор:**

- 1. Шағын әңгіме құрастырады. 2-ұпай**
- 2. Құрған әңгімелерінің идеясын, мақсатты аудиториясын салыстырып, талдау жасайды. 2-ұпай**

### **Тапсырма №3. Оқылым**

Мәтін бойынша өз пікірін «Төрт сөйлем» тәсілі арқылы білдіредіріңіздер.

**Дескриптор:** Мәтін бойынша өз пікірін «Төрт сөйлем» тәсілі арқылы білдіреді. 2-ұпай



**Бөлім:** Музыка. Қазақтың киелі домбырасы.

**Сабақтың тақырыбы:** Күй – қазақтың жан серігі , сырласы

**Оқу бағдарламасына сәйкес оқу мақсаттары:** 7.4.4.1 тақырып бойынша мәліметтерді жинақтап, презентация түрінде ұсыну

7.5.1.5 етістіктің қалау рай қызметін білу, ауызша және жазба жұмыстарда қолдану

**Сабақтың мақсаты :** Тақырып бойынша мәліметтерді жинақтап, презентация түрінде ұсына алады;

етістіктің қалау рай қызметін біледі, ауызша және жазба жұмыстарда қолдана алады.

**Тапсырма№1.** Берілген мәтіннен өздеріне бұрыннан таныс сөздерін дәптерлеріңізге жазып алыңыздар. Сол сөздерге ауызша түсінік беріңіздер.

Айтылым, жазылым тапсырмалары.

*Домбыра мұнша шешен болдың неге?  
Күй толған көкірегің шежіре ме?  
Сыр қозғап ғасырлардан жөнелесін  
Саусағым тиіп кетсе ішігіңе  
(Қ. Аманжолов)*

Қазақ халқының басқа халықтардан ерекшеліктерінің бірі ол өзінің ұлттық музыкасының болуы. Атадан балаға жеткен, қадірлеп көзінің қарашығындай сақталып, қымбат қазынаға айналды. Қаймағы бұзылмай жеткен бұл өнердің бір шыңы домбыра күйлері. Бұл мұра ғасырдан ғасырға іріктеліп, сұрыпталып, сүргіленіп, түрленіп жеткен халықтың өзімен бірге дамып, қалыптасып отырған. Байырғы кезде қазақ үйінің төрінде әрдайым домбыра ілулі тұрған немесе үй-ішінің біреуі домбырада күй шертпейтін **отбасы** қазақ арасында кемде-кем болған

Дескриптор:

1. Мәтіннен өздеріне таныс сөздерді жазып алады. 1-ұпай
2. Сол сөздерге түсінік береді. 1-ұпай

**Тапсырма №2.** «Интервью» әдісі. Сұрақтарға ауызша жауап беріңіздер. Жауаптарыңды презентация түрінде ұсыныңыздар.

Топтық жұмыс

Жеке жұмыс

1. Күй деген не?
2. Күйді қалай орындайды?
3. Күй атасы кім?
4. қазақтың ұлттық аспаптарын білесің бе?
5. Қазақ пен домбыра неге қатар жүреді деп ойлайсың?

**Айтылым Ойтүрткі**

«Интервью» әдісі. Оқушылар сұрақтарға ауызша жауап береді

. Ø Күй дегеніміз не?

Ø Дина мен Құрманғазы кім?

Ø Қазақтың қандай танымал күйлері мен күйшілерін білесіңдер?

Ø Күй-қазақтың жан серігі, сырласы дегенді қалай түсінесіңдер?

Дескриптор

-Суреттеп жазады. 2-ұпай

-Әңгімелейді. 2-ұпай

3- тапсырма Сюжетті суретерді сөйлетіңіздер. Талқылаңыздар.



## Қазақтың ұлттық аспаптары



Дескриптор

-Түсіндіреді. 2-ұпай

-Талқылайды 2-ұпай

Рефлексия		
<p>Менің сабаққа да, өзіме де көңілім толды, Тапсырмаларды өте жақсы орындап, жақсы баға алдым.</p>	<p>Сабақ жақсы және қызық болды. Сабаққа жақсы қатыстым деп ойлаймын.</p>	<p>Сабақтан жақсы ештеңе алған жоқпын. Не айтылғандарын да түсінбедім. Қызық емес.</p>

**Бөлім:** Музыка. Қазақтың киелі домбырасы.

**Сабақтың тақырыбы:** Маған классикалық музыка ұнайды

**Оқу бағдарламасына сәйкес оқу мақсаттары:**

7.1.2.1 тыңдалған мәтіннің негізгі мазмұнын түсіну, ақпараттың өзектілігін анықтау

7.2.5.1 диалогке қатысушылар комму-никативтік жағдаяттың талаптарына сай «сөйлеуші →тыңдаушы» позицияларын еркін ауыстыру.

**Сабақтың мақсаты :** Тыңдалған мәтіннің негізгі мазмұнын түсінеді, ақпараттың өзектілігін анықтай алады;

диалогке қатысушылар комму-никативтік жағдаяттың талаптарына сай «сөйлеуші →тыңдаушы» позицияларын еркін ауыстыра алады.

**1.Сөздікпен жұмыс.**



Жаңа сөздермен таныстырады, оқушыларға қайталатады, жаңа тақырыпқа байланысты сөздіктермен жұмыс.

**Тыңдалым, айтылым.**

Жаңа сөздерді жазады, сөз тіркестерін, сөйлем құрастырады. Орысша баламасы беріледі, оқушылар қазақша баламасын табулары қажет.

Дәстүрлі-традиционные

Халық әндері-**народные песни**

Халық күйлері-**народные кюй**

Киелі-**святой**

Өнер-**искусство**

Сайыс-**соревнование**

## Ойтүрткі

### 1-тапсырма

Сұрақтарға жауап береді. **Айтылым**

1. «Классикалық әдебиет», «классикалық музыка» дегенді қалай түсінесің?
2. Қазақ және орыс халқының қандай өлеңдерін білесің?
3. Қазақтың қандай композиторларын білесің?
4. Саған қандай халық әндері ұнайды?

Дескриптор

-Сұраққа жауап береді-2 ұпай

-Әңгімелейді-2 ұпай

## Жазылым

### 2-тапсырма

**Жеке жұмыс Жазылым**

Сөздер мен сөз тіркестерін мағынасына қарай сәйкестендіріп, мәтін құра.

Сөз тіркесі	Сөздер
Мен ән	Тартасың
Сен күй	Тыңдайды
Сіз өлең	Билейміз
Ол әуен	Айтамын
Біз би	Оқимыз

Дескриптор

- Сөздер мен сөз тіркестерін мағынасына қарай сәйкестендіреді 1-ұпай
- Мәтін құрайды 2-ұпай



## Тыңдалым Оқылым

### 3- тапсырма

#### Жеке жұмыс. Оқылым

Мәтінді тыңда. Тақырып қой. Жоспар құра. «Түсініп оқу» әдісі арқылы мәтінді оқушылар өздері оқып шығады. «Ойлан– жұптас - бөліс» әдісі.

*Классикалық музыка – әлемдік музыка мәдениетінің қорын құрайтын үлгілі музыка туындыларының бірі. Ол 17 ғасырдың ортасында пайда болды. Классикаға жататын шығармалар мағыналы. Олар идеалды форманың идеялық мәніне ие.*

*Классикалық шығармалар эмоционалды әсерлер мен қайталанбас әуендерді біріктіреді. Мұндай музыканы жазған композиторлар көбінесе оған өз эмоцияларын салады.*

*Ұсынылған жанрға тек бұрын жасалған шығармалар ғана емес, сонымен қатар қазіргі заманғы шығармалар да кіреді. Классика барлық ғасырларда халық музыкалық шығармашылығын бойына сіңірді. Демек, бұл жанр академиялық емес шығармалардың дамуына үлкен әсер етті.*

Дескриптор : Мәтінге тақырып қояды. 1-ұпай  
Жоспар құрайды. 2-ұпай

### Кері байланыс

«Үш түрлі стикерлер» Өз деңгейлерін анықтайды.  
Мен ... үйрендім. Мен ... білдім. Маған ... қиын болды.

«Қазақ тілінде оқытпайтын мектептердің 7-сыныптарға арналған Қазақ тілін оқытуда сөйлеу әрекеті түрлерін дамыту бойынша әдістемелік ұсынымдар»

**Бөлім:** Батыр туса – ел ырысы

**Сабақтың тақырыбы:** Әзілхан Нұршайықов

**Оқу бағдарламасына сәйкес оқу мақсаты:** 7.4.2.1 - эссе құрылымы мен дамуын сақтап, көтерілген мәселе бойынша келісу-келіспеу себептерін айқын көрсетіп жазу;

7.2.5.1 - диалогке қатысушылар коммуникативтік жағдаяттың талаптарына сай «сөйлеуші → тыңдаушы» позицияларын еркін ауыстыру

**Сабақтың мақсаты:** эссе құрылымы мен дамуын сақтап, көтерілген мәселе бойынша келісу-келіспеу себептерін айқын көрсетіп жаза алады;



диалогке қатысушылар коммуникативтік жағдаяттың талаптарына сай «сөйлеуші → тыңдаушы» позицияларын еркін ауыстыра алады.



Тапсырма №1. Мәтінді оқып, қысқаша түсінік беріңіздер.

Қазақстанның халық жазушысы, ҚР Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты **Äзілхан Нұршайықов** - 15 желтоқсан 1922 жылы Шығыс Қазақстан облысы, Жарма ауданы, Келінсүйегі деген жерде дүниеге келген. Алматы қаласындағы Тау-кең институтында, Семейдегі қазақ педагогикалық училищесінде, педагогикалық институтында оқыған.

1941 – 1945 жылдары — Қызыл әскер қатарында соғысқа қатысты. Өлеңдері, әңгімелері мен очерктері майдандық, республикалық, облыстық газеттерде басылды. Соғыстан кейін ҚазМУ-ды бітірген (1949).

1953–1979 жылдары — “Қазақстан пионері” (қазіргі “Ұлан”) газетінің бөлім меңгерушісі, “Социалистік Қазақстан” (қазіргі “Егемен Қазақстан”) газетінде әдеби қызметкер, бөлім меңгерушісі, редактордың орынбасары, 1953 – 56 жылдары — Павлодар облысы “Қызыл ту” газетінің редакторы, 1961 – 63 жылдары — республикалық “Қазақ әдебиеті” газетінің бас редакторы, Қазақ Совет энциклопедиясы тіл, әдебиет және фольклор редакциясының меңгерушісі, Қазақстан ҒА Әдебиет және өнер институтында ғылыми қызметкер болды. Алғашқы очерк, әңгімелер жинағы “Алыстағы ауданда” деген атпен 1956 жылы жарық көрді. 1987 жылы — “Дорогие памяти” әскери-патриоттық жинағы үшін А.А. Фадеев атындағы халықаралық сыйлықты алды.

Äзілхан Нұршайықов, 2011 жылдың ақпанында дүниеден озды.

Дескриптор: Мәтінді оқиды-1- ұпай

өмірбаянмен танысып қысқаша түсінік береді.-2- ұпай

Тапсырма №2. Мәтін бойынша сұрақтар құрастырыңыздар.

Дескриптор: Мәтін бойынша сұрақтар құрастырады-3 ұпай

Тапсырма №3. Мәтіндегі сөйлемдер мен құрған сұрақтарын негізге ала отырып эссе жазады. (келісу, келіспеу себептерін айқын көрсетіп жазады)

Дескриптор: Келісу, келіспеу себептерін айқын көрсете отырып эссе жазады.

4-ұпай

**Еркін микрофон» әдісі.** Мұғалім оқушылардың рефлексиясын тыңдайды

### **Педагогке әдістемелік көмек:**

Тыңдалым мәтіні бөлім тақырыбына сай алынған. Мәтін оқушыға бейімделген. Мәтін мазмұны бойынша тапсырмалар құрастырылған. Мәтін бойынша сұрақтар беру балалардың ойлау дағдысын қалыптастырады. Берілген тапсырмаларды орындау барысында пәнге деген қызығушылықтары артады. Өзіне үлгі алып, тәрбиеге бейімделеді. Мәтін мазмұны арқылы ұлы тұлға болып қалыптасуға бейімделеді. Мәтін бойынша сұрақтар құрастыру арқылы тілдік ерекшеліктері мен ойлау түйсіктері дамиды.

**Бөлім:** Ғылым мен техниканың соңғы жаңалықтары.

**Сабақтың тақырыбы:** Жас өнертапқыштар

**Оқу бағдарламасына сәйкес оқу мақсаты:** 7.1.4.1 - повестердің және лирикалық поэзиялық шығармалардан үзінді тыңдау, тақырыбы мен идеясын талдау

7.5.2.1 жазба жұмыстарында түсіндірмелі салалас құрмалас сөйлемдерді құрастыру.

**Сабақтың мақсаты:** повестердің және лирикалық поэзиялық шығармалардан үзінді тыңдайды, тақырыбы мен идеясын талдай алады; жазба жұмыстарында түсіндірмелі салалас құрмалас сөйлемдерді құрастыра алады.

Тапсырма№1: Мәтінді тұтастай оқып, түсінгендерін айтады.

**Айтылым**

### **Жас өнертапқыштар**

Жас өнертапқыштардың өмірімізді ыңғайлы етуге қосқан үлесі аз емес. Тіпті 17 қаңтар күні бүкіл әлем бойынша Өнертапқыш-балалар күні де атап өтілуде. Бұл дата Американың мемлекет қайраткері, дипломат, ғалым, өнертапқыш және журналист Бенджамин Франклиннің туған күнінен алынды. Бен Франклин 12 жасында алғашқы болып - шомылу барысында екі қолға киілетін ескекті ойлап тапты.

Кейіннен Б.Франклин көптеген сынақтар жасап, ғылыми зерттеулерін жалғастырды және әлемдік ғылымға сүбелі үлес қосты. Ғалымның кейбір тұжырымдары дәуірден бірнеше жыл алға озық болды. Оның көптеген өнер табыстарының арасында тербелмелі-кресло, бифокалды көзілдірік және басқалары бар.

Көбіміз балалардың идеяларын шындап қабылдамаймыз. Бұл бекер екен, себебі өскелең ұрпақтың пайдалы өнертабыстарымен қуантқан кездері аз емес. Біз сіздерге балалар ойлап тапқан ең танымал өнертабыстар жайлы айтпақпыз.

**Дескриптор:**

1. Мәтінді тұтастай оқиды. 1-ұпай
2. Түсінгендерін айтады 2-ұпай

Тапсырма №2. Жоғарыда берілген мәтін бойынша топқа бөлініп тапсырмаларды орындаңыздар.

### **Айтылым**

Оқушылар топқа бөлініп, тапсырмаларды орындайды.

1-топ: «Блумның алты қадамын» қолданып, мәтінге талдау жасайды. Неге? Деген сұрақ бойынша жауабын айтады. Атайды, бөліседі.

2-топ: «Өнертапқыштарды» жан-жақты сипаттайды. «Кубизм» тәсілін қолданады.

3-топ: Мәтін бойынша тапсырма орындайды. «Пирамида» тәсілін қолданып, мәтіннен бір сөз алады. Ол сөзден сөз тіркесін, сөз тіркесінен сөйлем, сөйлемнен мәтін, әңгіме құрастырады.

### **Дескриптор:**

1. «Блумның алты қадамын» қолданып, мәтінге талдау жасайды. Неге? Деген сұрақ бойынша жауабын айтады. Атайды, бөліседі. 1-ұпай

2. «Өнертапқыштарды» жан-жақты сипаттайды. «Кубизм» тәсілін қолданады. 1-ұпай

3. Мәтін бойынша тапсырма орындайды. «Пирамида» тәсілін қолданып, мәтіннен бір сөз алады. Ол сөзден сөз тіркесін, сөз тіркесінен сөйлем, сөйлемнен мәтін, әңгіме құрастырады. 1-ұпай

### **Тапсырма №3**

#### **Жазылым**

Берілген мәтіннен сөздер мен сөз тіркестерін теріп алып, салалас құрмалас сөйлем құрап жазады.

#### **Дескриптор:**

*Салалас сөйлем құрайды. 3-ұпай*

**Жеке жұмыс:** - бүгінгі сабақта мен....түсіндім, ...білдім, ....көзімді жеткіздім.

- бүгін сабақта қуантқаны.....

- мен өзімді.....үшін мақтар едім.

- маған ерекше ұнағаны.....

«Қазақ тілінде оқытпайтын мектептердің 7-сыныптарға арналған

Қазақ тілін оқытуда сөйлеу әрекеті түрлерін дамыту бойынша әдістемелік ұсынымдар»

**Бөлім:** Жердегі климаттық өзгерістер

**Сабақтың тақырыбы:** Апаттық аймақтар

**Осы сабақ арқылы жүзеге асатын оқу мақсаттары:** Т4. Көркем шығармаларды тыңдау

7.Т4.Лирикалық поэзиялық шығармалардан үзінді тыңдау, тақырыбы мен идеясын талдау

**Сабақтың мақсаттары:** Сөйлесу әрекетіне жетелейтін қарапайым сөйлеу үлгілерін қолдану негізінде экологиялық сауаттылық жайлы толық ақпарат бере білуге машықтандыру

## Ұйымдастыру кезеңі

### Ой шақыру

Суретті сөйлету. Сөйлемдер құру.



**Сабақтың тақырыбы мен мақсатымен таныстыру**

### Дескриптор

1. Суреттерді сөйлетеді. 1-ұпай
2. Сөйлемдер құрады. 2-ұпай

Тапсырма №1. **Мағынаны тану кезеңі**

### Жаңа сөздерді меңгерту

Өзгеру, үрей туғызу, болжау, жылыну, жағдай жасау, кері әсер, жағымды әсер, ауыл шаруашылығы, құрдымға жіберу.

### Жеке/Жұптық жұмыс

Жаңа сөздерді қолданып, төмендегі кестені толтырыңыз. Нәтижесін жұбыңызбен талқылаңыз.

Сөз	Мен түсінген аударма нұсқасы	Сөздік бойынша аудармасы
Өзгеру	Басқа қалыпқа ауысу	Измениться
үрей туғызу	қорқу	навести страх
болжау	жоспарлау	предполагать
жылыну	климаттың өзгеруі	согреться
жағдай жасау	жағдай туғызу	создать условия
кері әсер	жаман жағы,	обратное влияние
жағымды әсер	жақсы жағы	положительное влияние
ауыл шаруашылығы	ауыл	сельское хозяйство
құрдымға жіберу	алысқа жіберу	оправить в даль (пустыня)

### Дескриптор

- Жаңа сөздерді қолданып, төмендегі кестені толтырады. 1-ұпай
2. Нәтижесін жұбымен талқылайды 2-ұпай

**Тапсырма №2: Мәтінді оқып, тақырыбы мен идеясын анықтаңыздар.**

**Экологиялық апат** — **табиғат** пен **қоғам** арасындағы тепе-теңдіктің күйреуі. Экологиялық апат кезінде төтенше жағдайлар туып, табиғи экожүйелер мен әлеуметтік жағдайлар күрт өзгереді, жалпы тіршілікке, соның ішінде адамның қалыпты **өмір** сүруіне қауіпті жағдай төнеді. **Экологиялық** апатқа ұшыраған аумақтардағы **табиғат** өзгерістерін бастапқы қалпына келтіру мүмкін болмайды. Сондықтан Экологиялық апат қайтымсыз құбылыс болып саналады. Экологиялық апаттың таралу деңгейіне қарай: ғаламдық, аймақтық және аумақтық (жергілікті) деп бөлінеді.

Ғаламдық Экологиялық апат бүкіл **биосферадағы** табиғи процестерге әсер етіп, барлық **адамзатқа** қауіп төндіреді. Мысалы, климаттың ғаламдық жылынуы, Әлемдік **мұхиттардың** ластануы, **озон** қабатының (**озонсфера**) жұқаруы, қышқылды жаңбырдың жаууы, т.б.

### Дескриптор

Мәтінді түсініп оқиды. 1-ұпай

2.Тақырыбы мен идеясын анықтайды.

1-ұпай

### Топтық жұмыс

«Климат өмірімізді өзгерте алады ма?» деген бейнебаянды тамашалап, INSERT кестесін толтырыңыздар.

Таныс ақпара	Жаңа мәлімет	Қызықты ақпарат	Түсініксіз тұстар	Қосымша білгім келеді
--------------	--------------	-----------------	-------------------	-----------------------

т

### Дескриптор

INSERT кестесін толтырады.

2-ұпай

### Рефлексия

#### Бағалау

Жетістік критерийлері бойынша

**Бөлім:** Уақыт-ұлы күш

**Сабақтың тақырыбы:** Абай Құнанбаев. «Сағаттың шықылдағы емес ермек»

**Осы сабақ арқылы жүзеге асатын оқу мақсаттары:** Т4. Көркем шығармаларды тыңдау


7.Т4.Лирикалық поэзиялық шығармалардан үзінді тыңдау, тақырыбы мен идеясын талдау

**Сабақ мақсаты:** Көркем шығармаларды тыңдап, тақырыбы мен идеясын талдайды.

**Тапсырма:** *Сұрақтарға жауап беріңіздер. Қызығушылықты ояту үшін миға шабуыл.*

Оқушыларға сұрақтар қою.

Портретте кім бейнеленген?



Абай туралы қандай ақпараттарыңыз бар?

Уақыт лексикалық тарауы мен Абай ақын арасында қандай байланыс болуы мүмкін?

Оқу мақсатымен, тілдік мақсатпен танысады;

Жетістік критерийлерін болжайды;

Жетістік критерийлерімен және дескрипторлармен танысады.

### **Дескриптор**

1. Сұрақтарды дұрыс түсінеді. 1-ұпай

2. Сұрақтарға жауап береді. 1-ұпай

*Сөздікпен жұмыс.* А) Мұғалім интерактивті тақтадан тақырыпқа қатысты жаңа сөздермен таныстырады, аудармасын сұрайды. Оларды оқушыларға қайталатады.

Шықылдағы-

Һәмишә-

Тағдыр-

Ұры-

Бұлдыр-

Қылық-

Кеңшілік-

### **Дескриптор**

1. Жаңа сөздермен танысады. 1-ұпай

2. Аудармасын табады. 1-ұпай

**2. Өлеңді мәнерлеп оқып, не түсінгендерін өз сөздеріңізбен баяндаңыздар.**

**Абай Құнанбаев. «Сағаттың шықылдағы емес ермек»**

Сағаттың шықылдағы емес ермек,

Һәмишә өмір өтпек ол білдірмек.

Бір минут бір кісінің өміріне ұқсас,

Өтті, өлді, тағдыр жоқ қайта келмек.

Сағаттың өзі ұры шықылдаған,

Өмірді білдірмеген, күнде ұрлаған.

Тиянақ жоқ, тұрлау жоқ, келді, кетті,

Қайта айналмас, бұрылмас бұлдыр заман.

Өткен өмір белгісі осы сыбдыр,  
Көңілді күнде сындыр, әлде тындыр.  
Ақыл анық байқаған қылығыңды,  
Қу шыққансып қағасың босқа бұлдыр.

Күн жиылып ай болды, он екі ай жыл,  
Жыл жиылып, қартайып қылғаны бұл.  
Сүйенген, сенген дәурен жалған болса,  
Жалғаны жоқ бір тәңірім, кеңшілік қыл.

### **Дескриптор**

1.Өлеңді түсініп оқиды 1-ұпай

2.Түсінгендерін өз сөздерімен  
баяндайды. 1-ұпай

**3. Сұрақтарға жауап беріңіздер. Мұғалім өлеңге қатысты сұрақтар береді.**

### **Сұрақтар:**

1. Сағаттың шықылдағы қандай мағынаны білдіреді?

Жауап: өмір өтпек

2. Бір минут автор немен салыстырады?

бір кісінің өміріне, ұрыға

3. Не себептен автор сағатты кісі өмірімен салыстырады?

Өтті, өлді, тағдыр жоқ қайта келмек.

4. Не себептен автор сағатты ұрымен салыстырады?

Өмірді ұрлаған.

5. Автордың уақытқа айтқан сұрауы қандай?

Көңілді сындыр, әлде тындыр.

6. Ақыл уақыттың қай қылығын байқаған?

Қағасың босқа бұлдыр.

7. Күн жиылғанда не болады?

ай болды,

8. Он екі ай жиылғанда не болады?

Жыл;

9. Жыл жиылғанда не болады?

Қартайып қылғаны бұл.

10. Дәурен жалған болса, не ақиқат?

Жалғаны жоқ бір тәңірім.

11. Тәңірден автор не сұрайды?

кеңшілік қыл.

12. Шығарманың тақырыбы не туралы?

Уақыттың өткіншілігі туралы,

13. Шығарманың идеясы қандай?



Идеясы уақытты бағалау қажеттігі

### Дескриптор

1. Сұрақтарды дұрыс түсінеді 2-ұпай
2. Сұрақтарға философиялық тұрғыдан, Өлеңнен мысалдар келтіре отырып жауап береді 2-ұпай

**Рефлексия.** Оқушылар қиық қағаздарға жазып береді.

Сабақта маған не пайдалы болды?

Сабақта маған не қызықты болды?

Сабақта маған не қиын болды?

### Педагогке әдістемелік көмек:

Сабақ философияға қатысты болғандықтан, белсенді азаматтық позициясын қалыптастыруға септігін тигізеді. Сабақта оқушылардың өміріне қауіпті ештеңе пайдаланылмайды. PowerPoint таныстырылымы, аудиофайл тыңдау үшін компьютер қолданылады.

**Бөлім:** Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі - қазақ тілін оқып-үйренеміз.

Үштілді білу – үлкен өнер.

**Сабақтың тақырыбы:** Бүгіннен бастаймын

**Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаттары:** 7.3.6.1 - тақырып бойынша деректер қолдана отырып мәтінде көтерілген мәселеге өз ойын дәлелдеп жеткізу

**Сабақтың мақсаты:** Тақырып бойынша деректер қолдана отырып мәтінде көтерілген мәселеге өз ойын дәлелдеп жеткізеді

### ***1-тапсырма***

*Берілген мәтінді оқып, түсінгендеріңізді мазмұндап беріңіздер.*

*Тапсырма алды қадамдар.*

1. Мәтінді тұтастай оқиды.
2. Түсініксіз сөздерді қарындашпен белгілеп қояды.
3. Оқушыларға мәтін беріледі.

### **Қазақ тілі-ең бай, ең көркем тіл**

Қазақ тілі – қазақ халқының ана тілі. Ол – ұрпақтан-ұрпаққа, атадан балаға жеткен ұлы мәдени мұра. Қазақ тілі – бай тіл. Қазақ тілі мемлекеттік мәртебеге ие болды. Қазақстанда тұратын ұлты басқа халықтар қазақ тілін үйренуге көңіл қояды. Олар қазақ тілін балабақшаларда, мектептерде, жоғары оқу орындарында да үйреніп жүр. Қазақтың жақсы, дана сөзі бар: «Тілден артық қазына жоқ, тілден артық қасиет жоқ». Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкес қазақ тілі мемлекеттік тіл болып табылады, сондықтан жоғарыда баяндалған мемлекеттік тіл мен оның мәртебесіне қойылған талаптар біртіндеп, әрі дәйектілікпен жетуге тиіс нұсқаның негізгі өлшемдеріне айналуы керек. Барлық деңгейдегі мемлекеттік органдар мен оның басшылары қазақ тілінің мемлекеттік мәртебесін іске асыруда негізгі жауапкершілікті өз мойнына алады. Әр қазақстандықтың

жүрегі «Қазақ тілі – менің тілім!» деп соғып, қазақ тілін меңгеру – қазақстандық патриотизмнің құрамдас бөлігіне айналуы тиіс.

### Дескриптор

- 1.Мәтінді түсініп оқиды 1-ұпай
- 2.Түсінгендерін мазмұндайды 2-ұпай

**2-тапсырма.** Мәтіннен тапқан түсініксіз сөздеріңізді тақтаға жазыңыздар. Сол сөздердің синоним, омоним, антонимдерін барлық оқушылар тауып және түсінік беріңіздер.

Оқушылардың мәтіннен не түсінгендерін сұрайды. Қиналыс туып жатса, жетекші сұрақтар береді.

- Тіл қандай мұра?
- Қазақ тілін үйренуге кімдер көңіл қояды?
- Қазақ тілін қалай үйреніп жүр?
- Қазақтың жақсы дана сөзі ...
- Қазақ тілі неге айналуы тиіс?

### Дескриптор

- 1.Мәтіннен түсініксіз сөздерді тақтаға жазады 1-ұпай
- 2.Антоним, синоним, омоним 1-ұпай сөздерді тауып, түсінік береді

**3-тапсырма.** Тақырып бойынша мәтінде көтерілген мәселеге өз ойларыңызды дәлелдеп жеткізіңіздер

### Дескриптор

Мәтінде көтерілген мәселеге өз ойларын дәлелдеп жеткізеді 1-ұпай

### 4-тапсырма

**Мағынаны ашу. СЖ. «Сөзжұмбақ шешу» әдісі.**

Мақсаты: қызығушылықты ояту, сабақтың тақырыбын ашу, мақсатын айқындау.

М	е	м	л	е	к	е	т	т	і	к
	М	ә	т	і	н					
	Т	е	р	м	и	н				
	К	і	т	а	п					
М	ә	т	е	л						
		б	і	л	і	м				
	н	е	о	л	о	г	и	з	м	

- 1.Қазақстан Республикасында қазақ тілі қандай тіл?
2. Оқуға берілген жұмыс, тапсырма.

3. Ғылым мен техника, өндіріс саласында қолданылатын арнаулы заттар мен ұғымдардың атауы болатын сөздер.

4. « \_\_\_\_\_ – білім бұлағы»

5. Мақал сөзімен тіркесетін сынарды тап.

6. Оқушылардың мектептен алып шығатын азығы?

7. Жаңа сөздердің ғылыми атауы.

**ҚБ.** Көңіл күй одағайлары

**Дескриптор**

1. Сұрақтардың дұрыс жауабын табады. 2-ұпай

2. Сабаққа қатысты жаңа сөздерді қолданады. 2-ұпай

*Ой толғаныс.*

**Рефлексия**



**Чемодан** (маған қажет),



**Етгартқыш** (қайта қарастыру қажет),



**Қоқыс жәшігі** (маған қажет емес)

Өз көңіл күйлерін бейнелеген стикерге сабақтан алған әсерлері мен ұсыныстарын жазу тапсырылады.

«Қазақ тілінде оқытпайтын мектептердің 7-сыныптарға арналған Қазақ тілін оқытуда сөйлеу әрекеті түрлерін дамыту бойынша әдістемелік ұсынымдар»

**Бөлім: 8. Музыка. Қазақтың киелі домбырасы.**

**Сабақтың тақырыбы: 9. Қазақтың әншілік өнері**

**Оқу бағдарламасына сәйкес оқу мақсаттары:** 7.4.1.1 мәтіндердің жанрлық және стильдік ерекшелігін сақтап, түйіндеме жазу

7.5.1.5 етістіктің қалау рай қызметін білу, ауызша және жазбаша жұмыстарда қолдану

**Сабақтың мақсаты :** мәтіндердің жанрлық және стильдік ерекшелігін сақтап, түйіндеме жаза алады;

етістіктің қалау рай қызметін біледі, ауызша және жазбаша жұмыстарда қолдана алады.

**1.Сөздікпен жұмыс.**

Жаңа сөздермен таныстырады, оқушыларға қайталатады, жаңа тақырыпқа байланысты сөздіктермен жұмыс.

### Тыңдалым, айтылым.

Жаңа сөздерді жазады, сөз тіркестерін, сөйлем құрастырады. Мұғалім неғұрлым жаңа сөздерді меңгертуге жағдай жасайды. .

Асыл қазына-

Тармақ-

Наным-

Дәуір-

Құдірет

Үлгі-өнеге

Дескриптор:

1. Суреттеп жазады -2 ұпай

2. Әңгімелейді -1 ұпай

### Әншілік өнер.

Халқымыздың рухани өміріндегі асыл мұраның бірі-ән өнері, әншілік дәстүр. Данышпан Абайдың «Туғанда дүние есігін ашады өлең, өлеңмен жер қойнына кірер денең»- деген өлең жолдары қазақ өнерінің бар болмысын айқын көрсетеді. Қазақтың аса бай ән өнерін дамытуға Біржан сал, Ақан сері, Мұхит, Әсет, Естай, Дәнеш, Мәдениет, Жәнібек әнші- сазгерлері өлшеусіз үлес қосты. Тамаша дәстүрлі ән өнерінің шоқтығын биіктетіп дамытушы, өнерпаз, әнші-сазгерлердің орны ерекше.

«Өнерлі елдің оты сөнбес», «Ел іші-өнер кеніші»-деген дана халқымыз. Халық мәнерінде ән айтудың майталманы, терең толғаныстың әншісі, халқымыздың маңдайына біткен әнші-сазгері Қазақстанның еңбек сіңірген мәдениет қызметкері, «Мұқағали Мақатаев» атындағы сыйлықтың иегері, Семейдегі Мұқан Төлебаев атындағы музыка училищесінің жанынан ашылған Ж. Елебеков атындағы домбырамен ән айту сыныбының ұстазы, көптеген әннің авторы — Тұрсынғазы Рахимов.

Тұрсынғазы Рахимовтың ұстанған бағыты кешегі сал-серілердің ән дәстүрінің ізін суытпай бүгінгі күнге насихаттау.

Абай, Мұқағали өлең, жырларын әнімен әрлеп, еселеп жеткізіп келеді. «Құлаққа сіңімді, жүректен тербейтін дауыс ол әркімге беріле бермейді, Тұрсынғазының әндеріне анализ жасасаң таң қаласың. Формасы, жан-жағы теп-тегіс жинақы, тура Европа композиторларының классикалық шығармаларының құрылысындай. Мелодиясы көңілге өте жағымды»-деп дарынды композитор Теміржан Базарбаев айтқандай, сазгердің қазақы бояуымен, құлаққа жағымды әндері көпшілік көңілінен орын алған өнер туындылары.

### Айтылым Сұрақтар:

1. Халқымыздың асыл мұрасының бірі?
2. Кімдердің орны ерекше?
3. Дана халқымыз не дейді?
4. Көптеген әннің авторы кім?

5. Тұрсынғали Рахимов кімдердің өлең, жырларын жеткізіп келеді?

### 1- тапсырма

Жеке жұмыс. Сұрақтарға жауап беріңдер.

Дескриптор

-Сұрақтарға жауап береді-5 ұпай

2-тапсырма. «Қазақ әншілері» деген тақырыпта диаграмма құр.




Дескриптор:

Диаграмма құрады-2 ұпай

### Кері байланыс

Оқушылар бүгінгі тақырыпты түсінгенін, нені білгенін және қиындық тудырғанын стикерге жазып шығып, смайликтерге жапсырады.



**Бөлім тақырыбы: Жердегі климаттық өзгерістер.**

**Бөлімше тақырыбы: Экологиялық сауаттылық**

### Оқу мақсаты:

7.1.6.1 тыңдалым материалдарының мазмұны негізінде өз пікірін өзгелердің пікірімен салыстыра отырып жауап беру

7.2.2.1 ұсыныс жасау, өтініш, бұйрық берудің түрлі формалары мен жағдаяттарына сай сөйлеу этикеті формаларын қолдана білу

### Сабақ мақсаты:

- тыңдалым материалдарының мазмұны негізінде өз пікірін өзгелердің пікірімен салыстыра отырып жауап береді;

- ұсыныс жасау, өтініш, бұйрық берудің түрлі формалары мен жағдаяттарына сай сөйлеу этикеті формаларын қолдана біледі

**Суреттер бойынша сабақтың тақырыбын ашу.**



- Сабақтың тақырыбы не туралы болмақ?
- Сен Қазақстанның қай аймағында тұрасың?
- Сен тұратын жердің экологиясы қандай?

(26.)

**Дескриптор:**

- суретке қарап, сұрақтарға жауап береді.

**Тыңдалым:**

**Мәтінді мұқият тыңдап, тапсырмаларды орындаңыз.**

Халықаралық сарапшылар 2030 жылдары планета тұрғындарының 47 пайызы тұщы су жетіспеушілігінен зардап шегетінін айтады. БҰҰ-ның Бас хатшысы Пан Ги Муннің: «Әлем тұщы су үшін соғыс жағдайына жақындады» деген сөзінің өзі қауіп-қатердің мәнін байқатады. Ұйымның Бас хатшысы бекер алаңдамайды. Оны халықаралық сарапшылардың зерттеулері де дәлелдей түседі. БҰҰ сарапшыларының зерттеулеріне қарағанда, 2020 жылдан кейін әлемнің 22 ірі мега-полисі құбырлар арқылы келетін тазартылған судың жетіспеушілігіне ұшырайды. Құрғақшылық, әсіресе, Африка мен Қытай елдерінде де қатты білінетін болады. Соның салдарынан Африка халқы Еуропаға көше бастайды екен. Ғаламшардағы су тапшылығы мәселесі суды қайталап пайдалану технологиясын жасауға әкеледі. Ауыз судың бағасы мұнай бағасынан да бірнеше есе қымбат болады. Қазақстан да су тапшылығы мәселесі бар елдердің қатарына жатады. Біздің еліміз жерүсті суларына қарағанда, жерасты суларына өте бай. Бірақ осы байлықты еліміз тиімді пайдаланбайды.

**1-тапсырма. Мәтінде көтерілген мәселе қай бөлімінде көрсетілгенін анықтаңыз.**

(16.)

- А) негізгі бөлігінде
- В) соңғы бөлігінде
- С) кіріспе бөлігінде

**Дескрипторлар:**

- мәтін мазмұнын түсінеді;
- мәселені көрсетеді

**3- тапсырма. БҰҰ-ның Бас хатшысы Пан Ги Муннің: «Әлем тұщы су үшін соғыс жағдайына жақындады» деген пікірімен өз пікіріңізді салыстыра отырып берілген сұраққа жауап беріңіз.**

## Тұщы судың жетіспеушілігінен болашақта қандай мәселелер туындауы мүмкін?

\_\_\_\_\_ (2б.)

**Дескрипторлар:**

- пікірді салыстырады;
- сұраққа жауап береді.

**Айтылым.**

**4-тапсырма. Берілген тақырып бойынша жұбыңызбен диалогке түсіңіз.**

**Айту барысында ұсыныс жасау, өтініш, бұйрық берудің түрлі формалары мен жағдаяттарына сай сөйлеу этикеті формаларын қолдана біліңіз. (7 сұрақ- 7 жауап)**

(5б.)

**Ұсынылатын тақырып:**


«Ауыз су тапшылығы»


**Дескриптор:**

-жұбымен диалогке түседі;

**Рефлексия:**

Сабақ түсінікті,қызықты- бас бармақ 

Сабақты орташа түсіндім –бір бармақты көрсету. 

Сабақты түсінбедім сұрақ бар – бармақты төмен көрсетеді 

**Педагогке әдістемелік көмек:**

Тыңдалым мәтіні бөлім тақырыбына сай алынған. Мәтін оқушыға бейімделген. Мәтін мазмұны сай тапсырмалар құрастырылған. Мәтін мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беру балалардың ойлау дағдысын қалыптастырады. Берілген тапсырмаларды орындау барысында пәнге деген қызығушылықтары артады. Берілген материал негізінде оқушылардың әлемдегі экологиялық жағдай туралы түсініктері қалыптасады. Жер бетіндегі ауыз судың қаншалықты тапшы екені туралы біліп, оны қалай үнемдеу керек екенін түсінеді.

«Қазақ тілінде оқытпайтын мектептердің 7-сыныптарға арналған Қазақ тілін оқытуда сөйлеу әрекеті түрлерін дамыту бойынша әдістемелік ұсынымдар»



**Бөлім тақырыбы:** Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі - қазақ тілін оқып-үйренеміз. Үштілді білу – үлкен өнер.

**Сабақтың тақырыбы:** Мемлекеттік тілді білу-қазақстанның әр азаматының міндеті.

**Осы сабақ арқылы жүзеге асатын оқу мақсаттары:** 7.3.1.1 кесте, диаграмма, сызба, шартты белгілер түрінде берілген ақпаратты түсіну, қолдана білу

7.5.1.1 мәтіндерден көмекші есімдерді ажырата білу, жазбаша, ауызша жұмыстарда қолдану

**Сабақ мақсаты:** Кесте, диаграмма, сызба, шартты белгілер түрінде берілген ақпаратты түсінеді, қолдана біледі.

**Ширату жаттығу**

**Қызығушылықты ояту. Мақалдар не туралы?**

1. Тіл тас жарады,  
Тас жармаса,  
Бас жарады.
2. Басқа пәле тілден.
3. Бас кеспек болса да,  
Тіл кеспек жоқ.

### **Мемлекеттік тіл- менің тілім**

Әр ұлт өз тілін құрметтейді. Қазақ тілі- қазақ халқының ана тілі. 1989 жылы 22 қыркүйек айында Қазақстан Республикасы тілдер туралы Заң қабылданды. Конституцияда мемлекеттік тіл- қазақ тілі деп жазылған. Мемлекеттік тілде заң шығарылады. Мемлекеттік тілде іс-қағаздар жүргізіледі. Мемлекеттік тілді білу- Қазақстан Республикасының әрбір азаматының парызы.

**1 тапсырма.** Сабақта тілші болып көрейік. Тілші көп ақпарат іздейді. Мәтінді мұқият оқып, берілген сөздерге мәтіннен синоним сөздерін табыңдар.

**Құрметтейді- қастерлейді, іс-қағаздар- құжаттар, парызы- борышы.**

Осы сөздермен сөз тіркесін құрыңдар.

**Кері байланыс:** Тапсырмада мәтін мазмұнын түсініп, тапсырманы Дескриптор:

1. Мақалдың мағынасын ашады -2 ұпай  
дұрыс орындаған оқушыларды «Жарайсың!», «Өте жақсы!» деп мадақтаймын.

Дескриптор:

1. Мәтінді мұқият оқиды-1 ұпай
2. Мәтіннен синоним сөздерін табады-2 ұпай

**ЖЖ 2 тапсырма «Ассоциация» әдісі.** Мәтінді оқып, мәтіннен тақырып бойынша 5 негізгі сөз тіркесін тауып, күн сәулелеріне жазыңдар.

**Кері байланыс:** Тапсырмада мәтін мазмұнын түсініп, тапсырманы дұрыс орындаған оқушыларды «Жарайсың!», «Өте жақсы!» деп мадақтаймын.

Көмек қажет оқушыларға «Қолыңнан келеді!», «Тағы да ойланып көр!» деп кері байланыс беремін.

**Бағалау:** «Екі жұлдыз бір тілек» әдісі арқылы бір- бірін бағалайды.

**ЖЖ**

**Дескриптор.**

1. Мәтінді оқиды-1 ұпай
2. 5 негізгі сөз тіркесін табады-1 ұпай
3. Күн сәулесіне жазады-1 ұпай

**3-тапсырма.** «Сұрақтар әлемі». Мәтіннен мына сұрақтарға жауап беретін сөздерді тауып жазу.

Не?                      Қандай?                      Қашан?                      Қайда?                      Не істеді?  
Неде?

**Кері байланыс:** Жарайсындар, тапсырманы орындау барысында бір- бірлеріңе көмектесіп ұйымшылдық таныттыңдар. Көмек қажет болған топқа «Қолыңнан келеді», «Тағы да ойланып көр» деп жетелеп отырамын  
**Дескриптор:**

Мәтіннен сұрақтарға жауап беретін сөздерді кестеге орналастыр-2 ұпай

**Бөлім тақырыбы:** Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі – қазақ тілін оқып үйренеміз. Үш тілді білу – үлкен өнер.

**Бөлімше тақырыбы:** М.Жұмабаев«Қазақ тілі» өлеңі.

**Оқу мақсаты:**

7.3.1.1 кесте, диаграмма, сызба, шартты белгілер түрінде берілген ақпаратты түсіну, қолдана білу;

7.2.1.1 мақал-мәтелдер, терминдер мен неологизмдерді орынды қолдану

**Сабақ мақсаты:**

- кесте, диаграмма, сызба, шартты белгілер түрінде берілген ақпаратты түсінеді, қолдана біледі;

- мақал-мәтелдер, терминдер мен неологизмдерді орынды қолданады

**Суреттер бойынша сабақтың тақырыбын ашу.**



- Суреттегі кім бейнеленген ?
- Ол туралы не білесің?
- Оның шығармаларын оқыдың ба?
- Тіл туралы қандай өлең, әндер білесіңдер?
- Тіл туралы қандай мақал-мәтел білесің?

**Дескриптор:**

- суретке қарап, сұрақтарға жауап береді.

**Тыңдалым:**

**Мәтінді мұқият тыңдап, тапсырмаларды орындаңыз.**

Мағжан Жұмабаев – қазақтың ақыны. 1893 жылы Солтүстік Қазақстан облысы Булаев ауданы Сасықкөл деген ауылда туған. Бала кезінен өте зерек болған. Мағжан төрт жасынан хат таныған. Қызылжардағы М. Бегішев ашқан медреседе 5 жыл, Уфадағы «Ғалия» медресесінде 3 жыл оқыған. 1912 жылы Қазан қаласында «Шолпан» атты тұңғыш жинағы басылды. М.Жұмабаев Омбыдағы мұғалімдер семинариясын бітірген соң, «Алаш» партиясын құруға қатысты. 1938 жылы «халық жауы» деген жаламен атылды. Ол – қазақ әдебиеті тарихында өз орны бар үлкен ақын. Мағжан – «Батыр Баян», «Қорқыт», «Ертегі» атты поэмалардың және «Педагогика» оқулығының авторы. Мағжан поэзиясында отаншылдық, ұлттық рух, патриотизм бар. Оның тілі көркем, жаңашылдығы жоғары.

**1-тапсырма. Берілген сұрақтарға жауап беріңіз. (4б.)**

1. М.Жұмабаев қай жылы, қайда туған?
2. Ол қайда білім алды?
3. Ақынның «Шолпан» атты тұңғыш өлеңдер жинағы қай жылы басылып шықты?
4. Ақынның қандай шығармалар, оқулық жазған?
5. М. Жұмабаев қай жылы жазықсыз атылды?

**Дескрипторлар:**

- мәтін мазмұнын түсінеді,
- жұптасып сұрақтарға жауап береді

**2- тапсырма. Мәтіндегі деректерді пайдаланып, берілген сызбаны толықтырыңыз.**



**Дескрипторлар:**

1. мәтіндегі деректерді пайдаланады;
2. сызбаны толықтырады.


**3-тапсырма. Мақал-мәтелдер, терминдер мен неологизмдерді орынды қолдана отырып, жұбыңызбен диалогке түсіңіз.(7 сұрақ- 7жауап) (5б.)**


**Ұсынылатын тақырып:**

«Қазақ ақыны»

**Рефлексия:**

Сабақ түсінікті,қызықты- бас бармақ 

Сабақты орташа түсіндім –бір бармақты көрсету. 

Сабақты түсінбедім сұрақ бар – бармақты төмен көрсетеді 

**Педагогке әдістемелік көмек:**

Тыңдалым мәтіні бөлім тақырыбына сай алынған. Мәтін оқушыға бейімделген. Мәтін мазмұны сай апсырмалар құрастырылған. Мәтін мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беру балалардың ойлау дағдысын қалыптастырады. Берілген тапсырмаларды орындау барысында пәнге деген қызығушылықтары артады. Берілген материал негізінде оқушылардың қазақ әдебиетіне деген қызығушылық дағдылары қалыптасады.Ақынның өмірімен танысады.

**8-сынып**

**Бөлім тақырыбы:** «Білім. Ғылым. Инновация»

**Бөлімше тақырыбы:** Мен армандайтын мектеп

**Оқу мақсаты:**

**Тыңдалым.** 8. 1. 1. 1 мәтін тақырыбы, тірек сөздер, иллюстрациялар арқылы көтерілетін мәселені болжау

### **Сабақтың мақсаты:**

- мәтін тақырыбы, тірек сөздер, иллюстрациялар арқылы көтерілетін мәселені болжайды.

### **Тыңдалым алды тапсырма**

Мәтінді тыңдар алдында оқушылар алдымен мәтінге арналған тапсырманы және сұрақтарды оқып, талқылайды. Таныс емес сөздерге мұғалім көмегімен аударма жасайды.

### **Сұрақтарға жауап бер:**

1. Сен қандай мектепте оқисың?
2. Оқып жүрген мектебің ұнайды ма?
3. Сенің мектебің несімен ерекшеленеді?
4. Сенің қиялыңдағы мектеп қандай?
5. Сенің ойыңша, инновациялық мектеп қандай болуы керек?

### **Жаңа сөздер:**

**Артықшылық** – превосходство, преимущество

**Талап** – стремление

**Өзекті** – актуальный (-ая, -ое, -ые)

**Білімпаз** – грамотный, образованный

**Кісі** – человек

**Кемшілік** – недостаток

### **Дескриптор:**

- жаңа сөздермен танысады;
- аудармасын табады;
- сөйлеу барысында қолданады

**Тыңдалым тапсырмасы.** Тыңдалым мәтіні кемінде екі рет тыңдалады.

### **1-тапсырма**



#### **Топтық жұмыс:**

Әр топ ұсынылған сұрақтарды топта талқылайды.

- а) Жалпы мазмұнын, идеясын түсіну үшін «*Мәтін не туралы?*»
- ә) Нақты ақпаратты табу үшін «*Кім? Не? Қашан? Қайда? Қанша?*» (нақты фактілерді талап ететін сұрақтар) сұрақтарына жауап береді.

**Мәтін сілтемесі:** [https://youtu.be/2JB2iQ\\_h4mE?si=CchdGl4P27XaxDCN](https://youtu.be/2JB2iQ_h4mE?si=CchdGl4P27XaxDCN)

### **Менің қиялымдағы мектеп**

Біз оқитын мектеп, үлкен және әдемі. Ол – менің екінші үйім, бұл жерде мен оқуды және санауды үйрендім. Ал, 40, 50 жылдан кейін мектептер қандай болады екен? Осы сұрақ ойыма келге кезде, қиялға батамын. Менің арманымдағы мектепте, оқушының жеке шкафына электронды құлып орнатылған, ол саусақ іздерінің көмегімен ғана ашылуы керек. Сөмке ұстаудың қажеті жоқ, оқулықтардың орнына әр оқушының жеке дербес

компьютері болады. Барлық сыныптар қажетті құрылғылармен жабдықталған, кең және жарық болуы керек. Физика және химия кабинеттері, тәжірибе жүргізуге арналған бөлмелермен қамтамасыз етіледі. Оқу процесі оңай және қызықты өтеді. Бұл үшін ең заманауи технологиялар қолданылады. Спорт залына келетін болсақ, бұл жерде – оқушылар мен мұғалімдер сәнді тренажерлерде жаттыға алады. Жаттығудан кейін бассейнге немесе душқа түсуге мүмкіндік бар. Ал қыста шаңғы мен коньки тебуге болады. Барлығы салауатты өмір салты үшін жасалған! Ұстаздардың барлығы жоғары жалақы алатын, өз кәсібін сүйетін және білімді мамандар. Ал оқушылар – терең ойланатын, үнемі ақпарат іздейтін және ғылыми жаңалықтарды ашуға ұмтылатын азаматтар болады деп ойлаймын. Міне, болашақтың мектебін мен осылай елестетемін.

### Дескриптор:

- сұрақтарға жауап береді;
- өз ойларын ортаға салады;
- мәтін бойынша дәлел келтіріп сөйлейді;
- ашық сұрақ қояды.

### 2-тапсырма

Мәтін бойынша ақпараттың дұрыстығын көрсет.

Ақпарат	Дұрыс	Дұрыс емес
Біз оқитын мектеп үлкен бірақ ескі		
Менің арманымдағы мектепте, оқушының жеке шкафына электронды құлып орнатылған		
Оқулықтардың орнына әр оқушының жеке дербес компьютері болады		
Оқу процесі қиын, бірақ жемісті өтеді		
Спорт залда оқушылар мен мұғалімдер сәнді тренажерлерде жаттыға алады		

### Жауабы:

Ақпарат	Дұрыс	Дұрыс емес
Біз оқитын мектеп үлкен бірақ ескі		+
Менің арманымдағы мектепте, оқушының жеке шкафына электронды құлып орнатылған	+	
Оқулықтардың орнына әр оқушының жеке дербес компьютері болады	+	
Оқу процесі қиын, бірақ жемісті өтеді		+
Спорт залда оқушылар мен мұғалімдер сәнді тренажерлерде жаттыға алады	+	

### Дескриптор:

- мәтін мазмұны бойынша жұмыс жасайды;
- сөйлемдердің дұрыстығын анықтайды;
- қате пікірді табады;

### 3-тапсырма

**Мәтіндегі ақпаратты пайдаланып, заманауи мектеп туралы айт. Ойыңды жеткізуде тірек сөздерді қолдан.**

**Тірек сөздер:** *өзі таңдау, сабақ кестесі, заманауи, артықшылық, кемшілік, талап, өзін-өзі басқару.*

**Дескриптор:**


- мәтін ақпаратын пайдаланады;
- тақырып бойынша өз ойын жеткізеді;
- тірек сөздерді қолданады;

**Тыңдалымнан кейінгі тапсырма**

Сен қандай мектепте оқуды армандайсың? Ойыңды сызбаға түсіріп, ауызша айт. Тапсырмада жаңа сөздерді қолдан.



Жауабы:



**Дескриптор:**

- өз ойын сызбаға түсіреді;
- тақырып бойынша өз ойын ауызша жеткізеді;
- жаңа сөздерді қолданады;

**Сабаққа кері байланыс:**

- Сабақ бойынша түйген ойыңыз?
- Білім алуда мектептің жаңашылдығы маңызды ма?
- Болашақ мектебі қандай үлгіде болуы тиіс?

**Түсіндірме.** 8-сынып бойынша «Білім. Ғылым. Инновация» бөлімін, оның ішінде «Мен армандайтын мектеп» бөлімшесін таңдап ала отырып, жасөспірімдердің білім, ғылымға жағымды көзқарасын қалыптастырып, өз ойын еркін жеткізуге мүмкіндік беру. Тыңдалған мәтін тақырыбы, тірек сөздер, иллюстрациялар арқылы көтерілетін мәселені болжатып, сөйлеу әрекетін дамыту.



Тыңдалым алды тапсырмада оқушыларға жетекші сұрақтар арқылы сабақ тақырыбын болжауға, өз ойын жеткізуге мүмкіндік беру. Тыңдалым тапсырмасының 1-тапсырмасында мәтіннің жалпы мазмұнын, идеясын түсіну, нақты ақпаратты табу үшін топтық жұмыс ұйымдастырылып, сұрақтарға жауап беруге, өз ойларын ортаға салуға, мәтін бойынша дәлел келтіріп сөйлеуге, ашық сұрақ дайындауға дағдыландыру қарастырылды. Ал, 2-тапсырмасында мәтін мазмұны бойынша сызбада берілген ақпараттармен жұмыс жасау оқушыны ұқыптылық пен ізденімпаздыққа баулиды. 3-тапсырмада білім алушы мәтіндегі ақпаратты пайдаланып, дамытып, тірек сөздердің көмегімен өз ойымен бөлісуді үйренеді. Тыңдалымнан кейінгі тапсырмада жаңа сөздерді қолданып, өз ойын жүйелі жеткізуге дағдыланады.

.....  
**Бөлім тақырыбы:** «Сауда жасай білесің бе? Абай Құнанбаев «Базарға, қарап тұрсам, әркім барар» өлеңі

**Бөлімше тақырыбы:** Сауда жасаймын

**Оқу мақсаты:**

*Айтылым.* 8. 2. 5. 1 пікірталасқа қатысушылар берілген тақырып бойынша өз пікірлерін сенімді дәлелдеу және қойылған сұрақтарға еркін жауап беру

**Сабақтың мақсаты:**

- тақырып бойынша пікір білдіреді, дәлелдер келтіреді, тақырып бойынша сұрақтарға жауап береді, жағдаятқа байланысты қарым-қатынасқа түседі.

**Айтылым алды тапсырма**

Тақырыпты болжау мақсатында суреттер ұсынылады.



**Сұрақтарға жауап беріп, диалог құр.**

1. Суретте не көріп тұрсың?
2. Бұл қай жер болуы мүмкін?
3. Сен сауда жасау білесің бе?
4. Сауда жасау үшін қайда барасың?
5. Сен ақшаны үнемдеп жұмсай аласың ба?

**Жаңа сөздер:**

Айналым – оборот

Кіріс-шығыс – приход, расход

Табыс – доход

Сапа – качество

Сатылым – продажа

Сауда-саттық – торговля

Қолма-қол – моментально

**Дескриптор:**

- суреттер арқылы тақырыпты болжайды;
- жаңа сөздермен танысады;
- сұрақтарға жауап береді;
- диалог құрады

**Айтылым тапсырмасы.**

**1-тапсырма**

- ❖ **Жұптық жұмыс.** Ұсынылған диалогті толықтырыңдар.

**Дүкенде**

1)

- Не аласыз?
- Маған ..... керек.
- Қандай ..... аласыз?
- ..... түсті ..... бар ма?
- Бар, міне!
- Рақмет!

\*\*\*\*\*

2)

- Қандай ..... аласыз?
- Биік өкшелі ..... керек.
- Сізге қандай түсті туфли ұнайды?
- Маған ..... түсті туфли ұнайды.
- Нешінші өлшемі керек?
- ..... өлшемі бар ма?
- Міне, өлшеп алыңыз.
- Маған ұнады!
- Саудаңызға рақмет!

\*\*\*\*\*

3)

- Мына жейденің көгілдір түсі маған жарасатын еді.
- Мынау көк түсті жейде. Сізге ұнамады ма?
- Жоқ, ..... түсті жейде керек.
- Мынау көгілдір түске ұқсас.
- Жоқ, маған мерекелік кешке көгілдір түсі қажет еді.
- Кешіріңіз, ертеңге алдыртып қояйын. Ертең келіңіз.
- Жақсы болар еді. Рақмет!

**Дескриптор:**

- сұрақтарға жауап береді;
- диалогті толықтырады;

- жаңа сөздерді орынды қолданады;

## 2-тапсырма

### Мәтінмен жұмыс.

#### Азық-түлік сатып аламыз

Әдетте, біз қажетті азық-түлік тағамдарын қаладағы көтерме дүкендер мен гипермаркеттерден сатып аламыз. Көтерме дүкендерде азық-түліктер мен заттар арзан болады. Осылайша, менің ата-анам отбасы бюджетін үнемдейді. Қалада «Арзан», «Дастархан», «Магнум», «Метро» және тағы басқа гипермаркеттер бар. Дүкенге ата-анам жұмыстан шыққан кешкі уақытта не демалыс күндері барамыз.

Біз дүкенге шығар алдында қажетті азық-түліктің тізімін жасаймыз. Дүкенде көп заттарды сатып алғың келеді. Ал тізім жасау қажетсіз шығыннан сақтандырады. Сонымен қатар қажетті заттарды сатып алуға мүмкіндік тудырады және жарнамадағы тағамдарды сатып алудан сақтандырады. Әрине, азық-түлікті үйдің жанындағы дүкендерден, шағынмаркеттерден алуға болады. Бірақ онда бағалар қымбаттырақ. Үйдің жанындағы дүкеннен күнделікті нан, сүт сатып аламыз.

Ақшаны үнемдеу мен үшін қажет заттан бас тарту емес. Керісінше, өзіңе қажет затты сатып алуға біртабан жақындау, өзіңнің арманыңа жол ашу дегенді білдіреді.

#### Сұрақтарға мәтін бойынша жауап беріңдер:

1. Қажетті азық-түлік тағамдарын қайдан сатып алады?
2. Азық-түлік тағамдары мен заттарды неліктен көтерме дүкендерден сатып алады?
3. Дүкенге қай уақытта барады?
4. Дүкенге шығар алдында не істейді?
5. Қажетті азық-түліктің тізімін жасау не үшін қажет?
6. Ақша үнемдеу дегенді қалай түсінеді?

#### Дескриптор:

- мәтін мазмұны бойынша жұмыс жасайды;
- сұрақтарға жауап береді;
- жаңа сөздерді қолданады;

## 3-тапсырма

Мәтіндегі ақпаратты пайдаланып, сөйлемдердің сыңарын мағыналарымен сәйкестендіріп айтыңдар.

1	Біз қажетті азық-түлікті	азық-түліктер мен заттар арзан болады
2	Көтерме дүкендерде	азық-түліктің тізімін жасаймыз
3	Осылайша менің ата-анам	қаладағы көтерме дүкендер мен гипермаркеттерден сатып аламыз
4	Дүкенге шығар алдында қажетті	(кіріс) үнемделеді
5	Тағамдардың тізімін жасау қажетсіз	отбасы бюджетін үнемдейді
6	Отбасының бюджеті	тағамдарды сатып алудан сақтандырады

7	Заттардың тізімін жасау жарнамадағы қажетсіз	шығыннан сақтандырады
---	--	-----------------------

### Жауабы:

1	Біз қажетті азық-түлікті	қаладағы көтерме дүкендер мен гипермаркеттерден сатып аламыз
2	Көтерме дүкендерде	азық-түліктер мен заттар арзан болады
3	Осылайша менің ата-анам	отбасы бюджетін үнемдейді
4	Дүкенге шығар алдында қажетті	азық-түліктің тізімін жасаймыз
5	Тағамдардың тізімін жасау қажетсіз	шығыннан сақтандырады
6	Отбасының бюджеті	(кіріс) үнемделеді
7	Заттардың тізімін жасау жарнамадағы қажетсіз	тағамдарды сатып алудан сақтандырады

### Дескриптор:

- мәтін ақпаратын пайдаланады;
- сөйлемдердің сыңарын сәйкестендіреді;
- мағынасын сәйкестендіріп айтады;

### 4-тапсырма

#### Сөйлемдерді дұрыс құрастырып айт.

Шағынмаркеттерден алуға болады, әрине, азық-түлікті үйдің жанындағы дүкендерден. Қымбатырақ, бірақ онда бағалар. Күнделікті нанды сатып аламыз, үйдің жанындағы дүкеннен. Қажет заттан бас тарту емес, мен үшін ақшаны үнемдеу. Сатып алуға біртабан жақындау, керісінше өзіңе қажет затты. Жол ашу дегенді білдіреді, өзіңнің арманыңа.

### Дескриптор:

- мәтін ақпаратын пайдаланады;
- сөйлемдерді дұрыс құрастырады;
- сауатты сөйлеп, ойын жеткізеді;

### Айтылымнан кейінгі тапсырма



#### Топтық жұмыс

Топқа бөлініп, көтерме дүкендер мен шағынмаркеттердегі азық-түлік бағаларын анықтап, салыстырыңдар. Салыстыра отырып, азық-түліктің алғашқы бағасын, қай дүкенде арзан екенін, сондай-ақ қай жерден шығатынын зерттеп, топта талқылаңдар.

Тағамдар	Көтерме дүкендер мен гипермаркеттердегі баға	Үйдің жанындағы дүкендегі (шағынмаркет) баға
жылқы, сиыр, қой, құс еті		
балық тағамдары		
көкөністер		
сүт		
сарымай		
сұйық май		
жұмыртқа		

ірімшік		
қаймақ		
айран		
қант		
шай		

### Дескриптор:

- азық-түлік бағаларын салыстырады;
- топта талқылау жүргізеді;
- жаңа сөздерді қолданады;

### Сабаққа кері байланыс:

- Сауда жасауда нені ескеру қажет деп ойлайсың?
- Ақшаны үнемдеу үшін не істеу керек?
- Сауда жасау нені талап етеді?

**Түсіндірме.** 8-сынып бойынша «Сауда жасай білесің бе? Абай Құнанбаев «Базарға, қарап тұрсам, әркім барар» өлеңі бөлімін, оның ішінде «Сауда жасаймын» бөлімшесін таңдап ала отырып, жасөспірімдердің қаржыны дұрыс жоспарлау, тиімді сауда жасау қабілеттерін дамытуға арналған тапсырмалармен қамти отырып, білім алушылар берілген тақырып бойынша өз пікірлерін сенімді дәлелдеп, қойылған сұрақтарға еркін жауап беруге жетелеу.

Айтылым алды тапсырмада оқушыларға тақырыпты болжау мақсатында суреттер ұсынылады, өз ойын жеткізуге мүмкіндік беріледі. Ұсынылған суреттерге қарап, сұрақтарға жауап беріп, диалог құру арқылы жағдаятқа байланысты қарым-қатынасқа түседі. Айтылым тапсырмасының 1-тапсырмасында жаңа сөздерді пайдаланып, ұсынылған диалогті толықтыру, өз ойын жүйелі жеткізу дағдыларын дамыту қарастырылды. Ал, 2-тапсырмасында мәтін ұсынылып, мәтіндегі негізгі ақпаратты саралауға, мәтін мазмұнын түсінуге негізделген сұрақтарға жауап бере отырып, талқылауға, өз ойын айтуға жетелейді. 3-тапсырмада білім алушы мәтіндегі ақпаратты пайдаланып, сөйлемдердің сыңарын мағыналарымен сәйкестендіріп айту арқылы өз ойымен бөлісуді үйренеді. 4-тапсырмада сабақ барысында алынған ақпаратты саралап, сөйлемдерді дұрыс құрастырып айту арқылы айтылым дағдысын дамыту қарастырылады. Айтылымнан кейінгі тапсырмада топқа бөлініп, көтерме дүкендер мен шағынмаркеттердегі азық-түлік бағаларын анықтап, салыстыру, анализ жасау, топта талқылау арқылы өз пікірін дәлелді жеткізуге дағдыланады.



**Бөлім тақырыбы:** «Кәсіп-бақыттың шырағы, еңбек-ырыстың бұлағы.

С. Мұқанов «Саятшы Ораз» әңгімесі»

**Бөлімше тақырыбы:** Кәсіп-бақыттың шырағы

**Оқу мақсаты:**

**Оқылым.** 8. 3. 6. 1 тақырып бойынша бірнеше мәтінде көтерілген мәселелерді салыстыра отырып, баға беру;

**Сабақтың мақсаты:**

- мәтінде көтерілген мәселелерді салыстырады, баға береді.

**Оқылым алды тапсырма**

Оқылым алдында оқушылар алдымен тақырыпқа қатысты сұрақтарды оқып, талқылайды. Таныс емес сөздерге мұғалім көмегімен аударма жасайды.

**Сұрақтарға жауап бер:**

1. «Кәсіп» деген не?
2. Мамандық таңдау барысында нені ескеру керек?
3. Болашақта қандай маман иесі болғың келеді?
4. Ата-ананың пікірін ескердің бе?
5. Он шақты жылдан кейін өзінді қалай елестетесің?

**Жаңа сөздер:**

мамандық – профессия

таңдау үстіндемін – в процессе выбора

ортаны таңдайсың – выбираешь средю

икемділік – способность, склонность

шеберлік – мастерство

шешім қабылдау – принимать решение

**Дескриптор:**

- жаңа сөздермен танысады;
- аудармасын табады;
- сөйлеу барысында қолданады

**Оқылым тапсырмасы.**

**1-тапсырма**

**Мәтінмен жұмыс.** Екі мәтін ұсынылады, мәтіндерде көтерілген мәселелерді салыстыра отырып, баға береді.

**Мәтін №1**

Қазақ халқының негізгі кәсібі малшаруашылық болған. Қазақ өзінің малын қой-ешкі, жылқы, түйе, сиыр деп төрт түлікке бөлген. Осы төрт түлік малдың әрқайсысын шаруалар барынша өнімді, орынды пайдалана білген. Мал бағудың өзіндік әдістерін, малды күтіп-баптаудың тәсілдерін жете меңгерген. Жайылымдарды жыл мезгілінің төрт мезгіліне байланысты тиімді пайдаланып, көшіп-қонып отырған. Жайылымдар қыстау, көктеу, жайлау, күздеу деп аталған.

Қазақ халқы егіншілікпен де айналысқан. Оңтүстік өңірде ежелгі Сауран, Тараз, Отырар қалаларының маңайында ескі арықтардың ізі сақталған. Егінші



қазақтың ертеден өсірген дақылдары – тары, күріш, жүгері, арпа, сұлы. Сонымен бірге бау-бақша да екен.

## Мәтін №2

Мен 8-сыныпта оқимын. Қазіргі кезде сыныптастарым арасында «Қандай мамандық таңдаймын?» деген сұрақ көп туындайды. Мамандық таңдау – өте жауапты іс. Мамандық таңдағанда болашақта өзің айналысатын жұмысты және өзің араласатын ортаны таңдайсың.

Қазір құрдастарымның көбі мұнай-газ, тау-кен, қаржы-эконмика, бухгалтер, заңгер секілді мамандықтарды таңдайды. Әрине, кім табысы жоғары маман иесі болғанды қаламайды? Статистика бойынша аталған мамандықты бітірген студенттердің біраз бөлігінде жұмысқа орналасу мәселесі туындайды. Жазушы Жүсіпбек Аймауытұлы: «Мамандықтың жаманы жоқ. Бірақ оның кез келгеніне икемділік қажет. Бұл жай күнелту, тамақ асыраудың ғана жолы емес, бұл – үлкен өнерді, зор шеберлікті қажет ететін нәрсе», - дейді. Сондықтан мамандық таңдау барысында, алдымен өз бойындағы икемділікті, қызығушылықты, сондай-ақ болашақта жұмысқа орналасу мүмкіндігін де ескеру қажет деп ойлаймын. Мұндай маңызды мәселеде ата-анаңмен ақылдасып, ой бөлісу дұрыс шешім қабылдауға итермелейді. Мамандық таңдау сән емес, ол-өмірге берілетін жолдама.

1-мәтін	2-мәтін
<b>Стилі, жанры</b>	
<b>Ерекшелігі (айырмашылығы)</b>	
<b>Ұқсастығы</b>	

### Дескриптор:

- мәтінде көтерілген мәселелерді салыстырады;
- баға береді;
- мәтін бойынша дәлел келтіріп сөйлейді;
- кестемен жұмыс жасайды.

### 2-тапсырма

**Берілген сөздер мен сөз тіркестерін қатыстырып сөйлем құрап айтыңдар.**

Мамандық таңдау, табысы жоғары маман, икемділік, ата-анаңмен ақылдасу, шешім қабылдау, жұмысқа орналасу, армандаймын, табысты болу.

### Дескриптор:

- сөйлем құрап айтады;


- сөз тіркестерін қолданады;
- ойын жүйелі жеткізеді;

### 3-тапсырма

**№2-мәтінде берілген Жүсіпбек Аймауытұлының сөзін талдаңдар. Мамандық таңдау икемділіктен басқа тағы нені қажет етеді? Санамалап айтыңдар.**

«Мамандықтың жаманы жоқ. Бірақ оның кез келгеніне икемділік қажет. Бұл жай күнелту, тамақ асыраудың ғана жолы емес, бұл – үлкен өнерді, зор шеберлікті қажет ететін нәрсе».

**Мамандық таңдау қажет етеді:** *икеmділікті, ..., .., .. .*



### Дескриптор:

- талдау жасайды;
- мамандық таңдаудағы қасиеттерді жіктейді;
- санамалап көрсетеді;

### Оқылымнан кейінгі тапсырма

**Айтылым.** Мәтіндегі ақпаратты ары қарай жалғастырып айт. Қазақстандағы кәсіпкерлікті дамыту, еңбекпен қамтамасыз ету туралы не білесің? Қазіргі таңда қандай кәсіппен айналысқан тиімді? Өз ойыңды айт.

Қазақстанда кәсіпкерлікті дамытуға, еңбекпен қамтамасыз етуге айрықша көңіл бөлініп отыр. Орта және шағын бизнесті дамыту жүйелі жолға қойылуда. Кәсіпкерлікпен айналысуға жақсы мүмкіндіктер бар. Үкімет тарапынан

қаржыландыру мәселесі де өз шешімін тауып отыр. Көптеген бірлестіктер кәсіпкерлерге серіктестік қолдау көрсетеді.

**Дескриптор:**

- мәтінді жалғастырады;
- тақырып бойынша өз ойын жеткізеді;
- тірек сөздерді қолданады;

**Сабакқа кері байланыс:**

- Мамандық таңдауда нені басшылыққа алу керек?
- Қазіргі кездегі сұранысқа ие қандай мамандықтарды білесің?
- Бүгінгі тақырыптан қандай ой түйдің?

**Түсіндірме.** 8-сынып бойынша «Кәсіп-бақыттың шырағы, еңбек-ырыстың бұлағы. С. Мұқанов «Саятшы Ораз» әңгімесі» бөлімін, оның ішінде «Кәсіп-бақыттың шырағы» бөлімшесін таңдап ала отырып, жасөспірімдердің мамандық таңдау мәселесіне қатысты ақпараттармен қамтып, өз ойын еркін жеткізуге мүмкіндік беру. Білім алушылар тақырып бойынша бірнеше мәтінде көтерілген мәселелерді салыстыра отырып талдау, баға беру, сөйлеу әрекетін дамыту.

Оқылым алды тапсырмада оқушылар алдымен тақырыпқа қатысты сұрақтарды оқып, талқылайды. Таныс емес сөздерге мұғалім көмегімен аударма жасайды. Осы тапсырмада оқушылар ізденіс жасап, өз бетінше жұмыс жасауына мүмкіндік жасалды. Оқылым тапсырмасының 1-тапсырмасында екі мәтін ұсынылады, мәтіндерде көтерілген мәселелерді салыстыра отырып, баға береді. Бұл тапсырмада оқушының анализ жасау, өз ойын жүйелі жеткізу, ақпараттарды салыстыру, талдау қабілеттері артып, қорытынды шешім шығаруына көмекші құрал болады. Ал, 2-тапсырмада берілген сөздер мен сөз тіркестерін қатыстырып сөйлем құрау арқылы тақырып бойынша жаңа сөздерді бекітуге мүмкіндік береді. 3-тапсырмада білім алушылар ақпаратты іріктеп, санамалап айтға жаттығады. Оқылымнан кейінгі тапсырмада мәтіндегі ақпаратты өңдеуге, дамытуға, сыни ойлауға, өз ойын жүйелі жеткізуге дағдыланады.

.....  
**Бөлім тақырыбы:** «Білім. Ғылым. Инновация»

**Бөлімше тақырыбы:** Электронды кітапхананы пайдаланамын

**Оқу мақсаты:**

**Айтылым.** 8. 2. 1. 1 тұрақты тіркестер мен көркемдегіш құралдарды қолданып, ауызша мәтіндер құрау;

**Сабактың мақсаты:**

- тұрақты тіркестер, көркемдегіш құралдарды қолданады, ауызша мәтіндер құрады.

**Оқылым алды тапсырма**

Оқылым алдында оқушылар алдымен тақырыпқа қатысты сұрақтарды оқып, талқылайды. Таныс емес сөздерге мұғалім көмегімен аударма жасайды.

### **Сұрақтарға жауап бер:**

1. Оқушыларға арналған қандай сайттарды білесің?
2. Ғаламтор желісінде қандай электронды кітапханалар бар?
3. Ғаламторды қаншалықты қолданасың?
4. Саған қандай кітаптар ұнайды?
5. Қандай браузерлерді пайдаланасың?

### **Жаңа сөздер:**

тұрақты – постоянные

танымдық материалдар – познавательные материалы

мазмұнын толықтырады – дополняет содержание

зертхана – лаборатория

әзірле – приготовить

күлтемір – робот

үздік – отличный

зияткерлік – интеллектуальный (-ая, -ое, -ые)

ғаламтор желісінде – в сети Интернет

### **Дескриптор:**

- жаңа сөздермен танысады;
- аудармасын табады;
- сөйлеу барысында қолданады

### **Оқылым тапсырмасы.**

#### **1-тапсырма**

**Мәтінмен жұмыс.** Мәтінді оқыңдар.

Ғаламтор желісінде «Балбұлақ» электронды журналы бар. Журналдың электронды мекенжайы «<http://www.balbulaq.kz>» деп аталады. Журналды ашқанда «Сәлем! «Балбұлақ» сайтына қош келдің!» деген жазу шығады. Журналдың мазмұны қызықты, безендірілуі көркем. Бұл журналдан жұмбақтар, жаңылтпаштар, ертегілер, аңыздар оқуға болады. Тағы бір кереметі – қазақ тілінде мультфильмдер көруге болады. Мен «Алдаркөсе» туралы бірнеше қызықты мультфильмдер көрдім. Маған ұнады.

Журналдың мазмұны бірнеше айдардан тұрады. Олар: «Аңыздың ақиқаты», «Ертегілер елінде», «Жасырдым жұмбақ», «Мультфильмдер», «Қайталап көр», «Ұлттық ойындар», «Әлемде талай қызық бар», «Балалар әлемі», «Кішкентай саяхатшы». Аталған айдарлардан өзіңе қажетті көп мәліметтерді табуға болады. «Аңыздың ақиқаты» айдарынан аспан денелері, табиғат құпиялары, даналық сөздер туралы мәліметтер табуға болады. «Ертегілер елінде» және «Мультфильмдер» айдарында қызықты ертегілер оқып, мультфильмдерді көруге болады. «Жасырдым жұмбақ» айдарында ойлауды, тапқырлықты қажет ететін жұмбақтар бар. «Қайталап көр» айдарында жаңылтпаштарды жаңылмай айтуға үйренуге болады.

**Сұрақтарға мәтін бойынша ауызша жауап беріңдер.**

1. Ғаламтор желісінде қандай электронды журнал бар?
2. Журналды ашқанда қандай жазу шығады?
3. Журналдың жазуы мен безендірілуі қандай?
4. Бұл журналдан нені оқуға болады?
5. Журналдың мазмұны қандай айдарлардан тұрады?

**Дескриптор:**

- сұрақтарға мәтін бойынша жауап береді;
- мәтін бойынша дәлел келтіріп сөйлейді;

**2-тапсырма**

**Сөйлемдердің сыңарын мағыналарымен сәйкестендіріп, сөйлемдермен ауызша мәтін құрыңдар.**

1	Ғаламтор желісінде «Балбұлақ»	қызықты, безендірілуі көркем
2	Журналды ашқанда «Сәлем!	ертегілер, аңыздар оқуға болады
3	Журналдың мазмұны	электронды журналы бар
4	Бұл журналдан жұмбақтар, жаңылтпаштар,	«Балбұлақ» сайтына қош келдің!» деген жазу шығады

**Жауабы:**

1	Ғаламтор желісінде «Балбұлақ»	электронды журналы бар
2	Журналды ашқанда «Сәлем!	«Балбұлақ» сайтына қош келдің!» деген жазу шығады
3	Журналдың мазмұны	қызықты, безендірілуі көркем
4	Бұл журналдан жұмбақтар, жаңылтпаштар,	ертегілер, аңыздар оқуға болады

**Дескриптор:**

- сөйлемдерді сәйкестендіреді;
- сөз тіркестерін қолданады;
- ауызша мәтін құрайды;

**3-тапсырма**

**Төменде берілген тұрақты тіркестер мен көркемдегіш құралдарды қолданып, ауызша мәтіндер құрыңдар.**

*Көзді ашып жұмғанша (кенеттен), қара құйындай (өте шығу), қас қағымда (тез, жылдам), сол сәтте (бойда) мезетте, ізі суымау, таудай кітап, шытырман оқиға, айтулы күн, күрт дамыды, көзді ашып-жұмғанша, аспандағы ай сияқты, азуын айға білеген, шаш етектен.*

**Дескриптор:**

- тұрақты тіркестерді қолданады;
- көркемдегіш құралдарды қолданады;
- ауызша мәтін құрады;

**Оқылымнан кейінгі тапсырма**

**Сабақ бойынша алған білімді пайдаланып, сұрақтарға ауызша жауап бер.**

1. Ғаламтордың қандай пайдасы бар?
2. Электронды кітапхананың артықшылығы қандай?
3. Оқушыларға арналған қандай сайттарды білесің?
4. Қазақ тілді қандай басылымдарды білесің?

**Дескриптор:**

- сұрақтарға жауап береді;
- тақырып бойынша өз ойын жеткізеді;
- жаңа сөздерді қолданады;

**Сабаққа кері байланыс:**

- Балаларға арналған басылымдарға көңілдерің тола ма?
- Балаларға арналған басылымдардың қандай болғанын қалайсыңдар?
- Электронды кітапханадан қандай басылымдарды ұнатып оқисың?

**Түсіндірме.** 8-сынып бойынша «Білім. Ғылым. Инновация» бөлімі, «Электронды кітапхананы пайдаланамын» бөлімшесін таңдап ала отырып, тұрақты тіркестер мен көркемдегіш құралдарды қолданып, ауызша мәтіндер құрауда өз ойын еркін жеткізуге мүмкіндік беру. Білім алушылар тақырып бойынша бірнеше мәтінде көтерілген мәселелерді салыстыра отырып талдау, баға беру, сөйлеу әрекетін дамыту.

Оқылым алды тапсырмада оқушылар алдымен тақырыпқа қатысты сұрақтарды оқып, талқылайды. Таныс емес сөздерге мұғалім көмегімен аударма жасайды. Осы тапсырмада оқушылар ізденіс жасап, өз бетінше жұмыс жасауына мүмкіндік жасалды. Оқылым тапсырмасының 1-тапсырмасында мәтінді оқып, сұрақтарға мәтін бойынша ауызша жауап беру ұсынылады. Сұраққа жауап беруде білім алушы ақпаратты саралауға, қажетті ақпаратпен жұмыс жасауды үйренеді. 2-тапсырмада сөйлемдердің сыңарын мағыналарымен сәйкестендіріп, сөйлемдермен ауызша мәтін құруға арқылы сөйлеу әрекетін қалыптастыруға мүмкіндік береді. 3-тапсырмада білім алушылар тұрақты тіркестер мен көркемдегіш құралдарды қолданып, ауызша мәтіндер құруда сабақ бойынша игерген білімдерін қолдануына, шығармашылықпен айналысуларына жол беріледі. Оқылымнан кейінгі тапсырмада мәтіндегі ақпаратты өңдеуге, дамытуға, сыни ойлауға, өз ойын жүйелі жеткізуге дағдыланады.

.....

**Бөлім тақырыбы:** «Сауда жасай білесің бе? Абай Құнанбаев «Базарға, қарап тұрсам, әркім барар» өлеңі

**Бөлімше тақырыбы:** Ақшаны үнемдеп ұстайсың ба?

**Оқу мақсаты:**

**Тыңдалым.** 8. 1. 2. 1 тыңдалған мәтіннің негізгі мазмұнын түсіну, детальді ақпараттарды анықтау;

### **Сабақтың мақсаты:**

- мәтін мазмұнын түсінеді, детальді ақпараттарды анықтайды.

### **Тыңдалым алды тапсырма**

Тыңдалым алдында оқушылар алдымен тақырыпқа қатысты сұрақтарды оқып, талқылайды. Таныс емес сөздерге мұғалім көмегімен аударма жасайды.

### **Сұрақтарға жауап бер:**

1. «Үнемдеу» деген сөзді қалай түсінесің?
2. Күнделікті қанша ақша жұмсайсың?
3. Саған қаражатты кім береді?
4. Ақшаны үнемдей аласың ба?

### **Жаңа сөздер:**

**бөлінеді** – распределяется

**қалта шығыны** – карманные расходы

**артық** – лишние

**көңіл көтеруге кететін шығын** – расходы на развлечения

**бас тартамын** – отказываюсь

**бір реттік табыс** – разовый доход

**тұрақты табыс** – постоянный доход

**тұтынушы** – потребитель

**мәдениеті** – культура

### **Дескриптор:**

- жаңа сөздермен танысады;
- аудармасын табады;
- сөйлеу барысында қолданады

### **Тыңдалым тапсырмасы.**

#### **1-тапсырма**

**Мәтін сілтемесі:** <https://youtu.be/4mH3nXiNUbI?si=6DD3d0dQ0Qzpnqid>

### **Менің жеке бюджетім неден тұрады?**

Мен оқушымын. Әзірше жұмыс істемеймін. Тұрақты табысым жоқ. Ата-анам: «Сенің жұмысың сабақты жақсы оқу, бос уақытыңда үй тіршілігіне қолғабыс жасау», - дейді. Сондықтан менің бюджетім ата-анамның табысынан бөлінеді. Ай сайын ата-анам маған қалта шығынына ақша береді. Мен ата-анам берген ақшаны үнемдеп жұмсауға тырысамын, өйткені үнемдей білу еңбек етіп тапқан ақшамен тең. Көбінесе ақшаны мектепте түскі ас ішуге, кеңсе тауарларын және оқушы билетін сатып алуға жұмсаймын. Артық заттарды алмаймын. Демалыс күндері достарыммен киноға, театрға, ойын-сауық орталықтарына барамын. Бірақ бос жүруге, көп қыдыруға әуестенбеймін. Егер жеке бюджетім әдеттегіден аз болса, көңіл көтеруге кететін шығындардан бас тартамын. Себебі мен отбасы бюджетін жоспарлауға, үнемдеуге ықпал етемін. Мен қалта шығынын үнемдесем,



отбасы бюджеті де үнемделеді. Қалта шығынын орнымен жұмсау тұтынушы мәдениетін қалыптастырады.

Қазір көптеген оқушылар тұрақты немесе бір реттік табыс табады. Жарнама газеттерін таратады, көлік жуады т.б. Бірақ ол сабақ үлгеріміне кедергі келтірмеуі тиіс.

### Тыңдалым мәтіні бойынша сұрақтарға ауызша жауап беріңдер.

1. Қалта шығынын қайдан алады?
2. Ата-анасы берген ақшаны қалай жұмсайды?
3. Ата-анасы берген ақшаны неліктен үнемдеп жұмсайды?
4. Достарымен көңіл көтере ме?

### Дескриптор:

- тыңдалған мәтіннің негізгі мазмұнын түсінеді;
- детальді ақпараттарды анықтайды;

### 2-тапсырма

Сөйлемдердің сыңарын мағыналарымен сәйкестендіріп, сөйлемдермен ауызша мәтін құрыңдар.

1	Тұрақты	ата-анамның табысынан бөлінеді
2	Менің бюджетім	қалта шығынына ақша береді
3	Ай сайын ата-анам маған	табысым жоқ
4	Ата-анам берген	кеңсе тауарларын алуға, оқушы билетін алуға жұмсаймын
5	Көбінесе мен ақшаны мектепте түскі ас ішуге	отбасы бюджеті де үнемделеді
6	Демалыс күндері достарыммен киноға, театрға	кететін шығындардан бас тартамын
7	Егер жеке бюджетім әдеттегіден аз болса, көңіл көтеруге	ақшаны үнемдеп жұмсауға тырысамын
8	Мен қалта шығынымды үнемдесем,	ойын-сауық орталықтарына барамын

### Жауабы:

1	Тұрақты	табысым жоқ
2	Менің бюджетім	ата-анамның табысынан бөлінеді
3	Ай сайын ата-анам маған	қалта шығынына ақша береді
4	Ата-анам берген	ақшаны үнемдеп жұмсауға тырысамын
5	Көбінесе мен ақшаны мектепте түскі ас ішуге	кеңсе тауарларын алуға, оқушы билетін алуға жұмсаймын
6	Демалыс күндері достарыммен киноға, театрға	ойын-сауық орталықтарына барамын
7	Егер жеке бюджетім әдеттегіден аз болса, көңіл көтеруге	кететін шығындардан бас тартамын
8	Мен қалта шығынымды үнемдесем,	отбасы бюджеті де үнемделеді

### Дескриптор:

- сөйлемдерді сәйкестендіреді;

- сөз тіркестерін қолданады;
- ауызша мәтін құрайды;

### **3-тапсырма**

**Мәтіннің негізгі мазмұны бойынша сөйлемдерді дұрыс құрастырып айтыңдар.**

Табысынан бөлінеді, менің бюджетім, ата-анамның. Қалта шығынына, береді, ай сайын, ақша, ата-анам маған. Үнемдеп жұмсауға тырысамын, ата-анам берген ақшаны. Еңбек етіп тапқан ақшамен тең, өйткені үнемдей білу. Мектепте түскі ас ішуге, оқушы билетін алуға жұмсаймын, көбінесе мен ақшаны, кеңсе тауарларын алуға. Ойын-сауық орталықтарына, барамын, демалыс күндері достарыммен киноға, театрға. Отбасы бюджеті де үнемделеді, мен қалта шығынын үнемдесем.

#### **Дескриптор:**

- мәтін мазмұнын түсінеді;
- ақпараттарды өңдейді;
- сөйлем құрастырып айтады.

### **Тыңдалымнан кейінгі тапсырма**

**Мына сұрақтарға ойланып, монолог құрыңдар.**

***Шарты:** егер оқушы өз ойын жеткізуде өз тілінде сөздер қосып қойса, сол сөздің қазақша аудармасын тақтаға 10 рет жазып шығады. Осылайша, сөздерді жаттауға да мүмкіндік беріледі.*

1. Сенің жеке бюджетің қайдан бөлінеді?
2. Сенің кірісің мен шығысыңа не кіреді?
3. Не кірмейді?
4. Жеке өзің табыс тауып көрдің бе?
5. Тапсаң, оны қалай жұмсадың?
6. Ата-анаң қалта шығынына берген ақшаны үнемдеп, зат алып көрдің бе?

#### **Дескриптор:**

- сұрақтарға жауап береді;
- монолог құрады;
- тақырып бойынша өз ойын жеткізеді;
- жаңа сөздерді қолданады;

### **Сабаққа кері байланыс:**

- Сыныпта ұлдар мен қыздар болып екі топқа бөлініңдер. А-4 ақ қағазына әр топ мүшесі өзінің атын жазып, бір күндік (бүгін әкелген) қаражатын көрсетсін. Барлық топ мүшесінің сомасын қосыңдар. Жалпы қанша ақша шығатынын анықтаңдар. Бір күнде қай топ көп шығын шығарады екен? Ұлдар ма, әлде қыздар ма?

**Түсіндірме.** 8-сынып бойынша «Сауда жасай білесің бе? Абай Құнанбаев «Базарға, қарап тұрсам, әркім барар» өлеңі, «Ақшаны үнемдеп ұстайсың ба?» бөлімшесі бойынша тапсырмалар дайындалды. Тыңдалған мәтіннің негізгі мазмұнын түсініп, детальді ақпараттарды анықтау үшін тапсырмалар ұсынылып, өз ойын еркін жеткізуге мүмкіндік беру. Оқушылар сұрақтарға жауап беру арқылы мәтін мазмұнын қаншалықты түсінгендерін анықтайтын, негізгі, қосымша, детальді ақпараттарды саралап, талдау жасауға негізделген тізбектелген тапсырмалар ұсынылды.

Тыңдалым алды тапсырмада оқушылар алдымен тақырыпқа қатысты сұрақтарға жауап беріп, өз көзқарасын танытады. Таныс емес сөздерге аударма жасайды. Тыңдалым тапсырмасында ұсынылған сілтеме арқылы мәтін тыңдалып, ақпараттарды іріктеп, мәтін бойынша сұрақтарға ауызша жауап беру ұсынылады. Бұл тапсырма білім алушының ақпаратты саралауына өз септігін тигізеді. 2-тапсырмада сөйлемдердің сыңарын мағыналарымен сәйкестендіріп, сөйлемдермен ауызша мәтін құруға арқылы сөйлеу әрекетін қалыптастыруға мүмкіндік береді. 3-тапсырмада білім алушылар мәтіннің негізгі мазмұны бойынша сөйлемдерді дұрыс құрастырып, өз ойын ауызша айтуға талпыныс жасайды. Тыңдалымнан кейінгі тапсырмада оқушы барлық ақпараттарды саралап, тақырып бойынша тірек сөздерді қолдана отырып, монолог дайындайды. Сабаққа кері байланыс топтық жұмыс арқылы жүзеге асырылады.

## 8-сынып

**Бөлім тақырыбы:** Білім. Ғылым. Инновация

**Бөлімше тақырыбы:** Электронды кітапхананы пайдаланамын.

**Оқу мақсаты:**

**Тыңдалым.** 8. 1. 1. 1 мәтін тақырыбы, тірек сөздер, иллюстрациялар арқылы көтерілетін мәселені болжау

**Айтылым.** 8. 2. 6. 1 8. 2. 5. 1 пікірталасқа қатысушылар берілген тақырып бойынша өз пікірлерін сенімді дәлелдеу және қойылған сұрақтарға еркін жауап беру

**Сабақтың мақсаты:**

- мәтін тақырыбы, тірек сөздер, иллюстрациялар арқылы көтерілетін мәселені болжайды;
- тақырып бойынша өз пікірлерін сенімді дәлелдейді;
- сұрақтарға еркін жауап береді.

**Тыңдалым алды тапсырма:**


Мәтінді тыңдар алдында оқушылар алдымен иллюстрациялар арқылы мәтіндегі көтерілетін мәселені болжайды. Таныс емес сөздерге мұғалім көмегімен аударма жасайды.



**Тыңдалым тапсырмасы:**

<https://youtu.be/M6q8vXlqWS4?si=7c6y65d37U5k-b8v>

**Жаңа сөздер тізбегін толтыр:**



**Дескриптор:**

- жаңа сөздерді теріп жазады;
- аудармасын табады;
- сөйлеу барысында қолданады.

А мәтіні	Ә мәтіні
<p>Өткен ғасырда кітапхананы «кітап ғибадатханасы» деп атайтын. Өйткені кітапханалар тек кітап, газет-журнал сынды басылымдарды сақтау, оларды оқырманға уақытша пайдалануға ұсыну орталығы ғана болды. Жазушылардың шығармалары қатаң цензурадан өтіп, <b>баспадан</b> жарыққа шыққан соң кітапханаларға жоспар бойынша түсіп тұрды. Сол кездегі кітапхана жалғыз ғана ақпарат орны болатын. Білімді кітаптан, ақпаратты газет-журналдардан алатынбыз.</p>	<p>Бүгін біз керекті ақпаратқа, ән-күйге, фильмдерге үйде отырып-ақ қол жеткізе аламыз. Соның бәрі айналып келгенде кітапхана үшін бәсекелестік ортаны қалыптастырады. Мысалы, кез келген азамат интернеттен қызықтырған ақпаратын өзі таңдап алады, ешкімнен рұқсат сұрамайды. Яғни <b>оқырман</b> өзі <b>сөрелерге</b> барып, қалаған кітап, газет-журналдарды қарап, керегін таңдап алады. Сол кезде қолға алған RFID технология негізінде әр кітап магниттік чиппен қамтылған, кез келген кітапхана пайдаланушысы электронды <b>оқырман билетімен</b> кіріп, үйге оқуға алған кітаптарын кітапханадағы арнайы терминал арқылы өзі</p>

	тіркеп, соңынан өзі қайтарады. Әрине, қажет болса, кітапханашы көмегіне жүгінеді.
--	---

### Сұрақтар:

- «Кітап ғибадатханасы» деген сөзді қалай түсінесің?
- Білімді, ақпаратты біз қайдан аламыз?
- Электронды оқырман билеті деген не?
- Сен кітапханаға жиі барасың ба?

### Дескриптор:

- мәтінді түсініп оқиды;
- сұрақтарға жауап береді;
- өз ойларын ортаға салады.

### III деңгей

- Мәтінде не туралы айтылған?
- Бұрын кітапхананың міндеті қандай болды?
- Оқырман билеті не үшін керек?

### II деңгей Сөйлемді толықтыр.

- Өткен ғасырда ..... деп атайтын.
- Кез келген кітапхана пайдаланушысы.....кіреді.
- Жазушылардың ..... шығармалары ..... қатаң ..... цензурадан өтіп..... жоспар бойынша түсіп тұрды.

### I деңгей

«Мен электронды кітап оқимын» немесе «Мен кітапхананы таңдаймын» тақырыбында сынып ішінде пікірталас ұйымдастырындар.

- Тақырып бойынша өз пікірлерін сенімді дәлелдеу;
- Қойылған сұрақтарға еркін жауап беру;
- Электронды кітап оқу мен кітапхана оқырманы болудың қандай айырмашылығы мен тиімділігі бар?

### Дескриптор:

- Өз пікірін сенімді дәлелдейді;
- Сұрақтарға еркін жауап береді;
- Ойын еркін жеткізеді.

**Түсіндірме.** 8-сынып бойынша Білім. Ғылым. Инновация. бөлімінен «Электронды кітапхананы пайдаланамын» тақырыбы таңдап алынды. Мәтін

тақырыбын түсіндіруде тыңдалым алды тапсырмасы иллюстрациялар арқылы көтерілетін мәселені болжау мақсатында ұсынылды. Тыңдалым мәтіндегі жаңа сөздерге түсініктеме беріледі, мұғалімнің көмегімен аударма жасайды. Сол арқылы оқушы жаңа сөздер тізбегін жасап, кестені өзі толтырады. Тапсырма қарапайымнан күрделіге бағытталады. Мәтінді түсініп оқып, өз ойларын ортаға салады, жаңа сөздермен танысады, мәнін түсінеді. Тақырыпты түсініп оқып, деңгейлік тапсырмаларды орындайды. «Мен электронды кітап оқимын» немесе «Мен кітапхананы таңдаймын» тақырыбында пікірталас ұйымдастыру арқылы оқушы көзқарасы мен тақырыпқа сай ойы қалыптасады.

**Бөлім тақырыбы:** «Сауда жасай білесің бе?»

**Бөлімше тақырыбы:** Ақшаны үнемдеп ұстайсың ба?

**Оқу мақсаты:**

**Тыңдалым.** 8.1. 6. 1 Тыңдалым материалдарының мазмұны негізінде деректерді келтіре отырып, дәлелді жауап беру

**Жазылым.** 8. 4. 5. 1 тақырып бойынша сөздердің маңызды бөліктерін дұрыс жазу (жеке сөздер, бірге, бөлек және дефис арқылы жазылатын сөздер)

**Бөлім тақырыбы:** «Қазақстанның су ресурстары. Ә. Нұрпейісов «Қан мен тер» романы»

**Бөлімше тақырыбы:** Су бар жерде – дәулет бар

**Оқу мақсаты:**

**Тыңдалым.** 8. 1. 1. 1 мәтін тақырыбы, тірек сөздер, иллюстрациялар арқылы көтерілетін мәселені болжау

**Жазылым.** 8. 4. 5. 1 тақырып бойынша сөздердің маңызды бөліктерін дұрыс жазу (жеке сөздер, бірге, бөлек және дефис арқылы жазылатын сөздер)

**Сабақтың мақсаты:**

- мәтін тақырыбы, тірек сөздер, иллюстрациялар арқылы көтерілетін мәселені болжайды.
- Тақырып бойынша сөздердің маңызды бөліктерін дұрыс жазады.

**Тыңдалым алды тапсырма**

Мәтінді тыңдар алдында оқушылар алдымен мәтінге арналған тапсырманы және сұрақтарды оқып, талқылайды. Таныс емес сөздерге мұғалім көмегімен аударма жасайды.

### **Жаңа сөздер:**

шыныдай – как стекло

тынбай – непрерывно

кеңею – расширяться

жалқауланбау – не лениться

мұрат – цель

жету – достигнуть

тоқталып қалма – не останавливайся

### **Дескриптор:**

- жаңа сөздермен танысады;
- аудармасын табады;
- сөйлеу барысында қолданады

### **Тыңдалым тапсырмасы.**

<https://youtu.be/NVoa2F2qpf?si=NMUy TZyt--ABStg>

### **Таза бұлақ**

Үш жолаушы бір бұлақтың қасына келеді. Бұлақ бір тастақ жерден шығып жатыр екен. Айнала қалың ағаш, жапырақтары бұлақтың үстіне төгілген, суы мұздай салқын, шыныдай мөлдір, өте таза бұлақ екен.

Бұлақтың қайнап жатқан көзіне жақын қазандай бір тасты қойыпты да, тасқа:

-Ей, жолаушы, болсаң, осы бұлақтай бол, — деп жазыпты.

Жолаушы бұлақтан шөлі қанғанша су ішеді, тастағы жазуға көзі түседі.

Сонда жолаушы былай ойлайды:

Бұл жазылған сөз - ақыл сөз екен. Бұлақ күні-түні тынбай ағып, алыс жерлерге барады. Бара-бара кеңейіп, үлкейеді. Бұған жол-жөнекей кішкене бұлақтар қосылып, сөйте бара, үлкен өзен болып кетеді. Бұдан мынадай ғибрат алуға болады. Сондай адал қызмет қыл, еш уақытта жалқауланба, тоқталып қалма, сөйтсең, ақырында сен де үлкейіп, мұратына жетесің дегені деп білемін, - деп ойлайды жолаушы.

(БІ. Алтынсарин)

### **Сұрақтар:**

1. Тастақ жерден шығып жатқан бұлақтың суы қандай еді?
2. Бұлақтың қасында жатқан таста қандай жазу болған?
3. Бұл жазудан жолаушы қандай ғибрат алған?

### **Дескриптор:**

- мәтінді түсініп оқиды;
- сұрақтарға жауап береді;
- өз ойларын ортаға салады;

### **III деңгей**

### **Сөйлемді аяқтап жазыңдар.**

Бұлақтың суы - ..... .



Таста былай жазылыпты: «...».

Бұл жазылған сөз - .... .

Бұдан мынадай ғибрат алуға болады: - ..., ..., ... .

Бұлақ дегеніміз не?

## II деңгей

1. Мәтінге күрделі жоспар құрындар.
2. Мәтіннен тірек сөздерді теріп жазып, бірнеше сөйлем құраңдар.

## I деңгей

«Адал қызмет қыл, еш уақытта жалқауланба, тоқталып қалма, сөйтсең, ақырында сен де үлкейіп, мұратына жетесің» деген ғибрат сөзді қалай түсінесіңдер?

Өз пікірлеріңді тарқатып жазыңдар.

## Дескриптор:

- сөйлемді аяқтайды;
- жоспар бойынша мазмұнын әңгімелейді;
- тірек сөздерді теріп жазады;
- сөйлем құрайды;
- пікірін тарқатып жазады:

**Түсіндірме.** 8-сынып бойынша «Қазақстанның су ресурстары. Ә. Нұрпейісов «Қан мен тер» романы», «Су бар жерде – дәулет бар» бөлімшесі таңдап алынды. Мәтін тақырыбы, тірек сөздер, иллюстрациялар арқылы көтерілетін мәселені болжау мақсатында деңгейлік тапсырмалар ұсынылды.

Тыңдалым алды тапсырмада оқушыларға жаңа сөздердің аудармасы түсіндіріліп, болжау картасы ұсынылады. Тыңдалым тапсырмасында Мәтін тақырыбы, тірек сөздер, иллюстрациялар арқылы көтерілетін мәселені болжау мақсатында сұрақтар берілді. Ары қарай деңгейлі тапсырмалар беріліп, білім алушының мәтін мазмұнын түсінуіне, тақырып туралы өз пікірін білдіруіне ықпал жасайтын тапсырмалармен қамтылды. Мәтін бойынша сөйлемді аяқтап жазу оқушыны ұқыптылыққа, ізденімпаздыққа баулиды.

.....  
**Бөлім тақырыбы:** «Қазақстанның су ресурстары. Ә. Нұрпейісов «Қан мен тер» романы»

**Бөлімше тақырыбы:** Су бар жерде – дәулет бар

**Оқу мақсаты:**

**Айтылым.** 8. 2. 4. 1 идеялық жағынан ұқсас мәтіндердегі оқиғалар желісіне бақылау жасай отырып, мазмұнның дамуын салыстыру және талдау;

**Оқылым.** 8. 3. 6. 1 тақырып бойынша бірнеше мәтінде көтерілген мәселелерді салыстыра отырып, баға беру

**Сабақтың мақсаты:**

- мәтіндерді салыстырады, талдау жасайды. Тақырып бойынша мәтінде көтерілген мәселелерді салыстырады, баға береді.

## **Оқылым тапсырмасы.**

### **Мәтін №1**

Қазақ халқы суды қадірлеумен қатар оны жалпы халыққа, тіршілікке, орман-тоғай, өсімдіктер дүниесіне ортақ тіршілік беруші деп қараған. Су бермей, судан торықтыру ең үлкен қылмыс саналған. Сол үшін атам заманнан бері қазақ үйіндегі су, қымыз, айран-шалап, көже, сүт сияқты сусындар тегін. Айдалада мал бағып отырған жалғыз үй болса да, жолаушыға сусын беріп аттандырады. Осындай тарихи деректерді еске түсіре отырып, қазіргі кездегі маңызды мәселенің бірі - қолда бар су қорын сақтай білу, оның сапасын төмендетпеу.

Су байлықтарын сақтау бүкіл халықтық іс екенін ұмытпауымыз керек. Су - бірінші қажеттілік және біздің байлығымыз. Халық даналығы «Су ішетін құдығыңа түкірме» дейді. Су байлығынан адам баласына келетін пайда көп, оларды тиімді пайдалану, сақтай білу, баршамыздың абыройлы борышымыз.


### **Мәтін №2**

Автобус Бурабай көлінің шығыс жиегін жағалай Шортанды қаласына қарай даңғыл жолмен зырғып келеді. Ауыл үйлері бірінен соң бірі қалып жатыр. Көк жалын түсті тоқымалы буалдыр нұрына малынған ағаштардың тасасынан көл жарқырай түсуде. Бағанағы оңтүстік-батыс жақтағы жасыл жиек ашылған шымылдықтың бірте-бірте созылып, Бурабайдың батыс жағын орай дөңгеленіп келеді.

Міне, көл аумағы түгел көрініп, алақанның аясындай дөп-дөңгелек болып, мөлдіреп жатыр. Қолмен әдемі орнатқан зәулім мұнарадай көкке шаншылып, батыс жақ жағада, бұйра жолды Көкшеге иек артып, Оқжетпес шыңы көлге төніп тұр. Біріне-бірі көрік беріп, жараса қабысқан мөлдір көл, айналадағы жасыл тау, жасыл дала көкжиекпен ұштасып жатқан көк теңіз сияқтанады да, Оқжетпес сол теңіз ортасындағы жартастай көрінеді.

### **1-тапсырма**

Екі мәтінді тақырыбы, мазмұны жағынан талдап, айырмашылықтары мен ұқсастықтарын айтыңдар.



### **Дескриптор:**

- мәтінді түсініп оқиды;
- тақырыбы мен мазмұнын талдайды;
- кестеге сай жұмыс жасайды;

### **III деңгей**

1. Бурабай көліндегі Оқжетпес шыңы қалай суреттелген?
2. Тірек сөздерді теріп жазып, сөз тіркестерін құраңдар

### **II деңгей**

1. Мәтіннің негізгі мазмұнын ашатын эпизодтарды табыңдар.
2. Мәтінге жоспар құрып, әңгімелендер.

### **I деңгей**

«Суды қадірлейік» тақырыбында үндеу дайындаңыз. Өз пікірлеріңді тарқатып жазыңдар.

### **Дескриптор:**

- мәтіндегі ақпаратты саралайды;
- тірек сөздермен жұмыс жасайды;
- мәтін ақпаратын салыстырып, талдайды;
- пікірін тарқатып жазады:

**Түсіндірме.** 8-сынып бойынша «Қазақстанның су ресурстары. Ө. Нұрпейісов «Қан мен тер» романы», «Су бар жерде – дәулет бар» бөлімшесі таңдап алынып, тапсырмалар деңгейлеп ұсынылды. Тапсырмалар айтылым және оқылым мақсаттарына құрылып, идеялық жағынан ұқсас мәтіндердегі оқиғалар желісіне бақылау жасай отырып, мазмұнның дамуын салыстыру және талдау, тақырып бойынша бірнеше мәтінде көтерілген мәселелерді салыстыра отырып, баға беруге құрылды.

Оқылым тапсырмасында екі мәтін ұсынылып, мәтіндерді тақырыбы, мазмұны жағынан талдап, айырмашылықтары мен ұқсастықтарын салыстыру берілді. Бұл тапсырма оқушыларға идеялық жағынан ұқсас мәтіндердегі оқиғалар желісіне бақылау жасай отырып, мазмұнның дамуын салыстыру және талдауға мүмкіндік береді. Тақырып бойынша бірнеше мәтінде көтерілген мәселелерді салыстыра отырып, баға беруде білім алушының ақпаратты іріктеу, саралау дағдылары қалыптасады.

Деңгейлі тапсырмалар білім алушының мәтін мазмұнын түсінуіне, тақырып туралы өз пікірін білдіруіне ықпал жасайды.

.....  
**Бөлім тақырыбы:** «Биоалуантүрлілік. Жойылып бара жатқан жануарлар мен өсімдіктер. М. Әуезов «Көксерек» әңгімесі.

**Бөлімше тақырыбы:** Табиғаттағы биоалуантүрлілік

**Оқу мақсаты:**

**Тыңдалым.** 8. 1. 2. 1 тыңдалған мәтіннің негізгі мазмұнын түсіну, детальді ақпараттарды анықтау;

**Оқылым.** 8. 3. 1. 1 перифраз түрінде берілген сұрақ арқылы қажетті ақпаратты анықтау;

**Сабақтың мақсаты:**

- мәтін мазмұнын түсінеді, детальді ақпараттарды анықтайды. Перифраз түрінде берілген сұрақтарға жауап береді.

**Жаңа сөздер:**

Қам қылады – готовятся

Су түбінде - не дне

**Оқылым тапсырмасы.**

Қыр хайуандары қыс таянғанын сезеді де, ерте бастан қам қылады. Кірпі мен тышқан інге кіріп, қыс қатып жатады. Кірпі жапырақ жинап соған оранады. Тышқан қу шөпке оранып, құнысады.

Тиін ағаштың қуысына тығылады. Ол күздің қара басынан ағаштың бүршігін, жаңғағын, саңырауқұлақты жинап алады. Қыстың күні соларын жейді де, ұйықтайды. Жарғанат баспаналы жерге кіріп, тырнағымен бірдеңеге жабысып, басын салбыратып жаз шыққанша ұйқымен болады.

Жылан, шаян, кесіртке, бақалар тас астына, ағаш түбіне, жылы жерге кіріп жазға дейін қатады. Қоңыз, құрт, сүліктер де сондай бірдеңе қылады.

Балықтар ғана тереңде, су түбінде қыстайды.

Қайта қоян бөлекет қыстай ақ қарға аласұрып, жүгіріп тамақ іздеп жүргені. Шөп аршып жей ме, ағаштың қабығын кеміре ме, қырманның тұқымын тере ме, әйтеуір дамыл жок. Адам қамын жемесе, үй хайуанаттарына да қыс бапты тимейді. Жыл шыққан малдың түрі қандай? Байғұстарға жылы қора, ен тамақ болар ма еді!

### Сұрақтарға мәтін бойынша жауап беріңдер.

1. Қыр хайуандары қысқа қалай дайындалады?
2. Сендер хайуандардың қысқа дайындалып жатқан сәтін көрдіңдер ме?

#### Дескриптор:

- мәтінді мазмұнын түсініп оқиды;
- детальді ақпараттарды анықтайды;
- сұрақтарға жауап береді;

#### III деңгей

#### Сөйлемдердің сыңарларын мағыналарымен сәйкестендіріңдер.

1	Кірпі жапырақ жинап	қу шөпке оранып, құсынады
2	Тышқан	соған оранады
3	Тиін ағаштың	су түбінде қыстайды
4	Балықтар ғана тереңде	қуысына тығылады

#### Жауабы:

1	Кірпі жапырақ жинап	соған оранады
2	Тышқан	қу шөпке оранып, құсынады
3	Тиін ағаштың	қуысына тығылады
4	Балықтар ғана тереңде	су түбінде қыстайды

#### II деңгей

#### Әр хайуанның әрекетіне қарай етістікті тауып, суреттің астына жазыңдар.

кірпі	тышқан	тиін	жарғанат	жылан	бақа	балық	қоян

#### Жауабы:

кірпі	тышқан	тиін	жарғанат	жыла н	бақа	балық	қоян
інге кіреді, қатып жатады	шөпке оранады, құсынады	тығылады	жабысып алады, салбырайды, ұйықтайды	жерге кіреді, қатады	жерге кіреді, қатады	су түбінде қыстайды	аласұрады, жүгіреді

#### I деңгей

#### Берілген сөйлемдерді перифраз арқылы сұрақтарға айналдырыңдар.

Қыр хайуандары қыс таянғанын сезеді де, ерте бастан қам қылады. Кірпі мен тышқан інге кіріп, қыс қатып жатады. Тиін күздің қара басынан ағаштың бүршігін, жаңғағын, саңырауқұлақты жинап алады. Жарғанат баспаналы жерге кіріп, тырнағымен бірдеңеге жабысып, басын салбыратып жаз

шыққанша ұйқымен болады. Қайта қоян бәлекет қыстай ақ қарға аласұрып, жүгіріп тамақ іздеп жүргені.

**Дескриптор:**

- сөйлемдерді сәйкестендіреді;
- детальді ақпаратты анықтайды;
- перифраз тәсілімен сұрақтар дайындайды;

**Кері байланыс:**

1. Жануарлардың қысқа дайындығы туралы не білдіңдер?
2. Жануарлар қысқа қалай дайындалады?
3. Қыста ұйқыға кететін аңдарды атаңдар.

*Түсіндірме.* 8-сынып бойынша «Биоалуантүрлілік. Жойылып бара жатқан жануарлар мен өсімдіктер. М. Әуезов «Көксерек» әңгімесі, «Табиғаттағы биоалуантүрлілік» бөлімшесі таңдап алынып, тапсырмалар деңгейлеп ұсынылды. Тапсырмалар тыңдалым және оқылым мақсаттарына құрылып, тыңдалған мәтіннің негізгі мазмұнын түсіну, детальді ақпараттарды анықтау, перифраз түрінде берілген сұрақ арқылы қажетті ақпаратты анықтау дағдыларын қалыптастыру мақсатында құрылды.

Оқылым тапсырмасында мәтін ұсынылып, перифраз түрінде берілген сұрақ арқылы қажетті ақпаратты анықтау берілді. Бұл тапсырма оқушыларға ақпараттарды саралауға талдауға мүмкіндік береді.

Деңгейлі тапсырмалар білім алушының мәтін мазмұнын түсінуіне, тақырып туралы өз пікірін білдіруіне ықпал жасайды.

**Бөлім атауы: Биоалуантүрлілік. Жойылып бара жатқан жануарлар мен өсімдіктер.**

**Сабақтың тақырыбы: «Қызыл кітапқа» енген жануарлар**

**Оқылым** - 8.3.1.1 перифраз түрінде берілген сұрақ арқылы қажетті ақпаратты анықтау;

**Жазылым** - 8. 4. 5. 1 тақырып бойынша сөйлем ішінде қойылатын тыныс белгілерді орынды қолдану.

**Оқылым мәтіні**

Жер шарында өсімдіктердің шамамен 500млн-нан астам түрі бар. Өсімдік жер шарының өкпесі деп бекер айтылмаған. Тіршілікті өсімдіксіз елестетуге болмайды.

Адамдар мен жануарлардың тыныс алуы үшін оттект қажет. Жылына бір адам тыныс алу үшін 173 мың л өттекті қабылдайтынын ғалымдар анықтап отыр. Өсімдіктер оттекті ауа қабатына бөліп шығарады. Біздің ғаламшарымыздағы өсімдіктер жылына ауа қабатына 400млн тоннадан артық оттект бөледі.

Жасыл өсімдік ауаны шаң мен улы газдардан тазартады, өсімдіктер ауға ауру туғызатын микроорганизмдерді жоятын ерекше ұшқыш зат бөліп шығарады. Өсімдіктер климатты жақсартады: ауаны салқындатады, қатты желге тосқауыл болады, аптап ыстықты қайтарады, қысықы суықтың ызғарын бәсеңдетеді. Сондықтан ауыл шаруашылық өсімдіктерін қатты аңызак желден және құрғақшылықтан сақтау үшін, қар тоқтатуда, жырлар мен тау беткейлеріндегі топырақты бекітуде орман алқаптарын пайдаланады. Топырақ түзуде де өсімдіктердің маңызы өте зор: топырақты қарашірікпен байытады.

Өсімдіктің емдік қасиеті адамзатқа ертеден белгілі. Дәрігерлердің барлығы дерлік өсімдіктерден алынады. Өсімдіктерден алынған дәрілер жүрек, қан-тамыр жүйелері, бүйрек, бауыр, асқазан, тыныс жолдары және т.б.ауруларға қолданылады. Өсімдіктердің барлық мүшелерінің шипалық қасиеттері бар. Қазақстанда кездесетін дәрілік өсімдіктерге алтынтамыр, киікоты, долана, бақбақ. Жолкелкен, итмұрын, мыңжапырақ, ермен және т.б. жатады. Қазіргі кезде дәрілік өсімдіктердің 150-ден астам түрінен дәрілер жасалады.

<https://stud.kz/referat/show/43647>

## **I-деңгей тапсырмасы**

Беліген сұрақтарға мәтін бойынша жауап беріңіз

1. Жер бетіндегі барлық тірі ағзаға не қажет?  
\_\_\_\_\_
2. Ғалымдар адамның тыныс алу жолы жөнінде нені анықтады?  
\_\_\_\_\_
3. Өсімдіктердің климатқа тигізетін пайдасы қандай?  
\_\_\_\_\_
4. Қазақстандағы қандай өсімдіктерден дәрілер алынады?  
\_\_\_\_\_

## **Дескриптор**

- негізгі ойды анықтау;
- сұрақтарды түсіну;
- сұрақтарға жауап беру .

## **Бағалау критерийі**

- негізгі ойды анықтайды;
- сұрақты дұрыс түсінеді:
- дұрыс жауап береді.



## II -деңгей тапсырмасы

Мәтiнен перифраз арқылы берлiген ақпараттың «Дұрыс» не «Бұрыс» екендiгiн анықтаңыз

Ақпарат		Дұрыс	Бұрыс
A	Жер бетiндегi өмiрдi өсiмдiктерсiз де қарасыра алмамыз		
B	Өсiмдiктердiң климатты жақсартудағы пайдасынан гөрi, зияны көп.		
C	Барлық дәрiгерлер өсiмдiктерден дәрi алууды дұрыс деп шешкен.		
D	Өсiмдiктер ауаға көмiрқышқыл газ бен улы заттардың бөлiнiп шығуына жол бермейдi.		

### Дескриптор

- ақпаратты түсiну;
- дұрыс, бұрыстығын табу;

### Бағалау критерийi

- ақпаратты түсiнiп, анықтайды;
- дұрыс жауап табады.

## III -деңгей тапсырмасы

Берiлген мәтiндi негативтен позитивке өзгертiп, сөйлем iшiнде қойылатын тыныс белгiлердi орынды қолданыңыз.

Қазiргi кезде қаланың экологиялық жағдайы өте төмен. Оған кiнәлi әрине өзiмiз, яғни адамдар. Адамдар табиғатты сүйедi, бiрақ оған өздерi аса мән бермейдi. Көптеген жасыл алқап ормандарымызды жойып оның орынана зәулiм үйлер мен зауыттар салуда. Жүрген жерлерiнде арттарынан жинамаймай қоқыстарын тастап кетiп бара бередi, ол қоқыстар жануарлар мен өсiмдiктерге қаншалықты зиян екендерiн мүлдем түсiнбейдi. Сонымен қатар қаладан алыс жерлерде зауыт-фабрикалардың тұрғаны да экологиямызға өте қауiптi. Олар ауаны ластауы мен бiрге өздерiнiң химиялық заттарымен суды да, жердi де ластауда.

### Дескриптор

- тапсырманы түсiну;
- өзгертiп жазу;
- тыныс белгiлерiн қою.

### Бағалау критерийi

- тапсырманы дұрыс түсiнедi;
- дұрыс өзгертiп жазады;
- тыныс белгiлерiн дұрыс қояды.

## Кері байланыс

- Сабақ тақырыбының маңыздылығы қандай? Қандай ой түйдіңіз?
- Табиғат адам өмірін қаншалықты өзгерте алады?
- Осы сабақта алған біліміңізді келешекте қолдана аласыз ба?

### Педагогке әдістемелік көмек:

Сабақ тақырыбына **Оқылым** - 8.3.1.1 перифраз түрінде берілген сұрақ арқылы қажетті ақпаратты анықтау; **Жазылым** - 8. 4. 5. 1 тақырып бойынша сөйлем ішінде қойылатын тыныс белгілерді орынды қолдану; мақсаттарын алып отырмын. Бұл мақсаттарды алу себебім, оқушылардың мәтінді, сөйлемді жаттанды түрде емес, өз сөзімен айтып немесе перифраз түрінде келген жағдайда оны түсіне алуында. Осы мақсаттар төңірегінде үш деңгейлі тапсырма құрастырылып отыр: барлығы орындай алады, көбі орындай алады, кейбіреуі орындай алады деп. *Бірінші тапсырма* арқылы оқушы мәтінді қаншалықты түсінді, оған өз сөзімізбен берілген сұрақтар арқылы пысықтап алу; *екінші тапсырмаға* келегенде перифраз арқылы өзгертілген сөйлемдерді мәтін ішінен таба алуы; ал *үшінші тапсырма* арқылы - оқушылардың дайын мәтінді қаншалықты мағынасын өзгертіп, оны өз пайымдауы бойынша жеткізуі. Бұл тапсырмалар оқушыны күнделіте кез келген мәтінді өз ойымен жеткізе алуына *дағдыландырады* деп есептеймін. Тапсырмалар деңгейлеріне байланысты жеңілден қиынға құрастырылған, және олар бір-бір біріне өте ұқсас. Сол себепті оқушы оларды орындауда еш қиналмайды деп есептеймін.

**Бөлім атауы: Биоалуантүрлілік. Жойылып бара жатқан жануарлар мен өсімдіктер.**

**Сабақтың тақырыбы: Мұхтар Әуезов «Көксерек» (үзінді)**

**Оқылым** - 8.3.6.1 тақырып бойынша бірнеше мәтінде көтерілген мәселелерді салыстыра отырып, баға беру;

### Оқылым

#### Дескриптор

- мәтінді түсініп оқу;
- көтерілген мәселені анықтау;

...Бір мезгілде бас жағынан сатыр-сұтыр, сырт-сырт сынған ши, тобылғы, қу шөмшектер дыбысы келді де, есін жиғанша бірдеме қасына тасырлатып келіп қалды. Дәл сол кезде түп қарағаннан аса бере, алдына жас қызыл қозы топ ете түсті. Соның артынан секіріп шыққан — көк шолақ. Ендіккен, көбік аққан тұмсығымен ақ қасқырды айнала иіскеп, әр жерін жалап алды. Содан соң

жерде үйелеп қалып, тыпырлап жатқан қозыны көре сала — "ырр" етіп барып бассалды.

Ертеңіне түсте жат иіс шықты, алыстан әлдеқандай дабырлаған дауыстар естіліп, жақындап келе жатты. Күшіктерді жоталарынан тістелеп, індерге тығып-тығып тастап, ақ қасқыр қараған ішіне кірді.

Ін үстіне мүйіз тұяқтар тасырлап дүбірлетіп келді, айқай-дабыр молайды. Бірі үстіне бірі келіп, жиын көбейді. Жерге ат үстінен тастаған ағаштар сарт-сарт түсіп жатты. Ін аузына екі аяқтылар жыбырлады. Көргіш көздер ін түбіне қадалды. Күшіктер бірі үстіне бірі үйіліп, баурын көтеріп қыбырлай алмай, жақын жерде жатыр еді.

Жып-жылы мықты тұсаулар мойнынан, жотадан ұстап бар күшікті сыртқа алып шықты. Жеті күшіктің бесеуін көздеріне қарап отырып өлтірді де, екі кішкенесін тірі қалдырды. Кетерде бұның біреуінің тірсегін қиып қалдырды да, екінші біреуін - ең кенжесін алып жүріп кетті. Қалған жалғыз күшікті тістелеп алып, екі қасқыр жоқ болды. Ін қаңырап қалды...

Осыдан соң бір жұма бойы маңайдағы ел күндіз-түні у-шу болып жатты. Қой жараланды. Қозы алып қашылды. Бұзаулар өлтірілді. Далада құлындаған биелердің бірнеше құлындары желінді.

Тұтқын болып кеткен көк күшік ауыл тұрғыны болды...

<https://on.kz/proza/muxtar-aezov-kokserek-52914/>

## I-деңгей тапсырмасы

Берілген мәтін бөліктерінен негізгі тірек сөздерді теріп жазыңыз.

1- абзац

2- абзац

3-абзац

### Дескриптор

- негізгі ойды анықтау;
- тірек сөздерді табу;
- Әр бөлікке 3 тірек сөзден теріп жазу

### Бағалау критерийі

- негізгі ойды анықтайды;
- тірек сөздер тақырыпқа сай табады

- тірек сөздерді қатесіз жазады

## II - деңгей

*Мәтінде көтерілген мәселені анықтап, өз сөзіңмен бір сөйлем төңірегінде жазыңыз.*

---



---



---

### Дескриптор


- көтерілген мәселені анықтау;
- өз сөзімен жазу;
- бір сөйлемге сыйғызу.

### Бағалау критерийі

- көтерілген мәселені анықтайды;
- өз сөзімен тиянақты жазады;
- сөйлемді қатесіз құрастырады.

## III - деңгей

1. Төменнен жоғарыға қарай сұрақтарға жауап бере отырып, мәтінді Блум пирамидасына енгізіңіз.



Біліну	Сен мәтінді қалай бағалайсың?
Жинақтау	Мәселені қалай шешуге болады?
Таңдау	Адамдардың әрекеті қаншалықты дұрыс?
Қолдану	Адамдардың орнында болсаң не істер едің?
Түсіну	Не себепті жағдай солай болды?
Білу	Мәтін не туралы?

---



---



---



---



---

---

### Дескриптор

- сұрақтарға жауап беру
- тақырып идеясын ашу
- көтерілген мәселеге баға беру

### Бағалау критерийі

- сұрақтарға дұрыс жауап береді;
- тақырып идеясын түсінеді;
- өмірмен байланыстырып, баға бере алады, .

### Кері байланыс

- Сабақ тақырыбынан өзіңізге қандай ой түйдіңіз?
- Адам баласы табиғат заңдылығын бұзуға құқылы ма ?
- Осы сабақта алған біліміңізді келешекте қолдана аласыз ба?

### Педагогке әдістемелік көмек:

Сабақ тақырыбына **Оқылым** - 8.3.6.1 тақырып бойынша бірнеше мәтінде көтерілген мәселелерді салыстыра отырып, баға беру; деген бір мақсатты алып отырмын. Бір ғана мақсатты алу себебім, бұл мақсаттың қарастыратын тапсырмасы мол, жеткілікті болуында. Бұл мақсат төңірегінде үш деңгейлі тапсырма құрастылып отыр: барлығы орындай алады, көбі орындай алады, кейбіреуі орындай алады деп. Берілген тапсырмалар арқылы оқушыда мәтіннің негізін ойын анықтау, оны алдымен тірек сөздер арқылы, кейін абзацтағы тақырыпшалар арқылы, соңында жылпы көтерілген мәселені анықтау *дағдысы* қалыптасады. Сонымен қатар алынған мақсатқа сай оқушы жай ғана оны анықтап қоймайды, үшінші деңгейге жеткен оқушылар мәтінді түсініп барып ойын жинақтайды, оны өз өмірінде қолданып көреді, соңында баға береді. Бұл деңгейге жеткен оқушылар толығымен *тақырыпты толығымен меңгерді* деп есептеледі. Алынған барлық тапсырмалар жеке орындалады, себебі мақсатта айтылғандай әр оқушы сабақ соңында тақырыпқа беретін өз бағасы шығуы тиіс.

**Бөлім атауы: Биоалуантүрлілік. Жойылып бара жатқан жануарлар мен өсімдіктер.**

**Сабақтың тақырыбы: Табиғаттағы биоалуантүрлілік**

**Тыңдалым** - 8. 1. 6. 1 тыңдалым материалдарының мазмұны негізінде деректерді келтіре отырып, дәлелді жауап беру.

**Айтылым** - 8.2.4.1 идеялық жағынан ұқсас мәтіндердегі оқиғалар желісіне бақылау жасай отырып, мазмұнның дамуын салыстыру және талдау;

## Тыңдалым

### 1-ші мәтін

Жер бетіндегі бір-біріне ұқсамайтын тіршілік иелері өте көп. Ғаламшарымызда 10 миллионнан астам түр тіршілік етеді. Тірі ағзаның әркелігі «биоалуантүрлілік» деп аталады. Биоалуантүрлілік жердегі тіршіліктің тұрақтылығының басты шарты. Табиғатта бір жануар не өсімдіктің жойылуы табиғи апатқа әкелуі мүмкін. Биоалуантүрлілік- биологиялық түрлердің белгілі бір аумақта, экожүйеде немесе тіпті ғаламшар бетіндегі әралуандылығы. Қазіргі кезде әлемде 2,5 млн-дай түр белгілі, оның 74%-ы тропиктік белдеуде, 24%-ы қоңыржай аймақта болса, тек 2%-ы полярлық белдеуде тараған. Дегенмен, ғалымдардың болжауынша, бұл деректер әлі толық емес. Себебі майда жәндіктер түрлері әлі толық анықталмаған. Түрлердің ішіндегі ең көп тарағаны — жәндіктер, олардың түрлері 1 млн-нан астам.

Дегенмен, соңғы жылдардағы әлемдік ғылыми-техникалық үдеудің нәтижесінде адам қоғамының табиғатқа зиянды әсерлерінің көбеюінен түрлер саны жыл сайын азаюда.

[https://kk.wikipedia.org/wiki/%D0%91%D0%B8%D0%BE%D0%BB%D0%BE%D0%B3%D0%B8%D1%8F%D0%BB%D1%8B%D2%9B\\_%D3%99%D1%80%D0%B0%D0%BB%D1%83%D0%B0%D0%BD%D0%B4%D1%8B%D0%BB%D1%8B%D2%9B](https://kk.wikipedia.org/wiki/%D0%91%D0%B8%D0%BE%D0%BB%D0%BE%D0%B3%D0%B8%D1%8F%D0%BB%D1%8B%D2%9B_%D3%99%D1%80%D0%B0%D0%BB%D1%83%D0%B0%D0%BD%D0%B4%D1%8B%D0%BB%D1%8B%D2%9B)

### 2-ші мәтін

Сонау 1960 жылдары ауданы 70 мың шаршы шақырымға жуықтаған Арал көлемі жағынан әлемдегі 4-ші саналған еді. Теңізге Сырдария мен Өмудария өзендері келіп құйылатын. Теңізде балықтың 34 түрі тіршілік етіп, 24-і ауланатын. Қазақстандық та, өзбекстандық та жағалауда бірнеше балық зауыты мен кеме кәсіпорындары жұмыс істеді.

Бүкіләлемдік метеорологиялық ұйым Арал теңізінің құрғап қалуын ХХ ғасырдағы ең ірі антропогендік экологиялық дағдарыстардың бірі деп атайды. Теңіздің жоғалуы Аралманының өсімдік, жануарлар дүниесіне, ландшафты мен климатына жүйелі түрде теріс әсерін тигізді. Теңізден 100 шақырымдық радиус аумақта жазда бұрынғыдан гөрі қатты ыстық әрі құрғақ, ал қыста өте суық әрі ұзақ болады. Жауын-шашынның түсуі де бірнеше есе қысқарды. Жан-жануарлардың 173 түрінің не бәрі 38-і қалды. Аралдан бөлінген тұз Антарктидаға дейін жетті. Бұл экожүйенің бұзылуына алып келді.

[https://kaz.inform.kz/news/aran-tenizi-ekologiyalyk-apat-zhane-ony-sheshu-zholdary\\_a4049221/](https://kaz.inform.kz/news/aran-tenizi-ekologiyalyk-apat-zhane-ony-sheshu-zholdary_a4049221/)

## I-деңгей тапсырмасы

Кестені толтыру бойынша екі мәтінді салыстырыңыз.

1-мәтін Айырмашылығы	Ұқастығы	2-мәтін Айырмашылығы
-------------------------	----------	-------------------------

--	--	--

### Дескриптор

- негізгі ойды анықтау;
- айырмашылықтарын табу;
- ұқсастықтарын табу

### Бағалау критерийі

- негізгі ойды анықтайды;
- айырмашылығын дұрыс табады;
- ұқсастықтарын дұрыс табады

### II - деңгей тапсырмасы

Екі мәтіннің негізгі ойы бойынша берілген сөйлемнің дұрыс жалғасын табыңыз

Экожүйенің бұзылуына әсер етеді...	әлемдік ғылыми-техникалық үдеудің нәтижесі
	адамдардың оларды өз қамқорлығына алуы
	табиғи апаттардың болуы
	адамдардың табиғатқа алаңсыздығы

### Дескриптор

- негізгі ойды анықтау;
- сөйлемнің жалғасын табу;

### Бағалау критерийі

- негізгі ойды анықтайды;
- сөйлемнің жалғасын дұрыс табады;

### III - деңгей тапсырмасы

Екі мәтіннің негізгі ойын салыстыра және талдай отырып, жұбыңызбен диалог құрастырыңыз (6-8 сөйлем).

### Дескриптор

- негізгі ойды салыстыру;
- негізгі ойды талдау;
- диалог құрастыру

### Бағалау критерийі

- ойды дұрыс салыстырады, талдайды;
- дұрыс сұрақ қоя біледі;



- сұраққа дұрыс жауап береді

### **Кері байланыс**

- Сабақ тақырыбынан өзіңізге қандай ой түйдіңіз?
- Адам баласы табиғат заңдылығын бұзуға құқылы ма ?
- Осы сабақта алған біліміңізді келешекте қолдана аласыз ба?

### **Педагогке әдістемелік көмек:**

Сабақ тақырыбына *Тыңдалым* - 8. 1. 6. 1 тыңдалым материалдарының мазмұны негізінде деректерді келтіре отырып, дәлелді жауап беру.

*Айтылым* - 8.2.4.1 идеялық жағынан ұқсас мәтіндердегі оқиғалар желісіне бақылау жасай отырып, мазмұнның дамуын салыстыру және талдау; деген бір сабақ мақсаттарын алып отырмын. Бұл мақсат арқылы оқушы тыңдалған мәтін бойынша тапсырмаларға дұрыс жауап беруге, мәтін идеяларын дұрыс салыстыра отырып ортақ шешімге келуге *дағдыландырады*. Сабаққа қойылған мақсат төңірегінде үш деңгейлі тапсырма құрастырылып отыр: барлығы орындай алады, көбі орындай алады, кейбіреуі орындай алады деп. *Бірінші тапсырма* арқылы оқушы мәтіндерді қаншалықты түсінді, оның ұқсастығы мен айырмашылығын қаншалықты таба алатындығын көре отырып біле алуымызда; *екінші тапсырмаға* келегенде оқушы екі мәтінді бірге қарастырып, ойын жинақтап тапсырманың дұрыс жауабын іздей бастайды, яғни оқушы негізгі идеяны анықтайды; ал *үшінші тапсырма* арқылы - оқушы қасындағы көршісімен жұптасып мәтінге қайта оралу арқылы оны енді бірге салыстырады, талдайды және бір –біріне сұрақ жауап диалогін құрастыру арқылы сабақты пысықтайтын болады. Әр тапсырмаға дескриптор мен критерий жасалынып отырды. Дескриптор жалпы оқушының нені орындауына құрылса, критерий оны нақтылайды, қаншалықты ол оны дұрыс орындай алды дегендей. Сабақ соңында кері байланыс жүргізіледі, яғни оқушының сабақ тақырыбына деген жеке көзқарасы. Қаншалықты сабақ оған маңызды болды, қандай ой түйді, келешекте қаншалықты ол оны пайдалана алады, өмірге қажеттілігі бар ма, жоқ па деген мәселелер толығымен сұралып, сұрыпталатын болады.

**Бөлім атауы: Наурыз және әлем халықтарының оны тойлау ерекшеліктері. Б.Бопайұлы «Қазақы наурызнама».**

**Сабақтың тақырыбы: Наурыз – түркі халықтарының дәстүрлі мейрамы**

*Тыңдалым* - 8.1.2.1 тыңдалған мәтіннің негізгі мазмұнын түсіну, детальді ақпараттарды анықтау;

*Жазылым*-8.4.3.1 жазба жұмыстарында символ мен кейіптеу түрлерін қолданып жазу

*Мәтінді араға 1-2 минут салып, екі рет тыңдау, түсіну.*

## Дескриптор

- мәтінді түсіну;
- негізгі ақпаратты анықтау;

Наурыз мейрамы - көктем мейрамы және түркі халықтарының Жаңа жылы. Бұл мереке бірнеше мың жылдан бері аталып келеді. Парсыша «наурыз» бірінші айдың бірінші күні дегенді білдіреді. Бұл айды соғдалықтар «наусарыз», хорезмдіктер «наусарджи», армяндар «навасарди», чуваштар «норас-ойахе» деп атаған.

Күн мен түннің теңеліп, жан-дүниені тірілткен, шаруаның бір малы екеу болып, арқа-басы кеңіп, аққа аузы тиген, қытымыр қыстың ызғарынан құтылып, алдағы шуақты күндерден үміттендірген Наурыз мерекесі.

Наурыз мейрамы аясында міндетті түрде атқарылатын рәсімдер баршылық. Мәселен, наурыз көже дайындалады оған тары, арпа, бидай, бұршақ, күріш сияқты жеті түрлі дән мен ақ қосады. Тұз бен суды қосқанда дәмнің саны тоғыз болуы тиіс. Түркі халқының ұғымында жеті мен тоғыз және қырық - аса киелі сандар. Сол себепті наурыз көже аса қасиетті тағам болып саналады.

Сондай-ақ бұл күні адамдар бір-бірінің үйіне кіріп, құтты болсын айтады, бұлақ көзін ашады, алдын ала үйін, ауласын кір-қоқыстан тазартады. Осы күндері дүниеге келген сәбилерге Наурызбай, Наурызгүл сынды есімдер беріледі. Дәстүр бойынша бұрын Наурыз мейрамын бүкіл ауыл-ел болып, әсіресе жастар жағы түгелдей таң шапағатын қарсы алып, арықтарды тазалап, су жіберуден, ағаш отырғызып, гүл егуден бастайды. Бұл күн жер-жерде ат бәйгесі, көкпар тарту, қыз қуу, палуандар күресі тектес ұлттық ойындардан сайыстар ұйымдастырылады. Наурыз мейрамында әркім жылы шырай сезіне бастап, сағынышты көрісулерімен, жалынды құшақтасуларымен жаңа жылды қарсы алады. Ұлыс оң болсын, ақ мол болсын ағайын!

<https://on.kz/esseler/ulystyn-uly-kuni-nauryz-meiramy-esse-158582>

## I-деңгей тапсырмасы

1. Мәтінге қатысты тірек болатын сөздерді табыңыз.
  - A) Отан, халық, үй
  - B) Болашақ, тағам, тіршілік
  - C) Мейрам, көктем, жаңару
  - D) Арман, адамдар, күш
2. Наурызда жасалатын дәстүрлерді табыңыз.
  - A) Ағаш отырғызу, гүл егу, үйді тазалау
  - B) Үйдегі қызды ұзату, ұлды үйлендіру
  - C) Алыс сапарға шығу
  - D) Кітап оқу, ертегі айту

## II-деңгей тапсырмасы

Мәтін бойынша «Дұрыс», «Бұрыс» ақпаратты көрсетіңіз.

Ақпарат		Дұрыс	Бұрыс
A	Жеті және сегіз саны түркі халқының - аса киелі сандары.		
B	Осы күндері дүниеге келген сәбилерге «Наурыз» сөзіне басталатын есімдер беріледі.		
C	Бұл күні әр отбасы өз үйлерінен шықпай, өз отбасымен мерекені қарсы алу керек.		
D	Наурыз - жаңа өмір, табиғаттың ояну символы болып табылады		

### Дескриптор

- мәтін мазмұнын түсіну;
- ақпараттарды жүйелеу;
- сөйлемдегі детальді ақпаратты табу;

### III-денгей тапсырмасы

«Наурыз - жаңа өмірдің бастауы» тақырыбында әңгіме құрастырып жазыңыз. Әңгімеңізге символ, кейіптеу элементтерін қолданыңыз. (80-100 сөз)

### Дескриптор

- тыңдалым бойынша мәліметтерді жинақтау
- символ, кейіптеу элементтерін қолдану;
- тақырыптың ашылуы

### Кері байланыс

- Сабақта сізге қандай ақпарат таныс болды?
- Сіз үшін қай тапсырма оңай болды?
- Осы сабақта алған біліміңізді келешекте қолдана аласыз ба?

### Мұғалімге көмек

Бөлім қазақ тіліне арналғандықтан қазақ тілінің ерекшелігіне қатысты мәліметтері – сөз саны, атақты тұлғалардың ойы, көзқарасы көрініс тапқан тыңдалым мәтіні оқушыны қызықтыру мақсатында таңдалып алынды. Сабақта мақсатқа қол жеткізу үшін, баланың тақырыпты толық меңгеруіне жағдай жасайтын тапсырмалар құрастырылды. Мақсаттар:

**Тыңдалым** - 7. 1. 2. 1 тыңдалған мәтіннің негізгі мазмұнын түсіну, ақпараттың өзектілігін анықтау;

**Жазылым** - 7. 4. 4. 1 тақырып бойынша мәліметтерді жинақтап, презентация түрінде ұсыну

Тыңдалым алдында оқушыларға мәтінде кездесетін таныс емес сөздер аудармасымен ұсынылды. Оқушы берілген сөздерді аудармасымен сәйкестендіруі керек, өйткені бұл тапсырма мәтін мазмұнын тез түсінуге септігін тигізеді.

Тыңдалым тапсырмасы бойынша оқушы мәтіннен тыңдаған ақпараттарын түртіп алып, кестенің тиісті бағандарына орналастырып, қызықты ақпаратты тауып, өзіне қорытынды ой шығарып отырады.

Тыңдалымнан кейін, оқушылар жұпта тыңдаған мәліметтері негізінде бір-бірімен диалог құрып, пікір алмасады.

Осы тапсырмаларды бірізді орындау арқылы, оқушы ақпаратты алу, оны іріктеу, өзектілігін анықтау, өмірмен байланыстыру жолымен өзінің тыңдау, сөйлеу, ой қорыту дағдыларын дамытады.

«Жазылым» дағдысы бойынша мәліметтерді жинақтау, іріктеу арқылы презентация немесе постер жасау арқылы оқушы өзінің сабақта алған білімін шығармашылық тұрғыдан көрнекі түрде көрсетіп, өз жұмысын көпшілік алдына шығып, таныстыруға дағдылана бастайды. Бұл оқушыны ізденімпаздыққа, шығармашылыққа, ашықтыққа, еркін сөйлеуге бейімдейді.

**Бөлім атауы: Қазақстанның айтыс өнері мен сөз мәдениеті.**

**Ринат Зайытов пен Аманғазы Кәріпжанов айтысы**

**Сабақтың тақырыбы: Айтыстың түрлері**

**Тыңдалым** - 8.1.4.1 - орта көлемді прозалық, драмалық және поэзиялық шығармалардан үзінді тыңдау, тақырыбы мен идеясын талдау;

**Тілдік бағдар** - 8.5.2.1 - жазба жұмыстарында себеп-салдар, талғаулы, кезектес салалас құрмалас сөйлемдерді құрастыру

**Тыңдау мәтіні**

Айтыс- ертеден келе жатқан қазақ әдебиетінің үлкен саласы. Айтыс “**көркемсөзбен жарысу**” дегенді білдіретін поэзияның күрделі жанры. Айтыс көпшіліктің алдында, тыңдаушы, сыншы жұрттың көз алдында туып, орындалады. Ақындардың бірі жеңіп, бірінің жеңілгеніне төрелік айтушы да сол жиынның өзі болады.

Айтыстың негізгі ерекшелігі болған оқиға, шындық өткір тілмен айтылады. Айтыс- нағыз **ақындық** өнер, **суырыпсалма** өнер. Ол-көркем ой мен **әдеби** тілдің ғасырлық даму жолын көрсетеді. Айтыстың қазақ тілінің сөздік қорын дамытуда **маңызы** зор. Тілдегі сұлу теңеулер, мақал-мәтелдер айтыс өлеңдерінде жасалған. Айтыс адамды әдемі сөйлеуге, **шешендікке**, тапқырлыққа үйретеді. Айтысқа шынайы ақындар ғана барады. Айтыс- **ұйқасқан** өлеңі ғана емес, **көркемсөз**, **бейнелі** ойға құрылған жауап. Айтыс **тапқырлықты** қажет етеді. Себебі **қарсылас** ақынның өлеңіне **ұтқыр** жауап айтылмаса, ақын **жеңіліс** табады.

Нағыз айтыскер ақын домбырасыз айтыспайды. Нағыз айтыскер ақын бірнеше өнерді меңгерген. Біріншіден, ол- сөз өнерін жақсы меңгерген шешен, екіншіден, әнші, үшіншіден, домбырада шебер ойнайтын әртіс. Кез

келген ақын айтыскер ақын болмайды. Өлең жазатын ақын көп. Бірақ бәрі суырып салып өлең айта алмайды. Айтыскер ақын өлеңді ойдан тез шығаратын дарынды, терең ойлы, ұтқыр жауап беретін, логикалық ойлауы күшті жан болуы керек.

<https://massaget.kz/kkzhiek/aytyis-oner-turalyi-ne-blemez-21999/>

### **I-деңгей тапсырмасы**

Берілген сұрақтарға мәтін бойынша жауап беріңіз.

5. «Айтыс» сөзінің мағынасы нені білдіреді?

---

6. Айтыстың негізгі ерекшелігі неде?

---

7. Нағыз айтыскер қандай болуы керек?

---

8. Айтыста қандай музыкалық аспап қолданылады?

---

### **Дескриптор**

- Мәтінді түсініп тыңдау;
- сұрақтарды түсіну;
- сұрақтарға жауап беру .

### **Бағалау критерийі**

- мәтінді түсініп тыңдайды;
- сұрақты дұрыс түсінеді;
- дұрыс жауап береді.

### **II -деңгей тапсырмасы**

Тыңдаған мәтін мазмұны бойынша, кестені толтырыңыз.

<i>Тақырыбы</i>	<i>Негізгі идеясы</i>	<i>Тірек сөздер</i>

### **Дескриптор**

- мәтінді түсініп тыңдау;
- негізгі идеясын анықтау;
- тірек сөздерді табу .

### **Бағалау критерийі**

- мәтінді түсініп тыңдайды;
- негізгі идеясын дұрыс анықтайды;
- тірек сөздерді дұрыс табады .

### **III -деңгей тапсырмасы**

Берілген сөйлемдерді жалғастырып, себеп-салдар, талғаулы, кезектес салалас құрмалас сөйлемдерді құрастырыңыз.

1.Ертеңгі айтысқа жақсылап дайындал, ... .

2. Сен бүгін не айтысқа бар, ...
3. Мен кейде өлең жазамын, ...
4. Айтыскер ақын не тапқыр, ....
5. Айтыскер адам біресе жеңіледі, .....
6. Ағам бүгін бұл концертке бара алмады, .....

### Дескриптор

- салалас құрмалас сөйлемдер түрін білу;
- берілген сөйлемдерден салалас құрмалас сөйлем құрастыра алу;
- сөйлемдерді қатесіз құрастыру

### Бағалау критерийі

- салалас құрмалас сөйлемдер түрін біледі;
- берілген сөйлемдерден салалас құрмалас сөйлем құрастырады;
- сөйлемдерді қатесіз құрастырады.

### Кері байланыс

- Айтыс қазақ халқының өмірінде алатын орны, оның маңыздылығы қандай?
- Кез келген адам айтыскер бола ала ма?
- Сабақ тақырыбының маңыздылығы қандай? Қандай ой түйдіңіз?

### Педагогке әдістемелік көмек:

Сабақ тақырыбына **тыңдалым** - 8.1.4.1 - орта көлемді прозалық, драмалық және поэзиялық шығармалардан үзінді тыңдау, тақырыбы мен идеясын талдау; **тілдік бағдар** - 8.5.2.1 - жазба жұмыстарында себеп-салдар, талғаулы, кезектес салалас құрмалас сөйлемдерді құрастыру; мақсаттарын алып отырмын. Бұл мақсаттарды алу себебім, оқушылардың мәтінді тыңдау арқылы есте сақтай дағдысын дамыту.. Осы мақсаттар төңірегінде үш деңгейлі тапсырма құрастырылып отыр: барлығы орындай алады, көбі орындай алады, кейбіреуі орындай алады деп. *Бірінші тапсырма* арқылы оқушы мәтінді қаншалықты түсінді, оған өз сөзімізбен берілген сұрақтар арқылы пысықтап алу; *екінші тапсырмаға* келегенде оқушылар тыңдаған мәтіннің мазмұны бойынша кестені толтырады. Ол кестені толтыру үшін оқушы қайта мәтінді тыңдап, мәтіннің ақпаратын детальді түрде жақсы түсінуіне әкеледі; ал *үшінші тапсырма* арқылы - оқушылар мәтін мазмұны, яғни лексикалық тақырып пен грамматиканы ұштастырып, салалас құрмалас сөйлемдерді дұрыс құрастыра білуге үйренеді. Бұл тапсырмалар оқушыны тыңдаған мәтінді, сонымен қоса тақырыпты толық меңгертеді деп есептеймін. Тапсырмалар деңгейлеріне байланысты жеңілден қиынға құрастырылған, және олар бір-бір біріне өте ұқсас. Сол себепті оқушы оларды орындауда еш қиналмайды деген ойдамын.

**Бөлім атауы: Қазақстанның айтыс өнері мен сөз мәдениеті. Ринат Зайытов пен Аманғазы Кәріпжанов айтысы**  
**Сабақтың тақырыбы: Қазіргі кездегі айтыс**

**Оқылым** - 8.3.6.1 тақырып бойынша бірнеше мәтінде көтерілген мәселелерді салыстыра отырып, баға беру

**Жазылым** - 8.4.1.1 мәтіндердің жанрлық және стильдік ерекшелігін сақтап, шағын мақала, пікір, интервью жазу

### **Тыңдау мәтіні**

#### **Бұрынғы айтыс**

Айтыс - ықылым заманнан бері сайын даланы мекен еткен қазақ атты халықтың айнымас серігі, ақылшысы, сарапшысы, өткір құралы еді. Сөз өнері ғана емес, тапқырлық пен ұшқыр ой, көсемдік пен шешендік ұштасқан тіл, діл, ұлт мектебі, өткірлік баспалдағы деп бағаланып келгенін көзі қарақты жұртшылықтың бәрі біледі.

Уақытында халық ерекше деп бағаланған Жамбыл мен Құлмамбеттен, Біржан мен Сарадан, Кемпірбай мен Шөжеден қалған үздік айтыс үлгілері бүгінде ескерткішке айналған. Біржанның мәрттігі, Сараның сөзге тоқтаған тектілігі секілді қасиеттер сол ескерткіште тұр.

Қазақ айтыс өнеріне өлердей ғашық халық. Қалтқысыз құрметпен, ардақтаумен, айтыс ақындарын әлпештеумен өсірді. Ақындар да ақ пейілді көрерменнің сеніміне қарай өнерге қызмет етті. Ел аңсаған ізгілік, мәрттік биігінен тіл қатты. Айтыс сөз мектебі ғана емес, ұлттық мінез брендіне тән сипатта болатын. Адалдық, табиғилық иісі аңқып тұратын. Жанкүйер көрермен айтыстың шаршы алаңында қара терге түскен ақын үшін тақым қысып, бірге күйіп-пісетін. Қыз-келіншектен иба, жігіттерден ірілік пен өрелілік көріп тәнті болатын, анайы, дөкір сөз айтып қалған ақынды сол мезетте-ақ үнсіз ғана қабағымен жасқап жіберетін патша көңілді көрермен. Солайша бір-бірін тәрбиелейтін, бір бірліктен табылып, біте қайнасып, ұлы өнерді бірге дамытатын...

#### **Бүгінгі айтыс**

Ал «бүгінгі айтыс» ше? Бүгінгі айтыс - жаңа заманның жаңаша айтысы. Мінезі де, тілі де, талғамы да басқаша. Екпіні-дауыл, күші-жойқын, шабыты-тасқын, ғарыштық жылдамдықпен төгетін «дарындар» өсіп шықты. Естіп отырғандарын қорытып, сіңіруге үлгірмей өң мен түстің арасында отырғандай күй кешеді тыңдаған жұрт. Шоуға айналған айтыстың ішкі-сыртқы келбеті өзгеріп, басқа арнамен кетіп барады, бірақ тірі әйтеуір. «Шоуға айналған» деуіміз де негізсіз емес. Оған дәлел қайбір жылдары өткен «Жұлдыздар айтысады» шоу-айтысы. Отандық телеарналардан берілген әншілермен, әзілкештермен, айтыскерлермен болған сол бір шоу-айтысты айтыс сүйер қауымның елегізіп отырып, көргені анық. «Айтыс ұлтты тәрбиелейді, қоғамға сүбелі ой салады» дейміз, бірақ, сол кездердегі (мысалы, сол бір 2014, 2016 жылдардағы шоу-айтыстың бейнетаспалары ғаламторда әлі бар) айтысты



көрсеңіз, айтыс па, әзілкештердің бағдарламасы ма, не көріп отырғаныңызды аңғара алмай қалатын дел-сал күйде боласыз.

<https://e-history.kz/kz/news/show/33129>

### I-деңгей тапсырмасы

. 1-2 мәтіндерге берілген екі кесте бойынша бір «шын», бір «жалған» ақпаратты анықтаңыз.

№1

	Тұжырым	Шын	Жалған
A)	Айтыс сөз өнері ғана емес, тапқырлық пен ұшқырлық ұштасқан ұлт мектебі.		
B)	Атыскерлерді қалтқысыз құрметпен, ардақтаумен емес, айтыс ақындарын ұнатпаумен өскен халық.		
C)	Жанкүйер көрермен айтыстың шаршы алаңында қара терге түскен ақын үшін тақым қысып, бірге уайымдайтын.		

№ 2

	Тұжырым	Шын	Жалған
A)	Бүгінгі айтыстың мінезі де, тілі де, талғамы да сол бұрынға айтыс секілді.		
B)	Тыңдаған жұрт естіп отырғандарын қорытып, сіңіруге үлгірмей өң мен түстің арасында отырғандай күй кешеді.		
C)	Қазіргі айтыс халыққа ешбір тәрбие бермейтіндей жағдайда.		

### Дескриптор

- мәтінді түсініп оқу;
- сөйлемдердің мағынасын түсіну;
- ақпаратқа жауап табу.

### Бағалау критерийі

- мәтінді түсініп оқиды;
- сөйлемдердің мағынасын түсінеді;
- ақпаратқа дұрыс жауап табады.

### II -деңгей тапсырмасы

Кестені толтыру бойынша екі мәтінді салыстырыңыз.

1-мәтін Айырмашылығы	Ұқсастығы	2-мәтін Айырмашылығы

### Дескриптор

- мәтінді түсініп оқу;

- мәтін айырмашылықтарын табу;
- мәтін ұқсастықтарын табу.

#### **Бағалау критерийі**

- мәтінді түсініп тыңдайды;
- мәтін айырмашылықтарын дұрыс табады;
- мәтін ұқсастықтарын дұрыс табады .

### **III -деңгей тапсырмасы**

Мәтіндердегі көтерілген мәселелерді салыстыра отырып жұбыңызбен сұрақ-жауап, интервью құрастырыңыз.

#### **Дескриптор**

- мәтіндердегі көтерілген мәселені табу;
- мәселелерді салыстыру;
- интервью құрастыру

#### **Бағалау критерийі**

- мәтіндердегі көтерілген мәселені табады;
- мәселелерді салыстырады;
- интервью құрастырады.

#### **Кері байланыс**

- Айтыс қазақ халқының өмірінде алатын орны, оның маңыздылығы қандай?
- Кез келген адам айтыскер бола ала ма?
- Сабақ тақырыбының маңыздылығы қандай? Қандай ой түйдіңіз?

#### **Педагогке әдістемелік көмек:**

Сабақ тақырыбына **оқылым** - 8.3.6.1тақырып бойынша бірнеше мәтінде көтерілген мәселелерді салыстыра отырып, баға беру; **жазылым** - 8.4.1.1 мәтіндердің жанрлық және стильдік ерекшелігін сақтап, шағын мақала, пікір, интервью жазу; мақсаттарын алып отырмын. Бұл мақсаттарды алу себебім, оқушылардың мәтіндерді оқу арқылы қазіргі айтыс пен бұрынғы айтыстың айырмашылығын білуге, көтерілген мәселелерді шеше білуге дағдыландыру. Осы мақсаттар төңірегінде үш деңгейлі тапсырма құрастылып отыр: барлығы орындай алады, көбі орындай алады, кейбіреуі орындай алады деп. *Бірінші тапсырма* арқылы оқушы мәтінді қаншалықты түсінді, оған өз сөзімізбен берілген сөйлемдер арқылы ақпараттың дұрыс не жалған екендігін тапқызу пысықтап алу; *екінші тапсырмаға* келегенде оқушылар оқыған мәтіндердің мазмұны бойынша кестені толтырады. Ол кестені толтыру үшін оқушы мәтіндегі көтерілген мәселені салыстырады, ойын жинақтайды; ал *үшінші тапсырма*- оқушыларды сабақ мақсатын толығымен жүзеге асыруға итермелейді, яғни тақырыптағы көтерілген мәселелерді салыстыра жұбымен интервью жазады. Бұл тапсырмалар оқушыны тыңдаған мәтінді, сонымен қоса тақырыпты толық меңгертеді деп есептеймін. Тапсырмалар деңгейлеріне

байланысты жеңілден қиынға құрастырылған, және олар бір-бір біріне өте ұқсас. Сол себепті оқушы оларды орындауда еш қиналмайды деген ойдамын.

**Бөлім атауы: Қазақстан-Байқоңыр-Ғарыш. Нұртөре Жүсіп «Қыран қазақ».**

**Сабақтың тақырыбы: Байқоңыр – ғарыш айлағы**

**Тыңдалым** - 8.1.6.1 тыңдалым материалдарының мазмұны негізінде деректерді келтіре отырып, дәлелді жауап беру;

**Жазылым** - 8.4.4.1 тақырып бойынша мәліметтерді жинақтап, эссе жазуда тиімді қолдану.

### **Тыңдау мәтіні**

Байқоңыр (1996 жылға дейін Ленинск қаласы) — Қызылорда облысының Қармақшы ауданындағы қала. Төретам темір жол стансасынан батысқа қарай 2 км жерде, Сырдария өзенінің оң жағалауында, Тұран жазығының қуаң белдемінде орналасқан. Тұрғыны 53 мың адам (1997). Қаланың іргесі 1955 жылы Байқоңыр ғарыш алаңын салуға байланысты қаланған. 1960 жылы қаланың тұрғыны 40 мыңға, ал 1975 жылы 74 мыңға жетті.

Климаты тым континенттік. Қысы суық, жазы ыстық әрі қуаң. Қаңтардың көпжылдық орташа температурасы  $-11^{\circ}\text{C}$ , кейбір күндері  $-35^{\circ}\text{C}$ -қа төмендейді; шілдеде  $26^{\circ}\text{C}$ , кейбір күндері  $45^{\circ}\text{C}$ -қа дейін көтеріледі. Жауын-шашынның жылдық орташа мөлшері 100 мм шамасында. Байқоңырдың жер қыртысы палеоген кезеңінің құмтасты және тақтатасты жыныстарынан түзілген. Оның бетін Сырдария аңғарының шөгінділері жапқан. Шалғынды-боз және бозғылт құмдақты топырағында баялыш, күйреуік, жусан, сораң шөптесіндер басым.

Бірнеше мың га жерді алып жатқан қала ұзақ жылдар бойына “аса құпия” нысан болып саналды. Жергілікті тұрғындар да, әскери мамандар да қаланы “10-алаң” деп атап келген. Ал қалаға іргелес жатқан “Крайний” әуежайы мен көптеген шаруашылық мекемелері және Төретам темір жол стансасы “9-алаңға” кіреді. Қалада Мәскеу авиация институтының филиалы, электр техникалық колледжі, ірі есептеу орталығы, әскери аурухана, емхана, әуежай, электр стансасы, сыра зауыттары, түрлі мәдениет ошақтары, көптеген сауда, тұрмыс қажетін өтейтін кәсіпорындар жұмыс істейді. Байқоңыр қаласының орталық алаңына бас конструкторлар С.П. Королев пен М.Г. Янгельдің ескерткіштері, сондай-ақ, тұғырға С.П. Королев құрастырған ғарыш кемесі орнатылған. Қаланың демалыс саябағында зымырандарды сынақтан өткізу кезінде қаза болғандардың (200-ден астам) бауырластар зираты, ғарышты зерттеу тарихы музейі бар. Байқоңыр қаласы мен ғарыш алаңына қажетті құрал-жабдық, техника, құрылыс материалдары, т.б. заттар Төретам темір жол стансасы арқылы жеткізіледі.

<https://bilim-all.kz/article/13041>

## I-деңгей тапсырмасы

Берілген сөздер мен сөз тіркестерін мағынасына қарай сәйкестендіріп, сөйлем құрап жазыңыздар

Байқоңыр ғарыш айлағы-	қаланы “он-алаң” деп атап келген.
Бақоңыр жерінің климаты -	ғарышты зерттеу тарихы музейі бар
Жергілікті тұрғындар да, әскери мамандар да	Төретам темір жол стансасы арқылы жеткізіледі.
Қаланың демалыс саябағында	Тым континенттік
Байқоңыр қаласы мен ғарыш алаңына қажетті құрал-жабдық, техника, құрылыс материалдары	Қызылорда облысының аумағында орналсаң.

### Дескриптор

- мәтінді түсініп тыңдау;
- тапсырманы түсіну;
- сөйлемдердің жалғасын табу.

### Бағалау критерийі

- мәтінді түсініп тыңдайды;
- тапсырманы түсінеді;
- сөйлемдердің жалғасын дұрыс табады.

## II-деңгей тапсырмасы

Мәтін мазмұны бойынша жоспар құр. Әр абзацтағы тірек сөздерді анықтаңыз.

### Жоспар:

I. \_\_\_\_\_

II. \_\_\_\_\_

III. \_\_\_\_\_

### Дескриптор

- мәтінді түсініп тыңдау;
- мәтін мазмұны бойынша ойын жинақтау;
- жоспар құру.

### Бағалау критерийі

- мәтінді түсініп тыңдайды;
- мәтін мазмұны бойынша ойын жинақтайды;
- жоспарды дұрыс құрайды.

## III -деңгей тапсырмасы

Төменде берілген тірек сөздерді қолданып, «Байқоңыр - мақтанышым» тақырыбында эссе жазыңыз. (100-120 сөз)

---

---

---

---

## Дескриптор

- Тақырып бойынша эссе жазу, абзацты жүйелі құрастыру

## Бағалау критерийі

- Абзацты жүйелі құрастырып, эссе мазмұнын ашып жазады

## Кері байланыс

- Сен үшін бүгінгі тақырып несімен құнды болды?
- Тақырып бойынша тағы не білгің келеді?
- Сабақ тақырыбының маңыздылығы қандай? Қандай ой түйдіңіз?

## Педагогке әдістемелік көмек:

Сабақ тақырыбына **тыңдалым** - 8.1.6.1 тыңдалым материалдарының мазмұны негізінде деректерді келтіре отырып, дәлелді жауап беру;

**жазылым** - 8.4.4.1 тақырып бойынша мәліметтерді жинақтап, эссе жазуда тиімді қолдану; мақсаттарын алып отырмын. Бұл мақсаттарды алу себебім, оқушылардың мәтінді тыңдау арқылы есте сақтай дағдысын дамыту. Осы мақсаттар төңірегінде үш деңгейлі тапсырма құрастылып отыр: барлығы орындай алады, көбі орындай алады, кейбіреуі орындай алады деп. *Бірінші тапсырма* арқылы оқушы мәтінді қаншалықты түсінді, оған кестеде берілген сөйлемдердің сәйкестігін табу арылы пысықтап алу; *екінші тапсырмаға* келегенде оқушылар мәтінді қаншалықты түсінгенің білу үшін әр базқа қатысты жоспар жасату. Бұл оқушылардың үшінші тапсырмаға өтуіне, яғни эссе жазудың алдындағы тапсырма болып табылады; ал *үшінші тапсырма* арқылы - оқушылар жазылым мақсатын толығымен жүзеге асыруға итермелейді, яғни тақырып бойынша толық мәліметтерді жинақтай отырып, эссе жазады. Бұл тапсырмалар оқушыны тыңдаған мәтінді, сонымен қоса тақырыпты толық меңгертеді деп есептеймін. Тапсырмалар деңгейлеріне байланысты жеңілден қиынға құрастырылған, және олар бір-бір біріне өте ұқсас. Сол себепті оқушы оларды орындауда еш қиналмайды деген ойдамын.

**Бөлім атауы:** Қазақстан-Байқоңыр-Ғарыш. Нұртөре Жүсіп «Қыран қазақ».

**Сабақтың тақырыбы:** Қазақ ғарышкерлері

**Тыңдалым** - 8.1.6.1 тыңдалым материалдарының мазмұны негізінде деректерді келтіре отырып, дәлелді жауап беру;

**Жазылым** - 8.4.4.1 тақырып бойынша мәліметтерді жинақтап, эссе жазуда тиімді қолдану.

**Тыңдау мәтіні**

Кеңес Одағының аға лейтенанты Юрий Гагарин 1961 жылы 12 сәуірде тұңғыш рет ғарышқа жол салған болатын. 108 минутқа созылған ғарыш сапары күллі әлемге әйгілі болды. Ал қазақтан тұңғыш ғарышқа отандасымыз, ғарышкер Тоқтар Әубәкіров 1991 жылдың 2 қазанында ұшқан еді. Ол өзінің ғарышқа сапарын «СоюзТМ-13» кемесі арқылы іске асырды. Ғарышкер аспан кеңістігінде жүріп, өзге ғарышкерлермен бірге биотехнология, металлургия, медицина салалары және Арал аймағы бойынша ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізіп, ауқымды жұмыстар атқарды. Өлшеусіз еңбектері де елеусіз қалмай, тіпті әуе кеңістігіндегі ерлігі үшін Гиннесс рекордтар кітабына да енген қазақ ғарышкері Қазақстанның «Халық қаһарманы», «Қазақстанның ғарышкер-ұшқышы» атағымен және «Отан» орденімен «Кеңес одағының Батыры» атағымен, «Алтын Жұлдыз» медалімен марапатталған.

Екінші ғарышкеріміз Талғат Мұсабаев аспан кеңістігіне үш рет ұшты. Алғаш ғарышқа 1994 жылы «Союз ТМ-19», екінші рет 1998 жылы «Союз ТМ-27» кемесімен ұшты. Ғарышкер кеме бортынан ашық ғарыш кеңістігіне бес рет шығып, 30 сағат 8 минут аспан аясында қалықтады. Осылайша Гиннестің рекордтар кітабына енгізілген Т.Мұсабаев 2001 жылы тағы бір мәрте ғарышқа ұшып, ерен ерлік көрсетті. Талғат Мұсабаевтың жер планетасы үшін жасаған өлшеусіз еңбегі бағаланып, ол сансыз марапатқа да ие болған.

2015 жылы 2 қыркүйекте үшінші ретқазақ ғарышкері Айдын Айымбетов ғарышқа Байқоңыр ғарыш айлағынан«Союз ТМА-16М» кемесімен сапар шекті. Айдын Айымбетов ғарышта ондаған ғылыми эксперимент жүргізді. Оның ішінде қазақтың ұлттық тағамдарын салмақсыз кеңістікте дегустациялау болды. Оған қоса ол Жер бетінің мониторингі және экологиялық апаттарды зерттеу бойынша эксперименттерді жүзеге асырды. Айдын Айымбетовтің ғарыш кеңістігін игеруге сіңірген аса зор еңбегі үшін «Халық қаһарманы» атағымен, «Алтын Жұлдыз» айрықша ерекшелік белгісімен, «Отан» орденімен марапатталған болатын.

Сонау жылдардан бері «Байқоңыр» ғарыш айлағынан түрлі аппарат аспан кеңістігіне жіберілді. Адамзат игілігі үшін пайдасы тиетін талай ғылыми жаңалықтар ашылды. Әлемде 180-нен астам мемлекет болса, солардың қатарында ғарышқа өз перзентін ұшырған елдер саусақпен санарлықтай. Әлемде өз ұлтынан үш немесе одан да көп азаматы ғарышқа көтерілген 9 ғана мемлекет бар. Соның ішінде қазақ ұлтының, қазақ мемлекетінің бәсі әрдайым жоғары.

<https://tolqyn.kz/kogam/35548-aryshkerler-el-matanyshy.html?ysclid=m0957p0lqw663681555>

## **I-деңгей тапсырмасы**

Жұптық жұмыс. Берілген сұрақтарды бір-біріңе қойып, тақырып бойынша өз пікірлеріңді дәлелденіңдер

1. Тоқтар Әубәкіров ғарышта қандай ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізді?
2. Талғат Мұсабаев қандай ерлігімен Гиннестің рекордтар кітабына енгізілген?
3. Айдын Айымбетов ғарышта қандай эксперименттерді жүзеге асырды?

### Дескриптор

- Мәтінді түсініп тыңдау;
- сұрақтарды түсіну;
- сұрақтарға жауап беру.

### Бағалау критерийі

- мәтінді түсініп тыңдайды;
- сұрақты дұрыс түсінеді;
- дұрыс жауап береді

### II-деңгей тапсырмасы

Мәтін желісіне сүйене отырып, досыңызға екі үш сөйлем арқылы хабарлама жазыңыз.

---

---

---

---

---



### Дескриптор

- мәтінді түсініп тыңдау;
- мәтін мазмұны бойынша ойын жинақтау;
- хабарлама жазу.

### Бағалау критерийі

- мәтінді түсініп тыңдайды;
- мәтін мазмұны бойынша ойын жинақтайды;
- дұрыс хабарлама жазады.

### III -деңгей тапсырмасы

Тақырып желісінен шықпай, әрбір абзацты жүйелі құрастырып, мазмұнын ашып «Ғарышты игерген ел» тақырыбында эссе жазу. (100-120 сөз)

---

---

---

---

---

### Дескриптор

- Тақырып бойынша эссе жазу, абзацты жүйелі құрастыру

### Бағалау критерийі

- Абзацты жүйелі құрастырып, эссе мазмұнын ашып жазады

### Кері байланыс

- Сен үшін бүгінгі тақырып несімен құнды болды?
- Тақырып бойынша тағы не білгің келеді?
- Сабақ тақырыбының маңыздылығы қандай? Қандай ой түйдіңіз?

**Педагогке әдістемелік көмек:**



Сабақ тақырыбына **тыңдалым** - 8.1.6.1 тыңдалым материалдарының мазмұны негізінде деректерді келтіре отырып, дәлелді жауап беру;  
**жазылым** - 8.4.4.1 тақырып бойынша мәліметтерді жинақтап, эссе жазуда тиімді қолдану; мақсаттарын алып отырмын. Бұл мақсаттарды алу себебім, оқушылардың мәтінді тыңдау арқылы есте сақтай дағдысын дамыту. Осы мақсаттар төңірегінде үш деңгейлі тапсырма құрастылып отыр: барлығы орындай алады, көбі орындай алады, кейбіреуі орындай алады деп. *Бірінші тапсырма* арқылы оқушы мәтінді қаншалықты түсінді, оған өз сөзімізбен берілген сұрақтар арқылы пысықтап алу; *екінші тапсырмаға* келегенде оқушылар жазылым мақсаты бойынша мәліметті жинақтай отырып, эссе жазудың алдында, досына кішігірім мәтін мазмұны аясында хабарлама жазу. бойынша кестені толтырады; ал *үшінші тапсырма* арқылы - оқушылар жазылым мақсатын толығымен жүзеге асыруға итермелейді, яғни тақырып бойынша толық мәліметтерді жинақтай отырып, эссе жазады. Бұл тапсырмалар оқушыны тыңдаған мәтінді, сонымен қоса тақырыпты толық меңгертеді деп есептеймін. Тапсырмалар деңгейлеріне байланысты жеңілден қиынға құрастырылған, және олар бір-бір біріне өте ұқсас. Сол себепті оқушы оларды орындауда еш қиналмайды деген ойдамын.

**Бөлім атауы: Білім. Ғылым. Инновация**

**Сабақтың тақырыбы: Жылыжай өнімі**

**Айтылым** - 8. 2. 6. 1 кесте, диаграмма, нұсқаулық шартты белгілер мен сызбаларда берілген ақпаратты талдау, баға беру

**Айтылымалды тапсырма**

**Дескриптор**

- ұшықтағы сөздердің мәнін ашады;
- сөздердің мәнін түсінеді;
- кестемен жұмыс жасайды

**1-тапсырма. Төменде берілген СмартАрт белгісіне қарап, осы үштік туралы не айтар едіңіздер?**



**2-тапсырма. Кестемен жұмыс жасаңыз.**

1	Білім	А	Зерделеу, зерттеу, тәжірибе
2	Ғылым	В	Жаңалық, өнім
3	Инновация	С	Оқу, үйрену

**Жауабы:**

1 –

2 –

3 –

**Дұрыс жауап:**

1 – С


2 – А

3 – В

**Айтылым тапсырмасы**

**Дескриптор**

- мәтін мазмұнын түсінеді;
- топта жұмыс жасай алады;
- шығармашылық таныта алады

**1-тапсырма.**  **Топтық жұмыс. Мәтінді оқып немесе сілтеме арқылы (<https://24.kz/kz/zha-aly-tar/ekonomika/item/631419-petropavlda-ashyl-an-innovatsiyaly-zhylyzhaj-al-ash-y-nimin-berdi>) тыңдап инновациялық жылыжай жұмысымен танысыңыздар.**

**Петропавлдағы инновациялық жылыжай алғашқы өнімін берді**

Петропавлда жақында ашылған инновациялық жылыжай алғашқы өнімін берді. Әзірге, күніне 4-5 тонна қияр жиналып жатыр. Экологиялық таза өнім қаладағы сауда орындарына жөнелтіледі. Жылыжай импорт өнімді алмастырып, азық-түлік белдеуін қалыптастыруға септігін тигізеді дейді мамандар. Келесі жылдан бастап қызанақ пен болгар бұрышы өсіріледі. Аумағы 3,7 гектар болатын кешен жыл бойы жұмыс істейді. Оның құрылысына 7 миллиард теңге қаржы жұмсалды. Ал инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылым мемлекет есебінен жүргізілді.

Екатерина Асаёнок, жылыжай кешенінің директоры:


- Кешен толық қуатқа көшкенде күніне 16 тонна өнім жиналады. Яғни біз аймақта қиярмен қызанаққа деген сұраныстың үштен бір бөлігін жабамыз. Алғашқы өнім сауда сөрелеріне шықты. Оның құны нарықтағы бағадан екі есеге арзан. Жалпы жаңа жылыжай өңірде бағаны тұрақтандыруға ықпал етеді.

**2-тапсырма.**

**1-топ. «1К4Қ» әдісі арқылы жұмыс жасайды.**

**Дескриптор**


- мәтін мазмұнын түсінеді;
- сұраққа жауап бере алады;
- өз ойын білдіре алады



**2-топ. Графикалық органиайзер арқылы себеп-салдар, нәтижені анықтаңыз.**

**Дескриптор**


- мәтін мазмұнын түсінеді;
- себеп-салдар мен нәтижені анықтайды;
- өз ойын білдіре алады



**3-топ. Мәтін мазмұнына сюжет қосу арқылы мазмұнын өзгертіңіз.**

**Дескриптор**

- мәтін мазмұнын түсінеді;
- сюжет қоса алады;
- мәтін мазмұнын өзгерте алады



### Айтылымнан кейінгі тапсырма

#### Дескриптор

- сұраққа жауап бере алады;
- өмірмен байланыстыра алады;
- өз ойын білдіре алады

**1-топ:** Қиярды неге ашық аспан астында өсірмеген?

**2-топ:** «Білім, ғылым, инновациялардың» бірі болмаса, қандай нәтижеге қол жеткізер едік?

**3-топ:** Жылыжай өнімін арттыру үшін не істер едіңіз?

#### Кері байланыс

- «Білім, ғылым, инновация» туралы қандай ой қалыптастыра алдыңыз?
- Бүгінгі сабақта алған біліміңіз келешекте керек деп ойлайсыз ба?
- Ғылымда жаңалық ашсаңыз, қай салаға бет бұрар едіңіз?

#### Мұғалімге көмек

Бөлім атауы: Білім. Ғылым. Инновация. Сабақтың тақырыбы: Жылыжай өнімі. Сабақтағы оқу мақсаты ретінде *Айтылым* - 8. 2. 6. 1 кесте, диаграмма, нұсқаулық шартты белгілер мен сызбаларда берілген ақпаратты талдау, баға беру – дағдысы таңдалып алынды. Бұл дағдыны жүзеге асыру үшін бөлім атауына сай, «Жылыжай өнімі» тақырыбы (тыңдалым немесе оқылым ретінде ұсынуға болатын) таңдалды.

Айтылымалды тапсырмасына «SmartArt» белгісі мен сәйкестендіру кестесі таңдалып алынды. Ондағы басты мақсат арқылы әдістер арқылы баланы өзінің тіл білу деңгейіне орай сөйлету, жаңа тақырыпқа еркін

бойлауы көзделді. Бұл баланың сабаққа еркін қатысуын, өзіне деген сенімділігін арттырып, қызығушылығын оятады.

Айтылым тапсырмасы топтық жұмыс арқылы жүзеге асырылады, ондағы мақсат – мәтінді бір жақты емес, жан-жақты талдауды жүзеге асыру, сонымен қатар сабақ мақсатына сай мәтін мәліметтерін сызба, кесте, «SmartArt» белгілері бойынша сөйлету аса маңызды, өйткені қазіргі балалар мәтіннен гөрі, сызба, кесте шартты белгілермен жұмыс жасауға бейім. Оқушылар топ ішінде бір мәтіннен өздеріне тиісті тапсырманы орындап, жауап беруге талпынады. Бұл әдіс баланың уақытты тиімді пайдалануына, топ мүшелерінің түгел қатысуын қадағалауға, тапсырманы жылдам әрі тез орындауға, жауапты нақты беруге тырысу арқылы коммуникативтік қарым-қатынас орнатуға, жауапкершілік дағдыларын қалыптастыруға септігін тигізеді.

Айтылымнан кейінгі тапсырма арқылы оқушының креативті ойлауға жетелейтін сұрақтарға көзделген. Оқушылар берілген сұрақтарға жауап беру арқылы бір сәтке өздерін ересек сезініп, өз ойлары мен пікірлерін еркін білдіруге бейімделеді. Сабақта алған әрі өздері білетін білімдеріне сүйеніп, ұсыныс жасап үйренеді.

**Бөлім атауы: Білім. Ғылым. Инновация**

**Сабақтың тақырыбы: Ғылым мен техника жаңалықтары**

*Айтылым - 8. 2. 4. 1 идеялық жағынан ұқсас мәтіндердегі оқиғалар желісіне бақылау жасай отырып, мазмұнның дамуын салыстыру және талдау*

**Айтылымалды тапсырма**

**Дескриптор**

- жаңа сөздермен танысады
- баламасымен танысады
- сөйлеу барысында қолданады

<b>Бірінші тыңдалым мәтіні</b>	
бәсекеге қабілетті	бәсекеге қарсы тұра алатын
сейсмикалық барлау	жер сілкінісін бақылау
сейсмикалық қабылдағыш	жер сілкінісі белгісін қабылдау
геологиялық барлау	жерге барлау жасау
экономикалық тиімділік	экономикалық пайда
үнемдеу	аз жұмсау
<b>Екінші тыңдалым мәтіні</b>	
дарынды балалар	білімді балалар
құрылғы	қондырғы
баламасы жоқ	теңдесі жоқ
тың жоба	жаңа жоба
күрделендіру	ұлғайту
ұштастыру	сабақтастыру
қоғамға пайда келтіру	қоғамға көмек беру

## Айтылым тапсырмасы

**1-тапсырма.**  **Топтық жұмыс.**

Екі мәтінді тыңдап, мазмұнын түсініп, кестемен жұмыс жасап, оны айтып беруге дайын болыңыз.

**1-тыңдалым мәтіні.** Геологиялық барлауға арналған жаңа технология <https://www.youtube.com/watch?v=vFyQOwIwgyI>


**2-тыңдалым мәтіні.** Жас өнертапқыштар. <https://www.youtube.com/watch?v=W0OCd7dSOTg>

**2-тапсырма.**

**Дескриптор**

- мәтін мазмұнын түсінеді;
- айырмашылығы мен ұқсастығын анықтайды;
- екі мәтінді салыстырады;
- сенімді жауап береді

**1-топ.** «Венн» диаграммасы арқылы екі мәтіннің айырмашылығы мен ұқсастықтарын анықтап, салыстыра талдаңыз.



**2-топ.** Тыңдалым мәтіндері негізінде кестені толтырып, ауызша жауап беріңіз.

**Дескриптор**

- мәтін мазмұнын түсінеді;
- идеясы мен мақсатын анықтайды;
- ақпараттарды салыстырады;
- сенімді жауап береді

1-мәтін	2-мәтін
Тыңдалымның негізгі идеясы	
Тыңдалымның негізгі мақсаты	

Тыңдалымның маңызды ақпараты	
Сіздер білмейтін мәліметтер тізімі	

**3-топ. Екі тыңдалым мәтініне ортақ «SWOT» талдау жасаңыздар.**

**Дескриптор**

- мәтін мазмұнын түсінеді;
- мықты, әлсіз жақтарын анықтайды;
- мүмкіндіктері мен қауіптерін біледі;
- сенімді жауап береді



**Айтылымнан кейінгі тапсырма**



**Топтық жұмыс. Топқа берілген сұрақтарға «ПОПС» формуласы бойынша жауап беріңіздер.**

**Дескриптор**

- сұрақ мазмұнын түсінеді;
- тақырыпқа сай жауап береді;
- «ПОПС» формуласы бойынша жауап береді

**«ПОПС» формуласы**

- *«Біздің ойымыз, ... »*
- *«Себебі, біз оны былай түсіндіреміз ... »*
- *«Оны мына фактілермен, мысалдармен дәлелдей аламыз ... »*
- *«Осыған байланысты біз мынадай қорытынды шешімге келдік .... ».*

**1-топ. Сіздер ӨНЕРТАПҚЫШ болсаңыздар адам өмірін жеңілдететін қандай жаңалық ашар едіңіздер?**



**2-топ.** Жаңа технология адам денсаулығына қалай әсер етеді деп ойлайсыздар?

**3-топ.** Адам өмірін сан алуан технология жаңалықтарымен жеңілдете берген дұрыс деп ойлайсыздар ма?

### **Кері байланыс**

- Сабақтан қандай әсер алдыңыз?
- Сабақта алған біліміңіз сізге келешекте қажет деп ойлайсыз ба?
- Болашақ инновацияға тәуелді деген оймен келісуге болады ма?

### **Мұғалімге көмек**

Бөлім атауы – «Білім. Ғылым. Инновация», сабақтың тақырыбы – «Ғылым мен техника жаңалықтары», сабақтың мақсаты – Тыңдалым - 8. 2. 4. 1 идеялық жағынан ұқсас мәтіндердегі оқиғалар желісіне бақылау жасай отырып, мазмұнның дамуын салыстыру және талдау.

Айтылымалды тапсырмасында оқушылар тыңдалым мәтіндеріндегі сөздермен және олардың баламасымен танысады, есте сақтайды. Бұл мәтінді меңгеру жолдарының бірі болып табылады.

Айтылым тапсырмасы арқылы оқушылар топқа бөлініп екі тыңдалым мәтінін түсінгенін салыстыру, оқиға желісінің дамуын анықтау арқылы көрсете алады. Үш топқа үш түрлі әдіс - «Венн» диаграммасы, кесте толтыру, «SWOT» талдау беріліп, осы әдістердің талап-шарттарын орындау арқылы жұмыс жасап, дағды қалыптастырады. Әр топқа қолданылған әдісіне сай дескрипторы болады, оқушылар топта дескриптор бойынша жұмыс жасайды.

Айтылымнан кейінгі тапсырмада оқушылар «ПОПС» формуласы арқылы өздерінің тобына тиесілі сұрақтарға жауап береді. Бұл жауап сабақты қорытындылау, ойын жүйелеу, тың мәліметтерге өз ойын жеткізу т.с.с. дағдыларды өз бетінше меңгеруге үйретеді.

**Бөлім атауы:** Сауда жасай білесің бе?

**Сабақтың тақырыбы:** Үздік сауда орталықтары

Айтылым – 8. 2. 6. 1 кесте, диаграмма, нұсқаулық шартты белгілер мен сызбаларда берілген ақпаратты талдау, баға беру

**Айтылым тапсырмасы.** Ұсынылған шағын мәтінді оқып, Алматы қаласындағы ірі сауда ойын-сауық орталықтарын атаңыз.

**Дескриптор**

- мәтін мазмұнын түсінеді;
- Алматыдағы сауда орталықтарын біледі;
- кем дегенде 3 сауда орталығын атайды

«Үлкен қала өмірі» дегенді естігенде ойыңызға не келеді? Әрине, бірнеше ой келеді, алайда ең маңыздыларының бірі – сауда және ойын-сауық орталықтары. Неліктен сауда орталықтары? Себебі сауда орталықтары адамға

қажеттінің бәрін ұсына алады: мейрамханалар, дүкендер, кинотеатрлар, СПА, жаттығу залдары, кафелер және т.б. Осылайша әр жерге бөлек-бөлек бармай-ақ өз қажеттіліктеріңізді бір жерден-ақ қанағаттандыра аласыз. Алматыда сауда орталықтары көп.

### Айтылым тапсырмасы. **Топтық жұмыс.**

**1-тапсырма.** Берілген суреттер бойынша сауда ойын-сауық орталықтарын анықтаңыз және бірін таңдаңыз.



**2-тапсырма.** Таңдап алынған суретке сай өз тобыңызға тиесілі мәтінмен танысыңыз және кесте бойынша мәтін мазмұнына талдау жасап, айтып беріңіздер.

**1-топ.** Мәтіннен негізгі, қосымша, детальді ақпараттарды тауып, кестені толтырыңыз.

#### Дескриптор

- мәтін мазмұнын түсінеді;
- негізгі, қосымша, детальді ақпараттарды анықтайды;
- топ пікірін білдіріңіз

2 негізгі ақпарат	3 қосымша ақпарат	5 детальді ақпарат	Топтың пікірі
1. ...	1. ...	1. ...	
2. ...	2. ...	2. ...	
	3. ...	3. ...	
		4. ...	
		5. ...	

#### Есентай Молл

Esentai Mall - бұл ерекше атмосфера, сауда және ойын-сауық жағдайларын жасау үшін жасалған ерекше орындардың бірі. Мұнда сіз фитнес-клуб және СПА, балалар ойын-сауық аймақтарын таба аласыз, мұның бәрі көлік мінгендерге де, жаяу жүргіншілер үшін де оңай қол жетімді жерде. Сонымен қатар, Esentai молда Ritz-Carlton қонақ үйі, жақын жерде жап-жасыл саябағымен Esentai апартаменттері бар. Сауда орталығы 6 қабаттан, 100-ден астам сәнді дүкендерден, тамақтануға арналған 14 орындардан, Korean House Restaurant, EAST, Esentai Gourmet Bar, Fellini Grill Pasta Bar, OZYURT, PAUL Café, SUSHI'N'ROLL және т.б. сияқты орындардан тұрады. Есентайда түрлі ойын – сауықтар болғандықтан балалар үшін де, ересектер үшін де өте қолайлы: Esentai галереясы - заманауи еуропалық және қазақстандық суретшілердің көрмелерін, өнер және музыка тарихы бойынша дәріс курстарын ұйымдастыру, жаңадан бастап келе жатқан коллекционерлер үшін семинарлар өткізу арқылы Қазақстанда арт-нарықты дамытуға ықпал етеді; Next Esentai - отбасылық демалыс үшін өте ыңғайлы ірі ойын-сауық орталығы.

**2-топ. Мағынаны тану кестесін мәтінді топта оқу арқылы талқылайды. Мәтінге белгілер қойылады.**

### Дескриптор

- мәтін мазмұнын түсінеді;
- белгілі әрі жаңа ақпаратты анықтайды;
- жұмбақ ақпараттарға тоқталады

	+	-	?
Бұл маған белгілі ақпарат	Мен үшін жаңа ақпарат	Бұл менің ойыммен сәйкес келмейді	Мен үшін жұмбақ нәрсе

### Достық Плаза

Достық Плаза – біздің қаламыздағы ең танымал орындардың бірі. Егер сіз жоғары деңгейдегі қызмет және жақсы интерьерді бағалай білетін болсаңыз, онда бұл сауда орталығы сізді қарсы алады. Қонақтар сауда жасау, фильмдер көру, ойын алаңында балалармен ойнау және т.б. сияқты түрлі ойын-сауықтармен айналысып, жақсы уақыт өткізе алады. Сонымен қатар, бұл орын тікелей қала орталығында орналасқандықтан, өте ыңғайлы. Сауда орталығы фирмалық дүкендері бар, сондай-ақ кинотеатры және мейрамхана ауласы бар 4 қабаттан тұрады.

**3-топ. Мәтінмен танысып, келесі үлгі бойынша мәтін ақпараттарын талдаңыздар.**

### Дескриптор

- мәтін мазмұнын түсінеді;
  - идеясы мен мақсатын анықтайды;
  - маңызды ақпараттарға тоқталады
- ✓ Мәтіннің негізгі идеясы:  
\_\_\_\_\_
- ✓ Мәтіннің мақсаты:  
\_\_\_\_\_
- ✓ Бренд атаулары:  
\_\_\_\_\_
- ✓ Маңызды ақпараттар:  
\_\_\_\_\_
- ✓ Мәтінге қатысты сіз білмейтін бірнеше мәлімет тізімі  
\_\_\_\_\_

### Мега Алма-Ата

Қалада сауда орталықтары көп болғанына қарамастан, Мега Алма-Ата орталығы қаланың ең алғашқы сауда орталықтарының бірі болып табылады, алайда осыған қарамастан халық ең көп баратын және танымал сауда орталығы болып табылады. ZARA, New Yorker, Armani Jeans, Marc O'Polo, Monsoon Accessorize, Baldinini, Starbucks, Burger King, KFC, Hardee's және басқа да көптеген танымал брендтер Мега Алма-Ата орталығында алғашқы дүкендерін ашты. Бутиктерден басқа, Мега Алма-Ата адамдарды Scott Lighting Британдық компаниясының «Күн» шамы, 12 метрлік «Wish Tree» алма ағашы,

белгілі суретші Марат Бекеевтің картиналары сияқты және т.б. түрлі арт-нысандарымен қызықтырады. Сондай-ақ, 3-ші қабаттағы мейрамханалар галереясымен таң қалдырады, онда Crudo, SADU, ASSORTI Kazan, «Ресторанный дворик», Korean House және «Вьет Кафе» сияқты мейрамханалар бар. Аттракциондар өндірісі бойынша әлемдік көшбасшы Technical Park (Италия) салған қалаға келушілерді айналма дөңгелегі де тартады, ол қаладағы ең биік құрылыстардың бірі болып табылады.

**Айтылымнан кейінгі тапсырма. Берілген сауда белгілерінің бірін тандап, оларға ауызша жарнама жасаңыздар.**

### Дескриптор

- сауда белгісін біледі;
- сауда белгісіне сай жарнама жасайды;
- пайдасы мен тиімділігін айта алады;
- тыңдаушыны қызықтыра алады

#### 1-топ



#### 2-топ



#### 3-топ



### Кері байланыс

- Сауда ойын-сауық орталықтарына қаншалықты жиі барасыз?
- Осындай сауда орталықтары тұрғындардың демалысын қамтамасыз ете алады ма?
- Сауда орталықтары еліміздің экономикасы үшін тиімді деп санайсыз ба?

### Мұғалімге көмек

Бөлім атауы – «Сауда жасай білесің бе?», сабақтың тақырыбы – «Үздік сауда орталықтары». Сабақтың мақсаты – Айтылым – 8. 2. 6. 1 кесте, диаграмма, нұсқаулық шартты белгілер мен сызбаларда берілген ақпаратты талдау, баға беру

Айтылым алды тапсырмасының бірінші бөлімі бойынша танымал сауда орталықтарының суреттері беріліп, балалардың оны анықтауы талап етіледі, екінші бөлімі бойынша оқушыларға сауда ойын-сауық орталықтары туралы шағын мәтін үлестіріледі. Осы берілген тапсырмалар арқылы бүгінгі сабақтың мазмұны неден тұратындығы, неге берілгендігі туралы ой туындап, қызығушылығы арта түседі.

Ал енді айтылым тапсырмасына да осы ойын-сауық орталықтарының суреттері үш топқа үлестіріліп, сол бойынша берілген кесте, үлгі бойынша жұмыс жүргізіледі. Ол тапсырмалар мәтінді талдауға, ақпараттың маңыздылығын анықтауға бағытталған. Ол арқылы оқушылар өздерінің талдау, зерттеу, ақпаратты іріктеу қабілеттерін дамыта алады.

Айтылымнан кейінгі тапсырма бойынша оқушыларға сауда белгілерін таңдау мүмкіндігі беріліп, оларға ауызша жарнама жасау тапсырылады. Осы

жарнама жасау арқылы оқушы өзінің айтылым дағдыларын дамытады, сөздік қорын барынша қолдануға талпынады.

Кері байланыс сұрақтары тікелей оқушының өмірімен әрі қоғаммен байланысты болып отыр, өйткені оқушы сабақта алған білімін өз өмірімен байланыстыра алуға дағдылануы керек.

**Бөлім атауы: Достық пен татулық - таптырмас бақыт**

**Сабақтың тақырыбы: Адал дос**

Айтылым – 8. 2. 5. 1 пікірталасқа қатысушылар берілген тақырып бойынша өз пікірлерін сенімді дәлелдеу және қойылған сұрақтарға еркін жауап беру;

**Айтылымалды тапсырмасы. Суреттерді мағынасына қарай сәйкестендіріңіз.**

**Дескриптор**

- суреттерді түсінеді;
- сурет пен сөз, сөз тіркестерін сәйкестендіреді;
- сөйлем құрайды

Бүгін менің жан досым  
кеудемнен итерді



Құм



Бүгін менің жан досым  
өмірімді сақтап қалды



Тас




**Айтылым тапсырмасы. Берілген бейнежазбаны көріп, мағынасын түсіну және екі топ арасында пікірталас жүргізіңіздер:**  
<https://www.youtube.com/watch?v=gH3zqZPR4EQ>

**Дескриптор**

- бейнежазбаны түсінеді;
- сұрақтарды түсінеді;
- сенімді әрі дәлелді жауап береді

1. Дос қандай болуы керек?
2. Адамға неліктен жақсы дос қажет?
3. Досыңызға қиын жағдайда қол ұшын бере аласыз ба?
4. Егер өзіңізге кесірі тиетін болса, досыңызды құтқара аласыз ба?
5. Адал дос деген қандай дос?

**Айтылымнан кейінгі тапсырма. Жеке жұмыс. Өз досыңыздың жақсы қасиеттерін кластер арқылы жазып, сипаттап, дәлелдеп беріңіз.**



### **Дескриптор**

- өз досын сипаттайды;
- жақсы қасиетіне дәлел келтіреді;
- сенімді жауап береді

### **Кері байланыс**

1. Қалай ойлайсың, доссыз өмір сүруге болады ма?
2. Өзіңіз қандай доссыз?
3. «Адал дос» қандай болу керек деп ойлайсыз?

### **Мұғалімге көмек**

Бөлім атауы – «Достық пен татулық - таптырмас бақыт», сабақтың тақырыбы – «Адал дос», сабақтың мақсаты – 8. 2. 5. 1 пікірталасқа қатысушылар берілген тақырып бойынша өз пікірлерін сенімді дәлелдеу және қойылған сұрақтарға еркін жауап беру.

Айтылымалды тапсырмасы бойынша «Адал дос» атты бейнежазбада кездесетін сөздер мен сөз тіркестерін суреттермен сәйкестендіру тапсырмасы берілді. Бұл тапсырма оқушының логикалық тұрғыдан ойлау қабілеті мен сөздердің мағынасын тез түсінуіне септігін тигізеді. Сонымен қатар бейнежазбадағы айтылатын ойды тез түсінуіне, өз өмірімен байланытыруына көмектеседі.

Айтылым тапсырмасында оқушыларға ұсынылған бейнежазбаны көріп, мағынасын түсіну және екі топ арасында пікірталас жүргізу жұмысы берілген.



Оқушылар екі топқа бөлініп, «Дос» тақырыбына қатысты пікір алмасып, өз ойларын дәлелді, сенімді әрі еркін жеткізуге тырысады. Осы тапсырманы орындау барысында да дескрипторға сүйеніп, топтар бір-бірін бағалау мүмкіндігіне ие болады.

Оқушылар айтылым тапсырмасынан кейін жеке жұмыс жасап, өз досының жақсы қасиеттерін кластер арқылы жазып, сипаттап, дәлелдеп беруі керек. Бұл тапсырма оқушының тақырыпты өз өмірімен байланыстыруын, мысал келтіріп, дәлелді әрі сенімді жауап беруін талап етеді.

### **Бөлім атауы: Тарихи тұлғалар тағылымы**

### **Сабақтың тақырыбы: Исатай мен Махамбет**

Айтылым – 8. 2. 4. 1 идеялық жағынан ұқсас мәтіндердегі оқиғалар желісіне бақылау жасай отырып, мазмұнның дамуын салыстыру және талдау

**Айтылымалды тапсырма. Бейнежазбаны тыңдап, қандай тарихи тұлға және тарихи оқиға туралы екенін анықтаңыз?**

<https://www.youtube.com/watch?v=o57btEO2Do>

#### **Дескриптор**

- бейнежазбаны тыңдайды;
- бейнежазба мазмұнын түсінеді;
- тақырыбы мен кейіпкерін анықтайды

**Айтылым тапсырмасы.**  **Топтық жұмыс.**

**1-топ. Екі мәтінді оқып, мәтіндегі оқиға желісін анықтаңыздар.**

#### **Дескриптор**

- екі мәтінді оқиды;
- кесте бойынша талдайды;
- мәтіндердің мазмұнын түсінеді;
- мәтіндердегі оқиға желісін анықтайды

1-мәтін	2-мәтін
<b>Мәтіннің қысқаша мазмұны</b>	
<b>Мәтіннің басты кейіпкері</b>	
<b>Мәтіннің оқиға желісі</b>	

**2-топ. Екі мәтінді оқып, мазмұнын салыстырыңыз, талдаңыздар**

#### **Дескриптор**

- екі мәтінді оқиды;
- мәтіндердің мазмұнын түсінеді;
- мазмұнын салыстырады, талдайды

1-мәтін	2-мәтін
<b>Автор көтерген мәселе</b>	



<b>Тарихи тұлға мен оқиға туралы дерек</b>	
<b>Мәтін аудиториясы</b>	
<b>Мәтіннің мақсаты</b>	

## **1-мәтін**

### **Жәңгір ханға жақын болды**

1824-1828 жылдары Махамбет Өтемісұлы Орынборда оқып жатқан Жәңгір ханның ұлы Зұлқарнайынның тәрбиешісі болды. Сол қалада тұрды деген мәліметтер де бар. Алайда Махамбет Зұлқарнайынның жанында ұзақ уақыт жүрмеген. Себебі 1834 жылдары Бөкей Ордасындағы саяси шиеленістерге белсенді атсалысты. Тіпті, сол жылы старшын болып тағайындалады. Осылайша, Жәңгір хан Исатай бастаған азаттық қозғалыстың басты дем берушісі Махамбетке шен беру арқылы оның саяси көзқарастарын өзгертуді көздеген. Бірақ одан еш нәтиже шықпады. Оған дейін батыр Жәңгір ханның жақыны саналған. Алайда уақыт өте келе, наразы халықтың жағына шығып, азаттық қозғалысты ұйымдастырушылардың қатарына қосылды.

## **2-мәтін**

### **Халық батыры - Исатай Тайманұлы**

Халық батыры И.Тайманұлы 1791 жылы қазіргі Атырау облысы, Қызылқоға ауданы, Тайсойған құмындағы Тайман жалы деген жерде дүниеге келген. Батыс Қазақстанда болған халық көтерілісінің саяси көсемі, қайсар қолбасшысы, халық батыры.

Жас та болса, бас болған Исатайды көре алмаушылар көп болды. Жала жабылып, И.Тайманұлы 1818 жылы Сарайшық түрмесіне қамалады. Беріштің биі Жүзбатыр 20 мың сом ақша беріп, оны түрмеден босатып алады. Исатай 1824 жылы тағы да тұтқындалып, Орынбор түрмесіне жабылады. Бірақ, оған тағылған кінәлар дәлелденбей, ол босатылады.

1836-1837 жылдардағы Бөкей хандығындағы немесе Ішкі Ордадағы батыр Исатай Тайманұлы басқарған халық-азаттық көтеріліс еді. Оның мақсаты - Жәңгір ханның халыққа жасап отырған озбырлығына шек қою, шаруалар жағдайын жақсарту.

1838 жылы Ақбұлақ өзенінің жағасындағы кескілескен шайқаста Исатай батыр да, оның 16 жасар ұлы Оспан да қаза табады.

**Айтылымнан кейінгі тапсырма.** «Не себепті Исатай мен Махамбеттің ерлігі ел есінде мәңгі қалған?» деген сұраққа «ПОПС формуласы» арқылы топта ауызша жауап беріңіздер.

**«ПОПС» формуласы**

- Бірінші сөйлем «Біздің ойымша,... »
- Екінші сөйлем «Себебі, біз оны былай түсіндіреміз ... »

- Үшінші сөйлем «Оны мына фактілермен, мысалдармен дәлелдей аламыз ... » (ойдың ретін білдіретін қыстырма сөздер)  
Соңғы сөйлем «Осыған байланысты біз мынадай қорытынды шешімге келдік .... ».

### **Кері байланыс**

1. Исатай мен Махамбет сынды батырлар қазіргі кезде бар ма?
2. Батыр болу үшін қандай қасиетке ие болу керек?
3. Батыр атансаңыз қандай қасиетке ие болар едіңіз?

### **Мұғалімге көмек**

Бөлім атауы – «Тарихи тұлғалар тағылымы», сабақтың тақырыбы – «Исатай мен Махамбет», сабақтың мақсаты – айтылым – 8. 2. 4. 1 идеялық жағынан ұқсас мәтіндердегі оқиғалар желісіне бақылау жасай отырып, мазмұнның дамуын салыстыру және талдау.

Сабақтың тақырыбына және мақсатына байланысты екі мәтін алынып, тапсырмалар да соған байланысты құрылды. Сондықтан айтылымалды тапсырмасына екі мәтінге де ортақ мәліметі бар шағын бейнежазба алыннып отыр. Сол бейнежазбаны көріп, оқушылар өз ойларын білдіріп, тақырыпқа шығады. Тақырыпты анықтап алған соң, негізгі тапсырманы орындау үшін оқушылар екі топқа бөлінеді.

Айтылым тапсырмасы бойынша оқушылар топта екі мәтінді оқып, өздеріне тиесілі кесте бойынша дескриптор талаптарына сүйеніп, мәтіндерді талдайды. Осы жұмыс арқылы оқушылар сабақтағы айтылым дағдысының талаптарына қол жеткізіп, өздерінің салыстыру, түсіну, талдау дағдыларын шыңдай түседі.

Айтылымнан кейінгі тапсырма арқылы оқушылар «Не себепті Исатай мен Махамбеттің ерлігі ел есінде мәңгі қалған?» деген сұраққа «ПОПС формуласы» арқылы топта ауызша жауап беруі тиіс болады. Бұл топ мүшелерінің өз ойын, пікірін аргумент келтіре отырып, дәлелді әрі толымды жауап беруге бейімдейтін тиімді тәсіл болып табылады.

## **9-сынып**

### **1-тоқсан**

**Бөлім тақырыбы:** Қазақ жазуының даму жолы


**Бөлімше тақырыбы:** Тасқа қашалған жазулар

**Оқу мақсаты:** 9.1.1.1 тыңдалатын мәтіндегі фразалар мен дәйексөздерді талқылай отырып, тақырып пен көтерілетін мәселені болжау.

**Сабақтың мақсаты:** тыңдалатын мәтіндегі фразалар мен дәйексөздерді талқылай отырып, тақырып пен көтерілетін мәселені болжайды.

**Тыңдалым алды тапсырмасы**

**«Болжау» әдісі**



«БИНГО» ойыны арқылы берілген сөздердің мағынасын түсіну.

құлпытас	Түрік мемлекеті	жартас
Руна	жазбалар	қағанат
төл жазу	дүниетаным	дәуір

### Мәтін (тыңдалым мәтіні)

Ежелгі түрік тайпалары көне түрік жазуымен жазған. Көне түрік әліпбиі 35 әріптен тұрады. Түріктердің әліпбиі өздерінің ру-тайпаларының таңбалары негізінде жасалған. Жерімізде түрік жазуының пайда болған мерзімі туралы жаңа пікірлер туды. Көне түрік жазуы б.з.б. 1 мыңжылдықтың ортасында қалыптасқан. Алматы, Павлодар облыстарының жеріндегі сақ тайпаларының обаларынан түрік тіліндегі жазулардың табылуы бұған дәлел болады. Талас, Іле, Сыр, Ертіс өзендері бойынан соңғы 30-40 жыл ішінде көне түрік жазуларының көптеген ескерткіштері табылды. Ислам дінінің таралуына байланысты араб жазуы түрік билеушілері арасында тез қабылданды. Бұл жағдай түрік жазуының өмірде қолдану аясын тарылта бастаған. Ел ішінде түрік жазуымен қатар соғды жазуы кең тараған.

Жазу өнерінің дамуына байланысты 8 ғасырда жазба әдебиет пайда болды. Түрік жазба әдебиетінің көне ескерткіштері – “Күлтегін” және “Тоныкөк” жазулары. “Қорқыт ата” мен “Оғызнама” – 8-9 ғасырларға жататын шығармалар. Бұл шығармалар 8 ғасырда ауызша айтылған, 11 ғасырдан бастап қағазға түсе бастаған.

<https://itest.kz/kz/ent/qazaqstan-tarihy/7-synyp/lecture/turikterding-ruhani-madenieti>

### Тыңдалым тапсырмасы

#### «Таным» кестесі

Тірек сөздер	Мәтін не туралы?	Мәтіннен қандай ақпарат алдың?

#### Дескриптор:

- тірек сөздерді, дәйексөздерді теріп жазады;
- мәтін не туралы екенін анықтайды;
- негізгі ақпаратты анықтайды, көтерілетін мәселені болжайды

#### Тыңдалымнан кейінгі тапсырма. «ПОПС формуласы»

Бірінші сөйлем: «Менің ойымша,....»

Екінші сөйлем: «Себебі, мен оны былай түсіндіремін...»

Үшінші сөйлем: «Оны мен мына фактілермен, мысалдармен дәлелдей аламын....»

Соңғы сөйлем: «Осыған байланысты мен мынадай қорытынды шешімге келдім...»

**Дескриптор:**

- тыңдалым бойынша өз пікірін білдіреді;
- өз пікіріне қатысты себебін түсіндіреді
- өз пікіріне қатысты дәлелдер келтіреді;
- қорытынды шешімін айтады;

**Педагогке әдістемелік көмек:** Тасқа қашалған жазулар» тақырыбына «9.1.1.1 тыңдалатын мәтіндегі фразалар мен дәйексөздерді талқылай отырып, тақырып пен көтерілетін мәселені болжау» оқу мақсаты таңдалынып алынды.

«Болжау» әдісі арқылы білім алушылар берілген суреттердің не туралы, олардың сабаққа, жалпы тарауға қатысы қандай екенін болжайды.

- Осы суреттерді қайдан көреміз?
- Олар бізге қандай ақпарат береді?
- Олардың қоғамда қандай маңыздылығы бар деп ойлайсыңдар? деген сұрақтарға жауап алу арқылы сабақтың негізгі тақырыбы мен мақсатын айқындау.

«БИНГО» ойыны арқылы берілген сөздердің мағынасын түсіну, жаңа сөздермен танысу. «БИНГО» ойыны үшін әр оқушыға алдын ала берілген кестені шығару, сыныпта түсіндірме сөздіктің болуын қамтамасыз ету. Әр оқушы сыныпты аралап жүріп, басқа оқушыдан бір сөздің мағынасын сұрайды. Кестесі толған кезде білім алушы «БИНГО» дейді. Бұл тапсырма арқылы оқушылар жаңа сөздердің мағынасын түсініп, «Таным» кестесі тыңдалым тапсырмасында оқушылар мәтінді тыңдағанда тірек сөздерін теріп жазады, кестеде көрсетілген сұрақтар бойынша өз пікірін жазады. Кестеде көрсетілген сұрақтар арқылы білім алушының мәтінді түсінгенін анықтау.

Тыңдалымнан кейінгі тапсырма «ПОПС формуласы». Айтылым және жазылым дағдыларын қалыптастыруда «ПОПС» формуласы өте тиімді. Білім алушы тақырып бойынша өз пікірін дәлелдеп, көзқарасын білдіріп, шешімін шығарады.

**Бөлім тақырыбы: Қазақ жазуының даму жолы**


**Бөлімше тақырыбы: «Күлтегін жыры»**

**Оқу мақсаты:** 9. 1. 4. 1 орта көлемді прозалық, поэзиялық шығармалардан үзінді тыңдау, көтерілген (тұрмыстық, әлеуметтік, қоғамдық) мәселені анықтап, өз пікірін білдіру; 9. 2. 1. 1 берілген тақырыпқа сай сөздерді орынды қолдана отырып, мақсатты аудиторияға арналған ауызша мәтіндер құрау.

**Сабақтың мақсаты:** орта көлемді прозалық, поэзиялық шығармалардан үзінді тыңдау, көтерілген (тұрмыстық, әлеуметтік, қоғамдық) мәселені анықтап, өз пікірін білдіреді. Берілген тақырыпқа сай сөздерді орынды қолдана отырып, мақсатты аудиторияға арналған ауызша мәтіндер құрайды.

**Тыңдалым алды тапсырмасы**

**«Бір минут» әдісі.** Оқушылар жәшіктен немесе интерактивті тақтадағы бір ұяшықтан сөз таңдап алады да, ол жайында бір минут сөйлейді. (Мұндағы сөздер өткен тақырыптар бойынша алынады)



**Дескриптор:**

- берілген сөз туралы бір минут сөйлейді;
- сөздің мағынасын түсіндіреді;
- өз ойын еркін жеткізеді.

**Мәтін**

**Күлтегін жыры**

Әр халықтың қалыптасу, даму жолында ерекшеліктері бар. Түркі халықтарының мәдени мұраларының бірі – Күлтегін ескерткіші. Ол Орхон-Енисей жазуына жатады. Бізге Түркі тарихы осы Орхон-Енисей жазба ескерткіштері арқылы жеткен. Күлтегін 684 жылы өмірге келген. Көне түркі мемлекетінің көрнекті әскери қолбасшысы, белгілі қоғамдық қайраткері. Күлтегін бүкіл түркі әскерін басқарады. Көптеген соғыстарда жеңіске жетті, өзі батыл қолбасшысы ретінде танылады. Күлтегін батырға сегізінші ғасырда тасқа жазылған ескерткіш орнатылған. Күлтегін жырының басты идеясы – түркі халқының бірлігін сақтау, сыртқы жаудан елді қорғау, ежелгі ата-баба жолы мен салт-дәстүрді берік ұстау. Жыр соңында Күлтегін батыр қайтыс болғанда бүкіл түркі халқы қатты қайғырады, жерлеу салтанатына әлемнің төрт бұрышынан көптеген атақты адамдар – елшілер, батырлар, тас қашайтын шеберлер, т.б. келгені айтылады. «Күлтегін» жыры – елдің ішкі бірлігін жыр еткен, идеялық мазмұны терең, көркемдік дәрежесі биік поэзиялық туынды. Екі мың бірінші жылы он сегізінші мамырда Астана қаласында Еуразия ұлттық университетіне Күлтегін жазба ескерткішінің көшірмесі қойылды.

[https://el.kz/content-1257\\_1626/](https://el.kz/content-1257_1626/)

## **Тыңдалым тапсырмасы**

### **«Сұрақ-жауап» әдісі**

Мәтінді тыңдап, сұрақтарға жауап береді (мәтінді мұқият тыңдайды, берілген сұрақтарды жұпта, топта талқылайды, үздігі топта таңдалып, оқиды)

1. Түркі халықтарының мәдени мұраларына не жатады?
2. Күлтегін кім?
3. «Күлтегін» жырының басты идеясы қандай?

Дескриптор:

- мәтін бойынша сұрақтарға жауап береді;
- мәтіндегі өзекті мәселені анықтайды;
- пікірін білдіреді.

### **«Ойлан-жұптас-бөліс» әдісі**

Күлтегіннің атынан халықты бірлікке шақыратын ауызша мәтін құрастырады(ауызша мәтін құрайды, жұпта, топта оқиды, дескриптормен тексеріп, топтағы ең үздігін сыныпта тыңдалады).

Дескриптор:

- мәтіннің құрылымын сақтайды;
- Күлтегін атынан сөйлей біледі;
- 4-5 сөйлемді ауызша құрай алады.

### **Педагогке әдістемелік көмек:**

«Күлтегін жыры» тақырыбына «9. 1. 4. 1 орта көлемді прозалық, поэзиялық шығармалардан үзінді тыңдау, көтерілген (тұрмыстық, әлеуметтік, қоғамдық) мәселені анықтап, өз пікірін білдіру; 9. 2. 1. 1 берілген тақырыпқа сай сөздерді орынды қолдана отырып, мақсатты аудиторияға арналған ауызша мәтіндер құрау» оқу мақсаттары таңдалып алынды.

«**Бір минут**» әдісінде оқушылар жәшіктен немесе интерактивті тақтадағы бір ұяшықтан сөз таңдап алады да, ол жайында бір минут сөйлейді. Мұндағы сөздер міндетті түрде өткен тақырыппен байланысты болады. Бұл әдіс арқылы оқушылардың өткен тақырыптар бойынша білімдерін еске түсіріп, өз пікірін еркін жеткізуге баулимыз. Бұл бірінші оқу мақсатына жетудегі алғышартымыз.

«**Сұрақ-жауап**» әдісінде оқушылар мәтінді тыңдап, сұрақтарға жауап береді (мәтінді мұқият тыңдайды, берілген сұрақтарды жұпта, топта талқылайды, үздігі топта таңдалып, оқиды). Бұл әдіс арқылы білім алушылардың тыңдау, есте сақтау қабілеттерін жақсартып, көтерілген мәселені анықтауға итермелеп, өз ойларын ашық жеткізуге дағдыландырамыз. Бұл әдіс бірінші оқу мақсатымызға жеткізеді.

«**Ойлан-жұптас-бөліс**» әдісінде Күлтегіннің атынан халықты бірлікке шақыратын ауызша мәтін құрастырады(ауызша мәтін құрайды, жұпта, топта

оқиды, дескриптормен тексеріп, топтағы ең үздігін сыныпта тыңдалады). Бұл әдіс арқылы оқушылар сөздерді орынды қолдана алады, ауызша мәтін құрастыра алады. Бір-бірлерімен пікір алмасып, жұпта, топта, ұжымда жұмыс істей алу қабілеттерін арттырады. Өз ойларын жүйелі, нақты жеткізе алады. Бұл әдіс көмегімен екінші оқу мақсатымызға жетеміз.

**Бөлім тақырыбы: Жолың болсын, жолаушы! М.Мақатаев «Ертең біз жол жүреміз»**

**Бөлімше тақырыбы: «Ауылға автобуспен барамыз»**

**Оқу мақсаты:** 9. 1. 2. 1 тыңдалған мәтіннің негізгі мазмұнын түсіну, ақпараттың шынайылығы мен нақтылығын анықтау;

9. 5. 1. 1 өзгелік етістің қызметін білу, ауызша және жазба жұмыстарда орынды қолдану.

**Сабақтың мақсаты:** тыңдалған мәтіннің негізгі мазмұнын түсіну, ақпараттың шынайылығы мен нақтылығын анықтайды. Өзгелік етістің қызметін білу, ауызша және жазба жұмыстарда орынды қолдану

**Мәтіналды жұмыс**

**«Ой-жұмбақ» әдісі**

Жол, көлік туралы жұмбақтардың жауабын табады. Әр жауапты жаза отырып сабақтың тақырыбын болжайды.

Аспанда жүзеді,

Қанатын қақпайды.

Жерде де жүреді,

Бауырлап жатпайды. (Ұшақ)

Үтікке міндім,

Мұхитта жүздім. (Кеме)

Арқасында ауыл жүр,

Ала тайым шауып жүр. (Автобус)

Бір керуен қатарында өңшең түйе,

Аузынан жалын шығар қара күйе,

Жүрмейді ұрса-дағы басқалары,

Бәріне жалғыз бура болған ие. (Пойыз)

Пырылдар көкте инелік,

Инелік емес үй делік. (Тікұшақ)

**Мәтінмен жұмыс**

**Қазақстанда автокөлік өндірісінің тарихы – Нивадан басталады**

Қазақстанда отандық автомобиль өнеркәсібінің тарихы 2003 жылдан бастауын алды. Алғашқы көлік – Нива автокөлігі. Ол уақытта өндіріс көлемі небәрі бірнеше мың бірлікті құраған. Шығарылатын өнім желісін тек Ваз маркасының автомобильдері құрады. Ал қалған бөлігі импортқа тиесілі болды.

2005 жылы Қазақстанға сырттан алғашқы ірі өндіруші КамАЗ келді. Кейін Daewoo, Hyundai, IVECO, ANKAI және басқа да маркалар өз өндірістерін ашты.



Қазіргі таңда елімізде 6 автозауыт 9 әлемдік брендтің 167 автомобиль моделін құрастырады. Skoda автокөлігін елімізде 2008 жылдың тамызынан бастап құрастырылуда. Сондай-ақ «Lada» автокөлігі Өскемен қаласындағы зауытта жасалады. Мұнда Granta, Kalina, Largus, Vesta, Xray жалпы 7 түрі шығарылады.

Кореялық автокөлік «Hyundai» да халық алдында сұранысқа ие. Біздің елімізде бұл автокөліктің 3 түрі құрастырылады. Жалпы, қазіргі таңда Қазақстанда автокөлік құралдарының барлық санаттарының өндірісі қолға алынған. Тіпті елімізде сатылатын көліктердің 60 %-ы Қазақстанда шығарылған десек те болады. Бұл әрине көңілге қуаныш сыйлайтын жетістік. Осы көрсеткіштерге қарап Қазақстан да алдағы уақытта әлемнің алып мемлекеттерімен теке-тіресіп, елімізде Германия секілді отандық көліктерімізден құралған мыңдаған мұражайдың боларына біз де сенейік.

<https://baq.kz/koliktin-shygu-tarihy-qazaqstandagy-ahual-290459/>

### «Шын-жалған» әдісі

Мәтін мазмұны бойынша дұрыс және бұрыс ақпараттар беріледі. Оқушылар соның ішінен дұрыс ақпарат мен жалған ақпаратты ажыратып, тек шынайы ақпараттарды сүзіп жазып алады.

Қазақстанда отандық автомобиль өнеркәсібінің тарихы 2010 жылдан бастауын алды.	Кореялық автокөлік «Hyundai» да халық алдында сұранысқа ие.	Skoda автокөлігін елімізде 2008 жылдың тамызынан бастап құрастырылуда.
Қазіргі таңда елімізде 6 автозауыт 9 әлемдік брендтің 167 автомобиль моделін құрастырады.	2005 жылы Қазақстанға сырттан алғашқы ірі өндіруші КамАЗ келді.	Алғашқы көлік –«Hyundai» автокөлігі.
Елімізде сатылатын көліктердің 60 %-ы Қазақстанда шығарылған десек те болады.	«Lada» автокөлігі Алматы қаласындағы зауытта жасалады.	Өскемен қаласында Granta, Kalina, Largus, Vesta, Xray жалпы 7 түрі шығарылады.

Дескриптор:

- мәтіннің негізгі мазмұнын түсінеді;
- шынайы ақпараттарды анықтайды;
- шын және жалған деректерді ажыратады.

### ЖЖ. «Шығу билеті» әдісі.

Мұғалім әр жұпқа билет түріндегі карточка береді. Мұнда етістіктер жазылған, оқушылар оны өзгелік етіске айналдырып жазады. Өзгелік етіспен ауызша сөйлем құрастырады.

Ал - алдыр

Құра - құрастыр

Жаса - жасат

Шығар - шығартқыз

Жүр - жүргіз

Дескриптор:

- етістікті өзгелік етіске айналдырады;
- өзгелік етістің жұрнағын белгілейді;
- өзгелік етісті қатыстырып ауызша сөйлем құрастырады.

### Педагогке әдістемелік көмек:

«Ауылға автобуспен барамыз» тақырыбына «9.1.2.1 тыңдалған мәтіннің негізгі мазмұнын түсіну, ақпараттың шынайылығы мен нақтылығын анықтау», «9.5.1.1 өзгелік етістің қызметін білу, ауызша және жазба жұмыстарда орынды қолдану» оқу мақсаттары таңдалып алынды.

**«Ой-жұмбақ» әдісі.** Жол, көлік туралы жұмбақтардың жауабын табады. Әр жауапты жаза отырып сабақтың тақырыбын болжайды. Бұл әдіс арқылы оқушылардың ойлау қабілеттері артады.

**«Шын-жалған» әдісі.** Мәтін мазмұны бойынша дұрыс және бұрыс ақпараттар беріледі. Оқушылар соның ішінен дұрыс ақпарат мен жалған ақпаратты ажыратып, тек шынайы ақпараттарды сүзіп, жазып алады. Бұл әдіс арқылы білім алушының мәтінді қаншалықты мұқият тыңдағаны және түсінгенін анықтауға болады. Оқушылардың тыңдау қабілеттерін дамытып, байқампаздыққа, тиянақтылыққа, шынайылыққа баулимыз. Осы әдістің көмегімен бірінші оқу мақсатына жетеміз.

**«Шығу билеті» әдісі ЖЖ.** Мұғалім әр жұпқа билет түріндегі карточка береді. Мұнда етістіктер жазылған, оқушылар оны өзгелік етіске айналдырып, жұрнағын белгілеп жазады. Өзгелік етіспен ауызша сөйлем құрастырады. Бұл әдіс арқылы оқушылардың тілдік бағдар мақсаты бойынша білімдерін тексеріп, оны тәжірибеде қолдана білуге дағдыландырамыз.

**Бөлім тақырыбы:** Жолың болсын, жолаушы! М.Мақатаев «Ертең біз жол жүреміз»

**Бөлімше тақырыбы:** «Әжем тоқымқағар жасады»


**Оқу мақсаты:** 9.3.4.1 мәтіндердің стилін, жанрлық ерекшеліктерін салыстырып, талдау жасау.

**Сабақтың мақсаты:** мәтіндердің стилін, жанрлық ерекшеліктерін салыстырып, талдау жасайды.

**Мәтіналды жұмыс**

**«Суреттер сөйлейді» әдісі.** Берілген суреттегі салт-дәстүрлерді атап, баланың өсу кезеңіне қарай жазыңдар.





Дескриптор:

- суреттегі салт-дәстүрлерді атайды;
- өсу кезеңімен жазады;
- берілген салт-дәстүр туралы баяндайды.

## 1-мәтін

### Тоқымқағар

Тоқымқағар – бала алғаш рет жолға шыққанда жасалатын басқосу. Алыс сапарға шығуға дайын болғанда отағасы ауылдың кісілерін шақырады. Ақсарбас сойылып, ақ дастархан жайылады. Еттің тандаулы мүшелері асылып, ойын-сауық, өлең, жыр айтылады. Баланың жолға көңілі көтеріңкі болып шықсын әрі сапар жеңіл болсын деген ниетпен әдемі әзілдер айтылып, көңілді ән-күйлер орындалады.

Ақсақалдар балаға бата беріп, «Ақ жол», «Жол оң болсын» және т.б. ақжарма тілектерін айтып, шығарып салады. Бұл алыс сапарға аттанған баланың тоқымы жерде қалмасын, ат-көлігі аман келсін деген ізгі ниеттен туған. Тоқымқағар ат жалын тартып мініп, қолына тізгінін ұстаған балаға үлкен жауапкершілік жүктейді. Тарланбозға өзі мініп, тұңғыш сапар жасайды. Қазақ көшпенді халық болған соң ол уақытта шалғай аймақтарға баратын.

Орта есеппен алғанда бала 8-10 жасқа келгенде алғашқы сапарға аттанып, жүздеген шақырымды өзі жалғыз жүреді. Сол себепті, бұл рәсімнің астарында еңбекқорлыққа баулу, жылқыны ер қанаты ретінде құрметтеу жатыр. Мінекей, осы кезден бастап ат жалын тартып мінген бала ғұмырының соңына дейін аттан түспеген. Бозбала сапардан оралған соң тағы да туған-туыс, көрші-қолаң шақырылып, дастархан жайылады. Мұны «тоқым қағар», «тоқым салар», «тоқым сілкер» деп те атайды.

<https://www.facebook.com/AkimatSarysu/posts/>

## 2-мәтін

### Тоқымқағар

Таң қалдырып мен елді,  
Тайға мініп жөнелдім.

Шапқан сайын елірдім,  
 Шапанымды жел үрді.  
 Желпіл қағып етегім,  
 Қопаң-қопаң етемін.  
 Көзім түк те көрмеді,  
 Қара су боп терледім.  
 Талып қалды тақымым,  
 Қалып қалды тоқымым.  
 Жармасамын жалына,  
 Жұрт күледі халыма.  
 Құрбыларым қарайды,  
 Құламасам жарайды!

Қадыр Мырза Әли

**1-тапсырма. Мәтінді талдау.** Берілген мәтіндердің мәтіндердің стилін, жанрлық ерекшеліктерін салыстырып, талдаңдар.

1-мәтін	2-мәтін	
	Формасы	
	Жанры	
	Мақсаты	
	Аудиториясы	
	Мазмұны	
	Стилі	
	Тілі	

**Дескриптор:**

- мәтіндердің мазмұнын ашады 1
- көзделген аудиториясын, түрін, мақсатын табады 1
- стилін анықтайды 1
- тілдік ерекшелігін тұжырымдайды 1
- тірек сөзерді жазады 1

**2-тапсырма.** Сөйлемнен алынып тасталған сөздердің орнын толтыру.

Тоқымқағар – бала алғаш рет \_\_\_\_\_ жасалатын басқосу.  
 Ақсақалдар балаға бата беріп, \_\_\_\_\_ және т.б.  
 ақжарма тілектерін айтып, шығарып салады. Тарланбозға өзі мініп, тұңғыш  
 \_\_\_\_\_ жасайды. Орта есеппен алғанда бала \_\_\_\_\_ келгенде алғашқы  
 сапарға аттанып, жүздеген \_\_\_\_\_ өзі жалғыз жүреді.

*Қажетті сөздер:* 8-10 жасқа, жолға шыққанда, шақырымды, «Ақ жол», «Жол оң болсын», сапар.

**Дескриптор:**

- бос орынға қажетті сөздерді қояды;
- мағынасына сай орналастырады.

**Педагогке әдістемелік көмек:**

«Әжем тоқымқағар жасады» тақырыбына «9.3.4.1 мәтіндердің стилін, жанрлық ерекшеліктерін салыстырып, талдау жасау» оқу мақсаты таңдалып алынды.

**«Суреттер сөйлейді» әдісі.** Оқушылар берілген суреттегі салт-дәстүрлерді атап, баланың өсу кезеңіне қарай жазып, сол салт-дәстүр туралы айтады. Бұл арқылы сабақтың тақырыбын болжап, анықтап аламыз. Білім алушылардың еліміздің салт-дәстүр туралы түсініктерін жаңғыртамыз.

**Мәтінді талдау.** Оқушылар берілген екі мәтіннің стилін, жанрлық ерекшеліктерін салыстырып, талдайды. Бұл әдіс арқылы білім алушылар мәтіндегі тірек сөздерді, тілдік ерекшеліктерін анықтай отырып, мәтіннің мәтіннің мазмұнын түсініп, мақсатын, стилін, жанрын талдайды. Осы әдістің көмегімен оқу мақсатына жетеміз.

**Сөйлемнен алынып тасталған сөздердің орнын толтыру.** Оқушылар мәтіндегі қалдырылып кеткен сөздердің орнын толтырады. Бұл мәтінсоңы тапсырмасы мәтінмен жұмыс тапсырмасымен тығыз байланыста жүзеге асады. Сабақты бекіту мақсатында қолданылады. Бұл әдіс арқылы білім алушылардың есте сақтау қабілеттерін дамытып, тақырыпты қаншалықты түсінгендерін анықтауға болады.

**Бөлім тақырыбы: Көшпенділер мәдениеті. Қазақтың халық күнтізбесі. I.Есенберлин «Көшпенділер».**

**Бөлімше тақырыбы: «Қазақтың халық күнтізбесі»**

**Оқу мақсаты:** 9. 1. 3. 1 әлеуметтік-қоғамдық тақырыптар аясында айтылған сөздер мен термин сөздердің мағынасын түсіну; 9. 5. 1. 1 ортақ етістің қызметін білу, ауызша және жазба жұмыстарда орынды қолдану.

**Сабақтың мақсаты:** әлеуметтік-қоғамдық тақырыптар аясында айтылған сөздер мен термин сөздердің мағынасын түсінеді. Ортақ етістің қызметін біледі, ауызша және жазба жұмыстарда орынды қолданады.

**Мәтіналды жұмыс**

**«Қарлы кесек» әдісі**

Оқушылар қағазға өткен тақырыптар бойынша сұрақтар жазып, мыжып, бір-біріне лақтырады. Түскен сұраққа ауызша жауап береді.

**Мәтін**

### **Ауа райы амалдары**

Қазақ халқының ауа райын жан-жануарлардың әрекетіне қарап болжауы «амал» деп аталады. Алты ай қыстың қаһарлы бораны мен қатты аязын «Ақырап айы» деп атаған. Ақырап айының бірінші күні қазан айының 14-жұлдызына сәйкес келеді. Сол күні таң сәріден бастап табиғат тамыршылары әр сағатты қатты бақылауға алған. Сағат сайын күні бұрын дайындалған күлді ұшырып көріп, желдің бағыты, жылдамдығы, күннің суытуы не жылынуы, жауын-шашын болуы есепке алынған. Бұл болжамды алты күн бойы кезек-

кезек күн-түнді күзеткен есепшілер жүргізген. Алты күнде алты айлық қыраулы қыстың қас-қабағын анықтаған. «Ақыраптың алты күні» осы екен.

Жылы жақтан құстардың ұшып келуіне байланысты наурыз айының соңына қарай жауған қар «құс қанаты» деп аталады.

Келесі ай сәуір «отамалы» деп те аталады. Осы айдың 14-19-ы аралығында күннің суытуы, жаңбырлатуы – қалыпты жағдай. Ертеден бұл күнді «Қыдыр қамшысы» деп атаған екен. Сәуір айының 8–9-ы күндері «Қызыл жұмыртқа» салқыны, мамырдың 20-25-і арасында «Құралай салқыны» өтеді.

Қыркүйек айында «Сүмбіленің сууы» жүреді. Сүмбіле жаңбыры өткен жердің көдесі қалың болады. Халқымыз: «Сүмбіле туса – су суыр», – деп те айтқан.

Байқасандар, ауа райын жануарлар мен өсімдіктердің тіршілігімен байланыстыра отырып болжауда қазақ халқынан асқан білгір ұлт жоқ.

### «Анықталған сөз» әдісі

Тірек сөз немесе термин сөздердің анықтамалары жазылып, қиылған жинақ араластырылған күйінде оқушыларға беріледі. Қағазда анықтама жазылған, білім алушылар сол анықтамаға сай сөзді табады.

<b>Ақырап айы</b>	<b>Қыркүйектің соңғы онкүндігінде жауынның басталуы.</b>
<b>Құс қанаты</b>	Мамырдың 20-25-і арасында күннің суытуы, жаңбырлатуы.
<b>Құралай салқыны</b>	Алты ай қыстың қаһарлы бораны мен қатты аязы.
<b>Сүмбіле</b>	Жылы жақтан құстардың ұшып келуіне байланысты наурыз айының соңына қарай жауған қар.

Дескриптор:

- анықтамаға сай келетін сөзді анықтайды;
- тірек сөздің мағынасын түсіндерді;
- өзі білетін қосымша ақпаратпен бөліседі.

«Семантикалық карта» әдісі. Берілген етістіктерді етістерге айналдырып жазады. Етістерді қатыстырып сөйлем құрастырады.

Етістік	Бөлді	Бақылады	Таратты	Белгіледі	Таныды
Өздік					
Өзгелік					
Ырықсыз					
Ортақ					

Дескриптор:

- етіс түрлерін ажыратады;
- етістерді қатыстырып сөйлем құрастырады.

**«Серпілген сауал» әдісі.** Сабақты пысықтау мақсатында сыныптағы оқушылардың арасында бірінен-біріне сұрақтарды «лақтыру». Мысалы, «Асан, Айнаның пікіріне қосыласың ба?», «Асанның жауабын тағы қалай толықтыруға болады?», «Айтылған пікірлерді бір сөзбен қалай тұжырымдауға болады?»

#### **Педагогке әдістемелік көмек:**

«Қазақтың халық күнтізбесі» тақырыбына «9. 1. 3. 1 әлеуметтік-қоғамдық тақырыптар аясында айтылған сөздер мен термин сөздердің мағынасын түсіну; 9. 5. 1. 1 ортақ етістің қызметін білу, ауызша және жазба жұмыстарда орынды қолдану» оқу мақсаттары таңдалынып алынды.

**«Қарлы кесек» әдісі.** Оқушылар қағазға өткен тақырыптар бойынша сұрақтар жазып, мыжып, бір-біріне лақтырады. Түскен сұраққа ауызша жауап береді. Бұл әдіс арқылы білім алушылардың өткен тақырыптар бойынша білімдерін тексеріп, сөйлеу дағдыларын қалыптастырамыз.

**«Анықталған сөз» әдісі.** Тірек сөз немесе термин сөздердің анықтамалары жазылып, қиылған жинақ араластырылған күйінде оқушыларға беріледі. Қағазда анықтама жазылған, білім алушылар сол анықтамаға сай сөзді табады. Бұл әдіс мәтінді оқып, түсініп болғаннан кейін жүзеге асады. Бұл әдіс арқылы білім алушылар мәтін аясында айтылған сөздер мен термин сөздердің мағынасын түсінеді. Бұл әдістің көмегімен бірінші оқу мақсатына қол жеткіземіз.

**«Семантикалық карта» әдісі.** Оқушылар берілген етістіктерді етістерге айналдырып жазады және етістерді қатыстырып сөйлем құрастырады. Бұл әдіс арқылы білім алушылардың тілдік бағдарды қаншалықты меңгергендерін анықтай аламыз. Оқушылар етіс түрлерін ажыратып, ауызша сөйлем құрастырғанда да, жазбаша сөйлемде де орынды қолданады. Бұл әдістің ықпалымен екінші оқу мақсатына жетеміз.

**«Серпілген сауал» әдісі.** Сабақты пысықтау мақсатында сыныптағы оқушылардың арасында бірінен-біріне сұрақтарды «лақтыру». Бұл әдіс арқылы сабақты пысықтап, оқушылармен кері байланыс жасаймыз. Білім алушылардың өз ойларын еркін жеткізуге дағдыландырамыз.

**Бөлім тақырыбы: Көшпенділер мәдениеті. Қазақтың халық күнтізбесі. І.Есенберлин «Көшпенділер».**

**Бөлімше тақырыбы:** «Ілияс Есенберлин «Көшпенділер трилогиясы»

**Оқу мақсаты:** 9. 1. 5. 1 мәтіннің мақсатты аудиториясын, автордың негізгі ойы мен көзқарасын анықтау; 9. 2. 4. 1 шығарманың идеясы мен мазмұнына байланысты "автордың ойын" бағалау.

**Сабақтың мақсаты:** мәтіннің мақсатты аудиториясын, автордың негізгі ойы мен көзқарасын анықтайды. Шығарманың идеясы мен мазмұнына байланысты "автордың ойын" бағалайды.

**Мәтіналды жұмыс**

**«Ой шақыру» әдісі**

– Өздерің білетін қазақ хандарын атаңдар?



- «Көшпенділер» көргендерің бар ма?  
«Стоп-кадр» әдісі арқылы Ілияс Есенберлиннің өмірі мен шығармашылығы туралы бейнежазбаны көрсете отырып, жаңа сөздермен таныстырамыз.  
<https://www.youtube.com/watch?v=T57m0qXEjCQ>



### **Мәтінмен жұмыс**

Сыныпты 3-топқа бөлеміз. Үш топқа үш түрлі мәтін береміз.

1-топ. «Алмас қылыш»

2-топ. «Жанталас»

3-топ. «Қаһар»

### **Көшпенділер 1 - Алмас Қылыш**

Алғашқы бөлімнің атауы – «Алмас қылыш». Еңбек 1971 жылы қағазға басылып, қалың оқырманға жол тартқан. Бұл тараудағы оқиғалардың желісі XIV-XV ғасыр ішіндегі қазақ халқының тұрмыс-тіршілігін қамтиды. «Алмас қылыш» бөлімі Дешті-Қыпшақ елін билеп отырған Әбілқайыр хандығынан Керей мен Жәнібек ханның өз жұртын соңына ертіп, бөлініп шығуынан бастап, баян етіледі.

*«Көк Орда ел-жұртын жеке билеп келген Әбілқайыр мен қазақ ордасын бөліп аламын деген Жәнібек сұлтанның таласы әлдеқашан-ақ басталған. Бұлардың бір-бірінің жан алқымынан ала түсер көкжал қасқыр мен арлан тазы теңдес. Араларында бітім болуы тиіс емес. Бірақ әлі қарсы шабар күн туған жоқ, тек сол күнді күтіп жүрген жағдайлары бар».*

Шығармадағы Асан қайғы бабамыз Көкше жеріндегі айтысқа келген бетінде айтысқа төрешілік ету бұйырады. Асанның сол кезде айтқан сөзі: *«Атамыз Майқы биден бері бәйге хан ордасын кім асыра мақтаса, соған беріліп кететін. Бұл жолын ата жолын бұзбақпын. Егер соған көнсең, төреші боламын»,* - дейді. «Тура биде туған жоқ демекші» осы бір сөздерінен соң Асан қайғының турашыл адам екенін анық көреміз.

### **Көшпенділер 2 - Жанталас**

«Жанталас» бөлімінде XVII-XVIII ғасыр аралығындағы қазақ халқының жеке дараланып, ел болу шағындағы қиындықтары суреттеліп, үш жүзге таралған елдің басын біріктіру жолындағы Абылайдың образдары ерекше ашылады. Абылай ханды ақ киізге көтеріп хан сайлаған шағынан бастап орыс, қытай, жоңғар сынды жан-жақтан аш қасқырдай төніп отырған елдермен соғыс өмірі баяндалып, жалпы қазақ өмірінің кескін-келбетінің ерекше ашылған тұсы еді.

Абылай табанды күрескерлігінің, айтқанынан қайтпайтын батырлығының және халық талайы таразыға түскенде сын сағатта ешкіммен де ымыраға келмейтін қатал, қатыгездігінің арқасында қазақ елінің, жерінің бостандығын қорғап қалды. Әл үстінде ауырып жатқан, Абылай Бұқар жырауға айтқан: “...Менің кеңесіммен жүрер ұл-қыз болар ма екен? Сөйтсе де екі кеңесім бар. Бірі – қазақ аз ел ғой, азып-тозып кетпес үшін, қолдарынан келсе солардың бірлігін сақтасын. Бірлігі бар елді басқару жеңіл. Екінші айтарым, мен елу жылдан астам соғыс жүргіздім. Жетпіске келген жасымда, мейлі айла құрайын, әйтеуір шығыс жағымнан келген жауға, әсіресе Қытайға қазақтың бір бөлшек жерін бергем жоқ”

### Көшпенділер 3 – Қаһар

Көшпенділер трилогиясының кезінде «Хан Кене» есімімен шығып, қудалауға ұшыраған үшінші томы бүгінгі таңда «Қаһар» деп аталады. Бұл шығармада қазақ даласында сонау он сегізінші және он тоғызыншы ғасыр аралығын қамтыған қазақ өмірінің сипаты көрініс табады. Кенесары Қасымұлының ел билеу саясатының негізі жазылып, автор өзіндік бағасын береді. Осылайша шығарманың көркемдігі мен әсерлілігіне тағы да бір үлесін қосқан шығармалардың легін толықтырады. Жазышының шығарманы жазу барысындағы тағы да бір ерекшеліктерінің бірі «Қаһар» романын алдыңғы романдардан бірінші жазып қойғандығы. Бұл турасында жазушының өзі де «Тарихи эпопеяны соңынан бастап жазуымның басты себебі – жиналған ақпараттар мен қамтыған дәуірдің кең екендігінде және осы жоспарлаған кітабыма менің ғұмырым жетеді мен жетпейді ме деген күдікпен жаздым», - деп келтіреді.

1969 жылы «Жұлдыз» журналында басып шыққан «Хан Кене» атты шығармасы әрине сол заманда қатты сынға алынған шығармалардың бірі болды. Расында да қазақ даласында репрессия дәуірің суыған кезеңі болса да, әлі де ұшқындары бар уақытта қазақ зиялыларының есімдерін атау, жалпы қазақ ұғымына қызмет ету елге тигізген зияның болып саналды. Алайда, ел тарихы мен мәдениетінен ада қалмау керек деген мақсатты алдына қойған Ілияс Есенберлин өзінің басын қатерге тігіп, қазақ даласының соңғы ханы Кенесары Қасымұлының жалпы өмірі мен жасаған еңбегін шығармасына арқау етті.

[https://adebiportal.kz/kz/news/view/kospendiler-trilogiiasy-talasqa-tusken-ult-tagdyry\\_24038](https://adebiportal.kz/kz/news/view/kospendiler-trilogiiasy-talasqa-tusken-ult-tagdyry_24038)

#### «Таным» кестесі

Автордың ойы	Шығармада көтерілген мәселе	Мәтіннен қандай ой түйдің?

Дескриптор:

- Автордың ойын анықтайды;
- Үзіндіде көтерілген мәселені айтады;

- Мәтіннен түйген ойымен бөліседі.

«Егер мен хан болсам...» тақырыбында өз ойыңды ауызша айт.

### **Мәтінсоңы жұмыс**

«*Бірлігі кеткен ел жаман, егесіп өткен ер жаман*» нақыл сөзін мәтінмен байланыстыра отырып, өзіндік ойларын жазады.

### **«ПОПС формуласы»**

Бірінші сөйлем: «Менің ойымша,...»

Екінші сөйлем: «Себебі, мен оны былай түсіндіремін...»

Үшінші сөйлем: «Оны мен мына фактілермен, мысалдармен дәлелдей аламын...»

Соңғы сөйлем: «Осыған байланысты мен мынадай қорытынды шешімге келдім...»

Дескриптор:

- мәтін бойынша өз пікірін білдіреді;
- өз пікіріне қатысты себебін түсіндіреді
- өз пікіріне қатысты дәлелдер келтіреді;
- қорытынды шешімін айтады.

### **Педагогке әдістемелік көмек:**

«Илияс Есенберлин «Көшпенділер трилогиясы» тақырыбына «9. 1. 5. 1 мәтіннің мақсатты аудиториясын, автордың негізгі ойы мен көзқарасын анықтау; 9. 2. 4. 1 шығарманың идеясы мен мазмұнына байланысты "автордың ойын" бағалау» оқу мақсаттары таңдалынып алынды.

«**Ой шақыру**» әдісі арқылы оқушыларға сұрақ қоя отырып, өтетін сабақтың тақырыбын болжап аламыз. Білім алушылардың сабаққа деген қызығушылықтарын арттырамыз.

«**Стоп-кадр**» әдісі арқылы Илияс Есенберлиннің өмірі мен шығармашылығы туралы бейнежазбаны көрсете отырып, жаңа сөздермен таныстырамыз. Кадрды экранда тоқтатып қойып, сұрақтар қою арқылы оқушыларды диалогке тартуға болады.

«**Таным**» кестесінде үш топқа үш түрлі мәтін беріледі. Оқушылар сол мәтіндегі автордың айтар ойын, көтерілген мәселені анықтайды. Мәтіннен түйген ойларымен бөліседі. Бұл әдіс арқылы оқушылардың өзіндік көзқарастарын қалыптастырып, әр оқылған мәтіннен қорытынды шығаруға, тұжырым жасауға дағдыландырамыз. Бұл арқылы сабақтың бірінші мақсатына қол жеткіземіз.

«**ПОПС формуласы**». Оқушылар «*Бірлігі кеткен ел жаман, егесіп өткен ер жаман*» нақыл сөзін мәтінмен байланыстыра отырып, өз пікірін дәлелдеп, көзқарасын білдіріп, шешімін шығарады. Бұл арқылы білім алушыларды жүйелілікке, нақтылыққа баулып, сөздік қорларын дамытамыз.

## 2-тоқсан.

**Бөлім тақырыбы:** Заң – қоғамның тірегі

**Бөлімше тақырыбы:** Заң – адам құқығы мен мен бостандығының кепілі

**Оқу мақсаты:** 9. 1. 6. 1 тыңдалым материалдарының мазмұны негізінде көтерілген мәселеге сыни көзқарасын білдіру; 9. 5. 1. 1 ырықсыз етістің қызметін білу, ауызша және жазба жұмыстарда орынды қолдану.

**Сабақтың мақсаты:** тыңдалым материалдарының мазмұны негізінде көтерілген мәселеге сыни көзқарасын білдіреді. Ырықсыз етістің қызметін білу, ауызша және жазба жұмыстарда орынды қолданады.

### Мәтіналды жұмыс

«Бұл жауап болса, онда сұрақ қандай болады?» әдісі арқылы оқушыларға сөйлемдер беріп, жауап ретінде осы сөйлемдерді алу үшін сұрақ қандай болатынын анықтайды(сұрақты ауызша құрастырады).

1-жауап: Адамдар өз мүдделерін тиімді қорғай алады, өмірдің әртүрлі салаларындағы құқықтарын түсінеді және қоғамның құқықтық мәдениетін қалыптастыруға қатыса алады.

2-жауап: Қазіргі қоғамдағы кірістерді жоғалтуға, бұзықтық, алаяқтық әрекеттерге дейін алып барады.

3-жауап: Қазақстанның ең басты қазынасы – адам және адам өмірінің құқықтары мен бостандықтары.

### Мәтінмен жұмыс

#### Адам бостандығы – басты құндылық

Адам құқықтары мен бостандықтарының мәселесі барлық мемлекеттердің саяси-қоғамдық, мемлекеттік-құқықтық тәжірибесі мен теорияда да ең басты орындарының бірінде тұратыны анық. Адамға құқық тұмысынан тиесілі. Олар табиғи сипатқа ие және тұлғаның нәсіліне, ұлтына, әлеуметтік жағдайына, нанымына қарамастан бөлек қарастырыла алмайды. Адам құқықтарының жиынтығы адам құқықтарының жалпы мәртебесін құрайды.

Конституцияның алғашқы бабында: «Қазақстан Республикасы өзін демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде орнықтырады, оның ең қымбат қазынасы – адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары» деп бастайды. Зер салып қарасақ, «мемлекеттің басты байлығы – адам» деген бабынан басталғаны бекер емес. Демек, қоғамдағы атқарылған және атқарылуы тиіс шаруалар осы адамның игілігіне арналған. Ал Ата заңымыз сол игіліктерді қорғайды.

Біздің Қазақстан Республикасының Заңдар жинағында ең әуелі әрбір азамат пен азаматшаның бостандығы мен құқықтарын қарайды. Қазақстан-көпұлтты мемлекет, 130-дан аса ұлт өкілдерімен бір шаңырақтың астында, бір үйдің баласындай, бірлік пен татулықта өмір сүріп жатқанымыз мемлекетіміздің кемел саясаты мен заңдардың жүйелілігінің арқасында. Біз осындай, өз құқығымызды білетін, бізді қорғаушы күштің бар екенін білетін елде өмір сүріп жатқан бақытты халықтың бірі, әрі бірегейіміз.

<https://centre-tur.kz/kk/maqalalar/din-jane-zan/adam-bostandygy-basty-qundylyq-785/>

**1-тапсырма.** Тыңдалған мәтін негізінде топтық тапсырма орындайды. Берілген сұрақтардың төңірегінде постер қорғайды.

1. Менің өз құқықтарым мен жауапкершілігімнің қайсысын көбірек білуім керек?
2. Өз құқығымды білу өмірде қалай көмектеседі?
3. Өз құқығыңды білмеу қоғамға қауіп төндіреді деп ойлайсың ба?

**Дескриптор:**

- Негізгі тірек сөздерді анықтап жазады;
- Көтерілген мәселеген сыни көзқарасын білдіреді;
- Өз ойын еркін, сауатты жеткізеді.

**2-тапсырма.** Берілген жағдаятқа өз көзқарастарыңды ауызша білдіріңдер.

Үйді жөндеуді жоспарлап отырған меншік иесі құрылыс бригадасын жалдайды. Жөндеудің көлемі, уақыты, сапасы және орындалған жұмыс үшін ақы алдын ала келісілген. Жөндеу жұмыстары аяқталғаннан кейін үй иесі жөндеудегі кемшіліктерді анықтайды. Көрсетілген қызметтен кемшілік табылған кезде өз таңдауы бойынша меншік иесі қандай құқығын пайдаланады?

**3-тапсырма.** Берілген мақал-мақал мәтелдердегі етістіктерді ырықсыз етіске айналдырып жаз. Мақал-мәтелдің мағынасын түсіндір.

Ісін өндіре алмаған қырсыз бала , қырсығын әкесінен іздейді.

Балаңды беске дейін ештеңеден тыйма, бестен он үшке дейін құлыңдай қина, он үштен ары сырласыңдай сыйла.

Біреуге ор қазба, өзің түсесің.

Қолыңмен істегенді, мойныңмен көтер.

Заңды сыйлаған, еркін жүреді.

**Дескриптор:**

- Мақал-мәтелдерден етістікті табады;
- Етістіктерді ырықсыз етіске айналдырады;
- Ырықсыз етістің тиісті жұрнағын жалғайды.

**Педагогке әдістемелік көмек:**

«Заң – адам құқығы мен мен бостандығының кепілі» тақырыбына «9. 1. 6. 1 тыңдалым материалдарының мазмұны негізінде көтерілген мәселеге сыни көзқарасын білдіру; 9. 5. 1. 1 ырықсыз етістің қызметін білу, ауызша және жазба жұмыстарда орынды қолдану» оқу мақсаттары алынды.

«Бұл жауап болса, онда сұрақ қандай болады?» әдісі арқылы оқушыларға сөйлемдер беріп, жауап ретінде осы сөйлемдерді алу үшін сұрақ қандай болатынын анықтайды(сұрақты ауызша құрастырады). Бұл әдістің көмегімен оқушылардың сыни ойлау қабілеттерін арттырып, ауызша сөйлеу дағдыларын дамытамыз.

**1-тапсырма.** Тыңдалған мәтін негізінде топтық тапсырма орындайды. Берілген сұрақтардың төңірегінде постер қорғайды. Бұл әдіс арқылы оқушылардың өзіндік ойларын дамытып, бірігіп жұмыс істей білуге баулып, сыни ойларын арттырамыз. Сабақтың бірінші оқу мақсатына жетуге дағдыландырамыз.

**2-тапсырма.** Оқушылар берілген жағдаятқа өз көзқарастарың білдіре отырып, көтерілген мәселені анықтап, оның шешу жолдарын ұсынады. Бұл әдіс арқылы білім алушылардың ойлау қабілеттерін, шығармашылық ізденістерін дамытамыз. Тілдік дағдыларын қалыптастырамыз.

**3-тапсырма.** Берілген мақал-мақал мәтелдердегі етістіктерді ырықсыз етіске айналдырып жазады. Мақал-мәтелдің мағынасын түсіндіреді. Бұл әдіс арқылы оқушылардың тілдік бағдар бойынша, яғни, ырықсыз етіс туралы білімдерін анықтаймыз.

### **3-тоқсан.**

**Бөлім тақырыбы: ЭКСПО-2017 – Қазақстан белесі**

**Бөлімше тақырыбы: Жаһандану және ЭКСПО**

**Оқу мақсаты:** 9. 1. 1. 1 тыңдалатын мәтіндегі фразалар мен дәйексөздерді талқылай отырып, тақырып пен көтерілетін мәселені болжау;

**Сабақтың мақсаты:** тыңдалатын мәтіндегі фразалар мен дәйексөздерді талқылай отырып, тақырып пен көтерілетін мәселені болжайды.

**С. Тыңдалым алды тапсырма.**

«Сырлы сөздер» тәсілімен тақырыпты тірек сөздер арқылы болжау. Білім алушылар жұптасып берілген сөздер мен сөз тіркесне сөйлем құрастырып, тақырыпты болжайды.

**Жаңа сөздер: бүкіләлемдік, жетістіктер, көрме, турист, болашақ қуаты.**

**Мәтін (тыңдалым мәтіні)**

«Экспо» халықаралық мамандандырылған көрмесі — ірі халықаралық көрме, онда жаңашыл ғылыми-техникалық жетістіктер, даму перспективалары, сонымен қатар бүкіл әлем елдерінің тарихы, дәстүрлері мен мәдениеті көрсетіледі. Дүниежүзілік көрмелерді өткізу нәтижесі халықаралық, экономикалық, саяси, мәдени және ғылыми байланыстарды кеңейту болып табылады. Дүниежүзілік көрмелер бес жылда бір рет өтеді.

**Экспо-2017 көрмесі**— Қазақстанның елордасы Астана қаласында 2017 жылдың 10 маусымынан бастап 10 қыркүйегіне дейін өтті. Оған 115 мемлекет және 22 халықаралық ұйым қатысты. Көрмеге 3 млн адам қатысты.

EXPO көрмесін өткізген кезде Қазақстанның елордасы әлемнің түпкір-түпкірінен жиналған түрлі мәдениеттер үніне толды. Көрменің аумағында күн сайын концерттер, шоу, ұлттық күндер және өзге де ойын-сауық іс-шаралары

өткізілді.

EXPO көрмесіне миллиондаған туристер қатысты, сондықтан әрбір ел өз мәдениетіндегі ұлттық өзіндік ерекшеліктерін танытатын және өздерінің экономикалық және технологиялық дамуының деңгейін бүкіл әлемге көрсететін бірегей павильон құруға тырысты.

**Тыңдалым тапсырмасы: оқушылар «Экспо-2017 көрмесі» тақырыбында мәтін үзіндісін тыңдап, сөйлемдерді толықтырады.**

1. EXPO-2017 \_\_\_\_\_ 115 мемлекет және 22 халықаралық ұйым қатысты.
2. «Экспо» халықаралық мамандандырылған көрмесі — ірі халықаралық көрме, онда \_\_\_\_\_ жетістіктер, даму перспективалары, сонымен қатар бүкіл әлем елдерінің \_\_\_\_\_ көрсетіледі.
3. EXPO көрмесіне миллиондаған \_\_\_\_\_ қатысты, сондықтан әрбір ел өз мәдениетіндегі ұлттық өзіндік ерекшеліктерін танытатын және өздерінің \_\_\_\_\_ және \_\_\_\_\_ дамуының деңгейін бүкіл әлемге көрсететін бірегей павильон құруға тырысты

**Қажетті сөздер:** көрмесіне, жаңашыл ғылыми-техникалық, тарихы, дәстүрлері мен мәдениетіб туристер, экономикалық ,технологиялық.



### **Тыңдалымнан кейінгі тапсырма «Талқылау шеңбері» әдісі.**

Оқушылар алдымен екі топта тыңдалым мәтінінде көтерілген тақырып пен мәселені талқылап, бір шеңберге жиналып, ойларымен бөліседі.

#### **Дескриптор:**

-тақырыпты тірек сөздер арқылы болжайды;

-берілген сөз тіркестерімен сөйлем құрайды;

-сөйлемдерді толықтырады;

-тақырыпқа қатысты өз пікірімен бөліседі

**Педагогке әдістемелік көмек:** ЭКСПО-2017 – Қазақстан белесі бөліміне тыңдалым 9. 1. 1 тыңдалатын мәтіндегі фразалар мен дәйексөздерді талқылай отырып, тақырып пен көтерілетін мәселені болжау мақсаты алынды. Тыңдалым дағдысы бойынша негізгі ойды түсініп, фразалар мен дәйексөздерді талқылай отырып, көтерілген мәселені болжап, ақпаратты анықтап, түсінгенін тәжірибеде қолдана алады.

Оқу мақастына жету үшін «Сырлы сөздер», «Қажетін таңда», «Талқылау шеңбері» әдістері алынды. Тыңдалым алды тапсырмасына «Адасқан сөздер» тәсілі берілді. «Адасқан сөздер» тәсілімен тақырыпты тірек сөздер арқылы болжайды. Білім алушылар жұптасып берілген сөздер мен сөз тіркесне сөйлем құрастырып, тақырыпты болжайды. Бұл тәсіл оқушыны жылдам әрі сыни ойлау, сауатты жазу дағдыларын қалыптастырады.

Қазақ тілінде оқытпайтын мектептердің білім алушыларына тыңдалым кезінде тыңдап отырып тапсыманы орындаған тиімді, себебі оқушы тыңдалым уақытында еш алаңсыз, алдындағы берілген тапсырманы орындауға тырысады. Тыңдалым тапсырмасы «Қажетін таңда» әдісі арқылы жүзеге



асрылады. Оқушылар «Экспо-2017 көрмесі» тақырыбында мәтін үзіндісін тыңдай отырып, сөйлемдерді толықтырады.

Тыңдалымнан кейінгі тапсырма «Талқылау шеңбері» әдісі арқылы жүзеге асады. Білім алушылар алдымен екі топта тыңдалым мәтінінде көтерілген тақырып пен мәселені талқылап, бір шеңберге жиналып, ойларымен бөліседі.

**Бөлім тақырыбы: ЭКСПО-2017 – Қазақстан белесі**

**Бөлімше тақырыбы: Өмір бойы білім алу- бәскенің талабы.**

**Оқу мақсаты:** О. 9. 3. 1. 1 мәтіндегі ақпараттың өзектілігін анықтау, қорытынды жасау;

**Сабақтың мақсаты:** мәтіндегі ақпараттың өзектілігін анықтап, қорытынды жасайды;

**Оқылым алды тапсырма.**

«Білім қоржыны» әдісі. Білім алушылар қоржынның ішінен қанатты сөздерді таңдап алады, оқушылар жұптасып нақыл сөздерді оқып, мағынасын түсіндіреді, өз пікірлерін білдіреді.



Біліп айтқан сөзге құн жетпейді,  
Тауып айтқан сөзге шын жетпейді.  
Өзің білмесең, білгендерден үйрен  
Үйренгеннен ештеңең кетпейді.  
(Төле би)

Талаптан да білім мен өнер үйрен,  
Білімсіз, өнерсіз болады ақыл тұл.  
(Шәкәрім Құдайбердіұлы)

Халықтың кемеліне келіп өркендеп өсуі үшін ең алдымен азаттық пен білім қажет.

(Шоқан Уәлиханов)

Білген адам білімді өмір бойы іздейді.

(Ахмед Иүгінеки)

**Дескриптор:**

- нақыл сөздерді мәнерлеп оқиды;
- нақыл сөздердің мағынасын түсіндіреді
- нақыл сөздерге ортақ тақырыпты анықтайды;
- нақыл сөздерге қатысты пікірлерін білдіреді

**Мәтін.**

**Сен ғылымға болсаң ынтық**

Сен ғылымға болсаң ынтық,  
Бұл сөзімді әбден ұқ.  
Білгеніңнің жақсысын қыл,  
Білмегеніңді біле бер.

Білген ердің бол шәкірті,  
Білмегенді қыл шәкірт.  
Үйренуге қылма намыс,  
Үйретуге болма кер.

Өнеріңді құр шірітпе,  
Орнына анық жұмсамай.  
Өкініші кетпес оның,  
Өз ойыңда босқа өлер.

Қай ғылымды білсеңіз де,  
Қазір оны елге жай.  
Құр ішіңде кеткенінше,  
Пайдалансын өзгелер.


Шын наданға білгеніңді  
Ұқтырам деп ойлама.  
Қанша бидай шашсаң-дағы,  
Болмас егін тасты жер.

Сусағанның сусыны бол,  
Су сықылды сұп-суық.  
Бірақ ондай болма салқын,  
Ел көңілін қалдырып.

От сықылды жылы болсын,  
Жүзіңіз бен сөзіңіз.  
Бірақ ондай мархаматсыз  
Болма өртеп, жандырып.

Жер сықылды пайдалы бол,  
Пайдалансын ел сенен.  
Тасты жердей болма қатты,  
Тілме жұрттың табанын.

(Шәкәрім Құдайбердіұлы, 37-бет )  
«Қос жазба» күнделігі. Өлең жолдарына түсініктеме жазыңыз.

Өлең жолдары	Өлең жолдарында айтылған негізгі ой
 <p>С Бұ Бі Бі</p>	
<p>Бі Бі Үйренуге қылма намыс, Үйретуге болма кер.</p>	
<p>Қай ғылымды білсеңіз де, Қазір оны елге жай. Құр ішінде кеткенінше, Пайдалансын өзгелер.</p>	
<p>Жер сықылды пайдалы бол, Пайдалансын ел сенен. Тасты жердей болма қатты, Тілме жұрттың табанын.</p>	

**Оқылымнан кейінгі тапсырма. «Маған ұнағаны...» тәсілі.** Білім алушылар өлең жолдарын мәнерлеп оқып, түсінгенін өз сөзімен қысқаша топ ішінде мазмұндайды. Шығармадағы автордың ойы мен көтерілген мәселені анықтап, алған әсерімен бөліседі, қорытынды жасайды.

Маған ұнағаны...

Мен үшін ерекше әсер еткен...

Менің көңілімнен шықпағаны...

Менің оқырмандарға берер кеңесім..

**Дескриптор:**

- өлеңді мәнерлеп оқиды;
- өлең жолдарына түсініктеме жазады;
- негізгі ойды, көтерілген мәселені анықтайды;
- алған әсерімен бөліседі, қорытынды жасайды;

**Педагогке әдістемелік көмек:** Өмір бойы білім алу- бәскенің талабы тақырыбына оқылым 9. 3. 1. 1 мәтіндегі ақпараттың өзектілігін анықтау, қорытынды жасау оқу мақсаты алынды. Оқу мақсатына жету үшін «Білім қоржыны», «Қос жазба күнделігі» стратегиясы, «Маған ұнағаны ...» әдісі тиімді қолданылды.

Оқылым рецептивті (қабылдаушы) дағдылар қатарына жатады, сондықтан берілген тапсырмалар оқушының сөйлеу әрекетіне негіз болады. Оқылым алды тапсырма – мәтін тақырыбын ашуға бағытталған «Білім қоржыны» әдісі арқылы жүзеге асырылады. Білім алушылар қоржынның ішінен қанатты сөздерді таңдап алады, оқушылар жұптасып нақыл сөздерді оқып, мағынасын түсіндіреді, өз пікірлерін білдіреді.

Оқылым тапсырмасы – «Қос жазба күнделігі» стратегиясы. Білім алушы өлең жолдарына түсініктеме жазып, өлең жолдарында айтылған негізгі ойды анықтайды. Бұл тапсырма оқушылардың өлең жолын толық түсінуіне негіз болады. Сынптағы кейбір білім алушылар аударма сөздіктерін қолдана алады.

Оқылымнан кейінгі тапсырма «Маған ұнағаны...» тәсілі арқылы жүзеге

асырылады. Оқушылар мәтіннен түсінгенін өз сөзімен қысқаша топ ішінде мазмұндайды. Шығармадағы автордың ойы мен көтерілген мәселені анықтап, алған әсерімен бөліседі, қорытынды жасайды.

**Бөлім тақырыбы: Биотехнология жаңалықтары**

**Бөлімше тақырыбы: Биотехнология -болашақтың ғылымы**

**Оқу мақсаты:**

Т. 9. 1. 2. 1 тыңдалған мәтіннің негізгі мазмұнын түсіну, ақпараттың шынайылығы мен нақтылығын анықтау;

А.9. 2. 3. 1 коммуникативтік жағдаятқа сай сөйлеу тіліндегі интонация, кідіріс, логикалық екпіннің мәнін түсініп, өз ойын жеткізу;

**Сабақтың мақсаты:** тыңдалған мәтіннің негізгі мазмұнын түсінеді, ақпараттың шынайылығы мен нақтылығын анықтайды; коммуникативтік жағдаятқа сай сөйлеу тіліндегі интонация, кідіріс, логикалық екпіннің мәнін түсініп, өз ойын жеткізеді;



**1-тапсырма. «Ой қозғау» әдісі**

**Сұрақтар:**

-Биотехнология дегенді қалай түсінесің?

-Ген дегеніміз не?

-Күнделікті өмірде биотехнологияны қай саладан көруге

болады?

-Биотехнология қандай пәндермен байланысты?

**Тыңдалым алды тапсырма**

**2-тапсырма. «Сырлы сөздер» әдісі.** Берілген сөздер, сөз тіркестерімен сөйлем құрастырыңыз.

Гендік ақпарат, эволюция, туыстық белгі, адам ағзасы, зат алмасу, даму үрдісі, игеру, мақсат, жүйе, тиімді белгілері.

**Мәтін /тыңдалым/.**

XX ғасырда қолданбалы ғылым саласы биотехнология пайда болды. 1983 жылы құрылған Молекулалық биология және биохимия институты үлкен ғылыми орталыққа айналып, елімізде алғаш рет клеткалық және гендік инженерия, трансгеноз, өсімдік геномы зертханалары ашылды.

Жалпы биотехнология терминін алғаш рет Эреки деген ғалым ашты. 1981 жылы Еуропада биотехнологияның еуропалық федерациясы құрылды. Биология ғылымының бұл саласының әрі қарай белсенді дамуына күмән келтіруге болмайды. Адамға пайдалы белгілері мен керекті жаңа организмдерді шығару, оның ішінде трансгендік жануарлар мен өсімдіктер, олардың тиімді белгілерін алдын ала жоспарлап, жаңа белоктарды алу және ол жайындағы ақпараттарды басқа тірі ағзаның геномына енгізу, биотехнология ғылымының жетістіктері болып есептеледі. Биологиялық үрдістердің үлгісін жасау жұмыстары да белсенді дамып келеді. Оның ішінде компьютерлік моделін жасау арқылы, биосферада болатын әр түрлі ақпараттарды қадағалауға болатындығы дәлелденді.

Биотехнология-ғылым мен өндірістің жаңа саласы, биологиялық

объектілер мен биологиялық процестердің негізінде жаңа технология құру, сол арқылы адамға қажетті өнімдерді алу. Ол бірнеше саладан тұрады. Пайдаланылатын объектілерге қарай: өсімдік биотехнологиясы, жануар биотехнологиясы, микроорганизмдер биотехнологиясы болып бөлінеді.

<https://mylektsii.ru/5-20020.html>

### 3-тапсырма.

Тыңдалым тапсырмасы. «Шындық-жалған» әдісі. «Биотехнология-XXI ғасыр технологиясы» тақырыбында мәтінді тыңдап, кестедегі ақпараттың шынайылығын анықтаңыз.

№	Ақпарат	Ия	Жоқ
	Биотехнология ғылымының жетістіктерінің бірі - керекті жаңа организмдерді шығару.	+	
	Биотехнология XXI ғасырда пайда болды		-
	Биотехнология ғылыми-техникалық прогресстің дамуына кедергі жасайды.		-
	Биотехнология - ғылыми-техникалық прогресстің қуатты қозғаушы күші.	+	
	Биологиялық үрдістердің үлгісін жасау жұмыстары қарқынды дамып келеді	+	

### Дескриптор

- берілген сөздер, сөз тіркестерімен сөйлем құрастырады;
- ақпараттарды түсінеді;
- ақпараттың шынайылығын анықтайды;

### 4-тапсырма. Тыңдалымнан кейінгі тапсырма. «Үштік кесте» әдісі

Топта берілген сұрақтарды талқылап, фактілер мен көзқарастарды анықтаңыздар.

1. Биотехнология қандай ғылым саласы?
2. Биотехнологияның негізгі мақсаты қандай?
3. Қазіргі кезде ғалымдар алдында қандай мақсат тұр?
4. Тірі ағзаларды жүйелеуде қандай жаңа ғылыми бағыт бар?

Факті	Көзқарас	Менің ойым

### Дескриптор /3/

- сұрақтарға жауап береді;
- фактілерді анықтайды;

-көзқарасты анықтайды;

**5-тапсырма. «Тілшімен сұхбат» әдісі.** Төмендегі кілт сөздерді қолана отырып, коммуникативтік жағдаятқа сай сөйлеу тіліндегі интонация, кідірісті сақтап, сұхбат құру

Сұхбаттың кілт сөздері: биотехнология, зерттеу, Қазақстан, жетістік, қиындық, мәселе, шешім.

### **Дескриптор**

-сұхбат құрады;

-кілт сөздерді орынды қолданады;

-коммуникативтік жағдаятқа сай сөйлеу тіліндегі интонация, кідірісті сақтайды;

- өз ойын сауатты жеткізеді;

**Педагогке әдістемелік көмек:** Биотехнология -болашақтың ғылымы тақырыбына тыңдалым-.9. 1. 2. 1 тыңдалған мәтіннің негізгі мазмұнын түсіну, ақпараттың шынайылығы мен нақтылығын анықтау; айтылым- 9. 2. 3. 1 коммуникативтік жағдаятқа сай сөйлеу тіліндегі интонация, кідіріс, логикалық екпіннің мәнін түсініп, өз ойын жеткізу оқу мақсаттары таңдалып алынды.

«Ой қозғау» әдісі арқылы тақырыпқа қатысты білім алушыларға сұрақтар қойылады, балалар сұрақтарға жауап береді, тақырыпты болжайды. Бұл ұжымдық талқылау, мәселенің шешімін іздеуде қолданылатын, білім алушының шығармашыл ойлауын жақсы дамытатын тиімді әдіс.

Тыңдалым алды тапсырмасына «Сырлы сөздер» әдісі қолданылды. Оқушылар берілген сөздер, сөз тіркестерімен сөйлем құрастырыады. Мұғалім сөздер мен сөз тіркестердің мағынасын дайын түрде бермей, оқушыларға өз бетімен сөздікпен жұмыс істеу арқылы мағыналарын түсінулеріне бағыт-бағдар береді.

Тыңдалым тапсырмасы «Шындық-жалған» әдісі арқылы жүзеге асырылады. Мұғалім тыңдалым материалын дайындайды, ұсынылған мәтінді ықшамдатып, аудио нұсқасын әзірлейді. Бұл әдіс оқушылардың тыңдалым мәтінін түсінуін бақылауға және сөйлеу тілдерін дамытуға тиімді.

Тыңдалымнан кейінгі тапсырма -«Үштік кесте» әдісі.Оқушылар топта берілген сұрақтарды талқылап, фактілер мен көзқарастарды анықтаңыздар. Нәтижесінде оқушылардың көбісі мәтін сұрақтарына жауап беріп, ақпаратты толтыра алды.

«Тілшімен сұхбат»- айтылым мақсатына жету үшін тиімді әдіс. Топтағы оқушылар ішінара рөлдерге бөлінеді: бірі тілші болса, екеуі - студия қонақтары. Тілші: елге белгілі журналист, өзінің бағдарламасы бар. Студия қонақтары: биотехнология саласының ғалымдары. Тақырып: «Биотехнология және Қазақстан». Тілші олардан сұхбат алады.. Дайындалуға – 5 минут. Әр топ кезектесіп ортаға шығып, 3 минутта жұмыстарын көрсетеді. Әдістің тиімділігі оқушының ауызекі сөйлеу тілін және сөйлем құрастыра алу дағдыларын жақсы дамытады.

**Бөлім тақырыбы: Болашақ энергия көздері**

**Бөлімше тақырыбы: Болашақ энергиясы**

**Оқу мақсаты:** 9. 3. 2. 1 ғылыми стильде (мақала, баяндама, презентация) жазылған еңбектердің тілдік және жанрлық ерекшелігін анықтап, талдау жасау;

**Сабақтың мақсаты:** ғылыми стильде (мақала, баяндама, презентация) жазылған еңбектердің тілдік және жанрлық ерекшелігін анықтап, талдау жасайды.

**«Галереяны шарлау» әдісі.** Суреттерге қарап тақырыпты болжау, тақырыпқа қатысты сөздерді айту.



**1-тапсырма. Оқылым алды тапсырма**

Оқушыларға тақырыпқа сай суреттер, термин сөздер мен жаңа сөздер араластырылып беріледі. Оқушылар осы сөздерді екі бағанға бөле отырып, сөздер мен термин сөздердің тізбегін жасайды.

Мысалы: жел энергиясы, қуат көзі, үнемдеу, болашақтың энергиясы, табиғи, электр энергиясы, сымдар тарту, генератор, кВт, т.б.

Тақырыпқа сай жаңа сөздер	Термин сөздер

**1-мәтін.**

Жел энергетикасы — жел энергиясын механикалық, жылу немесе электр энергиясына түрлендірудің теориялық негіздерін, әдістері мен техникалық құралдарын жасаумен айналысатын жаңартылатын энергетиканың саласы.

Жел энергиясының басқа энергия көздерінен экогилық және экономикалық артықшылықтары көп. Жел энергетикасы қондырғыларының технологиясын жетілдіру арқылы оның тиімділігін арттыруға болады. Жел энергиясын тұрақты пайдалану үшін жел энергетикасы қондырғыларын басқа энергия көздерімен кешенді түрде ұштастыру қажет. Республиканың шығыс, оңтүстік-шығыс, оңтүстік аймақтарында су электр станциялары мен жел электр станцияларын біріктіріп электр энергиясын өндіру өте тиімді. Қыс айларында жел күші көбейсе, жаз айларында азаяды, ал су керісінше, қыс айларында азайса, жаз айларында көбейеді. Сөйтіп, энергия өндіруді біршама тұрақтандыруға болады. Алматы облысының Қытаймен шекаралас аймағындағы 40-ендікте Еуразия мегабассейніндегі орасан зор ауа массасының көлемі ауысатын Орталық Азиядағы “жел полюсі” деп аталатын Жетісу қақпасындағы желдің қуаты мол. Ол екі таудың ең тар жеріндегі (ені



10 — 12 км, ұзындығы 80 км) табиғи “аэродинамикалық құбыр” болып табылады. Қақпа Қазақстанның Балқаш — Алакөл ойпатын Қытайдың Ебінұр ойпатымен жалғастырады. Осы жердегі жел ерекшеліктерін зерттеу нәтижесінде оның электр энергиясын өндіруге өте тиімді екені анықталды. Қыс кезінде желдің соғатын бағыты оңтүстік, оңтүстік-шығыстан болса, жаз айларында солтүстік, солтүстік-батыстан соғады. Желдің орташа жылдамдығы 6,8 — 7,8 м/с, ал жел электр станциялары 4 — 5 м/с-тан бастап энергия бере бастайды. Желдің қарама-қарсы бағытқа өзгеруі сирек болуына байланысты мұнда турбиналы ротор типті жел қондырғысын орнату тиімді. Желдің жалпы қуаты 5000 МВт-тан астам деп болжануда. Бұл өте зор энергия көзі, әрі көмір мен мұнайды, газды үнемдеуге және, әсіресе, қоршаған ортаны ластанудан сақтап қалуға мүмкіндік береді.

<https://kk.wikipedia.org/wiki/>

## 2-мәтін.

Қазақстанның жел энергетикасын дамыту әлеуеті өте жоғары. ҚР Қоршаған ортаны қорғау министрлігі мен БҰҰ-ның даму жөніндегі бағдарламасының ұсынған мәліметтеріне жүгінсек, еліміздің потенциалы мыңдаған МВт немесе жылына 1 триллион кВт-сағ көлемінде - бұл дүние жүзі бойынша үздік көрсеткіштердің бірі.

Қазақстанда өте қолайлы жел дәліздері бар: жел бір бағытта соғатын аймақтар (Ерейментау, Жүзімдік) және қарама-қарсы бағыттарда алмасып отыратын аймақтар (Жоңғар қақпасы, Шелек, Қордай).

Қазақстанның электр станцияларының белгіленген жалпы қуаты 18,993 ГВт, қолданыстағы қуаты - 14,558 ГВт. Салыстыру үшін басқа елдердің электр станцияларының белгіленген қуатын атап өтейік: Ресей - 218 ГВт; ҚХР - 900 ГВт; ЕО, Орталық және Шығыс Еуропа - 900 ГВт.

ЕО-ның белгіленген жел энергетикасының қуаты - 100 ГВт.

Жел энергетикасы қуаттарының жалпы потенциалы 659 ГВт болуы мүмкін, бұл қазіргі белгіленген қуаттан 35 есе артық. Ал Қазақстанның бірнеше әлеуетті жел аумақтарының электр энергиясын өндіру көлемі жылына **2,1735 триллион кВт-сағ** болуы мүмкін, бұл Қазақстанның жалпы электр энергия өндірісінен (2011 жылы - 86,2 млрд кВт-сағ) 25 есе асып түседі.

Осыдан-ақ қазақстандық балама энергия көздерінің, атап айтқанда жел энергиясының әлеуеті үлкен, инвестициялық сыйымдылығы мен тартымдылығы жоғары екендігін байқауға болады.

<https://7kun.kz/aza-standa-y-balama-energiya-k-zderi-zhel-energiyasy/>

## 2-тапсырма. «Бес қадам» әдісі



Қадамдар	1-мәтін	2-мәтін
Мәтіннің түрін, стилін анықтаңыз.		
Мәтіннің жанрын анықтаңыз		
Мәтіндегі негізгі идеяны анықтаңыз		
Маңызды 3 ақпаратты анықтаңыз.		
Мәтін бойынша өз пікіріңізді білдіріңіз.		

### Дескриптор

- Мәтіндерді түсінеді;
- Мәтіннің түрін, стилін анықтайды;
- Мәтіннің жанрын анықтайды;
- Мәтіннің негізгі идеясын анықтайды;
- Мәтін бойынша өз пікіріңізді білдіреді;

**3-тапсырма. «Ақылдың бес қалпағы» әдісі арқылы «Жел энергетикасы – болашақтың энергиясы» тақырыбында топтық жұмыс ортұндайды.**

Білім алушылар тақырып бойынша талқылаулар жүргізеді. Қалпақтардың санын қажеттілікке байланысты азайтуға болады.

«Ақ қалпақ» киген оқушы детальді ақпаратты анықтап сөйлейді. (нақты ақпараттар ғана айтылады).

«Сары қалпақ» киген оқушы тақырыптың тиімділігін сендіре айтады. (жел энергиясының артықшылығы мен қоғамға пайдасы туралы айтады)

«Қара қалпақ» киген оқушы тақырып бойынша кемшіліктерді анықтайды. (жел энергиясының кемшіліктері )

«Жасыл қалпақ» киген оқушы тақырып бойынша креативті, жаңа идеялар айтады. (бұл идеяны басқаша қалай ұйымдастыруға болатынын айтады)

«Көк қалпақ» киген оқушы тақырыпқа сараптама жасап, қорытындылап сөйлейді.

### Дескриптор

- нақты ақпаратты анықтайды;
- тақырыптың тиімділігі мен артықшылығын көрсетеді;
- кемшіліктерін көрсетеді;
- реативті, жаңа идеяларды ұсынады;
- сараптама жасап, қорытындылайды;

### Педагогке әдістемелік көмек:

Болашақ энергиясы тақырыбына 9. 3. 2. 1 ғылыми стильде (мақала, баяндама, презентация) жазылған еңбектердің тілдік және жанрлық ерекшелігін

анықтап, талдау жасау оқу мақсаты алынды.

Оқылым алды тапсырма оқушыларға тақырыпқа сай термин сөздер мен жаңа сөздер араластырылып беріледі. Оқушылар осы сөздерді екі бағанға бөле отырып, сөздер мен термин сөздердің тізбегін жасайды.

Оқылым тапсырмасы «Бес қадам» әдісі арқылы орындалады. Білім алушыларға ғылыми стильде жазылған екі мiтiн берiледi, оқушылар кестеде көрсетiлгендей мәтiндерге қатысты тиiстi ақпараттарды жазады. Бұл тапсырманы жұп болып орындаған тиiмдi.

3-тапсырма «Ақылдың бес қалпағы» әдісі арқылы білім алушыларға «Жел энергетикасы – болашақтың энергиясы» тақырыбын беріледі, білім алушылар топтық жұмыс ортандайды. Білім алушылар тақырып бойынша талқылаулар жүргізеді. Бұл әдіс - білім беру мен сабақ үдерісінде оқушыларды мәселелерге сыни көзбен қарауға, проблема бойынша өз көзқарасына білдіруіне, сараптама жасап, қорытындылауға, ақпараттың қандай салаға қатысты екендігіне қарамастан барынша объективті қабылдауға арналған практикалық дағдыларды игерудің қарапайым да тиімді тәсілі.

**Бөлім тақырыбы: Болашақ энергия көздері**

**Бөлімше тақырыбы: Медеу Сәрсек "Жетінші толқын" (үзінді)**

**Оқу мақсаты:**

Т. 9. 1. 4. 1 орта көлемді прозалық, поэзиялық шығармалардан үзінді тыңдау, көтерілген (тұрмыстық, әлеуметтік, қоғамдық) мәселені анықтап, өз пікірін білдіру;

А. 9. 2. 1. 1 берілген тақырыпқа сай сөздерді орынды қолдана отырып, мақсатты аудиторияға арналған ауызша мәтіндер құрау;

**Сабақтың мақсаты:** орта көлемді прозалық шығармалардан үзінді тыңдап, көтерілген (тұрмыстық, әлеуметтік, қоғамдық) мәселені анықтап, өз пікірін білдіреді; берілген тақырыпқа сай сөздерді орынды қолдана отырып, мақсатты аудиторияға арналған ауызша мәтіндер құрайды.

**Сөздікпен жұмыс**

Берілген сөздерден сөз тіркестерін, сөйлем құрап, балама сөздерін жазыңыз.

Жаңа сөздер	Сөз тіркесі, сөйлем	Балама сөздер
таңғажайып		
барлаушы		
үңгір		
жарған		
қоршау		

**Дескриптор**

-Сөздердің баламасын жазады;


-Таңдалған сөздермен сөз тіркестерін құрай алады.

-Сөйлемдер құрастыра алады

**Тыңдалым**

<https://www.youtube.com/watch?v=XJU73qDyYB4>

1-тапсырма. «SmartArt» кестесі. Үзіндіде көтерілген мәселені анықтап, өз пікірін білдіреді. Ол үшін төмендегідей кесте толтырады.



### Дескриптор

- Мәтіннің тақырыбын анықтайды;
- көтерілген мәселені анықтайды;
- шығармадағы кейіпкердің жаңалығын анықтайды;
- өз пікірін білдіреді;

2-тапсырма. Прозалық мәтінді тыңдап, сұрақтарға жауап беріңдер (мәтінді мұқият тыңдайды, берілген сұрақтарды жұпта, топта талқылайды, үздігі топта таңдалып, оқиды)

- Шығарма не туралы?
- Автордың негізгі мақсаты неде?
- Шығарманың негізгі идеясы
- Қазақ әдебиетінде фантастика жанры қаншалықты дамыған деп ойлайсыз?
- Фантастика жанрына қалам тербеу неліктен қиынға түседі?

### Дескриптор

- Мәтін бойынша сұрақтарға жауап береді
- Мәтіндегі өзекті мәселені анықтайды.
- Пікірін білдіреді.

3-тапсырма. «TEDx» әдісі. Оқушылар жұпқа бөлінеді, алынған тақырып бойынша айтылымға дайындалады.

- А) тақырыпты таңдайды;
- В) мақсатты аудитория таңдайды;

### Тақырыптар:

Ғылым мен техниканың дамуы – адамзаттың дамуы

Ғылыми-техникалық революцияның пайдасы мен зияны

**Аудитория:** студенттер, мектеп оқушылары, ата-аналар жиналысы, мектеп ұжымы

### Дескриптор

- Мәтіннің құрылымын сақтайды;
- автор атынан сөйлей біледі;

-4-5 сөйлемді ауызша құрай алады.

**Педагогке әдістемелік көмек:** Медеу Сәрсекке "Жетінші толқын" (үзінді) тақырыбына тыңдалым ( 9. 1. 4. 1 орта көлемді прозалық, поэзиялық шығармалардан үзінді тыңдау, көтерілген (тұрмыстық, әлеуметтік, қоғамдық) мәселені анықтап, өз пікірін білдіру) және айтылым (9. 2. 1. 1 берілген тақырыпқа сай сөздерді орынды қолдана отырып, мақсатты аудиторияға арналған ауызша мәтіндер құрау) оқу мақсаттары алынды. Мұғалім тыңдалым дағдысын қалыптастыру үшін оқушыларды алдымен жеке жұмыстар жасатып, содан кейін жұпқа бөледі. Оқушылар саралау сұрақтарына жеке жауап береді. Қажетті көрнекіліктерді даярлап, оқушы назарына ұсынады. Сөздікпен жұмыс барысында оқушылар жаңа сөздердің баламасын тауап, сөз тіркесі мен сөйлем құрайды. «SmartArt» кестесі арқылы үзіндіде көтерілген мәселені, әңгіменің тақырыбын анықтап, өз пікірін білдіреді. 2-тапсырмада тыңдалым бойынша сұрақтарға жауап береді. Бұл арқылы сабақ барысында оқушыларды сұрақ арқылы белсенді диалогке түсуге ынталандырып, коммуникативтік дағдыларын қалыптастыру, жаңа ақпаратты анықтап, білімдерін толықтыруға дағдыландырады.

«TEDx» әдісі арқылы оқушылар жұпқа бөлінеді, алынған тақырып бойынша айтылымға дайындалады. Білім алушылар тақырыпты таңдайды, мақсатты аудитория таңдайды. Мысалы, оқушылар «Ғылыми-техникалық революцияның пайдасы мен зияны» тақырыбын, аудиторияға мектеп оқушылары деп таңдайтын болса, оқушылар алдында тақырыпқа қатысты сөйлейтін сөздерін дайындап, сынып алдында өз жұмыстарын қорғап, TEDx форматында сөйлейді. Бұл әдіс оқушылардың сөз мәдениетін, сөйлеу әдебін қалыптастыру, өз ойын дұрыс, нақты және толық жеткізе білуге машықтандыру болып табылады. Тілді жетік меңгерген және оны орынды қолданатын оқушы кез келген ортада коммуникативтік қатынасқа түсе алады.

**Бөлім тақырыбы: Алаш идеясы мен қайраткерлері**

**Бөлімше тақырыбы: Алаш қайраткерлері тіл мәселесі туралы**

**Оқу мақсаты:** 9. 3. 5. 1 қосымша ақпарат көздерінен алынған мәліметтерден қорытынды жасау, өз көзқарасын білдіру

**Сабақтың мақсаты:** қосымша ақпарат көздерінен алынған мәліметтерден қорытынды жасап, өз көзқарасын білдіреді.

«Ой шақыру» әдісі. Оқушылар жұптаса отырып, берілген сұрақтарға жауап береді.

1. Алаш зиялыларының саяси және рухани күресіндегі негізгі мақсаты қандай болды?
2. Алаш арыстары өмір сүрген кезеңде Ана тілімізді сақтау мәселесі қаншалықты өзекті болды?
3. Алаш қайраткерлерінің қай-қайсы да тілдің саяси, қоғамдық һәм рухани үлкен күш, ұлтты біріктіруші қуатты құбылыс екендігін жақсы сезінгенін қандай дәлелдермен айшықтар едің?

4.Алаш қайраткерлерінің тіл туралы айтқан қандай нақыл сөздерін білесіздер?

### **Дескриптор**

-сұрақтарға дұрыс жауап береді;

-өз ойын дұрыс, сауатты жеткізеді;

### **Оқылым.**

Тіл – адамзаттың ең үлкен жетістігі. Бір-бірімен қарым-қатынас жасау үшін ғана емес, бойларына сіңірген өз тілдері арқылы тарихын, мәдениетін тануға ұмтылады. Ал біздің Алаш қайраткерлері не дейді?

I.Ахмет Байтұрсынұлы: «Өз тілімен сөйлескен, өз тілімен жазған жұрттың ұлттығы еш уақытта адамы құрымай жоғалмайды. Ұлттың сақталуына да, жоғалуына да себеп болатын нәрсенің ең қуаттысы – тілі. Сөзі жоғалған жұрттың өзі де жоғалады. Өз ұлтына басқа жұртты қосамын дегендер әуелі сол жұрттың тілін аздыруға тырысады.

Егер де біз қазақ деген ұлт болып тұруды тілесек, қарнымыз ашпас қамын ойлағанда тіліміздің де сақталу қамын қатар ойлау керек.

Орысша оқығандар орыс сөзінің жүйесіне дағдыланып үйренген, ноғайша оқығандар ноғай сөзінің жүйесіне дағдыланып үйренген. Қазақ сөздерін алып, орыс я ноғай жүйесімен тізсе, әрине, ол нағыз қазақша болып шықпайды. Сондай кемшілік болмас үшін әр жұрт баласын әуелінде өз тілінде оқытып, өз тілінде жазу-сызу үйретіп, өз тілінің жүйесін білдіріп, жолын танытып, балалар әбден дағдыланғаннан кейін басқаша оқыта бастайды. Біз де тіліміз бұзылмай сақталуын тілесек, өзгелерше әуелі ана тілімізбен оқытып, сонан соң басқаша оқытуға тиіспіз».

II. Ғұмар Қараш: «Бір халықтың өз тілінде білім өнері болмаса, ол халықтың тілі бұзылып өзгерді һәм көршілес күшті халықтың тілімен әсірелеп...соған қол болады, оның ішінде жаңалықтар көбейеді. Ол кішкене ұлттарды жаңартып, жандандырылмаған ескі тілі өзінің барлық маңызын жояды һәм жылдам ұмытылады.

Жалпы өнер білімнің ішіне ана тілі болуы да кіреді һәм мұның керісінше ана тілі болудан ұлттың білім өнері табылады. Ана тілін білмей тұрып, ешбір білім өнерді таратуға мүмкін емес».

III. Халел Досмұхамедұлы: « Мәдениетіміздің негізі – білім. Білімге тіл арқылы жетіледі. Білімді жұрттардың тілі бай болады.

Біздің тәжірибемізде қазақ тілі – бай тіл. Тек сөздері ғылым жолына салынып реттелмеген тіл. Қазақ тілі ғылым жолына салынып реттелсе, ешбір жұрттың тілінен кем болатын емес, бұған илануымыз керек.

Ана тілін жақсы біліп тұрып, бөтенше жақсы сөйлесең, бұл – сүйініш; ана тілін білмей тұрып, бөтенше сөйлесең, бұл – күйініш. Өз тілін білмей тұрып жат тілге еліктей беруі қор қате. Бұл оқығандардың һәм оқушылардың есінен шықпауы керек».

<https://bugin.kz/1468-alash-qayratkerlerininh-til-turaly-aytqan-kesteli-oylary>

**Оқылым тапсырмасы:** берілген мәтіндердің мазмұнымен танысады. «Кубизм» әдісін қолдана отырып, қосымша ақпарат көздерінен алынған мәліметтерден қорытынды жасап, өз көзқарастарыңды білдіріндер.



### «Кубизм»

Кубиктің көмегімен төмендегі тапсырламаларды бөлу:

1. Суретте (мәтін не туралы?).
  2. Салыстыр (қайраткерлердің сөздерін салыстырып талда).
  3. Байланыстыр (нақыл сөздерді қазіргі замандағы тілге қатысты міселемен байланыстыру).
  4. Таңда (өзіңе ұнаған қайраткердің сөзін таңдап, себебін түсіндір).
  5. Қолдан (қайда қолдануға болады?).
  6. Дәлелде (Ана тілі мәселесінің бүгін де өзекті екенін дәлелде)
- Әр топ кубик бойынша өздеріне берілген тапсырмалармен жұмыс жасайды, тақырыпқа сәйкес әр оқушының жеке жауабы тыңдалады. Жазған мәліметтерін топта талқылайды, топтың атынан ортақ жауап дайындайды және презентацияға дайындық жасайды.

### Дескриптор

- Мәтін не туралы екенін айтады;
- қайраткерлердің тәл туралы ойларын салыстыра талдайды;
- шынайы өмірмен байланыстырады;
- өзіңе ұнаған қайраткердің сөзін таңдап, себебін түсіндіреді,
- Ана тілі мәселесінің бүгін де өзекті екенін дәлелдейді, көзқарасын білдіреді;

**Оқылымнан кейінгі тапсырма:** оқушылар алған ақпараттардың негізінде пікір, дәлел, мысал келтіріп, қорытынды жасайды.

«Төрт сөйлем» әдісі.

1. Пікір. Оқыған мәтін бойынша өзіндік пікірлеріңізді бір сөйлеммен жазыңыздар.
2. Дәлел. Өз пікірлеріңізді бір сөйлеммен дәлелденіңіздер.
3. Мысал. Пікірлеріңізді өмірмен байланыстырып, мысал келтіріңіздер.
4. Қорытынды. Оқылымның мазмұны бойынша қорытынды шығарыңдар

### Дескриптор

- мәтін бойынша өзіндік пікірлеріңізді бір сөйлеммен жазады;
- өз пікірін бір сөйлеммен дәлелдейді;
- пікірін өмірмен байланыстырады;
- қорытынды ойын айтады;

**Педагогке әдістемелік көмек:** Алаш қайраткерлері тіл мәселесі туралы тақырыбына 9. 3. 5. 1 (қосымша ақпарат көздерінен алынған мәліметтерден қорытынды жасау, өз көзқарасын білдіру) оқылымның оқу мақсаты алынды.

«Ой шақыру» әдісі арқылы оқушылар жұптасып, берілген сұрақтарға жауап береді. Бұл әдіс оқушылардың ойлау дағдыларын дамытады.



Оқылым тапсырмасы «Кубизм» әдісі арқылы жүзеге асырылады. Білім алушылар қосымша ақпарат көздерінен алынған мәліметтерден қорытынды жасап, өз көзқарастарынды білдіреді. Мұғалім мәтіндермен жұмыс жасатпас бұрын, сыныптың деңгейіне қарай қажетті ақпараттары бар абзацтарды жинақтап, шағын мәтіндер құрап алады. Содан кейін ғана оқушыларға ұсынады. Оқушыларды қосымша ақпараттардан алған мәліметтеріне қорытынды шығаруға бағыттайды. Мұғалім оқушының қосымша ақпарат көздерінен алынған мәліметтерден қорытынды жасай алу мен өз көзқарасын білдіре алу дағдыларын бағалайды. Оқылымнан кейінгі тапсырмада оқушылар алған ақпараттардың негізінде пікір, дәлел, мысал келтіріп, қорытынды жасайды.

**Бөлім тақырыбы: Жаһандық мәселе: демография**

**Бөлімше тақырыбы: «Абай Құнанбайұлы «Адамның кейбір кездері»**

**Оқу мақсаты:** 9. 3. 3. 1 прозалық және поэзиялық шығармалардағы автордың ойы мен көтерілген мәселені анықтап, оқырманға әсерін бағалау;

**Сабақтың мақсаты:** прозалық және поэзиялық шығармалардағы автордың ойы мен көтерілген мәселені анықтап, оқырманға әсерін бағалайды;

**Лексикалық минимум:** ажырас, айқында, ағайынды, неке, саяси - әлеуметтік, туыл, бойдақ, егіз, жағдай, жетім.

**«Сыр сандық» әдісі.** Оқушылар сандықшадан сұрақтарды таңдап алып, жауап берді

-Абай Құнанбаев кім?

-Абайдың қандай шығармаларын білесіңдер?

-Абайдың білім, ғылым тақырыбына арналған қандай шығармалары бар?

-Абайдың поэзияға деген қызығушылығын оятқан кім?

**Оқылым.**

Адамның кейбір кездері

Көңілде алаң басылса;

Тәңірінің берген өнері

Көк бұлыттан ашылса.

Сылдырлап өңкей келісім

Тас бұлақтың суындай,

Кірлеген жүрек өз ішін

Тұра алмас әсте жуынбай.

Тәңірінің күні жарқырап,

Ұйқыдан көңіл ашар көз.

Қуатты ойдан бас құрап,

Еркеленіп шығар сөз.

Сонда ақын белін буынып,

Алды-артына қаранар.

Дүние кірін жуынып,  
Көрініп ойға сөз салар.

Қыранша қарап қырымға,  
Мұң мен зарды қолға алар.  
Кектеніп надан, зұлымға,  
Шиыршық атар, толғанар.

Әділет пен ақылға  
Сыналып көрген-білгенін,  
Білдірсе алыс, жақынға  
Солардың сөйле дегенін.

Ызалы жүрек, долы қол,  
Улы сыя, ащы тіл  
Не жазып кетсе, жайы сол,  
Жек көрсеңдер, өзің біл.

### **Оқылым тапсырмасы: «Абай ауылына саяхат» әдісі.**

1. Абайдың «Адамның кейбір кездері» өлеңін бір рет мәнерлеп оқиды. Өлеңде кездескен жаңа немесе түсініксіз сөздерді, мысалы: алаң, өңкей, әсте, бас құрап, белін буынып, дүние кірін, зұлымға, шиыршық атар, долы, т.б. теріп жазып алып, түсіндірме сөздікпен жұмыс жасайды.

2. Берілген сөздердің синонимдері қатарын жаз.

Кек	
Мұң	
Жек көру	
толғану	

3. Өлеңнің идеясын түсіну үшін екінші рет оқып, берілген сұрақтарға жауап беру.

- Өлең неге осылай аталған?

- Өлеңнің негізгі идеясын беретін қандай сөздер?

- Автордың идеясын анықта.

- Соңғы шумақтағы сөздер арқылы автор не айтқысы келді?

#### **Дескриптор**


- өлеңді түсініп оқиды;

- түсіндірме сөздікпен жұмыс жасайды,

- сөздердің синонимдік қатарын жазады;

- сұрақтарға жауап береді;

### **Оқылымнан кейінгі тапсырма «Тізбекті ой» әдісі.**



### Дескриптор

- автордың ойын жазады;
- Көтерілген мәселені анықтайды;
- оқырманға әсерін анықтап, өз пікірін білдіреді.

**Педагогке әдістемелік көмек:** «Абай Құнанбайұлы «Адамның кейбір кездері» тақырыбына 9. 3. 3. 1 (прозалық және поэзиялық шығармалардағы автордың ойы мен көтерілген мәселені анықтап, оқырманға әсерін бағалау) оқу мақсаты алынды. Сабақ «Сыр сандық» әдісімен басталады. Оқушылар сандықшадан сұрақтарды таңдап алып, жауап берді. Оқылым тапсырмасын «Абай ауылына саяхат» әдісімен орындаған тиімді. «Абай ауылына саяхат» әдісі үш аялдамадан тұрады. Оқушылар әр аялдамада берілген тапсырмаларды орындап алдыға жылжып отырады.

Бірінші аялдама тапсырмасында білім алушылар «Абайдың «Адамның кейбір кездері» өлеңін бір рет мәнерлеп оқиды. Өлеңде кездескен жаңа немесе түсініксіз сөздерді, мысалы: алаң, өңкей, әсте, бас құрап, белін буынып, дүние кірін, зұлымға, шиыршық атар, долы, т.б. теріп жазып алып, түсіндірме сөздікпен жұмыс жасайды. Екінші аялдама тапсырмасында білім алушылар берілген сөздердің синонимдерік қатарын жазады. Бұл тапсырма оқышылардың сөздік қорларын толықтырады. Үшінші аялдама тапсырмасында білім алушылар өлеңнің идеясын түсіну үшін екінші рет оқып, берілген сұрақтарға жауап береді. Бұл әдіс оқушылар өлеңнің толық мазмұнымен танысып, толық түсінуге тиімді тәсіл. «Тізбекті ой» әдісі арқылы оқышылар шығарма бойынша автордың ойын, көтерілген мәселені анықтап, оқырманға әсерін, өз пікірлерін жазады.

**Бөлім тақырыбы: Роботтар мен киборгтар әлемі**

**Бөлімше тақырыбы:**

**Оқу мақсаты: Т.9. 1. 2. 1. тыңдалған мәтіннің негізгі мазмұнын түсіну, ақпараттың шынайылығы мен нақтылығын анықтау;**

**А.9. 2. 4. 1 шығарманың идеясы мен мазмұнына байланысты "автордың ойын" бағалау**

**Сабақтың мақсаты:** тыңдалған мәтіннің негізгі мазмұнын түсініп, ақпараттың шынайылығы мен нақтылығын анықтайды; шығарманың идеясы мен мазмұнына байланысты "автордың ойын" бағалайды.

**Тыңдалымалды тапсырма.** «Бұрыш» әдісі. Оқу кабинетінің бұрыштарына тұжырымдар мен анықтамалыр ілінеді. Оқушылар өздері таңдаған тұжырымның қасында қалып, пікірлерін ортаға салады.

- Жасанды интеллект – адамзатқа қауіпті.
- Роботтар өзі тектес басқа роботтарды құрастыруды қолға ала бастайды.
- Роботтарға адамдар қарсы тұра алмайды.
- Болашақта адам роботты емес, робот адамды басқарып кетеді.

### Тыңдалым. «Роботтар әлемді жаулап ала ма?»

<https://www.youtube.com/watch?v=CvfhFZV6sO4>

1-тапсырма.

Тақырыпқа қатысты тірек сөздер	Ақпараттар тізбесі	Ақпараттың шынайылығы	Оқушы пікірі

#### Дескриптор

- тірек сөздерді жазады;
- ақпараттарды ретімен жазады;
- ақпараттың шынайылығын анықтайды;
- өз пікірін білдіреді;

2-тапсырма.

«Әлемді роботтар жаулап ала ма?» тақырыбында мәтіннің идеясы мен мазмұнына байланысты «автордың ойын» бағалаңыз. Автордың ойын бағалау үшін кесте толтырады.

Мәтіннің қысқаша мазмұны	Мәтіннің идеясы	Автордың ойын бағалау

#### Дескриптор

- мәтіннің қысқаша мазмұнын жазады;
- мәтіннің идеясын анықтайды;
- автордың ойын бағалайды

3-тапсырма. «ПОПС формуласы» әдісі.

Бірінші сөйлем: «Менің ойымша, ... »

Екінші сөйлем: «Себебі мен оны былай түсіндіремін, ...»

Үшінші сөйлем: «Оны мен мына фактілермен, мысалдармен дәлелдей аламын, ...»

Соңғы сөйлем: «Осыған байланысты мен мынадай қорытындыға келдім, ... »

#### Дескриптор

- өз пікірін білдіреді;
- өз пікіріне дәлел келтіреді;
- өз дәлеліне фактілер мен мысалдар келтіреді;
- қорытынды шешімін айтады;

**Педагогке әдістемелік көмек:** «Роботтар мен киборгтар әлемі»

тақырыбына тыңдалым 9. 1. 2. 1.(тыңдалған мәтіннің негізгі мазмұнын

түсіну, ақпараттың шынайылығы мен нақтылығын анықтау), айтылым 9. 2. 4. 1 (шығарманың идеясы мен мазмұнына байланысты "автордың ойын" бағалау) оқу мақсаттары алынды. Мұғалім айтылым, тыңдалым дағдыларын қалыптастыру үшін оқушыларды алдын ала даярлайды. Ол үшін кезеңдік тапсырмалар орындатады. Жұмыстың деңгейіне қарай оқушыларды жұптастырады.

Тыңдалымалды тапсырма «Бұрыш» әдісі арқылы жүзеге асады. Оқу кабинетінің бұрыштарына тұжырымдар мен анықтамалыр ілінеді. Оқушылар өздері таңдаған тұжырымның қасында қалып, пікірлерін, ойларын білдіреді. Сабақ барысында оқушылар «Роботтар әлемді жаулап ала ма?» бейне материалын көріп, тыңдайды. Тыңдалым барысында әр оқушы жеке кесте толтырады, бұл оқушының мәтінді толық меңгеруіне септігін тигізеді. Екінші тапсырманы оқушылар жұптасып орындайды. Автордың ойын бағалау үшін кесте толтырады. Бұл тапсырма сөйлеу әрекетіне бағытталған тиімді тапсырмалардың бірі. Тақырып бойынша берілген мәтіндегі мәселені «ПОПС формуласы» әдісі бойынша талқылау оқушының сөйлеу қабілетін, ойлау қабілетін дамытады, себебі берілген мәселе төңірегінде білім алушылар ойланып, сөз саптау, сөйлемдегі сөздердің орын тәртібі сияқты жайттарға баса назар аударып, өз пікірін қалыптастыруға көмектеседі.

## 10- СЫНЫП

Айтылым тапсырмалары орта мектеп мұғалімдеріне және Т2 10 сынып оқушыларына әдістемелік көмек ретінде ұсынылады. Ол қазақ тілі мен әдебиет сабақтарында қолдануға болатын сөйлеуді дамытуға арналған жеке тапсырмаларды ұсынады. 10-сыныптағы қазақ тілі мен әдебиет сабағына арналған бағдарламалық жұмыстарға негізделген.

Мақсаты – мектеп оқушыларының қазақ тілінде сөйлеуін дамыту, олардың мәтіндегі ақпаратты түсіну дағдылары мен тәсілдерін меңгеру. Түсінудің мәні – шығарманың идеясын, оның авторының ниетін түсіну және көркем шығарма тілінің эмоционалды көңіл-күйі мен сұлулығын сезіну.

Ұсынылған тапсырмалар көп функциялы, бұл оларды жеке жұмыс үшін де, ұжымдық жұмыс үшін де пайдалануға мүмкіндік береді, ал кейбір тапсырмалар шеңберінде жұмыстың жеке түрінен ұжымдық жұмыс түріне және керісінше ауысу мүмкіндігі бар.

Мәтіндерді таңдау кезінде келесі принциптерге сүйендік:

- мәдениеттану принципі, яғни халықтың ұлттық мәдениетіне бағытталған және мәдениет қазынасымен тіл арқылы таныстыруға көмектесетін мәтіндерді енгізу;

- ойды қажет ететін мәтінмен жұмыс істеуде мектеп оқушыларының жас ерекшеліктерін ескеру принципі; интеллектуалдық пен шығармашылық көзқарасты қажет ететін тапсырмаларды орындау;

- әр түрлі жанрдағы (ертегі, поэма, прозадан үзінділер, ғылыми мақалалар және т.б.) және әртүрлі стильдегі мәтіндерді іріктеуде жүзеге асырылған стильдік және жанрлық әртүрлілік принципі;

• орындалу оқушылардың оқуға деген қызығушылығын, сабаққа деген қызығушылығын оятатын, тапсырмаларды орындау кезінде шаршауды азайтып, белсенділігін арттыратын тапсырмалар түрлерінің әртүрлілік принципі.

**Бөлім тақырыбы:** Еңбек нарығы және сұраныс  
Балғабек Қыдырбекұлы «Теміржолшы»

**Оқу мақсаты:**

10.2.2.1 ғылыми-көпшілік және публицистикалық мәтіндерге сүйеніп, монолог және диалог құрау, сөз әдебі мен сөйлеу этикеті формаларын орынды қолданып, тыңдаушыға әсер ету;

10.2.3.1 сөйлеу ағымындағы интонацияның құрамдас бөліктері: әуен, әуез, тембр, қарқын, кідірісті сөйлеу мәнеріне сай қолдану

**Сабақтың мақсаты**

➤ ғылыми-көпшілік және публицистикалық мәтіндерге сүйеніп, монолог және диалог құрайды, сөз әдебі мен сөйлеу этикеті формаларын орынды қолданады, тыңдаушыға әсер етеді;

➤ сөйлеу ағымындағы интонацияның құрамдас бөліктері: әуен, әуез, тембр, қарқын, кідірісті сөйлеу мәнеріне сай қолданады

**Мәтін алды жұмыс**

**Сөздікпен жұмыс**

Еңбек нарығы

Ұсыныс

Сұраныс

Бәсекелестік

**Тапсырмалар**

**Мәтінді оқыңыз. Төмендегі тапсырмаларды орындаңыз**

**Еңбек нарығы және оның әлеуметтік мәселелері**

Еңбек нарығы - бұл жұмыс күшін тауар ретінде сату – сатып алу туралы экономикалық қатынастар жүйесі. Еңбектің тікелей әсер етуінің арқасында жоғары біліктілікті еңбектің дәрежесі көтеріледі, әрбір жұмыс орнының бағасы өседі, жұмыскерге және оның еңбегіне талап күшейеді. Еңбек нарығында өте қабілетті және іскер жұмыскерлерге қатаң таңдау жүргізіледі. Нарық еңбекке қабілетсіздерді, жалқау, әлсіздерді ешқашан аямайды. Ол еңбектің жоғары шапшаңдығын қамтамасыз етіп, іскерлік пен біліктілікті талап етеді. Еңбек нарығы — бұл бәсеке нарығы. Еңбек нарығы экономиканың жағдайын, жұмыссыздықтың деңгейін, адамдардың кәсіби біліктілігін, елдегі демографиялық көрсеткіштердің құрылымын көрсетеді. Еңбек нарығындағы тепе-теңдік еңбекке деген сұраныс пен ұсыныс көмегімен бекітіледі. Еңбекке сұраныс келесі факторларға байланысты: еңбектің шекті өнімділігі; басқа өндіріс факторларының ұсынысы.

Еңбек ұсынысына келесі факторлар ықпал етеді:

- халықтың жалпы саны;

- жұмыс істейтін белсенді халықтың үлес салмағы және оның өзгерісі;

- әрбір жеке жұмысшының жұмыс істеу мерзімі;
- қызметкердердің кәсіби дайындығы және мамандық дәрежесі.

Oxford Economics институтының көмегімен Ernst&Young компаниясының жүргізген «Шапшаң ілгерілейтін нарықтар дамуын болжау» зерттеулері негізінде, Қазақстан соңғы онжылдықта экономиканың даму қарқыны бойынша алғашқы үш мемлекеттің арасына енген. Мұның өзі Қазақстанда әлеуметтік экономикалық жағдайдың ең жоғарғы деңгейде екендігінің көрнекті дәлелі болып саналады. Қазіргі кезде Қазақстанда басқа көптеген елдермен салыстарғанда адамның еңбегі төмен бағалануда. Мысалы, Швецияда – 30, Германияда – 28, Австралияда – 22, Францияда – 15 долларды құрайды. Ал Қазақстанда 0,10 доллар.

### **1-тапсырма. Мәтіннен келесі ақпаратты табыңыз.**

Негізгі

ақпараттар

---

Қосымша ақпараттар

---

Фактілер

---

Көзқарастар

---

Мәтін идеясына қатысты кестеге қатысты өз пікіріңді білдіріңіз.

---

#### **Дескриптор**

- ✓ негізі ақпаратты табады
- ✓ қосымша ақпаратты табады
- ✓ фактілерді айтады
- ✓ көзқарастарды ажыратады
- ✓ кестеге қатысты өз көзқарасын білдіреді

**2-тапсырма.** «Аквариум» әдісі. Мәтіндегі ақпаратқа сүйеніп, диалогке қажетті сұрақтар дайындаңыз.

«Аквариум әдісі» - балаларға мәселені «қоғам алдында» талқылауға ұсынғандағы диалог формасы. Шағын топ белгілі бір мәселе бойынша диалогті жүргізуге кімге сеніп тапсыруға болатынын таңдайды. Кейде тілек білдірушілер бірнеше болуы мүмкін. Қалған барлық оқушылар көрермен рөлін атқарады. Сондықтан да мұны «аквариум» деп атайды. Барлық сынып алда өз пікірін білдіргені болмаса, ыстық орындық сияқты. Олар алтын балыққа



арналған аквариумда, басқалары оларға сұрақ қойып түсініктемелер сұрай алады және т.б.

**3-тапсырма. Публицистикалық стильдің жанрлық және стильдік ерекшеліктеріне сай тілдік құралдарды орынды қолданып, жұбыңызбен интервью дайындаңыз. (70-80 сөз)**

Сұхбат

Жағдаят. Сіз қонақпен, мысалы, белгілі табысты кәсіпкермен сұхбат жүргізуі керек журналистсіз.

Тапсырмалар:

1. Қонағыңызға қоятын бес сұрақтың тізімін дайындаңыз.
2. Қонағыңыздың рөлін ойнайтын серіктеспен сұхбаттасыңыз.
3. Сұхбатты жазып алыңыз және сұрақтар мен жауаптарды қалай жақсартуға болатынын талқылаңыз.

**Дескриптор**

- тақырыпқа сай интервью жүргізеді
- жанрлық ерекшелігін сақтайды
- стильдік ерекшелігін сақтайды
- тілдік құралдарды пайдаланады

құрылымын

сақтайды

Жұмыс үлгісі: Оқушыларға белгілі бір тапсырма берер алдында олардың сұрақтарды анағұрлым анық түсініп, бағалау критерийлерін қанағаттандыру үшін не істеу қажеттігін түсіну үшін мысалдар келтіріңіз. Оқушылар бағалау критерийлерін қолдана отырып, жұмыс үлгісіне баға қоя алады. Бұл не талап етілетінін және бұл үдеріспен қалай байланыста болатынын түсінуді модельдеуге көмектеседі.

**Бөлім тақырыбы:** Еңбек нарығы және сұраныс  
Балғабек Қыдырбекұлы «Теміржолшы»

**Оқу мақсаты:**

10.2.2.1 ғылыми-көпшілік және публицистикалық мәтіндерге сүйеніп, монолог және диалог құрау, сөз әдебі мен сөйлеу этикеті формаларын орынды қолданып, тыңдаушыға әсер ету;

10.2.3.1 сөйлеу ағымындағы интонацияның құрамдас бөліктері: әуен, әуез, тембр, қарқын, кідірісті сөйлеу мәнеріне сай қолдану

**Сабақтың мақсаты**

➤ ғылыми-көпшілік және публицистикалық мәтіндерге сүйеніп, монолог және диалог құрайды, сөз әдебі мен сөйлеу этикеті формаларын орынды қолданады, тыңдаушыға әсер етеді;

➤ сөйлеу ағымындағы интонацияның құрамдас бөліктері: әуен, әуез, тембр, қарқын, кідірісті сөйлеу мәнеріне сай қолданады

«ДЖИГСО» Топтарға мәтін бөлігі таратылады. Мәтін бөлігін оқып, өз топтарында талқылайды. Талқылауға аз ғана уақыт беріледі. Бастапқы топқа қайта келіп, қолдарындағы мәтін бөліктерін құрастырады. Топтарға мәтіннің толық нұсқасы таратылады. Толық мәтін мазмұнымен танысып, мәтін желісін топ мүшелері бірлесіп отырып аяқтайды. ДЖИГСО әдісімен жұмыс ақпарат

алу мен пысықтауға, ойлауға ықпал етеді. Оқытудың осы ұжымдық әдісін жүзеге асыру мақсаты — жалпы мәселені алдымен жұпта, кейін ұжымда талқылау, үйрену мен үйрету. Бұл жағдайда әрбір оқушы бір сәт өзін мұғалім ретінде сезінеді, оқуға деген жауапкершілігі артады.

### 1-топ

«Шойыннан жол салынғалы жатыр, ол жолдың көрінісі домбыраның екі ішегі сияқты болады екен, онымен поезд деген отпен жүретін арба келеді екен» деген қауесет Балқаштың бергі жағасына жуық жатқан Күрті еліне тез тарап кетті.

— Қара бұқасы болады дейді.

— Оның жаны бар ма?

— Тұяғы қалай шойыннан тайып кетпейді?

— Шойыннан істелген арба дейді, от күшімен көп жүк сүйрейді екен, — десті кешке жақын ауыл ортасындағы төбе басында отырғандар.

— Ол қайда барады екен?

— Мына Қопаны басып өтеді дейді жұрт.

Бетінде қорасан дағы бар шетте отырған, жасы жиырмалар шамасындағы қара жігіт жаңағы әңгімені айтқандардан жолдың жайын қайтадан сұрап еді. «Біз қайдан білейік, біздің білетініміз де сенің естігенің ғой» деп олар ештемені ашып айта алмады. Сұрауына жауап таппаған жігіт ел аузына біраз қарап тұрды да, орнынан тұрып кетті.

Ол үйіне келгенде алауланған тезек оты бықси жанып, үй іші ала көлеңкеленіп тұр екен.

— Апа, — деді үйіне келіп жігіт, отты үрлеп жатқан шешесіне, — мен шойын жолға жұмысқа тұрсам қайтеді.

— Жассың ғой әлі, қалқам.

— Ой апа, жиырмаға келген адам жас болушы ма

еді.

— Анығын білдің бе? Жұмысшы ала ма екен?

— Әзірше менің естігенімнің бәрі тұспал.

— Ендеше біреуден әбден анығын білсеңші, шырағым, бару жағын сонан соң қарастырарсың.

Сөз басыла бергенде, киіз үйдің есігі көтерілді де, сәлем беріп мосқал тартқан бет сүйегі шығыңқы, аласа бойлы, қара сақалды кісі үйге кіріп келді. Бұл Тосқанбай деген өздерінің бір туысқаны еді. Бағанағы төбе басындағылар «Тосқанбай Қопа бойына жұмыс іздей кетіпті» дегенді де айтқан. Тосқанбайды көріп қуанған жігіт, бар іздегенін осы туысқаны алып келгендей болды.

— Тосекенбісіз? Төрге шығыңыз.

— Жоқ асығыспын, — деді от басына бір тізерлеп отыра берген Тосқанбай.

— Әлгі Нұрқасым «барып келіңізші» деп мазалап болмаған соң Қопа жаққа барып едім. Қопаны бастыра шойын жол жасап келеді екен. Соны біліп қайттым. Сенде жұмыс іздеп жүр дегенді естіп, айта кетейін деп едім. Мен

казір барып дем аламын да, таңсәріден көшемін. Үлкен балам екеумізге де жұмыс беретін болды.

— Сапарыңыз оң болсын! Мен де көшемін, — деді үй несі.

— Бірге болсын! — деп Тосекең шығып кетті.

## 2-топ

Құрылыс қызу жүріп жатыр. Мұндағы адамдардың көбі осы маңдағы Күрті болысынан келгендер көрінеді. Ауылдан келген жігіттер жұмысқа белсене араласып кетіпті. Кешегі «мен көшемін» деген кісі сайдан топырақ тасып жүр, Лашығын өзен бойына қалдырып, жол құрылысының бастығы тіккен шатырға жүгіріп келген жігіт көп кідірмей-ақ шатырдан қуана шықты. Әуелі ол шатырға кірерде осылар қазақша сөзімді түсінбес деп жүрексініп еді, олай болмады, кіріп барған жігітке:

— Амансың ба? —деп қазақша сөйлеп, мұртты сары кісі Столяров орнынан тұра келіп қолын өзі берді.

— Амансыз ба? —деді, не айтарын білмей қалған Әліш те.

— Жұмыс сұрай келдің бе?

— Иә.

— Ендеше мен қағаз жазып берейін, ана Тарасов деген кісіге бар, ол саған жұмыс береді. Ендігі сенін бастығың сол болады.

— Құп.

Осыдан кейін ол жұмысқа кірісті. Оның жұмыс істеуіне сары атан тиді. Осы сары атанды жетелеп, Әліш бірнеше күн басқалармен бірге топырақ тартты. «Топырақты қашан тартып бітіреміз, егер дөңес жердің бәрінен топырақ ала берсек, мына қырқаны қалай тауысамыз» деп ойлап та қойды ол ішінен. Бірақ Әліш бұл ойының ағат екенін білді. Аз ғана күн ішінде жап-жазық далада топырақ жалданып, тау болып үйіліп қалды. «Көп түкірсе көл» деген осы екен-ау деп ойлады Әліш.

Аз күнде Әліш құрылысшылармен үйренісіп кетті. Ауылдағы жолдастарының да көбісі осында келді. Жұмысшылардың бірсыпырасы тасылған топырақты тегістеп, нықтап, таптап, енді бірсыпырасы тақтай тілуге кірісті.

Күн асқан сайын Әліштің жұмысының түрі өзгеріп отырды. Әліш бүгін өзінің бастығы Тарасовқа бір іспен бара қалып еді, ол «сен бүгіннен бастап топырақ тасығаныңды қой да, Сергей Колесниковтың қарауына бар. Жұмысты солармен істе» деді. Бұл сөз Әлішке алдымен қиынырақ тиді. Өйткені Әліш болса орыс тілін білмейді. Ал Сергейдің жанында бір қазақ жоқ бәрі де орыс жігіттері. Сондықтан ол осы топырақ тартқан жігіттермен бірге жүре беруді ұнататын. «Бірақ,—деп ойлады ол,— топта сөз сөйлеймін бе, олардың істейтінін істей беруді білемін ғой». Осы екі ойды салмақтап келді де, Әліш тәуекел деп Сергейдің бригадасына кетті.

Әліш енді жолдың топырағын тегістеп, үстіне құм, тас қиыршықтарын тасуға тапсырма алды. Ол бұл жұмысты да бар ынтасымен істеді. Поезд осы арадан өткенше асықты ол. Жал бон үйілген топырақтың үстінен тас төселді, бір-екі рет жаңбыр жауған соң, әлгі жал ат тұяғы батпайтын беріш болып қатын қалды.

Тағы бір күні Әліш түйемен ағаш тартатын болды. Ағаш әлі жолға төселінбей үйіліп қойыла берді.

— Сергей, — деді Әліш, — осы топырақты, тасты, ағашты үйіп жатырмыз, ал поезд қашан келеді?

— Асықпа, Әліш, — деді Сергей, — поезд әлі-ақ келеді. Екеуіміз сол поездбен саяхат құрамыз. Әнеугі күні өзіңнің айтқан әңгімең есінде ме? Алматыға осы жерден екі күн жүрдік деп едің ғой, енді сол Алматыға екі сағатта баратын боламыз.

Әліштің ойына болашақ өмірі келіп, өзін поезд үстінде кетіп бара жатқандай сезінді.

### **3-топ**

Нақ осы жерден Жиренайғыр өзені өтетін. Тура тартылып, үйіліп келген жал топырақ өзенге жақындағанда иіндеу болып төселді. Алғашқы кезде бұған Әліштің ақылы жетпей жүрді. Судың арғы бет өте берісі де нақ осындай иін болады да, одан әрі түп-түзу болып кетеді.

Бір күні осы өзен бойына көп ағаш түсірілді. Ағаштан зәулім көпір салынды, жал болып үйілген тас-топырақтың үстіне көлденең ағаштар төселінді. Қырлы жіңішке ұзын шойындар әкелініп, қатарынан осы көлденең ағашқа шегеленгенде Әліштің ойына ауылдағылардың «жол домбыраға ұқсайды» дегені түсе кетті. Жол, шынында да, домбыраның мойнына ұқсап қалды. Екі рельс екі шек те, ал шпалдар перне сияқты.

Жол бітіп поезд келерде, Әліш Үмбеталовты жол мастері Тарасов шақырып алды да:

— Сен поезд өткенше көпірдің астына жатасың, — деді.

— Менің де поезды көргім келеді, Дмитрий Степанович, — деді ол.

— Сен поезды көрмек түгіл, мәңгі сонымен бірге боласың, алғашқы поезд өткенше осында қаласың, — деді Тарасов. Сөйтіп, бірінші рет поезд өтетін көпірдің астында Әліш жалғыз қалды. Әдетте бұл кезде жұмыстағы ең озат адам поезд алғаш өткенде көпірдің астында қалу құрметіне ие болады екен. Ол кез-келген адамға ұсыныла бермесе керек.

Поезд гүрсілдеп өте шыққан соң, Әліш орнынан тұра келіп жол үстіне карап еді, түтіні будақтап паровоз жүйткіп барады екен. Бұрын поезд көрмеген түйелі, атты қазақтар паровоздың артынан таң қалысып карап тұр, енді біразы жарысып шауып барады. Әліш ел қуанышының куәсі болды. Кейінірек өзен жағасындағы иіннің мәнісін де түсінді, ол цементтен, тастан біржола істелетін темір бетонды көпірге қалдырылған орын болып шықты.

Түрксиб темір жолы Айнабұлақта түйісіп, жұмыс біткен күні Әліш Үмбеталов Айнабұлаққа шақырылды. Поездан түсе қалған жерде Әлішті бұрынғы өзінің жолдастары Тарасов пен Колесников қарсы алды. Олар Әлішті жол бастығына алып кірді.

— Үмбеталов деген озат жұмысшы осы, сіздің шақыруыңызбен келді, жол бастығы жолдас, — деді Тарасов.

Жол бастығы орта жастағы байсалды адам екен. Әлішпен көп әңгімелесті.

— Сізді Ауыр өндіріс Халық Комиссариатының грамотасымен құттықтаймын, — деді ол Әлішке. Бұған қоса көп заттай сыйлық тапсырды.

Үш күннен соң Әліш үйіне қайта келіп, Жиренайғыр станциясына стрелка салушы болып қызметке орналасты. Осы жұмыста екі-үш жыл істегеннен соң ол станция кезекшісін даярлайтын курсқа жіберілді. Курсты бітіріп келісімен ол станция кезекшісі қызметін атқарды.

#### 4-топ

Әліш Үмбеталовтың темір жолда қызмет істегеніне жиырма жыл толуы қарсаңында, ол үлкен бастаманың иесі болды. Оның поездарды тоқтаусыз жөнелтудегі бастамасын бүкіл Түрксиб теміржолшылары қуана қарсы алды. Осы мәселеге байланысты Түрксиб басқармасында болған жиын — оның өміріндегі ең бір белді кезең болды.

Кеше кеште қызметте тұрған Әліш Үмбеталовқа станция бастығы Орынбаев бір пакет әкеліп тапсырды да:

— Қазір сен жұмыстан шығып, үйіңе барып жуынып, маған кел, мен сені осында күтемін, екеуміз қазір Алматыға жүреміз, — деді.

— Не жұмысқа жүреміз?

Асығып бара жатқан станция бастығы оған жауап берудің орнына:

— Тез кел! — деді әлгі сөзін қайталап.

Әліш жұмыс киімін тастап, пакет ойына түсіп ашып оқып еді, «станция бастығы екеуіңіз келесіз, сіз кеңеске қатысушыларға өз жұмысыңыз туралы әңгіме айтасыз» деген шақыруға жол бастығы қол қойыпты. Әліш сасыңқырап қалды.

— Дайындықсыз қалай сөйлеймін, міне қызық.

Ол орнынан тұрып тез киінді де, станция бастығына келіп барлық жағдайын, өзінің даярлығының жоқтығын да ескертті.

— Ештеме етпейді, — деді Орынбаев, — даярлықтың керегі жоқ. Ондағылардың бәрі өзіндей теміржолшылар, өзіңнің жұмыс тәжірибенді жай ғана әңгімелеп бересің.

Әліш әлі де жүрексініп келеді. Поезд ішінде де ол қобалжумен болды. «Әңгімені неден бастаймын» деп Орынбаевтан қайта-қайта сұрай берді. Сол күні олар қонақүйге түсті де, таңертең жол басқармасына келді. Кеңес күндізгі сағат он бірде басталды. Алдымен жол бастығы баяндама жасады, сонан соң Әлішке сөз берді.

Біраз қысылыңқырап қалған Әліш аздан соң сөйлеп кетті. Ол өзінің жұмысына байланысты жағдайларды, іс әдісін бір жарым сағат айтты. Біраз сұраулар болды. Оған жауап беріп Әліш орнына келіп отырды.

— Көп сөйлеп кеттім бе? — деп сұрап қойды ол жанындағы Орынбаевтан.

— Жоқ, әдемі сөйледің, бағана сонша қорқып едің, өзің шешен екенсің ғой.

Мәжіліс аяқталар кезде жол бастығы Андреев орнынан тұрды да:

— Кеңестің аяғы мейрамға айналатын болды, жолдастар, — деді. — Біздің жолдасымыз Әліш Үмбеталов үкімет наградына ие болды. Мына «Правда» газетінде Указ басылыпты, соны тыңдалық.

«Жиырма бес жылғы темір жолға үздіксіз сіңірген еңбегін еске ала отырып, поездарды тоқтаусыз жүргізуде зор жетістікке ие болған Әліш Үмбеталов Ленин орденімен наградталсын» депті Указда.

**1952**

**Оқылым**

**1-тапсырма. Жеке жұмыс.** Берілген мәтінді тізбектеп оқындар.

**Дескриптор**

- берілген мәтінді оқыңыздар;
- өз ойларыңды ортаға салыңыздар;
- өз позициясыңызды талқылаңыз;

**ҚБ «Жапондық бағалау»**

**2-тапсырма. Топпен жұмыс**

«Айналмалы бекеттер» әдісі арқылы мәтіннен детальді ақпараттарды анықтаңыздар.

Әр шағын топты бекетте орналастырып, мәтінді талқылауға және ойларын қағазға немесе тақтаға жазуға 10 минут беріңіз. Уақыт аяқталғанда топ басқа бекетке ауысып алдағы топтың жұмысын жалғастырады. Ауысу әр 10 минут сайын болып тұрады, әр топ барлық позицияларда болып шыққанға және барлық топтардың ойларын ойлап шыққанға дейін жалғаса береді.

**Дескриптор**

- мәтіндегі детальді ақпаратты іріктейді;

**ҚБ «Жапондық бағалау»**

**3-тапсырма. «Ара ұясы» техникасы. Саралау тапсырмасы.**

Мұғалім топтағы оқушыларға не білгендігі туралы пікір алмасуды және екі сұрақтан дайындауын тапсырады. Содан кейін әрбір топ кезектесіп сұрақ қояды, ол сұраққа жауапты басқа оқушылар береді. Сонымен берілген осы техника негізінде мұғалімнің берген мәліметтері қорытындыланылады, өңделеді.

**Дескриптор**

- мәтіндегі факті мен көзқарасты ажыратады;
- астарлы ойды анықтайды;
- өз пікірлерін айтады

**ҚБ «Жапондық бағалау »**

**4-тапсырма. Жұптық жұмыс «Әдебиет лотосы»**

Мақсаты: оқыған әдеби шығарма кейіпкері туралы кестені толтыру. Белгілі бір уақыт ішінде кесте толтырылуы керек. Толтырып болғаннан кейін кейіпкерді сипаттайды.

Шығарма атауы	Авторы	Кейіпкері	Қандай?	Қандай жағымды қасиеттері мен қылықтары ұнайды?	Кейіпкерге ұқсағың келе ме, жоқ па? Себебін түсіндір.

**Бөлім тақырыбы:** Отандық өнеркәсіп өнімі

Ғабиден Мұстафин «Қарағанды» романынан үзінді

**Оқу мақсаты:**

10.2.1.1 ғылыми-көпшілік және публицистикалық стильдегі мәтіндерден

күрделі сөздердің жасалу жолын анықтау, ауызша мәтін құрауда орынды қолдану;

10.2.6.1 әртүрлі графикалық мәтіндердегі (иллюстрация, фотосурет, сызба, шартты белгі) ақпараттарды салыстыру, негізгі идеясын түсіндіру

#### **Сабақтың мақсаты**

➤ ғылыми-көпшілік және публицистикалық стильдегі мәтіндерден күрделі сөздердің жасалу жолын анықтайды, ауызша мәтін құрауда орынды қолданады;

➤ әртүрлі графикалық мәтіндердегі (иллюстрация, фотосурет, сызба, шартты белгі) ақпараттарды салыстырады, негізгі идеясын түсіндіреді

**Мәтінді рөлдерге бөліп оқыңыздар, берілген сұрақтарға жауап беріңіз**

— Кереметтер әлі кейін. Бұл тек бастамасы ғой, — деп Щербаков келешекті бір шолып етті. — Қарағанды қазір ұйымдастыру, орналасу дәуірінде. Көмірге сыбана кіріскен уақытта орыс, ағылшын байларының алпыс жылда алғанын бір-ақ жылда аламыз. Әрбір қырық минутта бір поезд жөнеліп, не келіп тұрады бұл жерге. Осыған қарап, болашақ Қарағандыны шамалай беріңіз. Бұл күн тіпті таяу.

— Поезд қашан келер екен?

— Шоқайдан бері асты. Қар түсе жетіп-ақ қалар. Үкімет өзгеше көңіл бөліп отыр бұл жолға.

— Мынау машиналар қайдан келе қалды?

— Бұлар Орджоникидзе жолдастың жіберген сәлемдемелері. Жол жеткенше осының өзі үлкен көмек. Анау тракторлар Харьков заводында жасалған. Бірінші бесжылдықтың бел балалары. Анау қызыл — бу қазаны. Енді қол күшке қоса бу күшін де пайдаланамыз. Бу электрден соңғы зор күш.

— Сол бу, электр, мотор... дегендеріңіз бәрі ғылым емес пе, Сергей Петрович? — деді Ардақ. — Химия, физика, математиканы білмеген жұмысшы қалай біледі оларды? Мен бағанадан бері соны ойлап басым қатты.

— Ойың жақсы, қызым, жақсы! — деп Сергей Петрович риза болып қалды. — Сондықтан да сіз жастар түгіл шалдарды оқытып жатырсыз. Оқудың, үйренудің дәуірі бұл. Бірақ, ұлы мектеп өмірдің өзі. Қазақтың бес жасар баласы ат құлағында ойнауды ешбір мектептен оқыған жоқ. Тұрмыс үйретті. Техниканы да тұрмыс солай үйретеді. Рас, алғашқы кезде біраз қиындықтар бар. Қорықпаймыз. Шыдай отырып, жеңеміз. Тез жеңу үшін жұрттың сауатын тезірек, көбірек аша гөр, қызым.

— Қалай ашады! Бәйтен қара ауыз мектептен қуып жіберіпті! — деген Жанабілдің даусы естілді. Терлеген, ентіккен. Машиналарды жұртпен бірге қызықтап келді. Бәрін білгісі, бәріне қатынасқысы келеді. Енді мына әңгімеге араласты. Оның сөзі бағанадан бері жай тыңдап, жайран, тұрған Мейрамның қабағын түйді.

— Не дейсің, қайта айтшы?

— Өзі әлі айтқан жоқ па? Бәйтен «ақ саусақ» деп қуып шығыпты. Енді жұмыс мектебіне түспек Ардақ.

— Рас па? — деді Мейрам, әлі де сенбегендей.



— Рас, — деп төмен қарады Ардақ.

Бір тентек үшін бәрі ұялып, басын шайқап кейіп тұр. Бүлдірген ол. Жауапкер бұлар. Бондаренко жанжалы жаңа басылып еді. Бәйтен тағы көтерді.

Жоғары қараса жылап жіберетіндей, төмен қарап монтиып тұрған жас қыздан Мейрам көзін ала алмады. Сенбілік үстінде оның жайпаған жүзін, күлімдеген қара көзін көре алмады. Қасына барып, салбыраған басын иегінен көтере, өзіне қарата тұрып бір жылы сөз айтқысы да келді, ұяты жібермеді. Мынау жұрт көзінше, қазақы әдеп бойынша ішін аша алмады Мейрам. Оның ішінде махаббаттан туған қызғаныш та бар. «...Махмет екеуі арбаға сүйеніп сөйлесіп тұрды... Сол тырсиған немені неге үйір қылады бойына. Неге оған пәтер үй болады?..» деп анада үшеуінің кездесіп қалғанын осы арада есіне тағы бір түсірді. Бірақ қазір Ардақтың қандай кінәсі болса да кешкендей еді.

— Жау қастығын жасырын істейді. Ақылсыз дос ашық істейді, — деді Мейрам, шымбайына бата, тіпті қынжылып айтты. — Профсоюз мүшесі ғой. Жұманияз жолдас, қатты шара қолданыңыз. Енді қайтып үнін шығармастай болсын. Бұндай бассыздықпен социализм жасалмайды.

— Ескі жұмысшы еді, ит, — деп Жұманияз күмілжігенде, өршелене түсті Мейрам.

— Заман тірегі ондай ескі жұмысшылар емес. Мыңға, миллионға ұйтқы болып отырған озат жұмысшылар. Қарайғанның бәрі көмір ме? Пароданы айыра білу керек. Ал, Ардақ, сізге көптен көп өтініш, орныңызға қайта барыңыз. Бірдің жұмысын істегеннен, мыңның көзін ашқан құндырақ. Білем, сізге ауыр тиді Бәйтеннің сөзі. Бірақ, Бәйтен сөзі, көп сөзі десеңіз, адасқаныңыз. Адаспаңыз. Тура келесіз.

— Қызым, менің де айтарым сол, — деді Щербаков. — Жұрт жаңа дүние жасап жатыр. Кім сол дүниені жасасса, жұрттың қатарында. Жақсы істесе — алда. Жаман істесе — артта. Именбей алға ұмтыл. Қолдаушың әрқашан дайын.

Ардақтың жүзі жайнап сала берді. Ойлы, қам көңіл қыз нағашыларының қолынан кеткелі тым басыңқы еді. Бәйтен баса түссе, мына жылы сөздер көтеріп тастады. Үміт қаулап, шаттық кернеді жас көңілді. Жүрегі тулап, азар айтты ризалығын:

— Мақұл. Рақмет сіздерге. Шолақ ойлаған екем.

Жанабіл қасында, ауылға қайтты Ардақ. Күн батып кеткен. Қызыл шапақ әлі тұр. Сол шапақтай қызарып, қызу сөйлеп, лепіріп келе жатты екі жас...

**1-тапсырма.** «А, В, С» А - сұрақ қояды. В - жауап береді. С – айтқан жауаптарды бақылайды, толық болмаса толықтырады. Оқушылар топта үшеуден отырады. А — сұрақ қоюшы, В – жауап беруші, С — бақылаушы рөлін атқарады. Бақылаушы қажетті жерлерін түртіп алып, әңгіме соңында қорытынды береді. Оқушылар осы сұрақтарға жазбаша стикерге жауап береді. Ұсыныс, тілектерін айтады.

**2-тапсырма.** «Үш сұрақ» әдісі.


1. Қандай мәселе бар?
2. Мәселе неге байланысты?
3. Бұл мәселе қалай шешілуде?

3-тапсырма. «Жау қастығын жасырын істейді. Ақылсыз дос ашық істейді», дегенді қалай түсіндіруге болады?

4-тапсырма. Мәтіннен күрделі сөздерді тауып, жасалу жолын анықтаңыз.

5-тапсырма. Графиктік мәтіндердегі ақпараттарды салыстырып, негізгі идеясын түсіндіріңіз.





**Бөлім тақырыбы:** Қазақ киносы мен театрының қазіргі келбеті.

Дулат Исабеков «Әпке» драмасы

**Оқу мақсаты:**

10.2.2.1 ғылыми-көпшілік және публицистикалық мәтіндерге сүйеніп, монолог және диалог құрау, сөз әдебі мен сөйлеу этикеті формаларын орынды қолданып, тыңдаушыға әсер ету;

10.2.3.1 сөйлеу ағымындағы интонацияның құрамдас бөліктері: әуен, әуез, тембр, қарқын, кідірісті сөйлеу мәнеріне сай қолдану

**Сабақтың мақсаты**

➤ ғылыми-көпшілік және публицистикалық мәтіндерге сүйеніп, монолог және диалог құрайды, сөз әдебі мен сөйлеу этикеті формаларын орынды қолданады

➤ сөйлеу ағымындағы интонацияның құрамдас бөліктері: әуен, әуез, тембр, қарқын, кідірісті сөйлеу мәнеріне сай қолданады

<https://youtu.be/fVlaAnkskL8?si=-pnzOucYx1Ky4cHi>

### **1-тапсырма. Бейнематериалды көріп, композициялық талдау жасаңыз.**

1. Сюжеттің басталуы – оның кіріспесі іспетті; мұнда әдеби қаһармандар өзара қарым – қатынасқа көшпес бұрынғы хал – жағдай, тіршілік, қоғамдық орта, болашақ орта, болашақ қақтығыстар алаңы, оқиғалар орны суреттеледі.

2. Сюжеттік байланыс – адамдар арасындағы әрекеттің басы, тартыстың басталуы іспетті, шығарма арқауындағы негізгі оқиғаның әуелгі туындау себебі секілді.

3. Шиеленісуі – оқиғаның, адамдар арасындағы іс - әрекеттің шиеленісіп, ширеуі.

4. Шарықтау шегі – сюжеттік дамудың ең жоғарғы сатысы, адамдар арасындағы қимыл - әрекеттің мейлінше күшейіп, өрбіп жеткен жері; шығармадағы драмалық тартыстың өрістеп шыққан биігі.

5. Шығарманың шешімі – суреткердің өзі суреттеп отырған өмір шындығына шығарған «үкімі»; адамдар арасындағы қарама – қарсы тайталастардың, күрделі күрестердің бітуі; түрліше тағдырлар тартысынан туған нақты нәтиже; оқиғаға қатысушылардың ең ақырғы хал – күйі; күллі құбылыс – көріністердің соңғы сахнасы.

### **2-тапсырма. «Екі жақты түсіндірме күнделік»**

<b>Пьесадағы қай кейіпкер ерекше ұнады?</b>	<b>Себебі?</b>

*Бұл тапсырмалар оқушылардың қарым-қатынасын, сыни ойлауын және дәлелдеу дағдыларын дамытуға көмектеседі.*

### **3-тапсырма. «Әпке» пьесасын талқылау.**

Жағдаят: Сіз жаңа Дулат Исабековтың «Әпке» драмасын көрдіңіз

1. Негізгі ойларды және жеке пікіріңізді қоса отырып, драмаға қысқаша шолу дайындаңыз.

2. Жұбыңызбен шығарманың күшті және әлсіз жақтарын талқылаңыз.

3. Сюжетте немесе кейіпкерлерде нені өзгертуге болатыны туралы өз ойыңызбен бөлісіңіз.

### **4-тапсырма. Презентация.**

Жағдаят: Сізге қазіргі қоғамдағы маңызды мәселе туралы жоба ұсыну керек.

1. Таңдалған тақырып бойынша шағын презентация (3-5 минут) дайындаңыз.

2. Презентацияңызда негізгі фактілерді, өз пікіріңізді және мәселенің мүмкін шешімдерін қосыңыз.

3. Презентациядан кейін сыныптастарыңыздың сұрақтарына жауап беріңіз.

**Бөлім тақырыбы:** Қазақ киносы мен театрының қазіргі келбеті.

**Оқу мақсаты:**

10.2.2.1 ғылыми-көпшілік және публицистикалық мәтіндерге сүйеніп, монолог және диалог құрау, сөз әдебі мен сөйлеу этикеті формаларын орынды қолданып, тыңдаушыға әсер ету;

10.2.3.1 сөйлеу ағымындағы интонацияның құрамдас бөліктері: әуен, әуез, тембр, қарқын, кідірісті сөйлеу мәнеріне сай қолдану

**Сабақтың мақсаты**

➤ ғылыми-көпшілік және публицистикалық мәтіндерге сүйеніп, монолог және диалог құрайды, сөз әдебі мен сөйлеу этикеті формаларын орынды қолданады

➤ сөйлеу ағымындағы интонацияның құрамдас бөліктері: әуен, әуез, тембр, қарқын, кідірісті сөйлеу мәнеріне сай қолданады

**1-тапсырма. Мәтінді тыңдаңыз. Жұбыңызбен рөлдерге бөліп оқыңыз.**

[http://testent.ru/load/ucheniku/kazakhskij\\_jazyk/audio\\_dialogi\\_na\\_kazahskom\\_jazyke\\_s\\_perevodom/26-1-0-3871](http://testent.ru/load/ucheniku/kazakhskij_jazyk/audio_dialogi_na_kazahskom_jazyke_s_perevodom/26-1-0-3871)

- Айгүл, мына кинотеатрдағы жарнамаға қарашы, қазақ фильмдер апталығы екен ғой.

- Иә, Дана, мен кеше теледидардан естідім. "Қазақфильм" киностудиясының жаңа фильмдері, Қазақстан режиссерлерінің фильмдері жүріп жатыр екен.

- Мен "Мұстафа Шоқай" фильмін көрейін деп едім. Жүр, сұрайықшы.

- Сәлеметсіз бе? "Мұстафа Шоқай" фильмі бола ма?

- Әрине, сағат 14.00-де, 16.30-да, 19.00-де. Сізге қай уақыт ыңғайлы?

- Қазір кірейік деп едік.

- Онда 14.00-ке алыңыздар.

- Жақсы, екі билет беріңіз.

- Қалай Дана, фильм ұнады ма?

- Ұнады. Өмір шындығын көрсетеді. Басты рольдегі актер жақсы ойнайды екен.

- Қырғыз актері ғой. Мұстафа Шоқай батыл, ержүрек адам екен. Фильмде ондай емес.

- Бірақ фильм өте жоғары деңгейде, маған сапасы ұнады.

- Осы аптаның аяғына дейін тағы да келейік, жаңа фильмдер көп екен ғой.

- Жарайды, көптеген қазақ фильмдері кинофестивальдерден жүлдемен оралады, сондай фильмдерді көрейік.

- Иә, мынаның бәрі сондай фильмдер ғой.

Берілген диалог негізінде ауызша сөйлеуді және мәтінді талдауды дамыту үшін келесі тапсырмаларды ұсына аласыз. Бұл тапсырмалар оқушыларға мәтіннің мазмұнын түсініп қана қоймай, сыни тұрғыдан ойлау, дәлелдеу, талқылау дағдыларын дамытуға көмектеседі.

### **1-тапсырма: Қайталау (қайта айту)**

Мақсаты: Ақпаратты қайта айту және құрылымдау дағдыларын жетілдіру.

1. Негізгі ойды және маңызды бөлшектерді сақтай отырып, диалогты өз сөзіңізбен әңгімелеңіз. Интерпретация.

2. Диалогтағы кейіпкерлердің кинотеатрға қалай баруды жоспарлағанын және қандай фильмдерді көргісі келетінін сипаттаңыз.

### **2-тапсырма: Кейіпкерлерді талдау**

Мақсаты: Кейіпкерлер мен олардың өзара әрекетін түсіну және талдау.

1. Диалог негізінде Дана мен Айгүлдің жеке қасиеттерін сипаттаңыз. Бұлар фильмді талқылауда қалай көрінеді?

2. Неліктен Дана мен Айгүл көру үшін дәл осы фильмді таңдады деп ойлайсыз? Жауабыңызды негіздеңіз.

### **3-тапсырма: Талқылау және дәлелдеу**

Мақсаты: Дәлелді талқылау дағдыларын дамыту.

1. Ұлттық киноны қолдау және қазақ режиссерлерінің фильмдерін көру неліктен маңызды екенін талқылаңыз. Мәтінді дәлел үшін негіз ретінде пайдаланыңыз.

2. Сіздің ойыңызша, қазақ фильмдерінің шетелдік фильмдермен салыстырғанда қандай артықшылықтары мен кемшіліктері болуы мүмкін? Мысалдар келтіріңіз.

### **4-тапсырма: Салыстырмалы талдау**

Мақсаты: Мәдени аспектілерді салыстыру және талдау.

1. «Мұстафа Шоқай» фильмін өзіңіз көрген қазақ фильмдерімен салыстырыңыз. Қандай ұқсастықтар мен айырмашылықтарды атап өтуге болады?

2. Фильмде актер қандай рөл атқарады және бұл фильмді қабылдауға қалай әсер етеді?

### **5-тапсырма: Рөлдік ойын**

Мақсаты: Рөлдік ойындар арқылы ауызекі сөйлеу дағдыларын дамыту.

1. Өзіңізді Айгүл мен Дананың орнына қойыңыз. Жаңа мәліметтерді немесе туындауы мүмкін сұрақтарды қосу арқылы кинотеатрда диалогты қайта жасаңыз.

2. Елестетіп көріңізші, сіз кинематографсыз және сізге «Мұстафа Шоқай» фильмін жарнамалық науқанда көрсету керек. Сіз мұны қалай істейтін едіңіз? Қысқа сатылым ұсынысын дайындаңыз.

### **6-тапсырма: Талқылауға арналған сұрақтар**

Мақсаты: Сыни тұрғыдан ойлау мен талқылауды ынталандыру.

1. Неліктен диалогта «Мұстафа Шоқай» фильмі «өмір шындығын» көрсетеді деп айтылған? Бұл фильмді қабылдау нені білдіреді?

2. Қазақстан киносы үшін кинофестивальдерге қатысудың маңызы қандай? Бұл қандай пайда әкеледі?

### **7-тапсырма: Постер жасау**

Мақсаты: Шығармашылық таныту және таныстыру.



1. «Мұстафа Шоқай» фильміне постер жасаңыз. Диалогтағы ақпаратты пайдаланыңыз және постер қандай болуы керектігі туралы өз идеяларыңызды қосыңыз.

2. Сыныпта постеріңізді ұсыныңыз және қандай элементтерді және неге қосқаныңызды түсіндіріңіз.

Бұл тапсырмалар оқушыларға мәтінді тереңірек түсінуге, олардың коммуникативті және сыни тұрғыдан ойлау қабілеттерін дамытуға, өз ойын дәлелді түрде жеткізуге үйретуге көмектеседі.

**Бөлім тақырыбы:** Ұлттық экологиялық мәдениет

**Оқу мақсаты:**

10.2.2.1 ғылыми-көпшілік және публицистикалық мәтіндерге сүйеніп, монолог және диалог құрау, сөз әдебі мен сөйлеу этикеті формаларын орынды қолданып, тыңдаушыға әсер ету;

10.2.5.1 пікірталастың «пікірталас -монолог», «пікірталас-диалог», «пікірталас-полилог» түрлерінде сенімді және еркін сөйлеу

**Сабақтың мақсаты**

➤ ғылыми-көпшілік және публицистикалық мәтіндерге сүйеніп, монолог және диалог құрайды, сөз әдебі мен сөйлеу этикеті формаларын орынды қолданады

➤ сөйлеу ағымындағы интонацияның құрамдас бөліктері: әуен, әуез, тембр, қарқын, кідірісті сөйлеу мәнеріне сай қолданады

**Қадыр Мырзалиев «Аралым» әнін тыңдап, сабақтың тақырыбы мен көтерілген мәселені анықтайды.**

[https://thewikihow.com/video\\_9QOA5e2yNKA](https://thewikihow.com/video_9QOA5e2yNKA)

«Ұлттық экологиялық мәдениет» тақырыбына оқушыларға қоршаған ортаны қорғаудың маңыздылығын түсініп, түсінуге, сонымен қатар талдау, дәлелдеу, баяндау дағдыларын дамытуға көмектесетін әртүрлі тапсырмалар құрастыруға болады. Мұнда иллюстрациялармен сүйемелдеуге болатын кейбір тапсырмалар берілген:

**1-тапсырма: Постер жасау**

Мақсаты: Экологиялық мәселелер туралы білімдерін арттыру және шығармашылығын дамыту.

Нұсқаулар:

1. «Планетаны сақтау: экологиялық тұрақтылыққа қадамдар» тақырыбына постер жасаңыз. Қоғамдастықтағы экологиялық жағдайды қалай жақсартуға болатынын көрсету үшін иллюстрацияларды, фотосуреттерді және графиканы пайдаланыңыз.

2. Постерде мыналар болуы керек:

- Энергияны, суды үнемдеу және қалдықтарды қайта өңдеу жолдарын бейнелейтін суреттер.

- Орындалуы мүмкін нақты әрекеттер туралы ақпарат.

- Табысты экологиялық бастамалардың мысалдары (мысалы, жасыл компаниялар немесе қоғамдық жобалар).



Иллюстрациялар: Сіз күн батареяларының, қайта өңделген материалдардың, тазалау әрекеттерінің және т.б. суреттерді пайдалана аласыз.

## **2-тапсырма: Экологиялық карта**

Мақсаты: Аймағыңыздағы экологиялық мәселелер мен бастамаларды зерттеу.

Нұсқаулар:

1. Қоршаған ортаны қорғау мәселелері мен бастамаларды көрсететін қаланың немесе ауданның картасын жасаңыз.

2. Картада мыналар көрсетілуі керек:

- Ластану орын алатын орындар (мысалы, өнеркәсіптік аумақтар, рұқсат етілмеген полигондар).

- Жасыл аумақтар мен қоғамдық бақтар.

- Қалдықтарды кәдеге жарату және қайта өңдеу жобалары.

- Экологиялық шаралар мен волонтерлік іс-шаралар өткізілетін орындар.

Иллюстрациялар: Картада проблемалық аймақтардың, экологиялық бастамалардың және табиғи көрікті жерлердің суреттері болуы керек.

## **3-тапсырма: «Экологиялық конференция» рөлдік ойыны**

Мақсаты: Аргументтеу және баяндау дағдыларын дамыту.

1. Топтарға бөлініп, «Экологиялық конференция» тақырыбына рөлдік ойын дайындаңыз. Әр топ белгілі бір ұйымның (мысалы, экологиялық үкіметтік емес ұйым, қайта өңдеуші компания, жергілікті өзін-өзі басқару және т.б.) мүддесін білдіреді. ).

2. Әр топ:

- Қазіргі экологиялық проблемалар және оларды шешу бойынша ұсыныстар туралы презентация дайындау.

- Аргументтерді растау үшін графиктерді, диаграммаларды және фотосуреттерді қосыңыз.

- Экологиялық жағдайды жақсарту бойынша өз ұсыныстарыңызды талқылаңыз және ұсыныңыз.

Иллюстрациялар: Презентацияда экологиялық проблемалар мен шешімдердің инфографикалары, диаграммалары мен фотосуреттері болуы керек.



#### 4-тапсырма: Экологиялық проблеманы талдау

Мақсаты: Нақты экологиялық проблеманы және оны шешу бойынша ұсыныстарды терең түсіну.

Экологиялық проблемалардың себебі мен салдары



Активация  
Чтобы активир  
"Параметры"--



1. Ағымдағы экологиялық мәселелердің бірін таңдап алыңыз (мысалы, пластикалық ластану, ормандарды кесу, ауаның ластануы) және зерттеу жүргізіңіз.

2. Ақпарат парағын жасаңыз, соның ішінде:

- Проблеманың сипаттамасы және оның салдары.
- Статистика және графиктер.
- Табысты шешімдер мен бастамалардың мысалдары.
- Халықтың әртүрлі топтары үшін іс-қимыл бойынша ұсыныстар.

Иллюстрациялар: Ластанған аумақтардың фотосуреттерін, ластану деңгейінің өзгеру графиктерін, ықтимал шешімдер диаграммаларын пайдаланыңыз.

#### 5-тапсырма: Экологиялық сұхбат

Мақсаты: Әртүрлі мамандардың экологиялық мәселелер бойынша пікірлері мен ұсыныстарын түсіну.

1. Жалған немесе шынайы экологиялық сарапшымен сұхбат дайындаңыз. Ағымдағы экологиялық мәселелер мен шешімдер туралы ақпарат алу үшін қандай сұрақтар қою керектігін қарастырыңыз.

2. Сұхбатқа мынаны қосыңыз:

- Қоршаған ортаның проблемалары туралы сұрақтар.
- Сарапшының шешімдері мен ұсыныстары.
- сұхбат тақырыбына қатысты иллюстрациялар мен фотосуреттер.

Иллюстрациялар: Сұрақтар мен жауаптардың суреттері, сарапшылардың графиктері мен фотосуреттері.

**Бөлім тақырыбы:** Ұлттық экологиялық мәдениет

**Бөлімше тақырыбы:** Қадыр Мырзалиев "Аралым" өлеңі

**Оқу мақсаты:** 10.1.2.1 мәтінді тыңдай отырып, негізгі идеяларды (ақпараттарды) қысқаша түртіп жазу (конспектілеу), жазбаға сүйеніп мәтін мазмұнын түсіндіру;


10.3.6.1 мәтін мазмұнындағы деректі ақпаратты толық анықтап, негізгі ойға өз көзқарасын білдіру және оны бағалау.

**Сабақтың мақсаты:** Арал туралы мәтінді тыңдай отырып, негізгі ақпараттарды түртіп жазу, мазмұнын түсіндіру;

Деректі ақпараттарды анықтап, негізгі ойға өз көзқарастарын білдіру.

**Мәтіналды жұмыс.**

1-тапсырма. Берілген суреттерге қарап, бүгінгі сабақты болжаңыздар.



**Дескриптор:**

-суреттерге қарап, жаңа сабақты болжайды.

**Мәтінмен жұмыс.**

**I топ.**

Сонау 1960 жылдары ауданы 70 мың шаршы шақырымға жуықтаған Арал көлемі жағынан әлемдегі 4-ші көл (Каспий теңізі, Солтүстік Америкадағы Жоғарғы көл және Африкадағы Виктория көлінен кейін) саналған еді. Теңізге Сырдария мен Әмудария өзендері келіп құйылатын. Қазақстан мен Өзбекстан аралығындағы ағынсыз тұзды су қоймасы кезінде ұзынынан 430 шақырым, енінен 234 шақырым аумақта толқып жатты. Теңізде балықтың 34 түрі тіршілік етіп, 24-і ауланатын. Қазақстандық та, өзбекстандық та жағалауда бірнеше балық зауыты мен кеме кәсіпорындары жұмыс істеді.

Кеңес заманында егістік алқаптары үшін суды тиімсіз пайдалану өңірдің гидрологиялық жүйесінде теңдікті жойып, Аралдың құрғауына алып келді. Тек 1980 жылдың басында ғана КСРО-да Аралмаңы тұрғындарына көмек көрсетуге бағытталған бірінші бағдарлама пайда болды. Алайда, теңіздің өзін құтқаруға қатысты іс-шаралар талқыланған емес. Сонымен қатар Сібір өзендерін бұруға қатысты өршіл жоба одақ күйрегеннен кейін ұмыт болды. 1989 жылы Арал екі

су қоймасына бөлінді: Кіші Арал (Қазақстан аумағында) және оңтүстік Үлкен Арал (Өзбекстан аумағында). 2002 жылы Үлкен теңіз тартылып, шығыс және батыс болып бөлінді. Ал 2014 жылы шығыс теңіз толығымен буланып, Жер бетінен жоғалды.

## **II топ.**

Бүкіләлемдік метеорологиялық ұйым Арал теңізінің құрғап қалуын ХХ ғасырдағы ең ірі антропогендік экологиялық дағдарыстардың бірі деп атайды. Теңіздің жоғалуы Аралмаңының өсімдік, жануарлар дүниесіне, ландшафты мен климатына жүйелі түрде теріс әсерін тигізді. Теңізден 100 шақырымдық радиус аумақта жазда бұрынғыдан гөрі қатты ыстық әрі құрғақ, ал қыста өте суық әрі ұзақ болады. Жауын-шашынның түсуі де бірнеше есе қысқарды. Жан-жануарлардың 173 түрінің не бәрі 38-і қалды.

Ихтиофаунаға да зор зиян келіп, теңіздің аумағы қысқарды және судың тұздылығының артуы салдарынан барлық дерлік төлтүр жоғалды. Балық түрі 20 есеге қысқарып, Үлкен Аралда балық мүлдем қалмады.

Теңіздің кеуіп қалған бөлігінде су айдынының орнына 5,5 млн гектарды алып жатқан Аралқұм құмды-тұзды шөл пайда болды. Дәл осы жерден жыл сайын мақта алқаптарын суғару барысында қолданылған және теңізге өзендер немесе жерасты ағындар арқылы сумен теңізге құйылған пестицидтер мен химикаттар қоспасы бар 75 млн тоннадан астам құм ауаға көтеріледі. Шаң шлейфінің ұзындығы 600 шақырымға, ал тозаңның жоғары көтерілуі 4 шақырымға дейін жетеді. Арал өңірінің улы тұзы Антарктидадағы пингвиндердің қанынан, Норвегия ормандарынан, Гренландия, Тянь-Шань мен Памир мұздықтарынан табылған. Жаһандық климаттың өзгеруінен онсыз да еріп жатқан мұздықтар ластану салдарынан жылдам ери бастады. Тозаң бораны адамдардың денсаулығына тікелей әсер ететін теріс экологиялық фактор саналады. Аралмаңы тұрғындарының арасында көз, тыныс алу жүйесі аурулары, қан аздық, қант диабеті, тыныс алу және онкологиялық аурулар өршіп тұр.

[https://kaz.inform.kz/news/arak-tenizi-ekologiyalyk-apat-zhane-ony-sheshu-zholdary\\_a4049221/](https://kaz.inform.kz/news/arak-tenizi-ekologiyalyk-apat-zhane-ony-sheshu-zholdary_a4049221/)  
2-тапсырма.«ДЖИКСО» әдісі арқылы мәтінді мұқият оқып шығыңыздар. Мәтінді өз топтарыңызда талқылап, негізгі мәселені түртіп жазып алыңыздар және келесі топқа түсіндіріңіздер.

### **Дескриптор:**

- мәтінді оқиды;
- мәтіннің мазмұнын топта талқылайды;
- қажетті мәселені түртіп жазып алады;
- келесі топқа барып, мазмұнын түсіндіреді;

3-тапсырма. Мәтін бойынша сұрақтар құрастырып, «Броундық қозғалыс» әдісі арқылы бір-бірлеріңізге сұрақтар қойып, жауап алыңыздар.

### **Дескриптор:**

- сұрақтар құрастырады;
- қозғалып жүру арқылы бір-бірлеріне сұрақтарын қояды, жауап алады.

## **Мәтінсоңы жұмыс.**

4-тапсырма. Сілтеме арқылы ютуб желісінен бейнежазбаны көріңіздер, мұқият тыңдаңыздар. Ұққандарыңызды бір-бірлеріңізбен бөлісіңіздер. Бейнежазбадағы, мәтіндегі ақпараттарды пайдаланып, ПОПС формуласын толтырыңыздар.

<https://www.youtube.com/watch?v=pcAm8mHqg0I&t=89s>



#### Дескриптор:

- бейнежазбаны мұқият тыңдайды;
- ұққанымен бөліседі;
- бейнежазбаны, мәтінді пайдаланып, ПОПС формуласын толтырады.

#### Педагогке әдістемелік көмек

Қазіргі уақыттағы жаһандық мәселе – экология мәселесі. Сол себепті де «Ұлттық экологиялық мәдениет» бөліміндегі Қадыр Мырзалиевтің «Аралым» өлеңі тақырыбы алынды. Шығарманы оқымас бұрын Арал, оның тағдыры туралы ақпаратпен оқушыларды таныстыра өту жөн.

Оқу мақсатына 10.1.2.1 мәтінді тыңдай отырып, негізгі идеяларды (ақпараттарды) қысқаша түртіп жазу (конспектілеу), жазбаға сүйеніп мәтін мазмұнын түсіндіру; 10.3.6.1 мәтін мазмұнындағы деректі ақпаратты толық анықтап, негізгі ойға өз көзқарасын білдіру және оны бағалау мақсаттары алынды. Бұл мақсаттарды алудағы мақсат - мәтінді тыңдағанда мұқият тыңдау, қажетті ақпаратты түртіп жазу, оны мазмұндау, негізгі ойға өз көзқарасын білдіре алу арқылы тыңдалым, айтылым дағдыларын дамыту. Мақсатқа жетуде болжау, ДЖИКСО, Броундық қозғалыс, ПОПС формуласы сияқты әдістер қолданылды. Мәтіналды жұмыста өтетін тақырыпты болжауда суреттерді қолдану арқылы болжау, мәтінмен жұмыста ДЖИКСО әдісі арқылы бөліктерге бөліп оқып, қажетті жерлерін түртіп жазып алу, келесі топқа барып өз ұққан мәліметімен бөлісу, ақпарат беру, мәтін бойынша сұрақтар құрастырып, Броундық қозғалыс жасау, яғни орындарынан тұрып, кез келген оқушының жанына барып, сұрақтарын қоя алу, мәтінсоңы жұмысында ПОПС формуласы арқылы тақырып негізінде өз ойын білдіріп, бағалау арқылы мақсатқа жету ұсынылады..

**Бөлім тақырыбы:** Жер планетасындағы қауіпті қалдықтар

**Бөлімше тақырыбы:** Тұрмыстық қалдықтар



**Оқу мақсаты:** 10.3.6.1 мәтін мазмұнындағы деректі ақпаратты толық анықтап, негізгі ойға өз көзқарасын білдіру және оны бағалау.

**Сабақтың мақсаты:** Мәтіндегі деректі ақпаратты анықтап, негізгі ойға өз көзқарасын білдіру.

### **Мәтіналды жұмыс.**

1-тапсырма. Сілтеме арқылы ютуб желісінен бейнежазбаны көріп, сабақтың тақырыбын болжаңыздар.

<https://www.youtube.com/watch?v=KWi8eSqiPHw>

### **Дескриптор:**

-бейнежазбаны көріп, тақырыпты болжайды.

### **Мәтінмен жұмыс.**

Жиырма бірінші ғасырдың әлем алдында тұрған ең күрделі мәселесі – қатты тұрмыстық қалдықтар (КТҚ) жайы. Дүниежүзіндегі әр тұрғын шамамен жылына 300 кг жуық қоқыс шығарады екен. Бұған зауыттар мен фабрикалар секілді ірі өнеркәсіптерден бастап, қоғамдық тамақтану орындары мен коммерциялық нысандарды қоссаңыз, тау болып үйілген қоқыс полигондарын көз алдыңызға елестете беріңіз.

Елімізде жыл сайын 5 миллион тоннадан аса тұрмыстық қалдықтар жиналып, оның ішінде қағаз, картон өнімдері, металл, пластик, тамақ қалдықтары, ағаш өнімдері, шыны сынықтары сияқты қалдықтардан өзге қоршаған ортаға зиянды әрі адам өміріне қауіпті батареялар, электр құралдары, тұрмыстық техника, бояғыштар, медициналық қалдықтар, пестицидтер, тыңайтқыштар, химиялық заттар мен құрамында сынабы бар басқа да заттар суға, топыраққа және ауаның ластануына аса жоғары әсерін тигізеді. Бұдан бөлек, түрлі буып-түю секілді заттың сыртқы орама қаптары да осы қоқыстардың қатарында. Сондықтан қатты тұрмыстық қалдықтарды қайта өңдеу бүгінгі күннің өзекті мәселесіне айналып тұрған жайы бар.

Бұл ретте 2025 жылға қарай қатты тұрмыстық қалдықтарды қайта өңдеу деңгейін 34%-ға дейін жеткізу мемлекет алдында тұрған нақты міндеттердің біріне айналып отыр. Аталған мәселені шешу үшін экологиялық қауіпін азайтуға мүмкіндік беретін технологиялық және экономикалық саясатты талдап, әлемдік тәжірибедегі оның даму тенденцияларын ескеруді және өзіміздің әрекетімізге қарай бейімдеуді қажет етеді. Егер Еуропаның Германия, Аустрия, Швеция және Нидерланд сияқты алдыңғы қатарлы елдердің тәжірибесіндегі негізгі үш бағытқа сүйенсек, аталған өнімнің құнды компоненттерін қайталама шикізат ретінде қолдануға және қайта өңдеуге басымдық беруге болады. Өйткені адам еңбегімен жасалынған көптеген өнім бір рет қолданғаннан кейін, мәселен, қағаз қалдықтары, консервіленген және алюмин құтылары, пластмасса мен шыны бөтелкелерді қайталама энергетикалық ресурстар ретінде пайдаланып, кейін залалсыздандыруды керек етеді. Бұның бәрі белгіленген табиғатты қорғау нормалары мен ережелерге сәйкес қалдықтарды полигонға жеткізеді. Нәтижесінде, біріншіден, қалдықтың 40-65%-ы қайталама материалдық ресурстар ретінде қолданылса, екіншіден, 25-35%-ы энергияны кәдеге жарату арқылы жағылып,

оның 20% - дан азы көміледі екен. Осылайша, бұл мәселе қайталама материалдық пайдалану арқылы шешілді деуге болады. Яғни ҚТҚ-ның кем дегенде 50%-ы қайталама материал ретінде іске асырылды деген сөз.

Еуропаның алдыңғы қатарлы елдерінде қатты тұрмыстық қалдықтармен жұмыс істеу деңгейі жоғары және олардың бір-бірімен араласып кетпеуін қатаң қадағалайды. Мәселен, батареялар, термометрлер, манометрлер, сынап шамдары мен бояғыш қалдықтарының өз жолы мен өңдеу әдістері бар. Ал бізде әлі күнге қалдықтар сұрыпталмайды, барлығы бір үйіндіге жиналады. Бұл ретте халық арасында түсіндіру жұмыстарын жүргізіп, тіршілік ету ортасының сапасына жауапкершілікпен қарауды, қоқыстың бөлек жиналу маңыздылығы мен қажеттілігін, халықтың экологиялық санасын, қоғамдық пікірін қалыптастыру мен сұрыптау ережелерін түсіндіру керек.

Дамыған елдердің тәжірибесінде, қоқысты қайта өңдеу тек энергия көзі ғана болып қоймай, сонымен қатар қосымша ресурстар өндіре алады. Осылайша, «Apple» компаниясы 2015 жылы «trade in» (ескі құрылғыларды жаңаларына айырбастау) есебінен бір тоннаға жуық алтын және тағы үш тоннаға жуық күміс өндірген.

Елдегі ҚТҚ өңдеу үлесіне көз жүгіртсек, республикалық маңызы бар 3 қалаға (Астана, Алматы, Шымкент қалалары) және 4 өнеркәсіптік өңірге (Қарағанды, Павлодар, Атырау мен Маңғыстау облыстары) қоқыс өңдеудің деңгейі 38%-дан жоғары, қалған өңірлерде 15%-дан аспай отыр.

«Бүгінгі таңда елімізде қатты тұрмыстық қалдықтардың 3 005 полигоны бар, оның ішінде экологиялық және санитарлық нормаларға сәйкес келетіні тек – 635 полигон. Бұл жерлерде 125 млн тонна қатты-тұрмыстық және қауіпті қалдықтар жинақталған. Оларды қайта өңдеу де, жою да мүмкін емес, өйткені аймақтарда қоқысты қайта өңдеу инфрақұрылымы әлі де дұрыс жолға қойылмаған. Жыл сайын өткізілетін ғарыштық мониторингтің нәтижесінде мыңдаған заңсыз полигон анықталады. Тау болып үйіліп жатқан қоқыстың экологияға зияндылығын азайту мақсатында әлем елдерінің ҚТҚ өңдеу бойынша түрлі әдісін ендіру тығырықтан шығаратын бірден-бір жол. Әлемдік тәжірибеде қоқыстарды өңдеудің дамыған әрі кеңінен таралған әдісі – өртеу. Бұл – қоқыстарды жағу және жалпы электр желісіне сатылатын электр энергиясын өндіру механизмі. Қалдықтарды өртемес бұрын олар алдын ала сұрыпталады, бұл әдістің артықшылығы қоқыс үйінділерін он есеге азайтуға болады», дейді сарапшы Ерлан Каримов.

Бүгінде әлем бойынша 2 мыңға жуық қоқыс жағу зауыты бар, олардың көпшілігі ЕО, АҚШ және Жапония елдерінде орналасқан.

Сарапшы қоқыс жағу зауыттарында қолданылатын заманауи технологиялар барлық қауіпті шығарындыларды ұстап қалуға мүмкіндік беріп, қоқысты жағу арқылы электр және жылу энергиясы өндірілетінін, бұл жергілікті халықты жеңілдетілген тарифпен қамтамасыз етуге, ал қалғандарын жол құрылысына пайдалануға болатынын жеткізді.

Мәселен, Жапонияда аралды кеңейту және әуежайлар сияқты ірі нысандарды, тіпті Осака қаласындағы EXPO-2025 нысандарын салу үшін қождан (шлак) брикеттер шығарылады. Швеция өз зауыттарының жұмысын қамтамасыз ету



үшін көрші елдерден қоқыс импорттауға мәжбүр. Аустрияда жергілікті тұрғындар қоқыс жағу зауыттарының жанынан тұрғын үй сатып алуға тырысады, өйткені үй жеңілдетілген негізде жылу мен электрмен қамтамасыз етіледі. Германияда Ганновер қоқыс электр стансасы (EEW Energy from Waste) 280 мың тонна қалдықтарды жағып, 53 мың үй шаруашылығын электрмен қамтамасыз ету үшін 170 000 МВт\*сағ электр энергиясын өндіреді.

Қатты тұрмыстық қалдықтарды азайту, сондай-ақ тапшы электр энергиясын өндіру мақсатында еліміздің бірқатар өңірінде заманауи қоқыс жағу зауыттарының құрылысы қолға алынып, қазірдің өзінде 6 қоқыс жағу зауытын салу жоспарланған. Бұл қоқыс өңдеу өнеркәсібіне инвестиция тартуға және ҚТҚ өңдеу арқылы табыс табуға ниеттенген жеке компаниялардың санын арттырады деген үміт бар.

2-тапсырма. Мәтінді тізбектей оқиды.

**Дескриптор:**

-мәтінді түсініп оқиды.

3-тапсырма. «Борт журналы» әдісі. Мәтіннің түйінді ойларын оқушылар өздерінің «Борт журналына» енгізеді. Оқу кезіндегі үзілісте оқушылар тақырыпты өз ойларымен, тәжірибелерімен байланыстырып, «Борт журналының» бағандарын толтырады.

Берілген тақырып бойынша маған не белгілі? Мен не білемін?	Мәтіннен қандай жаңалық туралы білдім?

**Дескриптор:**

-мәтіннің түйінді ойларын анықтайды;

-өз ойларымен байланыстырады;

-бағандарды толтырады.

4-тапсырма. «Бірге ойлаймыз» әдісі. Оқушыларды 4 адамнан тұратын топқа бөліп, әр оқушыға 1-ден 4-ке дейін нөмір беріледі. Берілген уақыт біткеннен кейін, олар өз жауаптарын басқа топтармен бөліседі.

I топ. Мәтінде «2025 жылға қарай қатты тұрмыстық қалдықтарды қайта өңдеу деңгейін 34%-ға дейін жеткізу мемлекет алдында тұрған нақты міндеттердің біріне айналып отыр» делінген. Осы міндеттер уақытылы орындалады деп ойлайсыздар ма?

II топ. «Бүгінгі таңда елімізде қатты тұрмыстық қалдықтардың 3 005 полигоны бар, оның ішінде экологиялық және санитарлық нормаларға сәйкес келетіні тек – 635 полигон». Мұның себебі неде деп ойлайсыздар?

**Дескриптор:**

-оқушыларға талқылау сұрақтары беріледі;

-оқушылар топтасады, ойланады.

**Мәтінсоңы жұмыс.**

5-тапсырма.«Динамикалық шеңбер» әдісі. Оқушылар дәлізге шығып, ішкі және сыртқа шеңберге бөлінеді. Сыртқы шеңбердегілер қозғалмай тұрады, ал ішкі шеңбердегілер тақырып бойынша білетіндерін айтып келесі жұбына бір

айналым жасап шыққанша қозғалады. Сыртқы шеңбердегілер сол тақырып бойынша жасаған қорытындыларын сыныпқа келіп айтады.

**Дескриптор:**

- ішкі және сыртқы шеңбер құрады;
- ішкі шеңбердегі тақырып бойынша білгенін айтады;
- сыртқы шеңбердегі тақырып бойынша қорытынды жасайды.

**Педагогке әдістемелік көмек**

Қазіргі уақыттағы жаһандық мәселе – экология мәселесі, оның ішінде қоқысты сұрыптау өткір мәселе болып тұр. Сол себепті де «Жер планетасындағы қауіпті қалдықтар» бөліміндегі «Тұрмыстық қалдықтар» бөлімшесі алынды.

Оқу мақсатына 10.3.6.1 мәтін мазмұнындағы деректі ақпаратты толық анықтап, негізгі ойға өз көзқарасын білдіру және оны бағалау мақсаты алынды. Бұл мақсатты алудағы мақсат – мәтінмен жұмыс жасай отырып, оқушылардың өз ойларын, көзқарастарын білдіру, қорытынды жасату арқылы айтылым дағдыларын дамыту. Мақсатқа жетуде болжау, тізбектей оқу, «Бірге ойлаймыз», «Борт журналы», «Динамикалық шеңбер» сияқты әдістер қолданылды. Мәтіналды жұмыста өтетін тақырыпты болжауда бейнежазба қолдану арқылы болжау, мәтінмен жұмыста тізбектей оқу әдісі арқылы мәтінді түсініп оқып, «Борт журналы» әдісі арқылы мәтін негізінде өз ойларымен, тәжірибелерімен байланыстырып, сұрақтарға жауап беріп, кестені толтыру, «Бірге ойлаймыз» әдісі арқылы мәтіндегі берілген ойларға өз пайымдауларын айтып, басқа топтармен бөлісу, «Динамикалық шеңбер» әдісі арқылы тақырып бойынша өз ұққандарымен бөлісіп, қорытынды жасату арқылы мақсатқа жетуді ұсынамыз.

**Бөлім тақырыбы:** Әлеуметтік теңсіздік: адам құқықтары және көмек

**Бөлімше тақырыбы:** Ұлықбек Есдәулет "Қара пима" поэмасы

**Оқу мақсаты:** 10.3.3.1 әдеби шығармада көтерілген әлеуметтік-қоғамдық мәселені талдау және кейіпкерлерді шынайы өмірмен салыстырып бағалау;

**Сабақтың мақсаты:**

«Қара пима» поэмасында көтерілген мәселені анықтап, талдау және шынайы өмірмен салыстыру.

**Мәтіналды жұмыс.**

**1-тапсырма. Бейнежазбадан үзінді көріп, сабақ тақырыбын болжаңыздар.**

<https://www.youtube.com/watch?v=dKdJyfOwM1A&t=342s>

**Дескриптор:**

- бейнежазбадан үзінді көреді;
- бүгінгі қозғалатын тақырыпты анықтайды;
- қандай әлеуметтік-қоғамдық мәселе көтерілгенін айтады.

**Мәтінмен жұмыс.**

**I топ.**

Алай да дүлей ақ боран,

Бісқырып, ұйтқып, бұрқырап.  
Аттаған жанды қақпадан,  
Қақпақыл қылар жұлқылап.  
Апшысын жердің қуырып,  
Аранын аспан ашқандай.  
Ақ бұлттан қылшық суырып,  
Алапат күшпен шашқандай.  
Мына үй жансыз сықылды,  
Күртікке кеткен көміліп.  
Мұржадан шыққан түтінді  
Жатыр ма жалмап жел үріп?  
Түтектен түк те көрінбес,  
Үйшікте жатыр ит бұғып.  
Үйдегі бала көз ілмес,  
Көңілін көп ой күпті қып.  
Төсектен қолы салбырап,  
Қорылдап жатыр әкесі.  
Жабағы мұрты жалбырап,  
Бораннан келген беті осы.  
Келді де, міне жығылды  
Арсы да гүрсі киімшең.  
Сақалын қойған қыруды,  
Сықпытсыз көрсең түрін сен.  
Түнеріп қыртыс қабағы,  
Жөтеліп қояр әредік.  
Төсектен жерге тамады,  
Етіктің лас қары еріп.  
Түймеден түк жоқ тондағы,  
Шалбардың анау жыртығы.  
Әйелі қайтыс болғалы,  
Ішіп жүр, міне күн-түні.  
Ішуге сылтау табылар,  
«Ішемін, – дейді, – күйіктен».  
Қызған соң айтар әні бар:  
«Өмір-ау, неткен сүйікті ең!».

## **II топ.**

Баланың жайын еске алып,  
Көршілер күнде келіп жүр.  
Жылы ұстап үйді, пеш жағып,  
Уақтылы тамақ беріп жүр.  
Басқалар жуып киімін,  
Күтімін алған баланың.  
Еденін сүртіп үйінің,  
Қарасып қояр сабағын.  
Қаршадай ғана жетімек,

Өзегін өртер нала-мұң.  
Шөлдейді шерлі көкірек,  
Мейіріміне Ананың.  
Әкесі болса күнде мас,  
Қалғалы қашан жұмыстан.  
Ақылды ешбір тыңдамас,  
Достармен түгел ұрысқан.  
«Ішуді қой» деп келгенде,  
Жанашыр достар, көршілер.  
«Қоямын мұны өлгенде,  
Арағың болса, берші» деп.  
Салса да талай жиналып,  
Түспеді пайда талқыдан.  
Серт берсе бүгін қиналып,  
Қайта ішіп кеткен артынан.  
Қызып ап кейде «сорлым» деп,  
Құшақтап ұлын жылайды.  
«Арақты енді қойдым» деп,  
Төсекке барып құлайды.  
Әкесін сонда бас салып,  
Кемсеңдеп,  
ернін тістелеп,  
Көзінен ыстық жас тамып,  
Жалынар:  
«Әке, ішпе!» деп.  
Әкесі, бірақ оянса,  
Ауырған басын уыстап,  
Тордағы байғұс қоянша,  
Құнысып бойы құрыстап.  
Түк таппай қойнын ақтарып:  
«Сен барсаң берер көршілер,  
Пәленнен қарыз ақша алып,  
Дүкенге барып келші» дер.  
«Қалтамда түгім қалмады,  
Өртейді қайғы ішімді.  
Жазылса басым болғаны,  
Қоямын, – дейді, – ішуді».

### **III топ.**

Қалтасын қармай бастады.  
Киім жоқ  
Тесік тиын жоқ,  
(Бір кезде болған, әрине!).  
Үйде де ешбір бұйым жоқ,  
Араққа салған бәрін де.  
Сатылған:

Қой мен сиыры,  
 Домбыра, сағат, кілем де.  
 Жарының бүкіл киімі...  
 Табылмас қазір бірі емге.  
 Ойында шөлмек «күліп» тұр,  
 Ғашығындай боп ең қымбат.  
 Шытынап басы сынып тұр,  
 Шағады миы солқылдап.  
 Қалтасын қайта сілкеді,  
 Қазына тауып алардай.  
 Көзімен үйді тінтеді  
 Сататын нәрсе таба алмай.  
 Сенделген сарсаң күйімен,  
 Шөліркей аңсап қимасын.  
 Қолтықтай шықты үйінен  
 Ұлының қара пимасын.  
 Жалынышты үнмен тіл қата,  
 Жанында ұл жүр айналып.  
 – Пимам ғой менің бұл, Папа,  
 Барасың оны қайда алып?  
 Ызалы жүзі ызғар боп,  
 Әкесі:  
 – Кетші ей, – десе де,  
 – Баласы:  
 – Пимам, пимам! – деп,  
 Бірге ере шықты көшеге.  
 Жабысты жолын кес-кестеп,  
 Көз жасы тарам-тарам боп:  
 – Пимамды, әке, тастап кет,  
 Қалаға қалай барам?.. – деп.  
 2-тапсырма. Суреттерді мәтінмен сәйкестендіріңіздер. Осы суреттер бойынша өз бөліктеріңізде не айтылғанын түсіндіріңіздер,



### Дескриптор:

- мәтінді түсініп оқиды.
- суреттерді мәтінмен сәйкестендіреді;

-сурет негізінде қысқаша мазмұндайды.

3-тапсырма. Болжам жасау.

Поэма қалай аяқталады деп ойлайсыздар?

Бейнежазбадан поэманың қалай аяқталатынын көріңіздер. Сіздердің болжамдарыңызбен сәйкес келді ме анықтаңыздар.

<https://www.youtube.com/watch?v=dKdJyfOwM1A&t=342s>

**Дескриптор:**

-поэма қалай аяқталатыны туралы болжам жасайды;

-өз болжамын бейнежазбамен салыстырады.

**4-тапсырма.** Ой бөлісу.

Тағы қандай зиянды әдеттер бар?

Неліктен біздің қоғамда осындай адамдар бар? Себебі түсіндіріңіздер.

Зиянды әдеттердің зардабы қаншалықты деп ойлайсыздар?

Ішімдік сияқты жаман әдеттерден құтылудың жолы бар ма?


**Дескриптор:**

-сұрақтарға жауап береді;

-өз ойын айтады.

**Мәтінсоңы жұмыс.**

5-тапсырма. «Венн диаграммасы» арқылы салауатты өмір салтын ұстанатын адам мен зиянды әдеттерге жақын адамдарды салыстырыңыздар.



**Дескриптор:**

-диаграмма құрады;

-салыстырады.

**Педагогке әдістемелік көмек:**

Қазіргі уақыттағы тағы да үлкен мәселе тудырып отырған – адам құқықтары, оның ішінде маскүнемділік, нашақорлық сияқты мәселелер. Сол себепті де «Әлеуметтік теңсіздік: адам құқықтары және көмек» бөліміндегі Ұлықбек Есдәулет "Қара пима" поэмасы тақырыбы алынды.

Оқу мақсатына

10.3.3.1 әдеби шығармада көтерілген әлеуметтік-қоғамдық мәселені талдау және кейіпкерлерді шынайы өмірмен салыстырып бағалау мақсаты алынды. Бұл мақсаттарды алудағы мақсат – мәтінмен жұмыс жасауда оқушыларды болжам жасауға, ой бөлісуге, диаграмма арқылы сөйлеуге үйрету арқылы айтылым дағдыларын дамыту. Мақсатқа жетуде болжау, түсініп, оқу, сәйкестендіру, ой бөлісу, Венн диаграммасы әдістері қолданылды. Мәтіналды жұмыста өтетін тақырыпты анықтауда бейнежазба

қолдану арқылы болжау, мәтінмен жұмыста топқа бөліп оқу әдісі арқылы мәтінді түсініп оқып, «Сәйкестендіру» әдісі арқылы берілген суреттердің қай бөлікте айтылғанын тауып, сол суреттер негізінде мәтінді қысқаша мазмұндау, поэманың немен аяқталатынын болжау, өз болжамдарын бейнежазбамен салыстыру, жаман әдеттер туралы ой бөлісу, «Венн диаграммасы» әдісі арқылы салыстыру жүргізу арқылы мақсатқа жету ұсынылады.

**Бөлім тақырыбы:** Жастардың денсаулығы - қоғам байлығы

**Бөлімше тақырыбы:** Денсаулық сақтау өз қолымызда

**Оқу мақсаты:** 10.3.6.1 мәтін мазмұнындағы деректі ақпаратты толық анықтап, негізгі ойға өз көзқарасын білдіру және оны бағалау

**Сабақтың мақсаты:** Денсаулық сақтау туралы мәтіннен ақпараттарды анықтап, негізгі ойға өз көзқарасын білдіру.

**Мәтіналды жұмыс.**

**1-тапсырма. Бейнежазбаны көріп, бүгінгі тақырыпты болжаңыздар.**

<https://www.youtube.com/watch?v=hF8DiGbHnK0&t=57s>

**Дескриптор:**

-бейнежазбаны көреді;

-тақырыпты болжайды.

**Мәтінмен жұмыс**

Спортпен шұғылдану адамның физикалық денсаулығына көптеген пайда әкеледі. Біріншіден, спорт жүрек-қан тамыр жүйесін нығайтады. Жүрек бұлшық еттерін шынықтыру арқылы қан айналымын жақсартады, бұл өз кезегінде инфаркт пен инсульт сияқты аурулардың алдын алады. Екіншіден, спорт бұлшық еттер мен сүйектерді күшейтеді. Жаттығулар сүйек тығыздығын арттырып, остеопороз сияқты аурулардың даму қаупін төмендетеді. Үшіншіден, спорт артық салмақтан арылуға және оны бақылауда ұстауға көмектеседі. Мысалы, жүгіру, жүзу немесе велоспорт сияқты аэробты жаттығулар калорияларды жағып, метаболизмді жеделдетеді.

Спорттың психикалық денсаулыққа да үлкен пайдасы бар. Біріншіден, спорт стрессті азайтады. Жаттығу кезінде эндорфиндер – табиғи "бақыт гормондары" бөлініп, адамның көңіл-күйін жақсартады. Екіншіден, спорт өзіне сенімділікті арттырады. Жетістіктерге жету және физикалық күштің артуы адамның өзін-өзі бағалауын жоғарылатады. Үшіншіден, спорт депрессия мен мазасыздықтың алдын алады. Зерттеулер көрсеткендей, спортпен жүйелі түрде айналысатын адамдардың психикалық денсаулығы жақсарып, өмірге деген құлшынысы артады.

Спортты күнделікті өмірімізге енгізу үшін бірнеше қадамдарды орындауға болады. Біріншіден, спортпен айналысуға уақыт бөлу керек. Күнделікті кестеге спорттық жаттығуларды енгізу арқылы оны әдетке айналдыруға болады. Екіншіден, өзіңізге ұнайтын спорт түрін таңдау маңызды. Мысалы, футбол, волейбол, теннис сияқты командалық ойындар немесе жүгіру, йога, фитнес сияқты жеке жаттығуларды таңдау арқылы спортқа деген қызығушылықты арттыруға болады. Үшіншіден, мақсат қою және оны



орындауға ұмтылу. Мақсаттар нақты және қолжетімді болуы тиіс, мысалы, аптасына үш рет жаттығу жасау немесе 5 км қашықтықты жүгіріп өту.

Спорт – денсаулық кепілі, өйткені ол физикалық және психикалық денсаулықты нығайтады, өмір сапасын арттырады. Спорт жүрек-қан тамыр жүйесін, бұлшық еттер мен сүйектерді күшейтіп, артық салмақтан арылуға көмектеседі. Сонымен қатар, спорт стрессті азайтып, өз-өзіне сенімділікті арттырып, депрессия мен мазасыздықтың алдын алады. Спортты күнделікті өмірімізге енгізу арқылы біз өз денсаулығымызды нығайтып, өмірімізді жақсарта аламыз. Сондықтан, спортпен шұғылдануды әдетке айналдыру – әр адамның денсаулығы мен бақытының кепілі.

## **2-тапсырма.**

«Былғары қолғап» әдісі. Үш адамнан тұратын топтарға бөлініңіздер: екі ойыншы, бір төреші. Мәтін бойынша сұрақ-жауап сағатын ұйымдастырыңыздар. Ол қарсыласыңыз тоқтап қалғанша жалғаса береді. Төреші есеп жүргізіп отырады. Рөлдермен ауысып жүргізуге болады.

### **Дескриптор:**

-ойыншылар мен төрешілер анықталады;

-ойыншылар сұрақ қойып, жауап алады.

## **3-тапсырма.**

«Үш пікір» әдісі. Оқылған мәтін төңірегінде әр оқушы 3 пікірден өз ойларыңызды айтуға мүмкіндіктеріңіз бар. Ол үшін қолдарыңызға 3 таяқша беріледі. Пікірлеріңізді айтқан сайын қолдарыңыздағы заттарды ортадағы қорапқа тастап отырасыздар.

### **Дескриптор:**

-оқылған мәтін бойынша өз пікірлерін, көзқарастарын білдіреді;

## **Мәтінсоңы жұмыс.**

### **4-тапсырма.**

«Кезбе тілші» әдісі. Таяуда Париж олимпиадасы өткенін барлықтарыңыз білесіздер. Осы орайда, 1-оқушы телефон соғылып жатқанға ұқсатып, тәулік бойы орын алған оқиғалар туралы хабарлайсыз. (мысалы: Бүгін Париж олимпиадасының алғашқы күні Елдос Сметов Алтын медаль алды) 2-оқушы Телестудиядағы диктор; жиынтық ақпарат береді. (мысалы: Биылғы жылы жазғы олимпиада ойындары Парижде өтіп жатыр. Елімізден осы олимпиадаға 80 спортшы барды.) 3-оқушы Тілші; оқиға орнынан ақпарат ұсынады. (мысалы: Жеңіс құтты болсын, қазақ елі! Дзюдо спортынан тұңғыш алтын медальді Е.Сметов қанжығасына байлады. ) 4-оқушы Тілші сұхбат алатын куәгер.

### **Дескриптор:**

-олимпиада ойындары туралы өз білетін мағлұматтарын ортаға салады;

-шынайы өмірмен байланыстырып, өз көзқарастарын білдіреді;

-хабарлама беріп, сұхбаттасады.

## **Педагогке әдістемелік көмек:**

Қазіргі уақыттағы тағы да үлкен мәселе тудырып отырған – адам адам денсаулығы мәселесі, оның ішінде жастардың денсаулығы алаңдатуда. Қазіргі уақытта жастар өз денсаулығына көңіл бөлмейтіндіктен, спортпен шұғылданбайтын жастар баршылық. Сол себепті де «Жастардың денсаулығы - қоғам байлығы» бөліміндегі «Денсаулық сақтау өз қолымызда» тақырыбы алынды.

Оқу мақсатына 10.3.6.1 мәтін мазмұнындағы деректі ақпаратты толық анықтап, негізгі ойға өз көзқарасын білдіру және оны бағалау мақсаты алынды. Бұл мақсаттарды алудағы мақсат – мәтінмен жұмыс жасауда оқушыларды болжам жасау, ой бөлісу, әлемдегі, елдегі жаңалықтармен бөлісу арқылы айтылым дағдыларын дамыту. Мақсатқа жетуде болжау, түсініп, оқу, «Былғары қолғап», «Үш пікір», «Кезбе тілші» әдістері қолданылды. Мәтіналды жұмыста өтетін тақырыпты табуда бейнежазба қолдану арқылы болжау, мәтінмен жұмыста түсініп оқу әдісі арқылы оқып, «Былғары қолғап» әдісі арқылы 3 адамнан топтарға бөлініп, сұраққа жауап беру арқылы төреші мен ойыншы диалогін жүргізу, «Үш пікір» әдісі арқылы әр оқушы өзінің 3 пікірімен, ойымен бөлісу, «Кезбе тілші» әдісі арқылы шынайы өмірмен байланыстырып, таяуда өткен Париж олимпиадасы туралы тілшілер образында өз көзқарастарын білдіріп, баға беру арқылы мақсатқа жету ұсынылады.

**Бөлім тақырыбы:** Қоғам және заң

**Бөлімше тақырыбы:** Тәртіпке бағынған ел құл болмайды

**Оқу мақсаты:** 10.3.6.1 мәтін мазмұнындағы деректі ақпаратты толық анықтап, негізгі ойға өз көзқарасын білдіру және оны бағалау

**Сабақтың мақсаты:**

Мәтіндегі негізгі ойға өз көзқарасын білдіру;

**Мәтіналды жұмыс.**

1-тапсырма. «Атаулар туралы үш сұрақ» әдісі. Жаңа тақырып бойынша тақтаға ілінген сөздер: заң, тәртіпсіздік, құқық бұзушылық. Оқушылар осы атауларға қатысты мынандай сұрақтарға жазбаша жауап беріңіздер:

1. Қайда? Бұл терминдерді сіз бұрынырақта қайда және қандай мағынада кездестіріп едіңіз?

2. Қалай? Осы атауларды қолдануда мысалдарын келтіре аласыз ба?

3. Қандай? Осы сабақта бұл атаулар қандай қолданыста болады деп ойлайсыз?

**Дескриптор:**

-тақтада ілінген үш сөзге қатысты сұрақтарға жауап береді;

- өз пікірін білдіреді;

**Мәтінмен жұмыс.**

**«Тәртіпке бас иген құл болмайды – тәртіпсіз ел болмайды»**

Қоғам әрқашан тәртіпке негізделіп, арқа сүйеп қалыптасып, тіршілік етеді. Қоғамда тәртіп болмаса, ол құлдырайды, яғни, келешегі болмайды. Мұны

адамдар ежелден-ақ жақсы түсінген. Сондықтан да қоғамда тәртіп орнатудың жолдарын қарастырған. Дегенмен, керісінше қоғамдық тәртіпті бұзуға бейім азаматтар да аз болмаған.

Осыдан келіп – құқық бұзушылық орын ала бастады. Құқық бұзушылық – қоғам өміріне тән дерт. Адам баласы өмір сүрген ортада ол да әрқашан орын алады. Бұл- объективтік құбылыс.

Құқық бұзушылық заңды, оның қағидаларын құқықтық нормалар жүктеген міндеттерді бұзу, тыйым салынған әрекеттерді жасау. Ол адамдардың іс-әрекеті, қылығы, мінезі немесе әрекетсіздігімен сипатталады.

Құқықтық білім беру – адамның құқықтық санасын қалыптастыру мақсатында орындалатын құқықтық тәрбиенің негізгі ықпал етуші әдісі. Нақты айтсақ, құқықтық білім беру арқылы жасөспірім құқықты ұғынады және оның санасы қалыптасып, дамиды. Құқықты ұғынумен қоса, тұлғаны заңды құрметтеуге, қорғауға, орындауға дағдыландыру мен заңның әділдігіне сендіру- құқықтық сананың негізгі белгілері. Аталынған белгілер оқушыларды құқықтық тәрбиелеу негізінде отбасынан және мектеп табалдырығынан бастап жүзеге асады. Есейген адамға қарағанда санасы мен мінез-құлқы жаңадан қалыптаса бастаған жасөспірім- тәрбиенің қолайлы объектісі болып табылады

Құқықтық мәдениеттің негізгі белгілері: заң нормаларын білу, заң нормаларын орындау: қоғамдық тәртіпті; заң нормаларын бұзбау; заң күшіне сену және т.б.. Құқықтық мәдениеті дамыған тұлға-құқықтық мемлекеттің үлгілі азаматы болады.

Құқықтық тәрбие беру арқылы жастарды өз құқықтарын пайдаланып, азаматтық міндеттерін орындай отырып қоғамда өмір сүруге, заңдар мен ережелерді тәжірибеде белсенді қолдана білуге үйретуге болады.

А.С.Макаренконың: «Анағұрлым қиын тиетін қайта тәрбиелеу жұмысына оралмау үшін, әуелден дұрыс тәрбие беруге тырысу керек» деген пікірін ұмытпаған жөн.

Құқықтық тәрбие берудің негізгі мақсаты – оқушыларда құқықтық мәдениет пен құқықтық әрекет-қылық қалыптастырып, оларды құқықтық заңдылық талаптарын түсінуге әрі мойындауға баулу. Құқық пен тәрбиенің өзара байланысты әрекеті негізінен жанама түрде тәрбиеге араласқан ата-аналар мен ұстаздар арқылы іске асырылады..

Әл – Фараби: «Тәрбиесіз білім қоғамға апат алып келеді» деген.

Білімді де тәрбиелі болу азаматтардың жарқын болашағының негізі.

<https://kzl-ock.kz/news/268-trtpke-bas-igen-l-bolmaydy-trtpsz-el-bolmaydy.html>

2-тапсырма. «Қарлы кесек» әдісі. Мәтін бойынша екі сұрақтан құрастырып, қағаз бетіне түсіріңіздер. Қағаздарыңызды бүктеп, қарлы кесек жасаңыздар. Бір-бірлеріңізге кезекпен лақтыру арқылы сұрақтарды оқып, жауап беріңіздер.

**Дескриптор:**

- оқушылар сұрақтар құрастырады;
  - сұрақтарын қағаз бетіне түсіріп, қарлы кесек жасайды;
  - қарлы кесекті бір-бірлеріне лақтыру арқылы сұрақтарына жауап алады.
- 3-тапсырма.

«Сана-сая жолы» әдісі. Қарама-қарсы екі қатарға тұрыңыздар. «Қоғамға заң қажет пе?» деген сұрақ төңірегінде оң жақта тұрғандар «иә, қажет» деген пікірді, сол жақта тұрғандар «жоқ, қажет емес» деген пікірді жақтап, өз ойларыңызды айтасыздар.

**Дескриптор:**

- оқушылар қарама-қарсы тұрады;
- берілген сұрақ төңірегінде «қажет», «қажет емес» деген пікірді дәлелдейді;
- мұғалім ортада жүру арқылы оқушылардың жауаптарын тыңдайды.

**Мәтінсоңы жұмыс.**

4-тапсырма.

«SWOT» талдау әдісі арқылы заңның мықты, әлсіз, қауіпті жақтары мен мүмкіндіктерін анықтаңыз.



**Дескриптор:**

- диаграмманы сызады;
- заңның мықты, әлсіз, қауіпті жақтары мен мүмкіндіктерін анықтайды;
- диаграмманы толтырады.

**Педагогке әдістемелік көмек:**

Қазіргі уақыттағы үлкен мәселе тудырып отырған – адам мен заң мәселесі. Қазіргі уақытта заңға бағынғысы келмейтін адамдар да баршылық. Сол себепті де «Қоғам және заң» бөліміндегі «Тәртіпке бағынған ел құл болмайды» тақырыбы алынды.

Оқу мақсатына 10.3.6.1 мәтін мазмұнындағы деректі ақпаратты толық анықтап, негізгі ойға өз көзқарасын білдіру және оны бағалау мақсаты алынды. Бұл мақсаттарды алудағы мақсат – мәтінмен жұмыс жасауда оқушыларды ой бөлісуге, өз көзқарастарын білдіріп, қорытынды жасай білу арқылы айтылым дағдыларын дамыту. Мақсатқа жетуде «Атаулар туралы үш сұрақ», түсініп, оқу, «Қарлы кесек», «Сана-сая жолы», «SWOT» талдау әдістері қолданылды. Мәтіналды жұмыста өтетін тақырыпты табуда сөздердің атаулары арқылы болжату, әдеттегідей бұл жұмысты оқушылардың жеке, жұппен (шағын топ ішінде) ауызша немесе жазбаша орындауы ықтимал. Содан кейін мұғалім бірнеше оқушының пікірін тыңдайды. Мұғалімнің сұрақтарды шығармашылық тұрғысынан әр сабақта

тақырыпқа байланысты өзгертіп отыруы тиімді. Мәтінмен жұмыста түсініп оқу әдісі арқылы оқып, мәтін мазмұны бойынша сұрақтар құрастырып, сол сұрақтарды ақ параққа жазып, қарлы кесек жасап, лақтыру арқылы өз сұрақтарына жауап ала алу, «Сана-сая жолы» әдісі арқылы берілген сұрақ төңірегінде өз ойларын айтып бөлісу, «SWOT» талдау әдісі арқылы заңның мықты, әлсіз, қауіпті жақтарын анықтап, қандай мүмкіндіктері барын анықтау арқылы мақсатқа жету ұсынылады.

## 11-СЫНЫП

**Бөлім тақырыбы: Тәуелсіздік еліміздің өткені мен келешегі**

**Бөлімше тақырыбы: Тәуелсіздік жылдарындағы жетістіктер**

**Оқу мақсаты:**

11.3.1.1 мәтіннен детальді ақпараттарды, факті мен көзқарасты, астарлы ойды анықтау, берілген ақпараттың оқырманға әсерін және автор позициясын талқылау;

11.4.5.1 ғылыми және публицистикалық стильдегі мәтіндерден басты лексикалық бірліктерді нақтылап, мәтіннің ақпараттық-маңызды фрагменттерін анықтап,

( компрессия) жинақы мәтін құрастыру;

**Сабақтың мақсаты**

- мәтіннен детальді ақпараттарды, факті мен көзқарасты, астарлы ойды анықтайды, берілген ақпараттың оқырманға әсерін және автор позициясын талқылайды;
- ғылыми және публицистикалық стильдегі мәтіндерден басты лексикалық бірліктерді нақтылап, мәтіннің ақпараттық-маңызды фрагменттерін анықтап, ( компрессия) жинақы мәтін құрастырады;



**Мәтін алды жұмыс**

«Wordwall» платформасы арқылы жаңа тақырыпты ашу.

**Сөздік пен жұмыс**

Тәуелсіздік, жетістіктер, жаһандық



**Оқылым. 1 -топ**

Тәуелсіздікке қол жеткізген уақыттан бастап көптеген мемлекеттер еліміздің дербестігін мойындап, қолдау көрсетті. Осы жылдар арасында еліміз түрлі жетістіктерге қол жеткізді. Атап айтар болсақ, 1991 жылы 16 желтоқсанда Қазақстан өз тәуелсіздігін жариялап, шекарасын белгілеп, мемлекеттік рәміздерін бекітті. Осы жылы Семей ядролық полигоны жабылып, 1992 жылы еліміз БҰҰ-ға мүше болды. Жоспарлы экономикадан нарықтық экономикаға аяқ басты. 1993 жылы 15 қарашада ұлттық валюта – теңге айналымға енгізілді. 1995 жылы Ата заңымыз қабылданып, мемлекетімізде басты құндылық азаматтардың құқығы мен бостандығы болып табылатындығын айқындап көрсетті. 1997 жылы еліміздің астанасы Алматы қаласынан Ақмола қаласына ауыстырылып, Сарыарқаның кең жайылған

төсінде әсем де сәулетті қалалардың бірі пайда болды. Кейінгі жылдары астана атауы Ақмоладан Астана, 2019 жылы Нұр-Сұлтан деп өзгертілді.

<https://www.kaznu.kz/kz/11841/news/one/26568/>

## **2-топ**

Сонымен қатар әлемнің 182 елімен дипломатиялық байланыс орнатып, 100-ден аса елге 2500 тауар түрін экспорттайды. Кен мен қазба байлықтарға толы бай еліміз көптеген ауқымды жобаларды іске асыра алды. Солардың бірі – Қашаған мұнай және газ кен орнының іске қосылуы. Елімізде мұнай және газ кен орындарынан бөлек, алтын, уран, көмір және т.б. қазба байлықтары да өндіріледі. Индустриализация жылдарында 1250 кәсіпорын құрылып, 300 мың жұмыс орны ашылған. Қазақстан 100-ден астам елге 2500 тауар экспорттады. 2017 жылы халықаралық ЕХРО көрмесін өткізді. 2050 және 2030 стратегиялық бағыттағы жоспары бойынша көптеген іс-шаралар жүзеге асырылып, әлемнің бәсекеге қабілетті 50 елдің қатарына қосылды. 2019 жылы 9 маусымда Тәуелсіз қазақстан тарихында екінші президент Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев сайланды. 2018 жылы Димаш Құдайберген «I'm singer» байқауына қатысып Қазақстанды әлемге танытты.

<https://www.kaznu.kz/kz/11841/news/one/26568/>

## **3-топ**

Көптеген спорттық жарыстар мен олимпиадалардан спортшыларымыз жүлделі орындарды иеленіп, мемлекетіміздің атын әлемге паш етті. Әр елде өткізілген олимпиадалық ойындарда Қазақстан спортшылары 70 астам жүлделі орындарға ие болды. 2011 жылы Астана мен Алматы қалаларында VII қысқы Азиялық ойындар өткізілді. Қазақстанның намысын қорғаған спортшылар 70 медаль иеленді. 2015 жылы Қазақстанның тұңғыш ғарышкері Тоқтар Әубәкіров (1991 жылы алғаш ғарышқа шықты) пен Талғат Мұсабаев (1994-2001 жылдар аралығында 3 рет ғарышқа шықты) ізін жалғап 3-ші қазақ Айдын Айымбетов ғарышты бағындырды.

Білім саласында да көптеген жетістіктеріміз жетерлік. Жыл сайын еліміздің мектеп оқушылары халықаралық және дүниежүзілік пәндік олимпиадаларда бақ сынап, жүлделі орындарға ие болуда. Бұдан бөлек, Елбасының 1993 жылғы 5 қарашада қабылдаған жарлығына сәйкес «Болашақ» халықаралық стипендиясы қабылданды. Аталған бағдарлама аясында 1993-2017 жылдар арасында 12 мыңға жуық білімгер шетелдік алдыңғы қатарлы жоғары оқу орындарында білімдерін шыңдады. Өз еліміздегі жоғары оқу орындары да үлкен қадамдармен алға басып келеді.

Білім және денсаулық сақтау салаларын жақсарту мақсатында «Жол картасы» бағдарламасы арқылы 1500 мектеп пен 2700 балабақша, 1312 денсаулық сақтау объектілері салынды.

<https://www.kaznu.kz/kz/11841/news/one/26568/>



## **Оқылым**

**1-тапсырма. Жеке жұмыс.** Берілген мәтінді тізбектеп оқыңдар.  
**Дескриптор**

- өз ойларыңды ортаға салыңыздар- 1балл

- өз позициясыңызды талқылаңыз-1балл

### **ҚБ «Жапондық бағалау»**

#### **2-тапсырма. Топпен жұмыс**

«Сандар сөйлейді» әдісі арқылы мәтіннен детальді ақпараттарды анықтаңыздар.

#### **Дескриптор**

- мәтіндегі детальді ақпаратты іріктеп жазады-1балл

### **ҚБ «Жапондық бағалау»**

#### **3-тапсырма. Саралау тапсырмасы**

1. «ПОПС» формуласын қолданып, мәтіндегі ақпарат бойынша өз пікіріңді дәлелде.
2. Мәтіндегі ақпаратты «Балық қаңқасы» әдісіне салып, орындаңдар.
3. «Бес жолды өлең» әдісі «Тәуелсіздік»

#### **Дескриптор**

- мәтіндегі факті мен көзқарасты ажыратады-1балл

- автордың оқырманға әсерін мәтіннен мысалдар келтіре отырып талқылайды-1балл

-өз пікірлерін жазады-1балл

автор позициясына пікірін білдіреді.

### **ҚБ «Жапондық бағалау»**

#### **4-тапсырма. Жұптық жұмыс**

#### **Жазылым. «ТӘУЕЛСІЗДІККЕ 30 ЖЫЛ: БІЗ ЖЕТКЕН ЖЕТІСТІКТЕР»**

тақырыбына шағын мәтін жазыңыздар.

#### **Лексикалық сөздер:**

Еңсесі биік –верх высокий

Еңселі- жоғары -вверх

өскелең ұрпақ- молодое поколение

Мәртебе –положение дел

Ізбасар- последователь

#### **Дескриптор**

- мәтіндерден басты лексикалық бірліктерді нақтылайды-1балл

-мәтіннің ақпараттық-маңызды фрагменттерін анықтайды-1балл

-шағын мәтін құрастырады-1 балл

- жанрлық және стильдік ерекшелікті сақтайды-1балл

#### **Бағалау критерийі**

«Өзара бағалау», « Өзін-өзі бағалау»

#### **Формативті бағалау**

«Жапондық бағалау»



#### **Педагогке әдістемелік көмек:**

11-сыныпта қазақ тілі мен әдебиеті пәнінде білім алушылар «Тәуелсіздік жылдарындағы жетістіктер» тақырыбы бойынша «11.3.1.1 мәтіннен детальді ақпараттарды, факті мен көзқарасты, астарлы ойды анықтау, берілген ақпараттың оқырманға әсерін және автор позициясын талқылау» оқу



мақсатымен жұмыс жүргізуде қазақстанның жетістіктері туралы, тәуелсіздікке ата-бабаларымыз қалай қол жеткізгендігі, еліміздің қазба байлықтары, атақты спортшыларымыздың жетістіктері туралы біледі. Мәтін мазмұнын оқи отырып, оқу мақсатына сай мәтіндегі ақпаратты өмірлік мәселелермен байланыстыру арқылы білім алушының бойында адамгершілік, отаншылдық, патриоттық, ұлттық құндылықтарды қалыптастыру көзделеді. Сонымен қатар жалпыадамзаттық құндылықтармен бірге баланың жауапкершілігін, тыңдау мәдениетін қалыптастырады; өміршендікке баулиды; сауаттылыққа, ойын жүйелі жеткізе білуге дағдыландырады.

**1-тапсырма.** Берілген мәтінді тізбектеп оқиды. Білім алушылар мәтінді оқи отырып, ойлау қабілеттерін дамытуға, қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға, сауатты сөйлеуге баулайды.

**2-тапсырма.** «Сандар сөйлейді» әдісі арқылы мәтіннен детальді ақпараттарды анықтаңыздар. «Сандар сөйлейді» әдісі арқылы мәтінде көбірек сандар өзі туралы айтуға бастайды. Мәтіннің төмендегі бөлімдерінен келесі сандарға қатысты ақпарат берілген: білім және денсаулық сақтау салаларын жақсарту мақсатында «Жол картасы» бағдарламасы арқылы 1500 мектеп пен 2700 балабақша, 1312 денсаулық сақтау объектілері салынды.

**3-тапсырмада Саралау тапсырмасы орындалады. «ПОПС» формуласы** бұл сабақ барысында берілген тақырып бойынша білім алушы өз пікірлерін дәлелдеп, көз қарастарын өмірмен байланыстыра отырып, шешім шығарады. «**Балық қаңқасы**» әдісі арқылы оқушылардың ортақ тақырыпты талқылауына септігін тигізеді. Сонымен қатар, бұл тапсырмада зерттелетін, қараланатын, талқыланатын сөздер жазылады. «**Бес жолды өлең**» әдісі арқылы білім алушыларға оқу мен жазуда сын тұрғысынан ойлауды дамытады. Бағалау кезінде өзін-өзі бағалай алатын оқушы күрделі тапсырмаларды орындауда табандылық танытып, өзінің қабілетіне соғұрлым сенімді болады және өз жұмысына үлкен жауапкершілікпен қарайды.

Жазылым дағдысы бойынша 11.4.5.1 ғылыми және публицистикалық стильдегі мәтіндерден басты лексикалық бірліктерді нақтылап, мәтіннің ақпараттық-маңызды фрагменттерін анықтап, (компрессия) жинақы мәтін құрастыру» оқу мақсатымен жұмыс жүргізуде білім алушыларды грамматикалық сауаттылыққа, өз ойын сын тұрғысынан дәлелдеуге, қорытынды шешім шығаруға, өз көзқарасын білдіруге бағытталады. Сонымен қатар, білім алушылардың тіл үйренуге деген ынтасын арттырады; мәтіндерден лексикалық бірліктерді анықтайды, білім алушылардың шығармашылық қабілеттерін дамытады, ғылыми және публицистикалық стильдегі мәтіндердің тақырыбын, түрлерін (әңгімелеу, сипаттау, талқылау), құрылымын салыстыра отырып және фрагменттерді анықтап шағын мәтін құрастыруға дағдыланады.

**4-тапсырмада «ТӘУЕЛСІЗДІККЕ 30 ЖЫЛ: БІЗ ЖЕТКЕН ЖЕТІСТІКТЕР»** тақырыбына шағын мәтін жазады. Мәтін арқылы мәтіндерден басты лексикалық бірліктерді нақтылайды, мәтіннің ақпараттық-маңызды фрагменттерін анықтайды, шағын мәтін құрастырады, жанрлық және стильдік

ерекшелікті сақтайды. Бағалау кезінде «Өзара бағалау», « Өзін-өзі бағалау» болды.

## 11-сынып

## II тоқсан

**Бөлім тақырыбы: Ұлттық театр –өнер ордасы**

**Бөлімше тақырыбы: Театр -өнер айнасы**

**Оқу мақсаты:**

11.1.1.1 мәтін үзінділері бойынша болжам жасау, тиісті ақпаратты анықтай білу;

11.2.1.1 ғылыми және кәсіби мәтіндердегі күрделі сөздер м е н терминдердің жасалу жолын анықтау, ауызша мәтін құрауда орынды қолдану

**Сабақтың мақсаты**

- мәтін үзінділері бойынша болжам жасайды, тиісті ақпаратты анықтай біледі;
- ғылыми және кәсіби мәтіндердегі күрделі сөздер м е н терминдердің жасалу жолын анықтайды, ауызша мәтін құрауда орынды қолданады;

**Тыңдалым.**

**1-тапсырма.** «Галерияға шарлау» әдісі арқылы тақырыпты болжандар. **Жеке жұмыс.**



### Дескриптор

- 3 сурет бойынша тақырыпты ашады;
- көпшілік алдында сөз сөйлеу кезінде вербалды және бейвербалды элементтерді қолданады;
- өз ойын еркін және сенімді жеткізеді.

**2-тапсырма.** Берілген суреттер арқылы тиісті ақпаратты анықтаңдар. **Жүппен жұмыс.**



### Дескриптор

- тиісті ақпаратты анықтай біледі-1балл
- тақырыпты ашады-1балл

## ҚБ ««Екі жұлдыз,бір тілек»»

**3-тапсырма.** «Кластер» әдісі арқылы Мәтіннен күрделі сөздерді тауып, жасалу жолына қарай бағандарға жіктеп жазыңыздар. **Топпен жұмыс.**

«Театр - өмірлік мәселелерді шешудің жоғарғы сатысы» демекші, адамның бар жан-дүниесін бір қойылым арқылы ақтарып, тіпті кей кезде белгілі бір проблемалардың да шешімін табуға септігін тигізіп әрі шынайы эмоциялар сыйлай отырып, әрбір тұлғаға ой салып, керек кезінде тәрбие беретін сондай бір жұмбақ дүние іспеттес. Мәдениет пен руханият әлемін театрсыз елестету мүмкін емес. Тарихтан сыр шертер болсақ, театр өнері қазақ даласына он тоғызыншы ғасырдың екінші жартысында келген екен. Осы аралықта Әулиеатада, Орынборда, Ташкентте, Түркістан мен Көкшетауда және Шымкентте біршама драмалық үйірмелер ұйымдастырылып, қазақ халқының біртуар тумалары: Ж.Аймауытовтың, М.Дулатовтың, М.Әуезовтің, Б.Майлиннің, С.Сейфуллиннің драмалық шығармалары мен пьесалары тұңғыш рет сахналаныпты. Аталған қойылымдардың сахналануына жетекшілік еткен тұлғалар Жүсіпбек Аймауытов пен Жұмат Шанин екен. Қазақ театр өнерінің айқын ерекшеліктерінің бірі – ұлттық салт-дәстүрді, әдеп-ғұрыпты, халық әндерін, әлеуметтік-тұрмыстық өмірді бейнелеуде кеңінен насихаттап, шебер қолдануында болды. Жиырмамыншы ғасырдың тоқсаныншы жылдарына қарай еліміздің көптеген қалаларында, атап айтар болсақ: Ақмола, Павлодар, Орал, Ақтөбе, Көкшетау, Петропавл, Өскемен, Арқалық, Жезқазған, Атырау елді мекендерінде қазақ тіліндегі қойылымдар сахналана бастапты.

[https://adebiportal.kz/kz/news/view/teatrdyn-bugingi-qogamdagy-orny\\_24671](https://adebiportal.kz/kz/news/view/teatrdyn-bugingi-qogamdagy-orny_24671)

Біріккен сөздер	Қос сөздер	Тіркесті сөздер

**4-тапсырма.** Мәтіндегі күрделі сөздерді қолданып, «Театр -өнер айнасы » тақырыбында өз ойыңызды білдіріңіз.

### Дескриптор

- мәтіннен күрделі сөздерді тауып, бағандарға жіктеп жазады;
- күрделі сөздерді орынды қолдана отырып өз ойын білдіреді

## ҚБ ««Екі жұлдыз,бір тілек»»

**Кері байланыс.** «Бір минуттық эссе» тәсілі

### Педагогке әдістемелік көмек:

11-сыныпта қазақ тілі мен әдебиеті пәнінде білім алушылар «**Театр -өнер айнасы**» тақырыбы бойынша «11.1.1.1 мәтін үзінділері бойынша болжам жасау, тиісті ақпаратты анықтай білу» оқу мақсатымен жұмыс жүргізуде театр әр балаға қуаныш ұмытылмас әсер сыйлайды,оның көркемдік талғамын,еліктеуі мен қиялын дамытады. Сонымен қатар, білім алушылар сабақ барысында мәтін үзінділері бойынша болжам жасай алады және

**1-тапсырмада** «Галерияға шарлау» әдісін қолданады. Қабырғаға дайындалған постер ілінеді. «Галереяға саяхат» –білім алушылар кабинет ішінде қозғалысқа

түседі, қабырғада ілулі тұрған суреттерді қарайды, сараптайды, талдайды және стикерге өз пікірін немесе сұрағын жабыстырып кетеді. Галереяға саяхат аяқталған соң, білім алушылар жұмыстарға шолу жасап, өз қабырға да ілінген суреттер бойынша сыныптастарына пікірлерін сараптайды, талқылайды, болжайды және қорытынды жасайды.

**2-тапсырма.** Берілген суреттер арқылы тиісті ақпаратты анықтайды. Оқушылар сыни тұрғыдан ойлау барысында сурет бойынша мәтін құрауға дағдыланады. Сөздік қорын, тіл байлығын дамытады және өмірмен байланыстырады.

Айтылым дағдысы бойынша «11.2.1.1 ғылыми және кәсіби мәтіндердегі күрделі сөздер мен терминдердің жасалу жолын анықтау, ауызша мәтін құрауда орынды қолдану» оқу мақсаты аясында білім алушылар

**3-тапсырмада «Кластер»** әдісі арқылы Мәтіннен күрделі сөздерді тауып, жасалу жолына қарай бағандарға жіктеп жазады. «Кластер» әдісін қолданып, мәтіннен күрделі сөздерді тауып, жасалу жолына қарай бағандарға жіктеп жазады. Алдымен ережелерді қайталап, еске түсіреміз. Күрделі сөздер дегеніміз не? Оның жасалу жолдары қандай? деген сұрақтарды қоя отырып, берілген тапсырманы әрі қарай орындайды. Білім алушы үшін үлкен пайдасы бар. Грамматикалық тапсырмаларды дұрыс орындауға, тіл байлығының көбеюіне, өмір байланысына көп септігін тигізеді. Мәтінді оқи отырып, ұлы ақындарымыздың жетістіктері туралы мағлұмат алады.

**4-тапсырмада** мәтіндегі күрделі сөздерді қолданып, «Театр - өнер айнасы» тақырыбында өз ойын «Төрт сөйлем» тәсіліне түсіреді.

Пікір. Оқыған мәтін бойынша өз пікіріңді бір сөйлеммен жаз.

Дәлел. Өз пікіріңді бір сөйлеммен дәлелде.

Мысал. Пікіріңді өмірмен байланыстыр.

Қорытынды.

Сабақ барысында білім алушылар өзін-өзі бағалау, өз ара бағалау жүргізіледі, қалыптастырушы бағалау ретінде «Екі жұлдыз, бір тілек» арқылы бағалайды. «Бір минуттық эссе» тәсілі бойынша кері байланыс жасалынып, білім алушылар бір-бірімен әңгімелесу арқылы ой қорыта алады.

## **11-сынып**

### **I тоқсан**

**Бөлім тақырыбы: Экология. Мұнай және атомдық индустрия**

**Бөлімше тақырыбы: Қоршаған ортаны қорғау-заман талабы**

**Оқу мақсаты:**

11.1.5.1 Мәтін бойынша автор позициясын және көтерілген мәселеге қарым-қатынасын, тыңдаушыға ықпал ету тәсілін талдай отырып, негізгі ойды анықтау

11.4.4.1 тақырып бойынша мәтінге жоспар құрып, әр тармақшаға қажетті негізгі және қосымша мәліметтерді жинақтау, дереккөздерге сілтеме көрсетіп таныстыру (тірек-схема, менталды карта, презентация)

**Сабақтың мақсаты**

- мәтін бойынша автор позициясын және көтерілген мәселеге қарым-қатынасын, тыңдаушыға ықпал ету тәсілін талдай отырып, негізгі ойды анықтайды;
- тақырып бойынша мәтінге жоспар құрып, әр тармақшаға қажетті негізгі және қосымша мәліметтерді жинақтау, дереккөздерге сілтеме көрсетіп таныстырады; (тірек-схема, менталды карта, презентация)

### **Тыңдалым алды жұмыс**


#### **Қазақстандағы қазіргі экологиялық мәселелер**

Соңғы жылдары дүние жүзінде экологиялық жағдайлар шиеленісе түсуде. Оның көптеген себептері бар. Негізгі факторлар көбінесе адамның іс-әрекетінен туындап отыр. Табиғат шектен тыс еркіндік пен кездейсоқтықты көтермейді. Өз кезегінде табиғат та адамның жіберген қателіктеріне жауап ретінде экологиялық апаттарды «сыйға» тартады. Мысалы, қоршаған ортаның химиялық ластануынан жер шарында «жылу эффектісі», «озон тесігі», «қышқыл жаңбырлар», «фотохимиялық у түтін» сияқты дүниежүзілік экологиялық мәселелер жиі байқалып отыр. Аталған апатты құбылыстар бүкіл ғаламшардың ырғақты тепе-теңдігін бұзып, дүниежүзілік климаттың өзгеру қаупін туғызуда. Ол соңғы жылдары жиі болып отырған қуаңшылық, шөлейттену, құрлықтағы су айдындарының тартылуынан байқалады.

Мысалы, адам Қарабұғаз көлді Каспий теңізінен топырақ қамалы арқылы бөліп, теңіз деңгейінің төмендеуін тоқтатқысы келді. Алайда құрғап қалған шығанақтың айналадағы ортаға, жалпы шаруашылық салаларына зиян келтіретіні ескерілмеді. Кейіннен, 25-30 жыл өткен соң Каспий теңізі деңгейінің төмендеуі шығанақпен байланысты еместігі, оның жердің эволюциялық даму заңына тәуелді екені айқындалды. Ғасырлық геологиялық айналымға сәйкес әр 60-80 жыл сайын теңіз деңгейінің көтерілуі немесе төмендеуі табиғат заңы болатын. Ал құрғап қалған шығанақ түбінен атмосфераға жыл сайын 120-140 млн т. натрий сульфатының тозаңы көтеріліп, тек Түрікменстан мен Қазақстан ғана емес, сондай-ақ Ресей, Кавказ, Орта Азия, Түркия, Иран, Қытай, Моңғолия мен Еуропаның бірқатар елдері химиялық ластанып отыр. Әсіресе, Қазақстанға үлкен экономикалық зиян келтіріп, соның салдарынан егіннің түсімділігі мен мал шаруашылығының өнімділігі төмендеп, халық арасында түрлі аурулар көбейіп кетті. Каспий теңізінің деңгейі қайта көтеріліп, жағалауды су баса бастады. Кейін топырақ қамал алынып, теңіз суы шығанаққа жіберілді.

Қазақстандағы басқа да өзен-көлдердің экологиялық жағдайы жақсы емес. Әсіресе, Ертіс, Жайық, Сырдария, Іле, Шу, Нұра, Тобыл, Көксу өзендері өндіріс қалдықтары мен тұрмыстық лас сулар, ауыр металдар, химиялық зиянды заттармен ластануда. Ал Каспий теңізінің мұнай өнімдерінен ластанғаны сонша, судағы балықтар мен жағалаудағы құстардың, итбалықтардың жаппай қырылып қалу фактілері жиі кездеседі. Елімізде су айдындары мәселелерімен қатар топырақтың құнарсыздануы, шөлейттену жайылымдардың, табиғат ландшафтыларының өзгеруі табиғи ортаға зиянын келтіруде.

**1-тапсырма. Жеке жұмыс Төменде берілген тапсырманы орындаңдар.**



**Дескриптор**

- автор позициясын анықтайды-1балл
- мәселенің көтерілу себебін анықтайды-1балл
- мәтіннің негізгі идеясын анықтайды-1балл

**ҚБ «Жапондық» бағалау**

**2-тапсырма. Топтық жұмыс** «Адамдардың табиғатсыз күні жоқ, оны айтуға табиғаттың тілі жоқ» тақырыбында презентация әзірлеңіз (3 слайд).

Ол үшін:

- 1) Тақырып бойынша презентацияның жоспарын құрыңыз.
- 2) Тақырып бойынша негізгі және қосымша ақпараттарды әртүрлі дереккөздерден іріктеңіз.
- 3) Дереккөздердің сілтемелерін көрсетіңіз.
- 4) Презентацияңызды таныстырыңыз.

**Дескриптор**

- тақырып бойынша 3 слайдтан тұратын презентация әзірлейді-1балл
- презентацияның жоспарын жасайды-1балл
- жоспардың әр бөлімі бойынша негізгі ақпарат, қосымша ақпараттарды жинақтайды-1балл
- дереккөздерге сілтеме жасай отырып қорғайды-1балл

**ҚБ «Жапондық» бағалау**

**3-тапсырма. Жұппен жұмыс.** Әлемде болып жатқан түрлі табиғи апаттарды табиғаттың адамдарға берген жауабы деп айтып жатады. Сіз бұл оймен келісесіз бе? Әлде табиғи апаттардың өзіндік ғылыми тұрғыдан басқа себептері бар ма? Осы сұрақтарды негізге алып, өз ойыңызды дәлелдеп, «ПОПС» формуласына түсіріп, жазыңыздар.

Бірінші сөйлем: «Менің ойымша,....»

Екінші сөйлем: «Себебі, мен оны былай түсіндіремін...»

Үшінші сөйлем: «Оны мен мына фактілермен, мысалдармен дәлелдей аламын...»

Соңғы сөйлем: «Осыған байланысты мен мынадай қорытынды шешімге келдім...

### **Дескриптор**

-тақырыпқа қатысты қоғамдағы қарама-қайшы көзқарасты анықтайды-1балл

-негізгі бөлімде өз көзқарасын 3-4 аргумент арқылы дәлелдейді-1балл

- қорытынды бөлімде мәселенің шешімін ұсынады-1балл

### **ҚБ «Екі жұлдыз,бір тілек»**

### **Кері байланыс. «Бір ауыз сөз» әдісі**

### **Педагогке әдістемелік көмек:**

11-сыныпта қазақ тілі мен әдебиеті пәнінде білім алушылар «**Қоршаған ортаны қорғау-заман талабы**» тақырыбы бойынша «11.1.5.1 мәтін бойынша автор позициясын және көтерілген мәселеге қарым-қатынасын, тыңдаушыға ықпал ету тәсілін талдай отырып, негізгі ойды анықтау» оқу мақсатын алып отырмын, себебі білім алушылар қоршаған орта туралы толықтай мағлұмат алады, табиғи жағдайын жақсарту, табиғи ресурстарды тиімді пайдалану, табиғи байлықтарды сақтау және көркейту негізінде табиғат пен қоғамның өзара үйлесімді әрекетін қамтамасыз етуге бағыттында тыңдаушы ретінде өз үлестерін қосады. Баланың функционалды сауаттылығы қалыптасады.Сабак барысында жеке жұмыс,топтық жұмыс,жұптық жұмыстар болады.

**1-тапсырмада** білім алушылар мәтін бойынша -автор позициясын анықтайды, мәселенің көтерілу себебін анықтайды, мәтіннің негізгі идеясын анықтайды.

**2-тапсырмада** тақырып бойынша презентацияның жоспарын құрады,негізгі және қосымша ақпараттарды әртүрлі дереккөздерден іріктеп жазады, дереккөздердің сілтемелерін көрсетеді,презентациямен таныстырады.

Әр тапсырмадан кейін қалыптастырушы бағалау жүргізіліп отырады. «Жапондық» бағалауды қолданамын.

Жазылым дағдысы бойынша «11.4.4.1 тақырып бойынша мәтінге жоспар құрып, әр тармақшаға қажетті негізгі және қосымша мәліметтерді жинақтау, дереккөздерге сілтеме көрсетіп таныстыру (тірек-схема, менталды карта, презентация)» оқу мақсаты кезінде білім алушылар жұппен жұмыс жүргізеді.

**3-тапсырмада** Әлемде болып жатқан түрлі табиғи апаттарды табиғаттың адамдарға берген жауабы деп айтып жатады. Сіз бұл оймен келісесіз бе? Әлде табиғи апаттардың өзіндік ғылыми тұрғыдан басқа себептері бар ма? Осы сұрақтарды негізге алып, өз ойыңызды дәлелдеп, «ПОПС» формуласына түсіріп,жазады. Мысал:"Табиғатты қорғау-парызымыз" тақырыбында "ПОПС формуласы"бойынша өз пікірін жазған.

"Менің ойымша, біздің әрбір басқан қадамымыз, әрбір істеген ісіміз табиғатқа байланыты болғандықтан, оның біздің өмірімізде ерекше орын алуы сөзсіз. Бірақ, адамзаттың кейбір істері табиғатқа кері әсер етуде. Оның кері




әсері біздің денсаулығымызға да зиян келтіреді. Табиғатты қорғау- табиғатты аялау әр адамның міндеті. "

"Мен оны былай түсінемін: Қолымыздан келгенше табиғатты аялап, оны таза ұстап, қастерлеуіміз керек." "Оны мына деректермен, мысалдармен дәлелдей аламын: Жерді өз Анасындай, Анасын Күндей қастерлеу Ата қостаған салтымыз. «Жер шоқтығы - Көкшетау», «Жер жаннаты - Жетісу» деп, бабаларымыз туған жерге, табиғатқа деген ыстық махаббатын білдірген."

"Осыған байланысты мен мынадай қорытынды шешімге келдім: Сондықтан осындай баға жетпес байлық табиғатты аялау - біздің міндетіміз." Өзімізді **қоршаған** ортаға немқұрайлы қарамай, тазалықтың маңызын түсіндіре отырып, оқушылардың бойында экологиялық мәдениеттің қалыптасуын қамтамасыз етуіміз керек.

Білім алушылар сабақ соңында тақырыпқа қатысты қоғамдағы қарама-қайшы көзқарасты анықта алады, негізгі бөлімде өз көзқарасын 3-4 аргумент арқылы дәлелдей алады, қорытынды бөлімде мәселенің шешімін ұсынады. Қалыптасырушы бағалау «Екі жұлдыз, бір тілек» жүргізіледі. Кері байланыс ретінде «Бір ауыз сөз» әдісін қолданамын.



«Қазақ тілінде оқытпайтын мектептердің 11-сыныптарға арналған «Қазақ тілі мен әдебиеті» пәндерін оқытуда сөйлеу әрекеті түрлерін дамыту бойынша әдістемелік ұсынымдар»

## 11-сынып

## I тоқсан

**Бөлім тақырыбы: Тіл.Әдебиет.Өнер**

**Бөлімше тақырыбы: Күй және күйші**

**Оқу мақсаты:**

11.1.2.1 мәтінді тыңдай отырып, негізгі идеяларды (ақпараттарды) қысқаша түртіп жазу (конспектілеу) және берілген ақпараттарды жүйелеу

11.2.1.1 ғылыми және кәсіби мәтіндердегі күрделі сөздер мен терминдердің жасалу жолын анықтау, ауызша мәтін құрауда орынды қолдану

**Сабақтың мақсаты**

- мәтінді тыңдай отырып, негізгі идеяларды (ақпараттарды) қысқаша түртіп жазады (конспектілеу) және берілген ақпараттарды жүйелейді;
- ғылыми және кәсіби мәтіндердегі күрделі сөздер мен терминдердің жасалу жолын анықтайды, ауызша мәтін құрауда орынды қолданады;

**Тыңдалым алды жұмыс.**

**1-тапсырма. Жеке жұмыс.** Суреттерде кімдер және не бейнеленген? «Күй» сөзі қандай мағына береді? Күйді кім шығарды? Күйді қандай аспаптарда орындайды? Қандай күйшілерді немесе күйлерді білесіңдер?



**Дескриптор**

**-ақпаратты анықтайды-1балл**

**-қысқаша түртіп жазып алады-1балл**

**-ақпаратты жүйелейді-1балл**

**ҚБ: «Сенің қолыңнан келеді!» «Жарайсың!»**

**2-тапсырма. «Тыңдау-көру-орындау» әдісі арқылы ақпаратты түсіріңдер.**

**Күй**

Күй — музыкалық жанр, қазақ халқының аспаптық пьесасы. Домбыра, қобыз, сыбызғыда шығарылып, тартылып келген. Музыка өнерінің дамуына байланысты, күйлер халық аспаптары оркестрлерінің репертуарларында көп орындалады. Күй — қазақ, қырғыз, өзбек халықтарының аспаптық музыкасына тән атау. М. Қашқариға сілтеме жасай отырып, күй сөзінің төркіні "көк" деген түркі сөзінен шығуы мүмкін деген болжамдар бар.

**Тарихы**

Күй XIV ғасырда жеке музыкалық жанр болып қалыптасты. Күйлер мазмұны аңыз ертегілерге, нақтылы тарихи оқиғаларға құрылып, көбіне бағдарламалы түрінде дамыды. Онда халықтың басынан өткен тауқымет мен әділетсіздікке қарсы күресі, азат өмірді аңсаған асыл арманы мен қуаныш сезімі терең толғаныспен өрнек-бояуын тапты. Күйдің мелодиялық-формалық құрылысы, ырғақтық-орындаушылық әдістері сан алуан. Мысалы, Құрманғазының күйлері жігерлі, екпінді, ал Дәулеткерейдің күйлері терең толғауға, романтикалық лирикаға негізделген, Тәттімбеттің күйлері әуейі әсем, тәтті мұң мен қоңыр сазға толы болса, Қазанғаптың күйлері құбылмалы, ойнақы, төкпе жыр іспетті болып келеді.

**Сипаттамасы**

Домбыра күйлері параллельді, терция, секундына автомат арқылы тартылады. Параллельді кварталар мен квинталар күйге көркем нақыш-бояу берумен қатар оның әуен саздылығын әсерлей түседі. Күйлердің көлемі әр түрлі болады. Кейбір күйлердің көлемі 150 ден 200 тактіге (мысалы, Боғданың "Боз төбесі" мен Динаның "Әсем қоңыры", т.б.) дейін жетеді.

Күй мектептері

Қазақ күйлері өзінің тәсіліне, орындаушылық дәстүрі мен қағыс түріне қарай, негізінен, екі стильдік мектепке бөлінеді. Біріншісі – екпінді қарқынды, музыкалық жағынан бағдарламалы симфониялық сипатта шығарылатын күйлер (Жантөренің "Шалқымасы", Құрманғазының "Кішкентайы", "Сарыарқасы", Динаның "Бұлбұлы", т.б.), ал екіншісі – терең философиялық, ой-сырға толы шертпе күйлер (Тәттімбеттің "Сарыжайлауы", "Көкейкесті" мен "Сылқылдат", Тоқаның "Қосбасары", Сүгірдің "Тоғыз тарауық т.б.). Күйдің идеялық көркемдік диапазоны кең.

**3-тапсырма. Жеке жұмыс. Мәтінді тыңдай отырып, негізгі идеяларды анықтаңдар.**



**Дескриптор**

-мәтінді тыңдайды-1балл

- негізгі ақпараттарды түртіп алады-1балл

- ақпаратты негізге ала отырып, өз ойын ортаға салады-1балл

**ҚБ «Өзін-өзі» бағалау**

**4-тапсырма. Топпен жұмыс. Мәтін үзіндісі бойынша менталды картаны толтырыңыздар.**



## **Дескриптор**

**-мәтіннің идеясын анықтайды;**

**-мазмұнын қысқаша сипаттайды; - -**

**-стилін анықтайды;**

**-сұрақтар негізінде тілдік ерекшелігіне талдау жасайды.**

**ҚБ: «Жапондық» бағалау**

**5-тапсырма. Жүппен жұмыс.** «Сен – маған, мен – саған» әдісі арқылы тапсырманы жұбыңызбен орындаңыз.

Әдебиет пен өнерге лайықты қолдау

Еліміздің бірінші президенті Нұрсұлтан Назарбаев 9 қаңтарда өзінің Алматыдағы резиденциясында әдебиет және өнер қайраткерлеріне президенттік және мемлекеттік стипендияларды тапсырды. Рәсімге Мемлекеттік сыйлықтың лауреаттары, жазушылар, ақындар, әртістер, суретшілер, музыканттар, Қазақстанның мәдениетіне еңбек сіңірген қайраткерлер қатысты.

Мемлекет басшысы шығармашыл және мәдениет интеллигенциясы өкілдерін стипендияға ие болуларымен құттықтай отырып, стипендиаттар құрамы қоғамның көп ұлтты құрылымын көрсететінін атап өтті.

– Мен әрдайым біздің қоғамда мәдениетті дамыту мен жоғары руханилықты нығайту мәселесін экономикалық өсу және халықтың әл-ауқатын арттыру тәрізді маңызды фактор ретінде санап келдім және солай деп санаймын. Тәуелсіздік жылдары ішінде мемлекет мәдениетті дамытуға жете мән берді. Жалдан жылға мемлекеттің мәдениет саласына бөлетін қаржысы артып келеді, – деді.

Н. Назарбаев еліміз өз дамуының жаңа кезеңіне қадам басқанына тоқталды. – «Қазақстан-2030» Стратегиясының басты мақсаттарын мерзімінен бұрын іске асырып, біз 2050 жылға дейінгі жаңа Стратегияны қабылдадық. Бұл қандай да бір қиял немесе мемлекеттік жоспар емес, біз қазақстандықтардың болашақ ұрпағына жол көрсеттік және Қазақстан жүретін бағытты айқындадық. Оны іске асыру бізге осы жүзжылдықта ең қарқынды ұлттың бірі ретінде нығаюымызға мүмкіндік береді.

Жүзжылдықтың ортасында Қазақстан ғаламшардағы ең дамыған отыз елдің қатарына кіруді мақсат етіп отыр. Бұл тек экономиканы дамытуға ғана емес, сондай-ақ мәдениетке, білімге де қатысты, – деді мемлекет басшысы.

Қазақстандық мәдениет жаһандық мәдени мұраның ажырамас бөлігіне айналуға тиіс. Ол әлемдегі түрлі халықтардың мәдени құндылықтарын қабылдау жүйесінде нақты танылуы тиіс. Бұл қазіргі заманғы өнер түрлеріне – музыка, театр, кино, әдебиет, сурет өнері, т.б. қатысты. Нұрсұлтан Назарбаев қазақстандық мәдениет еліміздің барлық азаматтары үшін патриотизмнің негізі болуы қажеттігін атап көрсетті.

– Бүгінде шығармаларын қазақ тілінде жазатын қазіргі жазушыларды Қазақстанда орыс тілді оқырман аз біледі. Бәлкім, аударма саласын дамыту

туралы ойластыру қажет болар. Отандық авторлардың туындылары қазақстандықтардың мақтанышына айналуда тиіс. Мен бұдан бұрын да өңіраралық мәдениет алмасу туралы айтқанмын. Биылдан бастап еліміздің өңірлері арасында мәдениет күндері тұрақты өткізілуі тиіс. Қазақстандық мәдениет пен өнердегі патриоттық, ең алдымен, біздің қоғамда болып жатқан ұлы тарихи оқиғалардың өзгерістерінен көрініс табуы керек, – деді бірінші президент.

Мемлекет басшысы қазақ тілін латын алфавитіне көшіру отандық мәдениетті дамытуға орасан зор септігін тигізетінін атап өтті.

Өз сөзінде стипендия иегері, прозашы Қ.Ысқақов мемлекеттің білім беру процесінде үш тілді меңгеруге көмек көрсетіп отырғанын атап өтті. Ол қазақ тілін латын әрпіне көшіру қазақстандық қоғамды одан әрі топтастыра түсуге ықпал ететініне тоқталды.

### Дескриптор

- мәтіннің күрделі сөздер (кемінде 5 сөз) мен термин (кемінде 5 сөз) сөздерді табады;
- жұбына күрделі сөз және термин сөздің жасалуын түсіндіреді;
- кемінде 3 күрделі сөз, термин сөзді қолдана отырып өз ойын білдіреді.

**Қалыптастырушы бағалау** «Жарайсың!» «Өте керемет!» «Сен мықтысың!» «Сенің қолыңнан келеді!»


Кері байланыс ретінде «3-2-1» әдісін қолданамын.

- 3 маңызды мәселе;
- 2 жаңа ақпарат;
- 1 қорытынды түйін .

### Педагогке әдістемелік көмек

11-сыныпта қазақ тілі мен әдебиеті пәнінде білім алушылар «Күй және күйші» тақырыбы бойынша «1.1.2.1 мәтінді тыңдай отырып, негізгі идеяларды (ақпараттарды) қысқаша түртіп жазу (конспектілеу) және берілген ақпараттарды жүйелеу» оқу мақсатын алып отырмын, себебі білім алушыларды ұлттық құндылыққа баулуымыз керек. Күй- баланың рухани болмысын , мәдениетін,дүниетанымын қалыптастырады.

**1-тапсырмада** білім алушылар суреттерде кімдер және не бейнеленген? «Күй» сөзі қандай мағына береді? Күйді кім шығарды? Күйді қандай аспаптарда орындайды?Қандай күйшілерді немесе күйлерді білесіңдер? сұрақтарға еркін ,ашық түрде жауап береді. **Күй** — музыкалық жанр, қазақ халқының аспаптық пьесасы. Домбыра, жетіген, қобыз, сыбызғыда шығарылып, тартылып келген. Музыка өнерінің дамуына байланысты, күйлер халық аспаптары оркестрлерінің репертуарларында көп орындалады. Күйді тыңдаған адамның жандүниесі қозғалады,өткен өміріне шолу жасайды,жүректі тебірентеді,көз алдыларына елестетеді. Білім алушының бойыннан ұлттық құндылыққа





дәріптеу, қазақтың салт-дәстүрін, ата-бабамыздан мұра болып келе жатқан дүниені насихаттау. Патриоттыққа,елжандылыққа тәрбиелеу.

**2-тапсырмада «Тыңдау-көру-орындау» әдісі арқылы ақпаратты түсіріңдіреді.** негізгі ақпараттарды түртіп алады, ақпаратты негізге ала отырып,өз ойын ортаға салады.

**3-тапсырмада** мәтінді тыңдай отырып,негізгі идеяларды анықтайды. Негізгі идеяларды қысқаша түртіп алып, оларды айтады. Күйдің шығу тарихына сипаттама бере отырып,өмірмен байланыстырады.

Әр тапсырмадан кейін қалыптастырушы бағалау жүргізіліп отырады. «Жапондық» бағалауды қолданамын.

Жазылым дағдысы бойынша «11.2.1.1 ғылыми және кәсіби мәтіндердегі күрделі сөздер мен терминдердің жасалу жолын анықтау, ауызша мәтін құрауда орынды қолдану» оқу мақсаты кезінде білім алушылар жұппен жұмыс жүргізеді.

**4-тапсырма.** Топпен жұмыс жүргізіліп,білім алушылар мәтін үзіндісі бойынша менталды картамен жұмыс жасайды. Топта балалар бүгінгі өтіп жатқан тақырып бойынша мәтіннің стилін,идеясын,тілін,тақырыбын анықтап ментальды картаға түсіреді. «Ментальды карта» -бұл нағыз қарапайым әдіс,оқушылардың мәтінді есте сақтауға мүмкіндік беретін ойлау қабілетін дамытудың және баламалы жазбаның ыңғайлы әрі тиімді техникасы. Ментальды карта- білім алушының ойын жүйелеуге,жоба жасауға жаңа идеяларды тудыру үшін пайдаланады.

**5-тапсырма. Жұппен жұмыс.** «Сен – маған, мен – саған» әдісі арқылы тапсырманы жұбыппен бірлесе отырып орындайды. Білім алушы мәтіннің күрделі сөздер (кемінде 5 сөз) мен термин (кемінде 5 сөз) сөздерді табады, жұбына күрделі сөз және термин сөздің жасалуын түсіндіреді, кемінде 3 күрделі сөз, термин сөзді қолдана отырып өз ойын білдіреді.

**Қалыптастырушы бағалау** «Жарайсың!» «Өте керемет!» «Сен мықтысың!» «Сенің қолыңнан келеді!» Кері байланыс ретінде «3-2-1» әдісін қолданамын.

- 3 маңызды мәселе;
- 2 жаңа ақпарат;
- 1 қорытынды түйін .



## ҚОРЫТЫНДЫ

Оқушының тілін дамыту жұмысы, баланың жалпы ойын дамыту деген сөз, өйткені оқушы пәнді оқып үйренсе де, өзінің істеген жұмысы, көрген-білгені туралы күнбе-күн сөйлеп, ойын қалыптастырып отырады, яғни оқушылардың тілін дамыту мәселесі олардың ойлау қабілетімен байланыстырылса, сондай-ақ, ойлау мен сөйлеу процесінің бірлігінде ұйымдастырылады. Қазақ халқы да әр дәуірде әр түрлі халықтармен байланыста болып, сөздік құрамынбайытып отырған. Тілдің сөздік құрамындағы басты нәрсе барлық сөздің ұйытқысы болып табылатын түбір сөздер- негізгі сөздік қор. Демек, тілдің негізгі қоры талай ғасырды басыныа кешіргендіктен, олар байырғы көне сөздер деп аталады.

Тілдегі сөздердің бәрі қосылып, тілдің сөздік құрамы дегенді жасайды. Тілдің сөздік құрамы үнемі дамуда, өзгерісте болады. Тіл қоғам тарихымен қоғам өндірісімен тікелей байланысты, әрі талай ғасырдың жемісі болғандықтан, сөздік құрамы біркелкі болуы мүмкін емес.

Сөздік құрамда байырғы төл сөздерге, шеттен кірген сөздер болуы заңды. Тілдің даму барысында жаңа сөздер пайда болуымен қатар, оны қайсы біреулері күнделікті өмірдің қажетіне қарай қосымша жаңа мағынаға, кейбіреулері бұрынғы көп мағынасы бір мағынамен шектеліп келеді.

Тіл тілдің өзара бір- бірімен байланысты екі жағы болады. Оның бірі- тілдің грамматикалық және фонетикалық жақтары. Тілдің осы екі жағының бірлігінің тұтас тіл құралы да, айтылатын ой түсінікті болып, тіл нағыз катынас туралы ретінде қызмет ете алады.

Сөздік пен грамматикалық құрылыс үнемі бірлікте жұмсалады. Олардың қайсынының өзіне тән ерекшеліктері мен қызметтері әрқайсысының өз жүйесі болғандықтан, тілдің сөздігін лексикология тексереді де, грамматикалық құрлысын грамматика ғылымы зерттейді.

Бірақ тіл ғылымының бұл саларның тексеретін объектілері басқа болғанымен, өзара байланыстары да күшті, өйткені оның бұл екі саласы- лексикология да грамматикада өздернің тексеру объектісінің негізі етіп сөзді алады, демек тексеруді жеке сөзден бастайды.

Қазақ тілі мен әдебиеті сабағында оқушыларды сөзді дұрыс қолдана білуге, өз ойын орнықты жеткізуге, еркін сөйлей білуге жетелейтін тәсілдің бірі – тіл дамыту жұмыстары. Оқушылардың тіл дамыту жұмысын дұрыс ұйымдастырып, дұрыс жүргізіп отыру-әдебиетті сөз өнері ретінде шығармашылық шабытпен шебер оқыта білудің бір көрінісі болып саналады. Тіл дамыту мақсатындағы жүргізілетін жұмыстар оқушының ойлау қабілетіне, сондай-ақ өз ойын жеткізе білуіне, шығармашылық ізденісіне жол ашады. Екінші тілді үйрету ісіне оқушы тілін дамыту жұмыстарын ұйымдастырылғанда, жаттығулардың атқаратын қызметі зор. Тілге үйрету қай тілде де жаттығулардан басталады. Жаттығулар тілдік материалдың негізінде оқушының жас ерекшелігіне, білі деңгейіне сай беріледі. Жаттығуларды ғылымға екіге бөледі: тілдік жаттығулар және сөйлеу жаттығулар. Тілдік жаттығулардың міндеті тілдің грамматикалық материалын оқшыға меңгерту.



Тілдік жаттығулар әр тілдік тұлғаны таныстырады, оны қолданып үйренуге жаттықтырады. Тілдік жаттығулар тілдік тұлғаларды дұрыс ойланбай қолдану дәрежесіне жеткізуді көздейді. Тілдік жаттығулар алуан түрлі болып келеді. Мұндай жаттығулар тілдік тұлғаның қолдану үлгісі ретінде, оның қолданылуына оқушының назарын аударып, көзін үйрету мақсатын көздейді. Ал тілдік жаттығуда тілдік тұлғаның сөздегі орнына нүкте қойылатын жаттығулар оқушыны тілдік тұлғалардың дыбыстық вариантын дұрыс таңдауға үйрету мақсатын көздейді. Ал сөзді қосымшасыз беріп, оған тиісіз қосымшаны тауып жалғау оқушыға түрлі қосымшаларды өткен соң, олардың әрқайсысын жақсы меңгергенде беріледі. Мысалы, бірнеше септік жалғауын оқығаннан кейін, оның сөйлемде қайсысын қолдануды табу ол септіктерді оқушының жақсы білуін талап етеді. Сөйлемдегі түсіндірілген сөзді тауып қосу, сөйлемді өзгерту, сөйлемді аяқтау, сөйлемді кеңейту, сөйлемді тарылу сияқты жаттығулар оқушыны сөйлеуге апарады. Бұлар алғашқы жаттығулардан гөрі көп күрделі болып табылады. Сөйлеу жаттығуларына сурет арқылы оқушыны сөйлеуге үйрету, оқыған кітабының мазмұнын әңгімелету, мақал-мәтелдерді сөйлеуде қолдануға жаттықтыру, тақпақ, өлең айтуға үйрету де жатады. Бұлардың бәрі - оқушыны тілін дамытудың құралды.

## Пайдаланылған дереккөздердің тізімі

1. Алексеева М.М., Яшина В.И. Теория и методика развития речи детей: учебник для студ. учреждений высш. проф. образования. – Москва: Издательский центр «Академия», 2015. – 448 с.
2. Бакраденова А.Б., Баймұратова Б. Орыс тілінде жұмыс істейтін балабақшада қазақ тілін оқыту методикасы. – Алматы: «Рауан», 1992. – 208 б.
3. Бакраденова А.Б., Таурбекова А.С. Мектеп жасына дейінгі балаларды көркем туындылармен таныстыру. – Талдықорған: ЖУ баспасы, 2021. – 169 б.
4. Bratlie S.S., Brinchmann E.I., Melby-Lervåg M., Torkildsen J.V.K. Morphology-A Gateway to Advanced Language: Meta-Analysis of Morphological Knowledge in Language-Minority Children // Review of Educational Research. – 2022. – Vol. 92(4). – P. 614-650.
5. Блонский П.П. Память и мышление. Избранные педагогические и психологические сочинения. – Москва, 1979. – 247 с.
6. Gibbons P. Stärk språket, stärk lärandet [Strengthen the language, strengthen the learning]. –Stockholm: Hallgren och Fallgren, 2009. – 58 p.
7. Градусова Л.В. Диагностика речевого развития дошкольников /под. ред. Ушаковой. – Москва, 1997. – 96 с.
8. Jane Brodin, Karin Renblad. Improvement of preschool children’s speech and language skills //Review of Educational Research. – 2022. – Vol. 92. – P. 311-315.
9. Жапбаров А. Қазақ тілін оқыту арқылы тіл дамытудың әдіснамалық және әдістемелік негіздері. П.ғ.д., дисс. – Алматы: 2004. – Б. 139.
10. Jones D. Speaking, listening, planning and assessing: The teacher's role in developing metacognitive awareness. Early Child Development and Care. – 2007. – Vol. 177(6&7). – P. 569-579.
11. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы. – Астана, 2016.
12. Рузская А.Г. Отношение детей дошкольного возраста к разным вариантам общения со взрослыми // Развитие общения у дошкольников. – Москва, 1974. – 153 с.
13. Рейнштейн А.Э. Роль взрослого и сверстника в развитии речи у дошкольников: автореф.дисс. канд. психол. наук. – Москва, 1982. – 21 с.
14. Развитие речи детей младшего дошкольного возраста (разновозрастная группа): учебно-методическое пособие. – Орск, Издательство ОГТИ, 2009. – 131 с.
15. Стародубова Н.А. Теория и методика развития речи дошкольников. 5-ое издание. Педагогическое образование. – Москва: «Академия», 2006. – 21 с.